

Л 2017  
4370к

Алтай ТАЙЖАН

ПАРЫЗ  
БЕН  
ПАЙЫМ







Алтай ТАЙЖАН

---

**ПАРЫЗ  
БЕН  
ПАЙЫМ**

“ХАНТӘҢІРІ” баспасы  
Алматы – 2017

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.*

- Т14 ТАЙЖАН А.  
ПАРЫЗ БЕН ПАЙЫМ: Тайжан А. – Алматы:  
«Хантәңірі» баспасы 2017 – 380 б.

ISBN 978-601-03-0456-7

Кітапта қазіргі заман тұрғысынан жаһандану тұсындағы Тәуелсіз елдің рухани-мәдени құндылықтары, тәрбиесі мен білімі, ұлттық болмысы мен тарихи санасы, ұлттық танымы мен тағылымы, дүниетанымы сөз болады. Сондай-ақ, Тәуелсіз елдің ұлттық мәдениеті мен әдебиеті, тілі мен ділі, діні мен дәстүрі диалектикалық тұрғыдан пайымдалады. Кітапта автордың әр жылдарда тәуелсіздік, ел болашағы, ұлт болмысы, кәсіптік деңгей, ғылым мен білім, мәдениет пен өнер, адам болмысы туралы баспасөзге берген сұхбаттарының бірқатары қамтылған.

Еңбек көпшілік оқырманға, әртүрлі деңгейдегі оқу орындарының оқушыларына, студенттеріне, ізденушілерге, жалпы еліміздің рухани-мәдени өмірі мен келелі мәселелеріне қызығушылық танытатын барша оқырманға арналған.

ӘОЖ 1/14

КБЖ 87.3

© Тайжан А., 2017

© «Хантәңірі» баспасы 2017.

## АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

*Адамзат үшін өткен тарих – ұлы ұстаз. Алайда сол ұстаздан дәріс алып, алды-артын бірдей барлап, шолып оған еркін үн қосып отыруға мүмкіндігі болмаған ұлттың жан-жазына қарманып, күндік тірлігімен ғана күн кешері мәлім, ондай адам да, ұлт та өткеннің өнегесіне өріс беріп, кешегісін бүгінгімен салыстырып, сабақтастыра алмайды, елдің рухани дамуы тежеліп, тоқырау орын алып, тіпті рухани тұрғыдан құлдыраулары да әбден мүмкін. Қоғам тарихы – халықтың зердесі. Ол болып өткен және түзетуге жатпайтын өткен уақыт ретінде бүкіл қайшылықтарымен, қаһармандық және қайғылы беттерімен қоса қандай болса, нақ сондай күйінде тұтас қабылданады.*

*Жалпы алғанда ұлтымыздың рухани өмірінде бұрын білінбеген, жаңа нышандар негізінен ХІХ ғасырдың ортасында пайда бола бастады да, біздің ғасырымызға, бүгінгі жаһандану заманына дейін жалғасты. Қазақ руханиятының өзін-өзі туындатқан күнделікті тыныс-тіршілігі ауық-ауық өзінің тұтастығын, өзінің дүниетанымы мен ұлттық дүние бейнесін қару алып қорғау қажеттігімен де алмасып отырды. Мәселен, Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Исатай мен Махамбет және басқалар бастаған көтерілістер көбінесе рухани талаптан гөрі саяси себептерге негізделгеніне қарамастан, қазақтың ұлттық рухын орнықтыруға, күшін біріктіруге талпынған әрекеттер еді. Бұнымен қатар бейбітшіл сипаты бар рухани жұмыстар да жалғасын тауып жатты. Ондай істердің ұйтқысы, ұлттың рухани көсемдері – Төле, Қазыбек, Әйтеке билер болды. Олар және басқа да ұлтымыздың зиялы өкілдері ұлтты тұтастырып, біріктіру жолында еңбек етті.*

*Бұл үрдіс Абай бастаған қазақ зиялыларынан өз жалғастығын тапты. Дана Абай бұл туралы: «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесең істің бәрі бос», «Ғылым таппай мақтанба, өнер таппай баптанба», «Артық білім – оқуда» деп нақты айтты. Абайды өздеріне ұстаз тұтқан Алаш арыстары бұны теориялық та, практикалық та тұрғыдан жалғастырды. Бірақ аумалы-төкпелі заман олардың ұлты үшін игі істерін әл-қадірлерінше атқаруға мүмкіндік бермеді.*

*Алайда дүниеде мәңгі, өзгермейтін ештеңе жоқ. Кешегі құрсауы мықты Кеңес мемлекеті де тарих сахнасынан кетті. Жай кеткен жоқ, 1986 жылғы желтоқсан уақиғасын ұлтымыз тарихына жазып, ұрпақ санасында қалдырып кетті. Біз оған белгілі деңгейде баға бердік, бірақ нарасат бийінен әлі толық пайымдадық дей алмаймыз, ол пайымдау қазіргі біздер үшін де, келер ұрпақ үшін де қажеттілік.*

Өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан басталған әлеуметтік үрдіс, бұрынғы әлем құрлығының алтыдан бір бөлігін алып жатқан, өз ішінде жүзден астам ұлттар мен ұлыстарды бір идеологиямен, бір тудың астына біріктірген, әлеуметтік «әділетті қоғамбыз», «коммунизм орнатамыз» деп әлемге жар салған, бірақ ол істері жүзеге аспай, ақыр соңында кезінде біртұтас Одаққа еріксіз біріккен Кеңестік Республикалардың ыдырауымен аяқталды. Сөйтіп ХХІ ғасырдың басынан шын мәніндегі Тәуелсіздігімізді баянды ету мақсатындағы істер басталды. Осы істермен, ұмтылыстарымыз өткеніміз бен бүгінгімізге шынышылдықпен баға беріп, келер ұрпаққа сеніммен қарауды талап етуде. Бұндай жаңаша талғам-талапқа орай жасалған қадамдардың арқасында жазықсыз жапа шеккен Алаш азаматтары тарихи тұрғыдан ақталып, қайтадан рухани өмірбаянымызға қосылды, бұрынғы ел билеген хандарымыз, зор ақыл-парасат үлгісін көрсеткен билеріміз, ел қорғаған айбынды ерлеріміз бен батырларымыз халқымен қайта қауышты. Алайда бірнеше ұрпақтың санасын көктей өткен ондаған жылдар бойғы рухани қиянат пен әділетсіздіктің зардабы тек Алаш тұлғаларын ақтаумен, аса белгілі тарихи тұлғалар туралы айтумен, жазумен орнына келмейді. Ол осы салаға саяси-әлеуметтік тұрғыдан көрегенділікпен, биік парасатпен мән беріп, кең аяда кеуенді әрекеттер жасау арқылы ғана орнына келетін тарихи міндет.

Тарихта себеп-салдарды да жоққа шығаруға болмайды. Қазақ зиялылары басынан кешкен нәубеттермен қоса, тоталитарлық қоғамда еркін ойлауға да шек қойылып, тұтас тұжырымдар да репрессияға ұшырады, халықтың тұтас тарихи-мәдени танымдары бұрмаланды. Бүгінгі ұрпақ осылардың зардаптарын түсініп қана оң шешім жасай алады. Өйткені, мәдениет тек қана рухани сабақтастық сақталған ортада ғана жасалады. Тарихи және мәдени тәжірибесін үзіп алған ұрпақ өткеніне парасатты пайым тұрғысынан қайта қарауға қауқарсыз болады. Себебі кешегі Кеңес дәуіріндегі қуғын-сүргін тұсындағы орынсыз тежеулер мен тыйымдар жеке адамдар мен жеке шығармалардың артында тұтас бір ұлттық ой-тұжырымдар мен халықтық дүниетанымдардың бар екенін сол заман ұрпақтарына сездірмеді. Ол тек еліміз Егемен, Тәуелсіз даму жолына түскеннен кейін ғана мүмкін болды.

Ендеше, жастарымыз бойында бүгін айтылмаған шындықтың ертең бәрібір айтылатынын, бүгін ашылмаған қылмыстың ертең бәрібір ашылатынын, бүгін түзетілмеген азаттықтың ертең бәрібір түзетілетінін бір сәт естен шығармайтын салқалы тарихи сана қалыптастырып, адамдардың өткені мен бүгінгісін ақиқат тұрғысынан сараптап, болашақты болжауда дәйекті көзқарас айтуға жауапкершілікке баулудың маңызы зор. Ал ол өз кезегінде парасатты пайымдар арқылы жүзеге асатын іс.

Қазіргі жаһандану заманында бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Сауатты болу, білім мен ғылымды игеру – серпектікті, зейінді, жауапкершілікті қажет етеді. Рухани енжарлыққа бой алдырған жерде әлеуметтік дамуға орын жоқ – қазіргі түбірлі



өзгерістердің ең алдымен ұқтырары осы. Ал қасаң қағидашылдық пен неге болса да бас шұғып, нені болса да оңай қылғыта беретін идеялық «көрсеқызарлықтың» да рухани енжарлықтан артықтығы шамалы. Рухани дамуда да нақтылық пен дәйектілік керек. Адам өзін қоршаған тарихи-мәдени аяны нарықты пайымдай алса ғана үлкен патриот, елін сүйген есті азаматқа айнала алады, онсыз ол Отанының әлеуметтік те, рухани да қауқарына тырнақтай септігін тиізе алмайды. Өзі өскен өлкеге қалай болса солай қарайтын тоқ қарын, томағас бас тоғышарды үлкен Отанның мұң-мүддесі тебіренге алады дегенге сену тіптен қиын. Кімнің тартысы піссе соның тауызы боп кететін моральдық сатқындық пен әлеуметтік көлірлік те осындай қасындағының қадірі мен жанындағының жағдайына мән беріп жатпайтын рухани тайыздықтан өрбиді.

Ал енді сәл нәрседен көкірегіне нан пісіп, ешкімді, ештемені көзі ілмей, «ойбай, өткен заманда олай болыптыз, былай болыптыз!», «менің ата-бабам осындай болған» – деп шыға келетін рухани әуірімдік солардың жеке бастарын, қала берді тұтас ұлтты өзі жұрт алдында қалай жаманатты ететініне олар есеп бере ме екен?! Немесе, керісінше, «баяғыда бәрінен де құралақан екенбіз» деп, ауызды қу шөппен сүртіп, өзінен-өзі қорынып бағатын солақайлық та дұрыс тарихи сананы да, рухани болмысты да қалыптастыра алмайды. Барды – барынша, жоқты – жоғынша танып, екеуінен де тиісті қорытынды шығара алсақ қана, келісті елдік, ұлттық санаға, кемел тарихи жауапкершілікке ие бола аламыз. Бұл ретте біздің ештемеден қорынаттын да, торығаттын да ретіміз жоқ. Біздің ежелгі тарихымыз, рухани әлеміміз қандай қазыналы болғанын, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында шыққан 100 томдық «Бабалар сөзімен» де бағамдауға болады. Отанымыз бен ұлтымыздың рухани-материалдық мұраларын көздің қарашығындай сақтап, келешек ұрпақтардың да иілігіне айналдыра білу – жалқы үшін де, жалпы үшін де бұлжымас заң, қасиетті нарыз.

Адам тек ақыл мен жан иесі ғана емес, оған саналы іс-әрекет те тән. Сондықтан да адамдардың іс-әрекетінен туындайтын жақсылықтардың бәрін таным-түсініктің дұрыс, ал керісінше, жамандық атаулының бәрін таным-түсініктің бұрыс болуынан деп есептейміз. Өз кезегінде таным-түсініктің дұрыс, немесе, бұрыстығы туралы да пікірлеріміз сан алуан. Ол адамның жалпы танымына, ұстанымына, құндылықтар әлеміне, этикалық-эстетикалық сана-сезіміне, тәжірибесіне, тәртібіне, бір сөзбен айтқанда нарасат-пайымына тікелей байланысты болмақ. Абайдың: «Түзу сөзге сенер ме, түзелмесін білген ез» – деуі де осыдан болар. Ендеше түзу, дұрыс сөзді, іс-әрекетті түсіну, айналаңмен түсінісу – әлеумет үшін маңызды.

Түсіну – ойлау әрекетінің нәтижесінде белгілі бір әлеуметтік мәнді оқиғаның, немесе, құбылыстың мағынасы жайлы ой-тұжырымға келу. Өмірдегі барлық нәрселер түсіну, түсінісу арқылы болып жатады. Түсініктің алышарты өзгелермен санасу, оларды мұқият тыңдау. Абай 7-қарасөзінде «білсем, көрсем, үйренсем деген талпыныс жан құмары деп анықтап, «дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырларын түгендеп, ең болмаса денелеп білмесе адамдықпен орны болмайды. «Көкірегінде сәулесі, көңілінде сенімі жоқ» адамды Абай хайуанға теңейді. Шәкәрім де адамға тән танымның басты сипаты – көкей

көздің серіктігі, сырт көрініске шоқынбай, ғалам сырғына үңілу деп біледі.

Парасаттылық – адам бойындағы кісілік қасиет. Парасат ұғымы ақылдылық, білімпаздық, мәдениеттілік, көріенділік, зерделілік мағынасында қолданылатын болғандықтан парасатты адамға адамгершілік, инабаттылық, салиқалылық, мейірімділік, әдептілік, ұстанымдылық, талампаздық қасиеттер тән. Көпті көріен, көп білетін парасатты адам, сөйлейтін әрбір сөзін ойланып, ақыл таразысына салып айтады. Дәстүрлі қазақ қоғамында елді осы парасаттылар, тектілер басқарған. Бұл туралы Ж. Баласағұн: «Ақниетті, ақжүректі тектілер, жұртын қолдап, елді ұшпаққа жеткізер» – дейді.

Түсіністік, парасаттылық адамды ойлау процесінің белгілі бір сатысы – пайымдауға жеткізеді. Пайымдай білу білімділіктің де белгісі. Білімді адам анықталмаған, көмескі, бұлыңғырға қанағаттанбайды, білімсіз адамның ойы керісінше тұрақсыз, ауытқу мен адасуда болады. Сондықтан ондай адамдармен белгілі бір мәселе жөнінде тіл тауып ұғынысудың өзі қиына соғады. Міне, осындайда қазіргі жан-жақты дамыған ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерді пайдалана отырып өз ойыңды көп талқысына салу да маңызды.

Автор бұдан біраз жыл бұрын «Тағылымды танымдар» деген еңбегін көпшілікке ұсынған еді. Ал мына еңбекті соның логикалық жалғасы ретінде «Парасатты пайымдар» деп атадық. Кітапта қарастырылған білім, оқу, ғылым, өнер, тәрбие салаларына, сондай-ақ адамның рухани болмысының жағымды жақтарын көрсететін парасат, зиялылық, ұлттық рух пен намыс, ұлттық сана, ұлттық мүдде туралы ой-пікірлеріміз Сіздердің ойларыңыздан шықса, түйсіктеріңізге әсер етсе, автордың мақсатының орындалғаны.

## I ТАРАУ

# ЗАМАН ТАҒЫЛЫМЫ

## ЖАҒАҢДАНУ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ - МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Адамзат қоғамы ғасырдан ғасырға өту барысында ескіден жаңаға өтіп қоймайды, өзіндік мәселелер мен ерекшеліктерге де тап болады. XX ғасыр да таңғаларлық, теңдесі жоқ жаңалықтарға толы болды. Әлем қауымдастығының астан-кестені шығып, дүниежүзінің алтыдан бір бөлігін қамтып жатқан елде жаңа қоғам орнады. Ол қоғам өзінің алдына өзгеше мақсат қойып, қараны хан ұлына теңгеріп, нәсіліне, ұлтына, жынысына қарамай адамзатты тең деп жариялады, әлеуметтік әділеттілік орнату мақсатын қойды — ол коммунизм құру мақсаты еді. Осы мақсатпен халық оқыды, еңбек етті, елін қорғады, бір идеология мен бір тудың астына бірікті. Білім, ғылым, өнер көкжиегіне қол созды, белгілі бір нәтижелерге де қол жеткізді. Соның бірі космосты игеру, жалпыға ортақ сауаттылыққа қол жеткізу т.б. Сөйтіп Кеңес дәуірінің адамдары бір кездегі қайта өрлеу заманындағыдай өз «қүдіретін» жете түсініп, өз күшіне сене бастады. Дегенмен, қанша сенімнің болса да, утопияның соңына түсіп, барлық адамзат үшін коммунизм қоғамын құрып «жұмақ» жасауға ұмтылыс орындалмас арман еді. Алайда XX ғасыр адамдары жай қиялшыл болды десек қателесер едік. Осы ғасырдағы фашизм, әлемдік қанды соғыстар мен экологиялық апаттар, өмірдің мақсатқа сәйкессіздігі мен мәнсіздігі, үміті мен үмітсіздігі, оптимизм мен өмірден торығушылық осы кезеңнің жемісі болды. Сондықтан білім мен ғылым жетістіктерін ізгілендіру, қоғамның руханият мәселелеріне көңіл аудару — заңдылық. Қазіргі заман адамының рухани әлеуеті бүгінгі тұрақсыз уақыттың негізгі мәселесі болуда. Руханиятсыз қоғам қатерлі, ол халықтың, ұлттың адамгершілігінің құлдырауына, әлеуметтік апатқа әкеледі. *«Қазақстан -*

2050» Стратегиясында: «Біз мемлекеттілігіміздің рухани мәселелері экономикалық, материалдық мәселелерден ешбір кем бағаланбайтын даму кезеңіне келіп отырмыз» — делінген.

Ендеше қоғамды ізгілендіру — ХХІ ғасырда, жаһандану заманында өмір сүрудің де, өркениетті дамудың да басты талабы. Адам үшін руханият оның адами болмысының басты көрінісі. Қазіргі уақытта руханият мәселелері осы заманның идеалдарын табу және анықтаумен байланысты. Кешегі Кеңестік тоталитаризм тұсында қоғамдық қатынастар жүйесі маңызды кісілік сипаттардың бұрмалануына әкелді, адам қоғамның, оның идеологиясының толықтай қыспағында болды. Ал бүгінгі қоғам болса адамдарының айтарлықтай бөлігінің еңбексіз, тер төгусіз баюына «мүмкіндік» туғызды. Сөйтіп, қандай жолмен болса да баюға талпыныс жаңа сенімнің символына айналады. Жалпы алғанда өздігінен жетілу идеясы—мәңгі бақи идея, ол ескірмек емес. Өзін-өзі тәрбиелеудің мәні адамның ішкі белсенділігінің болуымен құрылады. Өздігінен жетілу — тұлға қалыптасуының таптырмайтын факторы ғана емес, сонымен бірге оның бойына рухани құндылықтардың да таралу жолы. Тұлғаның өздігінен жетілуі, дамуы руханилыққа апаратын бірден-бір жол, одан басқа еш жол жоқ. Өздігінен жетілген адам ғана жасампаздыққа ұмтылады, өзгермелі әлемді түсінеді, игереді, дағдыланады.

Тарихи-философиялық тұрғыдан алғанда қоғамға адамгершілік әлеует тән, оның анықтаушы—рухани мәдениет. Сонымен қатар әр дәуірдің рухани мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері болады. Бұған біз ежелгі өркениеттерден бастап бүгінгі аралыққа барлау жасау арқылы көз жеткіземіз. ХХ ғасырдағы идеологиялық қарама-қайшылық, әлеуметтік-саяси күрес кезеңінде де қоғамда руханилық басты мәселелер болды. Тарихта оның шешу жолдарын ұсынған ойшылдар да аз емес. Радикалды топтар қоғамды күшпен өзгертуді қолдаса, ХІХ ғасыр басындағы орыс ойшылдары өздерінің әлеуметтік философиясында діни сипат ұстана отырып, тұлғаның өзін-өзі жетілуіне, оның құдай болмысымен бірігуіне көп көңіл бөлді.

Біздің қазіргі заманымызда қоғамның адамгершілікті тұрғыдан кейбір құлдырауларының өзіндік себептері бар. Оның түп-тамыры қазіргі кезеңнің өзгермелілігінде емес,

одан әрірекке кетеді. Тарих бізді көп нәрселерге үйретеді. Бірақ біз оны уақтылы көріп, біліп, бағалай бермейміз. Егер мемлекет, немесе, биліктің басқа да биік тармақтарында руханилықтан мақұрым тобыр отырса оның халыққа қаншама қасірет әкелетінін тарихтан білеміз. Адамның рухани мәдениеті оның халыққа деген көзқарасы арқылы көрінеді. Ар-ождан, тәрбиелілік, зиялылық, парасаттылық, шыдамдылық сияқты адамгершілікті сана ұғымдары-адамның рухани негізін қалайды. Ал өнер, әдебиет, ғылым, білім адамды тәрбиелеу барысында және еңбектену арқылы келетін дүниелер.

Біздің жақсы адам, парасатты адам, кісілікті кісі деп жүрген тұлғаларымыздың бәрі—тек гуманистік негізді ортада қалыптасады. Біз өркениет туралы көп айтамыз, оны көп аңсадық та. Алайда мәдениет пен өркениетке, оның ішінде рухани мәдениет пен құндылықтарға бірдей тұрғыдан қарауға болмайды. Өйткені біз ғылыми-техникалық ашылымдардың халық үшін тек жақсылық қана емес, қайғы-қасірет әкелгенін де тарих беттерінен білеміз. Мысалы, алысқа бармай-ақ, Семей полигонындағы жағдайларды алсақ, сөз жоқ ол техникалық прогрестің жемісі. Ал оны адамзатқа қарсы пайдалану, зардаптарын елемеу — адамның адамгершілігінің «тозуы» демеске амалымыз жоқ. Ендеше, гуманизмсіз, адамның рухани және адамгершілік мәдениетінсіз толыққанды даму жоқ.

Ғылымның басты мақсаты — адамды танымға жетелеу. Ал мәдениеттің, өнердің басты мақсаты-тұлғаның жан-жақты дамуы, парасаттануы. Көптеген өзіміздің ойшылдарымыздың және кейбір Батыс ойшылдарының мәдениет пен өркениет түсініктерінің үнемі сәйкес келе бермейтіндіктері туралы пікірлері негізсіз емес. Шпенглер өзінің «Еуропаның құлдырауы» кітабында «өркениетті барлық мәдениеттің түбіне жететін қатер, өйткені өркениет салтанат құрған жерде, мәдениет келмеске кетеді»—дейді. Ал, орыс ойшылы Н.Бердяев славянофильдік ой-сана ұлы еуропалық мәдениетке емес, еуропалық өркениетке, жансыз, құдайсыз сипаттағы өркениетке қарсы тұрады — деп көрсетеді. Сөйтіп, адамзаттың көрнекті ойшылдары жансыз техникалық өркениет тұсында рухани мәдениеттің жоғалу қаупін нақтылай түседі.

Белгілі деңгейде адамзат пен қоғам тарапынан бақылаусыз өркениеттің салтанат құруы, рухани өмірдің төмендетілуі

болып табылады. Мәдениет – жанды процесс, халықтың жанды тағдыры, оның тұрақтылығы мәңгі емес, үнемі өсіп, жетіліп отырады. Мәдениет жетістіктері пайда көзі емес, парасат негізі, ал өркениет оған үнемі мүдделі.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында айтылғандай, қоғамдағы рухани мәдениеттің жағдайы қазіргі уақытта өте күрделі және қарама-қайшылықты. Бір қарағанда елдің мәдени өмірі дамуда және түрлене түсуде. Бұл қазіргі заманғы шығармашылық бостандығы, демократияландыру, отандық мәдениеттің бұрынғы жоғалғандарын қайта қалпына келтіру, өркендету. Алайда осы оң өзгерістердің өзі де, елдің жалпы мәдени өмірі де нарық тарапынан күрделі сынақтан өтуде.

Мәдениетті, рухани бай адам барлық байлықтың және гүлденудің қазығы. Сондықтан, біз мәдениетті көтеру арқылы адамзатқа жақсылық жасаймыз. Алайда қазіргі уақытта бізде кері процесс жүруде. Бұл күндерде мәдениет ошақтарынан шенеуніктерді көру қиын, кейде ғана амалсыздан сол саланың кішігірім бастықтары төбе көрсетіп, осыған риза болындар дегендей аз уақыттан кейін тайып отырады. «Көргеннен көзақы алады» дегендей бұны көрген, олардан төмен деңгейдегілер де солардың істерін қайталайды. Біздің елдің көптеген қалталылары тарапынан клубтарға, мұражайларға, мектептерге басқа да мәдениет ошақтарына материалдық көмек беру жоқтың қасы. Бере қалса жеке басын жарнамалау қатар жүреді. Көптеген отандастарымыз айтып жүргендей қазіргі өтпелі, тұрақсыз кезеңде адамгершілік құлдырау қаупі төніп келеді. Ондай қоғамда ұлттық және жалпы адамзаттық мәдениет өз өзегін жоғалтып, өз-өзінен оқшауланады. Әрбір ұлттың өзіндік ой-пікірі, салт-дәстүрі бар, ол дамуы қажет, бірақ бүгінгі жаһандану заманында оларды жалпы халықтық, жалпы планеталық бастама байланыстыруы керек. Өзара түсінісушіліксіз бейбіт қатар өмір сүруді қамтамасыз ету қиын, тарих және қазіргі заман бұған куә болып отыр.

Бұл мәселенің шешімі алдымен өз ұлтымыздың бірлігі мен парасатына қол жеткізуден, сөйтіп өзіміздің рухани бастауларымыздың беки түсуінен, қала берді дүниежүзілік және отандық мәдениетті оқып-үйренуіміз арқылы жүзеге асады. Бізге қазіргі уақытта Шоқан, Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов сияқты рухани бай адамдар керек. Олардың бәрі де бірауыздан басты назарды ар-ожданға, адал еңбекке, ашық жүрекке, адамгершілікке, жақсылыққа ұмтылуға бөлу керек деген. Қазақ халқының, қайта өркендеуі оның рухани

байлықтарына мойын бұрған кезінде ғана болады. Олай болса бүгінгі Жаһандану заманында адамзат өзінің саналы адами қалпын сақтап қалу үшін де, келешек ұрпағының қамы үшін де, рухани құндылықтарға ерекше көңіл бөлуі керек.

Еліміздің тәуелсіз дамуы барысында отандық қоғамтанушы ғалымдарымыздың үлкен бір тобы қазақтың түпкі тарихының негізіндегі түркілік руханиятымыздың інжу-маржандарын сұрыптаумен айналысып, нәтижесінде бұрын-соңды ешқандай ғылыми-танымдық талдауға түспеген есімдер тереңінен және жан-жақты қарастырыла бастады. Мәселен, Қорқыттың, М.Қашқаридің, Ж. Баласағұнның, Қ.А.Иасауидің, А.Иүгінекидің, Асан қайғының, қазақ би-шешендерінің, ағартушыларының, Шәкәрімнің және қазақтың алғы интеллигенциясының, және басқа дара тарихи тұлғалардың дүниетанымдық жүйелері бүгінгі күн талабына сай зерделенді. Абай жаңаша танылды. Осы салиқалы ізденістермен қатар дер кезінде қабылданған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы түркілік кезеңдегі көптеген ойшылдардың рухани қазынасын жарыққа шығаруға себепкер болды, әлде де болуда. Бұл тек тәуелсіздік дәуірінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін дүниелер болатын. Тарих қойнауында қатпарланған даналық көздерін ашу қазіргі жаһандану заманында өрбіп келе жатқан нигилистік көзқарастарға қарсы тұратын дүниелер болып табылады. Оларды насихаттау арқылы ұлттық мәдениетімізді сақтауға, дамытуға мүмкіндіктер алатынымыз анық. Бұл бағдарламаның тағы бір қыры — әлемдік руханияттың ең құнды деген дүниелерін қазақ тіліне аударып, оқырман қауымға ұсыну. Ал оның өз кезегінде жас ұрпақтың рухани-танымдық мәдениетін белгілі деңгейге көтерері және көкжиегін кеңейтері анық. Сонымен қатар, тәуелсіздіктің арқасында, көптеген жылдар бойы басымдық танытқан таза атеистік көзқарастардан бас тартып, діни дүниетанымның таным-тағылымдық тұстарын зерделеуге де мүмкіншіліктер ашылды.

Мамандар діни философияның адамның руханилығын, имани иірімдерін дамытатын жақтарын айқындаумен айналыса бастады, бұл көпшілік қауыммен тәуелсіздік кезеңнің өзгеше сипаты ретінде қабылданды. Сонымен қатар қазақстандық қоғамтанушылар әлемдік қоғамдық-философиялық, саяси-әлеуметтік ойлардың алуан түрлі ағымдары мен бағыт-бағдарларынан да шеттеп қалмай,

оны жаңаша түсінуге және түсіндіруге бетбұрыстар жасауда. Соның нәтижесінде философ-ғалымдарымыз Еуропалық рационалистік философиямен қатар, Ежелгі Қытай, Ежелгі Үнді, ортағасырлық араб және орыс философиясының даналық көздерін ашумен де айналысуда. Өйткені, Қазақстандағы қоғамдық-философиялық, саяси-әлеуметтік, мәдени-құқықтық ой әлемдік руханияттың құрамдас бөлігі, ендеше біз оқшаулану жолын таңдау арқылы емес, өзара шынайы қарым-қатынас арқылы ғана рухани байи түсеріміз анық.

Жалпы ХХ ғасырдың екінші жартысы бойы әлемдік қоғамдық ой, қоғамдық құрылымдардың ішінен мүмкін деген варианттардың арасынан ең жақсысын таңдап, қалыптастыруға пәрменді ұмтылыстар жасады. Себебі, оның алдындағы қоғамдар түрлерінің көбісі агрессияға толы болатын, әсіресе, олар ХХ ғасырдағы екі дүниежүзілік соғыстан көрініс тапты. «Тоталитарлық» деп аталатын қоғамдық құрылымдарда адам еркіндігі шектеліп, оның жекеленген құқықтары барынша басып-жаншылған болатын. Сондықтан қазіргі кезеңде жаңа типтегі қоғамдық жүйеге деген сұраныс барынша өзектіленіп, әлемдік тарихи процестің күн тәртібіне шыға бастауына таңғалуға болмайды.

Қазақ халқының көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді таныта білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерді танытатын танымдық-философиялық, тағылымдық ойлар мен тұжырымдар жеткілікті болғаны белгілі. Ендігі өзекті мәселе — сол рухани інжу-маржанның қадірін біліп, қаймағын бұзбай қазіргі жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтап алуда және оны жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен, рухани тазалықпен бере білуде болып отыр. Осы істі абыроймен жүзеге асырған жағдайда еліміздің қазіргі кезеңдегі Еуразиялық кеңістіктегі ерекше халық ретіндегі этникалық сипатының, басқа халықтар алдындағы құрметінің асқақтай түсері анық. Өйткені, өзінің ұлттық және рухани құндылықтарын аялаған, үнемі өрбіткен ел ғана, оған жаңа заманда өзіндік жаңғырту сипатын берген халық қана адамзаттың күрделі тарихының ауқымында шынайы бағалануға лайық.

Әлемдік ой мен мәдениет бастауларын іздегенде, көбінесе Ежелгі Қытай, Ежелгі Үнді елі мен Ежелгі Грекия атап өтіледі. Мәселен, философтар арасында: «Алғашқы тұтас мағынадағы философиялық мектептер, ағымдар мен бағыттар міне осы



үш орталықта пайда болған, ал қалған елдер осы үшеуінен тараған философиялық түсініктерді қолдана отырып, өздерінің философиялық ұғымдарын қалыптастырған» — деген бұрыннан келе жатқан пікір қазіргі кезеңдегі көптеген оқулықтардан да орын алған. Әрине, жоғарыда аталған өркениет кеңістіктерінде шынымен де философияның озық үлгілері тарихи процестің ерекше белгісіндей көрініс тапқанын мойындауға тиістіміз. Дегенмен, философиялық бастауларды іздегенде әлемді рухани игерудің рационалдық түрлерімен шектелмеуіміз керек, адамзат тарихының сан қырлы мүмкіндіктерін айшықтап, оның бойындағы тылсым қуаты мен күшін, орасан зор шығармашылығын аша түскен жөн. Міне, осы тұрғыдан алғанда түркілік философиялық ойлар өзіндік тарихи ерекшеліктері бар дүние және ол көркем бейнелерді жандандыра түсетін, белгілі бір жүйеге бағынатын құрылым болып табылады. Қазақтың әлемді қабылдауы, рухани игеруі, түсінуі мен түсіндіруі батыстық үлгілерден айрықша принциптерге негізделген. Бұл да өзінше алғанда философиялық зерделеудің, пайымдаудың тарихи ерекше түрі. Қазақ философиясы даналықты басқа типтегі қатынастардан жоғары қояды. Ал қазақ халқының «даналық тағылымдары» болса аталған тарихи үлгіні, мәдени парадигманы сабақтастықпен жалғастырып келе жатқан бірегей мәдениет болып табылады. Сондықтан қазіргі кезеңдегі елімізде жүзеге асырылып жатқан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы арқылы көрсетілген ерекшеліктерді, ұлттық даралылығымызды барынша түсіндіруге ұмтылыс жасауымыз қажеттілік. Олардың нәтижелері жоғары оқу орындарындағы студенттер мен магистранттарға, аспиранттар мен докторанттарға, оқушы жастарға, жалпы көпшілікке ұсынылып, жаңа мазмұндағы тың шығармалар осы жетекші идеяға қызмет етеді және оқырманды тарихи оқиғалардың желісімен бойлата отырып философиялық-әлеуметтанушылық сұхбатқа, даналық әлеміне шақырады деген ойдамыз.

Жаһандану заманындағы мәдени-тарихи болмыс әлемдегі барлық халықтар үшін өзінің әсерін тигізіп, ұлттық төлтумалық келбетті бедерсіздендіруде. Сондықтан объективті түрде өрбіп жатқан ақпараттар ағынын қабылдай отырып, әрбір этникалық мәдениет өзінің бірегейлігін, даралығын білдіретін құндылықтар жүйесіне көңіл аударғаны, оны сақтағаны, әрі қарай дамытқаны абзал. Сонда ғана әлемдік мәдениет өзінің

көптүрлілігін, қайталанбас байлығын ұрпақтан ұрпаққа бере алады, дәстүрді жалғастырады. Қазақ қоғамдық ойы да әлемдік ойдың құрамдас бөлігі ретінде осы процестен сыртта қала алмайды.

Алдағы уақыттарда Қазақстан қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар өкілдері алдында мұсылмандық Шығыстық дiлге сәйкес келетін ерекшеліктер мен Батыстық өркениеттік сипаттардың жетістіктерін синтездеу арқылы еліміздің өзгешелігіне сай келетін ұлттық идеяны, құндылықтық бағдарларды анықтау мәселесі тұр. Бұл мақсатқа қоғамды іштей біріктіру, ешкімді дүниетанымына, сенім-нанымдарына қарай алаламау, әрбір адамның, азаматтың Әлемдегі құндылығын бағалау сияқты теориялық іргетастарға негізделген ізденістер жүргізу арқылы қол жеткізуге, алға қарай жемісті қадамдар жасауға болады.

Қазіргі кезеңде Қазақстан өзінің болашағы мен бағдарын анықтау үстінде, сонымен бірге әрбір қазақстандықтың көңілінде жатқан көптеген сұрақтардың шешімі бірден табыла бермеуі де мүмкін. Алайда, қазіргі уақытта алдымен экономика, сонан соң басқа мәселелерді бір жүйеге келтіру арқылы қоғамға тиімді ұлттық рухани құндылықтар жүйесін қалыптастыруға болады деген үстірт пікір бар. Бұл мүлдем дұрыс емес. Себебі, руханилық қолайлылықтан, пайда іздеуден туындамайды. Керісінше, ол қиындықты адамдар жұмыла отырып, бірге жеңе білуге үйренуден, ешкімді шыққан тегі мен түр-түсіне, өмір сүру салтына қарамай шеттетпеуден басталады. Абай: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», немесе «бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос»—деп бекер айтпаса керек. Ал, руханилық орныға бастаған қоғамда құндылықтар әлемі өзінің нағыз шынайы бейнесінде, өз формасында болмысын көрсетеді және адам үшін қызмет етеді, жеке тұлғаны бұл өмірде бақыттылыққа қарай жетелейді.

Басқа халықтардың этникалық тарихындағыдай қазақ халқының этникалық рухани дүниесіне, жалпы халықтық біртұтастығына және басқа ұлттармен сыйысушылығына әсерін тигізетін саланың бірі дін болып табылады. Мұсылман діні қазақ халқына салыстырмалы түрде тереңдеп ене алмаған құбылыс. Оған себеп—қазақтардың мұсылмандықтың орталығы болып саналатын Араб елдерінен қашық болуы және еркіндікті сүйгіш өмір салты. Сондықтан да болар

қазақтар мұсылмандыққа дейінгі діни-сенімдерін әлі күнге дейін тастаған емес. Оның дәлелі ретінде тәңірге сену, аруақты қадірлеу, қасиетті құстар (мәселен аққу) мен жерлерді, жақсыларды құрметтеу т.б. айтуға болады. Қазақ дүниетанымынан тәңірге табынған көзқарасты, ақындыққа, шешендікке бет бұрған шығармашылық дәстүрді, көптің көңілінен шыққан тұлғаны әулие тұтқан ағартушылық дәстүрден таба аламыз. Қазақтардың Ислам дінінен салыстырмалы бостандықта болуы олардың біртұтастануына әсерін тигізді. Халықты біртұтастандыруды мақсат етіп, жаппай дінге жүгінуге үгіттеуге де болмайды. Өйткені, дінге деген көзқарас ырымдарды елеу, немесе, елемеу сияқты әрбір адамның жеке ісі болуы тиіс.

Әрбір ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған, қордаланған рухани байлығы діни құндылықтармен де астасып жатады. Діни модельдің өмірде жүзеге аспауына кедергі жасалатын негіздер ұлттық құндылықтарда емес, ол әрбір адамның бойында көбінесе жетекші рөл атқаруға бейім тұратын эго-эмоциялық сезімдердің қалыптан тыс ауқымды болуында. Бұл тарихи процесте діннің өзіндік гуманистік мәнін өзгертуіне, оның әлеуметтік болмыста реакциялық, экстремистік сипатта байқалуына себепкер болды. Ал, шын мәнінде нағыз рухани дамудың жолындағы субъект діни ұстанымдарды, принциптерді, бағдарларды жоққа шығара алмайды.

Қоғамда әртүрлі конфессиялардың болуы, көрініс беруі олардың діни құндылықтарының, принциптерінің кейде сәйкес, кейде қарама-қайшы келуі дамудың әлемдік көптүрлілікті сипатын танытады. Бірақ конфессиялық өзіншілдік халықтар арасындағы, мәдениеттер сұхбатындағы тосқауыл қабырға, кедергі іспетті болмауы керек. Олай болмаған жағдайда, олар өзара сұхбаттастықтағы әлеуметтік, дүниетанымдық, ұлттық қашықтықтың сақталуына, түбінде адамзаттың ұждан мәселесінде жіктелуіне әкеліп, ыдырауға себепкер болады. Ал, енді адамзатты рухани түсініктер бойынша біріктірудің бір жолы – ортақ, біртұтас дін болғанмен, ол конфессияларды, олардың догматтарын бір-бірімен механикалық, схемалық түрде қосумен, бір-біріне жақындатумен бұл мәселе шешілмейді. Керісінше, бұл жағдайда конфессияаралық төзімділік, рухани құрметтеушілік реттеуші рөл атқарады.

Тарихи процестің бірлігін қамтамасыз ететін,

рухани сабақтастыққа, ынтымақтастыққа негіз болатын әмбебап-адамдық рухани құндылықтар еркіндік пен шығармашылықтың, қайырымдылық пен ізгіліктің арқасында қалыптасады және дамиды. Адамның әлемге қатынасын айқындаушы факторлар ақиқаттың заңдылығымен, оның үйлесімділікке толы ұстанымдарымен астасып жатады. Сондықтан әрбір әмбебап ұлттық құндылықты қалыптастырушы шығармашылық субъектісі ғаламдық процестердің жетіле түсуіне, адамның өмірінің мәндене түсуіне үлесін қосуы керек.

Көшпелі мәдениетке сай қоғамдық құндылықтар жүйесі өзінің табиғатпен үйлесімділігімен ерекшеленеді, өйткені ол дәстүрлі қоғам. Ал дәстүрлі қоғамның рухани құндылығы көбінесе адамды тұрақтылыққа, әсемдікке жетелейді, оның бойындағы бояулар нәзік лирикамен көмкерілген, техногендік прагматизмнен алыстау болып келеді. Сондықтан қазіргі заманның өркениетті бағдарлары біршама түлей түсу үшін дәстүрлі қоғамның рухани байлығын жоққа шығармауы тиіс, рухани құндылықтардың інжу-маржандарын сақтауға тырысқаны жөн.

Жаһандану заманындағы модернизациялану кезеңінде жалпы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-гуманитарлы білімдердің негізгі субъектісі болып адам есептеледі. Сондықтан қоғамдағы ұлттық рухани құндылықтар тек адамның жетілуіне, кемелденуіне, үйлесімді өмір сүруіне қызмет етуі тиіс. Бұл ізденістердің нәтижелері қоғамның іргетасын не нығайта түседі, не шайқалта бастайды. Ендеше, біздің үнемі Ақиқат іздеу жолында болуымыз шарт. Бұл рухани қалыптарды, құндылықтарды қалыптастырудың, дамытудың іргетасы, ұлттық дүниетанымының негізі. Бұларға қоса ұлттық тарих пен дәстүрді насихаттау әртүрлі түсінік пен деңгейдегі топтардың - дәстүршіл-қазақтардың, нигилист-қазақтардың, синкретист-қазақтардың, оралмандардың, орыс тілді христиандардың, түркітілдес мұсылмандардың құндылықтық бағдарларының ерекшеліктеріне сай жүргізілуі тиіс.

Қазіргі жаһандану жағдайында әлемдік өркениетке ену мен жаңғыру барысында ұлттық-мәдени бірегейлену мәселесіндегі сабақтастықты сақтау маңызды. Кезінде қазақтың зиялы қауым өкілдерінің, реформашыл-демократтарының көтерген Алаш идеясы бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жойған жоқ, керісінше оның қайта жаңғыртылу мүмкіндігі баршылық.

Осыдан бұл мәселе үнемі күн тәртібінде болуы керек.

Халықтағы ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастық арқылы беріліп келе жатқан рухани-этникалық құндылықтарды зерттеу, оның сан қырлы сырын ашуға тырысу тек сол ұлттың өзі үшін ғана емес, жалпы адамзат мәдени байлығына қосылған үлес болып табылады. Өйткені, әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тілі, мәдениеті, ұстанған діні, өмірді түсіну, бейнелеу рәсімдері болады. Осы рухани-этникалық жүйелер, зерттелмеген «ақ таңдақтар» күйінде жатуы мүмкін.

Жалпы кез келген мәдениетті ұлттық немесе этникалық, рухани астарлы дінилік деп атау қалыпты сананың үйреншікті бағасы. Ал халықтың мәдени жүйесінде дінилік белгілердің болуы және олардың әлеуметтік-этникалық қауымдастықтың ділдік ерекшелігі етіп танылуы дәстүрлі құбылыс. Сондықтан бұл қасиеттер арқылы ұлттық мәдениеттің даму деңгейі жөнінде белгілі бір аксиологиялық пікірлер тұжырымдауға болады. Дегенмен де біздің еліміздің кеңестік дәуірінде осы біртұтас дүниенің әртүрлі салаларға жіктелу үрдістері жөнінде қомақты зерттеулер жүргізіліп, сол заманына сай ұлттық пен дінилік арасындағы өзара қарым-қатынастардың заңдылықтары талқыланды. Жалпы кез келген мемлекет тұрғындарының конфессионалдық құрамын дәлдікпен анықтау біршама қиын мәселе. Осыдан да болар әртүрлі діндер кең тараған территориялардағы халықтарды түгелімен (ішінде дінге сенетіндер де бар, сенбейтіндер де бар, индифферентті тұрғыда қарайтындар да бар) белгілі бір конфессияның өкілдері ретінде механикалық түрде қабылдау жиі байқалатын социологиялық әдіске айналған. Сонда да жер бетіндегі халық санағының нәтижелеріне, ішкі этникалық өсіп өну, демографиялық көбеюлерге сүйене отырып соңғы кезеңдерде басқа діннің өкілдерінен гөрі индуизм, ислам, буддизм діндеріне сенушілердің санының көбеюінің үрдістері пәрменді екенін байқаймыз. Ал кейбір діни ағымдар әлі де өзінің миссионерлік функцияларын жалғастыруда. Бұл құбылыс әлемдік діндердің ішіндегі ең жасырағы - мұсылман дінінің Солтүстік Африкадан Орталыққа қарай ендеуінен, тайпалық діни ағымдарды күштірек монотеистік діндердің алмастыра бастауынан байқауға болады. Сонымен қатар әлемдік ірі діндердің өзінде ішкі секталарға ыдырау, жіктелу процестері де жалғасуда. Бұл ғарыштың ырғақтығына,

тарихи процестің даму логикасына сәйкес келетін көріністер.

Бұл әлеуметтік үрдістердің астарында мәдениеттер арасындағы байланыс пен бәсекелестік, құндылықтар алмасуы мен жанжалдар жатыр. Тарихи сабақтастық арқылы орныққан құндылықтар жүйесі бір сәтте өзгеріп кете қоймайды, екінші жағынан оларға өмірдің жаңа мәдени толқындары өздерінің түзетпелерін енгізіп отырады.

Әлемдік діндер үшін қазіргі кезеңде жүріп жатқан секталарға, этноконфессияларға ыдырау процестері объективті түрде әлеуметтік, экономикалық, лингвистикалық және тағы басқа мәселелердің кейбір жерлерде көрініс беретіндігін, ділдік бағдарлардың көптүрлілікке ұмтылатынын көрсетіп, дағдарыстар күшейген кездегі әлеуметтік жатсыну құбылыстарынан мағлұматтар білдіреді. Бұл діни құндылықтардың адам дүниетанымына терең бойлап, оның әлемге қатынасының негізгі өзегіне айналуына байланысты құбылыс. Ал, діни құндылықтардың (шынайы мағынадағы) жалпы адамзаттық тіні әрбір ұлттық, этникалық мәдениеттің бойына сіңуіне мүмкіндік ашады. Өйткені, діни құндылықтар өнердің пайда болуына, дамуына себепкер болған. Ал, өнер болса жалпы қоғамның сан түрлі салаларының өркендеуіне, іргетас болды, яғни адамды дамытты, өркендетті, өзіндік «менін» ашуға түрткі болды. Дінді, діни құндылықтарды (рәміздерден бастап терең діни наным-сенімге дейін) кейде, әртүрлі тарихи ахуалдарда құрал-құндылық ретінде қолданылғаны белгілі. Мәселен, басқа діннің өкілдеріне деген өшпенділікті ояту үшін, этникалық стереотиптерді одан әрі діни сипатпен «әрлендіре» түсу мақсатында жасалынатын іс-қимылдар барлық ғасырларда болып тұрды. Сөйтіп, кез келген мемлекет өзінің діни саясатын жүргізуге мәжбүр болды. Қазіргі кезеңде діни және зайырлы мемлекеттер болып әлемдегі елдер жіктелеуі де сондықтан. Дінді мемлекеттік тұрғыда мойындап, оны атқарушы органдардың негізгі құралына айналдырған елдер көп емес, бірақ жоқ та емес. Сондықтан ұлттық (жалпы мемлекеттік мағынада) мүдделерді ойлағанда оның діни сипаты қандай екеніне да көңіл бөлу керек. Інжіл мен Құранды, Таурат пен басқа да діни кітаптарды қолға ұстап тұрып, артынан жанжал, қан төгіс болатын қақтығыстарға жол ашу қазіргі саясаткерлердің арасында жиі кездесетін құбылыс.

Мәдениеттің жаңа дәуірге сәйкес барынша технология-

лануы, адамның ізгіліктік, инабаттылықтық келбетінің барынша ақпараттанған (жеделдетілген нормадағы) жүйелерге тәуелді болуы — рухани еркіндік дүниесіндегі қайшылықтар мен жатсынулардың пайда болуына түрткі болады. Сондықтан егер мемлекеттің ұстанымына қайшы келмесе, әртүрлі діни дүниетанымды мойындай отырып, бір-бірінен кейбір ұстанымдары бойынша қайшылығы бар сәттерді сәйкестендіре білу қазіргі заман талабы. Ақпаратқа қанық тұлға өзінің ділдік мәдениетін байыту мақсатында жаңа көкжиектер, бағыттар іздей бастайды. Соңғы кезендердегі мистикамен, магиямен, медитацияның түрлерімен халықтың көбірек қызыға бастауы соның айғағы, жаңа кезеңнің өзіндік сипаты. Бірақ, екіншіке орай бұл ізденістерде жаңылысу да, бұрмалану да көп болады. Мемлекет те, жауапты орындар да оған көңіл бөлгендері жөн.

Қазақтың халықтық ділінде ұлттылық құбылысы қалыптасу, нығаю үстінде. Бұл процестердің оңды бағытта өрбуі үшін халықтың ішкі этникалық біртұтастығын күшейтетін факторларға көңіл бөлінгені жөн. Солардың қатарына нарықтық қатынастардың өркениеттік сипатта дамуы, ұлттық құндылықтардың үйлесімді қарым-қатынаста болуымен бірге, діни құндылықтардың да орны ерекше. Соңғы кезеңде дінге деген көзқарас демократияланып, бұрынғы бұқаралық атеизм көзқарастары қайта қаралып, жаңа қатынастарға көшіп жатқанымыз белгілі. Соның айғағындай жаңа мешіттер мен шіркеулер саны жылдан жылға көбейіп, жастар ішінен діни білім алушылар артып отыр. Бұл құбылыстар — дінилік пен ұлттылық арасындағы өзара қарым-қатынасты өзіндік табиғи-тарихи байланысқа келуіне мүмкіндіктер ашары сөзсіз. Тоталитаризм процестерінен арылу мақсатында тұлғаның дүниетанымдық жүйесіне тиісті үрдістерді барынша ізгіліктендіру әлеуметтік институттардың мақсаты мен міндеттері болуы өмір қажеттілігінен туындаған заңды құбылыс.

Қазақстан жағдайында діни құбылыстарды тежеуші екі үлкен факторлар жүйесі бар. Оның бірі, Республика халқының этноқұрылымдық сипатының күрделілігі болса, екіншісі діни дүниетаным мен әдет-ғұрыптардың мұсылмандық түрінің қазақ халқының ділдік және тіршіліктік мәдениетінде іргелілік негізінің әлсіздігі, халықтың ішкі этникалық біртұтастығының қалыптасуы одан әрі жүріп жатқандығы. Сөйтіп, Қазақстан жағдайындағы мұсылманның тұлғалық

келбеті іргеліліктен гөрі либералдыққа жақын екенін танытуда, ал православие нұсқасындағы христиан діні өз іс-қимылын барынша ұстамдылықпен жүргізуге тырысады. Осындай ділдік мәдениеттегі онды процестердің арқасында әртүрлі этноконфессиялық топтардың тіршілік мәдениетінің негіздерін жетілдіруге мүмкіндіктер ашылады. Бұл құбылысты діни төзімділік (толеранттылық) деп атауға болады. Ал қоғамдағы ұлттардың өкілдері арасында өзара үйлесімділік болу үшін инабаттылыққа негізделген, легитимдендірілген (заңға сүйенген) мәдениеттер қатынасы дамытылуы керек. «Сонда ғана ұлттық мәдениеттің өзегі бекіп, діл мен тіршілік нағыз өмір үшін қызмет етеді», – деген пікірлер әлеуметтік болмысты зерттеушілер арасында белең алған. Бұл тұжырымдардың жалпы бағдары адамды әлеуметтік қатынастардың нәтижесі және соған тікелей тәуелді деген ұстанымға негізделген. Әрине, адам өзі өмір сүріп отырған ортадағы әлеуметтік процестерге көп жағдайда арқа сүйейді, өзінің іс-қимылын сәйкестендіреді. Бірақ, ол сонымен қатар сол әлеуметтік ахуалды жасаушы субъектінің де өзі екенін түсінеді. Сондықтан адам өзгерсе ғана оны қоршаған әлеуметтік дүние де өзгерістерге түсетінін ескерген абзал.

Қазіргі уақытта біз төзімділіктің қажет екендігі туралы жиі айтып та, жазып та жүрміз. Бірақ, төзімділік «амалдың жоғынан болатын іс-әрекет» түрінде көрініс берсе, немесе, жоғарының талабымен болса, бұл адамның рухани дамуына біршама ауырлықтар түсіріп, бара-бара оның бойына құлдық психология қалыптастыруы мүмкін. Ал, әрбір жеке тұлға үшін өмірдегі кез келген қиындық, тек рухани дамудағы баспалдақ ретінде қарастырылғанда ғана төзімділіктің, шыдамдылықтың оң нәтижесі көрініс береді, адамаралық қатынас үйлесімді бағытта өрбиді.

Қоғамның дамуында үнемі заңға жүгінуді доминанта - идея ету, көптеген дамыған елдер үшін үйреншікті әдетке, нормаға айналуда. Ал, енді ұлттың бойындағы рухани құндылықтар негізінен ұлттық санада қордаланады, ол қоғамдық пікірдің әлеуметтік күшімен тарихта сақталып, сабақтасып отырады. Егер діни құндылықтар адамның рухани дүниесінің терең қатпарларына енбесе, онда олар сыртқы факторлардың ықпал етуші күшіне тәуелділіктен босайды. Міне, осы жерде байқалатын бір мәселе – діни және ұлттық құндылықтарды өзара байланыстырып тұрған



құбылыс — адамгершілікті моральдік норма екендігі.

Ақиқаттан адамға берілген ең негізгі құқық оның өмірде жол таңдау еркіндігі. Сондықтан жеке адамның ақиқат жолына түсуі, немесе, түспеуі, шынайы дінге бейімделуі, немесе, оның орнына зерденің құдіретіне жүгінуі, яғни ғылымды пір тұтуы сияқты мәселелер оның өз құзырындағы нәрселер. Оны ешқандай әлеуметтік, саяси, діни субъект зорлықпен міндеттей алмайды. Басқа жағдайда ғаламдық рухани үйлесімділіктің заңдылығы бір (бірнеше) адамның тағдыры ауқымында бұзылады, яғни бұл жалпы мәдени-тарихи процестің сабақтастығына қиянат жасалынады деген сөз. Ал өмірде ешқандай әділдік, руханилық күшпен, зорлықпен орнатылмайды, әр нәрсенің өз даму жолы бар, қалыптасу баспалдақтары бар. Тек ақиқат жолына түскен адамның сол соқпақтан ауытқуға құқы жоқ. Ол әрбір сынақтан ризашылық білдіре отырып өтуі тиіс. Сонда ғана оның алдынан *мәңгі нұрдың* есігі ашылады. Бұндай көзқарас пен пайым бүкіл әлемдік түсінікпен де үндеседі. (Мыс., үнділерде — Нирвана, т.б.) Жаһандану кезінде біздің қазақстандықтарға оның ішінде әрбір қазақ азаматына бұны білу парыз. Ал оған жеткізетін бірден-бір жол қоғамның рухани мәдени құндылықтарын пайым таразысына сала отырып игеру болмақ.

## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ РУХАНИЯТЫ, ТӘРБИЕСІ МЕН БІЛІМІ

Тәуелсіздік жылдары ішінде біздің қол жеткізген қомақты табыстарымыз да, қайсыбір тұстарда, әсіресе рухани салаларда кездескен кедергілеріміз де болды. Алдағы уақыттарда біздің ұрпақтарымыздың бұдан былай әлемдік оқиғалардың қалтарысында қалып қоймайтын елде өмір сүруіне жағдай жасау бағытында жұмыстар жасауымыз керек. Оның басты шарттарының бірі — жастарды жаһандық ауқымда ойлауға баулу, тәуелсіздіктің, ұлттық мүдденің ең басты құндылықтар екендігін түсіндіру. Тәуелсіздіктің өнегелі болашағы мен игілікті істерінің куәсі де бүгінгі жастар болатындығына сендіру.

*Тәуелсіздік* — мемлекеттің өз саясатын өз еркімен жүргізуге қабілеттілігі. Әлемдегі 2500-ден аса халықтың 220-ға жуығының ғана тәуелсіздіктері бар. Жаһандану

заманында тәуелсіздікті ұстап тұру да қиындай түсуде. Ендеше, еліміздің өнегелі болашағын ойлап, игілікті істерге қол жеткізу жағын қамдауымыз керек. Бұны әсіресе жас ұрпақтарына түсіндіре білген ел ұтады.

Баянды тәуелсіздікті өнегелі болашақсыз елестету де, сақтау да мүмкін емес. *Өнеге* — ұлағатты адамдардың ұрпаққа көрсететін үлгісі. Өнеге адамдардың тәлім-тәрбиелігі, үлгілілігі, саналылығының жиынтығы ретінде көрінеді. Ұрпаққа өнеге көрсететін иманды, зерделі, инабатты кісілерден адамдар жақсылық пен қайырымдылықты, адамгершілік пен ізеттілікті үйреніп, оны өзіне үлгі тұтады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ұлттық өнеге көріністері адамның бойында кісілік, инабаттылық, парасаттылық секілді асыл қасиеттердің қалыптасуына игі әсер ететін ұлттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзі болып саналады.

Қазіргі уақытта біз көлеңкелі жағын көбірек көрсетіп, айтып, жазып жүрген Кеңестік дәуірде өнегені үлгілеу бар еді. Ол тіпті дәстүрге айналған. Кешегі сұрапыл соғыс батырларынан бастап, өз ісінің майталманы, қарапайым, қатардағы еңбек адамдарына дейін жастарға үлгі-өнеге ететұғын. Ондай шаралар мектептен басталып, өнер туындылары, ақпарат құралдары арқылы дәріптеліп, жастар санасына сіңірілетін. Бұл күндері оның бірі жоқ. Күндіз-түні билік басындағыларды мақтау, қайсыбіріміз байлығымызбен, барлығымызбен мақтану. Ақпарат құралдары болса билік жағындағы тәуелді, билікке қарсы тәуелсіз болып екі жарылып бірінің мақтағанын, екіншілері даттаумен келеді, өнер туындылары саласындағы азаматтарымыз ұлттық мүддеден гөрі аты мен атағын шығаруға әуес болса, жастарымыздың көретін фильмдері атыс, шабыс, қала берді адами қатынастардың көргенсіз, қасиетсіз жақтарын анайы көрсету арқылы жастардың санасын улау.

Тәуелсіздіктің тұрақтылығы, өміршендігі игілікті істеріміз бен де тікелей байланысты. *Игілік* — ырыздықты, рухани және мәдени байлықты білдіретін жалпы ұғым. Адамның белгілі бір қажеттерін қанағаттандыратын, оның мүддесіне, мақсаты мен ниетіне сәйкес келетін нәрселер. Ал қоғамдық игілік — адам қызметі мен іс-әрекетінің тікелей жемісі. Оның бір бөлегі рухани игілікке — білім, рухани мәдениеттің жетістіктері, эстетикалық құндылықтар, адамдардың мінез-құлқынан көрінетін адамгершілік қасиеттер т.б. жатады.

Адамның жасампаздық мүмкіндіктерінің өзі ең жоғарғы игілік болып табылады. Олай болса, кейбір Батыстық әсіре ойшылдар айтып жүрген пессимизм де, әсіре діншілдер мен сәуегейлер айтып жүрген заманақыры да, күш көресту мен ақшаның, байлықтың күшін дәріптеу де абыройын арттыруға талпынған елге, қуатты ұлтқа және оның жастарына тәлім-тағылым да, үлгі-өнеге де бола алмайды. Өйткені, біздің тәуелсіздігіміздің өнегелі болашағы мен игілікті істерінің кепілі — этномәдени білім мен тәрбиеде.

Алдымен тәуелсіздікке ие болғаннан кейінгі кезеңде өз тағдырыңа еркін таңдау жасау, жаңа мемлекет құруға қатысты екенінді сезіну, елдің және оның азаматтарының болашақ ұрпағының тағдырына бірлесе жауап беру — Қазақстан халықтарының ортақ құндылықтары екендігін түсінуіміз керек. Этномәдени білім жалпы адамзаттық өркениет пен адамгершілік тәрбиеге негізделген. Осы тұрғыдан алғанда болашақ мамандар бойында моральдық адамгершілік сана, әдеп пен мәдениеттілік үлгілерін қалыптастырудың, өз ісінде оны пайдалану мүмкіндіктері туралы тәжірибе жинаудың маңызы зор.

Қазақ топырағындағы қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері ұлтымыздың өзіндік ұлттық философиясын, педагогикасын, психологиясын, жалпы дүниетанымы мен талғамын қалыптастырды. Олар ұрпақтан-ұрпаққа жетіп жалғастығын тауып отырды. Сондықтан қазіргі оқу-тәрбие процесінде біз құбылыстан мәнге, бізге жат нәрсенің бәрін жаңалықша қабылдаудан гөрі, оларды ой елегінен өткізіп, санаға салып, екшеп қабылдауға, оқуды білікпен ұштастыруға бетбұрыс жасауымыз керек. Өйткені, қазіргі республика мектептеріндегі бұл мәселені түсінуіміз құбылыс, көрініс, еліктеу деңгейіндегі түсініктер мен ұғымдар төңірегінен аса алмай жатыр. Жеке пәндер арқылы теориялық негізде ұрпақ санасына сіңуге тиісті этномәдениеттік өркениетіміздің әзірге өрге баса алмауы да осыдан.

Бұл тұрғыда ауызға алынып ұстаздар қауымы арасында теориялық жағынан тиянақтауды қажет етіп тұрған бірден-бір бағыт — халықтық ойлау, үйрету үлгілері мен тәрбиелері, олардың ұлттық ерекшеліктері мен біліктері туралы рухани мұраларында көрініс тапқан үлгі-ұғымдары болмақ.

Қазақ халқының өткен ұрпағы артына мол жазба мәдениетін қалдыра алмағанмен, ауызекі үлгілермен өздеріне

тән рухани мұралар жүйесін жасай білген. Осы рухани мұралары жүйесінің ішінде қазақ халқының диалектикалық ойлау элементтері мен халықтық тәрбиелеу жөндерінің алатын орны ерекше.

Көпшілік жұрт, жалпы қауым жеке адамнан бастап әлемдік өзгерістерге дейінгі аралықтағы болып жатқан құбылыстарды түсінуге әрекет жасап, өз білігі мен танымын кеңейтіп отырған. Табиғи таным процесі келесі ұрпаққа беріліп, ол әрі қарай жалғастық тауып, жетіліп, дамыған. Ал мұның өзін сол халық даналығы философиясы—деп түсінгеніміз жөн. Өйткені танымды тереңдетуге, жетілдіруге, көзқарасты негіздеуге байланысты нәрселердің бәрі ауызекі тілде даналықпен, философиямен байланыстырыла ұғындырылады.

Қазіргі кезеңде халық педагогикасы делініп жүрген қазақ халқының үйрету, тәрбиелеу жүйелерінің даму диалектикасында дәл жоғарыдағыдай жолмен түсіндіріп беруге болады. Онда біз — *тәрбие* деп аталатын адамзат қауымына ортақ және мәңгілік ұғымның (категорияның) тарихи тұрғыдан қарапайымнан күрделіге қарай қалай жылжып, дамып, мазмұнының толығып, жетіліп отырғандығының куәсі боламыз. Сонымен қатар тәлім-тәрбиенің ажырамас егіз ұғымдар екендіктеріне де көз жеткізер едік.

Қалыптасып келе жатқан қоғамдық қатынастарды жақтау, немесе, заңдастыру философияның алдындағы негізгі міндеттерінің бірі. Осы істерге халықтық педагогиканың да тікелей қатысы бар. Себебі, тәлімсіз-тәрбиесіз, бір жүйеге түскен адамгершілік өлшемсіз, қоғамдастық қатынастардың да жете дамуы мүмкін емес.

Халық философиясы мен педагогикасының өмір сүру аясы, зерттеу объектісі әлем — қоғам — адам аралығы екен. Бірі, бұларды теориялық тұрғыдан тереңдей зерттесе, екіншісі, салт-дәстүрлерді дамыта, жалғастыра отырып тәлім-тәрбие мен танымды ұштастырады. Осыдан келіп Абай айтқан «Адам бол!» идеясы бұрынғы заманнан бастап бүгінге дейін қатар дамып келе жатқан бұл екі ғылым саласына да ортақ, танымнан тәлімге қарай даму болмақ. Олай болса, халық философиясы мен халық педагогикасы халықтың таным-тағылымының жиынтығы және бұлар бір-бірімен тығыз диалектикалық байланыста болады деген тұжырым жасауға болады. Сондықтан бұл байланыстарды терең ұғынып,

оларды оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізудің жалпы жүйесінің жемістері, бір бағыты деп қарастырған абзал.

Аталмыш иглікті іске осы тұрғыдан келсек өзінің жаңа даму кезеңін басынан кешіп отырған орта білім беретін мектептердің, арнаулы және жоғары білім беретін оқу орындарының іс-тәжірибелерінде жастарымыздың рухани дәрежелері мен тәрбие деңгейлеріне қойылатын талап пен олардың қалыптасу жүйелеріндегі қайшылықтарды, олқылықтарды жоюға нақты қадам жасауға бетбұрыс болар еді. Өйткені, республикамыздағы бірыңғай европоцентристік тәлім-тәрбиеге негізделген Кеңестік педагогика ғасырлар бойы екшеліп, өмір сынынан өтіп келген қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіндегі жинақталған тағылым, тәлім-тәрбиесін, салт-дәстүрінің озық үлгілерін пайдаланбай, қайсыбір тұстарда оларды құбыжық етіп көрсетті. Бұның өзі жастарымыздың арасында рухани жұтандықпен өз ұлтына жат өрескел мінез-құлықтың етек алып, халқының рухани құндылықтарын өз бойларына сіңірмеген, мән-мазмұнын игермеген нигилист ұрпақтар легін дүниеге келтірді. Олардың бірқатары тәлім-тәрбиелік мәні аз, мағынасы таяз, шетелдік мәдени сарынға, өнер түріне жаппай еліктеушілік пен табынушылыққа бой ұрды.

Халық педагогикасын халықтың үйрету, оқыту, бейімдеу, тәрбиелеу бағыттарындағы ғасырлар бойғы жиған-терген тәжірибелері десек, халықтық тәрбие деп біз белгілі бір ұлттың жеке адамға, соның ішінде балаға тәрбиелік ықпал етуінің тарихи қалыптасқан жүйесін түсінеміз. Бұл жүйе халықтың бүкіл өмір тіршілігімен, болмысымен диалектикалық тұтастықта, үзілмес үндестікте болады.

Қай заман болсын, адамзат алдында тұратын басты міндет – адал, білімді, еңбексүйгіш ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Ананың бесік жырынан бастап, адамның жер қойнына берілгеніне дейінгі өзі көріп-білген салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар барлығы да адамның дүниетанымын қалыптастыратын өмір сабақтары. Күні кешеге дейін халықтық тәрбиеге мән берілмей келді. Ал, өмірден, тұрмыстан аулақ тұрған кабинеттерде ойлап табылған, халық педагогикасына негізделмеген, Кеңес үкіметін мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстар үшін ортақ тәрбие беру теориялары өзінің өміршең болмайтындығын дәлелдеді. Қазіргі уақытта тек құр ұрандатып тәрбиелеуден ештеңе шықпайтынына баршаның көзі жетіп болды,

ендеше тәрбие негізінде ұлт пен ұлыстардың этномәдени құндылықтары жатуы және ол іс-әрекет арқылы, күнделікті өмір-тіршілігімізбен байланысты жүзеге асырылуы, бүгінгі егемен еліміздің қажеттіліктерінен туындаулары керек.

Өткен уақыттар ішінде қоғамымыз әртүрлі саяси-идеологиялық ықпалмен «кемеденген социализм», «қайта құру», «жеделдету» сатыларынан өтіп, тоталитарлық жүйені демократиялыққа алмастыруға қадам жасап, осы қайшылықтар мен даму нәтижесінде бұрынғы қамал-құрсау болған Одақ ыдырап, оның құрамындағы көптеген елдер егемендікке қол жеткізді. Жоғарыда айтылған жолды ұлт өмірінің рухани дүниесінің бір дінтегі—оқу, тәрбие, білім беру, ғылым саласы да өз басынан өткерді. Бұл жолда өзіндік бет-бедерін, ерекшеліктерін жоғалтуға жақындады, немесе жоғалтты десек те артық айтқандық болмас.

Сондықтан бұл күндері осы саладағы ұлтымыздың этникалық құндылықтарын қалай қалпына келтіреміз, жас ұрпақтарымызды прогресс жолына қалай бағыттаймыз деген сұрақтар аға ұрпақты, зиялы қауымды, оның ішінде ұстаздарды қатты ойландыруға тиіс. Ұлттық дәстүрімізді қайта қалыптауды «ұлтшылдық» деп ұғынбауымыз керек. Керісінше, олар жаңаруымызға күш қосатын, елдік санамыздың еңсесін биіктететін дүниеліктер. Өйткені, дәстүр — ұлттың өзін-өзі айқындауының, өзіндік сана-сезімін көтеруінің, әлеуметтік істерге белсене араласуының айнасы.

Ұлттық рух, ұлттық мәдениеттің болуы өмірдің барлық саласына да қатысты. Ал білім беру ісі — ұлттық рух пен мәдениет дамуының, рухани жетілуіміздің ең негізгі іргетасы. Білім беру ісі ұлттың өмір сүруі үшін де, халық тағдыры үшін де аса қажетті шарт. Ел егемендікке қол жеткізген күннен бастап, қалай оқимыз, қайтып оқытамыз, кімнен үлгі аламыз т.б. сияқты мәселелер төңірегінде көп толғаныс болуы да сондықтан. Әрине, бұндай іркілістер тұсында алдыңғы лекте, үлгі ретінде шетелге қарап, соны нысана тұтатынымыз да бар. Біріншіден, кез келген «жаңа» бір дегеннен өзіне жол тауып кетпейді, кез келген «бастама» нәтижелі аяқталмайды. Қазіргі өтпелі кезеңде ең қиын жағдайда қоғамның әлеуметтік саласы қалып отыр. Солардың бірі — білім беру ісі. Жоғарыда айтылған жаңа бастамаларға қолдау (материалдық және моральдық) болмайынша бұл салада аса ілгерілеу күту қиын; екіншіден, жаңа бастаманы ескі қалыппен, салт-дәстүрмен жүзеге асыру

қиын, жаңаға жол аша қоятын көрегенділік барлық уақытта дер кезінде бола қоймайды. Бұл айтылғандар диалектикалық даму заңдылығына қайшы да емес. Өйткені, сол қалыпты бұзудың жалпы қоғамымыздағы рухани даму мен тәрбие ісі үшін жақсы жақтары болғанымен, қайсыбір жеке адамдардың алдына: «сен осы атқарып жүрген ісіңе, орныңа сайсың ба?», «қазақ елінің бүгінгі таңдағы сұранысынан туған рухани өркениетін көтеруге ат салысуға мүмкіншілігің бар ма?» т.б. сұрақтар туындатары сөзсіз. Ал бұл сұрақтардың ар жағында: «елдің елдігі оның саналық сапасында, жас ұрпақ бойында ұлттық сананы қалыптастырмайынша өркениет жоқ» деген жауап тұр. Өркениет біліммен, білікпен, таным-тәрбиемен келеді, ұлттық сана осы жолда қалыптасады. Ендеше, әлеуметтік саланың осы жағы алдыңғы лекте жүрмейінше экономикалық тұралаудан да құтыла алмаймыз.

Біздің Республика жағдайында, бұл салаға бұрынғы Одақ көлемінде өткен «қайта құру» да, «жеделдету» де, әртүрлі «реформа» да үлгі бола алмайды. Тіпті шетел үлгілерінің «көшірмесі» де бізге абырой әпермесі кәміл, бұны осы саладағы жауапты адамдардың да уақытылы түсінгені және сезінгені дұрыс.

Тағы бір айта кететін жай бұл күндері тек біздің Республикамызда ғана емес бүкіл дүниежүзінде білім деңгейі мен ғылыми-техникалық сауаттылық үшін алаңдаушылық бар. Білім беру ісіндегі дағдарысты тек экономикалық жағдайлардан іздемей, ел ішіндегі мәдени-әлеуметтік, саяси-рухани процестерден де іздеген жөн. Өзінің ұлттық-этникалық түбірінен оқшауланған білім беру жүйесі этностың рухани даму тенденциясына қарама-қайшы келетін мазмұн туғызып, дамуы мүмкін. Сөйтіп ұлттық мәдениетті туғызатын және дамытатын орта болудың орнына, ұлт мүддесінен қашық тұрған, өнегесі жоқ «оқшау отауға» айналмасына кім кепіл?!

Ұзақ жылдар бойы жалпыға бірдей бірізділікті ұстанған Кеңестік білім беру жүйесі ұлттардың этномәдениеттік қажеттіліктерін, ерекшеліктерін болмашы дәрежеде, сөз жүзінде ғана ескеріп отырды. Ал бұның өзі оқу-тәрбие жұмысында ұлттық нышандарды ескермей, аз халықтардың өз ерекшеліктерін бірте-бірте жоғалттырды, ұлттың рухани мұраларын ығыстырып шығарып оларды музейлік-фольклорлық құндылыққа айналдырды.

Сондықтан Республиканың жалпы жоғары оқу

орындарында білім беру мен тәрбие ісін ұлттың рухани талабына сай ету бағытында шаралар алынғаны жөн. Әрине, бұл шаралар біріншіден, үкімет тарапынан осы салада қабылданып жатқан құжаттарға негізделуі; екіншіден, олардың практика жүзінде іске асуы болса ғана өзара үндестік тауып, бірін-бірі қолдап та, қорғап та тұрмақ. Біздің ойымызша, бұл жаңа бастаманы қолдап тұрған және басшылыққа алуға қажетті негізгі құжаттар бар. Олар: Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы; Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы; Білім туралы заң т.б.

Кеңес үкіметі тұсында-гуманитарлық ғылымдар тарихы «европоцентристік» тенденциялар тұрғысынан дамып қана қойған жоқ, жеке оқу құралдары да осы бағытта жазылды. Дүниежүзілік өркениеттің бір бөлігі Шығыс ұмыт қалды, еске алына қалса айтулы тұлғалардың аты-жөні жақша ішінде көрсетілуден аспады. Ал түрік дүниесі ол шіркіндердің түсіне де кірмеді. Біздің жоғарғы оқу орындарында оқытылған философия, педагогика, психология, саяси экономика, т.б. пәндер осындай методологиядан қатты зардап шекті. Әлемдік әдебиетті оқытуда осы тенденциямен келе жатыр. Ендігі мақсат қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарды оқытуды этникалық сәйкестілікпен ұштастыру болмақ. Мәселен, «Философия тарихы» пәнінде шығыс, түрік ойшылдарын кеңінен бағдарламаларға кіргізіп, жас ұрпақ танымын кеңейту парыз. Ал «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» сияқты пәндерді халық педагогикасына негіздеп, еліміздің этникалық ерекшеліктері мен салт-дәстүрлеріне практика жүзінде келу абзал. Бұл пәннің теориялық негізін студенттер жаңа курс «Этнопедагогикадан» белгілі мөлшерде ала алады. Айта кету керек, жоғарыдан қолдау таппаудан ба, болмаса халқымыздың қанына сіңген енжарлықтан ба кезінде жаппай ашылған этнопедагогика кафедралары Республикамыздағы оқу орындарында түгелге жуық жабылып қалған, болмаса соған жақын.

«Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында»: «Халықтың *этникалық-мәдени сәйкестілігі* өз тарихында, мәдениетте болған оқиғаларды білу, қалыптасқан рухани құндылықтарға адалдық, ұлт қаһармандары мен зиялыларын қастерлеу нәтижесінде құрылады...*этникалық – мәдени білім* – ана тілі мен төл



мәдениетті, әлемдік құндылықтарды қоса игеруге бағытталған білім» – делінген.

Қазақ халқы қаһарман, дана, біртуар ұлдарға кенде болмаған. Солардың ішінде бұрынғы, бүгінгі ұрпақтардың ұлттық-этникалық санасынан зор орын алған тұлғалардың бірегейлері дана Абай мен Мұхтар Әуезов. Бұларды бөле айту себебіміз, олар ана тілі мен төл мәдениетін, әлемдік мәдениеттің құндылықтарымен қоса игерген қос хакімдер. Олар өз шығармаларымен ұлтымыздың рухани қазынасын молайтқан жалпы адамзаттық құндылықтар жасаған ғұламалар. Олардың шығармалары жастарымызды адамзаттық-этникалық нормаға, инабаттылық пен имандылыққа бағыттап қана қоймай, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырда өз ұлтын әлемдік аренаға шығарды.

Этномәдениеттік білім жалпы адамзаттық өркениет пен адамгершілік тәрбиеге негізделген. Осы тұрғыдан алғанда болашақ мамандар бойында моральдық адамгершілік сана, әдеп пен мәдениеттілік үлгілерін қалыптастырудың, өз ісінде оны пайдалану мүмкіндіктері туралы тәжірибе жинаудың маңызы зор.

Тұжырымдамада: «Этникалық-мәдени білім беру жүйесінің кең көлемді реформасы *ғылымның қолдауынсыз* тиімді бола алмайды» делінген. Ендеше, алдағы үлкен мақсаттардың негізгілері: мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасын дамыта отырып, оның педагогикалық теориясын жасау; мәдени-этникалық білім берудің педагогикалық тәжірибелерін қорыту; мәдени-этникалық білім беруді өмірге енгізудің механизмдерін жетілдіру болмақ. Өз кезегінде бұлардың әрқайсысын дамыта зерттеп-зерделеу уақыт талабынан туындап отырған іс. Әрине, бұл жол қиын жол, ол біздерден тек мамандық бойынша бірыңғай білім беруді емес, саналылық пен сауаттылықты, зеректік пен іскерлікті, зиялылық пен зор интеллекті, әсіресе, шыдамдылық пен төзімділікті қажет етеді. Абайдың:

«Ақырын жүріп анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға,  
Ұстаздық қылған жалықпас  
Үйретуден балаға» – деуі де содан.

Елдің тәуелсіздігі тек оның саяси-экономикалық дербестігінде ғана емес, рухани дербестігінде де. Ұлы дала руханиятының 6 мыңжылдық тарихын айтпағанда,

Анахарсистен Абайға, одан біздерге дейін жол тартып жатқан 2,5–2 мыңжылдық ғақлиятты ой кешу үрдістеріміз бар.

Ендеше, бүгінгі жастар тәуелсіз елдің рухани мәдениетін жалаң алмай, оған үлкен де, ұзақ тарихи үрдіс деп қарап, оның ұлт болмысымен тікелей байланысты екендігін ұғынулары керек және нағыз мәдениетте этноәлеуметтік сипат басым болады. Осы тұрғыдан алғанда, біздің пікіріміз өркениет пен мәдениетті біртұтас құбылыс деп қарайтын түсініктің тиянақсыздығы туралы ғалым-зерттеуші Ақселеу Сейдімбектің пікірімен үндеседі. Өйткені «өркениетті» «мәдениеттілік» деп насихаттайтын болсақ, бүгінгі жастарымыз өз болмысын өздері жатсынып, әлеуметтік-экономикалық жағынан озық елдерге көзсіз табынып, өзінің төлтума, текті мәдениетін таптап, өзгенің жылтырағына табынатын болады. Осыдан келіп, А.Сейдімбек айтқандай, «тек қана шетелдік пікірді пір тұту, өмірі мен өнерін шет елдіктердің ғана көзімен парықтау, мемлекеттік-ұлттық киелі шараларымыздың мәртебесін шетелден келген жалаңтөс-жалаңбұт әншілердің өнерсымағымен өлшеу», т.б. етек алады. Ғалымның бұл ойының дау туғызбас ақиқат екендігін күнделікті өмірімізден көріп те жүрміз.

Олай болса, жастар тәрбиесінде кейбір тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының халқымызды бүлдіруге, аздыруға, ұлттық менталитетімізді жоюға бағытталған хабарларына тосқауыл қойылуы керек. Газеттер мен телеарналар олардың жекеменшігі болғанмен, қарапайым халық олардың меншігі емес. Бұл тұрғыда республикамыздағы орыстілді бұқаралық ақпарат құралдарын алдымен атаған жөн.

Жалпы әлемдік практикада, өз елінің қауіпсіздігін ойлайтын кез келген мемлекетте қалыптасқан этика талаптары, тыйым жолдары болады. Ол мемлекет азаматтарын, ұлтты бұғаулау емес, керісінше ұлтты қорғау болып табылады, мәдениеттің тек қана ұлттық қасиеттер аясында көрініс табатынын пайымдатады. «Республика азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламасының» да көздегені осы. Ендеше, тәуелсіз елдің рухани дамуы үлкен стратегиялық мәселе.

Адам бойына руханият мысқылдап кіреді. Ол оқумен, біліммен, өнер-ғылыммен, жүйелі тәрбиемен келетін дүниелік. Бұл алдымен тәуелсіз елдің оқуы мен біліміне, тәлім-тәрбиесіне қатысты. Тәуелсіз елдің білімі қандай

болуы керек, оның мазмұнына не тән болған жөн, бұл үлкен стратегиялық мәндегі сұрақтар.

Білім беру Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет. Сондықтан да елімізде бүкіләлемдік білім беру тәжірибелеріне назар аударылып, білім беру ісіне үнемі өзгерістер мен жаңарулар енгізіліп жатыр. Әрине, бұлардың бәрі дұрыс, заман талабы мен сұраныстарынан туындап отырғаны да күмәнсіз. Алайда, қазіргі жаһандану заманында басқалардың көлеңкесінде қалмай, ықпалына ермей дәстүріміз бен тілімізді түлету, ұлттық мәдениетімізді сақтау үшін әлеуметтік сала қызметкерлеріне, оның ішінде мәдениет пен білім ісіндегі қызметкерлерге бір нәрсе ауадай қажет және ол біздің бағыт-бағдарымызды анықтайтын нысана — қазақ болмысынан туындайтын этникалық ерекшелігіміз болуы керек. Ол — тіл, дәстүр, ұлттық сана мен рух, отаншылдық және тағы басқалары. Жас ұрпақ санасында осы аталғандар мен басқа да қажетті руханилықтар болмайынша, еліміздің шын мәнінде егеменді жолмен дамып, оның байлығы мен барлығы ұлтқа қызмет етеді деу қиын. Ендеше, білім беру саласында әлемдік тәжірибелерді үйрене отырып этномәдени білім беру мен тәрбиені еш уақытта естен шығаруға болмайды.

Этномәдени білім беру арқылы біз ұлттық рухымызды тіктейміз. *Рух* — әрбір адамның әлеуетін ашатын, көптің қуатын ортақ арнаға қосатын халық даналығының жиынтығы, еркіндіктің түрі. Біз қазақ — батыр, қазақ — дана халқымыздың рухы күшті т.б. дейміз. Өзін, өз айналасын, дұрыс адам жамандамайды, сондай-ақ өз ұлтын да тілдемейді, өз ұлтының қол жеткізген тарихи жетістігін, өміршендік жолындағы ұмтылысын, жеке тұлғаларын мақтан етеді, солармен мақтанады, кейінгі ұрпаққа үлгі тұтады.

Қазаққа қазіргі уақытта «топшыл болмай, көпшіл болу» керек. Бұны, әсіресе, болашағымызды алға апарар жас тарымыз терең түсінгені жөн. Тағы бір ескерер жай, қазіргі заманда саясат үлкен қалаларда жасалады. Біз әңгіме етіп жүрген тіл саясаты да осы қалаларда жасалған және оның шешілмеген мәселелері де сол қалада. Егер қазақтардың көбі ауылда тұрса, олар саясаттан шет қалып жатады. Ал қаладағылар басқа ұлттар диаспоралары мен орыстанғандар,

орыс тілділер, бір сөзбен айтқанда ұлттық сана-сезімі үстірттер. Олай болса тіл саясаты – қазақтардың көбею саясаты, қоғамнан өз орнын алу саясаты, жасампаздық істерге араласу саясаты. Бұл да этномәдени білім мен тәрбиесіз мүмкін болмайтын нәрсе. Әр мемлекетте, оның ішінде Қазақстан сияқты унитарлы мемлекетте, негізгі халықтың еңсесі көтерілмей, ел еңсесі көтерілмейді, ұзақ уақытқа есептелген тұрақтылық та болмайды. Әзірге ел тұрақтылығы қазақ халқының есебінен, олардың көнбістілігінің, шыдамдылығының арқасында болуда. Алайда шыдамның да шегі бар және кейінгі ұрпақ бізден бөлектеу ұрпақ болады, бұл заңдылық. Олардың талаптары да, түсініктері де бізден бөлектеу. Егер осы жастарды этникалық білім мен тәрбие тұрғысынан өмірге даярласақ, олардың көкейіне ұлттық рух сепсек, біз ұлттық рухы бар ел боламыз. Ал ұлттық рухы бар ел өз ерлерін, өз әлеуметін қорлатпайды, қайта қорғайды. Атам қазақ бұны білген, олардан кейінгілерге «бөріктің намысы бір», «өсер елдің жігіті бірін-бірі батыр» – дейді деген сөз қалған. Абай болса, бірлікке шақырып «бірінді қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі бос» – дейді.

Ұлтқа рух беретіндер тектілер. Тектілік қасиет. Этномәдени тәрбие тектіні, дарынды, дананы, талантты құрметтеуге үйретеді. Өйткені: «Ақниетті, ақжүректі тектілер, жұртын қолдап, елді ұшпаққа жеткізер» – деп Жүсіп Баласағұн айтқандай ұлтты ілгерілететін солар. Ондай ірі тұлғалар, кейде қарапайым сана өлшеміне сыймай да жатады. Ұлттық рух жоғалуының бір белгісі – ұсақтық, уақтық, көре алмаушылық. Ал мұндай келеңсіздіктер надандарға, тоғьшарларға, топастарға тән. Міне, осындайлар 30-шы, 50-ші жылдарда ұлт зиялыларын, рухты тұлғаларды әбігерге түсірді, үлкен бір бөлігінің түбіне жетті. Ондайлар арамызда әлі бар, алда да болады. Оларға қарсы тұра білу үшін де біздің этникалық біліміміз бен білігіміз, тәрбиеміз, ішкі рухани құндылығымыз болуы керек.

Ұлттық рухтың құнын түсіретін тағы бір нәрсе қазаққа тән емес құбылыстардың көптеп етек алуы.

Олар: жағымпаздық, жарамсақтық, жандайшаптық, пайдакүнемдік, дүниеқоңыздық, мансапқорлық. Ал бұның арғы түбі тексіздік.

Жастарға тәлім-тәрбие беруде тұлға қалыптастыру деген мәселе бұрынғы Кеңес дәуірінде де болған. Біздің түсінігіміз

олардан бөлектеу. Қазақ тұлғалылық — дейді. Бұл да рухты адамға, рухты ұлт ұрпақтарына тән қасиет. Себебі, нағыз тұлға — сөз ұғатын, сөзін ұқтыратын, сөзінде тұратын тыңғылықты жан. Ал бұлар орамды ойсыз, тиянақты тілсіз алдырмайтын асулар.

Ұлттық рух туралы айтқанда, тағы бір ерекше ескеретін жай — елдік, тәуелсіздік үшін күрес, құлдық психологиямен күрес. Бұған жету жолы — бірлесу, бүтінделу, қауымдасу, бірлесе жүретін жол таңдау. Еркіндік, тәуелсіздік үшін күрес, құлдыққа көнбеу. Бұл жеке адамның да, елдің де есеюінің белгісі. Соңғы ғасырда біз осы қасиетімізден ажырап қалдық. Мемлекеттің де, ұстаздар қауымының да басты борыштарының бірі осы қасиетімізді қалпына келтіру, ал оның жолы этномәдени білім мен тәрбиеге мемлекеттік тұрғыдан көңіл бөлу.

Тіл мәдениеті мен парасаттылыққа біз оқу, білім, білік арқылы жетеміз. Тәрбие деген де тәңір бар. Әлемдік деңгейдегі білім берудің озық үлгілерін жоққа шығаруға болмайды, оны білу, зерделеу қажеттілік. Алайда әлемдік стандарт дегенді де ой елегінен өткізбей қабылдай салу да барлық уақытта өзін ақтай бермесі анық. Өйткені, дүниежүзінің ұлттары мен ұлыстары, олардың мәдениеттері мен дәстүрлері, салт-саналарын тілдері қанша өзгеше болса, білім беру мен тәрбие де өзінше өзге болуға тиіс. Әсіресе, гуманитарлық ғылымдар туралы мұны нақты да, айқын айтуға болады. Сондықтан, бізге бүгінгі таусылмайтын, ұшы-қиыры жоқ білім реформасына да сын көзбен қарағанымыз жөн.

Ұлттық білім, рухани сабақтастық негізі. Этностар дамуында оның дүниетанымдық, рухани көздерін елемеу—ұлтсыздандыруға апаратын жол. Қазіргі жаһандану заманында бұл өте қауіпті жол. Сондықтан әңгіме әлемдік білім беру жүйесін көшіріп алуда емес, қажетімізше пайдалануда. Осы орайда, тағы бір айтарымыз, бізге жеделдетіп шетелдердің оқу технологиясына көшкеннен гөрі, жалаң білім беруден, білікке көшкеніміз жөн. Біздіңше, «білім мыңжылдық емес, білік мыңжылдық». Ендеше, жастарымызды біліктілікке жетелейтін этномәдени білім арқылы, ұлттық тіліміз бен ұлттық мәдениетіміз арқылы, қазақи болмысымызды дамытуымыз керек. «Мың өліп, мың тірілген» халқымыздың оған рухани күші де, ақыл-парасаты да, қажыр-қайраты да, жігері де жетеді.

Еліміздің әлемдік рейтинг кестесінің жоғары бөлігіне іліккен елдер тобының ішінен орын алуына мүмкіндік беретін басты негіздердің бірі — халқымыздың санғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап түлете беру, — сол арқылы өз болмысымызды айқындау.

Тіл — дүниеде адамзатқа ғана тән баға жетпес қасиет, ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты, халықтың ғасырлар бойы жинаған рухани қазынасының жиынтығы, рухани байлығын сақтайтын қоймасы, нәр алатын кіндіктамыры. Бұл туралы арғы-бергі тарихымызда талай кемеңгерлер, хакімдер, ғалымдар айтып кеткен. Ұлттық тіл — әр халықтың өзіндік ерекшеліктерін ғана көрсетіп қоймайды, олардың ой-санасы мен парасатын, бүкіл болмыс-тіршілігі мен сезім - түйсігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін күретамыр. Онсыз халықтың аты бар да заты жоқ тобыр. Тіл — адам тарихымен тамырлас, ұлт тағдырымен түптес. Тіл — Отанның жүрегі, елдік пен азаматтықтың тірегі. Тіл кез келген халықтың ұлттық белгісі, айырымы, символы. Сондықтан толыққанды тілсіз, толыққанды ұлт болуы мүмкін емес, ұлттық сана — ұлттық тілмен қалыптасады. Адамгершілікті қалыптастыратын игілікті, адам алдымен ана тілі арқылы қабылдайды, бағалайды. Адамның өзін танудың, өзгемен теңесудің өтімді құралы да осы тіл.

Әңгіме мемлекеттік тіл туралы болғандықтан оның ұғымдық мазмұнына тоқтала кетсек, мемлекет деген ұғым екі мағынада қолданылады. 1) кең мағынасында үлкен әлеуметтік топтың ұйымын білдіреді де «халық», «қоғам», «ел» деген ұғымдарға сәйкес келеді; 2) тар мағынасында басқару құрылымының, басқарушы аппараттың жиынтығын білдіріп, «үкімет», «әкімшілік» деген ұғымдарға сай келеді. Біз оның осы бірінші мағынасын пайдаланамыз. Сонда ол алдымен ел, халық екен.

Рухани тарихымызға, оның ішінде ғылыми - танымдық ұғым-түсініктеріміздің қалыптасу тұрғысынан келсек. Ел—көне түркі тілінде «халық» сөзінің синонимі ретінде қолданылатын атау, ежелгі қазақ руларының одағы да «ел» деп аталған. Дәстүрлі қоғамдағы көшпелі шаруашылық қарым-қатынастарының дамыған кезеңдерінде ел атауы қауымдық-туыстық құрылымның (патриархалды отбасы, ру, тайпа, мемлекет бірлестігі) жоғары деңгейін білдіретін мағынаға ие болды. Мәселен, Көк түркілердің алғашқы

мемлекеттік құрылымдары (Батыс түрік қағанаты; Шығыс түрік қағанаты) сондай-ақ, ірі тайпалық бірлестіктер құру негізінде дамыған қанды, қыпшақ, т.б. ежелгі қазақ руларының одағы «ел» деп аталған. Біз бұрын да ел болғанбыз. Бүгін әлемнің көптеген мемлекеттері танып отырған егемен елміз. Мемлекеттік тіл — көп ұлттар мекендейтін мемлекетте халықтың ұлттық құрамына қарамастан іс қағаздарын, мектептен жоғары оқу орындарында оқыту, мәдениет, баспасөзбен байланыс орындарында, құқық қорғау мен әскери бөлімдерде, сот істерін жүргізуде тағы басқа міндетті деп саналатын саяси-құқықтық қасиеті бар мәртебелі тіл.

Сондықтан да, негізгі Заңымыздан туындайтын игілікті іс-шаралардың ең үлкені ана тіліне деген қамқорлық. Ұлттың рухы болып табылатын осы мәселеге қатысты бастаманы кезінде Президенттің өзі көтерген болатын. Ел Конституциясына негізделіп қабылданған «Тілдер туралы» Президент Жарлықтарында қазақ тілін мемлекеттік басқару ісінде қолдану аясын кеңейтіп, мемлекеттік қызметкерлердің қазақ тілін меңгерудегі міндеттерін орындауға қажетті алғы шарттар жасау, тілді оқыту мен үйренудің озық әдістемелерін және жаңа технологияларды енгізуді, іс-қағаздарын кезең-кезеңмен мемлекеттік тілге көшірудің нақты жоспарлары мен бағыттары белгіленген. Бұл тұрғыдан алғанда Мемлекет басшысының да тұғырнамасы айқын, ол бүкіл «қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі — еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» — деп есептейді.

Ел егемендігінің бір өрісі тіл және тіл мәдениеті. Тілде әрбір халықтың өмір сүру деңгейі мен дәрежесі, әрбір ұлттың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері мен ережесі қалыптасады. Кез келген қызметкерлер үшін де тілдік мәдениет аса қажет. Сондықтан тіл мәдениетін қалыптастыруға бағдарламалық негіз, кәсіптік талдау және мемлекеттік қолдау керек. Тіл — ойлау мәдениеті, білім, тарихи зерде, тәуелсіздік жүйесінің де негізі болып табылады.

Бүгінгі жастарымызды бізден әлдеқайда сауатты болуға бағыттауымыз, бағыт-бағдар беруіміз керек. Алдыңғы қажеттілік — тілдік сауаттылық, соған қол жеткізу. Бұның да шешімі алдымен этномәдени білім мен білікте. Бүкіл әлемде интеграциялық процесс жүріп жатқанда, әр ұлттың

мәдениеті мен тілі өз шеңберінде тұйықталмайтыны, ұлттық тіл құрамы таза өз сөздерінен ғана құрала қоймайтыны аян. Сондықтан, тілдік кеңістікті халықаралық информациялық деңгейге жақындатуға септігін тигізетін терминдермен ұғымдар желісі болатыны да хақ. Кейбір тіл мамандарының дәлелді деректері мен пікірлеріне қарағанда «біз терминді емес, сөзді аударып жүрміз». Көп жағдайда термин болып жүрген сөздің ағауы аударылады да, терминдік мағынасы қалып қояды. Сондықтан терминді аударуға болмайды, ыңғайымен тілімізге сіңіру керек.

Жалпы этномәдени білім беру тіл тазалығын қолдайды. Осы тұрғыдан алғанда бұрын тілімізде болған, бірақ қазіргі заманғы тілдік айналымнан шығып қалған сөздерді пайдалану қажет, мүмкіндігінше тілді шұбарламаған жөн. Алайда жоғарыда айтылған қағида тұрғысынан алғанда терминге қатысты біраз мәселелердің басы әлі ашылмаған. Мысалы, «миграция» терминін «көші-қон» деп қазақшаладық. Бұл өзі латынның сөзі, оның 4 түрлі мағынасы бар: 1) адамдардың көшіп қонуы; 2) жануарлардың көшуі; 3) геологиялық элементтердің, судың, желдің тағы басқа алмасулары; 4) капиталдың қозғалысы (миграциясы). Ал біз болсақ ауқымды кең терминнің аясын тарылтып, адамдардың орын алмастыруымен ғана шектеудеміз. Этномәдени білім беруде көп нәрсе біліктілік, ұғымдылық, танымдылық тұрғысынан беріледі. Ендеше, оқытудағы басты мақсат – әрбір терминнің ұғымдық деңгейін көтеретін ойлау мәдениеті мен тілтану дәрежесі бірін-бірі толықтыратын жағдай қалыптастыруда.

Жастарға этномәдени білім беру барысында тіл тану, тіл дамыту, тіл табысу, тіл өрісін кеңейту қоса жүруі қажет. Мамандардың пайымдауына, орыс тілі қорының 40 % өз колоритін сақтаған халықаралық терминдерден тұрады екен. Мұны орыс тілінің әлсіздігі деп айтуға болмайды, керісінше, сол арқылы ол тілдің өрісі кеңейде. Қазіргі уақыттардағы кейбір қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардағы аудармалық деңгейдегі осындай икемділік өтпелі кезеңге керек саты. Өйткені, қазақша ұсынылған баламаның ұғымдық мазмұны толық ашылмағандықтан, оны нақты мағынада қолдану қиындыққа ұшыратады.

Этномәдени тұрғыдан тіл танудағы саясат – қазақ тілінің ұлттық шеңберін кеңейту арқылы халықаралық деңгейін көтермелеу, тілдік қатынастағы халықаралық тәжірибе мен



өлшемді іріктей отырып, ана тілінің ұлттық мән-мазмұнын байыту. Сондықтан көптеген халықаралық терминдерді орнымен, жөнімен қазақ тілінің қатарына қосу, тіліміздің де, ойымыздың да аумағын кеңейтеді, азаматтық құндылықтарға бет алуымыздың нақты көрінісі де болады.

Этномәдени түсініктегі тіл табысу саясаты ұлтаралық қатынасқа оңтайлы, икемді дәстүр мен тәжірибені жүйелеу болмақ. Соған қарамастан бұл салада да этникалық-тілдік ерекшеліктеріміз деп мемлекет, қала, ұйым атауларын оңды-солды қолдан өзгертіп, халықтар арасындағы түсініспеушілік қоса түскендейміз. Мысалы, Венгрияны – Мажарстан, Единоство қоғамын – Бірлік, Пекинді – Бейжің т.б. деп жатсақ, оны өзге ұлттардың өкілдері ғана емес, қазақтардың өздері де бірден ұға қоймайды. Сөйтіп, тілдің баламасын ендіруде сөздің түбірі мен әлеуметтік-лингвистикалық тәжірибесі дұрыс және жан-жақты ескерілмесе, онда сөйлеу практикасын қолдан күрделендіреміз, мемлекеттік тіліміздің ұғылу, танылу мүмкіндіктерінің қарқынын тежейміз.

Түркі тіліндегі сөздің төлтумасы дегенде мал мен егін шаруашылығындағы, қолөнеріндегі материалдық құндылықтардың, әлеуметтік тәжірибелердің алмасу нәтижелерін және сол бағыттағы ақыл-парасаттың жетістігін алға тартамыз. Шаруашылықта тіл практикасы қалыптасты. Кеңістіктегі көшіп қону тұрмыстың тұрақты және тұтас көріністері тілде бейнесін, белгісін және рәмізін тапты. Көне түріктерде жер өңдеу мәдениеті жетік қалыптасқан, оның өнімді технологиясы кеңірек қолданылған. Мұның өзі көне түрік тайпаларының өмір салты белсенді болғанын, тіл мәдениетінің жітік болғанын көрсетеді. Онда тарихи, мәдени және тілдік үш деңгей бір - бірімен ұласқан сайын, түрік тілдес сөздің мазмұны ауқымдалынды, сөздіктің мән-мағынасына орай қолдану тәртібі деректелінді, біртіндеп төлтума жаңа тармаққа бөлінеді. Болмыс ортасына, тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылық түріне орай дыбыс үйлесімі ықшамдалынды, сөз түбірі түрленді. Қарым-қатынас қажетінен сөздің лексикалық, этимологиялық дамуы өріс алған және осы заңдылықтарды өз бабымен қолдану тәсілдері орныққан. Бұл күрделі де, ұзақ процесс туралы жалпы түсініктер аз болмады. Соңғы ғасырда ғана тіл табысу практикасына адамның танымдық қызметі шоғырлануда. Оның аясы кеңіген сайын түпнұсқаға деген тар түсінік тарылуда.

Тіл практикасында дүниені қабылдау және ойластыру қалпы біртекті болмайды. Тіл сындыру, тіл тану, тіл таныту, тіл дамыту – тіл практикасының мәдени көріністері мен өрістері. Тіл мәдениеті жасқа да, жасамысқа да, оқымағандарға да, біліксіз бен білімсізге де, білімдіге де, кез келген қызметкерлер үшін де аса қажет. Өйткені, тіл қатынас құралы десек, біз күнделікті өмірде оны қолданбай өмір сүре алмаймыз. Ендеше, тіл мәдениеті тек жазба тілге ғана емес, ауызекі тілге де қатысты. Ал үлкенді-кішілі аудиторияларда оқитын лекцияларымыз осы соңғысына жатады, бірақ алдыңғысымен тығыз байланысты. Себебі, ХХ – ХХІ ғасыр қағаз және компьютерлер ғасыры болып кетті.

Кез келген қызметкерлер үшін тілдік мәдениет аса қажет. Мысалы, медициналық деонтология талаптарының бірі де адамдар арасындағы арақатыс, «сөзбен емдеу». Ендеше, қазақтың: «жылы-жылы сөйлесе, жылан іннен шығады, қатты-қатты сөйлесе, қарындастың көңілі қалады» деген мақалының бұл мамандық иелеріне де тікелей қатысы бар, басқа мамандықтар да солай.

Тіл мәдениетіне қатысты айтқанда алдымен біздің әртүрлі мамандықтар иелері қандай хал-ахуалда екенін білгеніміз дұрыс. Соңғы жылдарда оқу орындарының оқушылары мен студенттерге арналған оқулықтарда олқылықтардың көп екендігі жиі айтылады. Шартты түрде оларды салалар (мамандықтар) бойынша сараласақ, алдымен оқу құралдары, оқу-әдістемелік әдебиеттер, әр мамандықтар бойынша әдебиеттер; сонан кейін жеке тақырыптар бойынша әдебиеттер мен сөздіктер.

Әрине, олардың бәрін оқып отыруға кім-кімнің де уақыты да, мүмкіндігі де жоқ және оны біз де мақсат етіп қойғанымыз жоқ. Соған қарамастан мынадай заңдылықтарды аңғаруға болады: – Ең алдыменен осы кітаптарда орфографиялық қате көп. Ал оқулыққа қойылар талаптардың бірі, онда мейлінше қате болмауы керек;

– Көпшілігінде біздің қазақ авторлары болғанымен, өздерінің фамилияларын қойғанымен, мазмұны орыс оқулықтары мен оқу құралдарының аудармасы болып шыққан. Өйткені, оқу құралдары т. б. қазақ оқушыларына бейімделмеген (не адаптивті), олардың этникалық ұғым түсініктері мен ой өрістері, мүмкіндіктері ескерілмеген;

– Осының салдарынан оқу құралдары мен студенттерге

қосымша көмекші құралдардың аттары да дұрыс жазылмаған. Мәселен, авторлар «Оқу-методикалық ұсыныс» деп жазыпты. Мен каталогтан осындай екі-үш кітаптың атын көрдім. Оқуы түсінікті; ал, «методикалық» дегеннің қазақша жақсы баламасы бар ол – «әдістемелік», енді «ұсыныстары» түсініксіз. Бұл орыстың «указание» дегенін аударғандары. Мәселен, орысша «Учебно-методическое указание». Халқымыздың өз ой орамы, сөз саптамы, тілдік түзенісі бар. Ендеше оны бұзбауымыз керек.

Енді бір оқу құралына авторлар «Акушерлік таным» - деп ат қойыпты. Таным – бұл орысша познание, ол жекеше және көпше мағынада қолданылады. Жекеше түрде білім, таным дегенді, ал көпше түрде – білім, мағлұмат, жиынтық (совокупность сведений). Кітапты атағанда автор жадынан осы шығып кеткен, болмаса білместік болған.

Осы уақытқа дейін біраз сөздіктер жазылған. Әрине біз оларды салыстыра отырып талдамағаннан кейін белгілі бір дәдеден шығып, терең пікір айтуға болмас. Бірақ бір нәрсе ақиқат, бұл сала өз алдына бір «дүкірт» шаруа. Бірақ сөздіктерді жалпылама жасау өте қиын, үлкен көлемдегі жұмыс. Сондықтан сала (мамандық) бойынша сөздік жасаушыларды қолдаған жөн ғой деп ойлаймыз.

Біз төл тілімізді, мәдениетімізді мансұқ етіп, халықтық тәлімнің ақуыз шырынынан нәр беретін текті тәрбиеге қайтадан қол жеткізе алмай отырмыз. Қазақтың ұлттық мектебінің, оқу орындарының өзімізге ең оңтайлы да, тиімді, ХХІ ғасырға лайық, әлемдік өркениет көшіне ұялмай тізе қостыратын, дамыған елдермен терезе теңестіретін үлгісін жасау ісі бір ғана ұлттың мәдениеті мен дәстүрінің шеңберінде тәрбиелейтін таза ұлттық білім ордаларының (мектеп, институт, университет, академия т.б.) тұжырымдамасын уағыздайтындар да, әлемдік мәдениеттің шашбауын көтеріп, ұлттық қазына, рухани байлық, салт-дәстүрлерді көзіне ілгісі келмейтіндер де аз емес.

Қазақ тілінде мәңгілік құндылық, замани құндылық және ұлттық құндылық деген үлкен философиялық – танымдық ұғымдар бар. Осылардың бәрі тілге қатысты, тілсіз бұларды елестете алмайсың. Жаратылыстың басты ұғымы – танушы субъект *адам*. Ал адамға тіл, дін, діл тән. Адам баласы салт-дәстүрсіз, адамгершілікті (мораль) ара қатыссыз өмір сүре алмайды. Бұлардың бәрі жас ұрпаққа үйренумен, таныммен, тағылыммен келеді. Қазіргі заман

тілімен айтсақ, оқу мен тәрбиемен келеді. Ендеше, біздің оқуымыз да, тәрбиеміз де этномәдени тұрғыда болуы керек. Ал біздің арғы тарихымызды, өзіндік ерешеліктеріміз бен болмысымызды білмейтін АҚШ және басқа да алпауыт мемлекеттер, империялық ұстанымдағы елдер өздеріндей болмай, өзге болсақ байбалам салады. Сондағылары адам құқығы бұзылып жатыр, тапталып жатыр т.б. дейді. Біздің мемлекетімізде ондай келеңсіздіктер бар екенін тұтас жоққа шығаруға болмас, дегенмен олар да біздің ерекшеліктерімізбен, менталитетімізбен, тарихи тұрғыда қалыптасқан өмір салтымызбен есептесулері керек екенін мәселе етіп қоятын уақыт жетті. Ондай мәселені ұлттық рухта, этномәдени құндылықтар тұрғысында тәлім-тәрбие алған ұрпақ қана қоя алады. Бұлардан ада адамнан да, қоғамнан да оны күту әбестік.

Этномәдени білім мен тәрбие отансүйгіштікті қалыптастыру үшін де өте қажет. Отан – отбасынан басталады. Әзірге адамзат баласы отбасына балама (альтернатива) тапқан жоқ. Тіл де отбасында қалыптасады, сонан кейін әлеуметтік ортаға шығады. Ендеше, көшеде ауызына ақ ит кіріп, көк ит шығып жүрген көргенсіз ұл-қыздарымыз да осы от бастарынан шыққан.

Мемлекеттің қалыптасып кетуі құндылықтарсыз мүмкін емес. Халық құндылықтарының ең бастысы – тіл. Өйткені, сол тіл мен біздің ұлтымыз аталған, мемлекетіміз де солай аталады. Ендеше, жай шенеуніктердің қабылдауынан бастап Президент қабылдауына дейін ұлттық тілімізде болуы керек. Өйткені, шетелден келген адамдар үшін біздің орысша, не қазақша сөйлегеніміздің бәрібір. Оның мазмұны аударма арқылы жетеді. Бізде қарапайым халықтан бастап, ел басқарып жүргендерімізге дейінгі аралықтағыларымыз бір нәрсені әлі түсінбей келе жатырмыз. Ол тіл арқылы көрініс табатын бодандық пен құлдық психология. Өз елінің төрінде отырып, қажеттілік болмаса да басқа елдің тілінде сөйлеу, сол елдің отары (колония) екенінді көрсетеді. Бұндай практика әлемнің көптеген елдерінің басында болған. Тіл, оның ішінде басқа ұлттардың тілін білу, игеру – зор рухани байлық. Қажетіне қарай сөйлеу де керек. Біздің айтпағымыз өз еліңе келген шетелдіктермен олар білмейтін империя тілінде сөйлесудің құлдық, кіріштарлық, бодандық психологиядан туындайтындығы.

Ал енді осыдан құтылудың жолы бар ма? Біздіңше бар. Ол қазақ болмысы «н» қалыптау. Қазақ болмысы ұлтымыздың ғасырлар бойғы қалыптасқан салты, санасы, ұғымы, түсінігі, сенім-нанымы, тіршілігі мен өмір сүру практикасы. Міне, осыларды жадымызда жаңғырту үшін де этномәдени білім мен тәрбие ауадай қажет.

Халқымыздың ең басты құндылықтарының бірі де тіл және сөз өнері. Халқымыз небір қиын-қыстау кездерде, тығырыққа тірелгенде сөз өнерін, тіл құдіретін пайдаланған. Қазақ қана: «Бас кеспек болса да тіл кеспек» жоқ деп сөз бастаған, және ол аздай «таяқтың еттен, сөздің сүйектен өтетінін де ескерткен». Алайда тіл мен сөз ондай жоғары қасиетке ие болуы үшін орынды, байсалды, салмақты, мағыналы, ойлы сөз бен тіл болуы шарт. Сондықтан да қазақ: «Жүйелі сөз жүйесін табатынын, жүйесіз сөз иесін табатынын», және де «басқа пәле тілден» екенін де ескертуді ұмытпаған.

Тіл мен сөз арқылы көпке жететін ой-пікір әділетті, шыншыл, нақты болған уақытта ғана әлеуметпен қабылданады, олардан қолдау табады. Сондықтан да қазақтың «тура биінде туған жоқ, туғанды биінде (әділетсіздік, ағайынға бұра тарту мағынасында – А.Т.) иман жоқ». Осыдан келіп «әділеттілік, шыншылдық біздің мемлекетімізде қандай дәрежеде?» – деген сауал туады. Оның да шама-шарқын анықтау үшін ұлттық деңгейде ойлай алатын әлеумет, әлеуметті алға жетелейтін зиялылар қажет. Қазір баспасөз бетінде: «Зиялылар бар ма?», немесе, «Зиялы кім, зиянды кім?», «Зиялы деп кімді айтамыз?» деген сұрақтар көп қойыла бастады. Бұл да бекер емес. Біздің аға ұрпақ өкілдері, орта буын өкілдері өз болмысымызды білмей, танымай өскендерміз. Біздің көбімізге жалтақтық, жарамсақтық, жәдігөйлік, көңілжықпастық тән. Ал мұндай, тырнақша ішіндегі «қасиеттер» этникалық уызына жарымаған, «біреудің етегінен ұстап ел болдық, көз аштық» дейтін ұғымы бар ұлтқа ғана тән. Өткен жүзжылдықты еске алсақ солай болды да. Бұл да біздің этномәдени білім мен білік алмағанымыздың жемісі. Этномәдени білім мен тәрбие беру барысында жас ұрпақ бойында рухтылық қалыптастыру, батыр, дана халқымыздың бар жақсысына жақын ету мақсат етіледі.

Басқа ұлттық ұғыммен, басқа тілмен нан тауып, күн

көріп жүрген немесе өзінің ұлттық құндылығын білмей, өзгелердің желеуінде кеткен нигилистер, немесе тұмысынан тектілікті телміруге айырбастағандар, ұлттың жалпы мүддесін қорғамайды, құндылықтары үшін күреспейді. Тіл үшін де күреспейді. Міне, біздің осы психологиямызды жетік түсінген Кеңес үкіметі құдай дарын берген талантты адамдарды өздерінің отаршыл саясатын, коммунистік партия мен оның көсемдерін мадақтап, насихаттайтын қызметшілеріне айналдырды. Сол тұста партияны, Ленинді шығармаларында мадақтамаған шығармашылық адамдары қалған жоқ. 30-шы жылдары халқын қорғағандарды «халық жауы» десе, «КСРО-дай әділетті қоғамды тек есі ауысқандар ғана сынайды» – деп ондайларды психиатриялық түрмелерге қамады. Ал «асыранды зиялыларды» үкімет «зор еңбектері» үшін атаққа бөледі, жайлы қызмет, сый-сияпат көрсетті. Бұл үрдіс егемен, «ерікті» – деп жүрген елімізді осындай «ынталы топтармен» әлі де жалғасуда. Оған өздеріміз куәміз. Өз халқының мүддесін ұмытқан қайраткерлік жасамағаны үшін, шындық пен адалдықтан аттағаны үшін «абыройға» ие болған жандардан не күтуге болады. Ал ондай адамдар басшылықта жүрсе халық күні қараң, ұстаздықта жүрсе жастарымыз қараңғы болмай ма?! Осындай келеңсіздіктен де бізді құтқаратын ұлттық тіліміз бен тәрбиемізбен ажырамаған этномәдени білім болмақ.

Этномәдени білім беру арқылы біз ұлттық рухымызды тіктеуіміз керек. Рух – әрбір адамның әлеуетін ашатын, көптің қуатын ортақ арнаға қосатын халық даналығының жиынтығы, еркіндіктің түрі. Біз: қазақ – батыр, қазақ – дана халқымыздың рухы күшті т.б. дейміз. Өзін, өз айналасын, дұрыс адам жамандамайды, сондай-ақ өз ұлтын да тілдемейді, өз ұлтының қол жеткізген тарихи жетістігін, өміршендік жолындағы ұмтылысын жеке тұлғаларын мақтан етеді, солармен мақтанады. Алайда, бұндай жағдайлар қай халықта да болған, олардың да мақтанатын, еске алатын тұстары көп.

Бірақ кейде маған: «Осы қазақ батыр халық, дана халық, рухы биік халық па, әлде рухсыз, жасқаншақ һәм көңілшек, бір қайнауы ішіндегі, ерме, еліктегіш, оны көрсе оны сақ, мұны көрсе мұны сақ» халық па? Осы сауалдарға жауап іздей келе, мен біз «қазақ қорқақ, жасқаншақ, рухы әлсіз, сәбилік санадан ада бола алмай алданып жүрген еліктегіш

те, ерме, ал кейде кертартпа халық» емес пе екенбіз деген ой келеді. Әйтпесе, өз жерінде, елінде тұрып тілін дамыта алмай, ен байлықтың үстінде отырып халқының әл-ауқатын көтере алмай, оның себебін іздеп, тауып кеселден арыла алмай отырар ма еді? Жерін, оның байлығын Машкевич, Шодиев, Ибрагимов сияқты өз елінің де емес, өзге елдің азаматтарына беріп қояр ма еді! Жұмыссыз халық, Алматыдағы Саин, Сейфуллин көшелеріндегі тәнін сатып жүрген қазақ қыздары, байлар мен барлардың құлы болып жүрген қазақ жастары... айта берсек көп. Міне, бұл рух әлсіздігі, сана салғырттығы емес пе?... Әрине, жарамсақтар мен жандайшаптарды, осы заманнан әртүрлі жолмен нәпақа тапқандардың, тіпті кімнің тарысы піссе соның тауығы болып жүрген «ғалымсымақтардың» маған қарсы уәж айтуы әбден мүмкін. Бірақ бір нәрсені олар еске ұстасын. Абай, халқына налып, қатты ыза мен кектен, намыстан өз ұлтын тілдеп - тілдеп алады да:

«Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма?

Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар

Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,

Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар.

«Ит — маржанды не қылсын» деген сөз бар,

Сәулесі бар жігіттер бір ойланар» — дейді. Біздің бұған алып қосарымыз жоқ.

Тіл, оның ішінде ұлтымыздың этникалық құндылықтары тұрғысынан түсініліп, қабылданған тіл мәдениеті — парасаттылық өлшемі. Мәдениеттілік, парасаттылық, аристократтық тек сөйлемнің бірыңғай мүшелері ғана емес, бұл адам өмірінің әр тұсынан, іс-әрекетінен көрініп тұратын болмысы, біздің қазақтың *қазақ болмысы*. Жастар бойында осындай игіліктілік пен ізеттілік мол болған сайын ұлттың рухы өседі. Ұлттық рухқа пассионарлық та өте қажет. Оның негізгі белгілері: ұлт қуаты, қорлыққа көнбеу т.б., оны көтеретін қазақ хандары, қазақ батырлары, қазақ билері, жеке тұлғалар. Бұның басын біріктіретін ортақ мүдде, ортақ түсінік, ортақ ой. Оны біріктіріп тұрған қасиетті қазақ тілі. Осындай тілдік мәдениет пен парасаттылыққа біз оқу, білім, білік арқылы жетеміз.

Көпшілікке мәлім, қазіргі уақытта біз *азаматтық қоғам* құруды мақсат етіп отырмыз. Жалпы азамат, азаматтық қоғам құру идеясы, соған сәйкес азаматтық білім беру

идеясы бір күнде пайда болған жоқ және бұл ұғымдар да, тарихи тұрғыдан алғанда өз мазмұндарын алғашқысымен салыстырғанда өзгертіп отырды. Жаңа азаматтық қоғам өзіне сай келетін қоғамдық қатынастардың субъектілерін жаңа адамдарды қалыптастыруды қажет ететіні сөзсіз. Ендеше, дәстүрлі ескі қоғамнан жаңа азаматтық қоғамға өту жаңа қатынастарға сай келетін жаңа адамдардың қалыптасуын күн тәртібіне қояды.

Қандай қоғам болса да жастар арқылы биологиялық және рухани жаңарады. Бүгінгі күні жастардың көп бөлігі білім алуда. Қазіргі білім берудің қалыптасуының ұзақ тарихы бар. Оны тану оның тарихи даму кезеңдерін білу — қажеттілік. Ал бұл өз кезінде білімнің генезисіне, оның өткен шағына, осы шағына және болашағына, басқаша айтқанда білім философиясына көңіл аудармай азаматтық біліміміз де толық болмайды деген сөз.

Осы ұстанымды басшылыққа алып өткен тарихқа ой жүгіртсек, бүгінгідей түсініктегі оқу болмағанына көз жеткіземіз және бұл барлық халықтарға тән. Өйткені, анасынан қолына қаламын ұстап, әліпесін қолтықтап, алфавитін қалтасына салып туған ешбір адамды да, ұлтты да тарих білмейді. Бірақ, таным процесі тоқтаусыз жүріп жатты. Ендеше, ол кездің танымды үйрету мен үйрену арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды. Қазақтың: «ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «ата көрген оқ жонады, шеше көрген тон пішеді» т.б. мақалдарының мән-мазмұны да осында болса керек.

Тек білім алудың еріктілік және еркіндік принциптеріне ерекше мән берілген антикалық үлгідегі грек білімінде ғана өнер мен философияны зерделеуге басымдылық берілді. Ал сонан сәл кейінгі білімнің римдік үлгісі алдарына қойған әлеуметтік нысанаға жетуді мақсат тұтты да мәжбүрлеп оқытуға басымдықтар берді, білім утилитарлық сипатымен, нормативтік-құндылық бағыттарымен ерекшеленді. Басты мақсат — әскери басшылар мен мемлекеттік қайраткерлерді даярлау болды. Бізге сол уақыттағы Рим патшасы Филипптің шақыруымен Аристотельдің 12 жыл бойы Македония мемлекетінің сол кездегі астанасы Пелледе тұрып Александр Македонскийді тәрбиелегені де тарихтан белгілі жай.

*Ортағасыр* білімі діни бағыт ұстағанымен ол адамның



өзін, өз мүмкіндігін бағалай және шектей білуімен ерекшеленеді. Өнеркәсіптің, сауданың, ғылымның белгілі дәрежеде жедел дамуымен қатар келген *қайта өрлеу* дәуірінде білім мен ғылым құндылықтар есебінде зор мәнге ие болды. Осы дәстүр *ағартушылық* кезеңге ұласып, адамды жеке тұлға деп танитын, білім алуға жалпы көпшіліктің құқы бар деп есептейтін жаңа көзқарас қалыптасты. Ал *жаңа заманнан* бері қарай білім мен ғылым туралы түсінігіміз үнемі толығу үстінде.

Білім мен тәрбие философиясына тарихи-танымдық ұстаныммен келетін болсақ, ол біздің білім беру, оқыту жүйеміздің генезисі — бұрынғы, бүгінгі, ертеңгі — біліміміздің тұтастығы мен бірлігі деп түсінгеніміз жөн. Бұл тұрғыдан алғанда біз адамзат тарихында өзі өткен көзқарас қалыптасуының үш негізгі түрін аттап өте алмаймыз. Бүкіл әлеуметтік-тарихи даму мен жетілуді де бұларсыз елестету қиын. Олар: *әфсаналық, аңызнамалық* (мифология); *діни* (религия); *философиялық* (*дүниені білім, ғылым жетістіктері, тәжірибе мен практика арқылы, заманмен үндестіре отырып тану*) болып бөлінеді.

Сөз жоқ, Кеңес өкіметінің білім беру жүйесі жалпы жаман болған жоқ, оны мойындауымыз керек. Бірақ халықтың рухани құндылықтары оқылмады, немесе жеткіліксіз оқылды. Бұны мифологияға, біздің алғы тарихымызға қатысты айтсақ орынды болмақ. Ал дінге деген көзқарасымыз «дін — апиын» дегеннен аспады. Шындығына келгенде осы алғы екеуінсіз тұтас таным да, білім мен білік те, тәрбие де болмайтындығын бүгінгі өмір көрсетіп отыр.

Жоғарыда айтылған Кеңестік білім мен тәрбие жүйесінің көлеңкелі жақтары да көп болды. Сондықтан да өткен ғасырларда «бұратана халықтар» деп жарияланған ұлттар мен ұлыстарға қарсы ең ауыр қылмыс та осы елдің білім беру жүйесі мен тәрбиесінде жасалды және оның ауыр зардаптарының әлі де сезіліп отырғанын атап өту қажет:

- Одақ үшін бір типтік оқулық пен бағдарлама;
- Жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу (*Бірақ ол интернационалистік мазмұндағы адам, ұлттықтан мақрұм болуы керек*);
- Міндетті түрде орыс тілін оқыту, басқа тілдерді болашақсыз деп жариялау;
- Ұлттық мәдениетті мансұқ ету. (Ал ұлттық мәдениеттен

жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды);

– «Түрі ұлттық, мазмұны пролетарлық (социалистік) болсын» деген формула халықтық рухқа сай келмейтін еді. Себебі, халықтың рухани дүниесі біртұтас құбылыс. Ол «мазмұн» мен «түрге» бөлінбейді. Керісінше, ол соның екеуімен де ерекшеленеді т.б.

Бұлардың бәрін біз Қазақстан Республикасындағы қазіргі білім берудің мақсаты не деген сұраққа жауап іздеу барысында еске алып отырмыз. Бұл тұрғыдан келгенде біздің Егемен елімізге қандай білім керек. Міне, соңғы кезде айтылып жүрген этномәдени білім беру, азаматтық білім беру сияқты бастамалар осы ізденістерден туындаған.

*Білім беру* – тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру процесі. Білім беру – қоғам мүшелерінің мәдениетін дамытудың негізгі шарты. Білім беру жүйесінің басты міндеттері – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіпке үйретуге бағытталған біліммен қамтамасыз ету болып табылады. Білім беру, оқыту мен өз бетінше іздену негізінде жүзеге асады.

Қазіргі кездегі білім беру міндеттері: жеке адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту; адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру; ұлттық мәдениеттің озық үлгілерін насихаттау; халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу т.б. Біздің ойымызша, осылармен қатар, және ең бастыларының бірі отансүйгіштік, *атақонысты, атажұрт, атамекенді* қадірлеу, қорғау болуы қажет. Республикамыздың әрбір азаматының қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірге қатысуын қамтамасыз етіп, жеке адамның құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыруға бағытталуы керек.

Сонымен қатар, жаңа замандағы адамды тәрбиелеу қазіргі білім ордалары алдында үлкен міндеттер қояды. Әр заманның өз қаһармандары болған. Мұндай дәуір мойындайтын тұлғалар, бүгінгі азаматтық қоғам жағдайында да ауадай қажет. Әзірше мұндай еліктеуге тұрарлық өнегелі тұлғалар аз болып тұр. Посткеңестік дәуірде бұрынғының бәрін мансұқ ету – жастардың бойында нигилизмді,

күдікшілдік сезімдерді бекіте түсті. Оларды мұндай сезімнен арылту – бүкіл қоғамның міндеті.

Бірақ, Қазақстан Республикасы білімінің жүйесі әзірге бұрынғы басымдықтарды басшылыққа алып келе жатыр. Мәселен, тәрбие жұмысының негізінде: «сен атқаруға тиістісің», «сен міндеттісің» деген қағидаттар орын алуда. Бір сөзбен айтқанда, ЖОО-да ішкі басқару негізінен күштеу тәртібінде жүзеге асырылып келеді. Ал азаматтық қоғам диалектиканың заңдары негізінде бұрынғы қасаң қағидалар орнына қоғамдағы жеке адамның дүниені ұғынуы мен өмірін қалыптастыруы қажеттігін туғызады. Бұл өз кезегінде этномәдени білім мен тәрбиесіз жүзеге асуы мүмкін емес. Осы тұрғыдан алғанда жоғары кластарға арналған оқу құралы «Азаматтық білімге кіріспе» ешқандай сын көтермейді. Авторлар ұжымы әр елдің тәжірибесінен жинап құрастырылған оқулық әуелі орысша жазылып сосын қазақшаға аударылған. «Азамат» белгілі статуска ие және өз елінде ие. Бұларға қоса әр елдің азаматтарының отбасы, меншік пен нарыққа көзқарастары, саяси, құқықтық, әлеуметтік ұстанымдары да сәйкес емес. Республикамыздағы билік пен басқару органдары, заң үстемдігі, оның әлеуметінің бұл істерге қатысы да әртүрлі. Ұлттық негізде берілген білім рухани сабақтастыққа жетелейді. Этностар дамуында оның дүниетанымдық, рухани көздерін елемеу – ұлтсыздануға апаратын жол. Қазіргі жаһандану заманында бұл өте қауіпті жол. Сондықтан әңгіме әлемдегі білім беру жүйелерінен озық деп танығандарымызды көшіріп алуда емес, қажетімізше пайдалануда болуы керек. Ендеше азаматтық білім беруде жастардың этникалық ерекшелігін ескермей білікті, тәрбиелі, отансүйгіш, патриоттық рухтағы мамандар дайындау да, адамдар тәрбиелеу де мүмкін емес.

«Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие беруге арналған мемлекеттік бағдарламада»: «Ел өміріндегі бірқатар проблемаларды шешу көп жағдайда азаматтық қоғамның даму деңгейіне, жоғары патриоттық сананың қалыптасуына, өз еліне деген мақтаньш сезімге, Отанының мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышын орындауға дайындығын тәрбиелеуге байланысты» – деп көрсетілген. Сонымен қатар, «бүгінгі күні балалар мен жастардың патриоттық тәрбиесі патриоттық сананы, өз Отанына деген адалдық пен берілгендік сезімін қалыптастыру,

азаматтық борыш пен негізгі Конституциялық міндеттерді орындауға деген дайындық талаптарына толығымен сай келе бермейтінін, атқарылып отырған жұмыс еліміздің азаматтарының бойында патриоттық сананы қалыптастыру жөнінде стратегиялық міндеттерді толықтай кешенді шешуді қамтамасыз ете алмайтыны» – ашық айтылған.

Қазір әлемдік аралас-құралас күшейіп, жаһандану үрдісі қарқын алған сайын дүниежүзі халықтары өздерінің ұлттық төлтумалығын сақтап қалуға, патриоттық сезімдерін шындай түсуге айрықша көңіл бөлуде. Олай болса, білім беру жүйесіндегі этномәдени құндылықтар білім беру мен тәрбиенің өзекті ұстанымына айналуы керек.

Қазақстанда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында білім жүйесінде этномәдени білім мен тәрбиеге ерекше көңіл бөліне бастады. Алайда, кейін министрлік тарапынан үздіксіз жүргізілген қажетті - қажетсіз реформалардың нәтижесінде бұл бастама тоқтап қалды. Біздіңше, этномәдени құндылықтар бүкіл білім беру мен тәрбие жұмыстарының алтын арқауына айналып, оның мазмұны мен идеясында отаншылдық тұғыр болуға тиіс. Бұл ретте, әрине, елдің елдігін дәріптейтін, ұлттың ұлылығын ұлағаттайтын жүйелі білім мазмұны, әсіресе, қоғамдық-әлеуметтік пәндер арқылы жүргізілгені абзал. Сонда, отаншылдық деген киелі ұтым жай ғана жақсы ниет деңгейінде қалып қоймай, әрбір субъектіні шынайы патриоттық сезімдерге бөлеп, одан әрі асқақ әрекеттерге бастайтын сапаға ие болады. Орыстың әйгілі педагогі К.Д.Ушинский ХІХ ғасырдың өзінде - ақ былай деп жазыпты: «Барша Еуропа халықтарының педагогикалық үлгілеріндегі өзара ұқсастықтарға қарамастан, олардың әрқайсысына тән ұлттық тәлім-тәрбие жүйесі, әрқайсысының дара мақсаты мен сол мақсатқа жету жолында ұстанатын ерекше әдіс-тәсілдері бар. Халықтың тарихы, оның болмыс-бітімі тәлім-тәрбиенің тегеуірінімен айқындалады». Демек, оқу-тәрбие жұмыстарына қатысты бағыт-бағдарды, мән-мазмұнды, үлгі-өнегені айқындауда көзсіз еліктеу мен келеңсіз көшіру оң нәтиже бермейді. Әрбір тәлім-тәрбие жүйесінің ең өзекті идеясына халықтық қасиеттер тұғыр болуға тиіс. Сонда ғана жастар өз ұлтының уызына жарып, ұлттық рухпен рухтанады, нағыз патриоттық сезім қалыптасады.

Осымен үндес ойды М.Шоқай 1931 жылы «Яш Түркістан» журналында былай деп жазыпты: «Ұлттық

мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды... «Түрі ұлттық, мазмұны пролетарлық болсын» деген формула халықтық рухқа сай келмейді. Халықтың рухани дүниесі (мәдениеті) біртұтас құбылыс. Оны «мазмұнға» және «түрге» бөлуге болмайды. Кез келген рухани мәдениет өзінің формасымен де, мазмұнымен де айқындалады».

Қазақстан сияқты көптеген ұлыстар мен ұлттардың өкілдері шоғырланған мемлекеттің алдында, біріншіден, біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру міндеті тұрса, екіншіден, жас ұрпақты қазақстандық мәдени-рухани қайнарлардан сусындату тарихи қажеттілік болып отыр. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақстандағы орта, арнаулы орта және жоғары мектептердің мәдени-кіріктіруші және мәдени-түлетуші қызметін танытатын әлеуметтік мұраттарды айқындап алуымыз керек. Олар: біріншіден, жастардың ұлттық дүниетанымын әлемдік мәдени құндылықтар мен диалектикалық тұтастықта жетілдіріп отыру қажеттілігі; екіншіден, ұлттық құндылықтар жүйесін сақтай білуге және оны белсенді түрде басшылыққа алуға жастарды баулу мәселесі; үшіншіден, жас ұрпаққа білім беру барысында, бір жағынан, бүгінгі өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескеріп отыруына, екінші жағынан, өз елінің этномәдени, тарихи, әлеуметтік-экономикалық ахуалын терең тануына айрықша көңіл бөлу.

Мұндай мақсаттардың орындалуы көп жағдайда білім мазмұнына тікелей байланысты. Әсіресе, білім мазмұнының гуманитарлық компоненті негізгі рөл атқаратынын айрықша атап өткен жөн. Яғни, Қазақстан тарихы, қазақ тілі, қазақ әдебиеті Қазақстандағы мектептердің ең бір басым ынтамен көңіл бөлетін, қызғыштай қорғайтын оқу пәндері болуға тиіс. Мұның өзі түптеп келгенде, отаншылдықты өмір шындығына айналдырудың, сол арқылы патриоттық сезім қалыптастырудың ең бір пәрменді тетігі екеніне мән беретін мезгіл жетті.

Оқушының азаматтық тұлғасы мен отаншылдық асқақ сезімдері тек қана білім мен тәрбие барысында қалыптасады. Бұл ретте, Отан, ел-жұрт, төлтума мәдениет, салт-дәстүр, моральдық-этикалық нормалар туралы білім мен біліктің қайнар көзі қоғамдық ғылым пәндерінде екені, әсіресе, сол

пәндердің қазақ тілді мәтіндерінде екені басы ашық ақиқат. Өкінішке орай, пәндерді саралау мен білім мазмұнын айқындауда осы мәселелерге жеткілікті мән берілмей келеді. Қазақстанда қалыптасып отырған жаңа білім жүйесі бойынша жасалған оқу жоспарының мүмкіндігіне толықтай сыймаған, әлеуметтану, мәдениеттану, педагогика, психология, этнопедагогика, этнопсихология тағы басқалары сияқты бірнеше маңызды пәндер жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарында оқытылмайтынына, ал оқытыла қалса сағат саны азайғандығының куәсі болып жүрміз.

Кез келген білім таным мен тағылымның нәтижесі. Ендеше, білім беру мен тәрбие арасындағы үзіктікті жоюымыз керек. Оқу мен тәрбие егіз ұғым. Ал тәрбие алдымен ұлттық, сонан кейін ғана жалпыадамзаттық. Олай болса, ұлттық тәрбиеден ада оқу – рухани нысанадан аулақ, патриоттық, отансүйгіштік сезімі жоқ, сыңар езу маман дайындауға соқтырады. Білім мен тәрбие абстрактілі адамға берілмейді. Ол белгілі бір қоғамда өмір сүретін адамға, ұлыс пен ұлттың өкіліне беріледі және оның нәтижелілігі ұлтына, қоғамға келтірер пайдасымен, мәдениеттілік, парасаттылық деңгейімен өлшенбек.

Адам бойына мәдениет мысқалдап кіреді. Ал рухани мәдениет оқумен, біліммен, өнер-ғылыммен, жүйелі тәрбиемен келетін дүниелік. Бұл алдымен тәуелсіз елдің оқуы мен біліміне, тәлім-тәрбиесіне қатысты. Ендеше, тәуелсіз елдің білімі қандай болуы керек, оның мазмұнына не тән болғаны жөн. Бұл үлкен стратегиялық мәндегі сұрақтар және ол мәселелер заман талабынан туындап отырады. Оның ұтымды шешімін табу ұлт әулетін көтереді, мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтуға қызмет етеді.

Қоғамның, жалпыадамзаттың ілгерілей дамуы заңды құбылыстардың бірі. Осы әлеуметтік ортаның дамуында, қазіргі жаһандану кезінде білім мен тәрбиенің алатын орны ерекше. Қорыта айтқанда, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу мен оларға этномәдени тәлім-тағылым беру – бүгінгі Қазақстан дамуының, оның бәсекелестікке қабілетті елге айналуының бірден-бір көзі болмақ.

Жақсыға еліктеп, өміршеңді өнеге тұтып, оны өз табиғатына жерсіндіру үшін де білім мен білік, тағылымды тәрбие керек. Ал, ондай болмаған жағдайда әркімнің жетегіне ілесіп, айтағына жүгіріп, тура жолды таба алмай әуре

сарсанға түсуіміз әбден мүмкін. Білімсіздіктің, надандықтың тек ел ішінде әлеуметтік келеңсіздікке әкелмей, жалпы ел аралық қатынастарда да ұлттың есесін жіберіп алуына соқтыратынын терең түсінгеніміз жөн. Оның қайсыбір келеңсіз көріністері біздің елімізде де орын алуда.

Бүгінгі ел мен ел мидай араласып кеткен заманда, Қазақстан жерінде шетел инвесторлары мен азаматтары күн санап көбейіп келе жатқанда, елдің қамсыз отыруын құптау мүмкін емес. Әсіресе, бұны бүгінгі білім алып жатқан жастарға ерекше түсіндірген жөн. Біздің жастарымыз өз мамандықтарын толық игерген, шетелдіктермен бәсекелесе алатын мамандық иелері болуы қажет. Сонда шетелдіктер біздің кәсіби деңгейіміз туралы әрі-сәрі әңгіме айта алмайды. Қазақта: «Біреудің жоғын біреу өлең айтып жүріп іздейді» – деген сөз бар. Ал қазіргі уақытта біздің тапқаньмыз, алда да табатынымыз көп пе, әлде жоғалтқаньмыз көп пе? Бұл өте қиын сұрақ, күрделі мәселе. Ендеше біз жан-жағымызды барлап, пайымдап, ғылыми да, саяси да сараптан өткізіп барып шешім қабылдауымыз, келісімге келуіміз керек. Біздің өзіміз де, жастарымыз да руханият саласынан жақсы хабардар болса жоғарыдағыдай әртүрлі деңгейдегі ұшқарылыққа (экстремизмге-А.Т.) бармас еді. Бұл билікке де, атқарушы органдарға да, тәртіп пен құқық қорғаушылар мен сақтаушыларға да қатысты.

Біздің Анахарсистен бастап Абайға дейінгі арғы бабаларымыз – оқу, ғылым үшін малыңды сарып қыл. Ғылымды өзің таппасаң, балаң тапсын, – дейді. Алайда, біздің басқарушы төбе топ та, ғалым-сарапшыларымыз да олардан не алу керек, нені үйрену керектігін дұрыс шеше алмай жүр. Шамасы көбі Абайды оқымаған болуы керек. Мәселен, Абай өзінің жиырма бесінші сөзінде, «жастарға білім, ғылым беру жөнінде айта келіп, «орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға, тілін, оқуын, ғылымын білмекке керек» – дейді. Ақынның бұл ойы бір кезде ең алдыңғы сапқа шығып, кейінгі уақыттарда бірде ескеріліп, бірде еленбей жүр. Оның да объективті және субъективті себебі бар деп ойлаймыз. Әрине, бүгінгі күнгі оқыған, өз деңгейінде жетілген, жалпы сауаттанған қауымға «бәрі орыста» деп үгіт-насихат жүргізу артық болар. Бірақ, Абай заманында, сол тұста біздің ең жақын көршіміз ғана

емес, үлкен империяның ықпалында дамыған елге оның тілін, мәдениеті мен ғылымын, өнерін игеру аса қажет еді. Бұған қоса, Абай «залалынан қашық бол» деп те ескертеді. Ал орыс мәдениеті арқылы әлем мәдениеті мен білім-ғылымын тануға ұмтылыс жасауға үндеу — жалпы жаһандық бірлік пен тірлік диалектикасын түсіну болатын. Бұны терең ұқпаған бізге, әрісі Америка, берісі Қытай үлгісі, Түркия жетістіктері, Азия жолбарыстары сияқтылардың бәрі пайдалы, бәрі қажет көрінеді де тұрады. Әр елден көргендерімізді өзімізге енгізбекке ұмтыламыз, ал Қазақстанды өрге сүйрер нақты тәжірибе қайсысы екенін әлі күнге дейін білмейміз, өзіміздің төл жолымызды, өркениетке бастар арнамызды әлі тапқан жоқпыз. Кіммен бірге екенімізді, кімдерден қандай үлгі алу қажеттігін де ойланғанымыз жөн.

Тәуелсіз елдің білім беру жүйесінің басты мақсат-міндеті, ол — әлемдік білім кеңестігіне кірігу, білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру, бәсекеге қабілетті ұрпақты қалыптастырып, білікті маман етіп әзірлеу, сөйтіп мемлекеттің дамуына үлес қосу.

Қазіргі ғылыми әдебиеттер мен энциклопедияларға сүйенсек, *білік* — адамның белгілі бір құбылыс, не күрделі мәселе жөнінде ой жүгіртіп, өзінше пайымдай білу қасиеті. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында білік адам бойына оқудан гөрі, көрген-білгенін көкірекке тоқи білу арқылы қалыптасады. Негізінен, көпті көрген, көкірегі ояу, санасы сәулелі, байыпты жандардың бойында болады. Біліктің екі түрлі сипатын ашып көрсетуге болады. Оның біріншісі — қоршаған орта, әлеуметтік құбылыстардың мәнін түйсікпен, зеректікпен түсіне білу қабілеті де, екіншісі — адамдардың жинақтаған мол тәжірибесін игеру негізінде ой қорыту қасиеті. Бірінші сипат адамның табиғи физиологиялық ерекшелігіне, оған ген арқылы берілетін қасиетке байланысты болса, екінші сипат, адамзаттың іс-тәжірибелік қызметін игеріп, меңгеруден келіп шығады. Осы екі сипаттың тоғысынан біліктің жоғары деңгейі — *зиялылық, даналық, кемеңгерлік* қасиеттер пайда болады. Біліктің білімнен ерекшелендіріп тұратын басты белгісі — оның ғылыми білімнен тыс форма ретінде де өмір сүретіндігі. Кейде білік сөзі маманның кәсіби қабілетінің деңгейін көрсететін ұғым ретінде де қолданылады. Ал, *біліктілік* — адамның белгілі бір білім жүйесін тәжірибеде пайдалана алу қабілеті. Адамның өзі таңдаған қызметінде өз білімін көтеріп, нені, қалай және не үшін үйренетінін алдын



ала айқындап, білікті маман болуға бағытталуы. Біліктілікке үнемі іздену, өзін-өзі жетілдіру арқылы жетуге болады.

Өткен ХХ ғасыр ғылыми-техникалық прогресс пен этникалық сананың шындалуы сияқты екі ұлы құбылыстың тоқайласқан тұсы болды. Дәл осы кез жер бетіндегі этностардың төлтума қасиеттері әбден сараланған, ұлттық болмыстары мейлінше жетілген, өздерінің этникалық дербестігін сезінетін саналары ерекше шындалған жалпыадамзаттық жетілуінің соны кезеңі де еді. Міне, осылардың негізінде жер бетіндегі халықтар ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында отарлық пен бодандық бұғауынан түгел дерлік құтылды. Қайсыбір бұрынғы отар елдер жеделдетіп дамып кетті.

Алғашқы өз қолы өз ауызына жеткен, өз тағдырын өзі шешкен этностар үшін ғылыми-техникалық прогресс мейлінше тиімді болды. Ғылым мен техника, білім олардың ұлттық төлтумалығын орнықтыруға, мемлекеттік күш-қуатын нығайтуға қызмет етті.

Осы тұрғыдан алғанда, бодандықтың «мәдени», «өркениетті» жолымен 70 жылдан астам уақыт дамыған Қазақстан мен қазақ халқының тағдыры тіптен бөлек болды. Өйткені, біз дүниетаныммызды да, саясатымызды да, әлеуметімізді де, мәдениетімізді де, тіпті адамгершілік нормаларымыз бен тәлім-тәрбиемізді де маркстік-лениндік іліммен өлшеп, қалыптастырдық. Ұлттық мәселеге қатысты айтқандарымыз ұлтшылдық болды.

Осыдан келіп, өз тағдырының тізгіні өз қолына тимеген қазақ сияқты этностар үшін ғылыми-техникалық прогресс пен өзге тәлім-тәрбие нағыз сор болды. Себебі, ғылым мен техника, жаңаша білім беру жүйесі, тәрбие олардың төл болмысынан жетіліп барып орныққан жоқ, бөгде, өктем ұлттар мен мемлекеттердің экспансиялық қаруы ретінде сырттан енгізілді. Нәтижесінде, әлсіз, аз этностар өздерінің төлтумалығын көмескілеп, ассимиляцияға ұшырап, ұлттық қорғаныс тетіктері болып табылатын салт-дәстүрлерін, тілін, мәдениетін, бір сөзбен айтқанда ұлттық болмыстарын жоғалта бастады.

ХХ ғасырдың 2-ші жартысынан бастап өмірдің барлық саласына әлемдік кірігу (интеграция), мемлекетаралық аралас-құраластық (коммуникация) жалпыадамзаттық үрдіске айналды. Ал оның бүгінгі жалғасы жаһандану (глобализация). Осындай құбылыстар бел алған сайын

ұлттық төлтумалық екінші кезекке кетеді. Бұндайда ұлттық рухы оянған ұлт қорғанысқа көшеді. Бұл орайда, кезінде Францияның тілге, Германия мен Израильдің этникалық тұтастануына, Англияның дәстүр тазалығына, Қытайдың экономиканы этноэкологиялық ерекшеліктерге бейімдеуге, Ресейдің шіркеу арқылы ұлтты оятуға тырысушылығына, түрік-монғол халықтарының жазуды (әліпби) жаңғырта бастауына, араб суперәлемінің ұлттық ерекшеліктері бойынша даралануына қатысты т.б. мемлекеттік деңгейде жүргізіле бастаған шараларға ден қоюларын мысалға келтіруге болады. Өркениетті деп жүрген алыс-жақын шетелдер тарихына көз салсақ ХХ ғасырдың аяғына қарай олардың бірқатарында айтарлықтай білім реформалары жүрген, өз ұлтын білімге, танымға ынтықтыру үшін олар біраз шаралар жасаған. Мәселен, Америкада «Америка—2000: білім беруді дамытудың стратегиясы»; Ұлыбританияда «Үлгілі мектептер» деген атпен ұлттық бағдарлама қабылданды; Германияда «2000 жыл үшін білім беру»; Швецияда «Білім берудегі сапа»; Жапонияда «Рух биіктігі мен мәдениеттегі тереңдік» т.б. Осындай бетбұрыс ұстанған Оңтүстік Корея кезінде Дүниежүзінде сапалы білім беруде бірінші орынға шықты. Яғни, бұдан былайғы жерде ұлттық мемлекеттердің ерекшеліктерін саяси, немесе, экономикалық деңгейі белгілемейді, ең алдымен сол елдердің мәдени-өркениетті төлтумалығы, этномәдени білімі, білігі және тәрбиесі негізгі анықтауыш болады деген сөз. Ендеше ұлттық-мемлекеттік нышанымызды сақтап қалу негізі этномәдени білім беру жүйесі мен тәрбиеде. Ал, біз болсақ бұл тұрғыда әлемдік деңгейге жету, үйрену, қабылдау қамында жүрміз. Осы мақсатта белгілі дәрежеде құжаттар да қабылдадық. Бірақ, біздің ойымызша, осылармен қатар жүргізілуге тиіс бір нәрсені қалыс қалдырудамыз. Ол жастарға этномәдени білім мен тәрбие беру. Сол арқылы оларға азаматтық білім беру ісін жолға қою, ұлттық рухтарын қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру. Жас кезінен бастап «Отан» деген ұлы ұғымның атақоныс, атажұрт, атамекен екенін ұқтыру. Этномәдени білім мен тәрбие беру ұлттық сана, ұлттық рух қалыптастырады. Рухты адамға – намыстылық, сергектік пен сезімталдық тән.

Ұлтқа, еліне қызмет етудің ерен үлгісін көрсеткен ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары ұлттық тәрбиенің ғылыми

негіздерін жасады. Мәселен, Мағжан Жұмабаев: «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиелеу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар, әрбір ұстаз, тәрбиеші онымен таныс болуы тиіс» – дейді. Жалпы алғанда елдің елдігін сақтап, көсегесін көгертетін ұлтжанды, жігерлі, білімді ұрпақты қалай тәрбиелеп, өсірудің жолдарын үйрету туралы жазбаған бірде-бір Алаш зиялысы болған жоқ десек, артық айтқандық болмайды. Міржақып Дулатовтың төмендегі отансүйгіштік өлеңі оған толық дәлел бола алады:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,  
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.  
Қалғанша жарты жаңқам мен – сенікі:  
Пайдалан шаруаңа жараса алаш.

Алайда, Кеңес өкіметі тұсында этномәдени білім мен тәрбиеге көңіл аударылмағанын айтпағанда, ұлтын сүю, «ұлтшылдық» деп айыпталды. «Алаш» азаматының ұлты үшін істеген игі бастамалары аяқасты етілді. Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан саяси тұрақтылық пен жаңа азаматтық қоғам қалыптастыруда бірізді саясат ұстанып отырғаны күптарлық. Бірақ, ұлттану саласында әлі де бұрынғы қатып қалған қағидалардан арыла алғанымыз жоқ. Бұл әсіресе «ұлтын сүю», «ұлтжандылық», дәлірек айтсақ «ұлтшылдық» ұғымдары мен соған сәйкес түсініктеріміз төңірегінде айқын аңғарылады. Ал бұларсыз отансүйгіштікті (патриоттықты – А.Т.) елестетудің өзі мүмкін емес.

Шындығына келсек, қазіргі білім сапасы мен біліктілік деңгейінің бұрынғы кездермен салыстырғанда біраз төмендеп кеткенін мойындауымыз керек. Оның объективті және субъективті жақтары бар, оған тоқталып жатпай-ақ қоялық. Бірақ, сол сапаның құлдырауына жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткен жекеменшік университеттер мен академиялардың, олардың филиалдарының да «қосқан үлестері зор». Бұл тұрғыдан алғанда соңғы кездерде министрлік тарапынан жасалып жатқан болашақта бұндай оқу орындарын мүмкіндігінше азайтып, жоғары санатты ұстаздар қауымы шоғырланған орталықтардағыларын ғана қалдыруға және мамандандыруға бағытталған игі істерді қолдағанымыз жөн.

Жалпы адамның, бүгінгі жас ұрпақтың өз айналаларын төңіректен қалмай әлемді тануына, жаһандық мәселелер

көлемінде ой толғауына және жаһандық дәрежедегі рухани мұраларды игеруіне, оның рухани ортасының да зор әсері болады. Қазіргі заманда Батыстық, яғни Еуропалық өмір салты қалыптастырған даму үлгісі, ойлау жүйесі, тарихи-мәдени құндылықтар адамзаттың өркениеттік жетістігі ретінде үстемдік құрып отыр. Қазақстанды қанша тәуелсіз ел десек те, қазақ ұлтын қанша азат десек те, бізде сол Батыстық даму үлгісінің ықпалы басым болып тұрғанын мойындауға тура келеді. Алайда, бәрін нарықтық тұрғыдан ойлайтын прагматизмнің күнгейін емес, көлеңкелі жағын үлгі етіп жүрген ортада өсіп жатқан жастарымыз жан азығынан гөрі, тән азығына жақындау сияқты. Ал бұндай жағдайда ел мүддесі үшін жасампаздық қызмет атқару, мемлекетті нығайту, оның ұлттық мүдделерін қорғау мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті маңызды қасиеттер жастар бойында қалыптасады деудің өзі ағаттық болар еді. Әл-Фараби ізгі қоғам құру үшін мәселені ең алдымен жастар тәрбиесінен бастау керек – дейді. Себебі, келешек қоғамның болашағы тәрбиелі, білімді жастар. Сондықтан тәрбие мәселесін білім беруден бөліп алуға болмайды. Қайта оны үнемі басты назарда ұстап, ең маңызды мәселе ретінде қарастыратын уақыт жеткен сияқты. Білім сапасы саналы тәрбиемен ұштасқанда ғана ұлт, мемлекет және халық мүддесіне қызмет етіп, қоғам өзінің рухани дамуында үлкен серпіліс жасамақ. Тәрбие мен білім бірегей, қатар жүретін процесс. Ендеше, жас буынның бойында ұлтжандылықты қалыптастыру – жаппай жаһандану заманында ұлттық үрдістерімізді сақтап қалудың бірден-бір жолы.

Жаһандану үрдісі бел алып келе жатқан қазіргі кезеңде Қазақстанның дүниежүзілік интеграциялық процестерден жеке дара тыс қалуы мүмкін емес. Оқу орындары мен қызмет көрсету салаларының жаппай компьютерге көшуі өзара ғана емес, интернет арқылы шетелдермен де жан-жақты ақпарат алмасуға жағдай жасады. Бүгінде кино, әдебиет саласындағы шетелдік өнімдер отандық дүниелерді ығыстырып, алдыңғы орынға шығып үлгерді. Теледидарды жаулап алған біздің этномәдени дәстүрлерімізге жат шетелдік сериалдар мен «боевиктерді» былай қойғанда, әртүрлі деңгейдегі ақпараттық және танымдық хабарлар да уақыт өткен сайын көбейе түсуде. Ал бұл процестердің ең алдымен елдің білім беру мен тәрбие жүйесіне әсер етуі – табиғи жағдай. Олай болса біздің біліміміз де басқа елдермен тең болуы керек.

М.Әуезов айтқандай, халық пен халықты теңестіретін бірден-бір нәрсе – білім мен ғылым. Өйткені, ұлттық ғылым мен білім жүйесі қоғамның қозғаушы күшіне айнала алатын сала және басқа елдермен жарыс ұйымдастыруға да болатын сала. Ендеше, дүниеге әлемдік ғылымға үлес қосатындай жаңалықтар әкелуге қабілетті ұлттық ғылымның өзіндік болмысы, бағыт-бағдарламасы, өзгеше қолтаңбасы болуы шарт. Егер біз алдағы уақытта ғылым саласына мол қаражат бөліп, оны заманға сай жабдықтап, зерттеу жұмыстарының табиғатын, бағытын өзгертпесек, онда әрі кеткенде он шақты жылдан кейін технологиялық дамыған мемлекеттердің қазіргі нәтижелерін қайталап қалуымыз мүмкін. Уақытты босқа жоғалтамыз, бүгінгі көш соңындағы мимырт жүрісіміз әрі қарай жалғасады.

Біз қазіргі уақыттарда ақпараттық білім берудеміз. Ал ақпараттың көлемі әрбір 10 жылда шамамен екі есе артады. Ғылыми-техникалық ілгерілеудің қарқынына ілесуге ұмтыла отырып, білім жүйесі мектепте оқытып-үйрету мерзімін ұдайы арттырады, ол 10–11–12 жыл. Адам ғұмырының ұзақтығы шартты түрде тұрақты болады. Нәтижесінде адам кәсіби жағынан аяғына тік тұру және қоғамға пайдасын тигізу үшін жарты өмірі бойында оқуы керек. Осы уақыт аралықтарында оның семьясы болады, бұл күндері оған мемлекет тарапынан көмек те жоқ. Осыған байланысты уақытты қалай ұту керек. Қазіргі түсінік бойынша оны оңтайландыру арқылы шешпектіз. Алайда, әншейін алып тастау мен көбейтумен проблеманы шешу мүмкін емес. Басқа бір көзқарас, мысалы, қайсыбір ғалым-әдіскерлеріміз айтып жүрген синергетикалық (сол бағыттағы бірлескен әрекет – А.Т.) көзқарас қажет. Бұл жағдайда тек қарапайым қосу немесе алу емес, этномәдени тұрғыдан өзара кірігу, өзара әрекеттесуге қол жеткіземіз. Қажетті нәрсе оқушылар санасында тек білімдер жиынтығы тұрғысында қалмай, білікке ұласады. Бұл азаматтық қоғамда этномәдени білім берудің басты ұстанымдарының бірі болып табылады.

Ғылымға деген жапшай ұмтылыс, жаһандану тұсындағы өміршең түсініктен туындап отыр. Себебі, оның жетістіктерінсіз қазірдің өзінде нарық жағдайына бейімделген, бәсекелестік қабілеті жоғары тұрақты экономикаға қол жеткізу мүмкін емес. Біздің өзгелерді ығыстырып, жоғары жылжуымыздың жолы жалғыз. Ол – өзіндік ғылым саласы. Онсыз еліміз еріксіз шикізат көзіне, жеріміз қоршаған ортаға, адам өміріне қауіпті радиоактивті қалдықтардың үйіндісіне

айналады. Бұндай жағдайда ұлттық болмысы бар халық ретінде сақталуымыз қиын.

Ғылым үлкен капиталдың жұмсалуды қажет ететін сала. Білім беруді жетілдіру туралы мемлекеттік бағдарламалардың жиі қабылдануына қарамастан білім саласында үлкен өзгеріс жоқ. Себебі бағдарламалар қабылданады, бірақ оны жүзеге асыратын қаржы көлемі аз немесе дұрыс жұмсалмайды.

Қазіргі кезеңдегі оқу орындарының материалдық-техникалық жағдайы мен оқытушылардың жалақысының төмендігі бізді артқа сүйремесе, алға жылжыта қоймайды. Ресей зерттеушілерінің бірі, ресейлік ғалымдардың ақпарат алу мүмкіндігі Батыстағы әріптестеріне қарағанда 100 есеге кеміді деп есептейді. Ал, енді сол Ресейде шығып жатқан зерттеулерге қол жеткізе алмай отырған біздің мүмкіндігіміз қандай болғаны. Ендеше, жаһандану тұсында ұлттық сананың алтын қазығы білім мен ғылымда қағылуы керек. Біз көне заманымызға көз жүгіртсек, ата-бабаларымыздың ілім іздеуден, жаңа көзқарастан, айырықша жаңалық тауып соны уағыздаудан, санаға шегелеуден кенде болмағанын, керісінше сол арқылы аттарын мәңгілікке қалдырғанын көреміз. Қ.Сәтпаев, М.Әуезовтердей дара тұлғалар қазақты бір астауға қаратқан Кеңес кезінде Алаштың кіммен болсын бәйгеге түсер ақылы да, қарымы да бар екенін көрсетті. Осыны дамыту, қазақ парасатының ашық майдан, адал шайқаста шайқалмайтынын таныту, біздің басты мұратымыз. Қазақ сөз бен әнде ғана емес, ойда да сұңғыла, жүйрік, тарланбоз екенін дәл қазіргі уақытта, жаһандану кезінде жария етуі шарт.

Ғылым мен білім қазақтанбай істеп жатқан істің бәрі бос. Зиялы қауым, ғылым қай кезде де ұлтымен, мемлекетімен бірге болмақ. Курчатов, Сахаровтай ғалымдар әлемге Кеңес өкіметін ғана емес, орыс рухын да танытты. Біз де тәуелсіз Қазақстан жастарынан осындай тұма бастаулар күтеміз. Кешегі орыс ойынан сусындаған, бой баққыш, жалтақ алдыңғы толқыннан үміт аз, күдік көп. Үміт – жастарда!

«Таңның атпасына күн қоймайды» дегендей, әлем халықтарын мидай араластырған жаһандастырудың пайдалы-залалды салдарларының бізге де тиері анық. Сондықтан оның пайдалысын алып, зияндысынан сақтана білсек, жаңа заманда ұтылмай, әлем қауымдастығының арасынан лайықты орнымызды табарымыз хақ. Ал ол орын тек этномәдени білімі мен тәрбиесі бар, оң-солын парасатты пайымдай алатын ұл-қыздары бар елдерге ғана тиесілі.

# МҰСЫЛМАНДЫҚ ШЫҒЫС ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ДАМУЫ

*Ұлттық рух*—халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталатын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін өміршеңдік күш-қуаты. Ұлт болып ұюдың өзі этностың мекендік және мезгілдік факторларына байланысты болуымен қатар, оның табиғи, тарихи, рухани бітім-болмысы, ұлттық санасы, ділі, мінезі, мәдениеті, әлеуметтік-саяси мұрат-мүдделерінің қалыптасып, тұлғалануы үздіксіз процесс және ұлттық рухтың түлеп-толысып отыратын өміршеңдігінің көрінісі.

Ұлт рухы туралы алғашқы естеліктерді Гипократ өзінің «Ауа, сулар мен жергілікті жерлер» туралы трактатында тұжырымдаған болатын. Автор: «халықтар арасындағы өзгешеліктер, оның ішінде «ұлт рухының» да айырмашылықтары елдің орналасуымен, климатымен және өзге де факторлармен байланысты» — деп санады. «Тарихтың атасы» Геродот та түрлі халықтардың өмірі мен мінез-құлқының айырмашылықтарын оларды қоршаған табиғи ортаның ерекшеліктерімен байланыстыруға ұмтылды. Геродот Мысыр елінің аспанының өзге жердікінен, ал Ніл өзенінің өзге өзендерден табиғи қасиеттері бойынша басқаша болғаны сияқты, мысырлықтардың да әдеттері мен салттары өзге халықтардан мүлдем ерекше екендігін айтады.

Этнос рухының адам болмысының барлық салаларына қатынасы бар, бұл қатынастар жасампаз да, қиратып-құртушы да сипатта болуы мүмкін. Соның ішінде рухани азу этностың өзіндік ерекшелікті қасиеттерін жоғалтуға әкеледі. Мұндай этностар Еуропа мен Азияның географиялық кеңістігін мекендеп, ыдырауға ұшыраған көптеген этностар секілді тарих сахнасынан жойылып кетеді.

Рух өзінің рухани-адамгершілік негізінде оны туындататын ұжымдық сана секілді терең этникалық сипатқа ие, ол ұлтты қалыптастырудың маңызды факторы, әлеуметтік-мәдени процестердің катализаторы, халықты асқақ сезімдер мен қаһармандықтарға итермелеуге қабілетті қозғаушы күш. Әр халықтың өмір салты оның ұлттық мінез-құлқы мен жалпы

менталитетін құрайтын, онда үстемдік етуші салттары мен дәстүрлерін басшылыққа алады.

Әрбір халық өз болмысында және өзге халықтармен көптеген ғасырлар бойы бірге өмір сүруі барысында өзіне генетикалық тұрғыдан қажетті өмір салтын қалыптастырады, оларды бұзу — апат, бұл оны өлімге әкеледі. Осы айтылғандардың негізінде ұлт пен оның ұлттық-психологиялық дүниесі уақыт өлшемімен, әлеуметтік және адамгершілік талғамдарының сипатын ескере отырып терең зерттеуді қажет ететіндігіне көз жеткіземіз. Өз кезінде этникалық сипатқа көптеген ойшылар көңіл аударған. Солардың бірі Гегель: өзінің триада тұжырымдамасын (концепциясын) басшылыққа алып «отбасы — халық — мемлекет» бірлігін ұсынады. Ол ғылымға абсолютті рухтың өзіндік көрінісін сипаттаушы «халық рухы» ұғымын да енгізген ойшыл. Қазіргі кезде зерттеушілердің көпшілігі этностың осы мәдени-психологиялық факторларына (рух, ерік, өзіндік сана, тілдің ортақтығы, ұлттық сезімдер, психологиялық қалып және т.б.) өз назарларын аударуда.

Ұлттық рух, ұлттық идея, ұлттық өркениет өзінің адамгершілік биіктігімен және рухани тазалығымен тартымды, ол өзге құндылықтармен толықтыруды қажет етпейді. Оның үстіне «Еуразиялық ел» мәртебесін иелене отырып, Қазақстан аймақтағы рухани көшбасшылық қызметін атқаруы қажет, ал оның жекеленген мәдени бөліктері адамды рухани жаңарту миссиясын да атқаруы тиіс. Этностың руханилығы көптеген табиғи және мәдени-әлеуметтік факторлардың ықпалымен қалыптасады. Бұл факторлардың нақты-тарихи сипаты болғандықтан, әрбір этносқа ұлттық рух түрінде көрініс табатын, қайталанбас өзіндік болмысымен ерекшеленетін генетикалық код тән болады. Бұл бір этносты екіншісінен артық көруге негіз бола алмайды, дегенмен, оларды жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді.

Табиғи-географиялық және ландшафттық жағдайлар да ұлттық рухты қалыптастыру факторларының бірі, ол геосаяси жағдайдың, биосфераның, көршілес этникалық ортаның ықпалымен, көп ғасырлық тарихи даму барысында бірімен бірі қабаттасып жатқан көптеген мәдени факторлармен үйлесімділікте қалыптасады. Отандық мәдениеттану ғылымында табиғат архетиптердің, символдардың, ұлттық



бейнелердің қайнар көзі түрінде табиғат пен өнерде өз көріністерін табады. Арғы қазақтардың табиғатпен әрекеттесуінің көп ғасырлық тәжірибесі олардың салт-жоралғыларынан, дәстүрлерінен, әфсаналық түсініктері мен барлық мәнді нәрсеге деген көзқарастарынан көрініс тауып нықталды. Өткен ғасырлардағы әр адамның өмірі ғұрыптармен және әфсаналармен тығыз байланыста болып, олардан адам мен табиғаттың сезімдік байланыстары өзінің көріністерін тапты.

*Ұлттық рух* — адамдардың көпшілігі қабылдайтын шынайылық. Бұл шынайылық өмірдің базальқ белгілеріне жатады. Сондықтан да, адамзат мыңдаған жылдар бойына өз қарым-қатынастарында рух, руханилық, ұлттық рух және рух күші секілді ұғымдарды қолданып келеді. Рухтың шынайылығы мен рухтың күші қиын-қыстау замандарда, әсіресе ұлтаралық кикілжіндер кезінде ерекше көрінеді.

Жалпы алғанда халықтар арасындағы қатынастар таптық ерекшеліктермен де, экономиканың базальқ принциптерімен де, халықтардың экономикалық және мәдени даму дәрежелерімен де, мәдени-тарихи ерекшеліктерімен де емес, олардың ұлттық рухқа сәйкестілік дәрежелерімен анықталады. Ұлттық рух бір-біріне қаншалықты қарсы тұра алатын болса, халықтар да соғұрлым өзара әріптестік пен өзара түсінушілікке аз бейімделеді, өзара көбірек жауласады және керісінше. Түрлі этностардың алғашқы жақындасуы кезіндегі ұлттық рухтың бір-біріне таяу, немесе, алыс тұрғандығын көп қырлы кеңістіктегі вектор модулі түрінде қарастыруға болады. Вектордың сәулелік бағыттары ретінде ұлттық рухтың құрамдас бөліктері: сенім, тіл, орналасқан территориясы, халықтың адамдармен қарым-қатынас дәрежесі, қайырымдылық дәрежесі, мейірбандық дәрежесі, құрбандық дәрежесі, адалдық дәрежесі және т.б. көрініс табады.

*Этнос рухы* — салт-дәстүрлерде, ғұрып-жоралғыларда, ауыз әдебиетінде, өнер туындыларында, халық қозғалыстарында, өндірістік қызметте, өмір салтында және өзге де әлеуметтік-мәдени құбылыстарда объективтенеді. Ал рухтың тасымалдаушылары — этностың құрамындағы барлық адамдар. Алайда, этностың рухты белсенді мәдениеттендіретін, оның өзіндік түрдегі толықтығы мен өміршендігін қамтамасыз ететін бөлігінің маңызын да атап

өткен жөн. Оларға діни беделі жоғары тұлғалар, өмірлік тәжірибесі мол жандар, қолбасшылар, ақын-жыраулар, би-шешендер, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды сақтаушылар, өнер және мәдениет қайраткерлері және басқа да танымал тұлғалар жатады. Міне, осы рухани беделді тұлғалар этнос рухын кері құбылыстардан қорғап, оны халық бұқарасы арасында нығайтуы тиіс. Ұлт рухы өткенді қазіргі мен болашақтың жұтып қоюынан қорғайды. Ұлт әрқашанда құрып кетпеуге, ажалды жеңуге ұмтылады, ол болашақтың өткенге үстемдік етуіне жол бермейді.

Этностардың тарих қойнауына кету себебі — сыртқы жағдайлардың этностан жоғары болуында, немесе, этностың уақыт талабына әлсіздік танытып оның талаптарына жауап бере алмайтындығында жатыр. Этностардың жойылуының себептерін шартты түрде сыртқы және ішкі деп анықтауға болады. Этностың жойылуының ішкі себептерінің негізі ұлттық дүниетанымды — этникалық рухты — иммунитетті жоғалтуда, этникалық рух сынбаса — этнос үшін қандай қауіп болса да өз залалын келтіре алмайды. Бейнелі түрде айтар болсақ, сыртқы себептер — микробтар, ал ішкі себептер — әлсіреген иммунитет. Бұл себептердің бірлесе әсер етуі этнос ағзасының ауруын тудырады. Сондықтан да барлық тіршілік иелері секілді рух та құлдырау және көтерілу, берекетсіздік мен ширығу, сауығу пен ауыру кезеңдерін басынан өткізеді.

Философиялық дәстүрлердегі ұлттық рухтың көрінісі проблемасы осы философияның өзінің өмір сүруі үшін қажетті әдіснамалық және жалпы теориялық тәртіптің бірқатар мәселелерінің шешілмей қалуынан туындайды. Бірінші кезекте бұл ұлттық философияның мүмкіндіктері проблемасы. Осы тұрғыдан алғанда бізден феномен ретіндегі «рух», «ұлттық рух» дегеніміз не, ұлттық рух — халық, этнос және ұлт үшін қаншалықты маңызға ие?» деген сұрақтар өз шешімін күтеді.

Қазақ этносы болмысының рухани негіздерінің қалыптасуының ерекшеліктерін талдаудың әдіснамалық негізі ретінде «рух» және «ұлттық рух» категорияларының жалпы философиялық сипатын тануды алуға болады. Олар көптеген дәуірлер бойына, сонау шумер өркениетінен бастау алып, түркі өркениетін бойлай өтіп қалыптасқан, олардың әрбір кезеңі өзінің қайталанбастығымен ерекшеленеді, бұл мәселелерді біз қазақ этносының мәдениетінің өзіндік сипатын көрсету үшін қолдана аламыз.

Этностың қалыптасуының ландшафтық-территориялық және климаттық жағдайларында көрініс табатын табиғи-географиялық ерекшеліктері, этномәдени (көне тарихи тамырлары, этникалық айналасының ықпалдары, этномәдени өзіндік дамуы), әлеуметтік-экономикалық және діни факторлар (демографиялық, қоғамдық-сауда, конфессионалдық) айтарлықтай дәрежеде осы бір ареалдың мәдени-антропологиялық келбетін анықтаудың негізі болды.

Еуразияның маңызды күретамырының тоғысында орналаса отырып Қазақстан ғасырлар бойы көптеген мәдениеттер мен суперэтностардың, ең алдымен мұсылман және түркі суперэтностарының өзара қатынастарының ортасы болды. Қазақстан екі дүние бөлігі – Еуропа мен Азияның қиылысында орналасқан, шын мәнінде оны «адамзаттың түпкі отандарының бірі» деп атауға болатын аймақтар қатарына кіреді, сонымен бірге ол тәңіршілдік, зорастризм секілді діндердің атамекені, бұл діндер мен мәдениеттер ұлан-байтақ Түркі өркениетінің қалыптасуына өз ықпалын тигізді. Жоғарыда айтылғандай көптеген ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар бойына қазақтардың түп тегін құраған этностар түрлі конфессиялар мен өркениеттердің тоғысында өмір сүрді, сондықтан да ол өзге діндер мен дәстүрлерді құрметтеуді үйренді.

Бұл жағдайға орай тарихи тұрғыдан Л.Н.Гумилевтің: «Біздің бабаларымыздың ақыл-ойына құрметпен қарау керек. Олар дүниені түйсінудің кері бағыттағы адамдарды құрту жүйесін қалыптастырған жоқ. Олар айналасындағы халықтарға, өздеріне ұқсамаса да тең дәрежеде қарады. Осының арқасында олар сан ғасырлық күресте көршілерді құртуды емес, халықтар достығы принципін орнықтырып аман қалды» – деген сөзін мысалға келтіруге болады. Л.Н. Гумилев қалыптастырған этнос тұжырымдамасы бұған дейінгі көзқарастардан айтарлықтай өзгеше. Осы тұжырымның авторы этносты адамдардың өзге бірлестіктерімен салыстыруға келмейтін табиғи қауымдастық ретінде қарастырады.

Алайда, ХХ ғасырдың 90-жылдарында объективті себептерге орай «жаңа тарихи қауымдастыққа» айнала алмаған, ассимиляцияланған және өзінің туған тілін жоғалтқан, өз құрамы мен өзін таныту формалары бойынша біртекті сипаттағы түркі халықтарының ұлттық өзіндік болмысын жаппай езіп-жаншуға жауап ретінде

этникалылықтың ресурстарын шоғырландыру жүзеге асырылды. Ұзақ жылдар бойына ұйқыда жатқан халықтың күш-жігері бүгінгі таңда жоғарыға ұмтылуға әзір тұр, бұл процесс басталып кетті және ол тек түркі өркениетінің қойнауында ғана болып жатқан жоқ.

Көрсетілген құндылықтардың өмір сүруінің ерекше этникалық формалары, оларды жинақтау мен сақтаудың ерекшелікті тәсілдері, оларды келер ұрпаққа беру әдістері философтардың, тарихшылардың, этнологтардың тарапынан тек ХХ ғасырдың 90-жылдарында ғана зерттеу объектісіне айналды. Қазіргі заман тарихының осы бір кезеңіне дейін «ұлттық рух» түсінігі, ұлттың өзіндік санасын қалыптастырудың заңдылықтары ғылыми зерттеулердің арсеналына енген жоқ, қазіргі уақытта бұл өз кезіндегі теориялық-әдістемелік қателіктермен түсіндіріледі.

Өркениеттің ең басты ресурсы – халық, ал халықтың ең басты қасиеті – тарихи тағдырдың және бірге келе жатқан болашақтың ортақтығын ұғынуға негізделген, өркениеттердің тарихи дамуымен қатар өсіп келе жатқан оның өмірлік күші, рухы. Ол ең толық түрде халықтың мінез-құлқында, оның тұрақты психологиялық қасиеттерінде шоғырланады. Рухсыз және рухтан тыс біз шынайы болмысқа ие бола алмаймыз, өмір сүруші тіршілік иесі күйінде қаламыз.

Қазіргі әлемде жүріп жатқан жаһандық процестер дамыған батыс елдерінің айтарлықтай технологиялық прогреске, нарықтық экономикадағы табыстарға жеткендігі – «өзге өзіндік болмысы бар, аталмыш салаларда айтарлықтай жетістікке жетпеген, бірақ көп ғасырлық мәдени-өркениеттік ерекшеліктері бар ұлттар, мемлекеттер өз дамуында кенже қалды» деген сөз еместігін сенімді түрде дәлелдей түсуде.

Ұлттық мінез-құлық пен ұлттық дүниетанымының, ұлттық мәдениеттің, дәстүрлердің даму ерекшеліктері қазіргі заманғы тарихи-мәдениеттанулық және әлеуметтік-философиялық әдебиеттің зерттеу проблемасына айналды. «Ұлттық рух» философиялық категориясы әлеуметтік трансформациялар мен дағдарыстарды, иденттіліктің дағдарысы мен ауысуын басынан өткізіп жатқан посткеңестік кезеңді ғылыми талдау үшін қажетті имманентті түрдегі әдістемелік қуат-күшке ие.

Дәстүрлі этномәдени құндылықтарда, этникалық сезімдерде, дүниетанымдар мен түйсінулерде көріне отырып ұлттық рух тұлғаның мінез-құлқының бағдарын анықтайтын, оның қоршаған ортада өзін-өзі идентификациялауына әсер

ететін және оның өзге этностар ортасындағы өзіндік болмысын баса көрсететін аса маңызды әлеуметтік индикатор. Бұл ретте танымал орыс философы П.Е. Астафьев: «Шекспирдің, болмаса, Ньютонның – ағылшын, ал Кант пен Шиллердің – неміс болып, олардың шығармаларында авторлардың ұлттық рухының қайталанбас ізі қалғандығынан о туындылар өздерінің жалпыадамзаттық мәнін жоғалтпайды. Олардың авторлар бойында ұлттық рухты қалыптастыруы керісінше оларға стихиялық күш, терең және толық мәндегі органикалық заңдылықтардың болуы үшін қажетті алғышартты береді» - деп жазады.

Дей тұрғанмен, қазіргі философиялық әдебиеттерде руханилықпен тікелей байланысты ұлттық рух ұғымы толықтай қалыптастырылмаған. Біздің ойымызша соңғы уақытта этникалық мұра мен ұлттық рухты жаңғырту проблемаларына ерекше көңіл аударылуының басты себебі егемен елімізде әлеуметтік, ұлттық, саяси және өзге де салалардағы кейбір түйінді мәселелерге көңіл аударуымыз тәуелсіздік әкелген санадағы сілкіністен деп түсінгеніміз жөн. «Ұлттық рух» ұғымын ғылыми лексикаға енгізу зерттеушілерге Кеңестік дәуірде аса қажет болмады, сондықтан оны философиялық категориялар ретінде қарастырмаған, ал қарастыра қалған жағдайда реликтілік (өзгеше), тұрғыда түсіндіріліп, қазіргі заманғы шынайылық пен ұжымдық қатынастарға жат құбылыс ретінде анықталды.

XX ғасырдың 90-жылдарында «адам өмірінің басты заңдылығы оның рухтан бөлек өмір сүре алмайтындығында» – деп санаған шетелдік зерттеулерге, оның ішінде Шығыстық ойшылдардың еңбектеріне деген қызығушылықтар ояна бастады. Көптеген Шығыс ойшылдары өз халықтарының рухани тәжірибелері туралы айта келіп, өмірдің рухты, болмаса, рухтың өмірді теріске шығаратын кезі, ішкі әлемнің өзіндік орнығуы екенін атап көрсетеді.

Гуманизм, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды интеллектуалдық, этикалық және эстетикалық орталарға ендіру, яғни, ақиқатқа, мейірімділік пен сұлулыққа қызмет ету ұлттық рухтың философиялық өзегі, мәні болып табылады. Сондықтан, этностың ұжымдық тұлғасын қалыптастыра отырып дәл осы рух оның болмысын генерациялайтын және оның этникалық дәстүрде өмір сүруінің адамгершілік негізін құрайтын рухани орталығына айналады. Өз халқы үшін ол тіпті каннибализм заңдарымен өмір сүретін жабайы этнос

немесе демократиялық дәстүрлері бар этностар екендігіне қарамастан жалған бола алмайды. Этностың ұжымдық санасын анықтай отырып ол оған генетикалық және әлеуметтік тұрғыдан жататын әрбір адамның мінез-құлық моделін проекциялайды.

Ұлттық рух — бұл Шығыс пен Батыстың түрлі дәуірлерінің ойшылдары жасанды түрде тудырған абстрактілі философиялық категория емес, адам болмысының түрлі вариантты формаларының шынайы көрінісі, ол рухани бастамалар, дәстүрлер мен құндылықтар оның қазіргісі мен болашағын анықтай беретін кезеңге дейін өмір сүреді. Ұлттық рух көптеген қоғамдық-тарихи формацияларды басынан өткерген кезде сан алуан күйзелістер мен сынақтарды кешкен халықтың рухани және адамгершілік-этикалық ерекшеліктерінің жиынтығын көрсете отырып, ол үшін қалыпты болып келетін мінез-құлық моделінен, ерекше өмір салтынан, шаруашылық-тұрмыстық өмірден, әскери дәстүрлерінен және т.б. көрінеді.

«*Ұлттық рух*» — философиялық категориясы өзге үш философиялық категориямен — «халық», «этнос» және «ұлт» ұғымдарымен тығыз байланысты, бірақ олар жалпы үндес секілді көрінгенмен, өзінің мағыналық мазмұны жағынан нақты айырмашылықтарға ие. Халықтардың, этностар мен ұлттардың болмысының рухани мәні олардың рухани әрекеттерінен көрінеді, ал бұл халықтың этнос пен ұлтқа қатысты жетекші миссиясын көрсетеді. Бұл қағиданы ұлттық дәстүрлерді талдау және ұлттың рухани әлеуетінің, оның құндылықты бағдарлары мен менталитетінің қазіргі кездегі шынайылықтар мен қоғамдағы өмір сүру жағдайларына қаншалықты сай келетіндігі туралы мәселеге жауап іздеген кезде әдістемелік принцип ретінде қарастыруға болады.

Халықтың ұжымдық рухының белсенді әрекет етуі кезінде қалыптасқан дүниетанымдық идеалдар, ұстанымдар мен құндылықтар келер ұрпақтарға берілетін, тарихи қалыптасқан дәстүрлердің адамгершілік «өзегінің» рухани мазмұнының архетипі ретінде анықталады. Этностың ұлттық рухы, құндылықты бағыттары мен дәстүрлері қазіргі күнге дейін оның тарихи тағдырында бүгінгі өркениеттің технологиялық инновацияларына қарағанда әлдеқайда маңызды рөл атқаратынын баса айта кеткен жөн.

XIX ғасырдың соңында неміс ғылымында В. Вундтың этнопсихологиялық тұжырымдамасы ерекше дамытылды,

ол жалпы психологиялық процестердің даралықты психологиядан ерекшеленуін қарастырды. Вундтың пікірінше, халықтың жаны жай ғана индивидтердің жиынтығы емес, ол — осы халықтың дамуының ерекшеліктері мен өзіндік заңдылықтарын анықтайтын байланыстар мен өзара әрекеттесулер. Вунд үшін көптеген индивидтердің бірлескен өмір сүруі кезінде пайда болатын жоғары психикалық процестер — қоғамдық түйсінулер, сезімдер, ұмтылыстар т.б. және ол «апперцепция» деп атаған ұжымдық шығармашылық әрекеттер «халық рухы» болып табылады.

Бұл жерде философиялық және ғылыми-психологиялық білімдердің аражігін ажырату қажет. Ғылым мен философияға ортақ қасиеттердің — бұл саладағы теориялық-ұғымдық ойлау әдістерінің пайдаланылуына қарамастан ғылыми және философиялық-дүниетанымдық рефлексия арасына теңдік белгісін қоюға болмайды, себебі, олардың алғашқысының басты міндеті — зерттеу пәні туралы объективті теориялық, құндылықты-бейтараптық білімдерді алу болса, философиялық-дүниетанымдық рефлексия шеңберінде басты міндет — тұтас философиялық дүниетанымды құруда жатыр, бұл өз кезегінде теориялық-құндылықты ізденулерсіз мүмкін болмайды.

Халық, ұлт рухани индивидуалдылық ретінде Гегель айтқандай «біртұтастыққа» мемлекетке жіктеледі, сөйтіп халықтың рухының жалпылығы мемлекетте өзінің болмысы мен әрекеттелігіне ие болады. Рух ұғымы болса оның көзқарасында жеке индивидтің өмірінің кеңістікпен және уақытпен шектелген көлемінен тыс кетумен байланыстырылады.

Ұлттық рух — ұлттық сана мен өзіндік сананы қалыптастыру мен дамытудың жемісі, олардың өсуі мен өзгеруі ұлт өмірінің түрліше формаларынан көрініс табатын көптеген әлеуметтік және этномәдени факторларға байланысты. Тарихи-этнографиялық шынайылықты, аса бай мәдени мұраны, халық игілігін этникалық дәстүрлер форматында санаға жеткізе отырып, ұлттық рух консолидациялық қызметті жүзеге асырып, халықтың күрделі архитектоникасын қайта құрылымдайды, адамзат өркениетінің осы бір кезеңіндегі даму векторларының ең тиімді түрлерін анықтайды. Осылайша, ұлт рухының эволюциясы — адамзаттың қалыптаты дамуының өзекті заңдылығына айналады.

Психологиялық тұрғыдан алғанда халықтың сипатын ашу

– оның маңызды әлеуметтік-психологиялық қасиеттерін ашу деп түсінген абзал. Жекелеп алғанда олар абсолютті түрде ерекшеліктерге ие бола алмайды. Ұлттың сипаттамалық ерекше құрылымы, осы құрылымға кіретін барлық элементтер – ортақ. Ұлттың өзіндік болмысының құрылымын белгілі бір ұлт өкілі екенінді сезінудің, ұлттық құндылықтарға деген берілгендіктің, мемлекеттік дербестікке ұмтылудың бірлігін ұғыну түрінде қарастыруға болады.

Ұлттық рух пен әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзара байланыстарын ашу жалпыадамзаттық психология мен этномәдениетті қалыптастырудың негізі ретінде қызмет атқаратын этникалық, конфессионалдық, отбасылық, саяси, кәсіби және гендерлік біртектілікті қалыптастыру процесін жан-жақты қарастыруға жағдай жасайды.

Өз ұлтын өзге этностармен салыстыру халықтарға тән ұлттық ерекшеліктер мен жалпы адами мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан шығатын қорытынды: *ұлттық рух* – бұл тек материалдық, әлеуметтік және рухани мәдениеттің этностық түрде анықталған элементтері ғана емес, ол этностың даму тарихының өн бойында қалыптасқан этнос аралық қатынастарды да терең мәнде сезіну. Ұлттық рух халықтың өмір сүру әрекеті мазмұнының ажырамас бөлігі ретінде, этникалық «топырақта» жеделдетілуін сақтай отырып жалпы адами сипаттамаларға ие болу және өз бойында жалпы адами құндылықтарды тасымалдап, жалпы ұлттық мүдделерді білдіруі тиіс, әйтпесе ұлттық сананың тек өзінің ішкі ерекшеліктеріне бағыт алуы ұлттық тұйықталуға әкелуі мүмкін.

Көптеген философиялық, әлеуметтанулық және этнопсихологиялық зерттеулерде ұлттық рухты, ұлттық психологияны, ұлттық өзіндік сананы анықтауға үлкен көңіл бөлінеді. Әрбір адам – даралықты қасиеттердің көрінісі. Ұлттың өзіндік санасы өз бойына осы қауымдастыққа жататынын сезінуді, ана тіліне, ұлттық мәдениетіне деген сүйіспеншілікті, ұлттық құндылықтарға деген бетбұрысты, ұлттық мақтаншты және ортақ мүдделерді сезінуін шоғырландырады.

Мұсылмандардың Шығыс халықтарының этногенезі саласындағы зерттеулерді талдау негізінде ұлттық рухты өзара байланысты және өзара шартты түрдегі элементтердің жиынтығы түріндегі көп құрылымдық күрделі жүйе ретінде қарастыруға болатынына көз жеткіземіз. Бұл тұжырым



өзінің «Философия тарихы» еңбегінде өркениет мәселесі мен оның дүниежүзілік тарихқа кірігуінің түрлі мысалдарын жан-жақты қарастырған Гегельдің пікірімен де үндеседі. Қазақ мәдениеті мен тарихы да жоғары деңгейдегі адамгершіліктің, азат ұлттық рухтың үлгілеріне аса бай. Сонау сақ-үйсін дәуірінен бастап қазақ жерінде оның ұлттық рухын қалыптауға қажетті жағдайлар туындаған болатын. Ал ортағасырларда бұл жерде ислам дінінің үстемдік ете бастауымен әлеуметтік-экономикалық және мәдени өрлеу, қала мәдениетінің өркендеуі, араб мәдениеті арқылы антикалық мәдениет үлгілерінің жетуі, көптеген әлемдік деңгейдегі теңдессіз туындыларды дүниеге әкелген мұсылман Ренессансының ықпалы арқасында саяси, экономикалық және мәдени байланыстар нығая түсті. Исламның қазақ жері мен түркілік ортаға енуінің ортақ және бірден-бір бастапқы нүктесі болған жоқ. Бұл осы аймақ пен Шығыстық мәдениеттің арасында жүрген ұзақ уақытқа созылған, дискретті, тікелей және жанама мәдени-тарихи қатынастардың, әскери қақтығыстар мен ықпалдасулардың барлығын дерлік қамтитын процесс. Бұлардың барлығы да шынайы Ренессанс үшін қажетті жағдайлар туындатты: Әбу Насыр Әл Фараби, Әбу Райхан Бируни, Қорқыт ата, Қожа Ахмет Иасауи, Сүлеймен Бақырғани, Жүсіп Баласағұн, Асанқайғы және өзге де көптеген даңқты ойшылдар дәл осы өлкеде дүниеге келді. Осы іргелі топырақта қолөнерінің небір мектептері дүниеге келіп, ол жеріміздің түктір-түктіріне таралды, шайырлар мен ақындар өз дастандары мен рубайларын өмірге әкелді, осы жердің ойшылы Әл-Фараби «Музыканың ұлы кітабын» жазып *қыпшақ* музыка өнерін әлемге таратты. Осы жерде түрлі діни бірлестіктер «дәруіштер ордендері» қауымдастықтары құрылып, олар қазіргі саясаттағы қоғамдық бірлестіктер қызметтерін атқарды.

Қазақ халқының ұлттық рухы ежелден-ақ мейірбанды ой, мейірбан сөз, мейірбан іс ұғымдары арқылы көрінді. Басқаша айтар болсақ, адамның ойы мен ісі тұтас болып, сөзі мен жасайтын әрекетінің арасында айырма туындамауы тиіс еді және көне түркілердің айтқан «Қандай адам болсаң, жұртқа солай көрін» қағидасымен жүру қажет болды.

Қазақ этносының көп ғасырлық тарихы оның өкілдерінің адамгершілік көзқарастарынан көрініс тапты. Қазақ халқының ең маңызды адамгершілік қасиеттері туралы айтар болсақ,

халықтың болмыстық мәнін мейірімділік, қайырымдылық, ерлік ұғымдары ашып тұр. Ортағасырлық түркі-мұсылман ойшылдарының еңбектерінде «Ақиқат пен шындық жеріме орнасын!», «Ақиқат жүрегінде болса, ол — халқыңда да бар», «Бар тәнім мен жаным, ойым мен ақылым, игі істер жасау мен жер бетіндегі бейбітшілік орнатуға арналсын!» деген тілектер тіленген.

Қорқыт атаның сөздері жер бетінде шындық пен ақиқат туын желбіретті. Ол «Мен сені ақиқатқа шақырдым. Шырағың сөнбесін!», «Үйінде сөз түсініспеушілікті, келісім-жанжалды, мырзалық-сарандықты, адалдық-сатқындықты, ақиқат-жалғандықты, шындық-қыңырлықты жеңсін!» — дейді. Қазіргі таңда адамзаттың жаһандық кірігуі мен жаһандану заманында кей жандарға адамгершілік, дәстүрлер, өз ошағыңа деген қасиеттер моральдық тұрғыдан ескіріп, болашағы жоқтай көрінеді. Алайда этникалық дәстүрлерге сүйенер болсақ, адамгершілік пен сұлулық Отанға, өмірге деген махабаттан ажыратымсыз және болашаққа деген құқықтарға ие. Өз өткенін, өз халқының дәстүрін сыйламаған жан адамгершіліктен ада. Ендеше, «Адам болу» басты парыз. Дана Абайдың ұрпағын «Адам болуға» шақыруы да осыдан болса керек. Алайда «Адам болу», дүниетанымдық мәнді мәселе. Сондықтан Абай: «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын, халқым надан болған соң, қайда барып оңайын» — дейді. Ендеше адамдықты да ажырата білетін әлеумет қажет.

Қазіргі талап тұрғысынан қарар болсақ, ұлттық рух тарихи шындықпен ұдайы сәйкес келе бермейтін, жекеленген мәдени алғышарттары мен даму әлеуеті бар метафизикалық шынайылық секілді көрінуі мүмкін. Оны ой-сананы, ойшылдардың, ақындардың және өзге де ұлттық мәдениетті туындатушылардың идеяларын көктей өтетін белгілі бір рухани, діни, рәсімдік-ұлттық және интеллектуалдық кешен ретінде қарастыруға болады.

Түп негізін «Отан», «туған жер», «әділдік», «ар-намыс», «патриотизм» секілді ұғымдар құрайтын өзіндік болмысы бар ұлттық мәдениеттерді сақтау, рухани құндылықтарды тасымалдау — жас ұрпақты қалыптастыру үшін аса қажетті Еуразия халықтарының этномәдени көптүрлілігін дамытудың басты міндеттерінің бірі. Осы ойлардың мұсылмандық Шығыс философиясының дәстүрлі ілімдерінде өзіндік қайталанбас болмысын сақтай отырып, құндылықты

жүйелердің негізіне айналуы да тегін емес. Бұл ретте Батыс өркениетінен көп жылдар бұрын көне Шығыста оның ойлау жүйелерінде адамға құрмет көрсету идеялары мен рухани дәстүрлердің орныққанын ерекше атап кеткен жөн. Мұхтар Әуезов рухани әлемді қалыптастыратын мәдени мұраны ғылыми да, практикалық та маңызы бар мәселе деп түсініп, өз еңбектерінде ұлттық мәдениет пен тарих ескерткіштеріне зор мән беріп отырған. Себебі, әрбір ұлт өз мәдени тарихнамасының маңызды беттерін, өзінің өткенінің мән-мағынасын құрайтын, өткендегі тарихты жасайтын барша асыл қазыналарын бүгінгі күннің игілігіне айналдыру арқылы ғана қазіргі жасап жатқан рухани дүниелерінің сыр-сипатын кеңінен танытпақ. Бұл мәселенің осы жағына тоқтала келіп, М.Әуезов тарих қойнауына үңіле отырып: «Бүкіл адамзаттың прогрестік жолмен дамуына баға жетпес зор үлес қосқан, дүниежүзілік мәдениеттің негізін қалаған Шығыс халықтарының мәдени дамуынсыз әлемдік өркениетті көзге елестетудің өзі мүмкін емес» екендігін, ал қазақ халқының мәдениетін сан ғасырлық мәдени-тарихи даму жолы бар мұсылмандық Шығыс халықтарының мәдениетінен бөле қарауға болмайтындығын ескертеді. Олай болса, қазақ халқы да өзінің сонау арғы дәуірден бермен қарай жасалып келген бай рухани қазыналарын, мол мұраларын бүгінгі күннің әдебиетімен, өнерімен, мәдениетімен, әсемдік әлемімен, философиялық ой кешу үрдістерімен ұластырғанда ғана өзге ұлыстармен және ұлттармен бірлесе отырып жаңа заман мәдениетінде де өзіндік рухани сипаттағы қолтаңбасын қалдыра алады.

Ең алдымен қазақ өркениетінің көп ғасырлық тарихы бар екенін, ол дәстүрлі түрде орныққан түркілік мәдениет пен араб-мұсылман мәдениетінің ықпалдарының синтездік өркениеті екендігін айту қажет. Этникалық дәстүрлерде кез келген халық үшін орталық тақырып — мәдениет тақырыбы. Ондағы ұғымдар мен институциялар оның осы этникалық мәдениетке деген дәстүрлі тәңіршілдік көзқарастармен, басқаша айтқанда әлеуметтік интеграция формаларымен байланысты.

Ендігі уақытта түркі қауымдастығының ортасында этномәдени өзіндік даму сатыларынан өткен қазақ халқына да өзінің маңыздылығын, сонымен бірге мемлекеттілігін де тиянақты орнықтыруды қажет етеді. Ал бұл істі қалыптасқан халықтың әлеуметтік-мәдени нормаларын ретке келтіруде басты рөл атқаратын ұлттық рух пен намыстың даму тарихын

дүниетанымдық тұрғыдан зерделейтін философиялық сипаттағы негізсіз жүзеге асыру мүмкін емес.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҢ РУХАНИ БОЛМЫСЫ МЕН ТАРИХИ САНАСЫ

*Тәуелсіздік* – бүкіл қазақ халқы үшін, барша қазақстандықтар үшін ерекше мереке. Өйткені, ол мемлекетіміздің өз саясатын дербес, өз еркімен жүргізуге қабілеттілігінің мерекесі. Әңгіме біз солай ете алдық па, әлемдік қоғамдастықтан өз орнымызды ала алдық па, олар бізді егемен ел ретінде таныды ма, сонан өрбуі керек.

Еліміздің тарихын зерттеушілердің айтуынша, тарихымыздың көптеген ақтаңдақ беттері әлі ашылмаған, олардың бәрін халық біле бермейді, себебі, өз тарихымызды біз әлі жүйелі көрсетіп жатқан жоқпыз. Ол туралы кешенді көзқарас қалыптаспаған, мамандардың ортақ ұстанымдары да жоқ. Біз ұлт-азаттық көтерілістердің басын айтамыз да, аяғын айтпаймыз, ата-бабаларымыздың қалай соғысқанын айтамыз, бірақ кіммен күресіп, не үшін құрбан болғанын қозғай бермейміз. Шын мәнінде ұлт тарихының ақтаңдақ тұстары алдыменен анықталуы, оқылуы керек. Өйткені, жастардың ұлттық тарихи санасы білім беру жүйесінде қалыптасады. Рас, тарих оқулықтарында Тәуелсіздікке қатысты тақырыптар бар: «Қазақстанның отарлануы», «Коммунистік партия тарихы», т.б. Өкініштісі, Кеңес заманының, соның ішінде «Коммунистік партияның тарихы» бірнеше бөлімге ұласса, Алаш тақырыбы толық қамтылмаған. Жоғарғы сынып оқушыларына арналған тарих оқулығында аштық тақырыбына бір-ақ абзац арналған. Аштықта 2 миллионнан астам қазақ қырылды, бірақ оған біз екі жол сөйлемді ғана арнаймыз. Алаш қайраткерлерінің қызметі, аштық, репрессия сияқты тақырыптар оқулықта, кинода, яғни іздемей-ақ табатын жерлерде болуы тиіс, ал біз мұның бәрін іздеп жүріп табуға мәжбүрміз, кейде таба алмай жатамыз.

Ендеше, тарихи таным мен сана қалыптастыратын тарих, басқа да гуманитарлық ғылымдарға деген көзқарасты өзгерту – бүгінгі қажеттіліктердің бірі. Осы методология тұрғысынан келер болсақ, бізге тәуелсіздікке дейінгі тарихымыздың жарқын беттерін де, жанға батар жағымсыз тұстарын да ашық жазуымыз керек.

Кезінде одақтық деңгейде ұстанған саясатымыз бізге Алаш

қозғалысын, ашаршылық жылдарын, өткен ғасырдың 30-шы, 50-ші жылдарындағы нәубетті жан-жақты жазуымызға мүмкіндік бермеді. Ұлттың ұлттық санасының қалыптасуына ерекше мән берілуі керек. Ұлттық сананың негізі — тарихи таным, тарихи сана-сезім. Сен өзіңнің қайдан шығып, қалай жаратылғаныңды білмей, бұл өмірге келуіңнің мақсатын да түсінбейсің. Сондықтан түбінді білуің керек. Ұлттық тарихи сана-сезім қалыптасуы үшін мұның бәрі алдымен оқулықтарда қамтылуы, іздемей-ақ табатын жерлерде болуы тиіс, ал біз мұның бәрін іздеп жүріп табуға мәжбүрміз, кейде таба да алмай жатамыз. Жаңарған қоғамның жастары жаңа ұлттық саясатты түсінуі және білуі — уақыт талабы. Ұлттық саясат — бір мемлекетте тұратын әртүрлі этностардың, этностық топтар мен диаспоралардың арасындағы қарым-қатынастарды реттеу. Өркениетті мемлекеттерде ұлттық саясат этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді сақтауды және нығайтуды мақсат етеді. Сондықтан ұлтаралық қатынастарды, ұлт мәселесін және ұлттардың өзін-өзі билеуі мәселесін шешуге, реттеуге бағытталған ұлттық саясатқа деген зәрулік әлем мемлекеттерінің басым көпшілігіне тән құбылыс. Ендеше, оны біздің Қазақстан да айналып өтпейді.

Осы тұрғыдан алғанда жастар арасында қазіргі ұлттық саясат жүргізудің бір әдісі — оларға басқалардың құндылықтарына еліктеп кетпейтіндей деңгейде ұлттық болмысымызды насихаттай білу. Әрине, бұл — олар басқа ұлт пен ұлыстардың озық үлгілерін үйренбесін, олардан тыс қалсын деген сөз емес. Бұл жердегі басты мақсат — тұтастық, бірлік, елдік мәселесі.

Елімізде тарихи сананы қалыптастыру — ел бірлігінің кепілі, ол тұтас руханиятқа жеткізеді. Елдегі қазақтар әртүрлі тілде сөйлеп отырса, дүниежүзіндегі қазақ үш әліпбиді пайдаланып отырса, дініміз де бөлініп, жіктеліп, әртүрлі пиғылдағылар әсіренкі істерімен тыныштығымызға іріткі салса, тұтастық қайдан болады, тұтас руханият қалай қалыптасады. Бізге, әсіресе, аға буын ұстаздар қауымына ойланарлықтай мәселе. Ол үшін бүгінгі заман, бүгінгі қоғам, бүгінгі ұлттық сана қандай, соларға көңіл аударғанымыз жөн.

Алдымен *заман* туралы.

Кейбір зерттеуші ғалымдарымыздың пікірінше, біздің түрік тектес халықтардың ұғымына (тіліне) «заман» сөзі араб-парсы әсерімен енгеніне қарамастан, қазіргі уақытта ең

көп қолданатын сөзімізге айналды. Болмыс, дүние, әлеумет пен оның тарихына ойша көз жүгіртсек, «заманды» айтпай тұра алмаймыз. Себебі, тарихи санамыздың қалыптасуына біздің қандай заманда өмір сүргеніміз әсер етпей қоймайды. Ал ұлттың санасы өзінің тарихын түсініп, ұғынып және ұғындырып жүре алатындай деңгейде болуы керек. Белгілі ғалым, академик Ғарифолла Есім өзінің «Сана болмысы» (3-ші кітап) еңбегінде бұл мәселе туралы келелі пікір айтқан. Ол қазақтардың «заман» ұғымын бірнеше мағынада түсінгенін айта келіп, оларды «кеңістік пен уақытқа қатысты», «тағдыр ретінде мойындау», «құндылық», «мүмкіндік» ретінде түсіну деп бөледі.

Шындығында да рухани тарихымызға көз жүгіртсек бұл ой-тұжырымдардың ақиқаттан алыс еместігіне көз жеткіземіз. Біріншіден, қазақтар үшін «заман» кеңістік пен уақыттың бір ұрпақ шеңберіндегі тұтастығы, өздері ғұмыр кешіп отырған кеңістік пен уақыт өлшемі. Қазақ ұғымындағы «өткен заман», «осы заман», «келер заман» түсініктерінің болуы да содан. Бұлардан басқа қазақ лексиконында өздері бастан өткерген, немесе, танымы арқылы тұжырымдап бағалаған заманға берілген мазмұн мен баға да кездеседі. Мысалы, Бұхар жырау «қилы заман» десе, Шортанбай өткенді аңсап «зар заман» деген, діни ұғымда «ақырзаман» бар. Бұның бәрінің негізінде олардың әлеуметтік кеңістік пен уақытқа қатысты айтылған, немесе берілген бағалары жатыр; екіншіден, заманды тағдыр ретінде мойындау, немесе, мүмкіндік ретінде қарастыруға келсек, адамдар не нәрсеге де даяр болуы керек. Өйткені, оның басына заман, тағдыр белгілі бір жағдайды беріп тұр: «Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар» - деген осы мәндегі түсінік. Сондықтан заман бізге ұнауы, ұнамауы, басшылық бізді қанағаттандыруы, қанағаттандырмауы мүмкін. Бұны бағалау мен ажырату көп жағдайларда ұлттың тарихи санасының деңгейіне де байланысты. Заман ағысы ұнамаса оған наразылық білдіру, сөйтіп заманды «жөндеуге» шақырудың, немесе, ұмтылыстың аса көрнекті философиялық үлгісін Ақтамберді мен Махамбет шығармаларынан кездестіреміз, бұл сарын Доспамбет жырауда да бар.

«Заман» мәселесіне дана Абай басқалардан өзгешерек келген. Абай: «әркімді заман сүйремеқ» – дейді. Бұл жерде Абай «сүйремеқ» сөзін біржақты жағымсыз мағынасында

қолданбай, оның мағынасына диалектикалық мазмұн беріп отыр. Заман адамды жақсылыққа да, жамандыққа да сүйрейді, жетелейді, бірақ таңдау барлық уақытта адамның өзінде. Өйткені заман - мүмкіндік, ал мүмкіндік бар жерде таңдау, талғау бар. Кісіні алға сүйрейтін де, кері тартатын да, ылықтыратын да сол мүмкіндік. Біле білген адамға, ойлы, саналы адамға мүмкіндік алтыннан да қымбат, сенің өз болашағың, өз ғұмырың, ұрпағың, тіршілік етуің, бір сөзбен айтқанда қоғамда, әлеуметтік ортада болу, өмір сүру формаң. Сонымен, саналы адамды мүмкіндік сүйремей, сонда біз адам, ұлт, тәуелсіз елдің азаматтары есебінде не істемекпіз. Міне, әңгіме сонда.

Ұлттық сананың жетілуінің бір белгісі ұлттың өзін-өзі анықтауы. Көне қазақ танымында бұл мәселе «жеті атасын білмеген—жетесіз» делініп, арғы тарихпен ұштасқан. Ендеше, арғы тарихымыз қандай; қандай елде тұрып жатырмыз; дәстүрлі және заңды ұстанымдарымыз, мемлекеттік нышандарымыз қандай? — деген сұрақтарға жауап іздеуіміз, анықтылығымыздың басы болса керек. Біз де осы қисынды басшылыққа алып, жауап іздеп көрелік.

Қазіргі егемендік пен тәуелсіз дамуымыздың арқасында ұлтжанды әрбір қазақ: Мен қазақтың, тегім — түрік, сенімім — ислам, туған елім, отаным — Қазақстан — деуі хақ. Ал сол қазақ тереңнен тамыр тартқан өз тарихын: оның мерейінің үстем болған немесе бодандықтан үні шықпаған қилы-қилы замандарынан хабардар ма? Бұл сұраққа келгенде бөгелетініміз рас. Тарихтың ар жағында тек өткен жылдар мен көнерген ғасырлар тұрған жоқ. Ұлттың болмысы, санасы, дәстүрі мен салты, кәсібі, ұстанымы, т.б. да бірде кетіліп, бірде жетіліп осы ғасырлармен бірге жасасып келеді. Бәрінен де бұрын тарих — тәрбиеші, ұлттың бағдаршамы, жол сілтеушісі. Бағдары жоқ ел де, оның азаматтары да тарих айдынында компассыз жүргендермен тең. Олай болса біздің жас ұрпақ тарихтың бетін қалқымай, оған тереңірек үңіліп, тарихтың талай асауларға бас үйреткенін, тәубесіне түсіргенін, жуасытқанын білулері керек. Сол себепті де тарих ғылымының танымдық және әлеуметтік функцияларына шабуыл ешқашан да толастамағанын, әсіресе, бодан халықтардың тарихы өрескел бұрмалаушылықтарға ұшырағанын да білгендері жөн. Кеңес Одағы тұсындағы орталықтық: Кеңес Одағының жекелеген халықтарының тарихы дербес субъект ретінде зерттелуі

мүмкін емес, ол тек объект ретінде ғана қарастырылады; кіші халықтардың орталықтан тыс өз тарихы болмайды; Ресейдің шет аймақтарды жаулап алуы тек прогресшіл құбылыс ретінде түсіндірілуі тиіс; шет аймақтардың тәуелсіздік үшін күресі дәріптелмеуі керек; ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілері, батырлары мен қолбасылары мадақталмауы тиіс, оларда жауынгерлік күрес тарихы болуы мүмкін емес деген сияқты ақыл айтушылық, қана емес, талап етушілік ұстанымдары болды.

Осы секілді ұстанымдар салдарынан қазақ тарихы отарлық саясаттың бір нысаны ретінде ғана баяндалды. Тарихтың халық тағдырында алатын ерекше орны ескерілмеді. Кезінде Ә.Бөкейханов: «Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға бейім тұрады... Дүниеде өңге жұрттар қатарында қор болмайын, “тұқымым құрып қалмасын” деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады», – деп жазған болатын. Сондықтан ол бастаған Алаш азаматтары қазақ болмысын айқындайтын рухани құндылықтарға ерекше көңіл бөліп, ұлт тарихын, ұлттық сананы қалыптастыратын, бір ізге түсіретін істерге ерекше назар аударды. Алайда, Кеңес өкіметі ұстанған саясат Алаш азаматтарының бұл ойын жүзеге асыртпады. Өйткені, ол тұстағы ұстаным бойынша аз, кіші халықтардың мемлекет субъектісі ретінде өз тарихтары болмайды, ол тек үлкен тарихтың объектісі деп түсіндірілді. Осы ұстаныммен бұрынғы ұлт-азаттық көтерілістер бүлікшілік ретінде бағаланып, оның жетекшілері тарихи тұлғалар емес, елге іріткі салушылар деп қараланды. Ал Ресей империясының өзінің шет аймақтарын жаулап алуы бұратана халықтарды өркениетке бастау, жақсылыққа жетелеу, көзін ашып, көкіректерін ояту деп түсіндірілді.

Қазір біз тәуелсіз даму жолындағы елміз. Алайда, үш ғасырдан астам уақытқа созылған Ресей империясының, кейінгі Кеңестер Одағы жүргізген саясаттың үстемдігі Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялағаннан кейін де бірден жойыла қоймайды. Өйткені, ол отарланған халықтың рухани өміріне тереңірек тамыр жіберді. Кезінде Қайта өрлеу дәуірінің ірі ойшылы Никколо Макиавелли ұзақ уақыт отарланған халықтың санасында үстемдік еткен ұлттың тілі, діні, мәдениеті сақталып қалатыны жөнінде ескерткен болатын. Ал, Кеңес Одағында басқа халықтарды ұлтсыздандыру саясаты ғылыми негізде, жүйелі түрде



оқулықтарға кіргізіле отырып жүргізілді. Мысалы, басқасын айтпағанда марксизмнің құрамдас бөлігінің бірі деп жоғары оқу орындарында оқытылған «Ғылыми коммунизм» курсына, болашақ коммунизм кезінде ортақ бір тіл — орыс тілі, ортақ бір мәдениет — орыс мәдениеті, аралас неке болатындығы ашық айтылып, кітап бетінен тараулар мен тармақшалар берілді.

Бұрынғы отарлық кезең де, Кеңес дәуірі де көпғасырлық қазақ тарихының бір бөлігі, сондықтан ол біздің қазіргі жазылып жатқан тарихымыздан өз орнын алуы тиіс. Кейбіреулер, көбі жағымпаздар, немесе, ұлттық рух пен намыстан, тарихи санадан мақұрымдар Ресей империясы құрамында, Кеңес Одағында өмір сүрдік, жақсысы да, жаманы да болды, өтті, кетті, енді ол кезең туралы айта берудің не қажеті бар — дейді; екіншілері, бұл кезеңді айта беру өспеген сананың, отарланған халықтың «кекшілдік сезімі» деп түсіндіргілері келеді; ал, осындай санадағылардың үшіншілері, Кеңес Одағында бәріміз бірдей, тең құқылы өмір кештік деп отарлық кезеңді мүлдем жоққа шығарғылары келеді; төртіншілері болса, қазақ халқының отарлық үстемдікке қарсы күресін ұйымдаспаған «қарсылық қозғалысы» ретінде көрсетіп, «ұлт азаттық қозғалысы» түсінігін ғылыми айналымнан шығарып тастауға әрекеттенуде. Осыған қарағанда біздер әлі орыс тарихнамасының «шинелінен» шыға алмай келеміз, бізде ұлттық мүддемізге жауап беретін, шынайы Отан тарихы әлі жазыла қойған жоқ — деген қорытынды жасауға болады.

Бұлардың бәрі ұлттық болмысын енді тіктеп тарихи санасына сілкініс жасап жатқан қазақша ойлау мен тарихқа ұлттық сана тұрғысынан қараушылар мен европоцентристік методология ұстанған орысша ойлап өлшейтіндер мен басқа ағайындарымыздың арасындағы ақиқатқа жету жолындағы әрекеттер екені көрініп тұр.

Мұндай қорытынды жасау себеміз, ел тәуелсіздігі тұсында да көптеген мәселердің тарихи ақиқат тұрғысынан баяндалмай, қайсыбірінің дүдәмал тұстарының көп болуы дер едік. Олардың қатарына: бұрыннан келе жатқан мәселе қазақ халқының қалыптасуы мен қазақ хандығының құрылу кезеңдері, қазақ халқын аса зор материалдық, интеллектуалдық, мәдени-рухани, психологиялық нәубетке ұшыратқаны отарлық үстемдіктің шын тарихы; өткен Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қазақ халқының қырғынға, ашаршылыққа ұшырауы; халық қамын ойлаған Алаш

зиялыларының мақсат-мүдделерінің орталықтың ойымен қабыспауларының саяси-әлеуметтік себептері; 1986 жылғы оқиғаның және басқа да көтерілістердің дұрыс бағасын ала алмай келе жатқаны, т.б. айтуға болады.

Тәуелсіз еліміздің өткен тарихына шынайы көзбен қарап, деректерге жүтінсек, қарапайым қазақ қауымының көпшілігінің Қазан төңкерісін қабылдайтындай, оны ой елегенінен өткізетіндей саяси да, қоғамдық та санасы болған жоқ, өздерінің тіршіліктеріне де қолайлы болмаған, ал оның мәнін түсінген сол кездегі қазақ зиялыларының 99 пайызы Қазан төңкерісіне қарсы болғанын мойындауға мәжбүрміз. Алайда ол жөнінде нақтылы материалдарды біздің тарихшыларымыз әлі күнге дейін ғылыми айналымға қоспай отыр. Ал оған танымдық-тағылымдық, жалпы дүниетанымдық тұрғыдан баға беру басқа қоғамдық-әлеуметтік ғылымдар өкілдерінің ойына да кірмейді. Тарихи санасы қалыптасқан тәуелсіз ел азаматтары олай етпесе керек.

Біздің тәуелсіз мемлекет жолымен дамуымыз барысында Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясы Кеңес Одағы республикаларында өткен ғасырдың 30-жылдары болған жаппай аштық құрбандарын еске алу туралы қарар қабылдады, олардың ішінде Қазақстан да бар. Соған қарамастан, жалтақтықтан құтылмаған, өз болмысымызды тіктеп, санамызға сілкініс жасап үлгермеген біз осы халықаралық қоғамдық пікірге ден қоймай, әліптің артын бағудамыз. Бұл — демократиялық құндылықтарға бой ұрған елімізге де, ұлттық рухани болмысымызға да үлкен сын.

Тәуелсіз Қазақстан тарихы жас ұрпақтарға ғана емес, бәрімізге де қымбат. Наполеоннан «тарихты жасайтын кімдер, бұрмалайтын кімдер?» деп сұрағанда, «тарихты жасайтын біздер, ал бұрмалайтын тарихшылар» деуі тегін айтылмаған. Ендігі жерде Қазақстанның тарихын Кеңестік дәуірге дейін, одан кейін деп екіге бөліп, бірін қаралап, екіншісін даралап мақтаудың қажеті жоғын түсінгеніміз абзал. Өйткені, Қазақстанның бір ғана тұтас тарихы бар, оның бір кезеңі — «нағыз», келесісі — «жалған» емес деушілердің пікірімен де есептесіп, алдағы уақыттарда сана болмысы тұрғысынан саралаған абзал. Біздің бұл ойымыз бүкіл қоғамдық гуманитарлық ғылымдарға, әсіресе, қазақ әдебиетіне де қатысты. Өйткені, басқа гуманитарлық ғылымдар маркстік-лениндік ұстаныммен жүрсе, әдебиет оларға қоса «жағымды» және «жағымсыз» образдарды

қолдан жасап көркем санамызды көркейтпей қойды.

Соған қарамастан, өткен тарихымызға көз жүгіртсек, қазақ халқы өзінің табиғи дарыны, тарихи-саяси, қоғамдық ахуалына байланысты, батырлары мен билерінің ерен еңбегінің арқасында ұлттық сананың халықтық шеңберін бойларына терең сіңіре білді. Сондықтан да ұлтымыздың тарихи жолында ешбір отарлау саясатының зобалаңы қазақтың ұлттық санасын сансыратқанымен, түбегейлі жоя алмады. Тек қана Кеңес Одағының жасырын, астарлы, зымиян, зұлымдық саясатының кесірінен терең тарихи тамырынан сусындап өскен ағашы қатты зақымданды, ұлттық намысының деңгейі төмендеді, бірақ ұлттық тамыры біржолата солып кеткен жоқ. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы тұсындағы ақын Жұбан Молдағалиевтің қызыл империя қылышынан тайынбай өз ойын білдіруі, қазақ жастарының ұйымдасқан талап-тілектері осының айғағы.

XV ғасырдан бастап дүниежүзілік әдебиеттерде кең қолданыла бастаған ұлттық мүдде ұғымы жалпыұлттық іс-әрекетке негіз болатын себептер мен құбылыстарды қамтиды. Ұлттық мүдде мәселесі түрлі саяси күштер мен топтар тарапынан әрқалай түсіндіріледі, әр қилы ұғынылады. Ұлттық мүддеге саяси және идеологиялық кеңістікте мемлекеттік, қоғамдық, ұжымдық мүдде және жеке тұлғалар мүдделері тікелей әсер етеді, немесе, олар өзара байланысып, ықпалдасып жатады. Қазіргі халықаралық саяси қатынастарда ұлттық мүдде мәселесі ерекше маңызға ие. Тіптен, лаңкестік топтардың өздері жанкештілік әрекеттерінің себебін ұлттық мүдде деп жариялауда.

Қазақ ұлтының ұлттық мүддесі оның ана тілін сақтауға, демократиялық ахуалының жақсаруына, ұлттық төл мәдениетінің дамуына, салт-дәстүрінің сақталуына, әдебиеті мен ғылымының өркендеуіне, рухани мұраларының жаңғыруына байланысты. Ұлттық мүдделеріміздің іске асуы оның тарихи кеңістікте ұзақ өмір сүруін қамтамасыз етеді. Ал сол мүддені іске асыратындар білікті, білімді, ұлттық рухы мен санасы барлар. Міне, осындай адамдар, егемен елдің жастарына үлгі болар тұлғалар, тәуелсіз елімізде шетқақпайлық көрмей, бойындағы бар қасиеттері мен қабілеттерін жастарға беріп кетулеріне мемлекет тарапынан жағдайлар жасалуы керек. Әрине, ұлттық сананың қалыптасуы түрлі шаралармен, заң жолымен біте салатын нәрсе емес, ол үшін әр қазақтың өз ұлтының, ата-

бабаларының алдындағы жауапкершілікті терең сезіне білуі, осы жолда күресе білуі керек. Әсіресе, оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмыстарына жауапты адамдардың да мұны терең түсінгендері жөн.

Барлық өзгерісті орталықтан күтіп отыратын, ұлттық санасының өсуін «ұлтшылдыққа» балап дамытпаған империяның бір бөлігі Қазақстанды мекендеуші қазақ ұлтының бойында Кеңес дәуірінде «күлдық психологиямен» қоса, ұлттық «дәрменсіздік», «кіріптарлық» да қалыптасқан еді. Соның салдарынан тәуелсіздік тұсындағы өзгерістерге қазақ қоғамы да, ұлтымыздың қоғамдық санасы да даяр болмай шықты. Біз бұрынғыша біреуден шешім күтіп соны орындауға қалыптасып қалған дағдымыздан шыға алмадық. Өйткені, біз ұзақ жылдар бойы әлдекімді асыра дәріптеуге, немесе, адал еңбекті ескерусіз қалдыруға соқтыратын, азаттық тарихын көшбасшылар тарихына айналдыратын сыңаржақ тарихи көзқарасқа жол берген ел, соны санаға сіңірген ұлт болып қалыптасқан едік. Қазіргі уақытта жағдай басқа, біз қаласак та, қаламасак та, біз де бүкіл әлем қауымдастығымен бірге даму үстіндеміз. Алайда, қазақтар Қазақстанда байырғы ұлт, азаматтардың басым бөлігі әрі мемлекет құраушы ұлт ретінде қандай да құқықтық басымдыққа ие болмаса да, тарихи миссияны – елдегі бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етіп отырғанын, мемлекеттік мәртебесі бар тілі – барша қазақстандықтарды ұйыстырушы тіл болуы керектігін баса айтсақ, бізді әлемдегі ешқандай қауымдастық ақиқаттың ақ жолынан ауытқыдыңдар деп кінәламасы анық.

Қазіргі жаһандану заманында тарихи сананы қалыптастыру, тарих ғылымын, басқа да қоғамдық гуманитарлық ғылымдарды жетілдіру біздің мемлекеттік саясатымыздың басым бағыттары болуы керек. Осының айғағы ретінде 1995 жылы «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» қабылданғанын, 1998 жыл «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп жарияланғанын, ал 2004 жылғы 13 қаңтарда «2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы өмірге келгенін және әлемде теңдесі жоқ бұл бағдарламаның күні бүгінге дейін өз жалғастығын тауып жатқанын, тағы басқаларын айтсақ та жеткілікті.

Қазіргі уақытта Кеңестік дәуірдің тар шеңберінде қалған тарихымызды, қоғамдық-философиялық ойымызды әлемдік

биікке көтеру басты мақсат. Қазіргі уақытта Қазақ елі көшпелілер өркениетінің орталығы, түркі халықтарының атажұрты ретінде әлемге таныла бастады, осындай жағдайда өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау ұлттық идеямыздың құрамдас бөлігіне айналуы қажет. Идея — ой, түпкі ой, бір нәрсенің негізгі ойы, теориялық жүйенің, логикалық құрылымның, соның ішінде дүниетанымның негізінде жатқан анықтаушы түсінік. Идеология— адамдардың үлкен әлеуметтік топтарының іс-әрекетіне бағдар беріп, олардың мақсат-мүдделерін білдіретін идеялар мен көзқарастар жүйесі. Идеологияның түрлері көп, солардың ішінде аса белгілісі саяси идеология.

Алайда, ел азаматтарының отаншылдық сезімін білдіретін ұлттық идея мен саяси идеология арасында үлкен айырмашылық бар. Ұлттық идея — халықты топтастыратын, біріктіретін, өз елі үшін мақтаншқа бөлейтін асқақ рух болып табылады. Сондықтан Отан үшін, ұлты, халқы үшін адамдар ғажап ерлік көрсетіп, идея үшін өзін құрбан етуге дейін барады. Осындай істің жарқын үлгісін, сана болмыстарының биіктігін кезінде Алаш азаматтары көрсетті. Жастарды ұлт бірлігі мен отаншылдыққа тәрбиелеудің басты факторларының бірі тарихи сана қалыптастыру екенін, оның халықтың зердесі, қайнар күші екенін ұстаздар қауымы мен аға ұрпақ өкілдерінің естен шығармағандары жөн. Өйткені, әр халық өз тарихынан ғана қуат алады, өз болмысын қалыптайды, сонысымен де ерекше.

Түрлі мәдениет пен білім саласында жинақталынған алуан мәліметтерді қабылдасақ та, оларды өз болмысымызбен және мәдениетімізбен үйлестіруге лайықты арнайы дайындық керек. Әр саладағы мамандарымыз көненің көзі мен бүгінгі тәуелсіз елдің қажетін бірдей алып кете ала ма, әңгіме сонда. Оның басты талабы — мамандардың интеллектуалды және әдістемелі мәдениетін бірдей қалыптастыру. Әзірге бұл бағытта тындырған істерден гөрі, үзілмеген үміт басым. Ең басты ескерер жайт — төл тамырымыз бен мәдениетімізге деген патриоттық сезімнің, азаматтық құлшыныстың, қазақтық, ұлттық болмысымыздың жетіспеуі. Кейбір рухсыз, намыссыз жастарымыздың бойында бақытты, жақсы өмірді басқа жақтан іздеу сияқты құбылыстар да кездеседі. Мұндай жағдайдың Президенттің «Болашақ» бағдарламасымен шет елдерге барғандардың ішінде де кездескені өкінішті. Бұл туралы Президент: «...Мен кейбір болашақтықтардың елден

ұзаған соң ұлтпен байланысын үзетінін, ұлтжандылық сезімді жоғалтатынын көп естіп жүрмін», – деген еді. Иә, шетелдегі жақсы өмірдің, мол ақшаның буына масайрағандар өзінің туған еліне, өскен жеріне менсінбей қарайтындар жоқ емес. Салыстыру үшін айта кетелік, ХХ ғасырдың басында Петербурда, Варшавада, Уфада, Қазанда, Түркияда, Томскіде және басқа шет жерде оқыған қазақ зиялылары жоғары біліммен туған еліне оралып, ел болашағын ойлап, сол үшін күресіп, жандарын да сол ұлы мақсат жолында пидә етті, Алаш ардақтылары кейінгі ұрпағының жадында жақсы атымен қалды.

Біздің ойымызша, оның басты себебі, қазіргі жастарымыздың бойындағы этномәдени білім мен тәрбиенің тапшылығы болса керек. Әйтпесе, ата-бабаларымыздың айтып кеткен: «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», деген өсиетін ескерер еді. Бақытты өмірді басқа жақтан іздемей, өз Отанымызды бұл дүниенің жәннаты мен шуағы деп есептеп, өз білімдеріміз бен қайрат-жігерлерімізді еліміздің мүддесіне жұмсауымыз керек деп түсінер еді. Туған еліміз дәулетті, туған жеріміз сәулетті болса бұл бүкіл ұлтымыздың ырысы. Ал оны әрі қарай еселейтін бүгінгі жастар. Кешегі Кеңес кезінде «бәрін де кадр шешеді» деген ұран болды, кезінде оның мәнісіне терең үңілмедік, байыптап қарасақ, орынды қойылған талаптардың бірі.

Біз ғасырлар мен мыңжылдықтар алмасып, әртүрлі үлгідегі қоғамдар қалыптасқан, соған сай адамдардың болмысына өзгерістер еніп, психологиясы сол өзгерістерге бейімделген, ұлттық саналары да ояна бастаған кезеңде өмір сүріп отырмыз. Адам атаулының жасампаздығына, яғни, қоғамды да, дүниені де өзгерте алатынына нақты көзіміз де жетіп келе жатыр. Алайда, кісінің санасынан өткен шақтың өкініштері де, қуаныштары да өшірілмек емес.

Солардың бірі біздің әлі күнге дейін өз тарихымызды, бабалар жасап кеткен байтақ тарихымызды өндіріп жаза алмай, өзгелердің жазып кеткен жылнамалары мен айтып кеткендеріне жүгінумен келе жатқанымыз, өзгенің айтқанын қайталауымыз. Шындығына келсек, олар біздің тарихымызды өз мемлекетінің мүдделері тұрғысынан және өз таным-түсінігі деңгейінде ғана жазды. Ендеше, бізді осы кездері тұтас елді біріктіретін ұлттық сананы қалай қалыптастыруға болады деген сауал толғандыруы тиіс. Ұлттық сананы қалыптастыру үшін Ұлы Дала тарихын ұрпақ санасында тірілту керек шығар деген шешімге тоқталған зерттеушілердің пікірінің жаны бар.

Ұлттық рух — халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталатын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін өміршендік күш-қуаты. Ал Ұлттық намыс — ар-ожданнан бастау алатын, отансүйгіштікпен ұштасып жатқан рухани-құндылық сезім. Ұлттық намыс адамның ұлттық құндылықтарының маңызын түйсінуден туындап, халқының мұң-мұқтажын түсініп, туған елін қорғауымен сипатталады. Ұлттық намыстың негізгі көрінісі адамның туған еліне сүйіспеншілігінен, төл мәдениетіне деген құрметінен байқалады. Намыс адамның өзіне етене жақын дүниесінің ұлттық рухани мұраларының қадірін білуімен негізделгендіктен, оның құрамдас бөлігі болып табылады. Ұлттық намыстың этностың рухани өмірінде өзіндік зор маңызы бар. Ұлттық намыс ұлттың өзіндік менін, өткен тарих тағылымын ұмытпай, ар-ожданын таптатпауы үшін керек. Ұлттық намыстың қозғаушы күш-қуатын әдеби мұралардан: батырлық жырлардан, тарихи жырлардан, соларды арқау еткен тарихи шығармалардан айқын көреміз. Ұлттық намыс елдің ұлттық тұтастығы мен рухани бірлігіне қызмет жасайтын елдікпен егіз ұғым.

Кезінде Кеңестік жүйенің Қазақстанды ұлтсыз елге айналдыру мақсатында жүргізген саясатының кесірінен қазақтың ұлттық санасы табиғи өсуінен қалыс қалды, ұлттық рухы әлсіреді, елдегі саяси биліктегілердің патриоттық өрісі тарылды, не мүлдем жойылып, өзін, ұлтын сыйлаудан қалды. Бұдан шығатын қорытынды — келешек жас маман саясаткерлерді, іс басындағы жастарды толықтай ұлттық құндылықтарымызға қанықтырмай, бойларына этномәдени болмысты дарытпай, оларға билік тізгінін ұстатуға болмайды. Жастар ең әуелі қазақтың тілін, дінін, ділін сыйлауға тиіс. Бойында осындай ұлттық намысы бар қазақ жастары айтылғандардың өздерінің болашақ өркендеу өзегі екендігін әбден сезініп, әрі оған сеніп, соған орай мемлекеттің мүддесін қорғау мақсатында саясаттың күрделі кеңістігіне парасатты түрде қадам басулары қажет. Ал дүние мен байлықты, жеке басы құлқынын ойлайтын, намыссыз адамдардың ұдайы сұм істерін жалғастыра беретінін ескеріп, ондайларды биліктен ығыстыруды көздейтін жолдарды қарастырып, кадр саясатын ұлттың мүддесін қорғай отырып, мемлекеттік бағытта жүргізу заман талабы екенін ескергеніміз абзал.

## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛГЕ – ЕЛДІК САНА

Қазақстанның Тәуелсіз даму жылдарында елімізде біраз өзгерістер болды. Өмір болған соң жеткен табыстарымыз да, әттеген-ай дегізетін тұстарымыздың да болуы заңдылық. Бірақ сол жетістіктеріміздің ең бастысы – Қазақ елінің тәуелсіздігі болмақ. Тәуелсіз, азат елде ғана тәуелсіз сана, отаншылдық, патриоттық сезім қалыптасады. Қазақта: *атақоныс, атажұрт, атамекен* деген ұғымдар бар. Атақоныс сонау ескі замандағы қауымдасып, тайпа (ру) күйінде өмір сүрген аямыз болса, атажұрт соның сан ғасырлық тарихынан хабар беріп тұрады. Ол кешегі ата-бабаларымыздың тірісінде өмір сүрген, жайлаған жері болса, бақилыққа өткеннен кейін қалған орны (моласы-мазары), ойы-қыры, олардың атымен байланысты жер-су аттары т.б. Ал, *атамекенге* келетін болсақ, ол жекелеген руға емес, бүкіл қазаққа ортақ олар өмір кешкен географиялық орта, жер, мекен. «*стан*» сөзін көне заманнан тамыр тартқыза қарастырсақ қоныс, тұрақ, мекен дегенді білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда, біздің бүгінгі Қазақ елінің – «Қазақстан» аталуы да орынды. Бұл «*станның*» иесі қазақ ұлты. Сондықтан да қанша нәубетті көрсе де, осы мекенге өзіміз иеміз дейтін жұрт үдіре көшпеген, «мың өліп, мың тіріле жүріп» оның өткенінің үлгілі тұстарын жырларына арқау еткен, кейінгілерге жеткізіп отырған, сөйтіп ауызша тарихтың ерекше үлгісін жасаған.

Осылайша өз болмысын қалыптаған қазақ халқы, жаңа заманда Қазақ еліне айналды. Өз отанының азаттылығына, тәуелсіздігіне қол жеткізді. Енді осы Тәуелсіздіктің баянды болуымен қатар, басқа елдермен, ұлт-ұлыстармен тереземіз тең болуын әрбір саналы азамат армандап қана қоймай, соған өз деңгейінде үлес қосуы керек. Біз қазір бәсекеге қабілетті ұлт туралы көп айтамыз. Шын мәнінде бәсекеге қабілетті ұлттың әрбір өкілі бәсекеге қабілеттілігін, даярлық деңгейін, білімдік және даралық даму дәрежесін көрсете білулері керек. Қазіргі біздің ұстанымымыз – жедел жаңару жолы елдікті ойлаған отандастарымыздан жаңа әрі серпінді ізденістерді, Қазақстанды жан-тәнімен сүйетін өз Отанының патриоты болуды талап етеді.

Әрине даму барысында қай мемлекетке де тарихтан үйренгендері ләзім. Алайда егемен, тәуелсіз елдің жолы да болуы шарт. Әлемдік саяси-құқықтық практика



да, демократиялық ұстанымдар да, тіпті өзге елдердің «ақылына» да кейде құлақ түргеннің зияны болмас. Дегенмен, Қазақстанның өзіндік жолын таңдауына да, сол жолмен жүруіне де құқы бар. Жиырма жылдық тәуелсіз тәжірибеміз көрсеткендей ол жол — бейбітшілік жолы, руханият жолы, кемелдік жолы, кейбір зиялы қауым өкілдері айтып жүргендей «Абай жолы». Дана Абай өз ұлтын оқуға, ғылымға, білімге, білуге шақырды, «бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесең — істің бәрі бос» - деп, «бас басына би болмай», біріуге, түсінісуге шақырды. Біз соған құлақ астық. Ел іші тыныштық, еліміз азат, азат елде тұратындардың ұйқысы да тыныш. Ал дүниенің болмысы туралы ой ойлай қалсақ, Абайды іздейміз, ойланбасақ, ойын-сауықпен жүрсек хакімнің қажеті жоқ болар еді.

Өз жолдарын айқындаған мемлекеттер арасында мүдде ғана болатындықтан мессиялық қамқорлыққа қай мемлекет те зәру емес, ендеше, өзгенің өз ақылы өзіне, әркім өзін жарылқап алсын. Ал Батыс елдерінде көп айтылатын демократияны да жалаң түсініп етек-жеңімізді түріп алып, Батыс пен Еуропаның соңынан жүгіре берудің де қажеті жоқ. Демократиялық өзгерістерді елдің хал-ахуалына қарай, алғышарттардың жетілуіне қарай біртіндеп жүзеге асырған жөн. Қазіргі уақытта әлемнің белгілі мамандары ұлттық мүдде мен ұлттық құндылықтар туралы жиі жаза бастады. Бұл қоғамдық пікірде ұлттық идеяларды қажетсінуден туған құбылыс. Өйткені, соңғы кездерде бізде де, бізбен көрші елдерде де идеологияға қатысты мәселелер жиі көтеріледі. Бірі мемлекеттік идеология ретінде негізге алар ұстаным бар десе, екіншілері жоқ дейді. Бұндай мәселе Ресей елінде де бар. Сондықтан олардың бірі идеологияның негізі ретінде мемлекет екендігін, тұрмыс сапасын, демократияны, ал екіншілері — ұлы державалық қуат, әділеттік, руханиятты ұсынады. Қалай болғанда да ізденіс толастамауда. Ресей ғалымдары руханиятты материалдық игіліктерге қарағанда моральдық-адамгершілік құндылықтарға басымдық беретін ресейліктердің өзіндік өмір салты деп түсінеді. Өз бастауын православиелік діни философия мен мәдениеттен алатын орыс қоғамына тән әлеуметтік әділеттік негізгі дәулеттің, байлықтың өз маңдай теріңмен адал табылуы. Елімізді коррупция жайлаған қазіргі уақытта бұл туралы біздің де ойланғанымыз абзал. Ендеше еліміз дамуын әлеуметтік-

экономикалық жаңғыртудың ең маңызды мәселелерінің бірі – сыбайласа жемқорлықпен күрес, сондықтан оның жаңа стратегиясын жасау қажеттігі де осы мақсатты көздесе керек. Ел ішіндегі әлеуметтік келеңсіздіктер мемлекетіміздің егемендігіне, экономикалық тұрғыдан қуатты дамуына, тіпті тәуелсіздігін қамтамасыз етуіне де әсер етеді. Әзірге әлемдік практикада өзін ақтаған бір-ақ жол бар. Ол – егеменді демократияны сол елдің ішкі саясатының мәні деп бағалау. Отан азаматтардың өз елінің саясатын өзі анықтау құқығы және оны сырттың қандай бір болмасын қол сұғуынан қорғай білуі, керек болса тіпті қарудың күшімен де қорғау болып табылады. Бұл жолда біз өз көзқарасымызды, ұлттық құндылықтарымызды табандылықпен қорғаудан қашпауымыз керек.

Жаһандану заманы адам мен қоғам болмысының әр салаларында өзара аралас-құраластық, үйрену, ықпал ету ғана емес, басқа да барды көшіріп те алу емес, ол әлемдік тәжірибелер мен озық үлгілерге сүйене отырып, әр салада өзінің тәуелсіз саясатынды жүргізуді, өзінің ұлттық-этникалық болмысынды сақтауды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда бүкіл әлем елдерінен, оның ішінде үлкен мемлекеттер, әрі көршілес елдер Қытай мен Ресейден де біздің үйренетін тұстарымыз көп. Мәселен, Қытайда сонау Конфуций заманынан бастап жаңаны бірдей қабылдай салмай, оны «жеті рет өлшеп, бір рет кесу» қағидасы күні бүгінге дейін сақталған. Өйткені, олар, жылтырағанның бәрі алтын емес екенін де, жаңа біткеннің бәрі жақсы емес екенін де біледі. Бір күнгі, немесе, уақытша пайданы көздемей, мәселеге мемлекеттік тұрғыдан келеді. Ал Ресей болса қазіргі уақытта өздерінің рухани құндылықтарына ерекше көңіл бөле бастады. Алып мемлекет басшылары мен зиялылары тарихи дәстүрлерінен, этномәдени құндылықтарынан мақрұм қалған елдердің тәуелсіз саясат та жүргізе алмасын түсінді. Сөйтіп «Отан және адамдар» атты мемлекеттік қойылымдар сериясы дүниеге келді. Елдің өткен тарихы, оның елдік, ерлік бетпері баспасөз бен электрондық ақпарат құралдары арқылы да дәріптеліп жатады. Әрине, бізге оларды, қазіргі жасап жүргеніміздей қорытпай көшіріп алудың еш қажеті жоқ. Алайда олардың біз үшін тәжірибелік маңызы зор. Ендеше бізге де өз руханиятымызға, тарихымызға, этномәдени құндылықтарымызға көңіл бөліп, одан сабақ алып отырсақ

артық болмайды. Ресей елінен, оның бүгінгі саяси-әлеуеттік, құқықтық дамуынан да үйренетін тұстар бар. Бірақ басқалардан үйрене жүріп, олардың іс-тәжірибелерін ескере отырып бір нәрсені үнемі естен шығармауымыз керек. Біз егемен, тәуелсіз елміз, ендеше біздің өз жолымыз бар. Сондықтан бізге екі мұхиттың ар жағында туған демократия, саяси-құқықтық нормалар мен өмір салттары емес, өз топырағымызда өсіп жетілген ұлтымыз жатсынбайтын, өз қоғамымыз дүниеге келтірген нормалар қажет. Осындай ұстаным ғана ұлтымыз бен ұлыстарымызға түсінікті болып, ел ішіндегі бірлік пен берекеге, тәуелсіздігіміздің баянды болуына қызмет етеді.

Қалай болғанда да біз бүкіл әлемнен оқшаулана алмаймыз. Сондықтан ұлттық мүдделерімізді қолдай отырып, әлемдік өркениеттің үздік үлгілерінен оқып-үйренуді, өзара ықпалдасуды басшылыққа алуымыз керек. Батыс пен Шығыс екі дүние, бұл екеуінің бір-бірінен алшақ та, қабысатын да тұстары бар. Әлем саясаткерлері мен ойшылдарының жаһандану тұсындағы басты бағыты, ұстанымдары олардың дербес өмір сүре отырып, жақындасуына, түсінісулеріне, табысуына жағдай жасау. Өйткені біздің бәріміз де осы жер деп аталатын материктің тұрғындарымыз, ендеше мәңгілік тұрағымыздың да қамын бірлесе ойлағанымыз жөн болар.

Бұрынғы уақыттарда мемлекет айналысатын істердің қай саласын алсаңыз да білікті мамандар болатын. Тоқтамды пікірді солар айтушы еді, оған жай адамдар ғана емес, билік басындағылардың өзі құлақ асушы еді, олардың пікірлерімен санасушы еді. Бұл күндері «тайлағы жоғалмағандардың» бәрі ақылды, ал креслода отырсаң сенен ақылды адам жоқ, қалталы болсаң да өз ақылың өзінде, өзгелер ештеңе білмейтіндей, сен көп білгеннен байып жүргендей кейіп туғызасың. Ал бұндай үрдіс ел ішінде көбейген сайын рухани құндылықтар мен еркін ойға орын қалмайды.

Халқымыздың моральдық, адамгершілік дағдарысқа ұшырауына ел басқарып отырған, елге үлгі-өнеге көрсетеді, жол сілтейді деген азаматтарымыздың әртүрлі жағымсыз іс-әрекеттері де үлкен әсер етті. Әсіресе, әрқилы түрдегі парақорлықтың кең тарауы төтенше індет болды. Облыстың, ауданның басшыларынан бастап көшедегі ГАИ-дың қызметкеріне дейін бірсыпырасы параға сатылатын халге түсті. Кез келген нәрсені ақшамен, болмаса тамыр-

таныстықтың күшімен шешуге болады деген ұғым қалыптасты. Адамды ақыл-ойына, біліміне, ұғым-түсінігіне қарап емес, қызметіне креслоның дәрежесіне қарап бағалау, құрмет көрсету дағдыға айналды, одан келіп басшылар мен бағыншылардың арасындағы қарым-қатынастың жағымпаздық пен екіжүзділікке құрылуы қанат жайды. Үлкенді-кішілі жауапты қызметтегі жолдастар үлкен мінбелерден адалдық, адамгершілік, моральдық тазалық туралы неше түрлі керемет сөздер айтып, сосын мінбеден түсе салып, бұл айтқандарына мүлдем сыйыспайтын неше түрлі пендешілік, тірлік жасады. Және мұның бәрі дерлік халықтың, елдің көз алдында ашықтан-ашық жүріп жатты. Міне, соның бәрі қалың бұқараның сана-сезіміне, ұғым түсінігіне, көзқарасына кері әсерін тигізді, адал еңбектің, таза маңдай тердің құнын түсірді, шындыққа, адамгершілікке, әділдікке деген сенімді жоғалтты.

Адамның білімді, мәдениетті, арлы, адал, батыл, өз елі мен өз сөзін қорғай алатын батыр болғаны ауылдық, аудандық, облыстық, кейбір республикалық дәрежедегі басшыларға ешқандай қажет болмай қалды. Бас шұлғи беретін ынжық, ары мен ұятын өзі де таптаған, өзгеге де таптатқан жағымпаз, екіжүзді, тепкіге төзгіш, бүгінгі айтқанынан ертең тайып шыға келетін, немесе, бетке күліп тұрып, артынан күл шашатын, өзінің бір күндік пайдасы үшін көпшіліктің мүддесін қиналмай сата салатын «саяси саудагер сабаздар» ғана билікпен тіл табыса алатын болды. Өсти-өсти елімізде сатқындыққа бейім адамдар басты саяси күшке айналатын сияқты. Адалдықсыз да, ғажап жеңіске жетуге болатынын жанталасып дәлелдеп жатқан бүгінгі биліктің түрі жан күйзелтеді.

Сондықтан да Президент ҚР халқына Жолдауында жаңа кадр саясатының басталғандығын жария етті. Ол саясаттың мақсаты — материалдық және рухани өркениетке қадам басқан еліміздің жетістіктерін білім-білігімен ғана емес, биік санасымен ұйымдастыратын, соның арқасында сыбайлас жемқорлықтың жолын кесетін мамандар даярлау. Бұл ретте Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің облыстық басқармалары мен тәртіптік кеңестеріне жүктелер міндеттер аз емес. Өйткені, мемлекеттік қызмет атқарып жатқандардың білім-білігін ауық-ауық аттестациялау, ал жаңадан қабылданатындардан емтихан алу біздің міндетіміз,

жаңадан қабылданатындарды комиссияда іріктегенде білім-білігімен бірге, биік саналылығына, ниет тазалығына да көп мән беру қажет.

Мемлекеттік қызметте маңызды мәселенің бірі — халық сеніміне ие болу. Ол сенімнің әрбір қызметкерге ең алдымен тазалығы, адалдығы, іскерлігі және басқа да көптеген жеке қасиеттері арқасында келері анық. Есімі алты алашқа мәлім Бәйдібек бабадан: “Төрде отырған теріс сөйлесе, есікте отырған керіс сөйлейді” деген сөз қалған. Кеңестік қоғамның әкімшілік-әміршілік жүйеге құрылғанына қарамастан, ол заманда шенеуніктер, компартияның қаһарынан қорыққандықтан ба, әйтеуір өздерін өздері мақтай бермейтін, алдарына барған адамдармен де, амалсыздан болса да, сұлу-сыпайы сөйлесетін, кейде тіпті шаруаларыңды тиянақтап та беріп жататын. Облыс, аудан әкімдерінің өздерінің қоластындағы газеттер беттерінен түспейтіні бір басқа, бүгінде кейбір өңірлердің басшылары мен ел «сенім артқан» депутаттар, үлкен мекемелердің басшылары өздерін республикалық басылымдар арқылы жарнамалау, мақтату жолдарын да мықтап ойластырып алған. Әлеуметтік саланың әлсіздеу бір мекемесіне көмек көрсете қалса, оны өз қалтасынан ақша шығарғандай дабыралау да кешегінің емес, бүгінгінің салты. Олардың бұл қылығының өрескелдеу екендігі теледидарда түрлі әзіл-оспақ хабарларында да сынның объектісіне айналуда. Бірақ, одан қорытынды шығарып жатқан билік басындағылар шамалы. Кезінде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы республикалық тұрмақ, облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында да онша көріне бермейтін. Осындайдан келіп, осы басшылар тікелей міндеті болғандықтан, жұмысты ел игілігі үшін істей ме, әлде халыққа көрсетіп жақсы атану үшін ғана істей ме деген дүдәмал ой да туады.

Олардан бұл күнде оқыған, білімді, көзі ашық, ауылда да, қалада қоғамның барлық саласында тынбай еңбек етіп, Қазақстанды көркейтуге бар ынта-жігерін жұмсап келе жатқан «қатардағы зиялылар» көп артық. Олардың іс-әрекеті көзге ұрып, бөлекшеленіп тұрмаса да, бұлар қоғамға зор пайда келтіреді, оларсыз қазақ қоғамын елестету де қиын.

Қазіргі қоғам дертінің бірі — мақтаншақтық, алайда, бұған ешқандай тандануға болмайды да. Кез келген кіші-гірім әкімшілік орындарына бас сұға қалып, осындағы әлгі

әкіміне жолығып, қоластындағы халықтың жағдайын сұрар болсаңыз, аузы көпіргенше мақтанғанына куә боласыз. Бар жақсылық ол кісінің аумағында екен ғой деп, тіпті сол аймаққа көшіп барғыңыз келіп кетеді. Ондайда, оу, мұның бәрін несіне айтып отырсыз, бұл сіздің қоғам алдындағы азаматтық парызыңыз емес пе, сол халықтан түсер салықтан күн көріп отырған соң, сіз өзіңіз осындай жұмыстар жасауыңыз керек, мұныңыз әлі аз деп алға басуға ұмтылыңыз дегің келеді ондайларға. Бұл күнде мақтаншақтық үлкен дертке айналды. Оны емдеуді ерте бастан қолға алмасақ, қоғам бір орнынан алға жылжымақ түгілі кейін кетеді. Осыны уақтылы түсінгеніміз абзал.

Республикалық бір баспасөзге мақала жазған қарт қаламгердің: «Ең сорақысы, Абайдың кім екенін білмейтін оқушы орта мектепті алтын медальға бітіріп жатыр, тестің сұрағына дайындалса болды. Ұлттық талғам жоқ. Абылай мен Кенесарыны білмейтіндер университетте оқып жүр. Физика кітабын 6-сыныптың оқушы тұрмақ, мұғалімдер түсінбейді, 4-сыныптың кітабында “Балалар Майкл Джексон туралы не білесіңдер?” деген сұрақты оқып аң-таң болдым» — деп жазғанын оқығаным бар. Оқулықтардың былығы өз алдына бөлек әңгіме.

Идеологиясы, қоғамдық-саяси ойы ерікті дамымаған елдерде адасушылық көп болады, немесе, дамудың тоталитарлық жолына түсулері мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда белгілі философ-ғалым, профессор Ә.Қалмырзаевтың пікірінің жаны бар. Ол баспасөз бетіндегі бір мақаласында: «Посткеңестік елдердің бәрінде, сондай-ақ бізде де қазір танылған идеолог жоқтың қасы. Бұл салаға әркім басшылық етеді. Соның салдарынан әркім өзінше даньшпан, өзінше теоретик, өзінше үлкен тарихшы, өзінше ғұлама ойшыл. Бірінің сөзіне бірі құлақ аспайды. Біріне тоқтау айтар жан болмай отыр. “Өзім білемін, өзім төремін, мен тірі классиктің, мен, мен және мен” деген үрдіс кең етек алуда. Соның салдарынан әркім әр жаққа тартады. Өзінікін дұрыс санайды. Мұны плюрализм демократияның нақты көрінісі деп бағалайды. Әрине, көптің пікірімен санасқан дұрыс. Бірақ көптің бәрі бірдей терең ойлап, бірдей дұрыс пікір айта ала ма? Солардың ішінен жақсысын іріктеп ала білетін, білігі басқалардан жоғары, осы саламен арнайы шұғылданатын кадр болуы керек емес пе? — деп жазыпты. Бұл шындық.

Айтылғандарға біздің қосарымыз, барлық уақытта да билік басындағылар арнайы идеологтар ұстаған. Қазақ қоғамындағы бұрынғы өткен Асанқайғы, Бұхар жыраулар, билер, кешегі Кеңестік дәуірдегі М.А. Сусловтар соның айғағы. Олар елдің ішкі-сыртқы қажеттіліктерінен, ұлттық-рухани құндылықтардан зор хабардар адамдар болған. Бірақ соңғы сөз, соңғы шешімді ел басшылары айтқан. Қазіргі күшті идеологияның да, идеологтың да жоқтығының объективті себептері бар. Кеңес өкіметі тұсындағы қайта құру, онан кейінгі оның құлауы тұсында бұрынғы идеологияны мансұқтау, идеология атаулыдан аулақтау (деидеологизация) науқаны жүрді. Осындай теріс көзқарас салдарынан бүгінгі билік пен басқару жүйесі басындағылар идеология, саясат, мемлекет деген үштіктің — ошақтың үш аяғындай бірінен-бірі ажырамас дүниеліктер екендігін түсінбеулеріне әкеліп соқтырды. Шындығына келгенде идеологиясыз ешбір қоғам өмір сүре алмайды, өз құндылықтары мен мүдделерін қорғауға да дәрменсіз болады. Ауыз екі пікірде, баспасөзде жиі айтылып жүрген «мемлекеттер арасындағы достастық» - деген де болмайды. Өйткені, кезінде Алаш азаматтары Ә.Бөкейханов, М.Шоқайлар айтқандай мемлекеттер арасында ең алдымен мүдде бар. Олардың әрқайсысы идеологиялық тұрғыдан өз мүдделерін қорғауға тиіс. Ал мүдденді қорғау есенді жібермеу. Осы тұрғыдан мемлекетаралық түсіністік болғанда олар дос, мүдделес мемлекеттер. Жаһандану кезінде бұны түсінбегендер ұтылады.

Біздің қоғамымыздың қай саласында да белгілі деңгейде ілгерілеушілік бар екендігін әлем мойындап отыр. Алайда билік басындағылар да, олардың орынбасарлары да, саясат, заң саласындағы функционерлердің көпшілігі идеология мен теорияға келгенде мұз үстінде тағаланбаған аттай тайғанап, қайранда қалған балықтай тынысы тарылатыны да жасырын емес. Осы тұрғыдан алғанда биылғы Парламентке де, жергілікті мәслихаттарға да сайланғандардың көпшілігінің «өз саясаттарынан» әрі аса алмайтын көбінің мұрнына идеологияның иісі де бармайтындар болуы қарапайым көпшілікті қынжылтады. Олай болса, қазіргі уақытта тәуелсіз елімізге креслода уақыт өткізіп отыратын функционерлер емес, өз саласын терең білетін, идеологиядан хабардар, рухани құндылықтарға қанық адамдар керек. Бұл әсіресе кез келген мекеменің идеологиялық, әлеуметтік салаларын

басқарып отырғандарға ауадай қажет. Бірақ, бұл салаларға басшы болып келетін адамдарды бұрынғы Кеңес заманында таптық-ұлттық құрамын реттеумен тұқұртсақ, бүгін өзіміз әлі байыбына терең бара алмай жүрген, сондықтан да ол тек әйелдерге қатысты деп қарастырып жүрген, гендерлік саясатты көздеп, ұлттық менталитеттен ада, тілді, төл мәдениетті білмейтін әйел азаматшаларды билікке сүйреумен жүрміз. Сондықтан да оқу, мәдениет, идеология салаларындағы басшылық жұмыстар мен олардың орынбасарлығына сәйкес келсін-келмесін, әйелдерді тағайындаудың жемісті болмасы анық. Бұл ойымыздың еліміздегі әртүрлі деңгейдегі сайланбалы орындарға да қатысы бар. Әрине, сұранысқа сәйкес келер білікті, білгір мамандар бір күнде пайда бола қоймайды. Алайда, олар ел ертеңі үшін керек. Бұл туралы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауларының бірінде: «XXI ғасыр барған сайын күрделеніп бара жатқан бүтінгі заманғы мемлекетті басқаруға жоғары талаптар қояды. Біздің маңызды міндетіміз – басқарушылардың білікті саяси табын дайындау» – делінген.

Бұл әсіресе егеменді еліміздің болашағы – жастармен түсінілуі, ұғылуы керек. Олардың түсінігі мол, ұлтын сүйетін, еңбегі мен кәсібін халқына жұмсайтын, рухани жағынан жетілген ұрпақ болуы үшін мемлекет тарапынан белгілі деңгейде қамқорлықтар жасалып жатыр. Білім беру мен ғылымдағы инновациялық-инфрақұрылымдық жүйе көптеген жетістіктерге жетелейді. Біздің ендігі міндет – қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың, білімділікке, интелектіге, Отан мен халыққа қызмет етуге деген көзқарастарын өзгерту».

Бейөндірістік инфрақұрылым – денсаулық сақтау, білім беру, ғылым және ғылыми қызмет көрсету, дене шынықтыру т.б. әлеуметтік қамсыздандырудан тұрады. Әлеуметтік инфрақұрылым тікелей материалдық игіліктерді жасамайды, бірақ онсыз өндіріс үдерісін дамыту қиын не мүлде мүмкін емес. Бұл топтағы салалардың бірі – білім беруді қамтамасыз ету болғандықтан, ең негізгісі адам факторы мәселесіне аса көңіл аударуымыз тиіс. Қазіргі жағдайда капиталистік даму жолындағы әлемде материалдық игілік рухани құндылықтан басым түсіп, дүниеқорлық, пайдақорлық, ашқарақтық, имансыздық, жауапсыздық, жемқорлық, қитұрқылық секілді індеттің жұлын құртқа айналуына жол бермейтін құрал



қажет. Әсіресе қоғамның болашағы жас ұрпақтың ой санасын көзі көріп жүрген жамандық атаулыдан аулақ ұстап, ұлттық рухани қазына көздері болған ғұламаларымыз Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Ясауи, Абай мен Шәкәрімнің тағы басқа зиялыларымыздың парасатты адами ілімдерін жастардың бойына сіндіру олардың ақыл-ойларының толығуына алып келеді. Жоғары оқу орындарында сан салалы мамандықтарды игеріп жатқан жастардың рухани жұтандыққа соқтықпауын қамтамасыз етуіміз тиіс. Оның үшін тәуелсіз заманымызды уақыт талабына орай туған жаңа таным мен соны көзқарастарды ғылыми тұрғыдан саралап пайдаланумен қатар, күнделікті өмірімізде жастардың қалыптасуына ықпал ететін әртүрлі «құралдарға» сақ болғанымыз жөн. Айталық, бүгінгі бақылаусыз, жөн-жосықсыз кеткен бұқаралық ақпарат құралдарының бірқатары баланың әлі толық қалыптаспаған психикасына қиратушы күш ретінде әсер етуде. Өйткені, қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жастардың санасын улайтын негативті ақпараттар кеңінен таратылуда. Қазақстанның төл телеарналарын күні бойы қарап, оның ішінен танымдық бағдарламаларды іздейтін болсақ, көңіл көншітпейді. Тіпті олардың ішінен қай бағдарламаның танымдық екенін ажыратудың өзі қиын. Бірен-саран болған күнде оның уақыты 30–45 минуттан аспайды. Қалған ақпараттың бәрі шетелден алынған жұлынды мәдениеттер мен мәліметтер, немесе, көрші Ресей мемлекетінің хабарларының «қазақ шапанын» киген көшірмесі. Ал бұл алдымен ұжымдық, кейін ұлттық бейсаналыққа апаруы әбден мүмкін. Олар бір күнде немесе бір жылда емес, сан жылдар бойы қалыптасады және ұлттың болмысын өзгертеді.

Осы бағытпен жүре берсек дүниетанымымыздың негізін құрайтын ділден ажырап қалуымыз мүмкін. Діл мазмұны – ұлттық мәдениеттен, әдет-ғұрыптан, салт-санадан, діннен және тілден тұрады. Бұлардан айырылған ұлт, ұлттық рухынан да айрылады. Рух дегеніміз – аса жоғары күрделі дүние. Рухтылық – еркіндік түрі. Рухы биік адам қай дәуірде де өзін сыйлата алған, рухы күшті ұлттардың қашан да бағы таймаған, «мың өліп, мың тіріліп» жасампаздыққа қол жеткізген.

Бүкіл жасампаздық істерді жасаған да рухы биік тұлғалар. Ал, ондай тұлғаларды өмірге әкелетін көп факторлардың бірі, мүмкін бастысы әлеуметтік орта, әлеуметтік бағыт-бағдар, ұлттық тарихи тағылым. Бұның бәрі біліммен, білікпен

оның ішінде ұлттық нәрі бар біліммен келеді. Бұл дегеніңіз мемлекеттік саясаттың, оның ішінде әлеуметтік саясаттың осы жағына ойысуы. Олай болса, бұл жерде біз мемлекеттік саясат пен ұлттық рухтың бірлік диалектикасын түсінуіміз керек. Бір ұлтты зор, ұлы етіп, екінші ұлтты кішірейту, төмендету біз басымыздан Кеңес заманында өткізген кезең, өткен тарихымыз. Ал, бүгін осы рушылдыққа, жікшілдікке айналатын болса, талантты, дарынды жандарды билік басындағылар өз аталарынан тарамаған болғандықтан атамай қойса, елге еткен еңбектерін бағаламаса, қызметтік баспалдақтарға өсірмесе бұл азаптың басы, абыройсыздыққа апаратын жол. Бұл да «саясат», бірақ, болашағы жоқ «саясат». Күрескер рухтағы адамдар, зиялы тұлғалар үлкен басын кішірейтіп ештеңе сұрамайды, өз жеке бастарын, бос мақтанмен дәріптемейді, ал ұлттық рухы бар ел өз ерлері мен зиялыларын қорлатпайды, елінің асыл қазынасы: тілін, дінін, дәстүр-салтын, ұлттық қалпын аяқасты еткізбейді. Ал бұның бәрі — тарихи санамен, таныммен, тәжірибемен келетін зат. Бұлардың өзегі — білім, ұлтқа қызмет ететін этномәдени мазмұнды білім, білікке ұласатын білім. Бұндай білім мен тәрбие болмайынша, адам рухи мүгедектікке ұшырайды. Егер қазақ қоғамының рухы мүгедек болмағанда, дәл бүгінгі бейбіт заманда қазақ бірнеше топқа, дінге бөлінбес еді, бір дінді ұстанып, сеніп келген қазақ көп дінді болып кетпес еді. Жеріміз бір, осы жердің иесі біз деп жүрген қазақ, өзінің арғы тарихын білмей, өзінің кім екеніне жауап бере алмайтындай жағдайға жетпес еді. Өйткені, бізде ел ішінде де, елден сырт оқыған да жастарымыз рухани тәрбие алмаған, бағдарлары жоқ, сондықтан олар жаттың тәлімін бойына сіңіріп, шетелдерде оқығандары елге келіп сол тәлім берген мемлекеттің саясатын жүзеге асыра бастайды (бұл әсіресе діни оқу орындарында оқығандарға қатысты — А.Т.). Ендеше, елді ел қылып, өзімізді өзіміз билегіміз келсе, еліміздегі оқу орындарының деңгейін ең жоғары әлемдік деңгейге жеткізуге ұмтылыс жасаумен қатар, этномәдени білім мен тәрбие жағына да ойысуымыз керек. Елге қызмет ететін өзіндік тәрбие және білім жүйеміз болғаны жөн. Еліктей беру еркіндік те, ержеткендік те емес екенін түсінетін уақыт жетті.

Қазақ елі өз тәуілсіздігіне қол жеткізгеннен бастап ең басты мәселе оның ертеңгі болашағын ойлау болғандықтан

Қазақстанды дүниежүзіндегі бейбітшілік пен келісім аймағы деп жариялауға қол жеткізді. Алдағы уақыттардағы үлкен мақсаттың, биік белестердің бірі — Қазақстанның дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіруі. Халқымыз дұрыс мәндегі бәсекелестік — жеке адамды (тұлғаны), ұлтты ілгері ұмтылдырады деп есептеген. Қазақтың «ізденген жетер мұратқа» — деуі де содан. Осы ұмтылысты Президент өз сөзінде ұлттық идея дәрежесіне көтеріп, «басты ұлттық идея — ұлттың бәсекеге қабілеттілігінде» — деп, ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігінің шарттарын көрсетіп берген. Олар: ел қауіпсіздігі; қазақстандық патриотизм; сауатты ұлттық саясат; білім беру; ұлттық рух; мемлекеттік тіл.

Президенттің ел қауіпсіздігін алдымен ауызға алуы да тегін емес. Біздің ел, қазіргі қазақ ұлты жалпы Қазақстан жұртшылығы екі ғасыр тоғысында ғана емес, екі мыңжылдықтар алмасуын көрген, жаһандану тұсында өмір сүріп жатқан халық. Сәуегейлердің айтуынша ХХІ ғасыр мұсылман өркениетінің өрістеу дәуірі болмақ. Ал екінші жағынан бүкіләлемдік жаһандану заманында және бұрынғыша ескі бағыт бойынша бір-біріне үстемдік, бойтеңелдік жасауды да әлем елдері ұмыта қойған жоқ. Міне, осындай жағдайда ел қауіпсіздігін ешқашан қаперден шығаруға болмайды.

Ал ұлттық рух пен патриотизмге келетін болсақ, біздің әр азаматтың табысы және халықаралық тұрғыда мойындалуы баға жеткісіз мақтаньш болуы керек. Тек сондай үлгілермен ғана ұлттың рухы көтеріледі. Сондықтан Президент қазақстандықтарды «өз Отанының патриоты болуға, Қазақстанды өз жүрегінде ұялатуға» шақырды.

Осы айтылған ел қауіпсіздігі мен патриотизмді мемлекеттік маңызды мәселе тілмен, біліммен, бұл істегі ұлт дегдарларының жауапкершілігімен тығыз диалектикалық бірлікте алып қарастыруымыз керек. Рух пен білім ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің аса маңызды шарты — әлемдік бәсекелестік үрдісінде табысқа жетуге мүмкіндік беретін күш, ұлтымыз абыройы үшін аса қажет нәрсе.

Ел тәуелсіздігінің беріктігі оның бірлігіне тікелей байланысты. Бірлік болған жерде береке де, ынтымақ та, ырыс та бар. Сондықтан біз үшін ең бастысы — тәуелсіз Қазақстанның тұтастығы мен тұрақтылығы. Дана халқымызда «Игілік басы - ынтымақ» деген сөз де. Ұлтты

ұйыстыратын оның тарихи санасы. Қазіргі тарихи санаға тән белгілердің бірі біртұтас әлеуметтік тіннің, біртұтас тарихтың белгілі деңгейде болмауы. Әуел баста қазақ халқы әлеуметтік жадымен өмір сүрген халық. Қазақ халқының ауызша тарихындай тарих, әлеуметтік жадындай жад әлемде жоққа тән десек қателеспейміз. Әрине, әртүрлі сыртқы әсерлерге, тіпті саясатқа байланысты ұлттың әлеуметтік жады өзгеріп отырады. Алайда бір нәрсе анық ұлт жады барлық заманда да рухани-мәдени дамудың үздіксіздігін сақтаудағы қоғамның қажеттілігін өтейтін құралы, әсіресе, көне қоғамның қалыптасу қызметінің шарты. Өйткені, алдыңғы дамумен сабақтастық жойылған жағдайда, сабақтастықтың жаңа жағдайларға бейімделе алмаған тұстарында тарихи байланыс үзіліп, «тарихи ұмыту» тетігі іске қосылады.

Жалпы алғанда бұл әлеуметтік-философиялық даму диалектикасына қайшы келмейді. Өйткені, өмірде мәңгі ештеңе жоқ. Бұл туралы дана Абай: «Дүние—үлкен көл, заман — соққан жел, алдыңғы толқын — ағалар, артқы толқын — інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» — деп бекер айтпаған.

Ал әлемдік мәдениет пен саяси-әлеуметтік мәнді әдебиеттерге көз салсақ, қазіргі НЕО — жаңа ұғымның өзі жаңаға, заманға бейімделу. Қазіргі неотомизм, неоконфуцианство, неодаосизм т.б. арқылы бұл ілімдер өзіне жаңа тыныс алып, біздің заманымызға да ілесіп келеді. Немесе бір наным-сенімнен екіншісіне өту де ескі мен жаңаның тартысынсыз болмақ емес. Ескі Римдегі политеизмнен кейін, ол жерде және оның аймақтарында христиан діні тармақталды, католицизм өз алдына бөлініп шықты т.б. Ал оның соңы реформация мен ренессанс дәуірінде діни реформаға алып келді.

Сабақтастықтың жойылуы кейбір тұтастарда саяси ұстаным мен жаңа идеологияның салдарынан да болуы мүмкін. Ал мәселеге диалектикалық тұрғыдан келер болсақ, «ұмыту» өзінен анағұрлым әлеуметтік маңызды ақпаратқа орын беруі тиіс. Алайда ұмытушылық идеологиялық догмалар мен саяси күштердің араласуынсыз, табиғи түрде жүзеге асуы керек. Олай болмаған жағдайда әлеуметтік жады зорлықпен «тазартылып», жасанды, саясиленген, формалданған тарихи сана бекітіледі. Бұл кешегі социализм тұсында болған жағдай, бұдан бүгінгі іс басындағылар да, кейінгі ұрпақтар да тағылым алғандары жөн.

Тарихи сана да әлеуметтің жады. Ол әлеуметтік жад ретінде қоғамның шоғырлануында орасан зор рөл атқарады. Сондықтан жалпы тарихқа оның ішінде рухани тарихқа деген немқұрайлы көзқарас, оны кейбіреулердің уақытша саяси құмарлықтарының пайдасына шешулері қоғамның рухани-интеллектуалдық өміріне нұқсан келтіреді.

Жаһандану заманы аралас-құралассыз болмайды. Бұл тұста әр ұлт пен ұлыс өзгелерден үйренуі, олардың жетістігін өз игіліктеріне пайдаланулары заңды құбылыс. Алайда, басқаның жетістігін ешкім де тұтас пайдалана алмайды, оны қажетіне қарай, ретімен пайдалану үшін өзінің басқалардан айырмашылығынды білдіретін өздік ұлттық «*Меніңе*» деп қою керек, яғни қазіргі жағдайда алдымен қазақ болуың керек. Қазақ қалпымызды, ұлттық менімізді қалыптаудың басты жолы жастарға этномәдени білім мен тәрбие беруде. Бұл зияткерлік ұлт қалыптастырудың, бәсекеге қабілетті қауым тәрбиелеудің, алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына қосылудың, ең бастысы, жаһанданудың жойқын ықпалынан аман қалып, мәдени төлтумалық пен рухани дербестікті сақтап қалудың бірден-бір кепілі.

Кеңестік идеология қазақ еш заманда ел болмағандай, айдалада мал баққаннан басқа түк көрмегендей көрді, өздерінің сол жымысқы идеясын санамызға сіңіріп келді. Қазіргі уақытта әркімнің өз ішінен түлеуіне мүмкіндік туды. Ол үшін тек ұлттық рух пен намысты, ықыласты оятуымыз керек. Бұл тұрғыдан алғанда мемлекеттің де, халықтың да атқаратын міндеті зор. Алдымен заман ағымын түсін, бүкіләлемдік әлеуметтік ортаға бейімделуіміз қажет. Бұрынғыдай «қазақ — жомарт, қазақ — қонақжай» деп кім көрінгенге төрінді ұсынатын заман емес. Қонақжайлықтың да, жомарттықтың да шегі болады. Басқалар біздің ақ көңілділігімізді, жомарттығымызды «дарақылық» деп түсінулері де әбден мүмкін. Бұл күнде бірінің баспанасы жоқ, бірінің балалары жұмысқа тұра алмай жүрсе де біздің қазақ той жасағыш, тіпті қарыз алып той жасайды. Сонда басқалар ой қуып, біз той қуып жүрсек не боламыз.

Қазіргі жастардың басты арманы — баю, шетелге бару болып кетті. Туған ел, туған жер, патриотизм деген ұғымдарды ұмытып барады. Бәрінің бастық болғысы, немесе, ақшалы жерде жүргілері келеді, «ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүрсек» дейді. Ондайлар туралы Абай: «пайда

деп, мал деп туар ендігі жас, еңбекпен терін сатып түзден жимас, алса қоймас, араны тағы тоймас» — дейді. Ендеше жастарды жемқорлыққа, керенаулыққа бастайтын осы бір психологиядан арылып, адал еңбекке баулу, отансүйгіштікке тәрбиелеуіміз керек.

Сөз жоқ қазіргі нарықтық заманда ең алдымен әркім өзі үшін өмір сүретінін мойындауымыз керек, бұл өмір шындығы. Әзірге сана тұрмысты билейтіндей өркениетке әлі жете алған жоқтыз, керісінше, тұрмыс сананы билеп тұр. Ендеше қоғамның әлеуметтік деңгейі жеке адамдардың отбасыларының тұрмыс деңгейімен сипатталады. Бірақ, саны көп алпауыт мемлекеттер (Қытай, Ресей) халықтармен көрші қоныстанған қазақ тәрізді шағын ұлтқа өзінің азаматтарын қара басының қамы үшін емес, халықтың мүддесі үшін тәрбиелеу және баулу аса маңызды. Сондықтан оқу орындарында осы бағытта тәрбие беретін гуманитарлық пәндерді оқытуға ерекше мән берілуі тиіс. Жасыратыны жоқ, қазіргі уақытта жастарымыз адам дүниетанымының сан қырларын көрсететін, танытатын этика. Эстетика, мәдениеттану т.б. пәндер жекелеген мамандықтарда мүлдем оқытылмайды. Біздің Тәуелсіз дамуымыз тарих көзімен қарасақ қас-қағым уақыт, ал әлеуметтік тұрғыдан келсек кәмелетке толдық. Ендеше, осы жас биігінен қарап, біз осы уақыт аралығында неден ұттық немесе ұтылдық — деген орынды сұрақтар төңірегінде ойлағанымыз жөн. Өткен тарихқа көз салсақ, отарлық бұғаудан босап, тәуелсіз даму жолына түскен елдердің саяси-әлеуметтік өмірі күрделі болады. Өйткені ол кезеңде елдің саяси құрылымы мен экономикасында ғана емес, рухани өмірінде және ойлау жүйесінде күрделі қайта құрулар жүріп жатады. Өкінішке орай, біздің ұлттық жеке дара мемлекеттік ойлау жүйеміз әлі толық қалыптаспаған. Оның бірден қалыптасып та, шешіліп те кетпесі анық, оған белгілі бір уақыт қажет. Бұларға қоса біз кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе тұсында саналы түрде қалыптасқан отарлық ұлтсыздану санасынан да, құлдық психологиядан да әлі де болса толық арыла алмай келеміз. Дербес ұлт ретінде дамудың бір көрінісі ұлттық сананы дамытуға нұқсан келтіретін кертартпа ұлтсыздану психологиясының қалдықтарынан да, құлдық психологиядан да арылуымыз қажет.

Арылудың ең жақын да, төте және бүгінгі таңда ең тиімді жолы жастарға этномәдени білім мен тәрбие беру. Сол

арқылы ата-баба аруағын қастерлеуге, туған топырағына деген шынайы сезім қалыптастыру. Себебі, білім берудің шынайы мақсаты – адамға белгілі бір білімді жеткізу ғана емес, сондай-ақ оның рухани, адамгершілік тұрғыдағы мәнін дамыту. Сондықтан да тәрбие саласындағы басым міндеттердің бірі – жас ұрпақты ғасырлар бойы жинақталған халық даналығының жалпыадамзаттық құндылықтарын меңгерту бағытында болуы қажет.

Егеменді ел ретінде дамуымыздың нәтижесінде халқымыздың әлеуметтік-экономикалық, рухани болмысында көптеген түбегейлі өзгерістер мен жаңғырулар жүріп жатыр. Жаңа дүниетаным мен өмірге деген жаңа көзқарастар, ұлттың рухани құндылықтар жүйесі қалыптасуда. Осы құндылықтардың түп негізі адамдар санасында ғасырлар бойы қалыптасқан болмыс-бейнесі, образдар мен символдар жүйесі, ұлттық ойлау айшықтары, халықтың дүниеге шынайы түрдегі көзқарасы, наным-сенімдері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, аңыз-ертегілері, жыр-дастандары, ойшылдардың шығармалары, ұлттық мұралардан бастау алады. Осыны жас ұрпағымыздан бастап үлкендерге дейін білуі керек. Ендеше, өзгелер де бізбен санасу үшін, біздің де өзімізге тән мәдениетіміз, тіліміз, рухымыз бар екендігін өзгелерге білдіруіміз керек, олай болмаған жағдайда біз әлеуметтік таным объектісі ретінде өзгелерге де керек емеспіз. Ұлт ретінде өз болмысы болмаған, өзгеге еліктеп, басқалардың жылтыраған бейнесін өзіне бетперде қылып киіп алуға ұмтылған рухсыз халық, ұждансыз ұлт ешкімге керек емес. Әрбір ұлт өкілі өзін адамзат алдында ұлттық болмысы арқылы танытады. Одан өзгенің барлығы адам табиғатынан тыс, мәдениетке жат, жасанды этикетке, заманыңдайына негізделген, белгілі бір идеологиялық мақсаттарды көздейтін жалған нәрселер.

Унитарлы, біртұтас мемлекеттің тұғыры бір тіл, бір дін, бір мораль, бір мәдениеттен құралған идеологиядан тұруы қажеттілік. Бұндай мемлекеттің азаматтарының да өз ұлтына, отанына деген ниеті де, істеген істері де игілікті болмақ. Қазіргі біз жиі қолданып, айтып жүрген «Патриот» сөзі гректің «patria – Отан» деген сөзінен туындайды, яғни патриотизм – өз еліне деген, өз халқына деген адалдық пен сүйіспеншілік. Отан ұғымы үйінді, орданды, туыстарыңды, туған жеріңді, еліңді, халқыңды түгел қамтиды. Осы тұрғыдан

алғанда қазақ елінде туған, өскен басқа этностар өкілдеріне де Қазақстан олардың отаны болып табылады. Қазақтардың басты айырмасы - Қазақстан олардың отаны ғана емес, атамекені. Қазақтың әрбір азаматы үшін «атақоныс», «атажұрт» ерекше қымбат. Бұл әсіресе қазақ қоғамының рулық қауымдастығы тұсында ерекше құрметке ие болды. Ал бүгінгі күні біз тұтас ел — қазақ елі болдық. Қазақстан біздің — атамекеніміз, табиғи, тарихи, әлеуметтік, саяси, мәдени, рухани ортамыз, тіршілігіміз негізі. Сондықтан әр халықтың, оны мекендеуші ұлттардың атамекенін сүюі — заңдылық болып саналады. Ендеше, елін, ұлтын сүю, бұрынғы Кеңестік дәуірдегідей ұлтшылдық, тар шеңберде шектелушілік емес, жасампаздық қасиет. Шын мәнінде ұлтжанды адам өз ұлтының жақсылығына мақтанады, жамандығына арланады. Абайдың: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деуі де осыдан туындаған.

Өз отанын сүю — генетикалық жолмен берілмейді, ана сүтімен, тәрбиемен келеді, әр адамның әлеуметтік тұлғасымен, азаматтық санасымен негізделеді. Ендеше, қай елдің азаматысың? — деген сұрақтың түбірінде де, отаның қайда? — деген сауал тұрары анық.

Атамекенді, Қазақстанды сүюді — тек қазақтардың ғана өз отанына сүйіспеншілігі деп емес, Қазақстанды мекендеп отырған бүкіл этностардың бәріне қатысты құбылыс деп есептеген жөн. Отанды сүю өз мазмұны, өз аясы бар құдіретті күшке кездейсоқтықтан айналмайды, бұл сезімнің оянып, бірте-бірте саналы, өзіндік мәні, өлшемі, мағынасы бар біртұтас сезімдік күшке ұласуы объективтік шарттылықтарды қажет ететін құбылыс. Отаншылдық сезім, отанды сүю — ұлт рухының айнасы, ол ұлттық идеяға ұласуы қажет. Себебі, отанын адамның өзі тануы тиіс. Оны жете біліп, қадір-қасиетін, тарихын, рухын көз алдынан өткізіп, жанымен сезе білгенде ғана соған деген мақтаньш сезімі оянады. Ендеше Отан тарихын оқыту, оның бұрынғы ақтандақ беттерін көрсету бүгінгі күнгі білім саласындағы қажеттіліктердің бірі.

Ұлтжандылықтың әлеуметтік тұғыры — халық. Халық өз отаны үшін қандай да болмасын қиындыққа көнеді. Сондықтан да отаншылдық, ұлтжандылық өз ұлтының болашағы үшін еңбек ету екендігін естен шығармағаньшмыз жөн. Егеменді елдің негізгі мақсаты мен міндеті ұрпақ тәрбиелеумен астасады, өйткені, біздің келешегіміз жемісті



тәрбие алған ұрпақпен тығыз байланысты. Ұрпақ тәрбиесі — мәңгілік нәрсе. Халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері сол халықтың ой-тілегімен ұштасып келгендіктен, озық үлгілерінің мәңгі сақталып, үнемі жетілдіріліп, ұрпақтарға жалғасып отыруына біздің бабаларымыз ерекше мән берген. Төле бидің: «Атадан ұл туса игі, Ата жолын қуса игі, өзіне келер ұятын, өзі біліп тұрса игі, жаудан бұққан немені, ортасынан қуса игі» — деуі бұған дәлел.

Рухани болмыстың даму мүмкіндігін көрсететін және бір құбылыс — ол адамның өзіндік ұстанымының қалыптасуы — олардың санасын өзгертіп, рухани болмыстарын жаңару үдерістеріне жетелейді. Міне, сондықтан да болар, Қазақстанның ХХІ ғасырдағы басты даму бағдары белгіленген Стратегиясында адам мен қоғамның рухани жаңаруына ерекше мән берілген. «Адамдардың ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді, — делінген аталған Бағдарламада. Бірақ мемлекет өзгерістер процесін, объективті үрдістерді түсінуді, маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен және де, ең бастысы, өзіндік молшылыққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру жолымен жеделдетуге қабілетті. Адамдардың жаңа дүниетанымы қалыптасқанша ондаған жылдар қажет болады». Адамдардың рухани жаңару үдерісі әлеуметке күрделі сипатта әсер етеді, сондықтан қазіргі таңда оның қалай өтіп, жүріп жатқандығын да бағалап, пайымдап отыруымыз керек. Біз қоғамымыздағы өзгерістер ықпалымен, өзіміз көбіне оны түйсіне де бермей, құндылықтардың сапалық өзіндік жүйесі мен адамдық қарым-қатынастардың жаңа түріне дағдылана отырып, өзіміз де түгел өзгердік. Біз тәуелсіз ел болдық, азаттық алдық. Мемлекеттік-ұжымдық дүниетанымының жекешіл дербес дүниетаныммен алмасуы біздің өміріміздің әрбір қырын өзертті. Ендеше, өзгерген заманды да, өмірді парасат тұрғысынан пайымдауымыз бүгінгі күннің қажеттілігі.

## **БІРАГІМІЗДІҢ БАСЫ — ЕЛДІГІМІЗДІҢ КІЛТІ**

Мемлекеттің егемендігін, дербестігін, анықтайтын факторлар көп. Солардың ең бастысы елдің Конституциясы

және сонда көрсетілген заңдылық қағидалар мен тәуелсіздік нышандары — *Ту, Елтаңба және Гимн*. Тәуелсіз елдің сыртқы және ішкі саясаттары да, ұстанған бағдарлары да тәуелсіз. Оның өз азаматтарының құқықтарын қорғау мен жас ұрпағына білім беру мен тәрбиелеуде де өзіндік ұстанымдары болады. Міне, осылардың бәрі — жас ұрпақ бойында қоғамдық сана қалыптастырып қана қоймай, олардың қоғамдық-әлеуметтік ойларын да бір жүйеге салады. Ал жүйелі ой да, жүйелі сөз де өз жүйесін ғасырдан ғасырға беріліп келе жатқан баба тілі, ана тілі арқылы табады. Олай болса, тәуелсіз мемлекет болып қалудың негізгі шарттарының бірі — мемлекеттік тілімізді сақтау, оны дамытып, келер ұрпаққа мұра етіп қалдыру. Сондықтан да ұрпағымыз өз ана тілін қадірлеп, қастерлей білуі керек. Бұларды бір арнаға салып отыратын ұлттық этномәдени құндылықтарға негізделген білім мен тәрбие. Ендеше, этномәдени білім мен тәрбиенің қоғамдық ойымыз бен мемлекеттік мәртебеге ие тілімізді дамытудағы орны да ерекше.

Жүйелі ой тұрғысынан келетін болсақ, тарихқа ағартушылық кезең деген атаумен кірген дәуірден бастап, ғылымда, оқу-білімде, тәрбиелік дағдыда европоцентристік бағыттағы концепцияның үстем болғаны белгілі, әлемдік тұрғыдан алғанда ол әлі де жалғасуда. Бірақ, біз адамзат тарихи бастауы көне Шығыстан алатынын, кейін ол көне грек-араб мәдениеті мен қоғамдық ойы арқылы мұсылмандық Шығысқа жол салғанын да естен шығармағанымыз абзал. Ортағасырлық мұсылман әлемінде білім, ғылым діннен жоғары тұрды. Сол дәстүрдің арқасында олар еуропалықтардан көп бұрын жаратылыстану ғылымдарында әлем мойындаған жаңалықтар мен жетістіктерге қол жеткізді. Ал мұсылмандық түркі әлемінің бір бұтағы Ұлы Даланы мекендеген қазақ халқының да айта қаларлық деңгейде рухани мәдениеті, қалыптасқан қоғамдық ойы, дамыған тілі болған. Бірақ жоғарыдағы евроцентристік көзқарастағылар көшпенділер мәдениеті мен өркениеті туралы көшелі ой қозғай алмады, немесе, оған құлықсыз болды.

Жалпы алғанда өркениеттілікпен өрістеуде әлем халықтары негізгі екі жолмен, екі бағытпен жүрді. Бірі егіншілік (отырықшылық), екіншісі — мал шаруашылығы (көшпенділік). Қазақ туған жерінің табиғатына қарай соңғысына бейімделді, соған сәйкес өз болмысын қалыптады.

Отырлықшылық пен көшпенділікті бір-біріне үндестірудің орнына қарама-қайшы қою, бірін жақсы деп дәріптеп, екіншісін төмендету адамзаттың тұтас тарихына жасалған қиянат, қарабайыр шындыққа үйлеспейтін ұтым-түсінік, тағылымды таным да емес. Қазақтар көшпенділік өмірдің мәдениетін аса жоғары деңгейге көтере білді. Мәдениеттіліктің бір көрінісі қоршаған әлемді өз болмысына бейімдеу. Қазақтың тілінен бастап, бүкіл жиһаздарына дейін өз өмірлеріне аса идеалды бейімделген. Қазіргі заманғы озық ойлы Еуропа ғалымдарының шаруашылықты Азиялық тәсілмен жүргізудің тарихына мән берулері де содан. Шындығында да біз адамзат тарихы үшін, оның болашағы үшін көшпелі халық, көшпелі мәдениет иесі ретінде қадірліміз. Біз, қазақтар, адамзат өркениетінің ерек біткен бұтағымыз, біздің өз жолымыз бен жөніміз бар. Өзгелерге ұқсамайтын көзқарас, ұтым-түсініктеріміз, рухани әлеміміз, қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік ойымыз бар. Тарихта эпос тудырған халықтар некен-саяқ. Сондай-ақ рухани болмысын ауыз әдебиетінде жеріне жеткізе баяндап кеткен, заттық және рухани мәдениетін, өзін қоршаған тірі және өлі табиғатты жадында сақтаудан алдымызға адам баласы түспеген халық та біз едік.

Білік пен зерде, талант пен қабілет дарытуда табиғат пен тарихтың, тек пен ортаның, тәрбие мен ыждаһаттың әрқилы ықпалының арасалмағын әлі ешкім дәл мөлшерлей алған жоқ. Ол туралы қазақ халық ауыз әдебиетінде де, әр ғасырларда жақсылығымен аты қалған, даналығымен хаты қалған айтулы тұлғалар мен ойшылдар да жазған. Әрине, бүгінгі күн тұрғысынан алғанда олардың кәдеге жарары, жарамасы да болулары әбден мүмкін. Сондықтан да, ұрпақтар сабақтастығын дәйектегенде, өткендегі арыстарымыздың не бітіріп, не тындырғанын айтып мақтанудан гөрі олардың көксегендеріне неге жете алмағандығын ойлап сақтануға көбірек көңіл бөлгеніміз дұрыс екені даусыз. Бұны, әсіресе, қазір мықтап есте ұстағанымыз парыз. Қазақ зиялылары өз қолдарынан келетінді өзгеден дәметсе, бүгін істей алатынын ертеңге қалдырса, еселі еңбектің орнына өкпе-бопсаға бой алдырса, бар мұқтаж, бар кемісті басқаның бетіне салық қылғанынан халқымды қарық қыламын деп ойласа, өрелі биікке жете алар ма еді, халқының, кейінгі ұрпағының есінде ізгілікті істердің, жаңа заманғы қоғамдық-әлеуметтік ойдың бастауында тұрғандар есебінде қалар ма еді?!

Ендеше, бүгінгі білім беру процесінде, тәрбие мәселесінде жоғарыдағы айтылғандарды «ұлттық рухани құндылықтарымыз» деп қарастырып, қазақ зиялыларын «үлгі-өнеге алар тұлғалар» деп жас ұрпақтың жадына салып отырғанымыз жөн. Өйткені, біздің рухани әлемімізде тұтастық пен жалғастық болмайтын болса әлеуметтік саланың бір үлкен бөлігі – білім мен тәрбиеде де жетіле даму болмақ емес.

Бұрынғысын былай қойғанда, біздің көзқарастарымыз бен қоғамдық-әлеуметтік ойларымызды Кеңес дәуірі тұсында да Батыстық өлшемге салып, белгілі бір схема мен измге жататын-жатпайтынына, материализм мен марксизмге қайшы келетін-келмейтініне қатысты бағалап жаттық. Шындығында, біздің мәдениетімізді Батыстық түсінікпен таразылау керек емес. Өз тұрғымыздан, өз түсінігімізден бағамдағанда ғана оның шын мәні ашылады. Өйткені, тарихты жазғандар, қай заманда да не өздерінің, не өзгенің мүддесіне қарай бұрып жазған, ал кейде басқа өмір салты түсінбесе де сырт көрініс пен құбылыс деңгейінде бағалаған. Сондықтан өз әлемі бар, өз алдына космостық дүние, өзіне ғана тән тіршіліктің құрылымын жасаған көшпенділерді өзгелердің түсініп кетуі екіталай. Құрастырмалы жеңіл де, ыңғайлы киіз үй, оның әрбір тұсының тәрбиелік, тәлім-тағылымдық мән маңызы, үзеңгілі ер-тоқым, көшіп қонуға қолайлы жиһаздар мен көлікке мінуге ыңғайлы киім-кешек, т.б. оларды тану, зерттеу үшін де космостық кеңдік, танымдық тереңдік, этномәдени білім мен білік қажет.

Ұлтымыздың өркениетінің ерекшеліктерін, оның ерен мәдениетін, қуатты тілін, көп ғасырлар бойы қалыптасқан салауатты салт-дәстүрлерін өзгелерге таныта алмай жүрсек, ол өзіміздің құнтсыздығымыздан, білімсіздігіміз бен жігерсіздігімізден. Ал осы уақытқа дейін мәдениетсізсің, ата-бабаң сауатсыз болған деген сандырақтарды құптап бас изесек, ол миымызға мықтап қағылған құлдық психология шегесінің әсері, немесе, ақылын ат тепкендердің әрекетсіздігі. Әйтпесе, қазақ тілі – дүниежүзіндегі ең бай, бедерлі де бейнелі тілдердің бірі. Басқа ұлт өкілдері, зерттеуші ғалымдар туған тіліміздің тазалығы мен сөздік қорының молдығына талай таңғалған. Қазақ арасында көп болған орыс ғалымы В.Радлов: «Қазақтардың тілі ұшқыр да шешен, ойнақы да өткір, сұрақ пен жауаптары орынды, кейде таңғаларлықтай

тапқыр және бәрі де, оқымаған сауатсыздарының өзі де, өз тілін өте жетік меңгерген»—деп жазған болатын. Алайда, бүгінгі «сауатты» бірақ этномәдени білім алмаған ұрпақ тілімізді бұзып, оның әсемдігі мен әрін кетіруде алдарына жан салар емес.

Енді, қазақтың тілі кедей тіл, оның қолданыс аясы тар дегенге келейік. Атақты «Абай жолын» орысшаға аударғанда 23 мың қазақ сөзіне, ұғымдарына өзге тілден балама табылмапты деген дерек бар. Өзіміз де кез келген қазақ тіліндегі мәтінді өзге тілдердің біріне аударсақ осындай күйге ұшырап таң-тамаша болар едік. Біздің тіліміздегі «обал-сауап, бауырластық» сияқты ұғымдарға «сағыныш, көңіл, аңсау», т.б. сияқты сөздерге бөгде тілдерден балама таба қою оңай емес. Рас, қазақ тілінде өзге тілдерден келген сөздерді аударма алмай да әуре боламыз. Мұның бір себебі өзге тілдің ойлау жүйесімен ойлағандықтан болса, екінші себебі, қазақ тілінің көшпенділік өмірден қалған мұра екендігінде. Ол көшпенді тұрмысқа барынша сай тіл болғандықтан, заман күрт өзгеріп қазақтар отырықшы елге айналып, мемлекет құрып, әлеуметтік өмірлеріне сан қилы тың жаңалықтар еніп жатқанда осы құбылыстарға атау табыла бермеуі заңды нәрсе де.

Бұрынғы уақыттарда әрқайсысы бір-бір энциклопедияға татитын қариялардың аузында қазақ тілі — тілден гөрі музыкаға, күмбірлеген күйге көбірек ұқсайтын еді. Бір ғасырға жетпейтін уақыт ішінде осындай шұрайлы тіл — бәдік сөздей быдым-быдым «ботқа» тілге айналады деп кім ойлаған. Ауызекі тіліміз ғана азып қойған жоқ, адами, ұлттық болмысымыз да азды. Зере мен Құнанбайдың тұлғасында бар ірілік пен кісілік біздің ұрпаққа қонған жоқ. Кісілігіміз-кісімсінуге, ірілігіміз-әлсізге әлімжеттілік, зорлық пен зомбылық көрсетуге, әдемі тіліміз — орысша-қазақшасы аралас шұбар тілге айналды. Бүгінгі адамдардың «игі жақсылары», пысықтары мен пысақайлары «деловой», «блатной» дейтін образға еніп отыр. Пенденің бір қажеттілігі көкірек көзі ашық, сарайы кең қызғылықты жанмен сұхбаттасу, адамгершілікті жайсандармен иық тірестіре ғұмыр кешу. Сондықтан жасы үлкені бар, кішісі бар, бірге еңбек етіп, өмір сүріп жүрген замандастарыңның пәс тұрқын көру, былжырақ күлдібадам әңгімесін тыңдау, шұбар да, жалаң тіліне ден қою қиын нәрсе.

Тіл адамның сыртқы образының, психологиялық

бейнесінің құрамды бөлігі. Абайдың: «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» деуі де осыдан. Сондай-ақ, тіл мен киім киюдің арасында тікелей байланыс бар. Бұрынғы уақыттарда ол ұлттық құндылықтардан, ұлттық әдемілік пен әсемдік ұғым түсініктерінен, кісілік ұстанымдарынан, этнографиясынан т.б. бір сөзбен айтқанда тұтас ұлт болмысынан хабар беретін. Қазақтар әр адамды киіміне қарап, тегін, жасын, әлеуметтік жайын ажыратқан. Мысалы, шашбау мен шолпыны шатастыруға болмайды. Шашбауды келіншектер, шолпыны қыздар таққан. Себебі, шашбау-бұрым қос өрімге айналғанда оны біріктіру үшін тағылады. Демек, бүгіннің жартысы болғанның, әйелдіктің белгісі. Қыз балада бір ғана өрім болады да, ұшына шолпы тағылады. Сол сияқты әр әлеуметтік орта өкілдері киімдері арқылы ерекшеленіп тұрған. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолындағы» үйге сырттан келген Базаралының үйде елдің атақты, сыйлы адамдарының отырғанын ауыз үйге ілінген сырт киімдері мен аяқкиімдерінен тануы немесе Абай шығармаларының тіл ерекшеліктері мен ұлтымыздың әсемдік әлемі, адами ұстанымдары бұның толық дәлелі бола алады. Біздің қазіргі жасамыстарымыз да, жастарымыз да осы ұстанымдардан ажырап қалды. Айталық, ауыл баласы қалаға келді, ол әрі орыс тілін нашар біледі, мінезі ұяң. Қала жастарының ортасына түскен соң, оларға еліктей бастайды, қала жастарының образына енуді армандайды. Бұл үшін алдымен киімін өзгертіп қалаша киіну керек, орыс тілін үйреніп — орысша сөйлеуі керек. Себебі, бұл «деловой» адам образының құрамды бөлігі, әрі қазіргі таңда өте «модный» нәрсе. Әсіресе өзара таза орысша сөйлесуі үлкен «сән». «Деловойлықтың» үшінші белгісі — бұл оның мінез-құлқы. Ол асқан «батыр», ешкімді көзге ілмейтін даңғой болуға талпынады. Бұл оның сөйлеу тілінен көрініп тұрады, яғни ол үнемі бірде мақтанып, бірде боқтанып, есіріп сөйлеуі керек. Жүрген-тұрғанда кесірленіп, кісімсініп, көкіректеніп жүруі керек. Сөйтіп, ақымақтықтан ол өзіне-өзі осылай карикатура жасайды. Туған тілін қорлау арқылы өзінің жеке басының маңызын арттырамын деп жүріп ана тілін, қала берді, өзін қорлайды, сол арқылы ұлттық намысқа нұқсан келтіреді.

Ғылымда, тәрбиеде жоғарыдағыларды «еліктеу» дейді. Өмірде өз ақылымен, өз түйгенімен жүретіндер, өзінің

ұғымдық ұстанымын қорғай алатындар оны өмірге, іске асыру үшін күресетіндер көп емес. Қалың көпшілік негізінен еліктеу, қоғамдағы теріс стереотиптерге сүйену, белгілі адамаралық жүйеден шықпау арқылы өмір сүреді. Тіл де сол сияқты. Ана тіліміздің барынша әдемі сөйлеу, оны құрметтеу керек екендігін бәріміз де түсінеміз. Бірақ күнделікті өмірде баяғы қасаң стереотиптен шыға алмай «мода» қуып орысша, қазіргі уақытта тіпті басқа тілдерден кірген сөздерді қолдануға да әуеспіз. Мысалы, жастар жағы «ақша», «теңге» дегеннен гөрі «бакс» дегенді тапқырлығым деп ойлайды. Бұл құлдық психология, ұлттық рухтан, һәм руханияттан аулақтауға жасалған қадам екенін ұғына бермейді.

Мемлекеттің егемендігін, дербестігін анықтайтын факторлар көп, қазіргі жастардың оларды жетік түсінуі үшін де этномәдени таным-тағылым қажет. Солардың бірі және ең бастысы – мемлекеттік тіл. Тіл – бұл комплексті ұғым. Тілде сол халықтың ұлттық мінезі, тарихы, менталитеті, т.б. мағлұматтар кодталған. Тілді үйрену белгілі бір дәрежеде сол ұлттың психологиясын қабылдау. Қазақ тілі мемлекеттік тіл екен, демек, ана тілімізді еліміздегі өзге ұлттар үйренуге тиіс. Олар тілімізбен қоса идеологиямызды, психологиямызды, көпшілік қасиеттерімізді де үйренеді. Тіл – идеология. Тіл кейде шешімін таппай жүрген мәселелерді өзі реттейді. Өйткені, тіл әрдайым даму үстінде. Тіл – халық өмірінің айнасы. Әр кезеңнің, әр ұлттың өміріндегі болып жатқан барлық өзгерістер мен құбылыстар, жаңалықтар қоғамдық ой-сананың жетілуі сол халықтың тілінен көрініс табылады. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы, кең мағынасында сауаттылығы, оның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымдылығының кеңдігімен, орамды да ұтымдылығымен өлшенеді. Бұл жағынан қазақ тілі дамыған тілдер қатарында. Сонымен тіл білмейтін қандастарымыз бен басқа ұлт өкілдері үйренуге уақыт жеткен сияқты. Бір халықтың тілін үйрену үшін алдымен сол халықты құрметтеуіміз керек. Демек, тілімізді басқа ұлт өкілдері үйренуі үшін алдымен өзімізді халық ретінде сыйлата білуіміз керек. Тіліміздің бай, үйренуге тұрғындалмай ардақты тіл екенін, тарихымыздың терең, мәдениетіміздің озық екенін дәлелдеуге тиістіміз.

«Тіл – сарқылмас қазына» деген тіл білімінің  
Сонымен бірге ол - жанды құбылыс. Сол халықтың бір сөзімен,

елдің күнделікті тыныс тіршілігіне, қарым-қатынас ісінде, қызметтік қажеттілігіне орай жаңа сапа иеленіп, толығып, байып отырады. Мемлекеттік дәрежеге көтерілген тілдің де даму бағдары осы дәрежеде жүзеге асуы тиіс. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде заңдастырылғандықтан, ол жоғарғы сфераларда Парламентте, министрліктерде жұмысшы тіл ретінде қолданылуы қажеттілік. Ал қазіргі уақыттағы әрекетімізді заңды орындамау арқылы бұзушылық, немесе, талапсыздық пен намыссыздықтан туындаған надандық демеске амал жоқ. Осындайға күйінген Абай: «Қайран тіл, қайран сөз, наданға қадірсіз» - демеп пе еді?!

Біз, әлі күнге дейін тіл құдіретіне, оның қоғамдық сана мен ой қалыптастырудағы орнына жете мән бермесек те, бұл мәселе әлемнің алдыңғы қатарлы елдері мен этностары үшін ең басты әлеуметтік мәндегі мәселе. Бізге ақпарат пен баспасөз құралдары арқылы жеткен мәліметтерге қарағанда 1989 жылы Испанияның Барселона қаласында әлем лингвистері мен жазушыларының тіл мәселесіне арналған үлкен конференция өткен. Онда «Тіл құқығы» деген жаңа термин айналымға енгізіліп, адамзаттың ең басты құндылығы ретінде тіл мойындалып, кейін жоғалу қаупі туған тілдерді қорғау мақсатындағы халықаралық қозғалыстар пайда болған. Әлемнің жетекші деген елдері – АҚШ, Жапония, Британия және Австралияда «Қауіп-қатер төнген тілдер қоры» дейтін қорлар құрылған. Сол басқосуда көпшілікті үрейлендіретін болжам да жасалды. Мысалы, қазір әлемде бір-біріне ұқсамайтын 2700 негізгі тіл және олардың 4000-дай диалектісі бар екен. Барлығын қосқанда жер жүзінде 6700-дей тіл бар болып шығады. Жаңағы қорлардың ЮНЕСКО-ға берген мәліметі бойынша, осы тілдердің жойылу қарқыны өте күшті болып шыққан. Математикалық есеп бойынша, жұмыр жерде 15 күннің ішінде бір тіл, бір айда екі тіл жойылып отырады. Тілдердің жойылу қарқыны өте шапшаң. Оның себебі – коммуникациялық құралдардың жетілуі, яғни жаһандандудың жедел жүруі. Ғалымдар бұл қарқынмен кете берсе, осы ғасырдың аяғында жаңағы 6700 тілдің небәрі 600-і қалады деген болжамдар айтуда (Қараңыз: «Жас алаш», 10 наурыз, 2005 жыл).

Әрбір түрдің жойылуымен бірдей, әр тіл жойылған сайын өмірге деген көзқарас жойылып отырады. Ендеше, мүмкін болғанынша, жер-жаһандағы барлық тілдер сақталғаны дұрыс. Себебі, тіл – адамзаттың байлығы. Адамзаттың



байлығы – оның көптілдігі. Егер көптілдік жойылып, әлем халқы тек бір тілде (мәселен ағылшын тілінде) сөйлеп кетсе, адамзат жұтайды. Мұның аяғы үлкен рухани апатқа алып барады. Табиғаттың өзі жер бетінде алуан түрлі тіршілік иелерін жаратқан. Бір түрлілік – табиғат заңына қайшылық. Кеңес дәуірінде де, кейін де талай тақырыпта ғылыми еңбектер жазылып, диссертациялар қорғалып жататын. Бірақ біз әлеуметтік мәнді ұлттық тұрғыда құндылық пен қажеттіліктен туындаған мәселелерді айналып өтіп отырдық. Өйткені, кешегі күнге дейін тіл мәселесін көтерген адамның тілін кесіп алатын. Бұндай жағдайда, ол тақырыпты тура қойған адам ғылыми дәреже қорғамақ тұрмақ, қызметтен қуылатын. Осыдан келіп, «барлық ұлттар да, олардың тілі де дамып келе жатыр» деп жалған ақпарат беру дағдыға айналды. Бір идеологиялық ұстанымда, коммунизм құруды мақсат еткен, бір өлшемді елде басқаша болуы мүмкін емес еді. Соның кесірінен біздің бойымызда ұлттың нағыз құндылықтарына ғылыми баға беруде жасқаншақтық пайда болды, тіпті оны ұлттық шеңберде түйықталу көрінісі деген ұғым қалыптасты.

Ал ұлттық мүддені күн тәртібіне қойып, өз тілімізді, дінімізді сақтайық деген басшы да, басқалары да жаман сөзге ілігіп басымен қайғы болып кететін. Бүгінгі қазақ тілінің көркеймеуінің басты себебі кезінде коммунистік тәрбие алған, ұлттық тілі мен ділінен ажыраған кеңестік ұрпақтың дені қазір мемлекеттік билік тізгінін ұстап отыр. Бұлар «ұлттық құндылықтар үшін күрес» дегенді баяғы коммунистік идеология тұрғысынан түсінеді де, оны «ұлтшылдық», басқаны жатсыну, бір сөзбен айтқанда қылмысқа тән нәрсе деп ұғады, өйткені олардың санасы кезінде осылай уланьп қалған. Қазір заман өзгерді. Енді мемлекетті құрған ұлттың құндылықтарын қорғау мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр. Алайда, әлгі коммунистік тәрбие тұсында тілі мен ділінен айырылғандар сол құндылықтар үшін күреске көпшілікті де, жеке тұлғаларды да жібермей, бұл мәселеде қоғамдық ойды оң қалыптастырмай қолымызды байлап отыр. Әзірге мемлекеттік тілді білмейтін космополит қазақтар, мемлекеттік тілде іс жүргізе алмайтын орыс тілді қазақтар көпшілік болып отырғанда бұл үрдіс әрі қарай да жалғаса бермек. Бүкіл әлемде мемлекетті құрған халықтың тілі басымдылыққа ие, ол дау туғызбайды, ол ешқандай сұрақ та

туғызбайды. Мұны біз дұрыс түсінуіміз керек. Өйткені тілін жоғалтуы — қазақтың өзін жоғалтуы. Егер мемлекет сол елдің, қазақ елінің, болашағы, тұрақтылығы қымбат дейтін болса, онда қазақ тілінің өрбіп, өркендеуіне жол ашуға тиіс.

Елім аман болсын, тілім аман болсын деген қазақтың кез келген азаматы басқа мәселелерді кейін ысырып қойып, алдымен ұрпақ тәрбиесімен айналысуы керек. Өйткені ХХІ ғасырдың аяғында біз ұлт болып қалу-қалмауымыз ең алдымен ұрпақ тәрбиесіне, тіліміздің тағдырына тікелей қатысты болып тұр. Кеңестік идеология тәрбиелеген ұлтпыз, қазақтардың ұлттық иммунитетінің әлсіз болуы да сондықтан. Біз кез келген нәрсеге еліктегіш болдық, біз жалаулатып, өзге халықтардан бұрын «Кеңес халқымыз» деп далақтадық. Әр нәрсеге еліктегіш, ертеңін ойламайтын, ұлттық құндылықтарын қастерлей алмайтын бала мінез ұлыстардың ұзақ жасай алмай жойылып кететіні аян. Көптеген Сібір халықтарының тілдерінен айрылғаны, ділі мен дінін де сақтай алмағандарының басты себебі олардың санының азшылығы ғана емес, өз ұлттық құндылықтарын қастерлеуге деген құлықсыздықтарынан да деуге толық негіз бар. Осыдан келіп, жалпы қоғамдық пікірді көтеріп, қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды қорғауды күн тәртібіне қою да біздің негізгі мақсаттарымыздың бірі, қоғамдық-саяси ойымыздың ішкі мазмұны болуы қажет.

Прагада тұрып 9 жыл жұмыс жасаған белгілі жазушы Смағұл Елубай баспасөзге берген бір сұхбатында мынадай жайға назар аударған. Қанша шағын ел болса да, сол мемлекет топырағына табан тірегеннен жергілікті халықтың арасына түсіп, сол ұлттың тілін мойындайсың. Қазақстанға келсең, оның үлкен қалаларында болсаңыз қазақ тілі жоқ. Бұл — рухани аномалия. Біз көзіміз үйреніп кеткендіктен, бұған әдеттегі үйреншікті нәрсе деп қараймыз. Ал шындығына келсек және әлемдік тәжірибеде олай емес! Өз тілінде сөйлемейтін адамды ағылшындар есалаң дейді, өз тілінде сөйлей алмайтындарды нақұрыс, есінен алжасқан деп есептейді. Сондықтан, біз ақыл-есіміз дұрыс, өзімізді-өзіміз құрметтейтін болсақ және өзгелер құрметтесін десек, өз тілімізде сөйлеуіміз және іс жүргізуіміз керек. Онсыз тәуелсіз мемлекет болудың өзі — кісіні таңғалдыратын жағдай. Қазақ пен қазақ орыс тілінде хат жазысады. Қазақстанның бүкіл әлемдегі елшілері мемлекет басшысына орыс тілінде рапорт

береді. Бұл аномалия емей немене?! Сырттай далақтап, машине мінгенге, үй салғанға қызығамыз. Бұл да қажет, бірақ бұл – дамыған елдердің негізгі жетістігін көрмеу деген сөз. Олардың негізгі жетістігі – ұлттық құндылықтарын көздерінің қарашығындай сақтай білуі. Соның ішінде тіл арқылы қалыптасқан патриоттық тәрбие, отансүйгіштік олардың көркем ойының да, қоғамдық ойының да негізгі өзегі болып табылады. Ендеше, елдегі тұрақтылықты қазақ халқының төзімділігі арқылы ұстап тұрғаннан гөрі, ортақ мемлекеттік тілдің де ынтымақтастық пен тұрақтылықтың басты факторы екендігін ұғынатын да, ұғындыратын да уақыт жеткен сияқты.

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) қабылдаған Гаагадағы Этносаралық қатынас жөніндегі қор жариялаған саны аз ұлттардың білім алу құқықтары жөніндегі Гаага ұсыныстарының 1-тармағында: «Саны аз ұлттарға жататын азаматтарға мемлекеттік тілді жеткілікті дәрежеде үйрену арқылы ұлттық қоғамға кірігу жөніндегі жауапкершілік жүктеледі» – деп көрсетілгенін еске сала кетуге болады. Сол «Гаага ұсыныстарының» Кіріспесінде: «... бір мемлекетте саны жағынан басым болып отырған ұлттық этникалық топтар екінші мемлекетте азшылық топты құрайтындығы» басты назарға алынып отырғаны айтылған. Демек, негізгі ұлт өкілдерінен саны әлдеқайда аз өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді оқып-үйренуі, кейбіреулердің айтып жүргеніндей, адам құқығына қайшы келмейді, керісінше, ол ынтымақтасу және тұрақтылық факторына жатады.

Әл-Фараби, Асанқайғы т.б. даналарымыз елдіктің кілті – ел бірлігінде, ұлт парасатында деп қоғамды ізгілендіруге шақырды. Әл-Фарабидің «Қайырымды қаласының» тұрғындары ізгілікті жандар болса, Асанқайғының «Жерұйығы» сондай адамдар тұратын мекен. Қоғамды ізгілендіру – ХХІ ғасырдағы өркениетті дамудың да басты талабы. Ендігі жерде ізгілендіру мақсатына жету құралы зиялылықты қалыптастыруды, сезім, көңіл күй мәдениетін тәрбиелеуді, өмірлік құндылықтар мен бағдарлардың белгілі бір жүйесін орнықтыруды көздейтін сан қырлы процесс болып табылады. Өйткені, біздің ертеңгі күні осы қазіргі мәдениетті, бүгінгі білім, тәрбие берудің аясында өзіміз қалыптастырған қоғамға қадам басатынымыз айқын. Олай

туғызбайды. Мұны біз дұрыс түсінуіміз керек. Өйткені тілін жоғалтуы — қазақтың өзін жоғалтуы. Егер мемлекет сол елдің, қазақ елінің, болашағы, тұрақтылығы қымбат дейтін болса, онда қазақ тілінің өрбіп, өркендеуіне жол ашуға тиіс.

Елім аман болсын, тілім аман болсын деген қазақтың кез келген азаматы басқа мәселелерді кейін ысырып қойып, алдымен ұрпақ тәрбиесімен айналысуы керек. Өйткені ХХІ ғасырдың аяғында біз ұлт болып қалу-қалмауымыз ең алдымен ұрпақ тәрбиесіне, тіліміздің тағдырына тікелей қатысты болып тұр. Кеңестік идеология тәрбиелеген ұлтпыз, қазақтардың ұлттық иммунитетінің әлсіз болуы да сондықтан. Біз кез келген нәрсеге еліктегіш болдық, біз жалаулатып, өзге халықтардан бұрын «Кеңес халқымыз» деп далақтадық. Әр нәрсеге еліктегіш, ертеңін ойламайтын, ұлттық құндылықтарын қастерлей алмайтын бала мінез ұлыстардың ұзақ жасай алмай жойылып кететіні аян. Көптеген Сібір халықтарының тілдерінен айрылғаны, ділі мен дінін де сақтай алмағандарының басты себебі олардың санының азшылығы ғана емес, өз ұлттық құндылықтарын қастерлеуге деген құлықсыздықтарынан да деуге толық негіз бар. Осыдан келіп, жалпы қоғамдық пікірді көтеріп, қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды қорғауды күн тәртібіне қою да біздің негізгі мақсаттарымыздың бірі, қоғамдық-саяси ойымыздың ішкі мазмұны болуы қажет.

Прагада тұрып 9 жыл жұмыс жасаған белгілі жазушы Смағұл Елубай баспасөзге берген бір сұхбатында мынадай жайға назар аударған. Қанша шағын ел болса да, сол мемлекет топырағына табан тірегеннен жергілікті халықтың арасына түсіп, сол ұлттың тілін мойындайсың. Қазақстанға келсең, оның үлкен қалаларында болсаңыз қазақ тілі жоқ. Бұл — рухани аномалия. Біз көзіміз үйреніп кеткендіктен, бұған әдеттегі үйреншікті нәрсе деп қараймыз. Ал шындығына келсек және әлемдік тәжірибеде олай емес! Өз тілінде сөйлемейтін адамды ағылшындар есалаң дейді, өз тілінде сөйлей алмайтындарды нақұрыс, есінен алжасқан деп есептейді. Сондықтан, біз ақыл-есіміз дұрыс, өзімізді-өзіміз құрметтейтін болсақ және өзгелер құрметтесін десек, өз тілімізде сөйлеуіміз және іс жүргізуіміз керек. Онсыз тәуелсіз мемлекет болудың өзі — кісіні таңғалдыратын жағдай. Қазақ пен қазақ орыс тілінде хат жазысады. Қазақстанның бүкіл әлемдегі елшілері мемлекет басшысына орыс тілінде рапорт

береді. Бұл аномалия емей немене?! Сырттай далақтап, мәшине мінгенге, үй салғанға қызығамыз. Бұл да қажет, бірақ бұл – дамыған елдердің негізгі жетістігін көрмеу деген сөз. Олардың негізгі жетістігі – ұлттық құндылықтарын көздерінің қарашығындай сақтай білуі. Соның ішінде тіл арқылы қалыптасқан патриоттық тәрбие, отансүйгіштік олардың көркем ойының да, қоғамдық ойының да негізгі өзегі болып табылады. Ендеше, елдегі тұрақтылықты қазақ халқының төзімділігі арқылы ұстап тұрғаннан гөрі, ортақ мемлекеттік тілдің де ынтымақтастық пен тұрақтылықтың басты факторы екендігін ұғынатын да, ұғындыратын да уақыт жеткен сияқты.

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) қабылдаған Гаагадағы Этносаралық қатынас жөніндегі қор жариялаған саны аз ұлттардың білім алу құқықтары жөніндегі Гаага ұсыныстарының 1-тармағында: «Саны аз ұлттарға жататын азаматтарға мемлекеттік тілді жеткілікті дәрежеде үйрену арқылы ұлттық қоғамға кірігу жөніндегі жауапкершілік жүктеледі» – деп көрсетілгенін еске сала кетуге болады. Сол «Гаага ұсыныстарының» Кіріспесінде: «... бір мемлекетте саны жағынан басым болып отырған ұлттық этникалық топтар екінші мемлекетте азшылық топты құрайтындығы» басты назарға алынып отырғаны айтылған. Демек, негізгі ұлт өкілдерінен саны әлдеқайда аз өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді оқып-үйренуі, кейбіреулердің айтып жүргеніндей, адам құқығына қайшы келмейді, керісінше, ол ынтымақтасу және тұрақтылық факторына жатады.

Әл-Фараби, Асанқайғы т.б. даналарымыз елдіктің кілті – ел бірлігінде, ұлт парасатында деп қоғамды ізгілендіруге шақырды. Әл-Фарабидің «Қайырымды қаласының» тұрғындары ізгілікті жандар болса, Асанқайғының «Жерұйығы» сондай адамдар тұратын мекен. Қоғамды ізгілендіру – ХХІ ғасырдағы өркениетті дамудың да басты талабы. Ендігі жерде ізгілендіру мақсатына жету құралы зиялылықты қалыптастыруды, сезім, көңіл күй мәдениетін тәрбиелеуді, өмірлік құндылықтар мен бағдарлардың белгілі бір жүйесін орнықтыруды көздейтін сан қырлы процесс болып табылады. Өйткені, біздің ертеңгі күні осы қазіргі мәдениетті, бүгінгі білім, тәрбие берудің аясында өзіміз қалыптастырған қоғамға қадам басатынымыз айқын. Олай

болса, бізге соңғы бірнеше ғасырдан бері тарих ғылымында үстемдік құрып келген адамзат мәдениеті мен техникада қол жеткен табыстарды тек қана еуропалық өркениеттің еншісі санайтын моноцентристік көзқарастан арылуымыз қажет. Шығыс халықтарының аса бай мәдени және тарихи мұраларын көнерген, дәстүрлік, патриархалдық мұра ретінде бағалау шындықпен үндеспейтінін ұққанымыз абзал.

Тарихи сананы қалыптастырудың негізгі жолдары: мектепке дейінгі, мектептегі және жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдарының, мәдениет мекемелерінің қызметтері болып табылады. Ал бұл қызметтер мемлекеттік тілде жүрмейтін болса, ұлттық сана қалыптастыру өзінің диттеген межесіне жетпейді. Олай болса бірлігіміздің басы, елдігіміздің кілті — тілге деген жаңаша көзқарас қалыптастыруымыз бүгінгі күннің талабы, егемендігіміздің елеулі белгісі. Тілге деген парасат пайымды көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз, сондықтан оған бейжай қарауға болмайды.

## ТІЛ МҮДДЕСІ – ЕЛ МҮДДЕСІ

*(Әлеуметтік-философиялық талдау)*

Еліміздің егемен, тәуелсіз даму жолына түскеніне де ширек ғасырға жуықтады. Осы уақыттар ішінде мемлекетіміз дамудың жаңа жолына бетбұрыс жасады, Стратегиялық даму бағыты мен халықаралық аренадағы өзінің орнын анықтады. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында рухани әлеміміз түгенділіп келеді. Білім беру саласында, өнерде, ғылымда мемлекеттік мәртебе алған ұлттық тіліміздің деңгейі өсіп, ауқымы кеңіді, мемлекеттік саясатымыздан қолдау тапты. Сондықтан да, қазіргі уақытта барлық әлеуметтік салаларымыз сияқты мемлекеттік тіл саясаты да өзінің жаңа кезеңіне өтіп, оған жаңа міндеттер жүктеліп, талаптар қойылуда. Біздің ойымызша олар үшеу: а) саясат дегеніміз не, оның ішіндегі тіл саясаты қандай? б) бүгінгі жаңа кезең бізге қандай мүмкіндіктер береді? в) осы жаңа кезеңге сәйкес, жаңа міндеттер қандай болмақ?

Алдымен СЯЯСАТ туралы. Саясат — мемлекет — идеология бірімен-бірі диалектикалық бірліктегі нәрселер. Алайда мемлекет ұзақ уақыт орнында, саясат онымен

салыстырғанда құбылып тұрады. Қазір жаңа кезең, ендеше, бұл саладағы саясат та жаңа болмақ. Ал, міндеттерді осы жаңа саясат туындатады. Бірақ, саясат әлеумет үшін жасалады, онан туындайтын заң да, бағдарлама да осы әлеуметке қызмет етеді. Сондықтан да, дүниежүзілік практикада өз әлеуметінің әлеуетін әлсірететін, немесе оның жағдайын төмендететін, мүддесіне қайшы келетін бірде-бір құжат қабылданбайды. Ол «халыққа қарсы әрекет» — деп есептеледі. Ендеше оларды халық түсінуі керек, игілігіне пайдалануы керек, ол халық, ұлт мүддесіне қызмет етуі керек.

Жаңа заман талабынан туындайтын тіл туралы алғашқы құжаттар кезінде Қазақстанда ҚКП-нің 1-ші хатшысы болған Г.В.Колбин заманында қабылданды (1989). Танымдық тұрғыдан алғанда ол кездегі түсінігіміз тіл үйрену болатын. Ширек ғасырдан асса да әлі сол ұғым түсініктеміз. Бұл философиялық тілмен айтқанда, таным процесі болмады деген сөз.

Таным процесін талдау арқылы түсінеміз. Ал ол қоғамға қатысты болса әлеуметтік-философиялық талдауды қажет етеді. Тілге осы тұрғыдан келер болсақ, алдымен оның ұғымдық мәні мен әлеуметтік маңызына көңіл бөлмей, назар аудармай өте алмаймыз.

ТІЛ (лат. - lingua, грек. - glossa) — ауыз қуысының түбінде орналасқан бұлшық етті орган. Тіл — омыртқалы жануарларда тағамды тасымалдау және дәм сезу қызметін атқарады. Ал ғылым-танымдық, әлеуметтік мән-мазмұнымен анықтасақ, Тіл — адам баласының ой-санасында танылған әлемдік бейненің, болмыстың ұғымдық белгісі. (Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. 8-том, 624- бет).

Тіл адам ой-санасындағы танылған объективті дүниенің, болмыстың ұғымдық белгісі болғандықтан, ол: заттар мен құбылыстарға атау береді; адамның парасат-пайымы, бітім деңгейін, көзқарасы мен менталитетін көрсетеді; әр адамның өзіндік дүниетанымын (әсемдік, әдемілік әлемі, адамгершілік ұстанымы) көрсетеді; адамның болмысты тануы, игеруі, ұғынуы да тілде көрініс береді; тіл болмаса, тіл арқылы бізге ақпарат жетпесе, адам да, қоғам да дамымас еді; тіл арқылы бір ұрпақтың рухани мұрасы, келесісіне өтеді; тілсіз рухани мәдениет те биікке шыға алмайды, халықтың рухани күші де тілінде; тілдің дамуы арқылы адам баласының дүниетанымы сатылап дамиды; тіл таным ізі, адамзаттық парасат пен кісілік ізі.

Тіл мен ой әр уақытта да диалектикалық бірлікте. Тіл ойлау арқылы туып, ойға түрткі болады. Адам баласының ойлау жүйесінің өресі тілдің оралымдылығымен, бейнелілігімен астасып жатады. Мұсылмандық Шығыс ойшылы Ж.Баласағұнның: «Сөз – ойдың көрінісі» – деп жазуы да осыдан болса керек. Өйткені, әр сөз әр ұлттың өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты айтылады. Соның негізінде адам әсер алады, танымын кеңейтеді. Қазақтың: «Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді», «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады», «Басқа бәле тілден», «Ойнап айтса да ойындағысын айтады» т.б. мақалдарында тіл мен ой құдіретінің сөзбен өрнектелуі ғана емес, сол тілді қолданушы ұлттың психологиясы мен философиясы, эстетикалық әлемі мен ерекшеліктері тұтасып жатыр. Ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа беруші күш – тіл. Ұлт пен тіл еш уақытта ажырамайтын, бірімен-бірі кірігіп, бөліп алуға болмайтын нәрсе. Ұлттың ең негізгі қасиеті – қабілетінде, ал қабілет ойлаумен байланысты, ойлаудың негізін құрайтын – тіл. Кейбір тұстарда ұлттың рухы тілдің де мазмұнын рухтандырып тұрады. Рухсыз тіл – тіл емес. Мемлекетінің төл тілінде түсінісе алмайтын ел – ұлт болып, ұйысу мүмкіндігінен айырылады. Саясаттың да, мәдениеттің де қалаларда қалыптасатыны сияқты, тіл де алдымен қалада қалыптасады. Өйткені ол заман ағымына қарай бейімделіп, технология мен ғылым жаңалықтарына ілесе отырып дамуы тиіс, әйтпесе көштен қалады. Ал техниканың тіліне айналмаған тіл – бұқараның қатынас құралы болудан қалады.

Ұлт, мемлекет, тіл ұғымдары бір-бірімен тығыз диалектикалық байланыста, біртұтас. Бұлар тәуелсіз елдердің саяси-философиясының іргетасы да. Біздің еліміз сияқты біртұтас (унитарлы) мемлекетте ұлт тілі қоғам тілі рөлін атқармай қоғамды біріктіру жұмысы алға баспайды. Тіл саясаты – жалпы ой-пікір, идеяларды, мемлекетті құру тәсілдерін, жолдарын, қабылданған шешімдердің іске асыру бағыттарын, жалпы қоғамды біріктіретін құрал-тәсіл. Ұлттың өзін-өзі анықтауы да, таным тарату процесі де тіл арқылы жүреді. Мемлекетті құрып отырған жергілікті халықтың тілі – мемлекеттік тіл екендігі, Конституцияда заңдастырылатыны да содан. Тіл саясаты дегеніміз – қоғамның жеке-жеке



топтарды, жүйелерді бір қалыпқа келтіруінің басты құралы, оның қызмет аясын қай елде болмасын мемлекет анықтайды және іске асырады.

Тіл тағдыры — ел тағдыры. Тілді жеке адам да, тұтас ұлт та, мемлекет те қадір тұтып ардақтап сыйлауы, оның шын мәніндегі мемлекеттік тіл деңгейіне көтерілуіне ат салысуы әрбір саналы ұлт өкілінің адамгершілік парызы. Мемлекетті құрушы халықтың тілі мен мәдениеті елдегі басқа ұлт азаматтарының бәріне ортақ болуы шарт. Сонда ғана мемлекет азаматтарының баршасы өзін сол мемлекеттің азаматымын, сол мемлекет мәдениетінің түлегімін деп сезінеді. Елде нағыз рухани бірлік қалыптасып өзара түсінісу оңайланып, ынтымақшыл орта пайда болады. Патриоттық тәрбие жұмысы да тез алға басады. Әртүрлі деңгейлердегі оқу орындарында ортақ мемлекеттік тіл арқылы білім алғандар әдебиет, саясат, әлеумет, мәдениет тағы басқа салаларда да ортақ ұғымдарға ие болады. Сондықтан, барлық мемлекеттер тұтастық пен бірлікті орнату үшін тек ортақ тіл мен мәдениет болу керек деп түсінген, әлеуметтік саланың осы жағына ерекше көңіл бөлген.

Әлемде 200-ден астам мемлекет болса, солардың ішінде тек қана бір ұлттан құралған мемлекеттерді табу өте қиын, бар болса саусақпен санап шығардай. Осы тұрғыдан келгенде — Қазақстан ерекше мемлекет емес. Жоғарыда аталған 200-дей мемлекеттердің барлық азаматтары да түгелдей өздері тұрып жатқан мемлекеттерінің мемлекеттік тілін біледі. Сол тіл арқылы жергілікті жердің көне тарихын, мәдениетін біліп өседі. Бұл қисынмен келсек біздің мемлекетіміз «ерекше». Өйткені, бүгінгі Қазақстанда тіл білмей азаматтық алуға, билік басында отыруға, тіпті шетелге шыққанда барлық деңгейдегі шенеуніктер мен Парламент мүшелерінің, шет елдегі дипломатиялық жұмыстағылар мен әртүрлі деңгейдегі мемлекетаралық қатынастар жасайтын құрылымдарда (ЮНЕСКО, БҰҰ, т.б.) басқа көршілес мемлекет тілінде, дәлірек айтсақ орыс тілінде сөйлеу тек бізде ғана бар. Бірақ байбына бармайтын, ұлттық рух пен намыстан, патриоттық сезімнен ада қандастарымыз бен отандастарымыз оны өздеріне айып та, кемшілік те санамайды. Әйтпесе сондайлардың бірі, белгілі ақын Олжас Сүлейменов «Свобода Слова» газетіне берген сұхбатында өз халқының жас ұландарын ауылдықтар мен қалалықтарға бөліп, «тіл мәселесін көтеріп

жүрген ұлттық, рулық шеңберде қалғандар» — деп нұқыртпас еді. Керісінше ұлт ұйысуының негізі мемлекеттік тіл — қазақ тілін барынша қолдап, түсінікпен қарар еді. Кеңестік қоғамда ерекше орны болған, ал ол құлағаннан кейін жыл сайын тынысы да, пайдаланылатын кеңістігі де тарылып келе жатқан орыс тілінің етегінен айырылмауды жетістік деп түсіндіруге болмайды. Болашағын ойлаған ел өз мемлекетінің тілін игереді, халықаралық ағылшын тілін де үйренуге бет бұрыс жасайды.

Бүгінгі таңда мойындалуы керек бір жайт, мемлекеттік тілдің ғылым мен техника, білім мен мәдениет, экономика мен саясат, мемлекеттік басқару мен бұқаралық ақпарат құралдарында және шаруашылық пен өнеркәсіптің барлық салаларында белсенді қызмет етуіне қажетті алғышарттар жасалғанымен жүзеге асуының мардымсыздығы. Ал билік басында отырғандардың Тіл мәселесіне қатысты тілге тиек етіп жүргендерінің бәрі халықты тыншыту үшін алынған статистикалық, сандық көрсеткіштер. Сан сапаға айналмаса ол елдің өркендей дамуына, әлеуметтік саланың жетілуіне айтарлықтай әсер ете алмайды.

Кез келген халықтың ұлттық болмысы, мәдениеттілігі мен өркениеттілігі, сана мен парасат деңгейі кең мағынасында сауаттылығымен өлшенеді. Ал оның деңгейі, тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымдылығының кеңдігімен, орамды да ұтымдылығымен көрінеді. Ендеше ол оқу, өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидар, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, ресми іс қағаздарды рәсімдеу т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның басты құралына айналуы қажет.

Тіл — тәрбие басы, осыған орай жастарды ана тілінде сөйлеуге, ойлауға тәрбиелеу қажеттілік. Мемлекеттік тіл мәселесін бастаған екенбіз, оны аяқсыз қалдырмағанымыз жөн. Олай болса, бұл саладағы барлық атқарылып жатырған істер парасатпен, ой елегінен өткізіліп жасалғаны абзал. Ол ұйымдастыру жұмысы ма, нақтылы істер ме, бәрібір өте жоғары жауапкершілікпен жасалуы да, атқарылуы да шарт. Себебі, тіл тәрбие құралы ғана емес, ұлт айнасы да! Осы тұрғыдан алғанда халық көп қолданатын салалық, тақырыптық энциклопедиялар мен орфографиялық сөздіктерді қатесіз, кемшіліксіз етіп бастыруымыз керек, ақпарат құралдары арқылы берілетін хабарлар, шығып

жатқан кітаптар т.б. бәрінің де деңгейлері жоғары болғаны абзал, себебі олар — біздің сауаттылығымыздың деңгейінің көрсеткіші — деушілердің пікірін қолдағанымыз жөн. Сан алуан кәсіп салалары бойынша аударма сөздіктер жасалса, тіліміздің жоғарғы деңгейде дамуына бірден-бір себеп болары анық, сол уақытта әркім өз бетімен сөз жасап, ұғымдар кіргізіп тілімізді қойыртпаққа айналдырмай, «таза, терең, өткір, күшті, кең тілім» — деп, Мағжан жырлаған ана тілімізді кең мағынада құрал ретінде қолданып, қадірлеу — перзенттік парызымыз екенін түсінер еді.

Әрбір халықтың өсіп-өркендеу, әлемдік мәдениетке ілесу жолында да, басқалардан этникалық ерекшеленетін тұсында да сүйенері — өз ана тілі. Тіл тағдыры кешегінің, немесе, бүгінгінің тағдыры емес, бүрсігүнгінің, болашақтың тағдыры. Осыны ұғынсақ, бүгінгі жаһандану заманын бастан өткеріп жатқан қаймана қазақ үшін соны әрекет, сезімтал жүрек шымыр ой қажет-ақ. Жыл сайын бұны сезінетіндер қатары көбейе түсер деген үміт пен сенім бар.

Өткен ғасырдың аяғына қарай егемен ел болып жаңа ғасыр табалдырығын аттап, керуен басын жаңа даму жағына бұрған кезде қазақ саясаткерлері мен зиялыларына тіл мәселесіне біржақты қарауға болмайтын еді. Оның объективті де, субъективті де жақтары болды. Объективті жағы біздің бәріміз де ортақ идеология, ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ тіл — деп үйреткен Кеңестік үкіметтің шинелінен шыққандар едік. Тіпті орыс тілін барымыз да, байлығымыз да, тіршілігіміздің тетігі де деп түсіндік. Білім алу үшін, ғылыммен айналысу үшін, жалпы ел қатарлы өмір сүру үшін орыс тілін білу басты шарт болды. Осындай түсініктегі өз ішімізде үлкен психологиялық толқулар жүріп жатты. Екінші жағынан, ұлттық тілден, дәстүр-салттан ада өз қандастарымыздың да бірқатары құптай қойған жоқ. Олардың өздері және өздері сияқтылар әлі де билік басында отыр. Сол себепті де олардың қазірге уақытта да бұл іске тікелей кедергі жасамағанымен тілеуін тілеп отырғандары шамалы. Орыс және басқа ұлт өкілдері үшін бүгінгі Қазақстандағы бетбұрыс тіпті күтпеген жағдай болды. Өздері ғана емес, бірнеше ұрпақтары Қазақ Даласында күн кешкеніне қарамастан олар біздің тіліміздің «қажеттілігі болады» деп тіптен ойлаған жоқ еді.

Ал сол тұстағы түсінік тұрғысынан объективті жағына келер болсақ, біз өз елімізде, өз жерімізде басқа ұлт өкілдерімен

салыстырғанда азшылық едік. Бұрынғы «азшылық көпшілікке бағынады» деген қағида бойынша біз олармен есептесуіміз керек. Сондықтан да, ішінде өз қандастарымыз да бар орыс тілділер «орыс тіліне де мемлекеттік мәртебе берілуі керек» – деп мәселе қойды. Әйтеуір үлкен шыдамдылықпен, мәселені теориялық тұрғыдан нақты дәлелдеумен дұрыс қолдап және құқықтық тұрғыдан қорғап шығудың арқасында бұл істе жеңіске қол жеткіздік. Сол кездегі депутаттар, нағыз халық қалаулылары, академиктер, заңгерлер Салық Зиманов пен Сұлтан Сартаевтардың, ұлтшыл-патриот депутаттардың қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесін иемденуіне сіңірген еңбектері өте зор екенін біз әрқашан да естен шығармай, айтып жүруіміз керек.

Бірақ, біздің ойымша, бұл мәселенің екінші жағы бар. Ол – тілге қатысты әлемдік деңгейдегі теориялық та, практикалық та жағдайларды кеңінен зерттеп, зерделеу, оған әлеуметтік-философиялық, танымдық тұрғыдан келу. Біз оған көңіл бөлмедік, нәтижесінде уақтылы батыл қадам жасамадық, көбіне өткен, өтілген, болған, болатын шараларды жіпке тізіп, сандық көрсеткіштерге ұрындық. Алыс елдерді былай қойғанда өзімізге іргелес жатқан елдер мен бұрын біз сияқты басқа мемлекеттің ықпалында болған елдердің тәжірибелері зерттелмеді.

Өкінішке орай, өмірден ерте кеткен, жүрегі ұлтым деп соққан, шетелде оқыса да, өмірінің біраз бөлігінде шет жерлерде жүрсе де, бар болмысымен қазақ бола білген Болатхан Тайжанның зерттеулеріне жүгінсек, бұл мәселеде жоғарыда айтқанымыздай басқа елдердің тәжірибесі ауадай қажет екен. Өзі арнайы бұл мәселемен айналысатын маман болмаса да, ол осы салаға қатысы бар әрбір азамат білуге тиісті ойларын бізге жазып қалдырып кетті. Көрнекті қоғам қайраткері, танымал дипломат «Түркістан» газетінің 2006 жылғы 2 қарашасында екінші рет қайта басылған «*Ұлттың күретамыры*» атты мақаласында дербестік алған елдердің тіл саясатына жан-жақты талдау жасайды.

Автор Малайзияда алғашында малай тілімен қатар он жылдай ресми тіл ретінде ағылшын тілі пайдаланатыны туралы шешім қабылданғанын, он жыл өтісімен ұлттық, яғни мемлекеттік ресми тіл ретінде жалғыз малай тілі жарияланғанын, сонымен қатар Конституция талаптары бойынша Малайзияның азаматтығын алғысы келген

адам малай тілін игергендігін дәлелдейтін емтиханнан өту керектігін, бұл талаптардың барлығы дербестікке қол жеткізген сәттен бастап Малайзия басшылары елдің бірлігі, мемлекеттің тұрақтылығы, тілі, мәдениеті, әдет-ғұрпы, ділі бір малай ұлтын құру арқылы жететінін басынан анық түсінгендігінен болды — деп тұжырымдайды. Сондай-ақ ол: «Шіркін, Қазақстанның басшылары Еуропадағы, Азиядағы, Африкадағы дербес мемлекет құру тарихы тәжірибелерін жақсы білгенде, сол тәжірибені қолданғанда, Қазақстанда мемлекеттік тіл мен бөтен елдің тілі — орыс тілінің жағаласып, тартысып отырғанын қазіргі замандағы азаматтар көрмес еді. Еуропа, Азиядағы алыс жатқан елдерді былай қойғанда, жуырда ғана орыс империясының қамытынан құтылған Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Кавказ, Балтық жағалауындағы елдерде жергілікті мемлекет тілін меңгеру қажеттілігін барлық азаматтарына мойындатты. Украинада орыстілді ақпарат жүйесі құлдырауда. Тек Қазақстан, өкінішке қарай, осы салада мешел болып отыр...Қазақ елінің басшылары, билікте отырғандар жұмған көздерінің біреуін ғана ашып маңайына қараса, Отан тарихы олардың ұлтына қарсы жасап отырған қылықтарына нендей баға беретінін бір ғана сәт елестетер еді. Әлде қазіргі биліктің тұтқасын ұстап отырғандар болашақ қазақ ұрпақтары үкімінен қорықпай ма?» — деп қынжылыс білдірген еді.

Осы салада жүргендерді және жалпы қазақстандықтарды көрші елдер тәжірибесімен таныстыруды мақсат тұтқан зерттеуші Қытай Халық Республикасындағы, Индонезиядағы, Шығыс Азияның басқа да көптеген елдеріндегі бұл бағыттағы жүргізілген саясатқа кеңінен тоқталып, бүгінгі біздің әлеуметтік саланың ең бір өзекті тұсы тіл мәселесімен айналысушы шенеуніктерге, Парламенттегілер мен ұлт тағдырына жүрдім-бардым қарайтындарға тағылымды таным боларлықтай деректер береді. Оқып, танысып көрелік. Мысалы, Қытай Халық Республикасында 56 халық тұрады. Соның ішінде ханьдар ресми тұрғыдан алғанда 1,5 миллиардқа жақын ҚХР халқының 93 пайызын құрайды. Ханьдар мен тағы да екі этникалық топ қытай тілінде сөйлейді. Қалған этникалық топтарда өз тілдері бар. Олардың 29-ы қытай-тибет топтарына жатады, 17-і алтай тілдер тобына, 3-і Австралия-Азия тобына, 2-і үнді-еуропа тобына, 1-і индонезия тобына, енді бір тілдің тобы анықталмаған, яғни,

Қытай халқын құрастыратын этникалық топтар 54 тілде сөйлейді. Қытай тілінің өзі жеті үлкен диалектіге бөлінеді. 1956 жылы Қытай үкіметі мемлекеттік жалғыз ұлт тілін пайдалану керек деген үкім шығарды. Ол тіл — путунхуа. Үкіметтің шешімі бойынша путунхуа міндетті түрде мектепте, әскерде және ірі өнеркәсіп орындарында қолданылуы керек.

Тұрғындарының саны жағынан әлемде төртінші орында тұрған Индонезияның тіл мәселелері көп жұртқа беймәлім. Оның жері қазақтың жеріндегі тұтас емес. Индонезия аумағын мыңдаған арал құрайды, жалпы бұл елді «үш мың аралды» ел деп атайды, шынғында ол елде он үш мыңнан аса арал бар. Сондықтан бұл елдің солтүстігі мен оңтүстік арасы екі мыңға жуық километр, шығысынан батысына — бес мың километрден артық. Сондықтан Индонезия 1945 жылы 17 тамызда бостандық алғанда саяси-экономикалық даму мәселелерімен қатар ел тұтастығын қамтамасыз ету, оны сақтап қалу мәселелері туды. Өйткені, Индонезияда жүз елуден үш жүзге дейін халық бар делінеді. Мыңдаған аралдарда қанша халық, этникалық топтар тұратынын анықтау оңай іс емес, әрбір арал тұрғындарының өз тілі бар. Ал, кейбір деректерге сүйенсек жалпы Индонезия тұрғындары 650-ден 1000-ға дейін тіл мен диалектіде сөйлейді екен. Сонда да Индонезияда тілге қатысты мәселе жоқ. Сол тілдердің ішінде джауан тілінде елдің 42 пайызы сөйлейді, сунды тілінде — 15 пайызы. Осындай жағдайларға қарамай индонезиялық ел басшылары егемендік алысымен мемлекеттік тілі ретінде малай тілінің индонезиялық түрін — «бахаса-Индонезияны» жариялады, ол кезде индонезиялық малай тілінде халықтың 5-ақ пайызы сөйлейтұғын. Сондай-ақ, латын алфавиті енгізілді. Мұнда тұратын әр азамат мемлекеттік тілді білуге міндетті. Бұған қоса, әр тайпа күнделікті өмірде өз тілін қолдана алады.

Индонезия тіліне тартудағы мақсат: біріншіден — халықтың осы тілді меңгеру деңгейін арттыру; екіншіден — көптілді Индонезия жұртшылығы біртұтастық сезімін, ұлттық ұйысуын қамтамасыз ету. Көп этникалық топтар өз тілдері мен мәдениеттерін біле тұра барлығы бір тіл, бір мәдениеттің аясында бірігу керек. Үкімет оқушыларға «біріксек — жеңеміз, бөлінсек — жеңілеміз» деген ұғымдарды үнемі оқытады. «Менің отаным, туған жерім — Индонезия» деген ұғым да уағыздалады. Саясаткер Болатхан Тайжан

«Қазақстан үкіметі Отан сүюшілікпен мүлде келіспейтін «Қазақстан – ортақ үй» дегенді айтып жүргеніне, «Қазақстан – ортақ үй» деген «иесіз үй» деген ұғымға жетелейтініне қынжылыс білдіреді. Шындығында «Қазақстан – қазақ елі, мұнда басқа да қазақ емес еліміздің азаматтары тұруға мүмкіншілік жасалған, құқықтары қорғалған» десек, бұл сөз қазаққа да, қазақ емеске де жағдайды дұрыс түсініп, қабылдауға жетелер еді. Қазақстанның әр азаматы «Менің Отаным – Қазақстан» деген ұғымды бойына сіңіруі керек.

Шығыс Азияның қалған он бір елінде барша халықты бір тіл, бір мәдениетке үйрету саясаты жүргізіліп жатыр. Әрине, әр елдің тарихи, экономикалық, мәдени-әлеуметтік жағдайларына байланысты өз ерекшеліктері бар. Бірақ, ортақ тілде сөйлеу, оны оқыту аясында жүргізіліп жатқан саясат барлық Шығыс Азия елдерінде бір арнаға салынған. Әр ел өзінің мемлекеттік тілін таңдау кезінде ең алдымен оны мемлекетті құрып отырған халық мүддесіне сай келтіреді.

Біздің статистер де, ресми орындағыларымыз да Қазақстанда «жүз отыздай халықтар тұрып жатыр» – дейді. Біздің ойымызша, бұл жерде кейбіреулердің біліксіздіктерінен, немесе, әдейі солай түсіндіруінен «халық» деген ұғыммен «этникалық топ» деген ұғымның айырмасы дұрыс түсіндірілмей тұр. Әйтпесе олар оны мүлде білмейді, не білгісі келмейді. Біріншіден, «халық», «этнос» – көне заманнан бері белгілі бір аумақта пайда болған, өзінің тілін, әдет-ғұрпын, ұлттық психологиясын, экономикасын, мемлекеттілігін қалыптастырған үлкен әлеуметтік топ. Бізде оған ие бола алатын тек қазақ халқы ғана. *Қазақстан* – егемен ел, унитарлы мемлекет, ал қазақтар өзінің станы бар, тұрағы бар, пайда болған орны бар этнос. Құдай бізді осы жерде жасаған, басқаларды басқа жерде. Олай болса, мемлекет құраушы қазақ ұлтынан басқалардың бәрі біздің елімізге 4 күн бұрын келсін, 400 жыл бұрын келсін *диаспоралар*. Өз отанынан тыс өмір сүріп жатқан адамдар топтарын дүниежүзі практикасында «диаспора» деп атайды. Сондықтан Қазақстанда тұратын басқа этникалық топтардың «жүз отыз халық» деп аталуының ешбір қисыны жоқ. Қазақстаннан тыс жерде өз тарихи отандары бар. Ол бұл жерге түрлі себептермен ерікті, еріксіз келгендер. Әңгіме олардың қашан, қанша ғасыр бұрын келгендерінде де емес. Тіпті олардың санына қарап та халық, жергілікті этнос деп

атау қисынсыз. Әйтпесе, дүниежүзінің әр қиырында бірнеше орыс, корей, украин, неміс халықтары пайда болған болар еді. Ендеше, олар үшін әдейі саясат пен заң жасау да, оларды көздеген саяси мүддені жүзеге асыру үшін пайдалану да елге абырой әпермейді. Біз зайырлы құқықтық мемлекетпіз. Біздің Конституциямызда не жазылған, олар да осы елдің азаматы ретінде соның бәрін орындаулары керек. Қазақ ұлты мемлекет құрушы ел ме, солай түсін. Конституцияда қазақ тілі мемлекеттік тіл ме, сен осы елдің азаматы ретінде мемлекеттік тілді білуге міндеттісің, әйтпесе толық мәнде өз құқығыңмен пайдалана алмайсың, сен осы елдің азаматы екенсің оның гүлденуіне, дамуына, қорғалуына, қауіпсіздігіне өз үлесінді қос т.б.

Ендеше, бізге «тұлыпқа мөңіреген бұзаудай» барлық уақытта Ресейге, немесе АҚШ-қа қараудың қажеті жоқ. Олар бізге бұл жағынан үлгі бола алмайды. Өйткені, Ресей федеративті мемлекет, қуатты, саяси-құқықтық тұрғыда орныққан тарихы бар мемлекет, ондағы мекендеуші барлық ұлыстар мен ұлттар үлкен этнос – орыстардың айналасына топтасқан мемлекет. Оларда диаспора ұғым есебінде де, диаспорология ғылым есебінде де қалыптаспаған, олар оны қалыптастыруға да мүдделі емес. Ресей Федерациясында оның субъектілері бар. Ол құдай сол жерде жаратқан этностар. Олар автономиялы облыстарда, округтерде, автономиялы республикаларда тұрып жатыр, тарихи Отаны да сол жер. Біз жиі айтатын Халықтар Ассамблеясы нағыз соларға керек. Алайда басқа ұлыстармен ұлттарды өз айналасына топтастырып алған орыстар оған мүдделі емес. Оларда бар болғаны Ұлттар Кеңесі (Совет национальностей) бар, шаруа сонымен бітеді. Ресей субъектілерінің бәрінде қостілділік қалыптасқан. Мәселен, Башқұртстанда мемлекеттік тіл - орыс тілі және башқұрт тілі. Бұл әлеуметтік әділеттілікке де, заңға да қайшы емес. Өйткені Россия Федеративтік мемлекет, басқа құрылымдар оның субъектілері. Тіл бұл жерде тұтастық мәселесін де сақтап тұр. Өйткені, басқа аз ұлттар орыс ұлтының айналасына топтасуы керек, бұл әлеуметтік реальдылықтың, нақты саясаттың реалды ұстанымының жемісті нәтижесі.

Бізде бұл тұрғыдан алғанда жағдай өзгеше. Біз унитарлы мемлекетпіз, біздің ішімізде мемлекеттік мәнді әлеуметтік топтардың, ұлыс пен ұлттардың заңды құрылымдары (облыс,



округ) жоқ. Ендеше, біздің оларға деген әлеуметтік саладағы саясатымыз жалпыәлемдік Адам құқы Декларациясының №1, 19, 26 баптарындағы және Халықаралық Азаматтық және саяси құқықтық фактінің №1, 2 баптарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Конституциясы шеңберінде: саны көп ұлттардың саны аз ұлттарға қысым жасамауы, барлық ұлттар мен ұлыстардың құқығын сақтау тұрғысынан қарауымыз керек (еңбек, оқу, денсаулық сақтау т.б. заңдық құқықтар). Ал олар болса, біз қазақстандықтармыз деп, қазақ ұлғының айналасына топтасып өмір сүріп, еңбек етулері керек. Түсіне білген адамға, Қазақстанды мекендеуші диаспоралардың болашағы қазақ тілінде. Осы тұрғыдан алғанда, қостілділік (Г.В.Колбин), үш тұғырлы тіл т.б. сияқты тұтқиылдан қосылып отыратын идеялардың төңірегіндегі «әлеуметтік мәселелерді», бұл сұрақты дұрыс шешіп, бағыт бағдар беруге тежеу болары анық.

Тағы да Болатхан Тайжан деректеріне сүйене отырып, «Қазақстанда жүз отыз халықтар тұрып жатыр» дегенге сан жағынан келейік. Әрқайсысының саны 1 (бір) адамнан 900 (тоғыз жүз) адамға жететін елімізде 75 (жетпіс бес) «халық» тұрады екен. Осы «халықтардың» барлығын қосқанда саны – 20000 (жиырма мыңға) жетпейді. Қазақстанда тұрып жатқан тағы 45 «халықтың» адам саны (бәрін қосқанда) – 2195. Сонда жаңағы 45 «халықтың» әрқайсысының саны орта есеппен 50 адамнан аз. Автор аталған деректерді келтіре отырып төмендегідей ойқорытындыға келеді: «Сонда Президентке, Парламентке, Үкіметке, халыққа, әлем қауымдастығына «Қазақстанда 130 халық тұрып жатыр» деген ешбір шындыққа жатпайтын сөздерді шімірікпей айтып жүргендердің ауыздары осы уақытқа дейін қалайша қисаймайды. Ақиқатты бұзбай шындығына келсек, «Қазақстанда, қазақ жерінде қазақ халқы тұрады және осы жерде басқа елдердей біраз этникалық топтар бар» деген сөз жан-жағынан саяси дұрыс болар еді. Осы тұрғыдан келгенде «Қазақстанның Халықтар Ассамблеясы» деген атпен пайда болған жасанды ұйымның ешбір заңды негізі жоқ». Біздіңше, басқа да зиялылар ойындай, бұл пікірдің де бізге ой салуына, саналарымызды сілкінтуіне толық негіз бар.

Мәселеге осындай әлеуметтік-философиялық түсінікпен келмеудің салдарынан мемлекеттік тілге көшудің қарқыны бізде әлі де баяу. Сондықтан да тіл туралы әңгіме жиі-

жиі қозғалуда. Расын айтайықшы, дүниежүзінің қай елі өзінің мемлекеттік тіл саясатын кезең-кезеңмен жүзеге асыруда. Тіл туралы заңның қабылданғанына, міне, ширек ғасырдан асып барады. Сол, «баяғы жартас, бір жартас» «қадағалайық, бақылауға алайық», осыдан әрі аса алмаймыз. Қазір бірқатар облыстар мен орталық атқарушы органдар аударма бөлімдерін ашып, «іс бітті» деп қолдарын қусырып отырғандығы жасырын емес. Ашығын айтсақ, орысшасының соңына ілесіп жүрген құжаттардың қазақша мәтінін ешкім оқымайды да, қарамайды. Себебі, басшы қол қоятын басты құжат орыс тілінде жазылуы керек. Ал, қазақшасы ресми мекемелерге жіберуге жарамсыз. Сонда мемлекеттік тілдің мәртебесі қайда қалды? Осыдан бірер жыл бұрын Президенттің «Ана тілі» газетіне берген бағдарламалық сұхбатында: «Барлық қатынас қағаздары ана тілімізде жүргізіледі. Сол кезде аудармашылардың қызметіне иек сүйеп отырған кейбір жауапты қызметкерлер: «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкініп қалмасын деген еді. Ал біз болсақ, Мемлекет басшысының бұл ескертпесіне де әлі құлақ асқан жоқпыз.

Бұл мәселеде жергілікті билік иелерінің ұлтжандылығы мен шалымдылығы көбірек рөл атқарады. Әркім өз мекемесінде, өзінің құзыры жүретін деңгейде іс қағаздарын тек бір тілде-мемлекеттік тілде жүргізуге талпыныс жасаса, соның өзі көп іс. Сондықтан, Тіл туралы Заңның 24-бабын нақты орындау мақсатында барлық мемлекеттік органдардағы мемлекеттік тіл құрылымдарын бірінші басшыға тікелей бағынышты ету туралы Үкімет шешімін шығару аса қиын шаруа емес, әрі жоғарыда айтылғандай, бұл шешім мемлекеттік органдардағы қазақ тілінің беделін көтеріп, жағдайын жақсартта түсері анық.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілінің Конституциялық мәртебесін көтеру мемлекет пен қоғам қайраткерлерінің, саяси партиялар мен әлеуметтік топтардың ғана емес, ел мүддесін, болашақ қамын ойлаған әр саналы азаматтың ат салысар қасиетті ісі. Гимнсіз, Елтаңбасыз, Мемлекеттік Туы мен ұлттық валютасыз мемлекет болмайтыны сияқты, толыққанды *мемлекеттік тіліміз* болмай мемлекет те бола алмаймыз. Мемлекеттік тілде болмаған тәуелсіздік, мемлекетте де болмайды. Өз тілінде, мемлекеттік тілде сөйлемеген халық бір тудың астына біріге де алмайды, біртұтас тәуелсіз, азаматтық қоғам да құра алмайды.

Кейбір басылымдарда, ауызекі сөйлеуде жалпы тілдің

қоғамдағы рөлін көрсету барасында оны ресми маңыздылығы бойынша Ту, Елтаңба, Гимн (Әнұран емес – А.Т.) Ұлттық валюта сияқты мемлекеттік рәміздермен пара-пар деген ой айтылады. Біз рәміздердің биік құрмет пен маңызға ие екенін жоққа шығармаймыз. Бірақ, бұл түсінікке тереңірек мән берген жөн деп ойлаймыз. Оның себебі ұлт, халық бар жерде тіл бар және ол онымен бірге жасайды, өзгермейді. Ел ішіндегі әртүрлі әлеуметтік-саяси жағдайларға байланысты бірде кетіліп, бірде жетіліп, ұлт тұрғанша тұрады. Ал жоғарыдағы аталған рәміздер – ұстанған саяси-әлеуметтік ұстаным мен заман ағымындағы түсініктерімізге қатысты өзгеріп жаңа түр мен мазмұнға ие болуы әбден мүмкін. Себебі оларды жасаушы да, қабылдаушы да адамдар, ендеше олар мәңгілік емес. Бұл айтылған ой Туға да, Гимнге де, Елтаңбаға да қатысты (салыстырыңыз: бұрынғысын және бүгінгісін – А.Т.) Ал тіліміз баяғыдай. Өйткені оны ешкім жасаған жоқ, ол бізге құдайдың берген сыйы. Ендеше, тіл мен ұлт диалектикалық бірліктегі қастерлеуге тұратын қасиетті ұғым. Ал толыққанды мемлекеттік тілі жоқ ел, ешқашан басқаның тілімен озық мәдениет жасай алмайды.

Мәселе, ұлттық сананы қалыптастыру проблемасының бүгінгі қоғам өмірінде беріде кенжелеп, әріде назардан мүлдем тыс қалуында. Ұлттық сана мен қазақ тілі туралы мәселеге келгенде біздің ресми билік қана емес, билікке оппозициялық бағытта тұрған саяси партиялар мен құрылымдар да тасырқаған аттай кібірткітеп, шабысынан жаңыла беретіні ақиқат. Алайда, негізгі мақсат еліміздің өркендеуі, халқымыздың жарқын болашағы болса, «мың өліп, мың тірілген» қазақтың тарих сахнасындағы өзіне лайық мәртебелі орнын алуы үшін үлес қосу болса, сол елдің мемлекеттік тілі – қазақ тілінің, ол арқау болып отырған мемлекеттің ұлттық мүдделері мен ұлттық санасының бүтіні мен ертеңін жақсартуды жедел қолға алуымыз керек.

Тіл қазаққа өз болмысын да, өзге болмысты да тану үшін керек. Өзін өзгелерге мойындату үшін де тіл керек, ұрпағына ұялмастай рухани мұра қалдыру үшін де тіл керек. Бір ғажабы өзін қазақ сезінетін, ұлттық намысы, ұлттық рухы бар қазаққа тілді үйрен деп үгіттеудің де, жағдай жасаудың да қажеті жоқ. Алғашқы қорытынды: тіл үйренер едік анау жоқ, мынау жоқ, анау жетімсіз, шетелде, шет жерде жақсы деген бос бопса.

Президент өзінің бір сөзінде: «Қазақстандағы жастар

мынаны білуге тиіс: мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеуге мүмкін болмайды!» – деген-ді. Демек, мемлекеттік тіл қажеттілікке айнала бастады. Бұл – заман талабы. Десе де, біз бұл салада әлі де либералды жолдан таймай отырмыз. Ең алдымен, өзге емес қазақтардың тіл білуін мәжбүрлейтін болдық. Ал, өзге ұлт өкілдері мемлекеттік тілді меңгергендері үшін сыйақы сұрағылары келеді. Ендеше, мемлекеттегі ішкі жағдай өзгермейінше, қазақ тіліне деген сұраныс та жоғары болмайды. Сондықтан, «қазақ тілін білуді материалдық көмек арқылы ынталандыру керек», немесе «орыс-славян ұйымдарындағы қазақ тілі курстарына қаржылай көмек көрсету керек» деген бос әңгіме. Өзге ұлт өкілдері – құқықтық тұрғыдан алғанда мемлекеттік тілді білуге міндетті. Алайда мұны олар мәжбүрлік ретінде қабылдайды. Оларды осы түсініктен арылтып мемлекеттік тілді білмеулері олардың кемшіліктері екенін, болашақта өздерінің азаматтық құқығын кең көлемде пайдалануына кедергі болатындығын ұғындыратындай жағдай туғызу керек. Мысалы: азаматтық алуы; қызметтік жоғарылауы; сайланбалы орындарға қатысуы; білім-ақпарат алу аялары тарылсыншы, кедергі болсыншы олар бірден бәрін түсінеді, үйренудің қажеттілігін шын мәнінде ұғынады, бізге ешқандай талап та, шарт та қоймайды. Үкімет, қызмет көрсету, банк саласында, мемлекеттік органдарда істейтін қызметкерлер міндетті түрде мемлекеттік тілді білуі керек деген талап қойса және жұмысқа алу барысында мемлекеттік тілді білу деңгейін тексеріп қабылдап отырса, олардың аз уақыт аралығында тілді меңгеруден басқа амалдары қалмас еді.

Бізге қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде игерудің, қолданыс аясын кеңейтудің басты жолы оны өзгелерге оқытып-үйретуде емес, болашақ қазақстандық мамандарды мемлекеттік тілде оқытып даярлауда екенін түсінетін уақыт жетті. Ендеше, біз өзімізге, егемен, тәуелсіз ел ретінде қарайтын болсақ, салалар бойынша мамандарды орыс тілінде даярлауды жыл сайын азайта беруіміз, тіпті тоқтатуымыз керек. Оған объективті жағдайлар да, себептер де жеткілікті. Мәселен, еліміздің жоғарғы оқу орындарында, оның ішінде орыс бөлімдерінде оқитындардың 90%-дан астамы қазақ балалары. (Жергілікті жерде басқа ұлт өкілдері көптеу өңірлерде ғана бұл сәл

өзгешелеу болуы мүмкін – А.Т.) Әлемдік тәжірибелерге сүйенсек, Қазақстаннан басқа дербес елдердің ешқайсысы өз еліне қажетті мамандарды өзге елдердің тілінде, немесе, ағылшын тілінде даярламайды. Кешегі Кеңес өкіметі тұсында бәріміздің мақсатымыз да, идеологиямыз да, азаматтығымыз да бір болып еді, барлық жоғары және арнаулы оқу орындарында мамандар орыс тілінде даярланды, тек алыс аудандар мен ауыл балаларына мектептерде сабақ беру үшін пединституттарда ғана қазақ бөлімдері сақталды, онда да барлық мамандықтар бойынша емес...

Сол тұста ауылдардан бірауыз орысша білмей келген қазақ балалары алғашқы курстарда қинала жүріп оқып, кейін орыс тілін игеріп, Кеңес өкіметінің кез келген жерінде мамандықтары бойынша еңбек ете берді. Ал біз болсақ мамандарды орыс тілінде даярлап, кейін мемлекеттік тілде жұмыс істей алмай, аудармашы жалдап әлекпіз. Ол аз болғандай, енді қазақстандық ЖОО-да мамандарды ағылшын тілінде даярлауды қолға алып жатыр. Біз жалпы тілдерді көптеп игеруге қарсы емеспіз, бірақ ең жаман нәрсе, қабылдаған шешімдерді орындамау, немесе, оның тиімді, нақтылы шешімін табу бағытында ойламау. Біздің ұсынып отырғанымыз соның бірден-бір нақты шешімі және бұл әлемдік практикада бар, сыннан өткен, нәтижесін берген үрдіс. Ал қай саладан, қандай тілдегі маман керек болса, оны да әртүрлі жолдармен даярлап алуға әбден болады. Көптеген елдерде жақсы мамандардың өз мамандықтарына қатысты басым тілдерді өз беттерінше игеру үрдісі де бар.

Біздің замандастарымызға ешкім орыс тілінен әдістемелік құрал жазып берген жоқ, бізді өмір үйретті, қажеттілік үйретті. Ендеше мемлекеттік тілді үйренуге қажеттілік туғызу керек. Сонда, олар өздерінің тілден мақұрым екенін оқулықтар мен әдістемелік құралдардан көрмей, ынтасыздықтарынан, немесе, қажетсінбеулерінен екенін түсінеді, бос сылтаудан да құтыламыз. Ал тіл үйренуге кеткен қыруар қаражат басқа қажетті жерлерге жұмсалады.

Тағы бір айтар жайт, басқа ұлттың өкілдеріне өздері қажет деп тапса, ынтасы болмаса, ұмтылыстың орнына сылтау іздейтін болса мүлде үйтерудің де, мемлекеттік тілді оқуға мәжбүрлеудің де ешқандай қажеті жоқ. Үйренбесе өздері білсін, ондай адамдарды жоспарлы түрде үгіттеп, үйрен деп талап ете берсек, бір күні олардың бізге тілді

зорлықпен үйретіп жатыр демесіне кім кепіл?! Тек оқимын дегендерге жағдай туғызу жөн. Мәселен, ақылы оқу орталықтарын ашу, үйренгілері келсе ақша төлеп үйренсін. Әлемнің тәжірибесіне сүйенсек, сіз қай мемлекетке барып, жұмыс істеймін десеңіз, онда алдыменен ақша төлеп тілді меңгеруіңіз керек. Сонда ақшаны көп төлемеу үшін оқитын мезгілді жақсы пайдаланып, адамның өзі-ақ тілді меңгеріп алады. Ендеше, Конституциямызға «Қазақстанның барлық азаматы ұлтына, нәсіліне қарамай, мемлекеттік тілді білуі керек» деген бір бап кіргізу керек. Сонан кейін білмесе, үйренбесе өзі білсін. Бірақ тіл білмегеніне бола кейбір үлесінен құр қалса өкпелемесін. Бұл олардың құқықтарын шектеу де, шеттету де емес, әлемдік практика. Ендеше, мемлекеттік тілді білу қажет номенклатураны белгілеу, Ресей т.б. мемлекеттердегідей тіл білмейтіндерге азаматтық бермеу сияқты нақты істерге көшкен жөн. Әрине, бұның бәрін заңдастыру қажет. Заңдастыру барысында үлкен әлеуметтік-саяси, философиялық ұстанымнан шықпай болмайды.

Кезінде В.И.Ленин: «сауатсыз адам саясаттан тыс» тұрады деп Кеңес үкіметі ауқымында сауатсыздықты жою жөнінде бастама көтерді. Бұл қажеттілік еді, көпшілік не айтылып жатқанын түсініп, соған өз қатыстарын білдіру керек-ті. Ең болмағанда өзінің ақ-адал тапқан еңбекақысын қол қойып алады ғой. Ол кезде сауаттылық ел үшін аса қажеттілік болды. Ал қазіргі Қазақстанда орыс, немесе, басқа ұлттардың өкілдерін өздері қажет етпесе, мемлекеттік тілді оқуға үгіттеу қандай қажеттіліктен туып отыр. Олар «мемлекеттік тіл менің болашағыма керек» десе оқысын, олай ойламайды екен оқымай-ақ, білмей-ақ жүре берсін. Ал біз болсақ олардың оқуына қыруар қаражат бөліп, тегін оқытып, айлығына тіл білсеңдер үстеме қосамыз деп, басқадай да сый-сыяпаттар көрсетіп, машинаға дейін сыйлап жік-жаппар боламыз. Әрі беріден кейін пайыздық құрамымен алсақ та бүгінгі күні басқа ұлттар мен орыс тілділер әлеуметтік-экономикалық салаларда да, материалдық-рухани игіліктерді өндіруде де айтарлықтай ықпалдары жоқ. Ал билік басындағылардың жөні басқа, олардың мемлекеттік тілге деген қатысын заңға сай реттеу керек. Ендеше, ел ішінде алауыздық болады, біреудің көңілі қалады деп жасқанатын да, жарамсақтанатын да, үрейленетін де ештеңе жоқ. Біз осы шынайы шындықты

басшылыққа алғанымыз жөн. Бұл уақыт талабы.

Қазір біз бостан босқа шырылдап жүргеніміз жоқ. Тілдің салтанат құруы — ұлттың сақталуы, тілдің тұғырдан таюы — ұлттың жойылуы екені даусыз. Кезінде республикамыздың барлық басты телеарналары арқылы «Атамекен» атты кәсіпкерлер партиясы атынан үш тілді — қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бірдей мемлекеттік тіл жасау сияқты бастама көтерілді. Алайда биліктегілердің де, космополиттік бастамашыл топ өкілдерінің де осы бастамаларының Конституцияға қайшы екендіктерін түсінбеуі, немесе, түсінгілері келмеуі қынжылтады. Бұндай идея кейін де бірнеше дүркін көтерілді. Әрине, әлемдік ақпарат тілі — ағылшын тілін білуіміз бүгінгі күнгі қажеттілік. Бірақ, Конституцияны бұзып, оны білуге «мәдениетті мәжбүрлеу» ағаттық, орасан қаражат бөлу адасушылық.

Жалпы мемлекеттік тіл төңірегінде әңгіме бола қалса, басқа елдерде, тіпті Ресейде де оны қорғаушы, қолдаушы патриот саналады, ал бізде нақ сондай адамдар әлі күнге дейін «ұлтшыл», жұмсартып айтсақ «ұлтшыл-патриот» атанады. Қазір солардың қатарында М.Шаханов бастаған қазақ жұртшылығы жүр. Қазақстанда ешқашан да орыс тіліне, орыс мәдениетінің дамуына қарсы дауыс көтерген адам таппайсыз. Ондай солақайлық ұлтымыздың болмысына да, табиғатына да жат. Бірақ өз ана тілін сыйламау — өз анасын шетке қағумен бірдей екенін ұғынатын кез әлдеқашан жетті. Президенттің «қазақ — қазақпен қазақша сөйлессін» деген баяғыда айтқан ұсынысын әуелі билік басындағылардан - Президент әкімшілігі, Үкімет, Парламент, министрліктерден бастау дұрыс болар.

Мемлекеттік тілді дамытуға атсалысқысы келмейтін, тіпті қарсылық танытатын орыс тілді азаматтардың да кейбірі «зиялы» аталып жүр. Өмірдің осындай келеңсіз тұстарын көргенде, жаның күйзеледі. Мұндай пенделердің көбінің астында — орынтақ, қолында — билік, ой-санасында — байи түсу... Бірақ ұлттық рух пен намыстан ада.

Міне, осыны білетін Қазақстанда туып-өсіп, осы жердің нанын жеп, суын ішіп, күнкөрісін түзеген орыстар мен орыс тілді басқа ұлт өкілдері, біздің үш-ақ әріптен тұратын «нан», екі-ақ әріптен тұратын «су» деген сөзімізді айта алмай жүрген жоқ. Қазақ басшыларының, оның рухсыз өкілдерінің табаны тайғақ, саяси ышқырлығы бос,

әлеуметтік әлеуеті төмен екендігін білгеніктен менсінбей жүр. Бұны өзімізге де, өзгелерге де ашық айтатын уақыт жеткен сияқты.

Тарихи тұрғыдан алғанда тіл мәселесі тәуелсіздік алған жас мемлекеттердің назарындағы басты мәселе. «Тіл туралы» Заңның қабылдағанына ширек ғасырдан асса да қордаланған проблемалардың түйіні шешілер емес. Деректерге жүгінсек, соңғы жылдары тілге бөлінген қаражат жыл санап өсіп, ол бірнеше миллиардтаған теңгені құрады. Бірақ, қаржы орынды жұмсалды ма?... Ол қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге қызмет етті ме? Әңгіме сонда. Қазақстанда 17 миллиондай халық бар. Оның 11 миллиондайы қазақ десек, осылардың 40 пайызға жақыны қазақша еркін сөйлей алмайды. Сондықтан мемлекеттік тіл мәртебесін айқындайтын қабылдануға тиісті 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламаның иі қанбай «солқылдақ» болып шықса тағыда сан соғып қалатынымыз айдан-анық. Қай мемлекеттің болсын, болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдарын айқындайтын басты белгі — халықтың тілі мен мәдениеті. Демек, тіл мен мәдениет ұлтымыздың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы мен парасаты екендігін естен шығармауымыз керек. Кез келген елдің мемлекеттік тілі бар. Тіл әр мемлекеттің негізгі алтын арқауын құрайтын ұлттың тіні болып табылады. Еш уақытта, ешқашан оның құнын төмендетуге болмайды. Мысалы, Ресейде — орыс тілі, Түркияда — түрік тілі, Қытайда — қытай тілі, Францияда — француз тілі, Германияда неміс тілі мемлекеттік тіл болып табылады. Қазақтың Қазақстаннан басқа Отаны жоқ. Сондықтан қазақ тілі Қазақстанда ғана тамырын кеңге жая алады. Қазақ тілі — отандастарымызды біріктіруші тіл, жақындастырушы тіл екенін әр азамат естен шығармағаны жөн. Түбінде мемлекеттік тіл қалай десек те, басымдыққа ие болады. Мемлекеттік жұмыс қазақ тілінде жүреді. Басқару да, білім алу да, ғылым да, мәдениетте, медицина да қазақ тілінде жүзеге асады. Біз осыған келе жатырмыз. Сондықтан қазірден бастап біз оған дайындала бергеніміз жөн.

Өткенімізді еске алар болсақ, ХХ ғасырдың соңында қазақ халқының тілі мен мәдениеті айтарлықтай әлсіреді, көп нәрселерімізді жоғалттық. Осы тұрғыдан алғанда бүгінгі қазақ ұлтының жоғалтқанын қайтаруға ұмтылысы толығымен



заңды. Президент бұдан біраз бұрынғы бір сөзінде: «Бұдан былай қазақ тілінің рөлі Қазақстанда барған сайын арта түсетін болады. Өмірдің заңды ағысы — осы. Мемлекеттік тілді біздің барлығымыздың балаларымыз білуге тиіс. Сонда біраз уақыттан соң ол Қазақстанның барлық азаматының ортақ тіліне айналады. Бұл үдеріс қазір жүріп жатыр. Ол үшін барлық жағдай жасалуда. Қажетті нормативтік база қалыптастырылды. Үлкен қаржы бөлінуде» — деді. Шын мәнінде де солай.

Өткеннен сабақ алар тағы бір тұсымыз Республикамызда қазақ тілінің қолданыстан шығып құлдырап кетуінің объективті себептерін көпшілікке ұғындыру. Оның көптеген объективті себептері бар. Мысалы: орыс тілі қоғамдық тіршіліктің тұтқалы салаларында 200 жылдан астам тәжірибе жинап ысылған, өзімен іргелес жатқан және отарланған елдердің тіл байлықтарын қабылдай білген тіл болды. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарындағы ашаршылық пен кейінгі басқа ұлт өкілдерін Қазақстанға қоныстандыру республикамыздың орыс тілді тұрғындарының жергілікті халықтан сан жағынан басым түсуіне себеп болды. Сөйтіп халық өзінің соңғы қамалы тілден ажырап қалу алдында тұрды.

Республикамызда ұлттық тіл жағдаятының бүгінгі дәрежеге дейін құлдырауының тағы бір келеңсіз себебі - ұлттық сананың оянбауынан және оның дамымауынан. Біз кезінде А.Байтұрсынов «Маса» болып шақса да, М.Дулатов жарғақ құлағы жастыққа тимей «Оян, қазақ!» деп жар салса да, көбіміз селт етпеген халықпыз. Көбіміз: «сауаттанып», сонымен «надандықтан» құтылдық деп ойладық. Ал «сауатты наданның» оқымаған адамнан рухы төмен, жалтақ, жарамсақ, тіпті екіжүзді боларына мән бермедік. Гете «белсенді надандықтан қорқынышты ештеңе жоқ» — деп тегін айтпаса керек. Дамымаған ұлттық санада тұтастықтың, өзінің қасиетін қорғай алар қуатты бірліктің болмайтыны белгілі. Абайдың: «бірінді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» — деуі де содан.

Бұл күндері барлық облыс орталықтарында «тілдерді дамыту басқармалары» бар. Дамыту (развить) — жетілдіру. Ал сонда қалай қазақ тілі жетілмеген, дамымаған тіл ме? Ол түрік тектес тілдердің ішінде ең жетілгені. Бірақ өткен ғасырлардағы саясаттың нәтижесінде оның қолданыс

аясы тарылды. Ендеше, оның қолданыс аясын мемлекеттік тіл есебінде кеңейту керек. Олай болса, «Тілдерді дамыту» емес, «Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту басқармасы» болғаны жөн. Бір сәт елестетелікші, мәселен, басқарма өз жұмысы туралы есеп берді делік. Сонда тілді дамытқандықтарын қалай көрсетер еді, әрине көрсете алмас еді. Ал тілдің қолданыс аясының кеңейгендігі олардың жұмыс көрсеткіштерінің өлшемі бола алады және ол нақты мысалдармен, істермен көрінеді.

Біз мемлекеттік тілге қолдау көрсетушілерді «Тіл жанашырлары» деп жүрміз. «Жанашыр» а) үнемі қамқорлық ететін туыс, ет жақын адам; б) қорғаушы, қамқоршы, жақтаушы (Қараңыз: «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі». Алматы, «Дайк-Пресс», 2008., 264 бет). Сонда қалай біздің тіліміз үнемі туысынан қамқорлық күтіп отырған тіршілік иесі ме? Әлде қорғаушы, қамқоршы, жақтаушысыз өмір сүре алмайтын тіршілік иесі ме? Жоқ. Керісінше, тіл — жанды құбылыс. Ол ұлтпен халықпен бірге дамып, елдің күнделікті тыныс тіршілігіне, қарым-қатынас ісіне, қызметтік қажеттілігіне орай жаңа сапа иеленіп, толығып, байып отырады. Демек, мемлекеттік тілді қоғамдық деңгейде қарастыру ғана оның мәселесін шешуге өз септігін тигізері сөзсіз. Ендеше, біз «жанашырлық» сияқты қарапайым деңгейден көтеріліп, оның Конституциялық құқығын талап етуге өткеніміз жөн.

Қазіргі қазақтың тілі ғана емес, ойы да шұбарланып барады. Ал «ой шұбарлығы» тіл сияқты біліне бермейді. Оны тек тіл мәдениетін сақтап сөйлейтіндер ғана аңғаруы мүмкін. Мәселен, біз, ақпарат құралдарында өте жиі қолданылып жүрген «Елбасы», «Әнұран», «Ат басын Астанаға (Атырауға) тіреді», «Қанжығасына алтын (күміс) медаль байлады», «Қоржынына ұпай салды» тағы басқа жүздеген, тіпті мыңдаған сөз тіркестері мен ұғымдарын күнде естиміз. Журналистеріміз бар, басқалар бар Президентті «Елбасы» деп айтып та, жазып та жүр. Ал осыны ой елегінен өткізіп көрелікші. Біріншіден, ел деп бәрімізді айтсақ, Президент біздің басымыз емес, өйткені әркімнің басы өзінде, ол біздің басшымыз. Конституцияның 40-шы бабында «ҚР Президенті — мемлекеттің басшысы» делінген. Ендеше ол «Ел басы» емес, Елдің, мемлекеттің басшысы. Конституцияның мемлекеттік және ресми нұсқаларының бәрінде Еліміздің

басшысын «Президент» деп көрсеткен. Олай болса, мәдени-құқықтық тұрғыдан алғанда барлық деңгейдегі БАҚ-тар тек қана «Президент» деп жазғандары жөн.

«Гимнді» «Әнұран» деуіміз де біліктілік емес. Біріншіден, Конституцияның мемлекеттік және ресми тілдердегі нұсқаларының екеуінде де ол «Гимн» деп берілген. Олай болса ақпарат құралдарының қандай түрінде де ол аудармасыз жазылуы керек. Екіншіден, ол «Әнұран» емес. Көпшілігіміз оны әнмен айтады дегенге «Әнұран» деп жүрміз. Ал әрі қарай оқылық: әнін жазған деген жолдар тұрған жоқ па?! Сонда ән әнге ұран бола ма?! Сөз (термин) жасағыштар мен аудармашылар сонша құлшыныс білдірсе оны «Елұран» деп аудармай ма? Ол әннің ұраны емес, елдің ұраны ғой (Гербіті «Елтаңба» дедік қой – А.Т.). Көпшілікке түсініктірек болуы үшін *гимн* сөзінің де мағынасына тоқтала кетелдік. С.И.Ожегов анықтауы бойынша: «*гимн*—торжественная песня, принятая как символ государственного или социального единства» (Словарь русского языка. М., 1988., с. 107). Ал Н.Т.Сауранбаев анықтамасында: «*гимн*» — таптық немесе мемлекеттік бірлік нышанының белгісі ретінде қабылданған Салтанатты өлең». (Қараңыз: Русско-казахский словарь. Алматы, 1954., с.128). Көріп отырғанымыздай бұл жерде «ұран» деген ұғым жоқ, өлең. Жай өлең емес — «салтанатты өлең». Ендеше, өзінің мазмұны бойынша: 1) үндеу, шақыру, дабыл; немесе 2) белгілі бір іс-әрекеттің негізгі мақсатын білдіретін қысқа ұғымды сөз тіркесі — *ұранды* (Қараңыз: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы., 2008. 860-бет) «Әнұран» деп алып Гимн сөзінің баламасы ету біздің сауаттылық деңгейімізге өлшем бола алмайды, мемлекеттік тілдің қолданысы мен мүмкіндігін де көрсетпейді. Сондықтан Конституцияда көрсетілгендей *Гимн* болып жазылуы керек. Ал алдағы уақыттарда оны қалайда қазақша атау қажет болса ол — «Әнұран» емес «Елұран». Жоғарыда айтып өткен «ат басын тіреу», «қанжығасына медаль байлау», «қоржынға ұпай салу» ой-танымдық өлшеммен алғанда бүгінгі күнгі іс-әрекетіміз бен тіршілігімізге сәйкес келмейтінін түсінгеніміз жөн. Себебі, Президент ат басын тірейтіндей атпен жүрген жоқ, қанжығаға медаль сияқты өнжеусіз нәрсені бұрында байламаған, байласа қоян, түлкі т.б. байлаған. Ал «қоржынға ұпай салуға» келсек, ұпайдың «заттық мәні жоқ», ендеше «жоқ нәрсені» қоржынға қалай саласың. Бізге

қарсы уәж айтушылар: оның бәрі ауыспалы түрде айтылған ғой дер. Таным процесінде барлық уақытта да реальдылық болуы шарт. Өйткені, дерексізденген мән де, қисынсыз ой да танымға таным қоспасы анық. Бұл ойымызды әрі қарай жалғастыра беруге болар еді. Тіл қолданысымыздың қайда бара жатқанын түсіну үшін осы айтылғандар да жеткілікті ғой деп ойлаймыз.

Егерде біз болашақта Қазақстан тәрізді көп диаспоралар мекендейтін елде ұлтаралық үйлесім болсын, ұлтараздық болмасын десек, әр ұлттың рух саулығын қамтамасыз етуіміз керек. Ал рух тілден басталады. Өз кезегінде тіл – ұлт ұйтқысы, ұйтқысыз ұлт – кеселді ұлт. Ол іштей ыдырайды. Іштей ыдыраған, рухани кінәратты ұлт өз қасіретін өзгелерден көреді. Кінәліні де сырттан іздейді. Ендеше, кінәліні іздемеу үшін бұл салады парасатты, сауатты істер жасағанымыз жөн. Анаған да, мынаған да еліктеу, жағымпаздану надандықтың, сауатсыздықтың – ең басты белгісі.

Еліктеудің салдарынан біздің қазіргі ауызекі тіліміз тұрмақ, теледидар мен радио тілі, баспасөздегі жазба тіліміздің өзі орысшаның аудармасына айналып бара жатыр. Одан құтылу үшін бүкіл қаулы-қарар, заңнамаларды, жарнамаларды, тауарлардағы анықтамаларды әуелі қазақша жазып, өте қажет болса ғана орысшаға аудару керек. Екінші амал – бүкіл телеарналарды Украина, Өзбекстан, Түрікменстан, Армения, Әзірбайжан, Балтық жағалауы елдеріндегідей тек ұлттық тілге немесе 80–90% таза қазақ тіліне көшіру. Үшіншіден, телеарналарға әдебиет пен мәдениеттен, қоғамдық-саяси, әлеуметтік ойдан мол хабары бар сауатты, тілі жүйрік, білімді журналистерді, басқа сала өкілі болса да өз икемдіктерін көрсете алғандарды ғана емтиханмен қабылдау керек. Өйтпеген күнде, тіліміздің қазіргі қолданып жүрген түрі, бағыты болашақта ұлтымызға үлкен қатер туғызады.

Көпшілік қауымда *Мемлекеттік тіл* Мемлекетті басқарып отырғандар үшін міндетті болмаса, кімге қажет деген ой тууы мүмкін. Ендеше, алдағы уақытта қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамып, орнығуына кедергі келтіретін, оның мемлекеттік мәртебесін әлсірететін кез-келген іс-әрекеттердің қандайына болса да Мемлекет тарапынан тосқауыл қойылуы керек. Бізге алдағы уақытта қабылданатын «Мемлекеттік тіл туралы» жаңа Заңда

мемлекеттік тілді меңгермеген бірде-бір адамның мемлекеттік қызметкер бола алмайтындығы жөнінде баптар енгізіп, оны Конституциялық тұрғыдан бекіту қажет.

Қандай жақсы заң болмасын оның орындалуын бақылап үнемі сұрау салып отырмаса, қағаз жүзінде ғана, із-түссіз қала беретін болады. Біз мемлекеттік тілдің төрімізден орын алуын шын мәнінде қаласақ, бірде-бір ақпарат құралдарына мемлекеттік тілдің беделі мен мәртебесіне нұқсан келтіретін орыстілді басылымдардағы «оның мемлекеттік тіл болуға жарамсыздығы» сияқты орыстілді басылымдардағы нәсілшілдік идеялар мен мақалаларға жол бермеуіміз керек. Бұдан былай мемлекетте шыққан баспасөз өнімдерінің (газет, журнал, кітаптар, оқулықтар, сөздіктер, т.б.) өздерінің мазмұнымен, жабдықталуларымен мемлекеттік тілдің беделін түсірмеулеріне ерекше бақылау жасаған жөн. Мекемелердегі жөн-жосықсыз аудармашылық жұмыстарды қысқарту қажет. Ал ондай орынды сақтап қалған жағдайда жарнамалар, маңдайшадағы жазулар тек мемлекеттік тілде жазылулары керек. Бұрынғы заңда қабылданған сол жақта мемлекеттік, оң жақта ресми тілде, немесе, жоғарғы жағында мемлекеттік, төменде ресми тілде жазу деген талап қазақ тілінің үйлесіміне сәйкес келмей «Кафесі Аслан», «Дүкені Дина» т.б. сияқтылармен оның беделін түсіруге қызмет етті. Жаңа заңда олардың аты бір тілде – мемлекеттік тілде жазылуы керек деген жөн болады. Нысанның мемлекеттік, немесе, жекеменшіктігіне қарамастан оның атын Заңды бұзып, түрік, ағылшын, тіпті Қытай тілінде жазып қоюды тоқтатып оны орындамағандарға үлкен көлемде айыпшұл салып, тәртіпке шақырсақ та артық болмайды.

Кез келген тілдің тағдыры оған ие халықтың қолында десек те көптеген диаспора өкілдері тұратын елде оның жағдайы мемлекет жүргізіп отырған тіл саясатына тәуелді болмақ. Сондықтан мұндайда халықтың соңғы сенері – Заң, соңғы сүйенері – Заңның күші. Қазақ тілін барлық ауыртпалықтан тек қана Заң жолымен құтқара аламыз.

Бір кезде А.Байтұрсынұлы: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі дара сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-алмастыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін,

ғылыми кітаптарын, қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болады» — деген екен. Ендеше егемен ел болғасын бір-бірімізді қолдап, білім мен ғылымды дамытып, халыққа түсінікті қазақ атауларын қалыптастыра беру қажеттілік. Бірақ, қалыптасқан халықаралық терминдік сөздерді әркім өз білгенінше аудармауы керек. Халықаралық терминді аудару қажет, тек оны қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп, қабылдап, нақты мағынасын бере алатын жағдайда аудару керек; халықаралық деңгейде танымал болған терминдердің «халықаралық» мәртебеге ие екенін білген жағдайда аудару қажет емес. Бүгінгі таңда халықтың жаңаша ізденуі, жаңа сөз жасай бастауы өте құптарлық іс, бірақ осы жаңа терминдерді бекіту үшін халықтың талқысына салған жөн. Ендеше атауға (ұғымға, категорияларға — А.Т.) жеңіл-желпі қарауға болмайды. Ол келешек ұрпақ тілі екенін ұмытпағанымыз жөн. Мектептегі пәндермен және жалпы білім беретін жоғарғы оқу орындарындағы ғылыми атаулар, тіпті кәсіптік салада да бірізділік сақталса еш артықтығы жоқ. Қазақша ойлау мен жазу арасында қайшылық болмауы керек.

Тағы бір ой, қазақша ойлау мен жазу арасындағы қайшылықтарға қатысты. Қазақ тілінің сөйлем құрылысы, сөздердің орналасу тәртібі орыс тілінің сөйлем құрылысынан мүлде басқаша екенін тәржімашыларымыз ескере бермейді. Біз «сулар», «сусындар» деп көптік жалғау қосып аударамыз, өйткені орысшасы көпше. «Ақша» деудің орнына «ақшалар», «қаражат» деудің орнына «қаражаттар» деп жазамыз. Өйткені бұлардың орысшасы «деньги», «средства» тек қана көпше түрде. Бұларды тілімізде қолданылуына сай көптік жалғаусыз жазсақ, құдды бір саяси қате жіберіп алатындай көреміз. Біз тіпті емлемізді де өз тіліміздің заңдылығына бағындырмай, орыс тілінің заңдылығына жығып бердік, оның тіліміздің табиғатына жат екенін біле тұра ескермейміз.

Тіл мүддесі, ел мүддесі оны қорғау да, қолдау да, қолдану да жолдары көп және оған атүсті қарауға болмайды. Біздің өз нәрсемізге, ұлттық қадір-қасиетімізге салдыр-салақ қарайтыншымыз «ә» деп ауыз ашқанда-ақ, ауызекі сөйлей бастағанда-ақ көрінеді. Ана тіліміздің абырой, қасиетін, беделін, берекетін кетіріп жұтатып сөйлейтін болдық, тыңдар құлақ ұялар жағдайға жеттік. Қазіргі қазақ тілі —

шектен тыс шұбарланған тіл. Оның шұбарлануына тек шала қазақтар емес, надан сөйлейтін таза қазақша оқығандар да, тіпті қазақ тілі мен әдебиетінің жетесіз мамандары да «өз үлестерін» қосып жүр. Ауызекі сөйлеуде «отырық», «атырық», «жатырық», «тұрық», «неге десеңіз», «нетіп», «біз айтуға керекпіз», «жасауға керекпіз» сияқтыларды да жиі пайдаланатын солар. Олардың бірқатары билік басындағылар. Араларында басқасын былай қойғанда білім мен мен тәрбие беретін оқу орындарының екі тілде де сөйлеп жарытпайтын жоғары лауазымды басшылары да кездеседі. Бірақ онысын лауазымды кісінің мансабына, арына мін келтірер кемшілік деп ойламайды. Өз тілімді білмегенім үшін, немесе, оны бұза сөйлегенім үшін мансабыма мін келер-ау деген де ой жоқ. Керісінше, тіл білетін орынбасарын, болмаса шатып-бұтып сөйлейтін бөлім бастығын қазақша телехабарға жіберіп, өзі орысша телехабарға шақыруын күтіп жүреді. Елестетіп көрелік осы лауазымды кісі орысша сөйлеп отырып, орысшасына қайта-қайта қазақ сөздерін тықпалап отырса, немесе, акцентпен сөйлеп отырса не болар еді? Ең бастысы «сауатсыз» атанар еді. Ал қазақшаны сөйлей алмағаны үшін, немесе, оны бұзып сөйлегені үшін ол «сауатсыз» саналмайды, сондықтан оны еш бастық өзіне кемшілік санап көрген емес. Міне, осындай солақай түсініктің салдарынан біз қазақ тіліне, қазақ еліне деген жаппай немқұрайлылыққа жол бердік. Белгілі жазушы, көсемсөзші Смағұл Елубай одан құтылудың жалғыз-ақ жолы — Қазақстан Республикасында өмір сүріп, еңбек ететін азаматтардың, әсіресе қазақтардың ендігі жерде басшы маман ретінде мемлекеттік тілінде сөйлей алмауы саяси сауатсыздықтың бір көрінісі деп бағалануы керек. Республиканың негізгі халқының тілін білуі — ендігі жерде халық бұқарасымен, жастармен жұмыс істейтін кез келген басшының саяси дайындығының басты бір көрінісі деп бағалануы керек. Өйткені, республикалық және онан кейінгі барлық жиылыстарда бұрынғыша орысша сайрап тұрған жағдайда республика жұртшылығының санасында «е, мемлекеттік тіл деп қазақ тілін символикалық рәуіште қабылдаған екенбіз ғой» деген ой туындайды — деуі әбден орынды.

Ендеше, барлық деңгейдегі басшылар осынау тарихи кезеңнің қазақ этносы үшін шешуші пешенелік мәнін зерделей отырып өз деңгейінде үлгі көрсетіп, қазақ тілінің мемлекеттігін

күнделікті қызметінде іске асырмаса, қалың бұқараның Тіл туралы Заңға деген сенімі қанат жаймайтынын тайға таңба басқандай түсінуіміз керек.

«Өз баласын қай тілде оқытса да ата-ана ерікті» деген желеумен миллиондаған жастарды өз ана тіліне деген құқығынан айырдық, рухани кемтар, ноқай еттік. Демек, демократиялы қоғамда өкіметтің болашақ азаматтарының жан-жақты кемел азамат болып қалыптасуы үшін, олардың өз құқықтарын қорғауға дерменсіз сәби кезінде, өз тіліне деген хұқын қорғауын өз міндетіне алғаны әбден жөн болар еді. Бұдан шығар қорытынды: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» (Ахмет Байтұрсынұлы) екенін ұқпай жүрген намыссыздықпен күресу керек. Осыны жолға қойсақ, тіл күрмеуі шешілер ме еді. Тіпті қандастарымызды тіл үйрен деп, қаржы да бөлмес едік.

Қазақ болмысы әркез бейпіл, былапыт сөздерді тура айтудан сақтанып, сөйлеу мәдениетіне қатты мән берген. Мәдениетті, қисынды шешен сөйлеуді өнер тұтқан, сөз қадірін биікке көтерген қазақ менталитеті өтпелі кезеңде бұрынғы тырнақтап жинаған мұрасын, ұлттың мәдени байлығын ысырап етпегені жөн.

Ұлттық сана, ұлттық рух пен намысқа, ұлттық тілге деген ықыластың басы ата-ана тәрбиесінде. Яғни, қазақ тілін үйренуді жөргөктен бастау қажет. Бұл әр қазақ үшін бабалар аманаты, әр жанұя үшін – қасиетті парыз. Адам ата-анасын таңдай алмайтыны сияқты Отанын да таңдай алмайды. Бірақ өсе келе өмір сүріп отырған ортасы мен қоғамның жетістіктері мен кемшіліктеріне өзінің де тікелей қатысты, тіпті жауапты болатынын жастай түсінуі, жақсылықтар мен жетістіктер үшін еңбек етіп, тер төгуге даяр болу рухында тәрбиеленуі қажет. Бұл тәрбие жалаң патриоттық ұран негізінде емес, ұлтының этномәдени құндылықтары негізінде, ана тілі арқылы, туған еліне, ұлтына, жеріне деген құрмет пен мақтаньш, сүйіспеншілік пен қажеттілік сезімдері арқылы, Отан, қоғам мүддесі мен ана тілі мүддесін бір деп қарап, қорғай білу қасиеттерін қалыптастыру арқылы берілуі керек. Кейін олар ділмен, азаматтық сезіммен қатар тіл де тәуелсіздік тірегі екенін түсінеді. Сөйтіп олар тілді – саяси ойынның құралы емес, халқымыздың тағдырына қатысты үлкен мәселе ретінде түсініп, оған үлкен жауапкершілікпен, байыппен қарайтын болады. Бұл мәңгірттік дертке



шалдықпаған, өзін-өзі құрметтей білетін қазақ баласының ешқашанда естен шығармайтын азаматтық парызы, перзенттік борышы.

Мәңгірттік дертке шалдықпаған, өзін-өзі құрметтей білетін әрбір саналы қазақ баласы қай жерде жүрмесін, қай елдің отынын отап, түгінін түтетпесін, салт-дәстүрін сақтап, тәртібіне тәуелді болмасын, бәрібір, өз елін, өзінің тарихи отанын, ата-баба жұртын ешқашан да естен шығармауы керек. Отанының, әлемнің алдыңғы қатарлы елдері қатарында болуына перзенттік, ұлттық үлесін қосуы азаматтық парызым, перзенттік борышым — деп түсінгендері жөн.

Бәсекеге сай мемлекеттің экономикасы — 83, адамның әл-ауқаты 53 талаптан тұрады. Оқу-білім жүйесіндегі талап одан да жоғары. Жалаң статистикалық тұрғыдан алғанда сауаттылық жөнінен біз әлемде алдыңғы қатарлы елдердің бірінен саналамыз. Ал сол білімді 40 пайыз ғана пайдаланып отырмыз. Неге олай? Мұның бір себебі Кеңес Одағы дәуірінде өзімізге қажетті білімді оқымағандықтан болса керек. Сондай-ақ білімнің егемен ел үшін стратегиялық мәні бар екенін де түсінген жөн. Олай болса біздің біліміміз де, білімділеріміз де егемен елге қызмет етуі керек. Бұл жерде ең басты, алғы шепке шығатыны этномәдени білім мен тәрбие болуы шарт.

Жаһандану заманында өмір кешіп жатырмыз. Бұл — бәсеке деген сөз. Мұндай жағдайда мемлекет пен мемлекет бәсекеге түседі. Бәсекеге қабілетті болу тікелей білімге байланысты. Біз бүгінгімізбен ғана өмір сүріп қоймай, келешегіміз үшін де қызмет ете білуіміз қажет. Қазіргі жағдайда тек қана білімді ел озады, жақсы өмір сүреді. «Олжалы жерден үлестен, жоралы жерде жолдан» (Ахмет Байтұрсынұлы) айрылмауды ұстаным еткен ұтады.

Айналып келгенде барлық жерде қазақ ұлтының намысы алға шықпай көп іс көлденең түсіп жата берері хақ. Соның қатарында, тіпті алғы шебінде қазақ тілі тұр. М. Әуезовті және ол үлгі тұтқан алыптарды жалпы жұрттан оқ бойы оздырған осы ұлттық намыс болатын. Алыптар тобының соңы болып есептелетін Мұхтар Әуезовтің: «Ана тілінен ажыраған ел «азған» ел атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай дерексіз жоғалып кеткенін тарихтан кездестіруге болады. Ондай сормандай ел бұрынғы кездерде аз болмағандығына тарихта дәлелдер

көп» — деген ескертпесі төңірегінде де ойланғанымыз абзал.

Кеңес өкіметі кездері ұлтшылдармен күрессе, бізге ұлтсыздармен күресуге тура келіп тұр. Жоғарыдағы сөздердің астарында түсінген жанға үлкен мән-мағына жатыр. Ұлттық рухтың, ұлттық намыстың, жалпы ұлттық рухани дүниенің кемшіндігі қазақ үшін қазір ауыр сын десек артық болмас. Анығын айтсақ, сөз түйіні, қазақтың ұлттық намысын оятатын бір нәзік сәулеге тіреліп тұр. Біздің ойымызша ол ұлттық тағылым. Ал ұлттық тағылым негізі этномәдени білім мен тәрбиеде.

Этностар дамуында, оның дүниетанымдық, рухани көздерін елемеу — ұлтсыздандыруға апаратын жол. Қазіргі жаһандану заманында бұл — өте қауіпті жол. Сондықтан әңгіме әлемдік білім беру жүйесінен көңіліміз қалағанын көшіріп алуда емес, қажетімізше пайдалануда болуы керек. Алдымен жас ұрпағымыздың этникалық ерекшеліктерін ескермей білікті, тәрбиелі, отансүйгіш, патриоттық рухтағы мамандар дайындау да, адамдар тәрбиелеу де мүмкін емес екенін ұққанымыз жөн. Ұлттық негізде берілген білім мен тәрбие рухани сабақтастыққа жетелейді, тіл танымын ұқтырады.

Қазақстанда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында білім жүйесінде этномәдени білім мен тәрбиеге ерекше көңіл бөліне бастап еді, алайда кейін министрлік тарапынан үздіксіз жүргізілген қажетті-қажетсіз реформалардың нәтижесінде бұл бастама тоқтап қалды. Тек қайсыбір оқу орындары мен білім жетілдіру институттарында этномәдени білім мен тәрбие салаларын қамтитын шаралар өткізіліп жүр. Кезінде пединститутта әр кездерде оқылған «Абайтану», «Мұхтар Әуезов және ХХ ғасырдағы мәдени-рухани процесс», «Қазақ болмысы», «ҚР этномәдени білім мен тәрбие берудің өзекті мәселелері» т.б. арнаулы курстардың студенттердің ұлттық таным мен тағылымын кеңейтуге, ойы мен тілдерін дамытуға ықпал еткені сөзсіз. Қазіргі уақытта бұндай үрдіс тек облыстық педагог кадрлардың білімін жетілдіру институтында ғана жалғасуда. Біздегі кез келген деңгейдегі басшылыққа тілге, руханиятқа немқұрайлы қарау — өз халқының өткеніне, бүгінгіне, болашағына немқұрайлы қарау, бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне жауапкершіліксіздік деп түсінетін басшы, ұстаз, азамат керек. Руханиятқа бастар жол білім мен ұлттық тәрбие. Ал, тіл — таным көзі, білім — таным бастауы. Ендеше, білім беру мен тәрбие арасындағы

үзiктiктi, тiлдiк түйiткiлдердi жоюмыз керек. Оқу мен тәрбие – егiз ұғым. Бiрақ олар алдымен тiл арқылы берiледi. Тiл барлық уақытта да ұлттық, тәрбие де алдымен ұлттық, содан кейiн ғана жалпыадамзаттық. Олай болса, ұлттық тiлден, тәрбиеден ада оқу – рухани нысанадан аулақ, патриоттық, отансүйгiштiк сезiмi жоқ, сыңар езу маман дайындауға соқтырады. Бiлiм мен тәрбие абстрактілі адамға берiлмейдi. Ол белгiлi бiр қоғамда өмiр сүретiн адамға, ұлыс пен ұлттың өкiлiне берiледi және оның нәтижелiлiгi ұлтына, қоғамға келтiрер пайдасымен өлшенбек. Ендеше, «Ел болам десең – бесiгiндi түзе» дегеннiң бiр тұсы осы жастар тәрбиесiне тiкелей қатысты. Ал бесiгiмiз әлi «бiр бүйiрлеп» жатса бұл саладағы жетiстiктерiмiздiң әлi көңiл көншiтпейтiн тұстары болғаны. Мақсат соны түзеу жолына бетбұрыс жасап, нәтижеге жетуде болмақ.

Қазiргi бiлiм беру стандартында этномәдени бiлiм мен тәрбие беру жүйесi жоқтығы былай тұрысын, тiптi тәрбие мәселесi анық емес. Кезiнде қайсы бiр маман педагогтар мен оқу-тәрбие iсiне жаны ашитындар жазғандай бiздiң бұл саламен айналысатын мекемемiз «*бiлiм беру*» департаментi деп аталады, оны «*бiлiм мен тәрбие*» беру департаментi десек әлде қайда әдiлеттi болып, бiлiм беру саласында тәуелсiздiктен туған тәртiпсiздiктер де азаяр ма едi.

Бүгiнгi қоғамымызды жайлап кеткен келеңсiздiктердiң сол қоғамның бiр құрылымы бiлiм саласына да әсер етпеуi мүмкiн емес. Ол әсер көп салалы, көп бағытты, көп тармақты және жас ұрпақтың тәрбиесiне өз салқынын тигiзiп тұр. Ендеше, осылай кете берсек бүкiл әлеуметке әсер етiп, қоғамның әлеуетi әлсiрейдi «белсендi надандыққа» жол ашылады. Жалпы көпшiлiк «сауатсыздық» пен «надандықты» синоним ретiнде түсiнедi. Бұл жаңсақ пiкiр. Сауаттылық пен сауатсыздық алдымен статистикалық мазмұндағы ұғымдар, сонан кейiн барып жiктеледi. Ал «надандық» адами-моральдық ұғым, ол тәрбиемен, таным-тағылыммен де тiкелей байланысты. Сауаты жоқтың бәрi «надан емес», сауаттылардың бәрiн «надан еместердiң» қатарына қосу да дұрыс болмайды. Егер осылай түсiнсек бiздiң бұрынғы ғасырлардағы хандарымыз, би-шешендерiмiз, қол бастаған көсемдерiмiз бен батырларымыз «таза надан» болар едi. Абайдың өзi де шала сауатты деген «құрметтi» иеленер едi.

Қоғамдағы кез келген келеңсiздiк жас ұрпақ тәрбиесiне

тікелей әсер етеді. Ал біз білім мен тәрбие егіз дейміз, ендеше бұл білім беру ісіне де тікелей қатысты. Қоғамымызды жайлап кеткен жемқорлық пен парақорлық туралы аз айтылып жүрген жоқ, заң да қабылданды. Бірақ, айта қаларлықтай нәтиже жоқ. Оның басты бір себебі, біздің тілдік нормаларды сақтамауымыз бен ұғымдарды шатастыруымызда болса керек. Жалпы біздің «жемқорлық, сыбайлас жемқорлық», – деп жүргеніміз – коррупция. Энциклопедиялық сөздіктерге жүгінсек, Коррупция (от лат. - подкуп) преступная деятельность в сфере политики или государственного управления, заключающаяся в использовании должностными лицами доверенных им прав и властных возможностей для личного обогащения. Охватывает ряд должностных преступлений взяточничество, злоупотребление служебным положением и др. (Социологическая энциклопедия. Минск, 2003. с.168). Ал С.И.Ожеговтің Орыс тілі сөздігінде: «Коррупция – подкуп крупными взятками, продажность должностных лиц, политических деятелей» (Словарь русского языка. М., 1988. с. 241). Н.Сауранбаевта: «Коррупция – қызметкерлердің, қоғам қайраткерлерінің сатылғыштығы» (Русско-казахский словарь, 1954. 273-бет).

Ал енді осы айтылғандардың мағынасына тереңделікші. Мектепте, Орта және Жоғарғы оқу орындарында, шағын ауылда жоғарыда айтылғандай үлкен саясат, немесе, мемлекеттік басқару деңгейіндегі адамдар бар ма? Жоқ, әрине. Ендеше, айтылған нысандарда коррупционерлер де жоқ, болуы мүмкін де емес. Біз көп жағдайларда ұғымдарды шатастырамыз. Коррупция мен параны (взятка) ажырату керек. Пара – белгілі бір мәселені тиімді шешу үшін лауазымды адамға берілетін ақша, бағалы зат, басқа да мүлік, немесе, мүліктік құқық. Оны әркім әл қадірінше береді және ол мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндірмейді, негізін шайқалтпайды, бірақ келеңсіз жай, жағымды іс те емес. Сондықтан кейбіреулер оны «Вознаграждение» – деп те түсіндіргілері келеді. С.И.Ожеговқа жүгінсек бұл сөздің екі мағынасы бар: а) вознаградить – достойно наградить за что-нибудь; б) Плата за труд. Олай болса әртүрлі деңгейдегі параны көбіміз «сен маған, мен саған» деңгейінде түсінеміз де, оның моральдық-адамгершілік жағына бара бермейміз. Осылай шалыс-шатыс түсінігіміз де тіл игеруге тікелей қатысты. Өйткені біз «бабаларымыздан сөз қалған», «ойнап

айтсақ та, ойлап айтатын» қауым едік қой. «Кісіге қарап сөз алмай, сөзіне қарап кісіні алатын» (Абай) да біз емес пе едік.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясында мемлекеттік тіл мәселесіне ерекше назар аударылған, онда: «Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуы тиіс» - делінген. Ендеше, Қазақстанның әрбір саналы азаматы, оның ішінде әртүрлі деңгейдегі ел тұтқасын ұстап отырған азаматтар мен оның айналасындағылар: «Мен немесе біз осы талапқа саймыз ба, бұл саладағы өз ісімізді – жауапкершілікпен Конституция талаптарына сай жүргізіп, отырмыз ба?!» – деген сұрақ төңірегінде ойланулары керек. Өйткені, ҚР Конституциясының 7-ші бабында: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» – деп көрсетілсе, еліміздің ұзақ мерзімді қамтыған даму Стратегиясында: « Жауапкершілікті тіл саясаты қазақ ұлтын біріктіруші басты факторлардың бірі болып табылады. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз.... Қазақ тілі жағдай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді *қазақ мемлекеті* деп атайтын боламыз» делінген.

Теориялық тұрғыдан аса тереңдемей-ақ, қарапайым, көпке түсінікті тұрғыда айтылғандарды талдап көрелік. Мемлекет белгілі бір жүйемен жүріп отыратын, барлық тірі организмдер сияқты құрылым. Оның өмір сүру, қызмет ету, даму аясы бар. *мемлекет* құрушы ұлт, немесе, ұлттар (этностар) бар. Бұл жердегі ең бастысы – адам факторы. Адам тілсіз, қарым қатынассыз өмір сүре алмайды. Өздерінің іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін де, өз болмыстарын көрсету үшін де тіл керек. Осыдан келіп, сол елдің барлығына ортақ, заңдастырылған *Мемлекеттік тіл* қажеттілігі туындайды. Оны игермеген адам көп елдерде азаматтығын ала алмайды, ал жалпы әлемдік практикада мемлекеттік тілді білмейтін мемлекет азаматтары болмайды. Алайда, бізде, егемендігімізді жариялап, тәуелсіз даму жолына бет бұрғанымызда жағдай басқаша болды. Сондықтан 7-бапта басқа да екі тармақша қарастырылған, олар негізінен Қазақстандағы орыс тілінің статусын қорғауға және қолдауға бағытталған. Сонан бері 20 жылдан астам уақыт өтті, Қазақстанның әлеуметтік- экономикалық, саяси жағдайлары сандық та, сапалық та өзгерістерге ұшырады. Бұл

біздің ойлау жүйемізге де, пайымдауымызға да қатысты.

Мемлекеттік тілді өркендету — барша азаматтың, оның ішінде қазақ ұлтының жұмыла көтеруі тиіс аса жауапты және абыройлы міндеті. Баршаға мәлім жаһандану заманы елдер мен ұлттарға аса қатал талап қоюда. Ең бастысы, ұлттық тіл — ұлттық сананың, ұлттық намыстың жоғарылығына, оның қажеттілік деңгейіне байланысты екенін жадымыздан шығармауымыз қажет. Қазіргі таңда өзін ешкімнен артық та, кем де емес дәрежеде сезіну халқымызға жетпей отыр. Ал мәселеге тереңірек үңілсек, істің тетігі, яғни қазақ тілінің тағдыры қазақтың өз қолында. Тіл тағдыры көбіне-көп бұқараның белсенділігімен, биліктегі қазақ азаматтарының ұлтжандылық қасиеттерінің биіктігімен шешілетіні де дау туғызбайды. Біздің ең басты жолымыз да осы болуға тиісті. Бұған жиырма жылдық жаңа өміріміз де, алдыңғы қатарлы елдердің тарихи тәжірибелері де толық дәлел бола алады.

Бірақ рухсыз, намыссыз болсақ тәуелсіздігі баянды, жоғары дамыған, басқалар санасатын іргелі ел бола алмаймыз. Рух негізі тілде жатыр. Туған тіл бізді тамырымызбен байланыстырады, сөзімізге, ісімізге, ойымызға жан береді. Ал жансыз, рухсыз ұшпаққа шыға қоюымыз неғайбыл. Бір ғана мысал келтірейік, қазір ағылшын тілін жақсы меңгерсек, дамып кетеміз деген пікірлер айтылуда. Мысалға жан саны жағынан қарайлас Қытай мен Үндістанды алайық. Қытай халқының 5 пайызы ағылшын тілін меңгерген, Үндістанның 95 пайызы ағылшын тілін біледі. Ал енді екеуінің экономикалық даму деңгейіне қарасақ, аспан мен жердей. Тарих өз тілін ысырып қойып, өзге тіл арқылы ұшпаққа шыққан елді көрген жоқ, білмейді де. Ал Жапон елі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ана тілі мен ата дәстүріне мықтап ден қойды. Бүкіл тіршілік жүйесін ұлттық ұстынға негіздеді. Сол арқылы әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің сапына көтеріліп отыр. Ендеше біз кез келген елдерден емес, осындай тәжірибелерден сабақ алуымыз керек.

Тіпті елде жемқорлықтың етек алуының бір себебі де тілге келіп тіреледі. Өйткені тіл білмейтіндер мен ана тілін менсінбейтіндер Қазақстанды уақытша мекен санайды, оның болашағына сенбейді, өздерінің, ұрпағының болашағын Қазақстанмен байланыстырмайды. Қазіргі мүмкіндікті пайдаланып, тек қалтасын толтыруды ғана ойлайды, қазақстанның дамуы, жеке тәуелсіз ел болуы, мемлекеттік

мүддесін қорғау секілді нәрселермен бастарын ауыртпайды. Тек бір күндігімен, жеке мүддесін алға шығарумен өмір сүреді. Бұлай болмаса, қаражатын шетелдік банктерге салып, жаппай шетелдерден үй алып қояр ма еді. Мұның барлығы да осы рухсыздар мен мәңгүрттік дертіне шалдыққандардың кесірінен болып отыр.

Үш тілді меңгеру деген саясатқа түсінікпен қарауға, қолдауға, қуаттауға болады. Алайда оны сан-саққа жүгіртіп, әр жаққа тартып жүрген адамдар да бар. Егер мүмкіндігіміз жетсе, үштен де көп тілді меңгерсек артық етпейді. Тарихтан білеміз, 30–40 тіл меңгерген полиглот адамдар бар. Бірақ біздің міндет ең алдымен, өз ана тілінді білу. Ана тілін білмеген адамның қанша білімді болса да, қанша көп тілді меңгерсе де өз ұлтына беріліп қызмет етуі мүмкін емес. Бағалы маманды сырттан шақырып алуға болады, ал ұлтқа шынайы қызмет ететін, ұлтының жан дүниесін терең білетін азаматты қайдан аларсың. Сондықтан біз ана тілімізге барынша көңіл бөлсек онымыз көптілділікке жасаған қарсылық та, қиянат та емес.

Бұл орайда қазақ азаматтары алдымен бірінші кезектегі міндеттерін белгілеп алғандары жөн. Ол — сен мемлекеттік тілді, ана тілінді қаншалықты игердің, ел алдындағы парызыңды қаншалықты түсіндің дегенді анықтап алу. Президент көптілділік туралы айтқанда, ел басқарған адамдар бір тілмен шектелмей, әлемдік тілдерді меңгерсін, солармен иықтассын деген алысты көздеген мақсат. Ағылшын тілін меңгеру қазақ баласына да керек дүние, қоғамның табысты дамуына, халқымыздың мәдени-рухани жетілуіне зор әсері барын ешкім жоққа шығармайды. Бірақ, шет тілдерінің қай-қайсысы да мемлекеттік тіл тұғырына табан тіреуі, оның білім, ғылым тілі болуына, өз топырағында өркен жаюына кесел жасамауы керек.

Біздің ойымызша, тіл білуді оның өзінде бар мәнінен асыра бағалап, ерекше құндылық етуге болмайды. Мәселен, қазіргідей шетелдік, иә басқа ұлт өкілінің қазақ тілін білгенімен ғана танымал болуы қазақ тілін білу «парыз» дейтін Тіл Заңы мен «міндет» дейтін «Ел доктринасындағы» ұғымдардың өмірден тыс жатқанын көрсетеді. Тіл білу марапатқа негізделмеуге тиіс. Оны шектеулі ғана топтың қолынан келетін спорттық жетістіктердей бағалау, көтермелеу — еліміздегі тіл саясатының ғылыми негізге сүйенбей, берекесіз

жүргізілгенінің салдары.

Бірқатар зиялылар жиі айтып жүрген: «Қазақстандағы ұлт өкілдерінің мүддесі, қазақ мүддесімен бірігуге тиіс» және «қазақ ұлтын мемлекет құрушы ұлт ретінде таныту керек» және т.б. ұлттық мүдде тұрғысынан алсақ бәрі орынды. Бірақ олардың заңдық негізі болмай біз қазаққа артықшылық бере алмаймыз. Ендеше, қазақ мүддесін қорғаудың жалғыз жария жолы бар. Ол — мемлекеттік тілді дамыту. Тілдің соңынан бар құндылығымызды ілестіретін боламыз. Бұның өзі де жеңіл бола қоймайды. Өйткені, алдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қазақ тілінің қолданысын күрделендірмесе жеңілдетпейді. Мәселен, славян елдерімен арадағы Еуразиялық экономикалық кеңістіктеміз, Кеден Одағындамыз. Осыған орай елімізде бірлескен, немесе, ресейлік кәсіпорындардың саны артатын болады. Жұмыс күші, табыстың игерілуімен насихаттайтын құндылықтары тұрғысынан олар орыс тілінің Қазақстандағы тілдік ахуалға әсер ететін ықпалды көзіне айналады. Мұны қытай тіліне қатысты да айту керек. Бұл елден соңғы жылдары келген көп миллиард доллар инвестиция рухани әсерсіз қалмайды. Қазіргі уақытта Қытай мемлекеті бізде ғана емес, шикізат көзі бар барлық мемлекетке кірігуге көшкен, сол елдердің инфрақұрылымына қаржы салып, тұрақтап қалуға тырысуда, әрине оның ар жағында өздерінің тілдік аясының кеңеюін де ойлайтыны анық. Мәселенің бұл жағын да бізге естен шығаруға болмайды.

Қазақстан қоғамында, әлеумет арасында сан қилы пікірлер тудырып жүрген мәселенің бірі-үштұғырлы тіл саясаты. Бұл жөнінде алғаш айтқан Президент болатын. Балаларын орыс тілді мектепке берген ата-аналар, ана тілдеріне немқұрайлы қарағандықтан оны үйрене алмай, үйренгісі келмей жүрген бауырларымыз Президенттің осы бастамасын көлденең тартуға көшті. Олар өздерінің орыс тілін біліп тұрып, ана тілдерін білмеулерін осымен бүркемелеуге тырыспақ. Бірақ Президент ешқашан, еш жерде қазақ тілін білмей-ақ, орыс, ағылшын тілдерінде сөйлей берсін деген жоқ. Президент: «Қазақтың қазақтығының басты белгісі—қазақша сөйлеуі. Үйде де, түзде де... Өз баласын қазақша сөйлетпеген қазақтың «қазақ тілі» деп сарнауының ешбір реті жоқ»—деді.

Президент үштұғырлы тіл саясаты жөнінде кейінірек қазақ басылымдары редакторларымен кездескенде: «Қазақ



тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі—Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі»—деген болатын. Үштұғырлы тіл саясаты ана тілін, қазақ тілін ұмытып қал демейді, бұл тілдік саясат қайта қазақ тілін бірінші орынға шығарады. Баршамыз осыны ұғынғанымыз абзал.

Алайда халықтың бірқатарының үш тілділік туралы түсініктері қарабайыр сана (обыденное сознание) деңгейінде. Олардың ойынша, қазақ тілі — ішкі тұрақтылықты сақтау үшін қажет, орыс тілі — Қазақстанның посткеңестік мемлекеттердегі орнын анықтайды, ағылшын тілі — әлемдік қауымдастықпен тереземізді теңестіреді. Бұндайды реалдылықтан гөрі «утопия» дегеніміз жөн болар, себебі әлем мен әлеумет дамуы барлық уақытта біздің ырқымызға да, еркімізге де көне бермейді. Ал мультикультурализм мәселесіне келсек, бұл сала басында отырғандардың білместігінен, олар Қазақстан халқын жұмылдырғанның орнына, бөлуді көздеп отыр. Өйткені Еуропаның өзінде көп мәдениеттіліктің күні өтіп бара жатқандығы айтылуда. Бұдан біраз бұрын Германия канцлері Ангела Меркель осындай мәлімдеме жасады. Демек, қазіргі уақытта бүкіл әлем көп мәдениеттіліктен бір мәдениеттілікке ұмтылуда. Дегенмен мәселе қоғамның көп, немесе, бір мәдениеттілігінде де емес, мәселе қоғамды алға сүйрейтін элитада. Қазақстанның келесі билігі бүгінгі Қазақстанда қазақ тілді ортаның қаулап өсіп келе жатқанымен санаспаса болмайды, өмір оларды санасуға мәжбүрлейтін болады. Ендеше, осы күнге біз алдын ала даяр болуымыз керек. Сондықтан да Президент: «Қазақ тіліне қамқорлық жасау менің перзенттік те, президенттік те парызым. Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін. Бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз» деп мәлімдеді.

Қазақтардың көп елдің тілін игеруі — білім, шетел тілінде сөйлесек жақсы, алайда ана тіліміз оның тасасында қалса, ол кешірілмес күнә. Ұлттық тілмен ұлттық сана қалыптасады. Ендеше, жас ұрпағымыз ана тілін армансыз бойға сіңірулері керек. Өйткені, бабаларымыздың ғұмыр тәжірибесі, дүниетанымы, мінез-құлқы, өзіндік болмыс-бітімі осы тілде қаттаулы, сол арқылы беріледі.

Шеттілдерін меңгеру, білу білімділіктің де, мәдениеттіліктің

де, рухани жетілудің де белгілі-бір белесі. Жалпы адамның ой-өрісі жетіп жатса, қанша тілді білсе де артық болмайды. Әрбір ата-ана бұған қарсы емес. Бірақ, кез-келген бала әуелі өзінің ана тілін толық меңгеруі тиіс. Ол педагогиканың ғана емес, сонымен қатар физиологияның да басты заңдылығы. Ғылыми деректерге сүйенсек, жаңадан туған нәрестінің миының салмағы орта есеппен 370–390 грамм шамасында болады. Бір жасқа толғанда мидың салмағы үш есе өсіп, орта есеппен бір килоға жетеді. Тек қана бес жастан асқаннан кейін ғана баланың миы толықсып, жетіліп, миының салмағы да ересек адамдардың миындай (орта есеппен 1300 грамдай) болады. Осы нейрофизиологиялық заңдылықты білетін өркениетті елдерде ана тілінен басқа тілді баланың ми қыртыстарының жасушалары дамып, сана-сезімі әбден жетілгенде ғана үйрете бастайды. Мысалы: Жапонияда бала 12 жасқа дейін тек қана өзінің ана тілінде білім-тәрбие алады және өзінің ана тілінің құдіретін бойына сіңіреді. 12 жасқа толғаннан кейін ғана басқа тілді меңгеруге рұқсат етіледі. Кешегі Кеңес заманында да осындай ғылыми зерттеулерді ескеріп, шет телдерін тек қана 5 сыныптан бастап оқытатын, ал орыс тілін оқуымыз саясаттың салдары еді.

КСРО-да өткен ғасырдың 80-жылдары балалар мектепке 6 жастан барды да, 3–4 жылдай оқығаннан кейін қайтадан 7 жастан оқытатын болды. Себебі, сол жылдары Одақ бойынша психоневрозға шалдыққан балалар күрт көбейіп кетті. Педиатрлар мен невропатологтар мемлекет деңгейінде мәселе көтеріп әрең тоқтатты. Қазіргі уақытта жастар арасында жүйке дерті жылдан жылға көбейіп бара жатырғандығы белгілі. Оған дәлел: «өз-өзіне қол жұмсап», асылып өліп жатқан жас жеткіншектердің жыл санап көбейіп бара жатқандығы. Бұл мемлекеттік деңгейде жан-жақты ойланатын нәрсе. Бұл жерде табиғи заңдылықты да, тіл заңдылығын да, нейрофизиологияның заңдылықтарын да ескеруіміз керек.

Келесі бір ескеретін жай тіл мәселесіне заңдылық тұрғыдан келу. Қазақстан Республикасының Конституциясының 2-бабында: *«Қазақстан Республикасы – Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет»*. Бұл бапқа Стратегияда да ерекше көңіл бөлініп, *«Қазақстан – бірегей ел... Біз көп ұлтты сипаты бар біртұтас елміз»* - делінген. Ендеше, бұл тілге де қатысты. Әлемдік практикадағыдай

әкімшілік басқару салалары, білім, ғылым, оқу тілі негізінен мемлекеттік тілде болуы керек. Ал қажетіне қарай мамандар даярлау әртүрлі тілдерде (Мыс.ағылшын, неміс, орыс, қытай т.б.) болуы мүмкін. Бұрынғы Одақ кезінде орыс тілінің оқу бітіру және барлық мамандықтар үшін бірдей оқуға түсу емтиханы тапсырылатын пәні есебінде қарастырылғаны сияқты, мемлекеттік тіл – қазақ тілі де сондай статуска ие. Мәселен, ҰБТ тапсыруда мемлекеттік тілдің балдарының күні бүгінге дейін есепке алынбауынан орыс тілді мектептерде мемлекеттік тілді білмек түгілі түсінбейтіндердің «Алтын белгі» алулары құптарлық іс емес. Өткенге көз жүгіртсек, ауылдық жерде оқыған талантты жастар осы орыс тілінде жазған диктанттарынан «3», немесе, «4» алып медаль ала алмай қалатын. Ол кезде ауылда орыс тілді орта түгілі орысша сөйлейтін тірі жан болмаушы еді. Сонда да ешкім «құқығымыз аяқасты болды» деп дабыл қаққан жоқ. Ал бүгінгі қалаларда қазақ тілді орта жоқ деп айта алмаймыз. Талап жоқ, мемлекеттік тілге деген қажіттілік жоқ, ешқандай қажеттілік те, кедерге де болмағандықтан, үйренуге де ынта жоқ.

Біз көп ұлтты мемлекет емеспіз, Стратегияда айтылғандай, «көп ұлтты сипаты бар, біртұтас ( унитарлы ) елміз». Бізде көп ұлттар тұрады, бірақ олардың басқа кейбір мемлекеттердегідей өздерінің жеке құрылымдары мен статустары жоқ. Айталық, Ресей елінің заңдастырылған 30-дан астам субъектілері бар ( Мыс: автономды республикалар, облыстар, округтар т.б.). Ал біз Конституцияда көрсетілгендей біртұтас елміз, ендеше, біздің әлеуметтік саясатымыз да Конституцияға сәйкес болуы қажет. Олай болса, Қазақстанда қазақ тілінен басқа мемлекеттік те, ресми де, ұлтаралық қатынас тілі де болуға тиіс емес. Бүкіл Республика аумағында бір ғана тіл – мемлекеттік тіл – қазақ тілі қолданыста болуы керек. Конституциядағы (7-ші бап) және Тіл туралы Заңдағы орыс тілінің статусының да (5-бап) қайта қаралатын уақыты жеткен сияқты.

Бұрын қабылданған заңдар мен ұстанымдардың бәрі біздің Қазақстанның сол кездегі әлеуметтік-демографиялық жағдайынан туындағаны белгілі. Бүгінгі күні жағдай басқаша. Соңғы деректерге жүгінсек Қазақстанның 17 миллионнан астам халқының 70 пайыздан астамы қазақтар; орыстар - 3 млн.нан астам адам ( 21,8 % ); өзбектер - 511 мың (3% );

украиндықтар - 306 мың (1,8 % ); ұйғырлар - 243 мың (1,4 %); татарлар - 203 мың (1,2 %); немістер - 182 мың (1,1 %) және басқа этностар - 766 мың ( 4,5 %) адам. Жоғарыда көріп отырғанымыздай, орыстардан басқа сан жағынан республикамызда көп этностар болып есептелетін өзбектердің саны 3%-дай болса, қалған украин, ұйғыр, татар, немістер ұлттары 1%-дың ар жақ-бер жағында ғана. Сонда бізде есепке алынатындары қазақтардан басқа осы 6 – ұлт қана. Ал, қалғандары бар - жоғы 766 мың адам, 4,5%-ды құрайды екен. Осыдан келіп, біз Қазақстанда кейде 130, тіпті 140 ұлттың өкілдері тұрады деп даурығуды қоюымыз керек. Қазақстанда жүрген 1 адам, 10, 100, тіпті 1000 адамнан тұратын басқа ұлттың өкілдері де біздің әлеуметтік - экономикалық саясатымызға ықпал етуге қауқарсыз. Ендеше, біз әлеуметтік саясатымызды, оның ішінде: тіл, ғылым мен білім, өнер салаларын Конституцияға сәйкес бірегей (унитарлы) ел ретінде жүргізгеніміз абзал.

«Қазақстан–2050» Стратегиясында атап көрсетілген, «қазақ жеріне тағдырдың жазуымен алуан түрлі ұлт өкілдері қоныс аударды. Біз оларға құшағымызды ашып, қазақ қонақжайлылықпен қарсы алдық. Еліміздің дамуына барша ұлт пен ұлыс өкілдері бірге үлес қосты». Санның сапа беретінін ескерсек кезінде еліміздің экономикасын, руханиятын дамытудағы олардың бірінің үлесі көп, бірінікі аз болған шығар. Ал бүгінгі күннің, бүгінгі жағдайдың, ұғым түсініктің де басқаша екенін ескергеніміз жөн. Бұған жоғарыда келтірілген статистикалық деректер де дәлел. Бұларға қоса бұл күндері еліміздегі оқушылардың 65 пайыздан астамы мемлекеттік тілде оқиды. Ал жоғарғы оқу орындарындағы мемлекеттік тілдің үлес салмағы 80% астам. Ендеше, біз әлеуметтік салалардағы саясатымызды осыған икемдеп, бұрынғы қатып қалған стереотиппен жүре бермей, жаңаша құрғанымыз жөн болар.

Тағы бір ескеретін жай, бұл күндері бұрынғы ескі түсінік пен санадағылардың көпшілігі биліктен де, саяси – әлеуметтік сахнадан да кетті, болмаса кетуі жақын, оларды алмастыратын жаңа ұрпақ қалыптасып келеді. Тек соларды жаңа арнаға салатын біздің қазіргі ел тұтқасын ұстап отырғандарымызбен, нигилист, саяси саяз, жауапкершілігі жоқ, ұлттық рух пен намыстан ада адамдардың кесірінен тіліміз өз төрінен орнын ала алмауда. Мемлекеттік тілді білмейтіндер, сөйлемейтіндер

әлі де облыстық, қалалық, республикалық деңгейлердегі билік басында отыр және олардың қайсыбірі сол тілді жетік білуге қажет идеология, ішкі саясат, мәдениет, білім, ғылым салаларындағы лауазымды қызметтерде жүр. Ондайлар Астанада да, Алматыда да, барлық облыс орталықтары мен үлкен қалаларда да жеткілікті. Мемлекеттік тілдің мәртебесін өсірмей, абройын асқақтатпай отырғандар да солар. Тіліміз өркендесін деп ойлаған ұлттық рухы мен намысы бар азаматтар, әр түрлі басқосуларда, жиындарда, баспасөз беттері мен бұқаралық ақпарат құралдарында өз пікірлерін айтса ер тоқымын бауырына алып тулайтындар да, олар туралы өз айналасында қоғамдық пікір тудырып, сол жанашырларды айқайшы, арандатушы етіп көрсетушілер де солар. Біздің ойымызша, бұл мәселені мемлекеттік тұрғыдан түсіну де, Қазақстанның даму Стратегиясын қолдау да емес, керісінше жеке басын қорғау десек дұрыс болар.

Стратегияда «қазақ тілінің біздің рухани негізіміз» екені айтылған. Әр уақытта да рухани құндылықтар негізінен тіл арқылы жасалады. «Өнер алды – қызыл тіл» деп тілді өнерге балаған, «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» - деп бүкіл дау-дамайды, ойын, тілегін тілмен жеткізген қазақ халқы үшін тіл - шын мәніндегі руханият негізі болды. Абайдың: «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» – деуі де сонан болса керек.

Ал біздің тіліміздің шұрайы, ой тереңдігіміз бен танымдық философиямыздың негізі ұлтымыздың ауыз әдебиетінде, көне жәдігерлерінде. Сондықтан да еліміз әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан аяғына тұра бастағанда Президенттің тікелей басшылығымен және қолдауымен басқа әлем елдерінде болмаған ерекше бағдарлама – «Мәдени мұра» бағдарламасы дүниеге келді. Сөйтіп ол біздің көне заманнан бүгінге дейінгі рухани өмірімізді тірілтіп, ұлт руханиятын молайтты. Ал жоғарыдағы өз тілінен безінгендер осы байлықты игермек түгіл, оқи да алмайды, олар үшін бұлар құндылық та емес. Қазақта: «өзің диуанасың, кімге пір боласың» - деген бар. Ондайлардың өздерінің орындарына сәйкестіктері туралы ойланғандары жөн, немесе, өздері ойланбаса ел қамы, ұрпақ қамы үшін естеріне салып қойсақ артық болмайды. Осыдан біраз жыл бұрын біздің Облыстық тілдерді дамыту басқармасы Ұлттық тестілеу орталығымен келісе отырып, әкімдерді, басқарма,

департамент басшыларын, денсаулық, білім, банк, көлік басқа да халыққа қызмет ету саласының қызметкерлерін тестілеуден өткізуді қолға алған. Алайда осы уақытқа дейін «Қазтест» бойынша тестілеуден өткен 1000-даған адамның ішінде ең болмаса біреуінің сынақтан үсірінбеуі бізді ойландыруға тиіс. Ал Ұлттық тестілеу орталығы өткізген тестілеудің нәтижесі бойынша біздің облысымыздан да талай лауазымды адамдар, оның ішінде 2 аудан әкімдері уақтылы өте алмады. Ендеше, жоғарыдағы істер тек есеп беру үшін жасалса ол өкінішті, босқа кеткен қаражат пен уақыт болғаны.

Біздің Облыстық тіл басқармасының мемлекеттік тілді насихаттау бағытындағы кез келген бастамаларын қолдау қажет. Олардың қатарында біз телеарнадан көріп жүрген «Тұлға», «Путь к единству», «Дарабоз» жобалары бар. Бірақ, «Тұлғаға» шақырылатын адамдардың да рухани саламызды дамытуға лайықты үлес қосқан тұлға болғандары жөн. Сондай-ақ, «Путь к единству», «Дарабоз» бағдарламарына қатысатын адамдардың да олардың мазмұнын ашатын, осы саладағы білікті мамандар, ғалымдар болғаны абзал. Және олардың руханиятымызды дамыту бағытындағы бұл еңбектері облыс әкімшілігі, тіл басқармасы, телеканалдар арқылы бағаланса оның да үлгілі жақтары болар еді.

Әлеуметтік саламыздың ең бір күрделі тұсы мемлекеттік тілге қатысты мәселелерде әрбір азаматтың өз пікірі болуы тиіс. Біздің ойымызша бұл салада төмендегідей мәселелерге назар аударғанымыз жөн:

— Саясатсыз ештеңе жоқ, тіл саласындағы біздің саясатымыз тек тіл үйретумен шектелмей, тіліміздің қолданыс аясын кеңейту жүйесі мен ой оралымын сақтау, ерекшеліктерін ескеру болуы керек;

— Тілдің төменгі деңгейінен ширек ғасыр бойы шыға алмай жүргенімізде қазіргі «сауатсыз» тіл үйрену мен үйрету үрдісі оның беделінің одан әрі түсуіне соқтырмағаны жөн;

— Көп жағдайларда тіл басқармасы мен оның айналасындағылардың бұл істі жүргізудегі танымдық, саяси-құқықтық, интеллектуалдық ой-өрістерінің тарлығы, төмендігі көрініп тұрады. Ендеше, басқалардың да бұл салада пікірлері мен тәжірибелерінің бар екенін естен шығармаған абзал, сондықтан бұл іске оларды да кеңінен тарту қажет;

— «Қазақстанда мекендейтін барша ұлттардың тілдерін

дамыту» - деген ұғым сөздік қорымызда (лексиконьмызда) болмауы керек. Сұрап жатса, өздері қажетсінсе, жөн басқа. Әрине орыс тілінде көптеген руханият жасалғанын, оның Кеңестік кезеңге, сол тұстағы идеологияға, жалпы көпшілікке қызмет еткенін жоққа шығаруға болмайды. Алайда егемен еліміздің бүгінгі демографиясы да, әлеуметтік ортасы да орыс тіліне Конституциялық статус (ресми тіл) беретіндей емес екенін түсінгеніміз жөн. Ал ұлттардың шағын шоғырланған жерлерінде тілдерін қолдануға келсек, бізде ондай жерлер ресми түрде жоқ. Өйткені, біз федеративті мемлекет емес, унитарлы (біртұтас) мемлекетпіз;

– Басқа ұлттар, әсіресе орыс ағайындар онсыз да бізді экономикалық ойы жоқ, философиялық ойы дамымаған дегісі келіп жүргенде, енді тілі де жоқ деуі әбден мүмкін. Ендеше, тіл тазалығына ерекше көңіл бөлу қажет;

– «Тіл жанашыры» – деген тіркес те келісіп тұрған жоқ. Жан ашитындай, мүсіркейтіндей біздің тіліміз «жетім» тіл емес, артында қалың қазағы тұрған жетілген тіл;

– Ақпарат құралдарына «дұрыс адамдар» басшылық жасап, дұрыс мамандар еңбек етсе деген тілек бар! Сонда *отырық, тұрық, жатырықтан* құтылып, «ң»-ды жөндеп айтып, «неге десеңіз?» демес едік;

– Республикалық Тіл Комитетіне төменнен қолдау көрсету керек.

*«Қазақстан–2050» Стратегиясында:* «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» - делінген. Әрі қарай Стратегияда бұл туралы ой былайша өрбейді: «Қазақ тілі Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс. Біздің саясатымыз – 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 %-ы қазақ тілін білуге тиіс. Бұл үшін қазір барлық жағдай жасалған... Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмыт қалады. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс.... Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз...». Біздің әр түрлі деңгейдегі шенеуніктер «бісмілләсін» Президенттің атымен бастап, сонымен аяқтайды. Бәрі де, біз Президенттің тапсырмасын орындауға дайынбыз, халыққа қызмет етуге даярмыз дегенде алдарына жан салмай жарыса айтады. Ал, Президенттің тілге қатысты айтқандарын неге орындамайды, неге өздерінен бастамайды - деген сұрақ туындайды, туындап қана қоймайды, көңілге осылар кімді алдап жүр деген ой

келеді. Қазақстанның да, қазақ ұлтының да болашағы қазақ тілінде екенін біз әлі жете түсініп, пайымдамай келеміз. Әсіресе, бұны билік басындағылардың түсінгендері жөн, себебі, тіл туралы жауапкершілікті саясаты жүргізетін де, қарапайым халыққа оның мәнін түсіндіретін де солар.

Қазақ тілі – бізді ұйыстырушы мемлекеттік тіл. Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады. Қазақ тілі – қазақ елін бірлікке бастайтын елдігіміздің кілті, ал ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бұл туралы Стратегияда: «Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш – жігерін біріктіріп қана біз алға баса аламыз. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ» - делінген. Ендеше, бірлік басы мемлекеттік тілдің зор саяси мәні мен ролін бүгінгі билік басындағылар да түсінгендері жөн. Бұл бүгінгі күн талабы, осыны пайымдай алмаған шенеуніктердің елге елеулі қызмет көрсететіндері де күмәнді.

Рухы биік, азаматы өрелі елдің болашағы қашан да кемел де, келісті болмақ. Халқымыздың аса құнды рухани байлығы – оның тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі, оларды құрметтеу әрбір саналы адамның азаматтық парызы екендігі мәлім. Осы үш дінгекті сақтай білу, қайта жаңғырту – бәрімізге жүктелген асқақ та мәртебелі міндет. Ұлтын оның тілін құрметтейтін терең білімді, кәсіби білікті этномәдени құндылықтармен сусындаған парасатты ұрпақ қана ел тәуелсіздігінің нығаюына қызмет етеді, биік белестерді бағындырады, асыл армандарға қол жеткізеді.

## **ДІН РУХТЫҢ ЖЕМІСІ, РУХАНИ ЖЕТІЛУДІҢ ЖОЛЫ**

Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі. Осы тұрғыдан келгенде ХХІ ғасырдағы Қазақстандағы дінге, оның мәні мен даму бағытына, ішкі мәселелеріне көңіл аудару бүгінгі қоғамымыздың рухани саласындағы өзекті тақырыптардың бірі болмақ. Өйткені, біздің халқымызды орта ғасырларда емес, ХХІ ғасырда өмір сүруге дайындауымыз керек.

Өткен ХХ ғасыр ғылым мен техниканың дамуына, адамзаттың шығармашылық күштерінің ашылуына көп мүмкіндіктер берді. Соған қарамастан өте ерте заманда пайда болған дін әлі күнге өз позициясын адамзат санасының



басқа түрлерінің алдында бермей келеді. ХХІ ғасырда түрлі конфессиялар мен діни ұйымдар ойдағыдай әрекеттесуші институттар ретінде өркениеттің бір саласы болып өмір сүре бермек және тұрақты сақталып келе жатқаны да объективті шындық. Дінде дүниеге көзқарастық тұстар басым. Дін адамның табиғат және қоғаммен байланысын әдіс тауып шебер айқындап бере алды, осы байланыстардың күрделі бейнесін түзе алды. Бұл суреттемеде адам мен әлем қатынастары мәселесінің мәңгі сұрақтары шешімін тапты. Діннің қоғамнан алатын орнын анықтау үшін оны шындық дүниенің бір бөлігі ретінде қарап, жердегі негіздерін жалпы методологиялық принципке сүйене отырып айқындау керек. Дін – дүниені рухани игеру процесіндегі тарихи қалыптасқан компонент, қоғамның, әлеуметтік ой-санасының, жәдігерінің бір бөлігі.

Қазіргі кезеңде адамзатты «әлемдік қауымдастықтың болашағы қалай қалыптаспақ?» – деген сұрақтар ойландырады. Өткен ғасырда алып мемлекеттер «дүниенің жаңа тәртібін» түзуде бірқатар табыстарға жетті десек те, жер бетінде зұлымдық, адамгершілікке жат құбылыстар азайған жоқ, адам мәніне дұрыс көзқарас та, толық қалыптасқан жоқ. Белгілі ағылшын ойшылы Арнольд Тойнби айтқандай: «коммунизм де, капитализм де, христиан дінінің некесіз тапқан балалары болып табылады». Бұл сөздің астарында оның жаңа әлеуметтік қауымдастық туралы ой қозғамақ әрекеті жатыр. Иудей – христиандық ойлаудың үш мың жылдық тарихы, Шығыс діндерінің өткен тарихы, жалпы алғанда біздің санамызда қасиетті бір ғажап тілекті оятады, ол тілек – *жаңа адам, жаңа қоғам құру*.

Азиялық діндер: конфуцийшілдік, синтоизм, зороастризм және басқалары ақиқатты ізденушілерден оның соңынан еру және онымен шектелмеуді талап етсе, *ислам* ақиқатты Құраннан іздейді. Ислам интелектуалды пайымдауды жетілдіруді жалғастырып, адамның өзін-өзі мейлінше сендірумен айналысуын ұсынады. Иудей – христиан дәстүрі адамға өмірдің мәнін іздеп, ақиқатты, құдайды іздесе, ислам: «Құдайдың өзі адамды табады» деген ақиқатты ұран етіп ұстайды.

Абсолюттің қалыптасу процесіндегі діннің маңызын танымал философ Гегель де талай рет қарастырған болатын. Одан: «қабылдап алынған (снятое) өнер дінмен барабар, қабылдап алынған (снятое) дін абсолютті біліммен барабар»

деген пікір қалған. Діннің мәдениеттегі орнын аша түсу үшін, Гегельдің тарихты еркіндікті ұғыну процесі деп қарастырған пікірін талдаудың да көмегі бар. Өйткені, адамзат дамуы барысында алғаш рет тек дін ғана адамдар арасында әлеуметтік жігіне қарамай «еркіндік пен теңдік» принципін орнатуға шақырды. Бұл принцип алдымен тек дінде ғана қабылданса, кейіннен бүкіл қоғамдық салаларға жайылып кетті. Гегель үшін діннің қоғамдық сананың формасы ретінде де, таным процесінің сатысы ретінде маңызы бар. Оның айтуынша, дін – адамзат ойлап шығарған құбылыс емес, құдіретті рухтың жемісі. Бұл пікір бізге болмыс пен шектік шүбәсіз кемелдік арасында жақындық бар екеніне ой салады. Өз заманының діни гұламалары да осылай ойлаған. Демек, дін біздің рухани өміріміздің бір бөлшегі болып қала бермек, себебі ғылыми пікір бойынша оның қайнар көзі – тарих, сондай-ақ, теологиялық түсіндіруде оның қайнар көзі – мәңгілік.

Әркімнің таңдау құқығы бар. Діни таңдауға өте үлкен жауапкершілікпен қарау керек, өйткені, адамның өмірлік салты, тұрмысы, көп жағдайда бүкіл өмірі соған байланысты. Қазақстан Республикасының Конституциясы сенім бостандығына кепілдік береді, бірақ, қоғамда шексіз еркіндік деген болмайды, сондықтан еркіндіктің өзі де заңдар аясында болуға тиіс. Бүгінгі уақытта біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір түр. Жастарымыздың бір бөлігі осы жат, жалған діни көзқарасты талғамсыз қабылдауда, оның басты себебі, бүгінгі интернет пен жоғары технологиялар ғасырында, ақпараттар тасқындаған заманда, жастарымыз бойында ішкі «сүзгісінің» болмауы қажет.

«Қазақстан–2050» Стратегиясында: «Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын сүнниттерміз. Бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы, жалпы жамағатты сыйлауға, тұтастыққа негізделген» – делінген. Бүгінгі Қазақ қоғамы, Қазақ Елі үшін бұл ұстанымның сақталғаны жөн. Ханафи мазһабы Ислам құндылықтарын ұлттық салт-дәстүрлермен ұтымды ұштастыра білгені үшін аса маңызды. Құран Кәрімде: «Алла тағала, адамдарды бір-бірін танып білу үшін әртүрлі қылып жаратты» деген қасиетті аят бар. Ендеше, біз атадан балаға мирас болып келе жатқан бай рухани мұраларымызды

жаңғырта отырып тану үшін, бұрынғы құндылықтарымызға бүгінгі күн көзімен қарап, ой елегінен өткізуіміз керек. Еліміздің тұрақты дамуы, рухани жетілуі ішкі бірліктің арқасында болмақ. Еліміздегі мұсылман үмбетін біріктіру үшін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты барлық мешіттерде Ислам құндылықтары Әбу Ханифа мәзһабының негізінде уағыздалуда. Бұл өткен ХХ ғасырда үзілген тарихи-рухани жолымыздың заңды жалғасы болмақ. Имам ағзам Әбу Ханифа бүгінгі күнге дейін Ислам әлеміндегі ең танымал фикх ғалым, яғни мұсылман ойшылы болып саналады. Ханафи мәзһабын ұстану қарапайым мұсылман баласына радикализмнен бойын аулақ ұстауға, жат идеологияға қарсы тұру иммунитетін қалыптастыруға және арттыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда діни сауаттылық деңгейін арттырудан басқа, өз тарихымыз бен салт – дәстүрлерімізді, соның ішінде діни әдет – ғұрыптарды жалпыға ортақ түсіндіру ауадай қажет. Сонда ғана ислам дінінің ежелден қазақ өркениетімен терең байланыста екендігін көрсете білеміз, әрі кез келген теріс пиғылдардан, адасудан жастарымызды аман сақтап қала аламыз.

Сенім, діл және дін де елді біріктіруге қызмет етеді. Тұтастықтың сақталуының алғышарттары туыстық әлеуметтік жағдайлармен ғана анықталмайды, ол адамзаттың ең жоғары көрсеткіші, рухани құндылықтармен де анықталады. Сондықтан, еліміздегі барлық әлеуметтік-саяси, діни орталықтарды халқымыздың бай мұрасы мен рухани құндылықтарын дамытуға жұмылдырған жөн. Дәл бүгінгі таңда елдігімізге қауіпті дерттің бірі, ол – дәстүрсіздік пен дінсіздік («Имансыздық» деп түсініңіз – А.Т.). Мысалы, бүгінде қаражатының мүмкіндігінің арқасында қасиетті Меккеге барып келген көптеген азаматтарымыздың дін исламнан бейхабар бола тұра, өздеріне «қажы» атағын меншіктеніп алуды әдетке айналдырғандарын түсіну қиын. Осындай көптеген «қажыларымыз» намаз оқымақ түгілі, жастардың алдында дін ислам туралы, қасиетті Құран туралы, екі-үш сөздің басын қосып ұлағатты сөз де айта алмайды. Тіпті кейбір қажылыққа барып келгендер Діни басқармадан, Бас мүфтиден қолдарына арнайы сертификат беруді талап етеді. Бұл да дінді жеңілге сайып, дініміздің қасиетін төмендетудің, діни білімсіздіктің етек алуының көрінісі. Өйткені, мұсылмандарға қажылық сапар – туристік сапар

емес, қасиетті парыз екендігін білмеуден туған жетесіздік.

Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігіміз. Ол біздің дәстүр-салтымызды да анықтайды. Бірақ, ХХІ ғасырда, Жаһандану заманында, бізде оған қоса зайырлы қоғамның да дәстүрлері бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек.

Марксизм-ленинизм және өзге де идеологиялардың дәуірі аяқталған соң, біз қалыптасудың жаңа жолдарына зәруміз. Егер ХХ ғасыр идеология ғасыры болып есептелсе, ХХІ ғасыр бірегейліктің ғасырына айналды. Ислам дінінің капиталистік жаһандануға қарсы тұратын себептерінің бірі – идеологияны, пайданы емес, тұлғаны, құндылықтарды алдыңғы қатарға қоятындығында. Бірегейлік интернет-мәдениетте, фейсбук және твиттерде қалыптасады. Шекаралар ашылды, сонымен қатар, саяхаттау мәдениеті де бар. Жаһандану үрдісі тез қарқынмен жүріп жатқанымен, оның көптеген кері әсерлері де бар. Саяхаттау мәдениетінің болуы мәдениеттердің бір-бірімен тоғысып, шиеленістер мен рәміздік зорлыққа әкеліп тіреді. Осы тұстағы мәдени және рәміздік зорлық Батыстық және Американдық сияқты, мономәдениеттің болуына байланысты. Жаһанданудың мақсаты – барлық мәдениеттің вестернизацияланып және Батыс стилінде модернизациялануы. Ал бұл дегеніміз – Батыстық емес діндердің Батыстың зайырлы сипатын қабылдауға мәжбүрлеу, яғни мұны «монокультуризация» деп атауға болады.

Бүгін ислам туралы ең көп айтылып, жазылып, зерттеліп те жүр, әсіресе ислам елдері халықтарының санының өсуі, әлемдегі қоныстану географиясы евроцентристерді үркітетінге ұқсайды. Сондықтан олар қайда барсаң да мұсылмандар, ислам қауіпінен қалай құтыламыз деген де әңгімелер айта бастады. Бұл қорқыныштың да объективті негізі бар. Бүгін мұсылмандардың жартысынан астамы 20 жасқа жетпеген жастар, демек, ислам ең жас дін. Ендеше біз үшін осы асыптасқан күш-қайрат пен энергияны пайдаға асыру ең маңызды мәселе. Жастарды әлеуметтік-экономикалық салаға тарту да маңызды. Мұсылман жастарының идеологиялық ұстанымы да, оларға жағымсыз күштердің ықпалы да бізді ойлантпай қоймайды.

Ендеше, біз мемлекетіміз алға қойған ұстаным негізінде еліміздегі ислам дінінің орнын анықтағанымыз жөн.

Қазақ сияқты бұрын отарланған ұлттар үшін дәстүрлі құндылықтарды, ұлт мәдениетін, дәстүрлі дінін қолдау өте маңызды. Ислам діні – ғасырлар бойы ұлтымызға тірек, өркениетіміздің қазығы болған және бола беретін мәдениет құрушы, орны бөлек рухани күш. Дегенмен, біз өз ұстанымымызды толық анықтай алмай келдік. Батыс пен Ресейдің ислам дініне деген салқындығы Қазақстанда да сезіледі. Ол – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ағылып келіп жатқан әдебиеттердің, оның ішінде ғылыми деп аталатын еңбектердің де ықпалы. Бір сөзбен айтқанда, ақпараттық экспансия ислам дініне салқынын тигізуде. Осыдан кейбір сыртқы күштердің жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тарту әрекеттерін тоқтату қажет.

Қазіргі уақытта діни сенімдерімізден аулақтату, немесе, оны жаңа мазмұнмен аламастыру сияқты ақпаратты идеологиялық мақсаттар көбейіп кетті. Және бүкіл жаманшылықтың бәрі исламға теңелуде. Олардың сөзіне сенсек террорист те, экстремист те, фундаменталист те сол дінді ұстанушылар ішінде. Христиан діндегілердің бәрі бейне бір гуманистердей, олар туралы жақ ашпайды. Ал біз болсақ «діни экстремизм», «ислам экстремизмі», «ислам фундаментализмі» ұғымдарын ойланбастан қабылдап, оқулығымызға енгіздік және онда исламға көлеңке түсіру ниеті жатқанына да мән бермедік. Ғасырлар бойы мәдениеттің, өркениеттің негізгі болған исламды түрлі жағымсыз істермен, қантөгіс уақиғалармен байланыстырудың астарында басқа діндерді тықпалау ниеті жатырғанын да уақытылы сезбедік.

Дұрыс діндарлықты «фанатизммен», радикалдық іс-әрекеттермен байланыстыратын психология өз ішімізде әлі де көрініс алып отыр. Дін – ата-бабаларымыздың рухани құндылығының негізі болса да біз оның парқын әлі бағамдай алмай жүрміз. Оның объективті себептері көп болуы мүмкін, бастысы ұлттық - этникалық негіздегі рухани тәрбие алмай, атеистік тәрбие алғанымыз болса керек. Сондықтан да Конституцияда көрсетілген зайырлы мемлекеттің мазмұнын түсінбей атеистік мемлекеттен ажырата алмай жүрміз. «Зайырлы» ұғымы «мемлекет пен дін бір-бірінен толық ажыраған, мүлде байланыспайды» деген ұғымды білдірмейді. Мемлекеттің саясаты діннен бөлінгенімен, тұрмыс-тіршілігі діннен бөліне алмайды.

Өйткені дін тек сенім мәселесіне емес, мораль мәселесіне де тікелей қатысты. Дін — адамзат тарихында жасалған барша рухани құндылықтарды жинақтайтын ұғым. Дін дегеніміз — мәдениет, тарих, тіл мен діл.

Заңнама жүйесін жетілдіру — зайырлылық қағидаларын жетілдіру деген сөз. Мемлекеттің зайырлылығы еліміздің ішкі тұрақтылығы мен өркендеуінің басты тірегі болып табылады. Бүгінгі таңда зайырлылық бағытында ортақ күш көрсетіп, бірлесе қолдап, оны орнықтыра түсуіміз қажет. Біз елімізде руханилықтан ажырап қалу, діни көзқарастардың радикалдануы секілді ымырасыз жағдайлардың белең алмауы үшін де күш біріктіргеніміз жөн.

Еліміздің қуаты, рухы күшті, жан-дүниесі бай иманды мемлекет болуына біздің ұлтық зиялы қауымның, зайырлы интеллигенцияның орны мен рөлі өте ерекше. Қазіргі таңда, елімізде дін саласында жүргендердің көбісі тарихшылар, филолог-журналистер, ал нағыз теологтар жоқтың қасы. Қазақстанда негізгі дін — Ислам діні болғандықтан, исламтанушыларды жоғары дәрежеде дайындау — аса өзекті мәселе.

Өзінің дінін жетік әрі жақсы білетін адам ешқашан бұлыңғыр ағымдағы діни көзқарастарға еріп кетпейді. Әрине, әрбір адамның таңдау құқығы бар. Алайда, таңдау жасау үшін де адам нені таңдайтындығын білуі қажет. Сондықтан, ақпараттық бос кеңістікті толтыру үшін тек дінтанушыларды ғана тартып қоймай, басқа да мамандық иелерін кеңінен жұмылдырған жөн. Әртүрлі конфессиялық ортада дін сияқты табиғаты күрделі, нәзік мәселелерді түсіну, оларды реттеу үшін сауатты дінтанушы, мамандар қажет. Мамандардың тапшылығынан, немесе, біліксіздіктерінен діни бірлестіктер қызметі деген жеріне жетпей жатса, ал әрекеттері солардың ой-өрісімен бағаланса, алда талай қиындықтар туары сөзсіз. Алдымен бұны әртүрлі секталар, жат ілімдер көбірек пайдаланып кетулері мүмкін. Бұрынғы атеистік қоғамның бел балалары мейірімді дінмен бүркемеленіп жүрген әртүрлі іріткі салушы топтарды ажырата алмай, қауып-қатерді - талай ғасырлар бойы елімізді тәрбиелеп келген ислам дініне, оны ұстанушыларға жаба берсек, оның аяғы жақсылыққа апармасы анық. Сондықтан бұл жерде бір нәрсе айқын, ол бүгінгі жаңарған діни сананы елдің басын біріктіріп, мәдениетінің, дәстүрінің тірегіне айналдырып, дін мен мемлекет, дін мен

тәрбие үйлесіміне қол жеткізе білу — ел дамуының ізгілігі мол шапағатты жолы екенін түсінуіміз керек.

Осындай үйлесім мен ұстаным болған жағдайда адамзат интеллекті өз бақытын өзгені де құрметтеуден, оның да ішкі қажеттігін қанағаттандырудан табулары мүмкін. Осы тұрғыдағы адам құқықтары мен міндеттерінен дінаралық білім беру мәселесінің өзектілігі туындайды. Дінаралық білім берудің діни педагогикадан айырмашылығы көп. Бұл түрлі діндер мен көзқарастарды қарастыру мүмкіндігі. Дінаралық үлгіде білім беру оқушыларды, студенттерді тек ақпараттандырып қана қоймай, түрлі діндердің астарында жатқан танымдармен және құндылықтармен таныстыра отырып, діндердің бірегейлігін дамытуға мүмкіндік беру. Оқытушы, немесе, профессор жалпы және жеке діни көзқарастарымен қатар, өздерінің діни, философиялық көзқарастарын да білдіре алады. Дінаралық оқыту үлгісінің мақсаты студенттерге әркімнің діни сеніміне қарсы көзқарастарды білдіру емес, төзімділік пен өзара келісім ашық қоғамның белгісі екендігіне олардың көзін жеткізу. Дінаралық оқыту діни-ғылыми білімге негізделген. Хьюстон Смит өзінің «Әлемдік діндер—даналықтың ұлы дәстүрлері» атты еңбегінде атап өткендей, дінді зерттей отырып, бұл мәселеге баса назар аудару қажет.

Ал дінді зерттеу үстірт қарайтын мәселе емес. Осы тұрғыда дінаралық оқыту да күрделі мәселе. Діни білім беру азаматтық білім берудің бір бөлігі. Дінаралық оқыту «дін туралы» және «діни тәрбиені» оқытуды ұштастырады. Дін және дінаралық мәдениетті оқытатын оқытушылар өзара бірлесе отырып, дінаралық білімнің методологиясын меңгеру қажет, әр елдің дәстүрін сыйлау, діни идеяларды түсінікті жеткізу, адамдардың өміріне қатысты экономикалық, саяси және әлеуметтік күштер туралы дінаралық сұхбат жүргізу керек. Себебі, діни білім беру — дегеніміз сұхбатқа түсе отырып, діни тәжірибені, дәстүр мен институттарды жоққа шығарудан аулақ болу. Діни педагогтер, кем дегенде екі дінді салыстыра алу мақсатында, көптілді меңгергендері абзал.

Адамзаттың жан-жақтылығы, жаһандық экономикалық және саяси өзара тәуелділік, жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, әлемге деген баламалы көзқарастар, діни ландшафтың өзгеруі діни білімнің теориялық та, тәжірибелік те тұрғыда қалыптасуына өз әсерін тигізуде.

Жаһандық мәдени нарықтағы діни қоғамдастықтардың осал тұстарына, ғылыми дискурстағы діни білімнің маргинализациясына, қоғамдық өмірде және бұқаралық ақпарат құралдарында орын алып жатқан діни жағдайларға назар аударған жөн. Бұл кең ауқымды мәселе. Діни білімсіз «діни терроризм», «діни экстремизм» мәселелерінің шешімін таппаймыз. Шын мәнінде «экстремизм» деген терминнің өзі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қолданысқа енді. «Экстремизм» латынның *extremus* – крайний – деген сөзінен шыққан. Ол «ең соңғы, төтенше» деген мағынаны білдіреді. «Экстремизм» баспасөзде «лаңкестік» деп аударылып жүр. Бұл ұғым оның өз мағынасын дәл беріп тұрған жоқ. «Лаңкестік» ұғымы «ылаң салу, бұзақылық жасау» деген ұғымға жақын келеді. Ал «экстремизм» бұдан кеңірек ұғым. Оның өмірдегі көріністері терроризм, геноцид, этноцид, расизм болып табылады. Экстремизмнің бүгінгі күні кең тараған түрі – «терроризм». Terror – латын сөзі – қазақшаға аударғанда «қорқыныш, үрей» деген мағынаны білдіреді. Террорлық әрекеттің басты мақсаты қоғамда үрей, қорқыныш, әбігер туғызу, елдің тыныштығын бұзу, өзіне көпшіліктің назарын аудару арқылы өздерін үлкен саяси күш ретінде таныту болып табылады. Терроризмнің ұлттық сипаты жоқ, бұл қылмыспен кез келген ұлттың өкілі айналыса алады. Оған себеп, сылтау, қолайлы сәт керек, тиісті бопсалау, ынталандыру, иландыру, психологиялық амалдардың сүзгісінен өтулері керек. Ендеше, бұл ұғымдарды жастарға түсіндіргенде, оларды кең көлемде алып, оның дінмен байланысты тұстарына көңіл бөлген жөн.

Осы сала мамандарының пікірінше, дінаралық оқыту рефлексивтілікті талап етеді, сонымен қатар, «методологиялық агностицизм» арқылы «феноменологиялық теологияға» негізделген, онда «қасиеттілікке» аса мән беретін герменевтикалық аспекті де бар. Дінаралық оқыту өз бастауын өзара келісім мен сыйласымдылықтан алады. Кім, қалай және қай жерде оқытады деген сұрақтар туындатады. Дінаралық оқыту діни білім берудің болашағына үлкен үлес қосады; діни төзімсіздіктің алдын алып, діни сезімдерге деген оң пікірді қалыптастырады.

Бұл жердегі бастысы «өзгешелік» мәселесі. Қоғамдық кеңістікте сол «өзгешелікпен» қақтығысып жатырмыз. Егер де біз өз интеллектуалды шекарамыздан шығып кетіп жатсақ,



рухани шекарамыздан да асып кететінімізді мойындауымыз керек. Ол үшін бізге рационалды саясаттан жоғары тұратын «даналық» қажет. Жаһандану дәуіріндегі «діни ерекшеліктер» бізді айырмашылықтар шиеленісіне әкеліп соқтырмай, саналы түрде, даналық арқылы іске асқаны жөн. Ендеше, дінаралық оқыту бізге қажет және ол «адам болмысының рухани өлшемі» маңыздылығын мойындау арқылы ғана жүзеге асады. Қоғамдық кеңістіктегі діни және мәдени өзгешелікті мойындаудың жалғыз жолы — діни көптүрлі қоғамдағы мәдениетаралық азаматтық білім беру.

Бүгінде Қазақстандағы 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың үлес салмағы халықтың жалпы санының 30 пайызына жуық, яғни 5 миллиондайын құрайды. Олардың 800 мыңдайы — студенттер. Жастардың 46 пайызы ауылда, 56 пайызы қалада тұрады. Ал адамдар білім алу, мамандық таңдау және қоғамда әлеуметтену, негізгі араласатын ортасын құру, рухани қағидаттар мен бағдарын қалыптастыру секілді негізгі әлеуметтік және демографиялық өмірлік кезеңдерден дәл осы жас шағында өтеді. Әлеуметтік және азаматтық тұрғыдан есею шағында жастар көбінесе біз үшін жат ықпалды күштердің алдында әлсіздік танытады.

Абай өзінің қара сөздерінде: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оған замандастарының бәрі кінәлі» дейді. Бұл жағдаят адам, қоғам, мемлекет дамуының маңызды қырларын ашып көрсетеді. Сондықтан, мемлекеттің жастарды тәрбиелеуге, тәні сау және рухани бай жастар ортасын қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға ерекше көңіл бөлуі маңызды. Жастардың өз кезегінде айтулы тұлғалардың нақты тәжірибесінен сабақ ала отырып, имандылықтың шынайы мәнін танып-түсінгендері жөн. Кез келген дін, соның ішінде ислам да адамның білім алуына шектеу қоймайды. Қазіргі заманда сауаты бар адам ешқашан көш соңында қалмайды. Сондықтан жастар Алла тағала берген жастық шақ пен алтын уақытты дұрыс бағалап, білім алуға, кәсіптің белгілі бір саласын игеруге барынша күш жұмсауы қажет. Қазіргі кез Қазақстанның рухани жаңғыратын уақыты. Мұхаммед пайғамбарымыз — «Отанды сүю имандылықтан басталады» деп өсиет етсе, дана қазақ халқы - «Иманды елді жау алмас» дейді. Олай болса, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұстанып келген имандылықты ту еткеніміз жөн. Жас ұрпаққа патриоттық

тәрбие беруде дәстүрлі діннің ролі ерекше маңызды. Туған елдің тарихы мен мәдениетін, ана тілі мен баба дәстүрлерін құрметтеуге негізделген патриоттық сезімі бар жас ұрпақ елдің лайықты азаматы болуға ұмтылары сөзсіз. Сонымен қатар жастар бойында патриоттық сезімді қалыптастыруға ақсақалдар, үлкендер және аға буынды ой тоқтатқан азаматтарда ат салысуы қажет. Патриоттық сезім, патриоттық сана отбасында бесіктен басталады, балабақша, мектепте, университетте жалғасын табады. Шын мұсылмандардың «Отанды сүю – иманнан, отбасынан басталады» – деуі де осыдан болса керек.

Ұлттың дүниетанымы оның дәстүрінен танылады. «Дәстүрлі дін» деген ұғымның өзі ең алдымен «дәстүрге айналған, дәстүрмен тұтасып кеткен, ұлттың рухани-мәдени құндылықтарына негіз болған дін» дегенді білдіреді. Қазақстан үшін дәстүрлі дін – елдегі әрбір халықтың өз дәстүрімен сабақтасып жатқан ата діні деген сөз. Қазақстанда өмір сүріп отырған қазақ, өзбек, ұйғыр, татар, түрік, әзірбайжан, күрт, тәжік, шешен, қырғыздардың барлығының ата діні – ислам.

Жалпы, білім жүйесін сыни ой мен толерантты қатынасқа бейімдеу, жастардың білімге, мәдениетке, спорттық және қоғамдық іс-шараларға қатысу мүмкіндігін кеңейту бүгінгі күн талабы. Теледидарда діни-ағартушылық бағыттағы сұхбат алаңын қалыптастыратын, салауатты өмір салтын, білім мен рухани-өнегелік құндылықтарды насихаттайтын жастар арнасын құрсақ та артық болмас еді. Бізге Қазақстан үшін дәстүрлі дін болып табылатын ағымдар туралы жастарға қажетті білім беру, олардың осы діндерге деген көзқарасын қалыптастыру бағытында және біздің республикамыздағы діни сенімдерге жатпайтын басқа діндерге беріліп кетпеуі үшін тұрақты түрде жүйелі жұмыстар жүргізу де қажеттіліктердің бірі болып отыр.

Дін – рухтың жемісі, күрделі және көп қырлы феномен. Сондықтан, Қазақстанда тұратындардың діни сауаттылығын арттыру заман талабы. «Дін негіздері» курсының мектеп бағдарламасына енгізілуі де тегін емес. Діни сауаттылықты, тек дін ғана беретін рухани-адамгершілік құндылықтарды, мектеп партасынан-ақ ұрпақ бойына сіңіре берсек артық болмайды. Бұл жас сананы экстремизмнің және ксенофобияның зиянды ықпалдарынан арашалау үшін де қажет.

Бүгін бізге ұлттық қасиетімізді, дінімізді, әдет-ғұрпымыз бен дәстүрімізді жаңаша пайымдап, қайта түлетіп, бәрін толық қалпына келтіруге тамаша мүмкіншілік туып отыр. Сондықтан да, осы ХХІ ғасырдың әлемдік ішкі тәртібі мен бет-бедері айқын сипат алған шақта, дінің шын мәніндегі өркениетті, адами тәрбиені, демократияны ұлықтайтын асыл қасиеттерін халыққа жеткізіп тарату және түсіндіру – біздің халқымыздың рухани кемелділігін арттырудың кепілі, рухани жетілуінің негізі және еліміздің қауіпсіздігінің құрамдас бөлігінің бірі. Міне, осыны жедел қолға алу және дұрыс пайдалану – бүгін бәрімізге де зор тарихи сын деуге болады.

## ТАРИХИ ТҮЛҒА ЖӘНЕ ТАРИХИ ЖАД

*(Қазақ батырлары мен батырлық институт туралы ой-толғам )*

Біз сөз еткелі отырған тақырып Кеңес дәуірінде сол кездегі ұстаным бойынша зерделенді. Сондықтан да, ғылыми әдебиеттерде «*тарихи тұлға*» зерттелмей, жалаң тұлға (личность) зерттелді. Ал «*жад*» туралы психология пәні деңгейінде танымды-деректік материалдар берумен шектелдік. Осыдан келіп, бұл ұғымдардың мән-маңызы, мазмұны туралы білігіміз де, біліміміз де көңіл көншітерліктей болған жоқ.

Қазақ Ұлттық Энциклопедиясында жадқа мынадай анықтама берілген: «**ЖАД**» – ЭВМ-нің кодтық түрдегі ақпаратты жазуға, сақтауға және қолданыла беруге арналған бөлігі (3-том, 465-бет). Міне, бүгінгі білгірлеріміздің жад туралы айтары осы. Шын мәнінде *жад* – адам баласына тән ой, ес; *Жадына* алу – еске түсірді, ойлады. *Жадынан* шықты – естен шықты, ұмытты. *Жадында* сақтады – ұмытпастай ұғып алды (тоқыды, түйді). Біздің *тарихи жад* деп отырғанымыз осы соңғысы. Ол туралы сәл кейінірек.

*Тұлғаға* келер болсақ, оның алғашқы қарапайым мағынасы – адам мен жан-жануарлардың дене бітімі, пішіні, сырт бейнесі; екінші мағынасы – тірек, сүйеніш, қорған, қамқор. (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2008. – 823-б.) Ал философиялық және ұлттық энциклопедияда: *Тұлға* – жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам

мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Ендеше, адам тұлға болуы үшін өз «менін» өзге «меннен» ажыратып, есейіп, өз бетінше дербес әрекет ету мүмкіндігін ашу керек. Яғни, белгілі бір мәнді іспен айналысатын, азды-көпті білімі мен білігі, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымы мен сенімі бар адамды *тұлға* деп атайды. Осы қисынмен келсек бұл тұстағы тарихи тұлғаларға хандар, билер, рухани салада орны бар жеке адамдар және батырлар жатады. Алайда, батырлықтың мән-маңызы, әлеуметтік ортадағы орны осы уақытқа дейін дүниетанымдық тұрғыдан пайымдалмаған.

*Батыр* — (парсы — бәһадүр - ержүрек, батыл) - әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Ендеше, батыр атағы мирасқорлық жолмен берілмейді. Ауыр жараланса да ұрысты тастамаған *Қара Батыр*, не *Қара Берен* аталса, қауіп қатерді елемей, ұрысқа жалғыз кіріп ерлік көрсеткен адам *Жеке Батыр* атанған.

Ал *батырлық*, қаһармандық, дәстүрлі қазақ қоғамында болған ерекше әлеуметтік топ — батырларға тән қасиеттер мен өмір салты. Батырлардың бәрі де өз билеушілерін сыйлаған, құрмет тұтқан, бірақ кішіреймеген. Ханьна, биіне құлдық ұра бермеген, бүгінгі елеулі еңбек батырларындай биліктегілердің қолын сүймеген, керісінше, қажет болғанда ханның да қателігін бетіне айтып, дұрыс бағыттан адаспауына көмектескен. Сондықтан да Абайдың арғы аталарының бірін Қобыланды батыр нағашысына тигені үшін өлтіргенде, оны зынданға тастамаған. Күні бүгінге дейін бізге жеткен «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді» деген сөз сонан қалған. Шынында, батыр адамға, батыл адамға, өзгелердің айтқысы келіп айта алмай жүрген сөздерін айтқан адамға көзінше өтірік жақтасып, сыртынан сөз айтатын жұртқа кейде түсінбейсің.

Батырлар ерекше қасиеттерге ие тарихи тұлғалар. Оларды айналасы мойындау үшін де, елге танылу үшін де қарсыласымен жекпе-жекке шығуы керек, онсыз танылмайды.

Батырдың өлім мен өмірге деген көзқарасы да ерекше. Жай адам үшін өлім өкініш. Ал батырлар үшін өлу өкініш емес, тек соғыста өлмеу өкініш. Өлімге бұндай көзқарас, көшпелі халықтарда жастарды батырлық рухта тәрбиелеудің бір шарты болған.

Біз жадымызда қалған тұлғалар туралы айтқанда

оларды текті деп жатамыз. Тек сөзінің екі жағы бар, оның бірінші жағы биологиялық — бұл тұрғыдан алғанда итте де тек бар, кез келген тіршілік иесінде де тек бар. Ал адам туралы айтқанда, оның әлеуметтік жағына ерекше көңіл бөлеміз. Біздің зиялы қазақ хандары, билері, батырлары осы тектілер санатындағылар, оларды ерекшелейтін қасиеттер: аристократтық, арлылық, намыстылық, ақылдылық, парасаттылық, қисынмен жүру, сөйлеу, көпке, жұртқа, елге қызмет ету, қорғау, қолдау.

Енді тарихи жадымызға келсек, дүниежүзі тарихында қалыптасқан өркениеттер туралы жалпыламалық ағымдар мен теориялар қатарынан «көшпенділер өркениеті» де өзіндік болмысымен, тылсым сырларымен орын алуы қажет. Біздің жадымызда сақталған, кейін қағазға хатталған тарихи даму жолымызға дүниежүзі ғалымдары қызығушылық танытуда. Әсіресе, көшпелілер өркениеті тарихының «феномендік» қыры — қазақ халқының асқан жаугерлігінен көрінген еді. Сондықтан болар, Қазақстан Республикасының тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасында — тарихқа үңілу арқылы көшпелілердің әлемдік өркениет дамуына қосқан үлесін, олардың өмір салты мен рухани болмысын жас ұрпаққа білдіру міндеттелген.

Қазақ халқының өзіндік этномәдени құндылықтарын сырт елдерге танытуы, нығаю, күшею процесі және ұлт ретінде тарихи сахнадан өз орнын алуы жайдан-жай келе қалған жоқ. Ол үшін ел мен жер үшін қан төгіскен күрестер және атамекен үшін бірнеше ғасырларға созылған соғыстарда ел бірлігі, ел қауіпсіздігі мәселесін қамтамасыз ету міндеті тұрды. Осыларды жүзеге асыру барысында Қазақ хандығының жүйелі әскери құрылымын негіздейтін және ішкі қайшылықтарды реттейтін әскери-азаматтық әлеуметтің қалыптасуына деген табиғи қажеттілік туды. Халық жадында ол батырлар институты ретінде сақталды. Батырлардың мемлекетті сақтау, жерді қорғаудағы жанқиярлық асқан ерлік іс-қимылдарының арқасында ғана қазақ қауымы еркіндігін сақтап қалды. Бұған Қазақ халқының ғасырлар бойғы әскери ісі мен өнерінің төлтума өмір салты дарытқан табиғи әскери іске бейімділік нәтижелерінде қалыптасуы өзіндік ықпал етті. ХҮ—ХҮІІІ ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси-әлеуметтік құрылымына және көшпелі өмір талабына сай түрлі әлеуметтік институттар (би, төре, рубасы-ақсақал) ішінен батырлар

институты «ерекше әлеумет» болып қалыптасты. Сондықтан бүгінгі қауым үшін, әсіресе жастарға, халық жадына сүйене отырып, батырлардың көшпелі қоғамдағы мәні, қоғамдық-саяси қызметтерінің жетілуі, басқа топтармен қатынасы және батырға тән қасиеттер мен қабілеттердің мәнін ашудың аса зор маңызы бар.

Көшпелі қазақ қоғамындағы түрлі әлеуметтік институттар ішінде батырлар институты арнайы зерттеле қоймаған тың тақырып, тарихнамалық базасы да айта қаларлықтай емес. Алайда, дәстүрлі қазақ қоғамының қыр-сырына қанық тарихшы-этнологтардың еңбектерінде бұл мәселе жөнінде жанама зерттеулер баршылық, бірақ оларда батырлардың көшпелі қоғамдағы орны туралы пікірлер қарама-қайшылыққа толы.

Олардың кейбірі көшпелі қазақ қоғамында (XV – XVIII) батырлардың ешқандай әлеуметтік мәні, рөлі болған жоқ (М.Бижанов, Ж.Артықбаев), бар болғаны тұрмыстық мағынаға ие болған (М.Вяткин) деген тезиске сүйене келе, батырлықтың тек жай әскери атақ шеңберінде болғанын, ешқандай әлеуметтік категорияға жатпайтындығын тілге тиек еткілері келеді. Соған қарамастан бұл көзқарастың басында тұрған М.Вяткин өз еңбегінде батырлар мәселесін терең қозғап, батырлардың рубасылық құқықтарды иеленгені туралы біршама деректер ұсынады. Ал көшпелі қазақ қоғамын зерттеген С.Толыбеков батырларды әскери шонжарлар қатарына қойғанымен, оның көшпелі қоғамдағы негізгі әлеуметтік қызметін Кеңестік идеологияға сай бұрмалап, теріс көрсеткеніне қарамастан, бүгінгі зерттеушілер үшін түпкі деректемелігі мол мағлұматтар береді. Зерттеуші Ж.Артықбаев жалпы алғанда аталмыш көзқарас аясында болғанымен, батырлардың қазақ хандығындағы қоғамдық белсенділігі жоғары екенін ашып көрсетеді. Бірақ, батырлардың әлеуметтік өмірдегі қызметін, әскери істегі рөлдерін және т.б. мәселелер атүсті қарастырады. Осы мәселелер төңірегіндегі біршама ілгері қадам жасаған зерттеушілердің қатарында Е.Бекмаханов, И.Ерофеева және К.Ахметжанова еңбектерін атап өтуге болады.

Е.Бекмаханов өз зерттеулерінде негізінен, XIX ғасыр мәселесін көтереді де, батырларды әлеуметті категория ретінде қарастырады. Ал бұл кезеңде батырлар институты біршама өзгерістерге ұшырап, қызметінің мәні де, мазмұны

да басқаша бола бастап еді. Белгілі Әбілхайыр хан туралы И.Ерофееваның «Батырлар қызметінің қалыптасуын қазақ тарихының фономендік ерекшелігі» ретінде қауқартуы да құптарлық.

Қазақтардың әскери атағы батырлар институты мәселесіне қарағанда тарихнамалық мәңгілі жоғары. Ол өз бақтауын тереңнен алады. ХІХ ғасырдың өзінше-ақ, көшпелілер әскери өнері бойынша алғашқы жалпынамалық еңбектер жарық көрді. Солардың ішіндегі ерекше тұқталуға тұратыны М.М.Иванин мен Э.Хора-Даваның еңбегі. Онда, Шыңғыс хан әскери құрылымындағы батырлардың пайда болуы туралы деректер бар. Орыс шығыстану мектебінің негізін салушылардың бірі В.В.Бартольдтың ғылыми зерттеулерінен ХҮІ–ХІХ ғасырлардағы қазақтардың әскери құрылымы, қару-жарағы, киім-кешек, әскери шендері т.б. жөнінде құнды деректер алуға болады. ХҮ–ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ батырларының әскери өнері, соғыс тәсілдерін жалпылама түрде зерттеу Т.И.Сұлтанов пен С.Г.Кляшторныйдың және М.Х.Әбусейтовтың еңбектерінде де орын алған. Көне заманнан бүгінге дейін Қазақстанның әскери тарихын қамтитын К.Р.Аманжолов пен А.Тасболатовтың іргелі еңбегін Қазақстан тарихы ғылымының соңғы жылдардағы жетістіктер қатарына қосуға болады. Алайда, қазақ халқының дәстүрлі әскери ұйымдасу тәжірибесі, қарулану мәселесі туралы біршама зерттеулер жүргізілгенімен, осы уақытқа дейін батырлардың көшпелі қоғамдағы мәні, қызметі мүлде қарастырылмады. Біздің мақсатымыз мәселенің осы жағына, зерттеушілер назарын аудару.

Әйгілі батырлар ханына құлдық ұра бермеген, қаскет болғанда ханның қателігін бетіне айтып, дұрыс бағыттан адасса жолға салып, онымен терезесін тең ұстаған. Мәселен, М.Ж.Көпейұлы деректеріне қарағанда "Абылай аспас сары бел" оқиғасында Ботакан құнын жоқтаған Олжабай, Алтай, Жиеналі, Қозғал батырлар және Бишкек мерген Абылай ханға қарсы шығып, ақыр соңында қаһарлы ханды да райынан қайттырып, әділдікке жүгінтеді. Бұл дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлардың қоғамдық-әлеуметтік қызметтерінің жағары болғандығының дәлелі. Бұған және бір мысалды. Балқия Бекішев жырғаудың мына жырларынан көруге де болады:

Мына шалак дүниеде	Байтаққа ханқа жайналған,
Батыр өлмейді дер едім.	Еретеген ханларды
Қарадан асып қайраты	Аутын тақтан айыртан.

Ал, бергі дәуірлердегі ұлт-азаттық күрестер жолында батыр Махамбеттің Жәңір ханға: «Хан емессің қасқырсың, қас албасты басқырсың, достарың сені табалап, дұшпаның сені басқа ұрсын» — деп бетіне айтып, ащы тілмен соққы беруі нағыз қас батырларға тән феномендік ерекшелік екені даусыз. Өз кезегінде ақылды хандар да батырлардың еңбегін бағалап, сыйлап, қажет болса көмек жасап, негізгі ішкі және сыртқы саясатының сүйеніші ретінде қатты құрметтеген. Мәселен, ерен ержүрек саясаткерлігімен белгілі Әбілхайыр хан қасында Бөкенбай Қарабатырұлы, Есет Көкіұлы, Шақшақ Жәнібектер топтасса, азулы Абылай хан өз айналасына Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек, Наурызбай сынды атақты батырларды жинай білді. Қазақтың алғаш зерттеуші-ғалымы Шоқан Уәлихановтың: «Абылай заманы қазақ халқының нағыз заманы секілді. Абылай батырларының ерлік жорықтары ел аузында, ел жадында таңғажайып суреттеледі» — деп баға беруі тегін емес.

Жалпы, көшпелі өмірдің талабына сай қазақтардың билік құрылымы батырлар арқылы жүйеленгені даусыз. «Кім күшті болса, соның тоқпағы киіз қазықты жерге кіргізеді» — дегендей көшпелі салт-дәстүрлер ержүректілікті қатаң талап етті. Батырға білекті болуымен бірге, ақылдылық та аса қажет еді. Соғыс ісінде қолбасшы батырға қойылатын талаптар: ойлылық, ұқыптылық, үнемділік, ақылдылық пен тез арада шешім қабылдау, байсалдылық, табандылық, шегінбеушілік, ұқыптылық, құнттылық, сақтылық секілді принциптер болса, ұрыс өтетін өз жер аймағында қолбасшы келесі қағидаларға сүйену керек: су жақындығы; бар әскер сыятындай ыңғайлы болуы; жау әскеріне тойтарыс беру үшін тиімді жағдайда болуы; әскерді көзді күн шағылыстырмау үшін бетке тура түспейтіндей жерге орналастыру; ұрыс аймағының кең және тегіс болуы т.б.

Енді батырлардың тұлғалық сапасына келер болсақ, олар бұл ұғымның, түсініктің мазмұнына бойларындағы ерекше қасиеттер арқылы сәйкес келіп отырған. Олар: шын мәніндегі жігіт болуы, зиялылық, батылдық, ерлік, жігерлілік т.б.

Көне қазақтар ұғым-түсінігінде *жігіт* — кәмелетке толған ер азамат, бозбаладан бастап ел ағасы жасына дейінгі адамдарды жігіт — дейді. Ең бастысы жігіт — азаматтықтың, ерліктің, тектіліктің үлгісі, елдің қорғаны, мақтаншы, сенімді тірегі.

*Зиялылық* — ғылыми-танымдық әдебиеттерде де,



ауызекі әңгімеде де батырларға байланысты көп қолданыла бермейді. Бірақ, халық жадындағы әңгімелерге құлақ түрсек, нағыз қазақ батырлары зиялылықтан да кенде болмаған. Зиялылық, зияткерлік адамның жоғары мәдени ақыл-парасаты мен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығын білдіретін ұғым. Зиялылық тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды тарихи тұрғыдан түйсініп, меңгеруі, бағалай білуі, ұлттық мәдениет пен әдет-ғұрып, салты, ұстанымдарды сақтауы, қажет кезінде ізгілік және әділеттілік сезімдерінің молдығы, басқа жанға, жалпы адамзат баласына сүйіспеншілігі, кешірімшілігі т.б. сияқты қасиеттерден аңғарылады. Ал бұл қасиеттер мен қабілеттер қазақ батырларының бойынан көптеп табылып отырғандығына қазақ жадының қайнар бұлағы қазақ эпостары куә.

Батырлар бойындағы ерекше қасиеттердің бірі — *батылдык*. Ол адам бойындағы ержүректілікті, қайсарлықты, турашылықты, еркіндікті, өжеттілікті білдіретін жинақтаушы ұғым. Сын сағатта шешім қабылдай алу, қауіп-қатерге қарсы тұра білу, қиындықтан қорықпау т.б. әрекеттер батылдықтың көріністері болып табылады. Сондай-ақ, батылдык ішкі жан дүниенің кемелдігі, белсенділік, күрескерлік сияқты қасиеттермен тығыз байланысты. Қазақ халқының түсінігінде батылдык — батырлықпен қатар ұғылатын қасиет. Ол ел мүддесімен ұштасатын ерліктің көрінісі ретінде пайымдалады. Батылдык елі мен туған жері үшін күрескен отаншылдықты, қысылғанда топқа түсер өжеттікті, тірліктің тетігін қолдан шығармаған ептілікті байқатады. Батылдык — көзсіздіктің көрінісі емес, сабырлы ақылдың әрекеті. Ол — азаматтықтың, көсемдік пен шешендіктің алғышарттарының бірі. Батылдык жеке адамның қоғамдық қызметі барысында қалыптасады. Батылдыкқа қарама-қарсы ұғым — қорқақтық. Бұл қазақ батырларының қай-қайсысына да жат болған.

*Ерлік* — адам бойындағы батылдықты, батырлықты, ұстамдылықты, табандылықты, қайсарлықты, өжеттікті білдіретін ұғым. Ерлік істеген сәтте адам өзіне өлім қауіпі төнсе де тынбай, рухын жоғары ұстайды. Басына түскен ауыртпалықты көтерін, мұны негізгі борышым деп есептейді. Ерлік көбінесе, Отан қорғауда, ұлт мүддесін сақтауда, жалпы қоғамдық істерде көрінеді. Сондықтан да ол адамның азаматтық қасиеттерінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Ерлік

қоғамдық мәнді мақсаттарды, ұлт мүддесін алға қойып, қабылданған шешімді жүзеге асыру барысында немесе сол жолдағы ерекше әрекеттерден айқын көрінеді. Қазақ батырларының бүкіл өмірі ерлік пен намыстан тұрады.

*Жігерлілік* – адамның ұнамды ерік салаларының бірі. Батырлар жігерлі, қажыр-қайратты, өжет, шешімді де, кесімді болған. Оларға біреудің айтқанымен жүріп-тұру, өз бетінше дербес шешім қабылдаудан тайсақтау, бұға беру сияқты жасықтықтың әртүрлі көріністері жат болған. Кейбіреулер жігерлілікті өзім білемге салып, ұрда-жық мінез көрсетіп, тәртіп сақтамай әрекет ету деп есептейді. Бұл – қате түсінік. Адамның қайратты, жігерлі, қажырлы болуы оның көзқарасы мен сеніміне, арман-мұратына байланысты. Ал батырлар басында бұл қасиеттер жеткілікті болған. Біздің атап өткендеріміз қазақ қоғамындағы ерекше әлеуметтік топ – батырларға тән қасиеттердің бір парасы ғана.

Өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау – жалпыұлттық бірлігіміздің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бітімі қалыптасуының, оның егемендігін нығайтудың, азаматтық пен отаншылдықты тәрбиелеудің ең басты факторларының бірі. Тарих халықтың жадынан, зердесінен қуат алады, ол содан әлеуметтік шығармашылыққа, жарқын болашаққа бастайтын шабыт алады. Сонымен қатар, тарих тұлғасыз болмайды. Көптеген жаңалықты ашылымдар да, ұлан-ғайыр өзгерістер мен жаңа бастамалар да танымал тұлғалардың іс-әрекеттерімен тікелей байланысты.

Бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің шын мәніндегі жаңа тарихы жасалып жатқан кезде, оны әлі пайымдай түсу қажет болады, өткен тарихымызға деген көзқарастың да тиянақтала түсуі керек екені ескерілуге тиіс. Ендеше, осы тұрғыдан алғанда, қазақ тарихы ғылымындағы күрделі мәселелердің бірі – тарихи жадымызда сақталған тарихи тұлғалардың қоғамдық-әлеуметтік қызметтерін саралау, жас ұрпаққа үлгі болар адами-азаматтық болмыстарына парасатты пайымдар жасау арқылы оларды кейінгі ұрпаққа таныту болып табылады.

## **ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ БИЛЕР СОТЫ – ЖАЛПЫ ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТТІҢ АЖЫРАМАС БӨЛГІ**

Өркениет (лат. *civilis* – азаматтық) – қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы. Қазіргі отандық мәдениеттану ғылымында қазақ өркениеті ұғымы қалыптасты. Ол ежелгі көшпелі өркениеттерден бастау алып

(Сақ, Үйсін, Қанды, Ғұн, Ортағасырлық Түркілік Дала империялары, Алтын Орда, Ақ Орда т.б.), кейін қазақ хандығы тұсында қалыптасқан, түркі-соғды, түркі-араб синтездері нәтижесінде исламдық суперөркениеттің құрамына енетін этномәдени бірлестікті сипаттау үшін қолданылады. Кезінде М.Әуезов: «Бүкіл адамзаттың прогрестік жолмен дамуына баға жетпес үлес қосқан, әлемдік мәдениеттің негізін қалаған Шығыс халықтарының мәдени дамуынсыз әлемдік өркениетті көзге елестетудің өзі мүмкін емес» екендігін, ал қазақ халқының мәдениетін сан ғасырлық мәдени-тарихи даму жолы бар Шығыс халықтарының мәдениетінен бөле қарауға болмайтындығын ескерткен болатын. Олай болса, қазақ халқы да өзінің сонау арғы дәуірден сақталып келген бай қазыналарын, мол мұрасын бүгінгі күннің ғылымымен, құқықтық нормаларымен, философиялық ой кешу үрдісімен ұластырғанда ғана өзге ұлыстармен және ұлттармен бірлесе отырып жаңа заман мәдениетінде де өзіндік қолтаңбасын қалдыра алады. «Қазақстан» Ұлттық Энциклопедиясында қазақ халқының және оның ататектерінің әлемдік өркениетке қосқан басты құндылықтары атап айтылған. Солардың ішінде біздің тақырыбымызға қатысты екеуін бөліп көрсеткеніміз жөн. Оның бірі— түркілердің әмбебап дүниетанымдық жүйесі тәңіршілдік — адамдық ынтамақтастық пен келісімділіктің маңызды формасының болуы; екіншісі, қазіргі руханиятымызда ерекше орын алатын «адам бол!» ұстанымы, әлемді жарық дүние деп түсіну, адамның көңіл күйіне мән беру, ғарышпен және адамдармен үйлесімділікте болу, жасы үлкендер мен баланы қастерлеу сияқты қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінің құндылықтары». Қазіргі қазақ өркениетінің алдында ұлттық архетиптерді сақтай отырып, оларды қазіргі әлемдік өркениет құндылықтарымен үйлесімді ету міндеті тұр. Бұны біз қазақ халқының рухани-мәдени тарихына ғана тән билер болмысын тарихи-танымдық тұрғыдан зерделеп, билердің өз кезіндегі қоғамдық сана мен құқықтық сананы дамыта отырып, құқықтық және әдет-ғұрыптық заңдарды қалай шендестіре білгені, сол арқылы әлемдік өркениетке рухани тұрғыдан қаншалықты үлес қосқанын көрсете аламыз.

Ортағасырлық қазақ қоғамының бүкіл құқықтық әлемінің негізі «Дала Заңының» билігі, ал оның қорының сақтаушысы, реформаторы және жүзеге асырушы күш —

билер болды. Академик С.З.Зимановтың пікіріне құлақ ассақ, қазақ құқығы өз бастауын ХІІІ ғ. өмір сүрген, қазақтың көне «үйсін» руынан шыққан, Шыңғыс ханның (1155 — 1227) «Орда биі» атанған, Майқы биден алатындығы шүбә келтірмейтін шындық. Сондықтан Қазақ құқығында «Түтел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген даналы сөз қалған. Қазақ құқығының жүйеленген қайнар көзі болып «Қасым ханның қасқа жолы» (Қасым хан билігі 1511 — 1532 ж.ж.), «Есім ханның ескі жолы» (Есім хан билігі - 1598 — 1623 ж.ж.) және Тәуке ханның «Жеті жарғы» атты Ережелер жинағы есептеледі. Билердің және билер сотының құқықтық байлығына тек дәстүрлі «Хан жарлықтарын» ғана емес, сонымен қатар жалпы жұртқа кеңінен тараған атақты билердің бітім, шешім, жүгініс үлгілерін де жатқызуға болады.

Біз ұлттық тарихымыздың қойнауына енді ғана кіре бастадық. Тарихымызды жасаған, мемлекеттігімізді қалыптастыруда ұшан-теңіз рөл атқарған данагөйлерімізді де жаңа-жаңа танып келеміз. Байтақ қазақ даласы бағзы замандардан-ақ көсем биліктің, дана шешендіктің бір сөзбен айтқанда, билер мектебінің — алтын бесігі еді. Бұл дәстүр бабадан-ұрпаққа, атадан балаға жалғасып отырған. Амал не, сан ғасырлар бойы біздің сол рухани қазынамыз өз халқына жат саналып, азын-аулақ мамандар болмаса, қалың елге белгісіз болып келді.

Сонау тас дәуірінен бері келе жатқан адамзаттың тіршілік түйткілдерін, қоғамдық формациялардың болмыс-бітімін сараптай қарасақ, қазақ елінің де өзіне тән әдет-ғұрыптары, заң жарғылары қоғам сипатына қарай дамып, өркендеп отырған. Тарих қазіргі қазақ мемлекетінің ел болып еңсе көтерген дәуірден бері қарайғы табиғи болмыс-бітімімен біте қайнасып бойына сіңген әдет-ғұрып, салт-санасынан екшеліп шыққан заңдар үлгісі халқымыздың билер үкімін биік парасатқа жеткізгенін айғақтай түседі.

Кеңестік идеология заң орнына жүрген көне әдет-ғұрыптарды кең зерттеп, терең талдауға мүмкіндік бермеді. Сондықтан да, тамырын тереңнен тартатын қазақ сотының тарихы өзге жұрт үшін көмескі тартқан әдет-ғұрыптың өлшеміндей болды, оның қазіргі заманмен үндестігін негіздеп, дәлелдеген ғылыми еңбек те жазылмады. Әйтпесе Алтай тауынан Қара теңізге дейінгі аралықтағы ұлан-байтақ далада бірнеше мәрте мемлекет құрып, бірде күшейіп, бірде әлсіреп сан ғасырға ұласқан *Сақ, Ғұн, Үйсін, Түрік, Түргеш,*

*Қарлық, Қарахан, Алтын Орда, Деуіті Қыпшақ* тәрізді мемлекеттердің жүйелі Заңы болмаса, Еуразияны уысында ұстап, елінің тұтастығын сақтап, даңқы әлемге жайылып, тарихта қалмас еді.

Ғасырдан ғасырға құқықтық дәстүр-салттың қаймағын бұзбай жеткізген билер үлгісі бізге, қазақ халқы үшін зерделі заңның жарғысындай жәдігерлік мұраға айналуы керек. Халқымыздың заң-жарғыларын жүзеге асыруда, оны өміршең етуде билердің алар орны ерекше. Мындаған жылдардан бері мызғымай келген ұлтымыздың шешендік сөзі – шебер тілі өз заманындағы сот билігінің өткір құралы ретінде, билер айтқан үкімдер мен шешімдерде ерекше орын алған. Сондықтан да, байтақ даланың даналық, кеменгерлік, мәмілегерлік мектебін жасаған, әділеттіліктің ақ туын көтерген билер мектебін айшықтау, олардың мұраларын жинап, терең зерттеу, зерделеу, аруағын ардақтау, сөйтіп даналықтың байтақ мұрасын келешек ұрпақтың санасына ұялатып, қанына сіңіру – барша зиялының, зерттеушілердің кезек күттірмейтін міндеті.

Қазіргі Қазақстан территориясын мекендеген халықтар өмірінде көптеген ғасырлар бойы астан-кестен оқиғалар және өзгерістер болды. Осындай қилы тарих шырмауынан көне дәуірдің мұрасы ретінде ұрпақтар үшін қазақтар екі мәңгілік құндылықты сақтап қалды. Ол *сөз құдіреті* мен *заң құдіреті*.

*Әдеттік* – құқықтық жүйенің мәдени және демократиялық дәстүрлеріне негізделген Қазақ құқығы өзінің реттеушілік мәнін ХІХ ғасырға дейін, кейбір жағдайларда ХХ ғасырдың басына дейін жоғалтпай сақтап келді. Қазақ құқығының бұлай ұзақ өмір сүруін екі негізгі жағдаймен түсіндіруге болады: біріншіден, көшпелі өркениеттің шаруашылық-тұрмыстық, дүниетанымдық негіздері қазақтың кең даласында жаңа дәуірге дейін сақталды; екіншіден, қазақ құқығы халықтың тыныс тіршілігінің өзегімен қисындас, халықтың өзіне жақын-тәндес, жалпы адам баласының мәңгілік рухани бітім-болмысына, талабына сай болатын.

Ұрпақтардың арманына айналған бұл аңсаудың негізінде әділ төреші, ақыл мен арды тең ұстаған, әрі шешен, тарихи тұлға билердің атымен байланыстырылатын *«әділетті тәртіп»* идеясы жатыр. Билер Қазақ даласында хандыққа таласқан жоқ, бірақ олар өзінің жеке қасиеттерімен,

әлеуметтік межелер биігімен хандар есептесетіндей деңгейде тұрды. Сондықтан да халық арасында: “Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің ары, білімі бар” деген түсінік қалыптасқан.

Билердің өздерінің шығармашылықты-интеллектуалды деңгейлерін жан-жақты көрсеткен кезі «билер кеңесі» енгізілген тұста болды. Бұл мемлекеттік орган, қазақ мемлекеттілігінің саяси жүйесінде үлкен құқықтарға ие болуымен қатар, ішкі, сыртқы саясатты жүргізуде орасан зор рөл атқарды. «Билер кеңесі» қаралған мәселе бойынша қайта айналып қарауды қажет етпейтін шешім қабылдау дәрежесіне дейін көтерілді, өзінің мемлекеттік функцияларын тұрақты түрде атқарып отырды, Үш жүз рулары арасындағы шиеленісті дауларды шешуде, сепаратистік қимыл-әрекет жасаған сұлтандарды және жалпы трайбализмді тежеуде де өлшеусіз рөл атқарды. «Билер кеңесінің» нақтылы мәселе бойынша қаралған істерінің шешімдері Заң күшіне еніп, ханның өзі оны жоққа шығара алмағандығын айта кеткен жөн. Бұл мемлекеттік органның құрамына негізінде ру, ел басшыларының (ақылгөй ақсақалдардың) жиылысында бата алған, яғни, сайланған от ауыз, орақ тілді шешендер, аймаққа танымал болған беделді адамдар және ұрыстарда ерлік танытқан батырлар енген, оның құрамы қажет болған жағдайда кеңейтіліп отырған. Тәуке ханның тұсында «Билер кеңесінің» құрамына атақты Төле би, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке, Досай, Едіге, Сырымбет, Қабек, Даба, Есейхан, Жалған, Ескелді, Сасық би, Байдалы, Тайкелтір, Қоқым, сияқты дарынды қайраткерлер мен батырлар кірген. Бұл Кеңестің қазақ қоғамында беделінің артқаны сонша, тіпті Тәуке хан оның келісімінсіз, бекітуінсіз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдамаған. «Билер кеңесі» Тәуке хан құрған мемлекеттілікті нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. «Билер кеңесі» өзінің мемлекеттік статусы бойынша ханның билігін шектеу құқына ие болған, көшпелі қазақ қоғамының тұрмыс-тірлігіне сай қалыптасқан Ұлы Даланың сол кездегі Парламент және ең Жоғарғы Сот органы ханның ішкі және сыртқы саясат мәселелері бойынша шешім қабылдау «Билер кеңесінің» құптауын талап еткен. Хан билік жүргізуде мұрагерлік жолды қабылдағанымен мемлекеттік маңызы бар мәселелер бойынша «Билер кеңесі» ұйғаруынсыз шешім қабылдамаған. «Билер кеңесі» шығарған заңдар мен

шешімдерді хан іс жүзіне асырып отырған. Тек тығыз мәселе бойынша тез арада шешуді талап ететін жағдайда хан өз тарапынан батыл қимыл-әрекеттер жасауға құқылы.

Көшпелі қазақ қоғамындағы құқықтық мәдениет жайлы толық та терең түсінік қалыптастыру ондағы құқықтық өмір мен сөз мәдениеті арасындағы арақатынасты ашып көрсетуді талап етеді. Себебі, қазақ сахарасындағы өркениет нәтижелерін құқықтық мәдениетсіз елестету қиын, ал ол сөз өнерімен етене тығыз байланысты. Қазақ қоғамындағы құқықтық өмір арнасы түптеп келгенде ауызша сөйлеу мәдениетіне негізделген еді.

Сөз өнері құқықтық жүйенің негізгі рухани тіректерінің бірі, мәйегі әрі құралы болды. Қазақ халқының құқықтық болмысы, құқықтық мәдениеті мен сөз өнері көшпелілердің рухани өмірінен бастау алады. Халқымыздың рухының, мәдени болмысының барынша терең мейлінше шарықтай өсе алған саласы — сөз өнері, ауызша сөйлеу мәдениеті. Ұлттық болмысымызға тән осы әлеуметтік құбылыстың құқықтық салаға да әсері зор болды. Әрине, сөз өнері мен құқықтық мәдениет арасындағы байланыс бір жақты емес болатын. Себебі, көшпелілердің бітім-болмысы қоғамдағы сөз өнерінің сипатына да ықпалды әсерін тигізіп отырды. Яғни, қоғамдық өмірдің бұл екі саласы арасындағы қарым-қатынас диалектикалық байланыста және рухани бедерлерге толы болатын.

Қазақ даласында сөз өнері ауызша сөйлеу мәдениеті халықтың рухани өмірінің символы іспеттес еді, әрі оның тарихи-мәдени дамуының шыңы да болатын. Қазақтың «Өнер алды—қызыл тіл» — деуі де сондықтан. Тілді, осылайша бағалаған қазақ қоғамында «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ». Ал тіл, сөз еркіндігі бұрынғы қоғамның да, бүгінгі қоғамның да басты құндылықтарының бірі болып саналады. Оған тыйым салуға, шектеуге болмайды деген ой-сана дәстүрлі қоғамдық пікірдің негізгі қорытындыларының бірі еді. Өйткені, Сөз, оны меңгерген жан (би, шешен) халықтың рухани күшінің символы болды, оның бірлігінің үлгісі, тоқтам тізгіні болды, «сөз тапқанға қолқа жоқ» деген осыдан қалса керек.

Көшпелілер қоғамындағы сөз мәдениеті мен құқықтық өмір саласы арасында тығыз байланыс бар. Құқықтанушы зерттеушілеріміздің, әсіресе, шешендік өнер мен сот билігі,

билер соты арасындағы арақатынасқа баса көңіл бөлулері де осыдан. Оларды зерделеу арқылы билердің жеке бастарының қасиетін, олардың сөз мәдениетін игеруі мен қолдану ерекшеліктеріне көз жеткіземіз.

Көшпелілер қоғамына тән «ауызша сөйлеу мәдениеті» ұғымы «ауыз әдебиеті» ұғымынан әлдеқайда кең әрі терең түсінік. Өйткені ауыз әдебиеті (оның салалары) сөз мәдениетінің өте қомақты, аса қанық және көркем көрінісі, бірақ, бір ғана көрінісі. Ал шын мәнінде ауызша сөйлеу мәдениеті сахара жұртының дүниені сезініп-қабылдау, қорытып бағалау, бедерлеп-бейнелеу ерекшеліктеріне негізделетін. Олардың дүние-сезімі және дүниетанымының ішкі мәніне және сипатына мейлінше сай (адекватты) рухани айна және құрал, елдің өмір сүру салтының ажырамас қатары, әрі астары болатын. Себебі, құқықтық өмірдің барлық сатылары, ағымдары және «өмір сүру» кезеңдері ауызша сөйлеу өнері аумағында және ықпалында өтті.

Құқықтық ұғым-түсініктердің, қағида принциптердің, норма жарғылардың туындап пайда болуы, олардың халыққа тарап, құлаққа сіңуі, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ел жадында сақталуы, іске асып орындалуы, бұзылған жағдайда қалпына келуі, өзгеріп-жаңаруы көшпелілердің құқықтық болмыстарында «сөз мәдениетінің» орынның ерекше болғандығын көрсетеді. Халық ұғымында құқықтық қағида принциптерінің, норма-жарғылардың пайда болуы – «үлгілі сөздің», «аталы сөздің», «нұсқаулы сөздің», туындауы деп түсінілді. Яғни, құқықтық принцип-нормалардың өмірге келуі сөз өнерімен тікелей байланысты қарастырылды, сөйтіп олар тіршілікте бағыт-бағдар берер, өнеге үйретер жаңа сөздің, аталы уәждің келуі тұрғысынан бағаланды. Сондықтан да болар әдет-ғұрып құқығы, құқықтық принцип, норма ұғымдары көшпелілер қоғамында «үлгілі сөз», «ескіден қалған сөз» «аталы сөз», деп аталатын және осы түсініктер құқықтық өмірде үлкен орын алатын.

Көшпелілер қоғамында кең тараған ой-сана бойынша құқықтық принцип, нормалардың (яғни, үлгілі, аталы сөздің) пайда болуы жайдан-жай кездейсоқ емес, олардың туындауы белгілі бір заңдылыққа бағынады. Сондықтан сахара жұрты елге тарар сөздің пайда болуын үлкен құбылыс және оқиға деп қарап, бағалады. «Би айтқанды құл да айтады, бірақ бидің ауызының дуасы бар», – дейді халық нақылы. Соған сай



«аталы сөзді», «үлгілі сөзді», бойына ерекше қасиет дарыған жан ғана айтуы мүмкін деп түсінді халық, елге танымал тұлғаларды «дуалы ауыз» деп қадір тұтты.

Қазақтың *сана болмысында* құқықтық принцип, нормалардың туындауы үлгілі сөздің, аталы сөздің өмірге келуімен байланыстыра қарастырылуы тегіннен-тегін емес еді, бұл шындықтан да қияс кете қоймайтын түсінік. Себебі, қазақ қоғамында билер сотының шешімдері прецеденттік рөл атқарды және осы шешімдер халық арасында құқықтық қағида (принцип), жарғы (норма) есебінде қабылданып, бағаланды. Яғни, елге кең тараған билер сотының шешімдері құқықтық мәнге ие болатын да, кейін құқықтық принцип, норма есебінде өзінің жеке-дара өмірін сүре беретін.

Көне түркі мемлекеті ыдырағаннан кейінгі қазіргі қазақ жерінде құрылып, ірілі-ұсақты мемлекеттер құрамына енген халқымыз барынша өзінің ата-дәстүр, әдет-ғұрып, заң-жарғыларын сақтай отырып, өзге елдің құқықтық заңдарын да қоғамдық мүддеге жарата білді. Ендеше, «мына заман қай заман, бағы заман, баяғыдай болар ма тағы заман» деп тұтастық туын көтерген, жақсыны, кәдеге жарайтынды жатсынбаған билеріміздің даналығы әлі де терең зерттеуді қажет етері сөзсіз.

Қазақтар, олардың ата-бабалары бастапқыда жартылай көшпелі бірлестіктердің өмір сүру жағдайларына сай, көбінесе табиғи жолмен қалыптасқан әдет-құқық жүйесін қабылдап, едәуір дәрежесін көтеріп, дамытып, жетілдірді. Олардың нормативтік мазмұны мен құрылымында негізінен түркі халықтарының және Қазақстан территориясын мекендеген түркі текті емес халықтардың одақтары мен мемлекеттік құрылымдары өз ізін қалдырды. Олардың бір бөлігі Орталық Азияның көшпелі және жартылай көшпелі әлеміне сәйкестігі дәрежесіне қарай “Дала Заңында” бекітіліп, бейімделіп, оны байыта түсті. Демек, қазақтың Ата Заңдары, бір жағынан, түп-тамырымен байырғы жергілікті, локалды режимдерге келетін құқықтық мәдениет ретінде көрінсе, екінші жағынан Қазақ елінің өміріне сай қоғамдық құрылымдар мен негізінен түркі және өзге де халықтардың пайдалы құқықтық үлгілерін өз бойына жинақтаған жүйе ретінде қалыптасты. Алайда, XVIII ғасырда қазақ ұлты орыс мемлекетінің боданына түсіп, өзінің жеке ел билеу құқығынан айырылды. Ел арасында билер сотымен қоса Ресей мемлекетінің Заңдары

да қазақ халқының қоғамдық жүйесіне ене бастады. Орыс империясы әуелі қазақтың өзін-өзі билеуіне, заң орнына жүрген дәстүр-салтына ықыласпен қарауға ниеттес болды. Сондықтан да Ресей қазақ елін басқару жөніндегі жарлық, бұйрықтарында ұлтымызға тән ежелгі заң рәсімдерін бұзбай халық дәстүріне сай қолдануды көздеген. Ресей отарлаушы мемлекет болғандықтан маңызы зор қылмыс түрлеріне берілетін жазаларды ғана империя атынан шыққан заңдар бабымен реттеп отырған.

Ал ауыл-аймақ, болыстық басқармалардағы барлық талап арыз істерін билер қарап шешім шығарған. Олар халықтың ежелден келе жатқан әдет-ғұрып заңдарының қалыптасқан талаптарын сақтай отырып үкім шығарған. Кім де кім би шешіміне риза болмаса, нақты дәлелмен облыстық басқармаға жазбаша түрде шағымданған. Ал облыстық басқармадағылар округтік бұйрықтың араласуымен тергеу жүргізіп, қазақ даласының әдет-ғұрыптық заңдар ережесі негізінде даулы істерді шешіп беретін болған.

Кейін бидің қазақ қоғамындағы алатын орнының айрықша екенін түсінген Ресей империясы өзінің Қазақстанды отарлау саясатының алғашқы жылдарында-ақ байқап, қайткенде де олардың рөлін төмендетуді мақсат етті. Өйткені, олар осы кезге дейін өздерінің «жаратылыстанушы», «суретші», «халық мұрасын жинаушы», «саудагер» деген секілді желеумен қазақ даласына жіберген жансыздары, тыңшылары арқылы хан, сұлтан, би, батырлардың қазақ жұртын басқару саясатын, халық алдындағы беделдерін барынша терең зерттеп үлгерген еді. Сөйтіп ел басқаруда билердің орны ханнан кем еместігін, тіпті ханның өзін «Билер кеңесі» сайлайтынын біліп алғанды. Ал қарауындағы бодан елдің күшті хандықтарда тұруы, ондағы билердің кей жағдайда хандардан да беделі күшті болуы Ресей империясының отарлау саясатын ойдағыдай жүзеге асыруына айрықша кедергі еді. Сондықтан, әуелі 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы Уставын» қабылдап, қазақ жерінде хандық жойылды деп хабарлады. Ресей әкімшілігі билердің басшылық рөлін біржолата жоюды көздеп, 1868 жылы қабылдаған «Жаңа Устав» бойынша қазақ даласында сұлтандық пен билік басқарудың бұрынғы жүйесін жойды.

Енді «бөліп ал да билей бер» деген саясатпен қазақ даласы ұсақ болыстықтарға бағынышты болды. Осындай ұсақ болыстарды және бұрын көсемдігімен, шешендігімен

танылғанда ғана өздігінен би атанатындарды енді «көпшілік» атынан сайлатып, Ресей патшасының ерекше құқылы өкілдері бекітетін болды. Осының нәтижесінде болыстыққа, би, қазылыққа, өзінің дара қасиеттерімен би атанғандар емес, пара беру арқылы, халықтың қамын емес, қара басының құлқынын ойлайтын, Ресей патшасы өкілдерінің айтқанын істеп, айдағанымен жүретін дарынсыз, можантопай мансапқорлар сайлана бастады. Бұл жөнінде дана Абай өзінің «үшінші сөзінде» әрбір старшина басы бір би сайлау саясатын сынай келіп, былай деген еді. «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде Кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі аз, я тіпті жоқ».

Абайдың: «Бас-басына би болған өншен қиқым» деп қынжылуы осы кездің көрінісіне айқын куә. Ал Ш.Уәлиханов «Ежелгі халықтық үлгідегі билер соты» деген мақаласында: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы, немесе, халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған...» деп жазды.

Басқаны былай қойғанда, жатжұрттың өкілдерінің өзі «би үстем таптың өкілі, ол тек қана хан-сұлтандардың, бай-манаптардың сойылын соғып, халықты қанаушы» деген пікірді бірде-бірі жазбапты. Арғы-бергі ауызша тараған, немесе, жинақталып қағазға түскен көне шежірелерімізге зер салсақ, бидің тек байлардың ғана арасынан емес, жоқ-жітікті кедейлер арасынан да талай саңлақтар шығып, «ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген» билер болғанын көреміз. Ал жоғарыдағыдай саясат, кемеңгер отырар жерге кемпарықты отырғызып, тұтас бір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ел басқару дәстүрінің бәрін түгелдей жойып, елді бытыранқы

жағдайда ұстау мақсатынан туған еді.

Тарихқа үңілсек, ХХ ғасырдың басында империялық саясат тарапынан билер сотының аясын тарылтуға бағытталған пікірлер айтқандар аз болмаған. Осы тұста көптеген қазақ зиялылары мен заңгерлері қазақ халқының ұлттық мүддесіне сай келетін билер сотының өз дәрежесінде іс жүргізетін бірден-бір сот инстанциясы екенін дәлелдеп, оны бар ынтасымен қорғаған. Белгілі мемлекет, қоғам қайраткерлері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Бақытжан Қаратаев, Жақып Ақбаев, Жанша Сейдалин, Барлыбек Сыртанов ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында баспасөздерде тұжырымы терең құнды ойлар айтты. Соның ішінде халқымыздың біртуар ұлы, белгілі тіл маманы Ахмет Байтұрсынұлының билер сотына қатысты айтқан пікірлері мен берген бағаларының тарихи маңызы зор.

А. Байтұрсынұлы өзі басшылық етіп шығарып тұрған «Қазақ» газетінде жарияланған «Осы күнгі соттың тәртібіндегі кемшіліктер» деген мақаласында ғылыми-танымдық тұрғыдан болыстық билер соты мен уезаралық өтетін төтенше билер съезінде сот істерінде арыз-шағымдардың қаншалықты дәрежеде шешім табатынын сараптап берген. Ол өзінің жоғарыдағы аталған еңбегінде патшалық басқару жүйесіндегі Үкіметтік Сенаттағы және Халық сотынан жоғары тұрған инстанциядағы сот басшылары «билер іс қарауда нашар қызмет көрсетеді, жою керек» деген пікірлерін білдіреді.

Орыс империясына қараған патшалық дәуір кезінде Қазақстандағы сот жүйесі мына негізде құрылған. Бітімші сот (мировой судья), сот палатасы, әскери сот комиссиясы. Сонымен қатар халық сотының негізінде үш инстанциядағы билер соты да үлкен рөлге ие болған. 1) Жеке билер соты (кей жерлерде қазы-кази деп аталған); 2) Болыстық съездің билер соты; 3) Төтенше съездегі билер соты деп жіктеле келіп, «халық соты» деген зор сенімге ие болған. Осындай үрдіспен іс жүргізген билер соты ХХ ғасырдың 1918 жылына дейін өз күшін жоймай, хал-қадерінше ұлттық мүддеге сай әдет-ғұрыптағы Заң ережелерін жүзеге асырып келді. 1919 жылдың 10 шілдесі күні жарияланған «Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Революциялық комитет құру туралы» декрет социалистік қоғамға тән сот құрылымын бекітті. Жоғарыдағы патшалық дәуірге қатысты ескі сот жүйесі реформаланып, оның орнына басқа сот құрылымы жасалды. Жаңа дәуірге сай жаңа сот жүйесін құруда Халық

Комиссарлар Кеңесі шығарған 1917 жылғы 24 қарашадағы «Сот декреті туралы» №1 Жарлығы қазақ соты тарихында ертеден келе жатқан билер сотын жою туралы бұйрыққа негіз болды.

Жоғарыдағы айтылғандардан дәстүрлі қазақ қоғамында билердің ерекше әлеуметтік топ болғандығын көреміз. Алайда кешегі бір халықты екіге бөліп, таптық тұрғыдан қарама-қарсы қою заманында жастарымызды «Хан дегеніміз — халықтың қанын сорушы, би дегеніміз — хан мен байлардың сойылын соғушы, батыр дегенің — бар болғаны барымташы, олар өмір сүрген кезде қазақта тарих болған жоқ, қазақтың шынайы тарихы Ұлы Октябрь төңкерісі жеңгеннен кейін басталады...» — деп оқытты. Сондықтан, қазіргі Егемен, Тәуелсіз даму барысымызда жоғалғанымызды түгендеп, бұрынғы хан, би, батырларымыздың кім болғанын, олардың әрқайсысының қоғамдағы, тарихтағы атқарған, тындырған істері мен орны туралы әділет көзімен бүгінгі жас ұрпаққа ұғындыру — заман талабы.

Ендеше, би дегеніміз кім, оның қоғамдағы, тарихтағы орны қандай? Қазақ билері, билер соты әлемдік өркениетке не қосты? Әлемдік практикада бұндай жекелеген танымдық сұрақтарға жауапты жазу-сызуы, өнері ертерек дамыған халықтардың кейінгі ұрпағына қалдырып кетіп отырған рухани мұраларының бірі — *энциклопедиялардан* табамыз. Бұндай энциклопедиялар кешегі Кеңес заманында да шығарылды. Соның бірі «Қазақ Совет Энциклопедиясы» еді. Ондағы өзіміз қозғап отырған би жөніндегі берілген анықтамаға көз жүгіртсек, «би — әлеуметтік категория ретінде қазақ халқының тарихында ерте заманда шыққан үстем тап өкілі... Әлеуметтік қатынастардың дамып шиеленісумен бірге билердің көпшілігі қанаушы таптардың уәкіліне айналды... билердің әдет-заң нормаларын талқылауда, билік шығаруда, бұл биліктің орындалу әдістерін белгілеуде кең праволары болды. Өкілдіктің мұндай өктем болуынан зорлық-зомбылық туып отырды. Билер соты Октябрь революциясына дейін қылмыстық және азаматтық істердің көпшілігін қарайтын ресми орган болып, құн, барымта, қалың мал, әменгерлік, көп әйел алу т.б. патриархалдық кертартпа қалдықтарды қорғап келді». Әрине, Кеңестік дәуірде биге басқаша баға беру мүмкін емес-ті. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ би туралы көркем шығармаларында баяндалған оқиғаларға байланысты заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтен

бастап көптеген қаламгерлеріміз қутын-сүргінге ұшырағаны баршаға мәлім.

Ал шын мәнінде *би* — ел-жұртының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, өтті-кетті шежіресін, тарихын, қоғамның даму барысын, айнала қоршаған табиғаттың сан-алуан қасиеттері мен құпияларын білетін, адамдардың көкірек көмбелеріне ой көзімен қарап көре алатын, қырлы-қырлы мінез-құлықтарды айтқызбай-ақ тап басатын, ғылым-білімнен хабардар, кемел пікірлерін шешен тілмен жеткізіп беруде дара қасиеті бар, біртума жандар еді. Билер бойында: көсемдік, шешендік, ақындық, заңгерлік, елшілік, мәмілегерлік, дипломаттық, батырлық, саясаткерлік қайраткерлік, білімпаздық, ойшылдық даналық, тәлім-тағылымдық сияқты дара қасиеттер көп болған.

Шешендік — көп халықтарда ертеден ұшырасатын қасиет. Тіпті ежелгі Рим империясы мен Грек, Мысыр елдеріндегі оқу орындарында «Риторика» деп аталып, негізгі пәндердің бірі болып саналған. Онда болашақ ел басшыларын, заң қызметкерлерін, қоғам қайраткерлерін, ешқашан қағазға қарамай шешен сөйлеуге үйреткен. Бұл өнердің соңғы кезде қаға берісте ұмыт қалғаны сондай, кейбір ел басшыларының басқа бір елге барғанда не жатжұрт өкілін қабылдаған сәттерде екі-үш ауыз құттықтау сөздің өзін қағаздан оқуы—қандай қынжыларлық көрініс... Ал біздің билердің шешендік мектебі—әуелі халық, сосын өздерінің тума таланты еді.

Билер арасында да қол бастап, жауға шапқан батырлар аз болмаған. Мысалы, Жәнібек, Малайсары, Наурызбай, Райымбек, Сырым, Мұнасап секілді батыр билеріміз. Алайда бидің батырлығы — қолына қару алып, жауға шабуында емес, қылышынан қан тамған қаһарлы хан-сұлтан немесе етектен кесіп жең болмайтыны секілді елдесуден кеткен ежелгі дұшпан алдында тұр екем деп именбей керекті жерінде әділет сөзін айтуында. Бидің әділ де өткір сөзі қанша еттен өтіп, сүйекке жетсе де даңғой, қанқұйлы біреу болмаса, ата жаудың өзі де оған қарсы қылыш көтермеген.

Би — жекелеген адамдар, ру мен ру, тайпа мен тайпа арасындағы дау-жанжалды шешумен ғана шектелмеген. Олар ел мен ел арасындағы қоғамдық мәні зор саяси мәселелерді шешуде хан-сұлтандардың негізгі тірегі, кеңесшісі болған. Би — халық тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын жете меңгерумен қатар терең ой түйе білген философ, ғылымның

әр саласынан жақсы хабардар, білімпаз болған. Олар Күн, Ай, Жұлдыз, Жер, Су, Тау, Көк аспанмен бірге жер бетінде қыбырлаған қоңыздан бастап барша аң, құстың сан алуан қасиеттерін жіті көре білген. Шепімді пікір айтатын жерде соларды салыстырмалы түрде мысалға келтіріп, сом-сом ой түйіп, өлмес қағидаға бергісіз қанатты сөздер қалдырған. Тек өткенді, немесе, көз алдарындағы көргенді ғана пайымдап, ой түйіп қана қоймай, болашаққа көріпкелдікпен болжау жасау да көбіне осы билердің еншісіне тиген. Би — адам жан дүниесін, мінез-құлқын бір көргеннен-ақ тап басып танитын, өте қағілез, әдепті психолог та болған. Сондай-ақ әділет сөзінің өзін қарсы пікір таластырушының арына, намысына тиіп өршелендіріп, немесе шешендік, ақындық айтыстарда ұшыраса беретіндей, қарсыластың жеті атасының бірінде кезіккен кемшілікті, не қара басының жеті мүшесіндегі бір кемтарлықты кекетіп, мошқап, мұқатып, шамдандырып алмай, байыпты сөйлегенде ғана діттегендеріне жететіндерін білген. «Тура биде туған жоқ» дейді халық. «Жақыным едің» деп жалтақтамай, «жатым едің» деп ту сыртын бермей, тура сөйлеген биді ғана халық пір тұтқан.

Би атанып халыққа танылғандар — өзім болдым, өзім толдым, «кейінгілер өздері білсін» деп келте пішіп, кем ойламағандар. Өйткені олар — хал-қадірлерінше жоқ-жітіктің, әлдіден зәбір көрген әлсіздің жоғын жоқтап, ел мүддесін көздеген жандар. Таудың аласармауын, бұлақтың сарқылмауын мұрат тұтқан әрбір би өзінен кейінгі ұрпақтың да ел ұйытқысы боларлықтай азамат болып жетілуін ешқашан қаперлерінен шығармаған. Мүмкіндігінше өз балаларының бірін, болмаса, көзінде оты бар жастарды танып, тәрбиелеп, баулып баққан. Болашақта ұқсап, ел мүддесін көздесем-ау деген талапты жастар ондай атақты билерді өздері іздеп барып бата алған. Билер ой түйіп, сөз ұстап, әділ төрелік айтуымен бірге бүкіл халықтың болашақ ұрпағын тәрбиелеуде де теңдессіз қызмет атқаруымен қадірменді саналған.

## КОРРУПЦИЯ ОНЫҢ ТАРИХЫ МЕН МӘНІ, ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазіргі қолданыста жүрген энциклопедияларда, сондай-ақ ғылыми-танымдық еңбектерде *сыбайлас жемқорлыққа* (коррупцияға) төмендегідей анықтамалар беріледі:

*Коррупция* — (лат — *corruptio* — сатып алу, аздыру) — әдетте лауазымды тұлғаның заңға және моральдық қағидаларға қайшы түрде өзінің қызметтік құзіреттіліктері мен оған сеніп тапсырылған құқықтарды, сонымен қатар осымен байланысты ресми мәртебесін, мүмкіндіктері мен байланыстарын жеке пайда табуға пайдалануын білдіретін термин. Сондай-ақ, «коррупция» деп әдетте мафиоздық мемлекеттерге тән болып келетін лауазымды тұлғаларды сатып алуды, олардың сатылғыштығын да айтады. Еуропалық тілдердегі осымен сәйкес келетін термин әдетте бастапқы латын тіліндегі мағынасынан келіп шығатын мұнан да кең семантикаға ие.

Коррупцияның сипатты белгісі болып лауазымды тұлға мен оны жалдап алушының мүдделерінің, немесе, сайланбалы тұлғаның әрекеттері мен қоғам мүдделерінің арасындағы қайшылықтар табылады. Коррупцияның көптеген түрлері лауазымды тұлғаның жүргізетін алаяқтығына барабар және мемлекеттік билікке қарсы қылмыстардың категориясына жатады. Коррупцияға өзіне тиесілі емес ресурстарды өз қалауынша бөлу саласындағы дискрециялық билікке ие кез келген лауазымды тұлға (шенеунік, депутат, сот, құқық қорғау органдарының қызметкері, әкімші және т.б.) ұшырауы мүмкін. Коррупцияға деген басты стимул билік қатынастарын пайдалану арқылы экономикалық пайда алу мүмкіндігі. Коррупцияның мемлекеттік мекемелердегі жүйелік сипаты оның қарамағында жұмыс жасайтындар үшін мәжбүрлік сипатында жатыр. Макроэкономикалық және саяси экономиялық зерттеулерге сәйкес, коррупция жалпы қоғам мүдделерінің экономикалық өсуі мен дамуына кедергі жасап, айтарлықтай зиян келтіреді. Ендеше, онымен күресу, оны болдырмау кез келген құқықтық, демократиялық, ашық қоғамның басты мақсаты. Осыны терең түсінген біздің қоғам — Қазақстан Республикасы — мемлекеті де қоғамдағы бұл жағымсыз құбылыспен күресуді өздеріне басты мақсаттардың бірі етіп қойған. Соның арқасында соңғы жылдары бұл мәселе еліміздің ұзақ жылдарға арналған «Қазақстан—2050» даму Стратегиясында да, кейінгі Жолдауларда да жан-жақты айтылған. Елімізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдар қабылданды. Ал 2014 жылдың 26 желтоқсанында Президенттің № 986-шы Жарлығымен «Қазақстан Республикасының 2015—



2025 жылдарға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегиясы» қабылданды.

Алайда Қазақстан азаматтарының көпшілігінің коррупция (сыбайлас жемқорлық) туралы білімдері мен біліктері көрген, естіген, әрі кеткенде жүрдім-бардым оқығандары деңгейінде. Оның тарихына, болу мүмкіндіктері мен себептеріне тереңдеп жатқандар да шамалы. Осының салдарынан біздің көпшілік халық екі мың теңге алғанды да, екі миллион доллар алғандарды да бір өлшеммен коррупционерлер қатарына қосып жүр. Ал шын мәнінде тек жоғарғы лауазымды адамдар мен аса байлар ғана коррупционер болуы мүмкін. Қалғандары сен маған, мен саған дегендей уақ пара алушылар. Әрине, олардың істері де қоғамдағы кінәраттар, бірақ қоғамымыздың фундаментін шайқалтатындай, бүкіл қоғамдық сананы улайтындай, ұлттық намысқа тиетіндей үлкен нәрселер емес.

Оларды ажыратпауымыздың басты себебі — оның тарихы мен мәнін, ерекшеліктерін білмейміз. Мәселені осылай қойсақ көп нәрсеге қанығар едік. Коррупцияның тарихи тамырлары әдетте лауазымға ие болу үшін сыйлықтар алу дәстүрімен байланысты. Қымбат сыйлық адамды өзге сұраушылар ішінен бөлектеп, оның өтінішінің орындалуына жағдай жасады. Сондықтан алғашқы қауымдық қоғамдарда абыздарға ақы төлеу қалыпты құбылыс болды. Мемлекеттік аппараттың күрделенуі мен орталық үкіметтің билігінің күшеюіне байланысты билеушілердің ойынша тек мөлшерлі жалақымен шектелген кәсіби шенеуніктер пайда болды. Іс жүзінде шенеуніктер құпия түрде өз табыстарын молайту үшін өз жағдайын пайдалануға ұмтылды.

Коррупциямен күрескен алғашқы билеуші ретінде мәліметтер сақталған тұлға Шумер патшасы Уруинимгина болды. Коррупция үшін жариялы және қатал жазалауларға қарамастан, онымен күрес қажетті нәтижелерге әкелмеді. Коррупцияны талдаған алғашқы трактат «Артхашастра» - «Каутилья» деген атпен жарияланды.

Мұндай проблемалармен Ежелгі Мысыр перғауындары да ұшырасты, онда өздеріне еркін шаруаларға, қолөнершілерге, тіпті әскери аристократияға да қатысты заңсыздықтар мен шектен шығушылықты жасауға мүмкіндік берген үлкен шенеуніктік аппарат қалыптасты. Тарихта Итахотел дегеннің «Басшының алдында белінді бүк, сонда ғана сенің үйің

қалыпта болып, жалақың дұрыс болады, ал басшылыққа қарсы болғандардың жағдайы жаман болады, бірақ ол қайырымдылық көрсетсе, өмір сүру жеңіл болады» деп жазған өсиеттері де сақталған.

Ерекше мазасыздықты соттардың сатылғыштығы тудырған, себебі бұл меншікті заңсыз бөлу мен дауларды заң алабынан тыс шешу ниетіне әкелді. Әлемдегі жетекші діндердің коррупцияның барлық түрлерінің ішінен бірінші кезекте соттарды сатып алуды айыптауы тегін емес: «... басшы сыйлықтарды талап етеді, соттар пара үшін соттайды, ал бекзадалар болса өз жанының зұлымдық қалауын айтып істі насырға шаптырады...», «Сыйларды қабыл алма, себебі сыйлар көздері көретіндерді соқыр етеді...», Қасиетті Құранда: «Бір-біріңнің мүліктеріңді заңсыз иемденбендер және соттарды өзге адамдардың мүлкін әдейі иемдену үшін сатып алмандар» – делінген.

Коррупцияға қатысты Заңдар мен баптар көне Рим Заңдарында да кездеседі. Коррупцияны зерделеуге деген жаңа серпілісті Николло Макиавелли тудырды. Коррупцияны ол аурумен, мәселен, өкпе ауруымен салыстырды. Ол асқынып кетсе, бәрі білетіндей болады, алайда, емдеу қиынға түседі. Либералды өзгерістер «мемлекеттік билік оған бағынышты адамдар игіліктері үшін өмір сүреді, сондықтан бағыныштылар шенеуніктердің заңдарды бұлжытпай орындауына айырбас ретінде үкіметті асырайды» деген ұранмен жүзеге асты. Оның ішінде 1787 жылы қабылданған АҚШ Конституциясына сай, пара алу АҚШ Президентіне импичмент жариялау мүмкін болатын нақты көрсетілген екі қылмыстың біріне жатқызылды.

Сөйтіп, қоғам күн санап мемлекеттік аппараттың жұмысының сапасына ықпал етуін көбейте бастады. Саяси партиялар мен мемлекеттік реттеудің күшейе түсуіне байланысты саяси элита мен ірі бизнестің сыбайластығының эпизодтары алаңдаушылық тудырды. Осыған қарамастан дамыған елдердегі коррупция деңгейі ХІХ–ХХ ғасырлардың өн бойында өзге әлем елдерімен салыстырғанда азайғандығы туралы да деректер бар.

Әлемнің дамыған елдеріндегі коррупцияның жаңа кезеңі ХІХ және ХХ ғасырлар шегі болды. Бір жағынан мемлекеттік реттеу арқылы шенеуніктер билігінің кезекті күшеюі басталды. Ал екінші жағынан ірі жеке бизнес өмірге

келді, ол жеке ұсақ мемлекеттік қызметкерлерді эпизодтық сатып алуға емес, саясаткерлер мен ірі шенеуніктерді өз капиталын қорғауға жүгіндіре бастады. Дамыған елдердегі саяси партиялардың маңызының артуына (әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Батыс Еуропа елдерінде) байланысты партиялық коррупция дамыды, мұнда ірі фирмалар мен трансұлттық корпорациялар өз мүдделерінің лоббиі үшін ақшаны саясаткерлерге емес, партия кассасына төлеуге көшті.

XX ғасырдың екінші жартысында коррупция күн санап ғаламдық проблемаға айнала бастады. Корпорациялардың жоғары лауазымды тұлғаларды сатып алу деңгейі шет елдерде жаппай сипатқа ие болды. Жаһандану бір елдегі коррупцияның көптеген елдердің дамуына әсер етуіне әкелді. Бұл ретте коррупция деңгейі ең жоғары елдер қатары үшінші дүниемен шектеліп қалмады: бұрынғы социалистік елдердегі либералдану деңгейі 1990 жылдарда үлкен көлемдегі қызметті асыра пайдаланумен бірге жүріп жатты. Кейін осы үрдістерден Қазақстан да шет қалған жоқ.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде коррупцияның толық мазмұны төмендегідей тұрғыда талданады: коррупцияны критерийлері бойынша жіктеу; коррупцияны этикалық тұрғыдан бағалау; коррупцияның түрлері; коррупциялық қызметтер нарығы. Енді осы айтылғандарға қысқаша тоқталалық.

Коррупцияны көптеген критерийлер бойынша жіктеуге болады: өзара әрекеттесуші субъектілер типтері бойынша (азаматтар мен ұсақ қызметкерлер, фирмалар мен шенеуніктер, ұлт пен саяси басшылық); пайда алу типі бойынша (пайда алу немесе шығындарды азайту); бағытталуына байланысты (ішкі және сыртқы); субъектілердің әрекеттесу тәсіліне, орталықтану дәрежесіне, болжамдылығына, жүйелілігіне және т.б.

Коррупцияның көптеген көріністері түрлі этикалық бағалануларға ие: бір әрекеттер «қылмыстық» деп саналса, екіншілері «адамгершіліксіздік» болып саналады. Соңғыларына тамыр-таныстық пен меритократия принципін бұзатын саяси бағыты бойынша қамқорлыққа алу жатады.

Коррупцияның ең қауіпті формалары қылмыс ретінде саналады. Оларға ең алдымен құрту (ұрлау) мен пара жағады. Құрту (растрата) – лауазымды тұлғаға сеніп

тапсырылған ресурстарды жеке мақсатта шығындау. Оның әдеттегі ұрлықтан айырмашылығы тұлға бастапқыда ресурстарды ресми пайдалану құқығына ие болады. Пара болса лауазымды тұлғаның өзге бір жеке, немесе, заңды тұлғаға, соңғыларының алғашқысына белгілі бір пайда беруге айырбасталатын қызмет көрсетуде жатқан коррупцияның бір түрі. Көптеген жағдайларда пара беру әдейі мәжбүрлеу болмаған жағдайда пайдаға қалатын пара беруші болып табылады. Сондай-ақ қылмысқа сайлаушылар даусын сатып алу да (бірақ, кейбіреулер оны коррупцияның формасы емес, әділетсіз сайлау кампаниясының бір түрі деп те санайды) жатады.

Коррупция көп жағдайларда билікті күшпен ауыстыруға шақыратын үндеулердің себебі болады. Бұл ретте айыптаулар нақты бір саяси элитаға емес, тұтас саяси жүйеге де қойылады.

Коррупция тұрмыстық және іскерлік болып бөлінеді. Тұрмыстық коррупция – қарапайым азаматтар мен шенеуніктердің әрекеттесуінен туындайды. Оған азаматтардың лауазымды тұлға мен оның отбасы мүшелеріне беретін түрлі сыйлықтар мен қызмет көрсетулері кіреді. Бұл категорияға тамыр-таныстық т.б. жатқызуға болады. Іскерлік коррупция – билік пен бизнестің әрекеттесуінен туындайды. Мәселен, шаруашылық даулар кезінде тараптар соттың өз пайдаларына шешім шығаруындағы қолдауына ие болуы мүмкін. Жоғарғы билік коррупциясы демократиялық жүйелердегі саяси басшылық пен жоғарғы соттарға қатысты. Ол адал емес әрекеттерімен саяси билікті өз мақсаттарында және сайлаушылар мүдделеріне залал келтіретін деңгейде жүзеге асыратын билік топтарына қатысты болады.

Қазіргі уақытта ғылыми ортада коррупциялық қызметтер нарығына (рыногы) көңіл аударыла бастады. Мұнда ең кеңінен таралғаны коррупциялық келісімдер – лауазымды тұлға мен жеке тұлға арасында жасалады. Алайда оған бір ұйым мүшелері арасындағы ішкі коррупцияны қосу, оған ұйымдасқан қылмыс формасын береді. Бихевиоризм іліміне сәйкес ұжымға түскен адам бұл ұжымда қалыптасқан мінез-құлық ережелерін қабылдайды. Сондықтан мекеме ішлік мәдениет деңгейі, пара алуға қатысты қолайлы, кейде қызметтік мәселелерді шешуде жауапкерсіздік жағдайлары туындап, қызметкерлер әрекеттерін талқылауда жариялылық болмаған жағдайларда болса, онда жаңадан келгендер бұл

мінез-құлықты қалыпты деп түсініп, әрі қарай осыған ілесе жүретін болады. Алайда, кейбір зерттеушілер адамның мұндай ортадан шығуының сонымен бірге, микроқауымдастық тарапынан тәртіп бұзушылықты көпшілікке жария ету мен онымен күресуге, сөйте тұрып өзінің де тәртіп бұзбауына принципиалды мүмкіндіктерінің қай кезде де бар екенін айтады. Ал шенеуніктер арасындағы коррупцияның таралуы бұл әрекетте басшылардың да, бағыншыларының да мүддесі болуына әкеледі.

Біз коррупцияның тарихы мен даму, мүмкін болу үрдістеріне қысқаша тоқталдық. Коррупция қайда, қашан пайда болмасын қоғамның болмысын да, рухани мүмкіндіктерін де ілгерілетпейтін құбылыс. Сондықтан да ол бүкіл әлем қауымдастығымен айыпталады. Дегенмен, руханиятқа көп көңіл бөлетін, имани танымы бар, дәстүрлі мемлекеттерде ол ұлттың, халықтың жағдайына нұқсан келтірерліктей, мемлекеттің әлеуетін әлсірететіндей деңгейде емес. Өйткені, ол мемлекеттердің ұстанымдары имани-адами болмыстан туындайды.

Біздің Қазақстан Республикасында да бұл құбылыспен әлемдік практика жетістіктерін ескере отырып, Заңды түрде күрес жүріп жатыр. Бұның айғағы жоғарыда айтылған Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегиясының қабылдануы. Онда Сыбайлас жемқорлықтың (коррупцияның) ағымдағы ахуалын талдау, оған қарсы іс-қимыл саласындағы оң үрдістер, шешімін талап ететін негізгі факторлар талданып, Стратегияның мақсаты мен міндеттері айқындалып, түйінді бағыттар, негізгі тәсілдер және басым шаралар көрсетілген. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанның осы маңызды мәселе бойынша қағидагерлік ұстанымын білдіретін еліміздің басты Стратегиялық құжаты мемлекеттің алдағы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі болып табылады.

Коррупциямен күрес жолдары туралы бүгінгі жаһандану заманында сан алуан пікірлер бар. Оның көпшілігі бір арнаға тоғысады. Ол – мемлекетте құқықтық тәртіпті және бақылауды күшейту. Сөз жоқ бұлар қазіргі заман қауымдастығымен қабылданған факторлар. Біздің олардың қажеттігіне, тіпті аса қажеттігіне қарсылығымыз жоқ. Алайда, біздің ойымызша бір нәрсеге ерекше көңіл бөлмейінше, біз бұл салада сапалы нәтижеге жете алмаймыз.

Ол қоғамдағы құндылықты қатынастардың аса маңызды элементтерінің бірі — құндылықтық бағыт-бағдарға көңіл аудару. Құндылықты бағыт-бағдар бұл Стратегиялық өмір мұраттары және жалпы дүниетанымдық алғы шарт ретінде танылған құндылықтардың адам санасында бейнеленуі.

Құндылықтар категориясы — философиядағы, әлеуметтанудағы, психология мен педагогикадағы ең өзекті, күрделі мәселелердің бірі. «Құндылық» философиялық және әлеуметтік-педагогикалық ұғым, біріншіден, құндылықтар — әрбір халықтың, этностың мәдениетінің өзегі, жеке тұлғаның ішкі мәдениетінің іргетасы. Жеке тұлғаның бойындағы жақсы қасиеттерді анықтайтын да осы құндылықтар жүйесі. Құндылықтар тәрбие үдерісіндегі адамгершілікке бағытталған идеялар, оларға: шындық, қарапайымдылық, төзімділік, бостандық, пайда, махаббат, ізгілік, шығармашылық және т.б. жаққызуға болады. Сонымен қатар, құндылықтарды қоғамдық өмірге, еңбекке шығармашылыққа, адамгершілік насихаттарға, адам өмірінің мәніне деген бағалаушы қатынас және материалдық, рухани қажеттіліктерді өтеу процесіндегі қалыпты нәрселер деп қарастыру қажет. Құндылықтар— адамдық қасиеттер, олар бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, адамгершілік тәрбиенің негіздері ретінде, өз халқының тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады. Сөйтіп, осы қасиеттер адам бойына моральдық жауапкершіліктер жүктеп, оның сезімін айқындай түседі. Ал бұндай тұлғалар коррупциядан аулақтау жүреді. Сондықтан да, біздің еліміздің ұзақ жылғы даму бағдары «Қазақстан—2050» Стратегиясында: «Әлем ауыр дүниетанымдық және құндылық дағдарысты бастан кешіріп отыр. Өркениеттер қақтығысы, тарихтың ақыры, мультимәдениеттің күйреуін жариялайтын үндер жиі естіледі. Жылдар бойы сыннан өткен құндылықтарымызды қорғай отырып, біз үшін осынау кертартпа көзқарастан тартынуымыздың принципті маңызы бар» - делінген.

Білім саласындағы олқылықтар, жастар тәрбиесіне әсер етіп, өзінің ықпалын тигізіп, қоғам өмірін рухани жұтандыққа соқтырып отырғанын жоққа шығаруға болмайды. Қоғам идеологиясы, рухани байлықтың принциптері ұлттық тәрбие жөнінен жүйелі түрде айқындалған бағдарлама жоқтың қасы. Жастар күнделікті сабақ, көркем әдебиет, баспасөз

басылымдарын оқуды қойып, тұрмыс-тіршілік, тамақ асырау қамының жолында әуре. Олар үшін өнер, театр, концерт сияқты мәдени азықтардың ауылы алыстап барады. Осының бәрі рухани құлдырауға әкеліп соғып отыр. Ал, рухани азу — үлкен дерт, қоғамның, ұлттың болашағы үшін аса қауіпті жағдай.

Осыдан біраз бұрын Республикамыздың бас газеті «Егемен Қазақстанда» академик Т. Шармановтың «Құндылықтар құлдырауы» атты мақаласы жарияланып, ол үлкен қоғамдық резонанс тудырды. Іле-шала елімізге танымал біраз тұлғалар өз пікірлерін білдірді. Сонда көтерілген мәселелердің түйіні — әлеуметіміздің біраз бөлігінің рухани құлдырауға ұшырағандығы, онан құтылудың жолы қоғамдық сананы дұрыс бағытқа бұру қажеттігіне келіп тіреледі.

Авторлар қоғамымыздағы білім, ғылым, өнер саласындағы қордаланып қалған мәселелерді көтеріп, олардың болу себептеріне үңілген. Айтылғандардан түсінеріміз біздің әлеуметтік-рухани саламызды да сыбайлас жемқорлық жайлап кеткен. Бірақ, оның экономикалық т.б. жемқорлықтан басты өзгешелігі жастарға, болашақ мамандарға көрсететін арзан атаққұмарлық, таққұмарлық, білімсіздер мен біліксіздердің басшылық жұмыстарға келуі т.б. бойынша көрініс беруі. Бұл өте қауіпті құбылыс. Өйткені, бұндай қылықтар жас ұрпақ санасында білім-біліксіз де басшылық жұмыста болуға, ғылымға, өнерге талантың мен икемің болмаса да тамыр-таныстықпен, ақшамен, ардан азған кейбір лауазым иелерінің арқасында «конкурстардан жеңіп шығуға, ғылыми атақ алуға болады» деген жақсылыққа жат ұғымдар мен түсініктер туғызуы әбден мүмкін. Бұл барып тұрған рухани жемқорлық, немесе, рухани мүтедектік.

Қай уақытта да қоғамдық құбылыстың екі жағы болатыны белгілі. Әңгіме қай жағының үстем болуында жатыр. Нарықтық экономика да екі жақты құбылыс. Бір жағынан, нарық еңбек еткізіп, дүниеге ие етсе, екінші жағынан, ақшаның үстемдігіне де жетелейді. Бүгінгі кейбір жеке орта арнаулы және жоғары оқу орындары еліміздегі білім беру мекемелері жетіспеушіліктен емес, көбіне-көп ақша табудың амалынан ашылған. Олар өмір сүру үшін ең бірінші қаржы керек, кейбір министрлер мұны реттеу мақсатында әрекет жасап көріп еді, тістері батпады, көбіне ондай оқу орындарының иелері жоғары билік орындарында

жайғасқан, болмаса солармен байланысты. Олардың көбінің басты мақсаты, сол өздері ашқан ақылы оқу орнына ақылды балаларды емес, ақысын төлей алатын ақшалы балаларды алу. Бұндай жағдайда білім сапасы құлдырамаса, өспесі анық.

«Қазақстан–2050» Стратегиясында: «Қазіргі қоғамның бойында биік кәсіби шеберлік жоғары адамгершілік қасиетпен ұштасып жататын шығармашыл тұлғаларға деген қажетін қанағаттандыру міндеті тұр» - делінген. Әрине, Абайша айтсақ, «есектің артын жусаң да мал тап», яғни, адал еңбекпен табыс тап, байы, оған ешкім қарсы емес. Бұған қоса қасиетті «Қабуснамада» айтылған бағдарды да ұмытпағанымыз абзал. Онда: «Әр уақта да адал мал жинау үшін әрекет істе. Мал, дүние деп өз басыңды қауіп-қатерге салмағын. Мал тапсаң, оны жақсы сақтай біл. Дүние, мал жинауда оралымсыздық жасама. Өйткені оралымсыздық — бақытсыздықтың шәкірті. Өзің еңбек ет, әрдайым дүние еңбекпен жиылады, оралымсыздық, ұқыпсыздықтан шашылады. Өлгенде дүниені өзіңмен бірге алып кетпейсің. Бар дүниенді қанағат ет, қанағат ету — таусылмас дәулет, сен қандай халде болсаң да, рызық, несібеңнен айрылмайсың» — деп ескертеді бізге.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі білім беру жүйесінің жай-күйіне жасалған талдау оның әлемдік деңгейге де, сондай-ақ көкейкесті практикалық қажеттілікке де сай еместігін дәлелдеп отыр. Егер дамыған елдердегі білім беру дағдарысы білім нарығы аясында технологиялар жиі ауысып отыратын жағдайдағы ақпараттың көптігіне байланысты болса, ал біздің жағдайымызға келсек, оның дағдарысының табиғаты өзгеше және көпшілігі рухани мүгедектік пен жемқорлыққа барып тіреледі.

Қазіргі билік басында отырғандардың көбінің ұлтқа қызмет етейін деген ниеті байқалмайды. Оларға ұлт тағдыры, қазақ мүддесі емес, мұнай мен газ, дүние-мүлік, ақша көбірек қажет секілді. Ал басқа құндылықтар олардың жадына жазылмаған. Қазіргі байларда әулет те, ұлт та жоқ. Биліктің бұтағына, Парламенттің төріне ұлтының мүддесін емес, өзінің бизнесін қорғайтындардың кейбірі шығып кетті. Қазіргі қоғамдағы ойландыратын мәселенің бірі осы. Бұны Ел Басшысы да соңғы кезде жиі айтып жүр. Бұл туралы Стратегияда: Біздің мақсатымыз — мемлекеттік



басқарудың жаңа түрін қалыптастыру. Ол қоғамға қызмет ету мен мемлекеттілікті нығайтудың жаңа міндеттеріне сай болуы тиіс» делінген. Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып Президент елімізде жуық арада «ең алдымен мемлекеттік аппарат реформаланатынын, Мемлекеттік қызметтің жаңа жүйесі туралы Заңына қол қойылғанын, ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейтуді, мемлекеттік қызметшілерді іріктеуде ашықтықты арттыруды, меритократия қағидаларын енгізуді, яғни жақсы кадрларды ілгерілетуді қамтамасыз етеді» – деді.

Аса маңызды міндеттердің бірі – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа Стратегияны қалыптастыру және оны іске асыруды жалғастыру» деген түсініктен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегия» жария етілді. Бұл құжатты мазмұндағы ұстаным жоғарыда аталған мәселелердің оң шешім табуына белгілі деңгейде септігін тигізеді деп ойлаймыз. Елімізде бұдан былай мемлекеттік қызметші лауазымдық сатымен кезең-кезеңмен, билік иерархиясының бір сатысынан келесісіне өзінің машығын жетілдіре және кәсіби деңгейін арттыра отырып келтірілетін болады.

Жаһандану жағдайында барлығы да әлемдік бәсекелестік арқылы шешілетіндіктен, тәуелсіздігіміз баянды болуы үшін әлеуетті рух қажет, онсыз еш нәрсеге иелік ете алмаймыз. Халықтың рухани дамуы үшін тарихын дұрыс зерделеп, ата салтын, тілін, ділін, дінін сақтап, ұрпақ тәрбиесін, білім мен ғылымды жолға қойып, әрбір тарихи кезеңге лайық нақты бағытын айқындауы керек. Ол үшін ең алдымен, жалаң сөз, даурықпа ұрандар мен жалған немесе дүдәмал бағыттарға, шығу төркіні белгісіз пайдаға, еңбексіз, білімсіз келген дақпырт даңқ пен атаққа пәрменді тосқауыл қою қажет. Әйтпесе, бізге рухани тәуелсіздіктің ауылы алыстап, рухани жемқорлық жақындай түседі. Рухани тәуелсіздік қана нағыз шынайы тәуелсіздік екендігін пайымдайтын кез.

## ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ АТАҚ

Соңғы жылдары қарапайым халықтан бастап, интеллигенция өкілдеріне дейін, жалпы өмірдің кез келген мәселелерін айналып өтпейтін, оқыған-тоқығандары көп зиялылар арасында: Ғылыми атақ сатулы ма? Сатып алған ғылыми атақ қоғамға, адамға не береді? Ғылымға үлес

қосып жүрген адамдарымыз көп пе, аз ба, жалпы ондайлар бар ма? «Ғалымдарымыз» неге сауатсыз?! т.б. әңгімелер көбейіп кетті. Ендеше, бұл мәселе көпшілік әлеуметті ойлантып, толғантып жүрген мәселе. Жалпы бұл мәселеге жалаң қарауға болмайды. Тәрбие, білім, ғылым тығыз диалектикалық байланыстағы ұғымдар. Сондықтан ғылымды осы айтылған ұғымдармен байланыстыра қарастырғанымыз жөн болады.

Ғылым – адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымның ең жоғарғы пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы. Ғылымды іргелі ғылым және қолданбалы (кәделі) ғылым деп бөліп жүрміз. Нағыз ғылым іргелі ме, басқа ма кәдеге жарамай қоймайды. Бірақ ол үшін ғылым мазмұны ақиқатты, нақтылы деректері пайымды болуы қажет. Айталық, Кеңес заманында біз гуманитарлық ғылым саласында «К. Маркс былай деген, В.И. Ленин былай депті, Гумилев былай деген, Бичурин айтқан екен» деп өзгеден дәйексөз алумен шектеліп келдік. Олар не айтса да, соны құптау қажет болды. ХХІ ғасыр білімділер ғасыры, ғылым ғасыры. Ойшыл жазушы Мұхтар Әуезов: «Ғылымы өскен ел – мәдениет тарихында шын өскен ел. Ғылым-тәрбиесі өркендеген ел – өсер ұрпағын, халық-қоғамын шын көрсеткен ел» деген. Ғылымы дамыған елдің болашағы берік болады. КСРО тұсында Сталин ғылымның бағасын 100 есе арттырды. Ғалымдарға не қажет, бәрін жасады. Мәселен, министрлер, облыстық партия ұйымының хатшылары 500 сом айлық алса, академиктер одан 3 есе артық алды. Ғылымға шын мәніндегі таланттар, дарындылар барды, олар атақ үшін емес, ел игілігі үшін еңбек етті. Сол үрдіс кейін бұзылды. Себебі, ғылыми кадрларға талап төмендеді. Ортанқол, жауапкершіліксіз, талантсыз адамдар оны күнкөріс қамына, жұмыс бабындағы басқыш-тірекке айналдырды. Ал мемлекет болса мардымсыз ақы төледі. Айталық, осы күндері профессорлар 70 мың теңгедей негізгі айлық алады, ал бір шенеунікті таситын жүргізуші кем дегенде 40 мың теңге жалақының иесі. Мұндай жағдайда ғылымда қандай болашақ, ғалымда қандай бедел бола қойсын. Ғылым кандидаты бір жыл ішінде 700–800 сағат сабақ өткізеді екен. Кезінде алатын айлық ақысы 20 мың теңгеге де жетпеді, қазір қанша екенін білмеймін. Осыдан келіп талантты жастар ғылымға келмейтін болды.

Бұл күндері ғылыми атақ алу жағынан лауазым иелері алдына жан салмай тұр. Әкімдердің, министрлердің дені ғылым докторлары, ғылым кандидаттары. Бірақ олар ғалым деп санала ма? Өздері де біз ғалымбыз деп айта қояр ма екен, әй, қайдам, көбі айтуға ұялады. Ғылымға өмірін арнаған адамдар қарапайым болады, бірақ олар шын талант иесі болса өзіне құрмет істеген ісіне баға талап етеді. Ондай адамдар еркін, ерікті, құлдық психологиядан да, құлдық ұрып тұрар жарамсақтықтан да, жандайшаптықтан да ада болады. Өйткені, ебелекше ұшып кетейін деп тұрған жантықтардың көбі сауатсыздар, немесе шаласауаттылар. Осы арада маған мынандай ой келеді, сол ғылыми атағы барлардың тақырыбын сарапқа салып көрсе, ғылымға не қосты, ұйымдастыру, басқару ісіне әкелген жаңалықтары бар ма? Болмаса, атақ алғаннан кейін жабулы қазан жабулы күйінде қалып жатыр ма? Осыны таразылайтын уақыт жеткен сияқты. Мен кезінде аспиранттардан, кейін магистранттардан кандидаттық минимум емтиханын қабылдап жүрмін, оларға дәріс оқимын. Сол талапкерлердің 90–95 пайызы қыз-келіншектер. Ер адамдар 5 пайызға да жетпейді. Әрине, қыз-келіншектердің ғылымға бет бұрғанына біздің еш қарсылығымыз жоқ. Әйтсе де, әйел отбасының алтын дінгегі, ұрпаққа ақ сүт берер ана емес пе? Әйелдер «атқа мініп», ғылым қуалап кетсе қазақ өсе ме, өше ме? Осы жағы кейде ойлантай қоймайды. Мен ғылыми атақ алғандардың еңбектерін өзімше сараптап көрсем, көбі гуманитарлық ғылымдар екен. Шенеуніктердің салалары — саясаттану, құқық, экономика т.б. болып кете береді. Ал математикадан, физикадан, химиядан, биологиядан, философияның қиын салаларынан ізденушілер онша көп емес. 2010 жылдың аяғында бұрынғы дәстүрлі түрде қорғалатын ғылым кандидаты, докторы деген атақтар тоқтатылды. Бұл кейбір нағыз ғылым саласындағы жастарға қуаныш әкелген жоқ, себебі ізденістерін қорытындылауға үлгере алмады. Ал жаңа жүйе туралы әрқилы пікірлер бар. Жаңаның бәрі жақсы десек те қателесер едік.

Анау жылдары ғылым жолына түскен әр жас — профессор, академик деген абыройлы атақтарға жетуге ұмтылатын. Қазір көбі шіренген шенеунік болсам деп жүр. Әрине, бұл атақтар өздігінен келмейді. Ол үшін қажымай, талмай еңбектенуің, бүкіл тұмырыңды соған арнауың, сол арқылы танылуың

керек. Бұрын Ұлттық Ғылым Академиясында барлық салалар бойынша 30-дың үстінде ғана академик болушы еді. Тіпті, ғылымның шыңына шықтым дегендердің өзі сол атаққа қол жеткізе алмай өмірден өтетін. Ал қазір нағыз академик пен «жасанды» академикті ажырата алмайтын дәрежеге жеттік. Бұл ғылымның өскенін емес, тоқырағанын көрсетеді. Себебі, кім болса сол ғылымға қол созғанда осындай келеңсіздіктер көрініс тауып жатады. Бұған тосқауылды қалай қоюға болады. Мысалы, ақпарат құралдары деректеріне қарағанда Бразилияда нөмір бірінші адам — футболистер екен. Таланттының бәрі футболист болуға ұмтылады. Егер біз ғылымның абыройын асырамыз десек, дәл сондай қадамға баруымыз керек. Ғылымның қоғамдық сананың ерекше түрі екенін, ол талантты да, талапты да, терең ойды да талап ететін сала екенін ескере отырып, оның абыройын қорғай да, асқақтата да білгеніміз жөн. Ғылымнан ақша аямай, жас таланттарды тауып, ортамызға тартуымыз керек. Тартып қана қоймай, олардың әрбір қадамын, өсу жолын көзден таса етпегеніміз жөн. Сонда ғана қазақ ғылымы әлемдік биікке көтеріледі. Қазіргі уақытта ғылым танымның ең жоғарғы формасынан, ең төмен дәрежедегі формаға түсіп тұр. Оның беделін көтеру үшін бұрынғы замандағыдай, ғылым жоғары дәрежелі арман, онымен ерекше қабілетті жандар айналысады деген қағиданы бүтінгі ұрпақ санасына сіңіруіміз қажет.

Ғылымда қызмет беделі емес, жеке адамның өз беделі бірінші орынға қойылуға тиіс. Ғылымда адамның қызмет дәрежесі емес, білімі, өмірлік тәрбиесі, ақыл-ойы, адамгершілігі, адалдығы, әділдігі алдымен көрініп тұрады. Ал біз болсақ, әсіресе, Кеңес дәуірінің соңына қарай адамды қызмет дәрежесіне қарап бағалап, қадірлеп келдік. Мұндай көріністер қазір де жоқ емес, сауатсыздар, жандайшаптар мен жарамсақтар тіпті бұрынғыдан да көбейіп кетті. Қызметі жоғарыға жалпақшешейлік көрсетіп, қалбалақтау қазақтың жаман қасиетінің бірі, ол бұрындары да болған, бірақ қазір онан да көбейіп кетті. Байыбына барып барласақ бұндай әрекеттердің өзі де әлгі адамның ақыл-ойының деңгейін көрсетіп тұрары сөзсіз. Бірақ, уақыт өте келе тағдыр әр адамды өз орнына қояды. Қанша жоғары қызметте отырғанымен адамгершілігіне орай, білімі мен білігіне қарай халық оған лайықты бағасын береді. Өйткені, оқығанның бәрі ғалым, жер жыртқанның бәрі егінші, ел аралағанның бәрі

бірдей саяхатшы бола бермейді. Рухани жағынан жетілуге адам барлық уақытта да ұмтылыс жасай алады. Өмірдегі ең сұмдығы – рухани мешеулік. Рухани байлықты ешкімнен сұрап та, сатып та ала алмайсың. Жоғарыда жұмсақ орынтақта отырған кейбір басшылар (бәрі деуге болмас – А.Т.) қарамағындағы қызметкерлерінің жазып бергенін, немесе, басқалардан естігендерін өз білгеніне, өзі жазғанға балары сөзсіз. Бірақ оның халықтың, көптің алдына шығып, біреудің ойын айтып тұрғаны бірден белгілі болады, қанша жерден сайрағанмен, мұндайлардың рухани байлығының, өзіндік ойының жоқтығы байқалмай қалмайды.

Адам өмірінде ой мен парасаттың орны ерекше, ойсыз, парасатсыз адамдардың оқығаны да, тоқығаны да, білімі де аз болады. Ондайлар керісінше, ғылымнан өзін жоғары қойып, «бәрін шештім, бітірдім» деп өзін-өзі насихаттаумен жүреді. Әркімнің ғалымдығы оның еңбегімен танылады, ойынан байқалады. Шын ғалымды халық таниды. Мәселен, қоғамдық-гуманитарлы салаларда академиктер Ә.Марғұланды, С.Зимановты, философияда академик Ж.Әбділинді халық білді. Ал Қаньш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов сияқты тұлғаларды өздерінің көздері тірісінде-ақ барша халық ғұламалар деп құрметтегенін білеміз.

Қазақстанда «ғалыммын» деп жүргендердің ішінде еңбектері жоғары деңгейде деуге келетіндері қай салада да көп емес. Ал жалпы ғылыми-педагогикалық жұмыспен айналысып жүрген ғылыми атағы бар азаматтардың саны бірнеше мыңдап саналады. Өкінішке орай, ғылым жағдайы жастарды қызықтыра алмайды. Себебі, олардың атағы болғанмен, ақшасы аз. Бірақ шын ғалымдар өздері қалап алған, бүкіл өмірін арнаған жанкешті тірліктерінен кете алмайды. Керісінше, ғылыми атақты атүсті иеленіп алып, қазақ халқының: ғылымды, ғалымды қадір тұтатынын пайдаланып, лауазымды қызметке, байлыққа қол жеткізгендер өздерін еркін, жауапкершіліксіз ұстайды. Бүгінгі жастарды да солар қызықтырады. Осындай жағдай ғылым дамуына үлкен кедергі келтіріп отыр, мұны жасырмай айтуымыз керек.

Кезінде министр, әкім болу үшін, немесе, министр, әкім болып алған соң, ғылыми атаққа ұмтылу – біздің қоғамымызды індеттей жайлады. Бұл жеке тұлғаның өзіне де, ол істеген қызметке де абырой әпермейді. Әлемге зерделей қарасақ, ешбір мемлекетте билікке қол жеткізу үшін немесе

билікке жетіп алып, сондағы мүмкіндіктерін пайдаланып ғылыми атақ алып жатқандарды кездестірмейсің. Сонда қалай қазағымыз атаққұмар болып кеткен бе?! Ғылым бір бөлек, атақ бір бөлек болмауы тиіс. Ғылымды қуған жан ғана, сіңірген еңбегіне сай ғылыми атаққа ие болуы керек. Бұл басы ашық мәселе.

Қандай қызмет істейтініне қарамай, адам, ең алдымен адалдығымен, іскерлігімен, мойнына алған міндетін абыроймен таза атқаруымен, ар-ұждан тазалығымен танылғаны жөн. Бұл – ғылым адамы үшін де қажетті қасиеттер. Уақыт деген үнемі жетпей жүреді, сол уақытты үнемді пайдалану да қажеттілік. Уәделі уақытында кел, жиналысты белгіленген сағатында баста, қысқа сөйле, уақытында бітір. Бізде қазір осы жағы жетіспейді. Сағатпен жұмыс істеуге мән бермейміз. Кеңсе қызметкерлері уәдесінде тұрмайды. «Кел» деген уақытынан өздері кешігіп келеді. Бастық атаулы адамды күттіріп қояды әдетке айналдырған. Кешіккендеріне кешірім сұрауды да білмейді, көбі елеулі өмір жолынан, еңбек сатысынан өтпегесін бастық болған соң, солай болуы керек деп ойлайды, уақыт ғылым, шығармашылық адамдары үшін қерек екенін түсінбейді. Ғылым адамына төзімділік керек, ұзақ сарсылып отырмай, жұмыс бітпейді, төзе білген адам ғана нәтижеге қол жеткізеді. Сұлтанмахмұт: «Адам құл өзін жеңіп ұстамаған, деген бір Сократтың бар нақылы» - дейді. Рас сөз, өзінді өзің жеңу осындайдан басталады. Адамға тән басқа да жақсы мінездер, қасиеттер көп қой, бір сөзбен оны «парасат» дейміз. Сол жақсылықтың бәрі ғылым адамы басында болса, құба-құп. Ал адам парасатын жетілдіретін оқу, білім, тәрбие, тәртіп. Ол өз алдына бөлек әңгіме...

## **НАДАНДЫҚ, ЕКІЖҮЗДІЛІК...**

### **СОҢҒЫ ҒАСЫРДЫҢ ЖЕМІСІ**

*(«Алтын Орда» газетіндегі бір мақалаға орай.  
27.07.2001)*

Мақала «Шалдар партиясы» деп аталыпты. Осы шағын мақалада қазақ қоғамының Кеңес дәуірінде оқыған, өздерінше «тоқыған», сол дәуірде «атқамінер» бола жүріп, ебін тауып екі асағандар, болмаса «ты начальник я дурак,

я начальник ты дурак» принципімен өмір кешкендер, былайша айтқанда қоғамның «винтикері» болғандар, әлде де болғысы келетіндер, өзінен «әлсіздер сөз айтса тыңдамай қырындайтындар, күштілерге бас изеп шыбындайтындар», ар мен намысын ойламай, бір күн болса да жылы орны үшін «шықпа жаным, шықпа» деп шыдап баққандар, соның арқасында «шала естілеу» болып осы күнге жеткендер, бұл күнде де «аумалы» сана-көзқарастарымен бірде «ақылшы», бірде «дана» болып, керек жерінде «либералдықты» да, «радикалдықты» да жатсынбағандар және біразы әлі де осы бағытын ұстанып, тәсілін қолданып жүргендер туралы тамаша жазылған. Сондықтан аталған мақала үшін бек рақмет айта отырып, оқырман ретінде ой қосуды жөн санадық.

Жалпыадамзат тарихынағ белгілі – ел болам деген халық салғырттықпен, әсіресе рухани мүтедектікпен үнемі күресіп отырған. Онан құтылудың жолын шын мәнінде даналар талай сөз еткен. Ондай деректер Еуропа, орыс т.б. елдерді айтпағанның өзінде, қазақ топырағында қалыптасқан гақлиятты ой кешу үрдісінен қалған барлық рухани мұраларымызда айтылып, хатталып қалғандықтан бізге, біздің ұрпақтарға да жетті. Тамырын көне түрік жазбаларынан тартатын ұлағаттан бастайтын бұл дәстүр Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Абай, т.б. шығармаларында өз шыңына шығып, олардың ұлағатты сөздері мен ойларын кейінгі ұрпағы жатсанбай жаттап өткен. Бізге бұрынғылардан мирасқа қалғандай болып жүрген көрсоқырлық, надандық, тоғышарлық, топастық, ездiк, кеудемсоқтық, менмендік, парықсыздық, арсыздық, екіжүздік, опасыздық – бір сөзбен айтқанда адамдық пен адамгершіліктен ауылы аулақтау қасиеттер негізінен соңғы ғасырдың жемісі. Сондықтан да мақаладағы «партия» құрып жүрген шалдарды да, оған кіріп жүрген шалдарды да, олар туралы пікірлерді де осы кезең тұрғысындағы аға ұрпақ өкілдерінің бәрі емес, кейбірі, болмаса бірқатары деп қарап ұғынсақ әділеттірек болар.

Осы қисыңды басшылыққа алар болсақ, Сіздер бастаған тақырыптың ауқымын шалдар «шарбағынан» шығарып сол дәуірдің жемісін жеп, «адамы боп» өскен біздің тұстас ағаларымызға да, замандас, құрдастарымызға да, өкшемізді қуып келе жатқан інілерімізге де, тіпті қазіргі уақытта оқу-білім алып жатқан жастарымыздың да бір тобына, жалпы ұлтымызға қатысты қарастырса артық болмас деген ойдамыз. Сонда егемендік дәмін енді татып,

нарық заңын әрқилы түсініп жүргендердің ішінен, сан алуан партиялардың «мүшелері», «өкілдері» мен «кейіпкерлері» шығар еді. Сонда біз арада жүз жыл өтсе де хакім Абайдың өз ұлтының қайсыбір әлеуметтік келеңсіздіктеріне қатысты айтқан ашу-ызасы, уытты сыны күні бүгінге дейін өзектілігін жоймағанын сезінер едік. Мәселен, қарақан басы үшін партиядан-партияға, қозғалыстан-қозғалысқа өтіп жүргендер бар ма? Бар. Рушылдар, жікшілдер, парақорлар бар ма? Бар. Біреулерді ұрам деп, біреулерді қырам деп жүрген ноқайлар бар ма? Бар. Бұларға намыссыздарды, арсыздарды, жағымпаздар мен жарамсақтарды, тоңмойын, тоғышар, топастарды қосыңыз.

Олай болса, Сіздер тапқырлықпен қойған мақала атауын сан жағынан көбейтіп, мазмұн жағынан байыптап, осы үрдісті жалғастыра беруге болар еді. Олар: «партияшылдар мен қозғалысшылар партиясы», «біреудің қолымен от көсеушілер мен ыңғайға жығылғыштар партиясы», «принципсіздер мен бүқпантайлар партиясы», «рушылдар мен жершілдер, жалған патриоттар партиясы», «жалған діндарлар мен дімкастар партиясы», «парақорлар мен сыбайлас жемқорлар партиясы», «мансапқорлар мен қалталылар партиясы», «жалаң ұраншылар мен жындысүрейлер партиясы», «арсыздар мен намыссыздар партиясы», «жағымпаздар мен жарамсақтар партиясы», «парықсыздар мен саңылаусыздар партиясы», «ноқайлар мен кещелер партиясы», тағы басқа болып кете берер еді.

Бірақ КСРО кезінде дүниежүзіндегі ең «оқығыш» халықтан «оқымайтын» халыққа айналған біздер үшін бұндай әрекет те ел ішіндегі келеңсіздіктерге тосқауыл бола қоймас. Оның үстіне әлеуметтік құбылыстар ішінде жекеден жалпыға жүруге болмайтындары да бар. Қазақ осыны білгеннен, «жалғыздың үні шықпайтынын, жаяудың шаңы шықпайтынын», «жалғыз жүріп жол тапқанша, көптен жүріп адасуды» ұсынған ғой. Бірақ, Абай бір тұстарда «көп – тобыр, көпте ақыл жоқ» демей ме?! Ендеше көпті тәрбиелеу, жетілдіру керек. Бұл зор мемлекеттік мәні бар, адамды басқа тіршілік иелерінен айрып тұрар әлеуметтік әрекеттердің бірі. Өйткені, этнопсихологиямызға тән бұндай жағымсыз қылықтарды жеке сынап-мінеуден гөрі оған концептуалды (кешенді) тұрғыдан келген дұрыс болар. Ал өткенімізге көз жүгіртсек, арғы тарихқа бойламай-ақ, осы Кеңес дәуіріндегі адамзат даму диалектикасымен жанаспайтын «Совет халқы» атты жаңа тарихи қауымдастық («Советский народ» - новая



историческая общность-А.Т.) қалыптастыру үшін жасалған әрекеттердің өзі де «үлгі» болар еді. Газет оқырмандарының көкейінде: егер ол қисынға келмейтін болса қалай «үлгі» болмақ деген сауалдың тұруы әбден мүмкін. Біздің «үлгі» боларлық дегендегі айтпағымыз оған қол жеткізу барысындағы әлеуметтік-рухани саладағы тұтастық, мақсаттылық, саналы жауапкершілік, мүдделік. Мәселен, идеология мен ұрпақ тәрбиесі, білім беру, мәдениет, қоғам құндылықтары сияқты бағыттардың бәрінде жоғарыдағы принциптерді бұл күндері де сақтауға болар еді. Конституцияда айтылғандай, «Қазақстан – демократиялық, зайырлы, біртұтас, ұлтаралық татулықты қолдайтын, адамды ең жоғарғы құндылық деп қарайтын мемлекет». Осы қалыпты сақтауға бірден-бір жауапты да, мүдделі де қазақ ұлты және бұл оның тарих алдындағы абыройлы міндеті. Кеңес үкіметі тұсында КСРО-да барлық ұлыстар мен ұлттар орыс халқының төңірегіне топтастырылды. Бүгінгі күні Республика халықтары қазақ ұлтының айналасына топтасқаны жөн. Ал бұған ұлттың өсуі, есеюі қажет, тарих алдындағы, бүгінгі жас ұрпақ пен келер ұрпақ алдындағы өздерінің жауапкершіліктерін сезіну қажет. Ол үшін біз ұлт шындығын іздеуіміз керек, дүниетанымымыз бен психологиямыздағы қасаңдықтардан арылып, «тойшылық» психологиядан «ойшылыққа» ойыссақ, ұтпасақ ұтылмаймыз. Сонда ғана біз өзімізді өзгелерге мойындатуға қарқынды қадам жасаймыз. Жоғарыдағы «партияшылық» (жікшілдік – А.Т.) бұл істі ұйытатын, оңғаратын фактордан гөрі ірітетін, ілгерілетпейтін іс. Міне, осындай келеңсіздіктермен күресуде шыншыл, айтылатын ойы айқын, халық ойынан шығатын, әсіреқызылдыққа ұрынбайтын ақпарат құралдарының ықпалы зор болмақ.

Біздің пікірімізше, «Алтын Орданың» басқа газеттерден өзгешелігі – «аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін», немесе, «ханың соқыр болса бір көзінді қысып өт, ақсақ болса бір аяғыңды сылтып өт», деген ескіден келе жатқан сөзді бір жақты қуалап кетпей, жекелеген адамдарды, шенеуніктер мен үкімет басындағыларды, жалпы билік иелерін, қоғамдық құбылыстарды, басқа да мәдени-әлеуметтік тарихи мәселелерді жазу барысында «оқшау» ойларға, қарама-қарсы пікірлерге орын бере отырып объективті болуды басшылыққа алуында деп білеміз. Бұларға қоса газет өзі шыққан күннен бастап еш уақытта әсіре мақтауға ұрынған жоқ, «кімнің тарысы піссе соның тауығы» болуды да көздемеді. Бұл қазіргі ер сыналар уақытта, ерлік іспен тең шаруа. Сөзіміз дәлелді болуы үшін

бірер мысал. Осыдан біраз жыл бұрын облыстағы ресми баспасөз аталатын газет бетінде бір кісі туралы «бояушы, бояушы дегенге сақалын бояптының» керіне татыр бір мақала басылды. Онда мақала авторы, белгілі журналист қыза-қыза келіп, өзі мақтап жазған адамын аспанға әуелеткісі келгені сонша, оны қазақ классиктерінің бәрін оқып тауысқан, сонда да онан алынған біліміне місе тұтпай, олар оған азшылық етіп, бүкілдүниежүзілік классиканы да түгел оқыған етіп көрсетеді. Сенгің келеді. Бірақ объективті шындыққа, қисынға сай келмейді. Өйткені, олардың бәрін оқып алмақ түгілі, солардың авторлары мен шығармаларының аттарын түгел айтып беретіндердің болуы мүмкін емес, болса бірен-саран. Ал оларды «шамалап» оқып, тіл сындырғандардың өзі тілі жатық, ойы терең болар еді, бірақ ең болмаса бұлай да емес. Тағы бір газетіміз орысша да, қазақша да әрі кеткенде «жортақтан» аспайтын біреу туралы «высокоэрудированный человек» деп көсіліпті. Осыны оқыған бір танысым С.И.Ожеговтан да, Д.Н.Ушаковтан да қарап, осы сөздің (ұғымның) баламасы мен айтылған адам арасынан бірлік түгілі, ұқсастық таба алмадым деп күледі. (Шындығында реніш білдіреді – А.Т.).

Міне, баспасөз бен ақпарат құралдарындағы бұндай бұра тарту олардың өздеріне де абырой әпермесі анық. Әсіресе, бұл рухани әлеуметтік мәселелерге қатысты болғанда тіптен жаман. Сондықтан ұлтымыз туралы, жеке тарихи тұлғаларымыз бен белгілі азаматтар туралы асыра сілтемей, шындыққа сай, бойымызға өлшеп ой қозғаған абзал. Қазақта шын мәніндегі білімдарларды, зиялыларды, даналар мен көсемдерді тірісінде ардақтап, өлгеннен соң аруақтау дәстүрі бар-ды. Өкінішке орай, бұл күндері билік иелерінің бәрі аруақты, биліктен тайса іске алғысыз болып жатады. Сондай-ақ, қазақта «дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» деген де бар. Сіздер, ел ішіндегі әлеуметтік келеңсіздіктерді досша жазғансыздар. Осындай сәтті қадамдар мен творчестволық табыстар көбейе берсін.

## II ТАРАУ

# СҰХБАТТЫҚ ПАЙЫМДАР

## БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК

Философия ғылымдарының докторы Алтай Тайжановпен сұхбат жасаудағы мақсат – жалғыз Ақтөбе өңірінің ғана емес, барша қазақ баласының бүгінгі келбетімен танысу еді. Бір қазақтың бар қазақ екенін ескере отырып, философ-ғалымның ой-пайымдары арқылы аймақ, ауыл, өңірлерде кездесетін мәселелердің бетін ашуға тырыстық...

*– Аға, осы күні біз өзгердік пе? Нені жоғалтып, нені таптық?*

А.Т.: Сөз жоқ, біз өзгердік. Өзгергенде біздің мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясаты, экономикасы – бір сөзбен айтқанда мазмұны өзгеріп қана қойған жоқ, жалпы ұстаныммыз өзгерді. Өйткені, қоғаммен қоса адамдар өзгерді, олардың болмысы, түсініктері, санасы өзгерді. Осы өзгерістердің басында, айталық өткен ғасырдың 90-шы жылдарында, біздің бұрынғы Кеңестік Одақты мекендеген халықтар үйреншікті жағдайдың кілт өзгеруінен, болашақтың қатты соққысынан футуршок алып есеңгіреп қалды. Өйткені, бұл тұста мемлекетті ұстап тұрған «мәңгілік идеологияның» да, «теңдесі жоқ теңдікке қол жеткізген, әлемдегі ең озық мемлекет» туралы ертегінің де, өзіміз өмір бойы қуған «коммунизм елесінің де» күлі көкке ұшқан-ды. Ал адамдар болса дағдарысқа түсті. Бұл барлық саламызды қамтыды. Мен Сізге олардың бәрі туралы айтып жатпай-ақ, тек бір салаға ғана тоқталайын. Бұл – рухани саламыз. Адамға алдымен ішіп-жеу, киіну, белгілі тұрақ, т.б. керек екені рас. Бірақ адам болмысын қалыптайтын рухани сала. Ол дағдарысқа ұшыраса, ұшы-қиыры жоқ ең далада немесе мұхит үстінде компассыз қалған адамдай, санасы дағдарысқа ұшырайды. Адам санасы дағдарысқа ұшырағасын оның осы

кезге дейінгі танымы мен түсінігі де іске алғысыз, керексіз болып қалады. Біздің халық сол кездерде сондай күн кешті. Өйткені белгілі социолог Дюркгейм айтқандай: «Жауаптар ғана емес, қойылар сұрақтар (мәселелер – А.Т.) да ескіріп, қажетсізге айналды».

Осыдан келіп өзгеру керек болды. Өзгеруіміз де объективті жағдай болатын. Жаһандану заманында өмір сүріп оның талаптарымен есептеспеуге болмайтын еді. Ал талаптар өте көп болатын. Біз солай еттік те. Бірақ ұттық па, ұтылдық па?! Біржақты айту да, бағалау да қиын.

Енді нені жоғалтып, нені тапқанмызға келер болсақ, тапқанмыз да, жоғалтқанмыз да бар. Ең басты тапқанмыз – *тәуелсіздік*. Тәуелсіздікке тәу етпейтін есі дұрыс адам жоқ. Бұл тапқанмыздың басы да, бастамасы да. Алайда тәуелсіздікке қол жеткізу бар, тәуелсіз даму бар. Бұл екеуі екі ұғым, екі мазмұн. Әңгіме мынада: біз тәуелсіз дамып, өзіміздің бет-бейнемізді көрсетіп жатырмыз ба, әлде дамыған елдердің жеткен жетістіктерін таңдаусыз, талғаусыз қабылдап, соны «малданып» жүрміз бе?! Бізде осы дайынды «малдану» көбірек.

Осыған байланысты мен жоғарғы оқу орнының ұстазы ретінде ой бөлісейін. Қазір әртүрлі деңгейлердегі оқу орындарында әлемдік білім кеңестігіне кіреміз, біздің жоғарғы оқу орындарымыздан алған дипломдар әлемдік стандарттарға сай болуы керек деген ұғым, түсінік бар («Даңғаз», «дақпырт» десең, біреулердің көңіліне келіп қалар – А.Т.). Біздің ойымызша «стандарт» деген ұғым «относительді» (салыстырмалы – А.Т.). Өйткені, оның негізіне барлық уақытта да белгілі бір жетекші этностың (мысалы, КСРО кезінде орыстардың – А.Т.) немесе, мемлекеттің оқу жүйесі алынады. Біздің ойымызша, «әлемдік» стандарт деген жоқ, «мемлекеттік» стандарт қана бар. Осыған сәйкес бір елдің дипломын екінші елдің тануы, танымауы бар. Егер олар, біздің дипломымызды танымаса біз, ол елде жұмыс жасай алмаймыз. Ал енді ойлалықшы, біз бар-жоғы 17 млн. халық тұратын елміз, олардың да бәрі қазақтар емес қой. Өзімізді жарылқай алмай, өзіміздің ұлан-байтақ елімізді қамтамасыз ете алмай отырғанда шетел аспайтынымыз анық. Ал бірен-саран кеткендер өз күнін өзі көрсін, айырмашылығын тапсырсын, дипломдарын нострификациядан өткізсін, қосымша оқысын. Ол біздің

елден кеткесін, өз күнін өзі көрсін, мемлекетке кететіндер үшін шығынға ұшыраудың қажеті жоқ.

Ал ішкі жағдайға келсек, бұл жердегі білім саласындағы, тәрбие саласындағы ұстаным этномәдениеттік болуы мүмкін. Өйткені біздің алған біліміміз де, берген тәрбиеміз де елімізге, мемлекетіміздің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге қызмет етуі керек. Ендеше, біз ана елдің, мына елдің білім мен тәрбие жүйесін көшіріп ала бермей өз жүйемізді жасағанымыз және соны дамытқанымыз жөн. Білім мен тәрбие саласындағы біздің бір жоғалтқанымыз осы деп ойлаймын.

*– Ақтөбе өңірінің әлеуметтік-рухани келбетін қалай суреттеп бересіз?*

А.Т.: Біздің Ақтөбе облысы Қазақ елі экономикасының серпінді дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан өркенді өңірлердің бірі. Өңірдің әлеуметтік-рухани келбетін анықтайтын басты факторлардың бірі, оның экономикалық жетістігі, өйткені осы экономикалық жетістік арқылы әлеуметке жағдай жасалады. Осы тұрғыдан алғанда облысымызда ілгерілеу бар.

«Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру – Ұлттық құндылықтарымызды қастерлеу деп түсінген жөн. XIV–XV ғасырлардың аса құнды бірегей ескерткіші Абат-Байтақ қалпына келтіріліп, Қобыланды батыр кесенесі тұрғызылды. Облыс орталығындағы Әлия Молдағұлова мемориалдық кешені мен Батырлар аллеясы тарихқа тағзым етудің белгісі ретінде қалаға көрік беріп тұр.

Жоғарыдағы жағымды жайлар адамның әлеуметтік-рухани келбетін қалыптауға тікелей әсер етеді. Өйткені, адам – биологиялық және әлеуметтіктің бірлігінен тұратын болмыс. Осы қисынды басшылыққа алар болсақ, біздің өңірдегі жақсылық та, жамандық та біздің объективті, күнделікті, осы өмірде бар құбылыстар мен мәндердің көріністері болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде «мен» деп, «біз» деп кеуде соғудың да, «басқалардай емеспіз» деп бордай тозудың да қажеті жоқ. Ақтөбенің өзгелерге ұқсамайтын өзіндік әлеуметтік-рухани келбеті бар, сонымен қатар ол Қазақстан деп аталатын Тәуелсіз елдің бір бөлігі ретінде басқа өңірлермен қанаттаса дамып келе жатқандықтан бұл өңірдің де солармен үндесетін тұстары көп.

*– Философ маман ретінде Ақтөбе өңірінің халқы қандай сауалдың жауабын көбірек іздейді деп ойлайсыз? Осы ретте халықтың мінез-болмысын жете түсіну*

*мақсатында қандай да бір жерілікті әлеуметтік зерттеулер жүргізілді ме?*

А.Т.: Жалпы халық белгілі бір сауал қойып, оған жауап іздемейді. Сауалды немесе көпті ойландыратын, толғандыратын әлеуметтік мәселелерді өмірдің өзі туғызады да ол көпке ой салады. Ал ондай мәселелер күтпеген жерден де туындауы мүмкін, болмаса ел ішінде бір елеулі, саяси мәнді уақиғалар кезеңінде, соған байланысты да туындауы мүмкін. Айталық, осыдан біраз бұрын біздің Ақтөбе облысы Шұбаршы елді мекенінде келеңсіз жағдай болды, осындай жағдайлар іргелес жатқан облыстар да, ал кейін еліміздің басқа да өңірлерінде қайталанып жатыр. Әрине, оның объективті және субъективті себептері болуы әбден мүмкін, әртүрлі бағыттағы әңгімелер де бар. Ал қайсыбір әсіре діншілдер Құрбан айт кезінде жас балаларға тиетін көрінеді деген де қауесет тарады. Бұл өңір халқын ойлантады, көпшілік оның анық-қанығын білгісі келеді...

Енді алда Парламент сайлауы болмақшы. Бұл жалпы алғанда тек біздің облыс халқы үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін үлкен саяси мәнді, тағдырлы мәселе. Бұл да көпшілікті ойлантпай қоймайды. Себебі, Парламентіміз қалай жасақталады, халық тағдырына, мемлекет құрушы ұлт тағдырына қатысты қандай әлеуметтік мәнді, саяси шешімдер шығады, т.б. мәселелерге, әрине, халық жауап іздейді. Бұдан шығатын қорытынды көпшілікті негізінен әлеуметтік мәселелер көбірек ойландырады, сауал да, күдік те, күту де соның айналасында болады.

Ал біздің өңірдің халықтары туралы, оны Кіші жүз деп (қайсыбірі қалжың араластырып адайлар деп – А.Т.) «қолдарына найза беріп жауға қой» деп жатады. Жалпы елнді жаудан қорғаған жақсы. Бұрындары ата-бабаларымыз ел қорғаудан да, жер қорғаудан да тартынбай, қорықпай, «өлсем қазам ақ болсын» деген елдің ұрпақтарымыз ғой. Кейде тік мінез, тайсалмау, «тұяқ серіпшей» өлмеу сияқты көпшілігімізге тән мінездеріміз болуы мүмкін. Алайда бәріміз де қазақпыз, Абай айтпай ма, «бірінді қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі бос» деп. Сондықтан, қазіргі жаһандану заманы жеке-жеке мінез көрсететін заман емес, керісінше, бірлесе, түсінісе жүріп тіршілік ететін, тұтас ұлттың, мемлекеттің қамын жеке бастың да, жеке топтың да, аймақтың да, мүддесінен жоғары қоятын заман. Бұны

біздің өңірдің де зиялы азаматтары түсінеді деген ойдамын.

– Қалалардың арасы интернетпен, телефон, теледидар секілді жаңа технологиялармен қамтылған бүгінгі күн мен бұрынғы уақытты салыстырсаңыз, бір кездегі аймақ пен қазіргі аймақтың қандай айырмашылығы бар деп ойлайсыз?

А.Т.: Ортағасырлық араб ойшылы ибн-Халдун мемлекетті дамыту үшін, оны екіге бөлу керек деген. «Өркениетті қала және өндіруші тұрпайы ауыл», яғни ірі қалалар, қала агломерациялары мен ауыл арасындағы байланысты жақсарту маңызды болып табылады. Қалалар, облыс орталықтарымен ақпараттық байланыс, әсіресе, соңғы уақыттарда аймақаралық саясат біршама жақсы жолға қойылған.

Жалпы жаңа технологиялар бұрынғы күнге қарағанда, әрине қарыштап ілгері басуда. Кешегі күн мен бүгінгі күн арасын салыстыруға келмейді. Бұрын бұқаралық ақпарат құралдары дейтін болсақ, бүгінгі күні бұқаралық коммуникация құралдарына айналған осы бір ғылым мен техника жаңалықтары еліміздің барлық дерлік аймақтарына жетті. Әр ауылда ұялы телефон байланысының операторлары қолжетімді бола бастады, интернетке қосылу да оңайға түсіп келеді, телеарналардың саны да артып келеді, оның ішінде желілік те, Жер серіктік те, кабельді де байланыстар ауылға жетті. Әрине барлық ауылдар түгел қамтылды дей алмаймыз, электр жарығынсыз, ауызсусыз отырған елді мекендер де кездесуде. Дей тұрғанмен, жаңалықтар жоқ емес, сондықтан да аталмыш коммуникация құралдарымен жабдықталған аймақтарды кешегі жалғыз ғана телеарнаны қабылдайтын, ұялы байланысы жоқ, Жер серіктік арналары жоқ аймақпен салыстырудың өзі қате деп ойлаймын. Айырмашылыққа келер болсақ: халықтың ақпарат алу көздерінің ауқымы кеңейді, демек, ақпарат та көбейді; халықтың ақпарат құралдарын пайдалану шеберлігі, дағдысы, техникалық сауаттылығы артты; ақпараттың саны ғана емес, сапасының да әрқилы болғандығына қарай, халық шынайы ақпарат пен жасанды ақпараттың арасындағы ерекшеліктерді де ұғына бастады.

– Қазақ үшін аяулы болған ауылдағы мінез, болмыс, мақсат өзгерісі байқала ма?

А.Т.: Сөзсіз байқалады. Бұған алдымен ақпарат көздеріндегі батыстық мәдениеттің таратылуы, көбінесе

Жер серіктік арналар арқылы алынған ақпарат көздерінің (жастар субмәдениеті, сериалдар, ток-шоу мен ойын-сауықтық бағдарламалар және т.б.) басым болуы, дәстүр сабақтастығына, дәстүрлі этномәдени құндылықтарға көңіл бөлінбеуі, насихат жұмыстарының дұрыс жолға қойылмауы әсер етуде. Екіншіден, ауыл интеллигенциясы қатарының сандық та, сапалық та өзгеріске ұшырауы ықпалын тигізуде. Яғни, ауыл халқының интеллигенттерінің орнын саудагерлер, альпсатарлар, карьеристер мен шолақ белсенділердің басуы, адамгершілікті емес, «жақсы өмір» сүріп, «жақсы күнелтуге» қарай бет бұру, дәстүрлі-рулық, туыстық, көршілік өмір салтын, «таза ақшамен» немесе оған эквивалент ретіндегі өзге де төлем алмасу құралдарына ауыстыру. Мысалы, «асарға» (үмеге) шақырса, «не төлейсің?» деген принциптің орнығуы. Кейбір ақылгөй ақсақалдардың орнын «сообраз» жинағыш шал-шауқанның басуы. Осылайша, жұмыссыздық, мемлекет тарапынан тәрбиеге, құқықтық тәртіпке, саяси ұстанымға (бұрынғы партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының санкциялық насихаттық шараларының орнын толтыра алмаудан) көңіл бөлінбеуден де ауылдың мінезі өзгеріп, болмысы басқа кейіпке еніп, мақсаттардың көп ретте гедонистік (тұтынушылық) сипатқа ие болуы орын алуда. Соңғы кездердегі «дипломмен ауылға» шаралары, басқадай да ауылға деген бетбұрыс бұл келеңсіздіктерді түбегейлі жоймағанымен, азайтады деген үміт бар.

— *Ұлттық ономастика, тіл, діл мәселесі шетелмен шекаралық аймақта жатқан ел үшін қаншалықты маңызды? Қаншалықты қиын?*

А.Т.: Жалпы ономастикада, топонимика мәселесінде ойланып қараған жөн. Оның ішінде зоонимикадан, фитонимикадан гөрі, антропонимика мәселелерін аса сақтықпен де, салмақтаумен де жүргізген жөн. Кей ретте атақты да, танымал жандардан гөрі баласының, ұрпақтарының аты танымал адамдарға, баласының әкесіне көше, ауыл, мектеп, оқу орны және т.б. атауларын алып беру жиі кездесіп отырады. Ал аймақаралық мәселеге келер болсақ, егемен мемлекеттің, өзінің ішкі-сыртқы саясатын анықтауда да егемендігі болуы керек. Сондықтан, бұл ретте өзге елмен шекаралас екенбіз деп оған аландау мүлдем керексіз жайт. Жер де, аймақ та, ауыл да шекаралары анықталып, біздің мемлекетіміздің территориясы екені заңды



түрде бекітілген. Демек, ондағы тіл де, діл де, ономастика да өз құзыретіміздегі мәселе. Бұл ешқандай дау туғызбауы тиіс. Және де, бұл территория тарихи түрде анықталған мемлекет құраушы, яғни, титулдық ұлтымыздың мұрасы. Сол себепті ол жерге тарихи атауын қалпына келтіргеннен ұтпасақ — ұтылмаймыз.

Ал тіл мәселесіне келетін болсақ, бұл мүлде басқа мәселе. Тіл — ұлт айнасы, таным басы, ұлттың азаттығының белгісі. Ендеше, оны ұзақ жылдар бойы сөзбұйдаға салып, тақыр жерден мәселе жасап, ел қаражатын босқа шашудың қажеті жоқ. Егер тіліміз өз деңгейінде дамымаса, бұл біздің мемлекет басында отырған шенеуніктердің қылмысқа пар-пар әрекеттерінің жемісі. Оны ашық айтатын уақыт жетті. Конституция — еліміздің негізгі заңы. Онда Қазақстанның мемлекеттік тілі «қазақ тілі» делінген. Заңды орындау керек. Біз унитарлы мемлекетпіз, біз федеративті мемлекет емеспіз. Ендеше, ешқандай қостілділік болмауы керек. Ендігі жерде мемлекеттік тілді білмейтіндер оқи да, жұмысқа тұра да, азаматтықтарын ала да алмайтын қажеттілік туғызу керек, «Аюға намаз үйреткен таяқ» деген бар, қажеттілік қажет.

— *Тәуелсіз еліміздің бүгінгіне қалай баға бересіз, ертеңінен не күтесіз?*

А.Т.: Тәуелсіз дамуымызға, оның бүгінгі жеткен межесіне мемлекет басшысы өзінің әр жылдардағы Жолдауларында толық және жан-жақты баға беріп келеді. Біз осы жылдар ішінде жеделдетілген экономикалық жаңғыру бағдарламасын, жаңа саяси-әлеуметтік жаңғыртуды, қоғамдық татулық пен келісімді сақтауды үнемі назарда ұстадық. Соның арқасында әлеуметтік-экономикалық салада алға жылжыдық. Олар халықтың әл-ауқатының өсуінен, жұмыспен қамтудың жаңа стратегиясынан, білім мен медицинадағы прогреспен, өмірдің жаңа сапасының көрсеткіші — табыстардың артуынан, бізді әлемдік қауымдастықтың тануынан, т.б. көрінеді. Қазақта «үмітсіз шайтан» дейді. Қазақ халқы төзімді, үмітшіл, тәубешіл, шүкіршіл, қанағатшыл халық. Бұл жақсы сапалар. Бірақ бізді алда бүкіләлемдік жаһандану күтіп тұр, ол жүріп те жатыр. Ол жай шүкіршілікті қаламайды, бәсеке керек, ұмтылыс керек, сондықтан «қанағат қарын тойғызады» деп отыра беруге, немесе «асықпаған арбамен қоян алады» деп баяулай беруге болмайтын заман. Ендеше, заманына қарай адамы. Біздің жастарымызды осыған дағдылау керек.

Ол қажеттілік. Мен жастарымызға сенемін, тек аға ұрпақ оларға өздерінің «көргенсіз», елді өсірмейтін «жағымсыз» қылықтары мен әрекеттерін көрсетпесе деймін. Тілекті Алла қабыл қылсын, Егемен еліміздің мерекелі де, қуанышты күндері көп болғай!

*«Қазақ әдебиеті».*

## **ӨМІРДІҢ ҚАТАҢДАНЫШ БАРА ЖАТУЫ – РУХАНИ ЖҰТАҢДЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ**

*– Мемлекет басшысы еліміздің егемендігі үшін де, ілгерілеп дамуы үшін де ұлттық ұйысудың, бірліктің аса қажет екенін айтудан жалыққан емес. Сіз қоғамдық, саяси-әлеуметтік ғылымның өкілі және ұстаз есебінде оны қалай түсіндірер едіңіз?*

А.Т.: Иә, Сіздің сөзіңіздің жаны бар. Этносаралық және конфессияаралық келісімді, адамзаттық бірлікті қамтамасыз ету Қазақстан дамуының, елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси жаңғыруының маңызды шарты болып табылады. Ел Президенті бұл мәселе туралы өзінің Қазақстан халқы алдында сөйлеген сөздерінің бәрінде айттып келеді. Халқымыздың татулығы мен бірлігі – еліміздің өркендеп, алға басуының басты шарты. Осы байлығымызды қадірлей білу, оны жас ұрпақтың жүрегіне ұялату – Отанымыздың жарқын болашағының кепілі. Біздің ең басты құндылығымыз – өз Отанымыз, Тәуелсіз Қазақстан. Мемлекеттің және оның әрбір азаматы қай жерде де қоғамның тұрақтылығы мен елдің әл-ауқатына кері әсерін тигізуі ықтимал кез келген қадамға бармауы тиіс. Өйткені: «Келер ұрпақтың жүзін жарқын ететін мақсаттарға біз асқан табандылықпен ел бірлігін сақтай отырып қана қол жеткізе аламыз».

Бірлік – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы маңызды, ізгілікті этикалық ұғым. Бірлік – адамдар арасындағы ынтымақтың, жарасымды татаулықтың көрінісі, ел болудың белгісі. Ол белгілі бір топтың ұжымның, ұлт пен халықтың, жалпы адам баласының мақсат, мұрат, мүдделері тоғысынан туындайды. Қазақ халқы бірліктің күнделікті тіршіліктегі орны мен маңызын «Бірлік болмай

тірлік болмас», «Бірлік түбі – береке», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп түйсе, хакім Абай: «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» – деп ескертеді. Бірлікті ыдырататын – күншілдік, көреалмаушылық, іштарлық, жамандық пен хайбар айту т.б. деп есептеп, жұртшылықты мұндай жағымсыз қасиеттерден бойын аулақ салуға шақырған. Бірлік – елдіктің ұлт болып ұйысып отыруының басты кепілі саналған. Сондықтан да ел ақсақалдары мен зиялылары ел бірлігіне ерекше көңіл аударған.

Осы заманғы әлемде ұлттық бірлік – ортақ мемлекетті бірлесіп құру, толеранттылық, азаматтық және осы елдің мемлекеттік тілін міндетті түрде білу секілді шарттармен анықталады. Ұлттық бірлікті нығайту – ел ішіндегі қауіпсіздікті нығайту, елді өркенді дамыту, бәріміздің берекеттілікпен өмір сүруіміз. XX ғасырдың аяғына қарай бұрынғы қалып бұзылып, XXI ғасырда қазақтар мемлекет құраушы ұлт ретінде жаңа белеске көтеріліп, Қазақстан халқының берік өзегіне, сенімді дінгегіне айналып, жаңа әлеуметтік өмірге бетбұрыс жасады.

«Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» деп Абай айтқандай Қазақстанның тәуелсіздігінің болашағы үшін, өсіп-өркендеуі үшін, нығайуы үшін алдымен қазақтардың – өздерінің ұлттық бірлігі керек. Қазақстан халқының бірлігі басты үш тұғырға негізделген. Олар: біздің ортақ тарихымыз; ортақ құндылықтарымыз; ортақ болашағымыз. Ал болашақ жастарда. Сондықтан біздер, педагогтер, алдымен оларға достық пен бауырластық, сенім мен толеранттылық сезімдерін дарытып, мақсатты білім және бағытты тәрбие беруіміз керек. Бізге Қазақстандық қоғамның ерекшеліктерін ескере отырып, этномәдени білім мен тәрбие беру аса қажет. Алайда, өткен ғасырдың 90-шы жылдарында ерекше ынтамен қолға алынған бұл мәселе кейін аяқсыз қалды.

Халықтың бірлігі мен ұлттық ұйысуында ақпарат құралдарының, өнердің, халық шығармашылықтарының да алатын орындары ерекше. Оларда этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарды әдептілікпен жазу, көрсете білу маңызды мәселелердің бірі. Ақпарат құралдарында қазақстандық патриотизм тақырыбын белсенді насихаттап, алдымен жастардың, қала берді

бүкіл азаматтардың бойына барлық этностық топтардың мәдениеті мен дәстүрлеріне деген құрмет сезімін дарыту керек. Осы тұрғыдан алғанда айта кететін бір жайт Республикамыз көлемінде шығатын орыстілді ақпарат құралдары әлі өздерінің қоғамдағы орнын анық сезінбейтін сияқты. Олардың ішінде ресми басылымдардың өзі ұлт ұйысуына, мемлекеттілікке әлі ден қоймаған болса, «тәуелсіз» деп жүргендері бұл тақырыпты, әсіресе мемлекет құраушы ұлт болмысын көрсетуден гөрі көрші елдің көрігін басып әуре. Біздің ойымызша, оларға өздерінің орыстілді қазақ газеттері екенін түсінетін уақыт жеткен сияқты.

Мемлекеттік тіл халық бірлігінің негізгі факторы. Сол себепті де мемлекет барша қазақстандықтардың қазақ тілін біртіндеп үйренуі үшін барлық жағдайларды жасап отыр. Ендеше, қазақ тілін, мемлекеттік тілді, орыс және басқа тілдерге қарсы қою қате ғана емес, ел бірлігі мақсатына кедергі. Тарихи тұрғыдан алғанда орыс тілі елімізде өзінің тарихи миссиясын орындады, қажетіне қарай алда да орындай береді. Бірақ, тек қажетіне қарай.

Жалпы, тілді меңгеру үшін оған өзіңнің жүрегінді ашуың керек. Тосқауыл қоюлармен және дөрекі мәжбүрлеумен, немесе уақытша қолпаштаумен бұл істе еш нәрсеге қол жеткізе алмайсың. Ендеше, мемлекеттік тілді біршама игергендердің жалақысына үстеме қосу да, сыйақы ретінде, тіпті жеке машина сыйлауға дейінгі материалдық көтермелеу де біздің көрегендігіміз де, тапқырлығымыз да емес. Бұл істе жасандылықтан гөрі табиғилық, қажеттілік пен мүдделілік керек.

Ұлттық бірліктің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі конфессияаралық келісім екені даусыз. Конституцияда көрсетілгендей, ұждан бостандығы, діни сала — әркімнің жеке өз ісі, бұл мәселені адам өзі шешеді. Соңғы кездері біз қандай да бір діннің тереңіне бойламай, діндердің ізгілігіне, шынайылығы мен жалпыға ортақ басқа да қырларына дендеп енбей жатып діндарлықты сәнге айналдырдық. Егер өткен тарихқа көз салсақ, оның жалпы дамуына, қоғамдық функцияларына, оның салдарына көңіл аудармау, басқаны былай қойғанда бір діндегілердің өзін қақтығыстарға ұрындырып, үлкен әлеуметтік трагедиялар әкелген. Бұл тұрғыдан алғанда этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастың қазақстандық моделі қоғам дамуымен қатар жетілу үстінде деп айта аламыз.

Қазақстан азаматтарының этносаралық келісімі халықтың

бірлігіне бастайтын жол десек, халық бірлігінің айғағы этнос мәдениеті болмақ. Өзінің болмысында мәдениетсіз ел болмайды, алайда, мәдениет мәдениетке иек артса ғана нағыз өскелең де, өміршең мәдениет болмақ. Оқшауланған мәдениет, нағыз мәдениет емес, түйықтық, сабақтастықтың үзілгенінің белгісі ғана емес, болашақтың да болмағаны. Этностар мәдениеті де сондай мәдениет. Қазақстандағы әр этнос мәдениеті бәрімізге ортақ құндылық, тек осындай түсінік мемлекетіміздің руханиятының мазмұнын байыпта түспек. Өйткені, этнос мәдениеті — елдіктің мәйегі, ерекшелігіміздің белгісі, ұлттық ұйысу мен бірлігіміздің іргетасы. Әңгіме арқауы бір елде өмір сүретін әлеуметтің азаматтық және этностық тұтастығы, бірлігі немесе бір елдің азаматы деген ұғым негізінде топтасуы ғана емес, рухани-мәдени тұрғыдан да бір-бірімен тұтасуында, түсінісуінде.

Халқымыздың татулығы мен бірлігі — еліміздің өркендеп, алға басуының басты шарты. Олай болса оны рухани құндылығымыз деп қадірлей білу, жас ұрпақтың жүрегіне ұялату — ел болашағының кепілі болмақ. Береке-бірлігі жарасқан елдің әр уақытта да беделі үстем, туы биік, болашағы жарқын болатынын тарихтың өзі талай дәлелдеген. Қазақтың: «Бөлінгенді бөрі жейді, береке басы бірлік» — деуі де содан.

Бүгінде дүниежүзінде бірнеше мыңдаған ұлттар мен ұлыстар бар. Ал мемлекеттер саны 200-ден аса ғана, 3 мыңға жуық этностың өзіндік ұлттық мемлекеті жоқ. Біз ата-бабаларымыздың, бізден бұрынғы ұрпақтардың арманын жүзеге асырып, екі мыңжылдықтың түйісер тұсында Тәуелсіз мемлекет құрдық. Соның арқасында байырғы қазақ жерінде жаңа азаматтық қоғам қалыптасуда. ХХІ ғасырда қазақтарды мемлекет құраушы ұлт ретінде әлем танымақ. Осының бәрі бірлік пен түсіністік арқасында мүмкін болды. Әр заманның өз жүгі бар, өз проблемасы бар. Мәселе оны өзіміз өмір сүріп жатқан уақыт пен кеңестік деп түсініп, кездескен қиындықтарды өркениетті тұрғыда бірлесіп шеше білуде. Сол үшін де азаматтық биік парасат, ұлттық ұйысу мен бірлік қажет.

— *Ұлттық ұйысу үшін ұлттық идеология, ұлттық сана қалыптасуы керек? Осы екі ұғымның мәніне тереңірек тоқтала кетсеңіз?*

А.Т.: *Идеология* (грек. idea- идея, бейне; ogos- сөз,

білім) — адамдардың үлкен әлеуметтік топтарының іс-әрекетіне бағдар беріп, олардың мақсат-мүдделерін білдіретін идеялар мен көзқарастар жүйесі. Идеологияның түрлері көп, солардың ішінде аса белгілісі саяси идеология. Алайда ел азаматтарының отаншылдық сезімін білдіретін ұлттық идея мен саяси идеология арасында үлкен айырмашылық бар.

Кеңес заманында біз және бізден ересек ұрпақтар өкілі ресми түсінікпен үндеспейтін өз ойыңды айтуға ресми тыйым салынбағанмен, оған қырын қараған, кейде тезге салуға әрекеттенген режимді басымыздан өткердік. Ол заманның мемлекеттік идеологиясы — ұлттық сана, ұлттық идея, қазақша ойлау дегендерге жатсына қарайтын және оны мәдени-рухани тар шеңбердегі қарабайыр санадан аспаған, шектеулі адамның ісі деп ұғындыратын. Шындығында да қайсыбіріміз осы өлшемді қабылдадық, ал енді біріміз «саналы адам», «оқыған адам» деген атымызға айып болмасын деп соған көндік. Бүгінгі күн биігінен бағамдап отырсақ, бәрі заңды екен. Біріншіден, жаңа кеңестік империя да, бұрынғы империя тұсындағыдай, ұлтты азат ететін іргелі істерге кең жол ашпады. Жасалатын жақсылықтардың бәрі большевиктер (коммунистер) партиясымен орыс пролетариаты атынан болды, ал меже коммунизм құру, ұлттарды теңестіріп қана қоймай, жақындастыру, бір-біріне сіңіру еді. Орыс ұлтының осы істегі «игі істері» асыра дәріптелді. Ұлт көсемдері мен зиялылары бұны түсінді де, жалған ұранның орнына ұлтты ояту ұранын ұсынды. Сондықтан Алаштың Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов сынды озық азаматтары «Оян, қазақ!», «Тұр, бұқара» деп үн қатты, халықты қалғытпауды ойлап, «Маса» (А.Байтұрсынов) болып шағып та көрді. Бірақ оянбаған ұлт бұқарасы оны түсінбеді, һәм сондарынан ермеді, тіпті қайсыбірі оларды «ұлтшылдар» деп айыптаған топқа еріп, қосыла үрді.

Халқын жақсы көретін, соған адал қызмет етуге белін бекем бұған адамды қазақ «ұлтшыл» деп атаған. Ендеше, мәселе «ұлтшылдықтың» мазмұнын қалай ұтуда, оған берілген сол тұстағы саяси баға мен түсінікте болатын. Кеңес заманында «ұлтшылдар» дегеніміз «халық жаулары» дегеннің синонимі болды. Мәселенің байыбына барсақ, ұлтшылдар деп жүргеніміздің бәрі Алаш азаматтары

болып шықты. Өткен ғасырлардың отызыншы жылдары «бандиттер» туралы барынша айтылды, жазылды, сол кездегі жастардың санасына сіңірілді, енді жаңаша ойлау тұрғысынан зерделесек, олар кәмпескеге, ұжымдасуға қарсы көтерілген халық жасақтары екен. Сөйтіп ұлттық идеология жасақталмады, ұлттық сананың бойы тіктелмеді, өз мазмұнына сай қалыптаспады, ұлттық ұйысу да болмады.

Ал дұрыс мағынасында «ұлтшылдары болмаған жұрт ешқашан елге де, жерге де ие болмақ емес. Ұлттық мемлекетті тек солар ғана құра алмақ» деген пікірге қосылуға болады. Бұдан шығатын қорытынды — әуелі өз ұлтыңды жан-тәніңмен сүйетін ұлтшыл болмай тұрып, басқаларды жарылқаймын деу бос сөз.

Осы тұрғыдан алғанда ұлтшылдық — мемлекетті құрушы ұлттың оянуы, ұлттық сананың қалыптасуы және бір мүдде айналасына мақсатты түрде топтасуы. Ендеше, ұлтшылдықты ұлттық экстремизммен шатастырмау керек. Кейінгісі заңға да, адамшылыққа да жат қылық, жетілген сананың да жемісі емес. Ұлт-азаттық қозғалысы кезінде ұлттық экстремизм әртүрлі формаларда бой көрсетіп қалуы мүмкін, бірақ ол үшін бүкіл халықтық қозғалысты қаралауға болмайды, оларды бір-бірінен ажырату барысында билік басындағыларға да, оның орындаушы органдарына да парасатқа негізделген әділдік пен әділеттілік керек. Өйткені, шынайы ұлтшылдық сана, халықты тәуелсіздікке бастайтын идея, рухани қуат негізі.

Қазақстан мемлекетінің ұлттық - мемлекеттік идеологиясы қандай болуы керек деген мәселе күн тәртібінде тұр. Халықтық идеологиямыздың үлгісін сырттан іздемеуіміз керек. Біздің идеологиямызға Батыстың да, Шығыстың да, тіпті түркі мұсылман дүниесінің идеялары да негіз бола алмайды. Қоғамымызға өзге елдің мәдени - рухани жүйелерін, әлеуметтік үлгілерін, идеологиясын әкеп тықпалаудың да керегі жоқ. Біздің идеологиямыз тек өз қоғамымызды жан-жақты зерттеу, әрқилы әлеуметтік топтардың мүдделерін, әсіресе, мемлекет құрушы қазақ ұлтының мүддесін ескеру нәтижесінде ғана туындауы мүмкін.

– *Егеменді еліміздің ұлттық идеясы қандай? Оның басты бағыттары қандай болуы керек, ол неге табан тіреуі тиіс деп ойлайсыз?*

А.Т.: *Идея* — (грек сөзі- idea) түсінік, елес, бейне . Оның бірнеше мағынасы бар. Ол — ой, түпкі ой; бірнәрсенің

негізгі ойы (мысалы көркем, ғылыми, саяси шығарма); теориялық жүйенің, логикалық құрылымның, соның ішінде дүниетанымының негізінде жатқан анықтаушы түсінік; нәрсе, немесе құбылыс жөніндегі жалпы түсінік. Идеялар белгілі бір гуманистік, азаматтық, ұлттық құндылықтармен тығыз байланысып жатады.

Ұлттық идея — халықты топтастыратын, біріктіретін, өз елі үшін мақтанышқа бөлейтін асқақ рух болып табылады. Отан үшін, ұлты, халқы үшін адамдар ғажап ерлік көрсетіп, идея үшін өзін құрбан етуге дейін баратыны да сондықтан. Халқымыздың өткен ғасырдағы басына түскен нәубет кезінде Алаш азаматтары өздерінің осы миссияларын абыроймен орындады. Ал ұлттық, тәлім-тағылымнан ада Кеңес заманының азаматтары ішінде, сол қоғам үшін де, оның идеясы үшін де шын мәнінде күрескендер болған жоқ. Оның себебін айтсақ ұзап кетеміз...

Ұлттық идея қоғамның дамуына қарай туындайды. Ендеше, осыған орай «Қазақстан–2030» Стратегиясы біздің осы заманғы ұлттық идеямыздың негізі бола алады. Ұлттық идея іргетасының негізгі өзегі — елдік бірлік, экономиканың бәсекеге қабілеттілігі, интеллектуалдық жасампаз қоғам және бүкіл әлемде құрметтелетін мемлекет құру болғаны жөн. Осы төрт ұстын біздің ұлттық идеяның іргетасы, біздің Отанымыз — Қазақстан Республикасының табысты дамуының негізі кепілі.

Бұл айтылғандар қазіргі заман талабынан туындап отыр. Әйтпесе, қоғамды ұлттық дәстүрдің тар шеңберіне салып, немесе даму кезеңінің ыңғайына қарай шектей берген де дұрыс емес. Ендеше, идеялардың дәуір талабына орай өзгеріп отыруы заңды. Қазақ идеясы ұғымның аясы өте кең. Кезінде орыс идеясы төңірегінде Ресейде, кейін Кеңес үкіметінде тұратын бүкіл ұлт пен ұлыстардың өкілдері топтасқаны секілді, біздің жағдайымызда да қазақ идеясы төңірегінде Қазақстанды мекендеуші барлық ұлт пен ұлыстарды бір мақсатқа, ел егемендігі мен тұтастығы төңірегінде топтастырған жөн. Орыс идеясы төңірегінде Ресейдегі үлкен-кіші, ұлыстардың топтасуы орыс халқының сандық, сапалық өсуіне алып келгені сияқты процесс ерте ме, кеш пе, біздің елімізде де жүзеге асуы тиіс. Олай болса, қазақ идеясының шекарасы қазақ ұлтымен шектелмейді. Қазақ идеясының негізінде қазақ халқының ұғым-түсініктері,



философиялық, этикалық принциптері, гуманизмі, т. б. ұлт менаталитетіне тән ерекше бояулары жатады. Қазақ идеясын ұлт шеңберінен жоғары көтеріп, бүкіл елге, сан түрлі ұлыстарға ортақ қазынаға айналдыру үшін, ұлтымыз бойындағы рухани қуатты ашу басты мақсат. Елдің бірлігін қамтамасыз етердей, оның маңызын түсінердей жетілген қоғамдық сана, рухани қуат арқасында мемлекетке қажетті идеялар туындайды.

Оларды тарқатып айтар болсақ, алдымен белгілі бір мемлекетте өмір сүруші адамдар алдымен өзін сол мемлекеттің азаматымын деп ұғынуы керек. Бұны мемлекетке қызмет ету идеясы десек болады.

Қазақ дүниетанымы (философиясы), этикасы, гуманизмі де ұлттық идеямыздың басты бұлақтары. Біз бұлардың барлығының түп негіздерін ауыз әдебиетінің үлгілерінен іздеуіміз керек. Ал білім беру мен тәрбиемізде танымымызға арқау болар осы біртұтас жүйемізге орны қалмаған.

Кезінде әлемге танымал, ойшыл Гегель: «білімділіктің басты факторы – туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады» деген екен. Ендеше жалпы ұлттық идеяның тағы бір бастауы тіл идеясы. Тіл мәдениеті жалпы халықтық мәдениеттің құрамды бөлігі. Қазақ халқының шын мәдениетке, өркениетке жеткенінің көрінісі өз ана тіліне деген құрметінен, қарым-қатынасынан айқын көрінеді.

Біз күні бүгінге дейін тіл туралы айтқанда сапалық көрсеткіштерден гөрі сандық көрсеткіштерді көбірек тілге тиек етеміз. Мәселен, қанша қазақ мектебі мен балабақшалары ашылды, қазақ тіліндегі ақпарат берудің өсуі, тіл үйрету орталықтарының көптеп ашылуы, басқа ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуге деген ынтасы т.б. бұлардың бәрі дұрыс, бәрі керек. Бірақ әңгіме басқада. Ол өз тілінді сүйеде, құрметтеуде, оның есіктен төрге озуына барынша, бар болмысыңмен қызмет етуінде. Өйткені, ол сенің ана тілің, ардағың, мемлекеттік тілің танымыңның да, танылуыңның да, танысуыңның да бастауы. Осыны билік басындағылар әлі түсінбеген сияқты, түсінсе де осылай ойлап жүзеге асыруға қауқарсыз. Әйтпесе, басқа кез келген мемлекеттің өкілетті уәкілі шетелдерде тек өз тілінде ғана сөйлейді. Құлдық бұғаудан да, өзге тілдің құрасуынан да құтыла алмай жүрген біз ғана. Ұлттық рух, ұлттық намыс жоқ...

Республикамыз пайдалы кендерге бай, жер ресурстары

мол. Оған машықтанбаған елді үйретуге басқалар әзір тұрады. Алайда барды ұқсата білу сол елдің еңбек ету үрдісіне, еңбек мәдениетіне байланысты. Бай қуатты мемлекетке айналғымыз келсе, алдымен терең еңбек мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Ендеше, еңбек идеясы болашақта халықтық идеологиямыздың ең бір сүбелі идеяларының біріне айналуы тиіс.

Біз білім беру идеясының стратегиялық мәнін әлі түсінбей келеміз. Білім мемлекет қауіпсіздігін сақтауға қызмет етуі керек. Бірде-бір білім мен тәрбие мекемесінде жас ұрпақты жөргегінен жерітетін, ұлттық құндылықтарынан ажырататын істер жасалмағаны жөн. Ал біздің бүгінгі білім жүйемізде бұл мәселе әлі қолға алынған жоқ. Ендеше, этномәдени білім мен тәрбие беру уақыт талабы. Ұлтыңды ұлттық санаға, ұлттық рух пен намысқа жетелейтін білім мен тәрбиенің, тағылымың болмау — қазіргі таңда экономикалық апатқа ұшыраумен тең. Ел экономикасының даму дәрежесі ондағы халықтың білім дәрежесіне тікелей байланысты. Сапалы этномәдени білім — ұлттық дамудың кепілі. Қазақ ұлтының білімін көтеру мен тәрбиелеу мемлекеттік идеологиямызда өз орнын алуы керек. Жалпы алғанда, біздің еліміздің идеологиясының басты мақсаты — Қазақстанда қуатты мемлекет құру, тәуелсіздігімізді нығайту.

*— Елдіктің ертеңіне қызмет ететін идеологиялық ізденістер бар ма? Ұлттық идеологияны қалыптасыруға не кедергі болып отыр?*

А.Т.: Мен Ұлттық идея туралы жоғарыда айтып кеттім. Енді сіздің сауалыңызға қатысты айтайын. Ұлттық идея деген ой төңірегінде пікір алмасу мен пікір таластардың қазақ ортасында жүріп жатқанына біраз уақыт болды. Ол табиғи құбылыс, ұлттың өзінің дербес екенін сезінуі. Ұлттық идея, халықтық идея, оның негізгі мақсаты — ұлт болып бірігу. Ол сонымен қатар ұлтты жетілдіру жолы да. Ендеше ұлттық идеяны ұлттық мүддеден іздеу керек. Көбіне ұлттық идеяны іздеушілер өздерінен ілгерілеп кеткен елдердің қатарына жету мақсатын қойып, соған жеткізетін ұлттық идеяны табу арқылы бәсекелестігін күшейтіп, өзін-өзі алға шақырып, өз мүддесін басқаға таптатпау жолын іздейді. Біздің бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылу идеямыз да осы. Бұл жолды тапқандар сол идеясының арқасында үлкен жеңістерге жетуі мүмкін. Оған мысал, кезінде

Ататүрік негізін салған түрікшілдік идеясы. Жалпы алғанда қандайда болмасын ұлттық идея ұлт мүддесінен туындайды және оның болашағын қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Қазіргі уақыттағы басты идея — мемлекетімізді нығайту, оның қауіпсіздігін сақтау. Мемлекет қауіпсіздігінің негізі халқымыздың түсіністігінде, бірігуінде, ұйысуында. Бұл істе қоғамымыздың 70 пайызға жақынын құрайтын қазақ ұлтының рөлі зор. Бізге парасатты қазақ идеясы, содан соң қазақстандық идея керек. Мен парасаттылық деп бекер айтып отырғаным жоқ. Елдің орнын анықтайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіш десек, соған жеткізетін парасаттылықпен жасалған жасампаз іс-әрекет. Ондай ұлт өзін-өзі сыйлайды және өзгелерге де өзін сыйлата алады, өйткені олармен тіл табысады. Ендеше, ұлттық идея ұлтты ұйыстыратын идея болуы керек, «Бөлінгенді бөрі жейді» — деп халқымыз бекер айтпаған. Қазақта: «халық қаласа — хан түйесін сояды» деген сөз бар. Халық қалауы деп отырғанымыз қандай да болмасын идеяның төменнен өрбуі, қажеттіліктен туындауы. Төменнен пісіп жетілген идея-халық мүддесінен, бүгінін, ертеңін, кешегісін ойлағаннан туатын идея. Сол идея жоғарғы жаққа жетіп және қолдау тауып отырса, көпшілік мүдделері ескерілсе ғана халық өз көсемдерінің артынан ереді, оны қолдайды. Ендеше, қолдан көсем жасаудың да, ұлт көшбасшысы туралы пікір қалыптастырудың да бүгінгі қоғам үшін қажеті жоқ.

Бұл күнде Қазақстан егемен ел атанды. Егемен елдің ендігі сара бағытын ұлттық идеясы айқындайтын заман келді. Ел болу үшін бірлік керек, ел бірлігі ұлттық идеяның ұйытқысы, бірлігі болмаған жұрт ел бола алмайды деген оймен толық келісемін.

— *Ұлттық рух пен намыс көтерілмей, ұлттық сана қалыптаспай, ұлттық мүдде қорғалмай, ұлттық ұйысудың биік деңгейіне көтеріле алмасымыз анық. Ал, ол ұлттық тәлім-тазылымға, білімге, парасатқа тәуелді. Бұл бағыттағы істерге көңіліңіз тола ма?*

А.Т.: Жалпы біздің қазіргі Қазақстанды мекендейтін ұрпақ, ел-жұрт бір үлкен құбылыс кезінде өмір сүріп жатыр. Өйткені, тарихта адамзаттың көптеген ұрпақтары ғасыр алмасуларын көрді. Ал мыңжылдықтардың алмасуын көру — біздің замандастарымыздың пешенесіне жазылыпты. Мұндай уақыттарда үлкен әлеумет-өзгерістер

мен жаңа бағыт-бағдарлар болатынын адамзат тәжірибесі жоққа шығармайды. Екінші мыңжылдықтың таусылар шағында қазақ ұлты ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігімен қауышты. Тәуелсіз мемлекетті қалыптау, тәуелсіздігімізді сақтау өз кезегінде елі мен жерін сүйген, өзін отаншылмын деп есептейтін, ұлттық қадір-қасиеттерді бойына сіңірген ұрпақты қажет етеді. Өйткені, бірнеше ұрпақтың санасына сіңген интернационалистік рух, қазақ халқының ұлттық, отаншылдық иммунитетін әбден әлсіреткен еді. Оларда егемендік қасиет пен ұлттық сезім-түйсік өте төмен болды, одақтың ыдырауын трагедия санады. Кейін солар жаңа соқпаққа түсіп алып, жаңа заманға өмірін ыңғайлайды. Ұлттық санадан, ұлттық рухтан ада олардың ойында мемлекетшілдік рух та болмады. Нәтижесінде қара бас қамын ойлап әртүрлі әдістермен баю жолына түсті. Бүгінгі елді жайлаған коррупцияның бастауында да солар тұрды. Ал оларды заң жүзінде тәртіпке шақырып, тексеріп, қыспаққа ала бастағанда бірі мұхит асып шетелге қашып, бірі басқадай бас бағу қамына көшті. Бұл ұлттық рухтың, ұлттық сананың кемшіндегі ғана емес, отаншылдық сезімнің де жоқтығы. Ендеше, біз осыларды жас ұрпақ бойында қалыптастыруға бағытталған қадамдар жасауымыз, этномәдени білім мен тәрбие беру арқылы ұлттық рухымызды тіктеуіміз керек. Рух—әрбір адамның әлеуетін ашатын, көптің қуатын ортақ арнаға қосатын халық даналығының жиынтығы, еркіндіктің түрі.

Егер біз жастарды этникалық білім мен тәрбие тұрғысынан өмірге даярласақ, олардың көкейіне ұлттық рух сепсек, біз ұлттық рухы бар ел боламыз. Ал ұлттық рухы бар ел өз ерлерін, өз әлеуметін қорлатпайды, қайта қорғайды. Атам қазақ бұны білген, олардан кейінгілерге «бөріктің намысы бір», «өсер елдің жігіті бірін-бірі батыр» — дер деген сөз қалған.

Ұлтқа рух беретіндер тектілер. Тектілік қасиет. Этномәдени тәрбие тектіні, дарынды, дананы, талантты құрметтеуге үйретеді. Өйткені: «Ақниетті, ақжүректі тектілер, жұртын қолдап, елді ұшпаққа жеткізер» — деп Жүсіп Баласағұн айтқандай ұлтты ілгерілететін солар. Ондай ірі тұлғалар, кейде қарапайым сана өлшеміне сыймай да жатады. Ұлттық рух жоғалуының бір белгісі — ұсақтық, уақтық, көреалмаушылық. Ал мұндай келеңсіздіктер надандарға,

тоғьшарларға, топастарға тән. Міне, осындайлар 30-шы, 50-ші жылдарда ұлт зиялыларын, рухты тұлғаларды әбігерге түсірді, үлкен бір бөлігінің түбіне жетті. Ондайлар арамызда әлі бар, алда да болады. Оларға қарсы тұра білу үшін де біздің этникалық біліміміз бен білігіміз, ішкі рухани құндылығымыз болуы керек.

Ұлттық рухтың құнын түсіретін тағы бір нәрсе қазаққа тән емес құбылыстардың көптеп етек алуы. Олар жағымпаздық, жарамсақтық, жандайшаптық, пайдакүнемдік, дүниеқоңыздық, мансапқорлық. Ал бұның арғы атасы тексіздік.

Ұлттық білім, рухани сабақтастық негізі. Этностар дамуында оның дүниетанымдық, рухани көздерін елемеу-ұлтсыздандыруға апаратын жол. Қазіргі жаһандану заманында бұл өте қауіпті жол. Сондықтан әңгіме әлемдік білім беру жүйесін көшіріп алуда емес, қажетімізше пайдалануда болуы керек. Осы орайда, тағы бір айтарьпымыз, бізге жеделдетіп шетелдердің оқу технологиясына көшкеннен гөрі, жалаң білім беруден, білікке көшкеніміз жөн. Біздіңше, «білім— мыңжылдық емес, білік — мыңжылдық». Ендеше, жастарымызды біліктілікке жетелейтін этномәдени білім арқылы, ұлттық тіліміз бен ұлттық мәдениетіміз арқылы, қазақи болмысымызды қалыптауымыз керек.

Білім беру ісі — ұлттық рух пен мәдениет дамуының ең негезгі іргетасы, ұлттың өмір сүруі үшін де, халық тағдыры үшін де аса қажетті шарт. Ел егемендік алған күннен бастап, қалай оқимыз, қайтып оқытамыз, кімнен үлгі аламыз т.б. сияқты мәселелер төңірегінде көп толғаныс болуы да сондықтан.

Бүкіләлемдікғаламдасукезінде түп тегімізде бар бейімделе, үйрене білу, сыйласа және сыйлата білу қасиеттерімізді де ұмытпағанымыз жөн. Алдыңғы буын өкілдерінде бұндай дәстүрді ұстану бар еді. Рулар арасындағы «ата баласы», «аға баласы», «қара шаңырақ иесі» деп орын ұсыну, қала берді тектілерді құрметтеу, жақсылар мен жайсаңдарды сыйлау алғы қазақтардың моральдық ұстанымдарының бірі болған. Осыны көре қалған ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялылары Шоқанды, Абайды т.б. зор құрметтеген. Мәселен, Ахмет Байтұрсынов, Абайды қазақтың Бас ақыны десе, Мағжан Жұмабаев Алтын хакім деп дәріптейді. Олар бір-бірін өзара да аса құрметтеген. Сондағы өлшемдері жеке тұлғаның ел, халық алдындағы беделі мен қажыр-

қайратын жұмсап атқарған игі істері болған.

Ал бүгінгі күні біз тұлғаны шенеуніктің дәрежесі мен адам парасатын отырған креслосымен өлшейтін халге жеттік. Құрметсіздердің «Құрмет» орденімен, парасатсыздардың «Парасат» ордендерімен марапатталып жатқандары қаншама?! Бұндай көріністердің жастар санасын уламауына ешкім де кепілдік бере алмайды, ұлттық намысын жасытпаса, ұлттық рухын түсірмесі, көтеруге қызмет етпесі айқын. Бұндай ортада елдіктің тұғыры — жоғары мәдениет те қалыптаспасы хақ. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұлы күш — рухани қуат-жігер, елдік парасат, таным, патриоттық сезім де болмайды. Бұларсыз ғаламдасу тұсында егемендігімізді, елдігімізді де көрсете алмаймыз. Олай болса, қажетіне қарай ежелгі дәуірдегі қадір-қасиетімізді бүгінгі күнге үлгі етсек артық болмас.

Ұлттық идеологияның маңызды компоненттерінің бірі — ұлт мүддесін қорғау. Ұлт мүддесін қорғамасақ, біз өз ұлтымыздың қалыпты дамуын қамтамасыз етіп, оның әртүрлі мазмұндағы сыртқы «шабуылдардан» қорғаныс қабілеттерін күшейте алмаймыз. Ұлттық намыс үнемі қорғауды қажет ететін намыс. Бұл жерде бізге ешқандай да босаңсуға болмайды. Қазіргі қоғам — идеологиялық күрестің қоғамы. Сондықтан біздің мемлекеттік тіліміздің, ортақ дініміз бен наным сенімдеріміздің және Қазақстанның мемлекеттілігі идеясының төңірегінде топтасуымыз маңызды.

Өзіне сенімді адам ғана өз көзқарасын қолдай алады, өзгелерге өз пікірін білдіре алады. Демек, ұлт мүддесін қорғау үшін әуелі өзіміз мықты болуымыз керек. Қазақ ғылымы, қазақ тілі, қазақ өнері, қазақ әдебиеті шын дарынның жоғары үлгісі болса, сонда ғана оны айрықша намыспен қорғауға болады..

Ұлттық санасы қалыптасқан адам кез келген мәселеден сырт қала алмайды, сөйтіп бүкіл халық болып ел қамын, ел мүддесін ойлайды. Алайда, ұлттық сана халық мәселесін көтеруге ғана қауқарлы болғанмен, оны шешуге келгенде дәрменсіз, ол үшін сапа керек. Ол сапа — азаматтықты іс жүзінде асыруға бірден-бір қауқарлы да жігерлі ұлттық парасат. Парасат болмай, ұлттық бірлік те болмайды, ешбір ұлттық асу алынбайды. Ендеше, парасаттыларға деген құрметтің кемшіндігін, сыйлаудың тапшылығын біліктілік ньшаны деуге болмас. Жеткілікті дәрежеде парасатты

ұлт өкілдері қай мәселеде де мүмкіндігінше дұрыс шешім қабылдайды, сөзінен ісі алда жүреді. Ендеше ұлт парасатын көтеру керек. Оны дамытудың басты тәсілі, ұлтты жүйелі ойлау дәрежесіне жеткізу болмақ. Қай мәселені шешу де оны жүйелі түрде ойлап, ұйымдастыруға байланысты. Ал бұл этномәдени білім мен тәрбие беру арқылы ғана жүзеге асады.

Ұлттық парасат әр уақытта ұлттың зиялы қауымының әрекетінен көрінген. Әр саладағы зиялы қауым өкілдері өз міндетін жүйелі құра отырып, іске асырса, ұлт тағдырын шешу соншалықты қиын емес. Ал, біздің зиялы қауымның бірқатарының ауызбірлігінің жоқтығы немесе зиялыларды әдейі көрмеу, танымау ол әркім айта беретін ұлттық мінездің кесірі емес, билік басындағы өзінше зиялымын деп отырған қауымның парасатының кемшіндігінен.

– *Біз Кеңестік кезеңде көптеген ұлттық мұрамыз бен рухани құндылықтарымыздан көз жазып қалған халықпыз. Жастарымыздың ұлттық құндылықтарға көзқарасын қалыптастырмай тұрып ұлттық ұйысудың ертеңінің іріесін бекем бекіттік деп айта аламыз ба?*

А.Т.: Өркениетті елдерде тарихи ескерткіштерді қорғау, тарихи жадын сақтау ісі әрбір адам мен бүкіл қоғамның жеке ісіне айналған. Әркім оған ұлт символы ретінде қарайды, надандық жайлаған, осыны ұғынбаған елдерде олай емес. Ендеше, біз бұл саладағы кемшілігіміздің себебін тарихи тамырымыздан мүлдем қол үзіп кеткендігімізден емес, болмаса, мәңгірттігімізден емес, әлі де толыққанды өркениетке қол жеткізіп, мәдениетті елге айнала алмай жатқандығымыздан іздеу керек болар. Біздің азматтарымыз үшін тарихи құнды дүниелерді қирата салу, оның орнын жаңа сауда-саттық үйлерін, іс-әрекеті қажетсіз клубтар салу ештеңе емес. Алматы, басқа да қалалардағы бұндай жағдайлар туралы кезінде ақпарат құралдары арқылы айтылды да, жазылды да. Бұл тарихи мұрағаттарымызды бағаламау, асылымыз бен қымбаттымызды ажырата алмау және бағалай білмеу.

Ендеше, өркениет мәдениеттің дамуының қозғаушы күші. Мәдениет барлық уақытта өркениеттің даму деңгейіне сәйкестенуге ұмтылады. Кезінде Канттың Еуропа мәдениетін: «біз шамадан тыс өркендеп кеттік, бірақ жеткілікті дәрежеде мәдениетті емеспіз» — деп бағалауы

да содан болса керек. Біз мәдениетіміз бен рухани дүниелерімізге өркениетті адам тұрғысынан қарай алмай жатырмыз, яғни, мәдениетті дамыту үшін мәдениетке мәдени көзқарас қалыптаспай жатыр.

Бұл тұрғыдан алғанда елімізде жүзеге асырылып жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасын ерекше атағанымыз жөн. Бағдарлама аясында әлеуметтік-гуманитарлық, әдеби-мәдени, рухани салалар бойынша шығып жатқан еңбектер ұлттық рухани құндылықтарымыздың жай көрінісі, немесе, жүйеленген түрі ғана емес, халықтың рухани тарихы, рух бейнесі, көрінісі. Олардың бәрімізге, әсіресе жас ұрпаққа берері мол. Ұлттың әрбір өкілінің төл мәдениеті мен салт-дәстүріне деген қатынасы ұлттың келбетін айқындайды. Әркімнің ұлттық мүддеге деген сезімі берік болса, ұлттық келбетіміз де соғұрлым биік болмақ. Әсіресе бұндай қасиет ел басқаруды сеніп тапсырған азаматтардан ерекше талап етіледі. Сондай-ақ бұл бүкіл ұстаздар қауымына да сын. Қазіргі жастар бойындағы ұлттық құндылықтарға деген қызығушылық мектеп қабырғасынан басталуы керек. Жаһандану заманында біз сияқты жас мемлекеттерге өз төлтумалылығымызды, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлауымыз бен кейпімізді сақтап қалуымыз маңызды болып отыр. ХХІ ғасырда басқа елдермен бәсекеге түсе алатындай рухы биік мәдениетімізді қалыптастырғанымыз жөн. Өйткені, рухы мен мәдениеті биік, танымы мен тағылымы тұтас халық пен мемлекеттің болашағы да жарқын болмақ. Олай болса, тылсым заманнан келе жатқан, ата-бабадан мирасқа қалған рухани саладағы жиғандарымыз бен тапқандарымыздан айырылып қалмай, керекті тұстарын кәдемізге жаратып, жаңаның пайдалысын алып, зияндыларынан сақтана білсек, жаңа заманда ұтылмай, әлем қауымдастығының арасынан лайықты орнымызды табарымыз күмәнсіз. Бұл бір жағынан жастарымыздың ұлттық құндылықтарға деген көзқарастарын да қалыптастырады.

Қандай қоғам болса да жастар арқылы биологиялық және рухани жаңарады. Бүгінгі күні жастардың көп бөлігі білім алуда. Қазіргі білім берудің қалыптасуының ұзақ тарихы бар. Оны тану, оның тарихи даму кезеңдерін білу қажеттілік. Ал бұл өз кезінде білімнің генезисіне, оның өткен шағына, осы шағына және болашағына, басқаша айтқанда



*білім философиясына* көңіл аудармай азаматтық біліміміз де толық болмайды деген сөз.

Сонымен қатар, жаңа замандағы адамды тәрбиелеу қазіргі білім ордалары алдында үлкен міндеттер қояды. Әр заманның өз қаһармандары болған. Мұндай дәуір мойындайтын тұлғалар, бүгінгі азаматтық қоғам жағдайында да ауадай қажет. Әзірше мұндай еліктеуге тұрарлық өнегелі тұлғалар аз болып тұр. Посткеңестік дәуірде бұрынғының бәрін мансұқ ету жастардың бойында нигилизмді, күдікшілдік сезімдерді бекіте түсті. Оларды мұндай сезімнен арылту – бүкіл қоғамның міндеті.

Жақсыға еліктеп, өміршенді өнеге тұтып, оны өз табиғатына жерсіндіру үшін де білім мен білік, тағылымды тәрбие керек. Ал, ондай болмаған жағдайда әркімнің жетегіне ілесіп, айтағына жүріп, тура жолды таба алмай әуре-сарсаңға түсуіміз әбден мүмкін. Білімсіздіктің, надандықтың тек ел ішінде әлеуметтік келеңсіздікке әкелмей, жалпы еларалық қатынастарда да ұлттың есесін жіберіп алуына соқтыратынын терең түсінгеніміз жөн.

Бүгінгі ел мен ел мидай араласып кеткен заманда, Қазақстан жерінде шетел инвесторлары мен азаматтары күн санап көбейіп келе жатқанда, елдің қамсыз отыруын құптау мүмкін емес. Әсіресе, бұны бүгінгі білім алып жатқан жастарға ерекше түсіндірген жөн. Біздің жастарымыз өз мамандықтарын толық игерген, шетелдіктермен бәсекелесе алатын мамандық иелері болуы қажет. Сонда шетелдіктер біздің кәсіби деңгейіміз туралы әрі-сәрі әңгіме айта алмайды. Қазақта: «Біреудің жоғын біреу өлең айтып жүріп іздейді» деген сөз бар. Ал қазіргі уақытта біздің тапқаньмыз, алда да табатынымыз көп пе, әлде жоғалтқаньмыз көп пе? Бұл өте қиын сұрақ, күрделі мәселе. Ендеше біз жан-жағымызды барлап, пайымдап, ғылыми да, саяси да сараптан өткізіп барып шешім қабылдауымыз, келісімге келуіміз керек. Ұлтыңды, оның құндылықтарын ұлықтау, қорғау және жетілдіру, оны жалпыадамзаттық құндылықтардан бөлектемеу – бұл да ұлттық ұйысуға апаратын жолдардың бірі.

– Сөзіңіз аузыңызда, этномәдени тәрбие этнопеддагогикаға тәуелді? Ғылымның бұл саласының дамуы қай деңгейде?

А.Т.: Тәрбие мәңгілік және жалпыадамзаттық. Алайда қай халықтың болмасын бұл салада өзіне ғана тән

ерекшеліктерімен дараланып тұратын үлгілері болады. Бұл ерекшеліктердің негізін халық ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа мирасқа қалдырып отырады. Егер оларды жай хронологияға көшірер болсақ қазақ жері мен еліндегі ғасырлар бойы қалыптасқан ғақлиятты үйрету, тәрбиелеу, оқыту жүйелерінің даму диалектикасын да түсінер едік.

Қазақ топырағында қалыптасқан ғақлиятты ой кешу үрдістері ұлтымыздың өзіндік ұлттық философиясын, педагогикасын, психологиясын, жалпы дүниетанымы мен талғамын қалыптастырды. Олар ұрпақтан-ұрпаққа жетіп жалғастығын тауып отырды. Сондықтан қазіргі оқу-тәрбие процесінде біз құбылыстан мәнге, қарадүрсіндіктен теориялық санаға, оқуды білікпен ұштастыруға бетбұрыс жасауымыз керек. Өйткені, қазіргі республика мектептеріндегі бұл мәселені түсінуіміз құбылыс, көрініс, қарабайыр түсініктер мен ұғымдар деңгейінен аса алмай жатыр. Жеке пәндер арқылы теориялық негізде ұрпақ санасына сіңуге тиісті этномәдениеттік өркениетіміздің әзірге өрге баса алмауы да осыдан.

Бұл тұрғыда ауызға алынып ұстаздар қауымы арасында теориялық жағынан тиянақтауды қажет етіп тұрған бірден-бір бағыт — халықтық ойлау, үйрету үлгілері мен тәрбиелері, олардың ұлттық ерекшеліктері мен біліктері туралы рухани мұраларында көрініс тапқан үлгі-ұғымдары болмақ.

Кеңес үкіметі тұсында-гуманитарлық ғылымдар «европоцентристік» тенденциялар тұрғысынан дамып қана қойған жоқ, жеке оқу құралдары да осы бағытта жазылды. Дүниежүзілік өркениеттің бір бөлігі Шығыс ұмыт қалды, еске алына қалса айтулы тұлғалардың аты-жөні жақша ішінде көрсетілуден аспады. Ал түрік дүниесі ол шіркіндердің түсіне де кірмеді. Біздің университетте оқылған философия, педагогика, басқа да әлеуметтік-гуманитарлы пәндерінің тарихтары осындай методологиядан қатты зардап шекті. Әлемдік әдебиетті оқыту да осы тенденциямен келе жатыр. Ендігі мақсат — қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарды оқытуды этникалық сәйкестілікпен ұштастыру болмақ. Мәселен, «Философия тарихы» пәнінде Шығыс, Түрік ойшылдарын кеңінен бағдарламаларға кіргізіп, жас ұрпақ танымен кеңейту парыз. Ал «Тәрбие жұмыстарының әдістемесі» сияқты пәндерді халық педагогикасына негіздеп, еліміздің этникалық ерекшеліктері мен салт-дәстүрлеріне практика жүзінде келу абзал. Бұл пәннің теориялық негізін

студенттер жаңа курс «Этнопедагогикадан» белгілі мөлшерде ала алады. Айта кету керек, жоғарыдан қолдау таппаудан ба, болмаса халқымыздың қанына сіңген енжарлықтан ба кезінде жаппай ашылған этнопедагогика кафедралары Республикамыздағы оқу орындарында түтелге жуық жабылып қалған, болмаса жалпы педагогика кафедраларында ескерусіз, елеусіз пән есебінде қалып қойған.

Этномәдениеттік білім — жалпыадамзаттың өркениет пен адамгершілік тәрбиеге негізделген. Осы тұрғыдан алғанда болашақ мамандар бойында моральдық адамгершілік сана, әдеп пен мәдениеттілік үлгілерін қалыптастырудың, өз ісінде оны пайдалану мүмкіндіктері туралы тәжірибе жинаудың зор маңызы бар.

«Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында»: *«этникалық – мәдени білім – ана тілі мен төл мәдениетті, әлемдік құндылықтарын қоса игеруге бағытталған білім»* делінген. Ендеше, алдағы үлкен мақсаттардың негізгілері: мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасын дамыта отырып, оның педагогикалық теориясын жасау; мәдени-этникалық білім берудің педагогикалық тәжірибелерін қорыту; мәдени-этникалық білім беруді өмірге енгізудің механизмдерін жетілдіру болмақ. Өз кезегінде бұлардың әрқайсысын дамыта зерттеп-зерделеу уақыт талабынан туындап отырған іс. Әрине, бұл жол қиын жол, ол біздерден тек мамандық бойынша бірыңғай білім беруді емес, саналылық пен сауаттылықты, зеректік пен іскерлікті, зиялылық пен зор интеллекті, әсіресе, шыдамдылық пен төзімділікті қажет етеді.

Жалпы тұрғыдан алғанда, білім берудің қалыптасқан үш деңгейі бар: Жалпы стандарт; Кәсіби білім; Рухани білім. Кез келген бағдарламада, оның ішінде бізде де бірінші, екінші деңгейлерге басымдылық беріледі. Нарықты экономика жағдайында, ол дұрыс та шығар. Бірақ, адам бойындағы құндылықтарды тұрақтандыратын рухани бағытқа жеткілікті назар аудармай болмайды. Министрлік тарапынан жиі айтылатын «ұлттық моделдің» мақсаты ұлтымыздың нағыз азаматын тәрбиелеу болса, кәсіптік дайындық адамның азаматтығына қызмет ететін тетік қана. Сондықтан, бағдарлама алдымен адамның рухани дүниесінің кеңеюіне мүмкіншілік туғызатындай бағытта жұмыс істеуі керек. Бізде кәсіптік білім негізгі бағдар ретінде

ұсынылады. Оныңмыз негізінен батыстық үлгі. Батыстық үлгі дегеніміз — оқытудың технологиясы. Әрине, ол керек. Бірақ, ол технология адамның рухани дүниесіне жеткілікті мән бере бермейтін, бағдарлық қалыптан шыға алмайтын әдіс. Онда адам құндылығын қалыптастыру жанама бағдар күйінде қалып қояды. Қазір ұлттық сананың өсу кезеңінде адамның рухани дүниесін байыту көкейкесті мәселеге айналды. Себебі, руханилық азайған сайын өмір қаталданып барады. Өмір мен ортаға деген салғырттық пен мейірімсіздік — жастардың рухани кедейленуінен. Таза кәсіби біліммен шектеу — адами қатынастардың жаттануына әкеледі. Ал қоғам мақсаты бұған қарама-қарсы. Адам робот емес. Міне, осы өткір мәселе ескерілуі керек. Бір кездері, марқұм Ғ.Ж.Нұрышев ректор болып тұрғанда Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында оның бастамасымен және тікелей қолдауымен институтта біраз уақыт бойы білікті мамандармен «Этномәдени білім мен тәрбиенің өзекті мәселелері», «Қазақ болмысы», «Абайтану», «Жаһандану және білім беру мәселелері» арнаулы курстары оқылып, институт жанынан «Этномәдени дәстүрлер және білім беру үрдістері» ғылыми орталығы ашылды. Ол орталықтарда институт қол жеткізген нәтижелер сарапталып, алынған тәжірибелер негізінде облыстық кадрлардың білімін жетілдіру және қайта даярлау институтында лекция оқылды. «Білім мен тәрбие беру үдерісіндегі этномәдени құндылықтардың маңызы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Орталықтың іс-тәжірибесін қорытындылаған «Этномәдени білім мен тәрбие» атты жеке оқу-әдістемелік құрал баспадан шықты. Ал кейінгі келген ректорлар оны қажетсіз деп тауып, орталықты жауып тастады, студент жастар танымын толықтыратын жоғарыдағыдай тақырыптарға лекциялар да оқылмады. Ендеше, бұндай игілікті істердің ілгерілеп кетуі оқу орны басшыларының іскерлігі мен түсініктеріне тікелей байланысты. Ал олай болмаса ше?!

Бізде білім саласында осыған дейін қалыптасқан ұлттық тәжірибе мол. Оны дұрыс бағалай білуіміз керек. Бұл мәселенің практикалық маңызы да зор. Өйткені, жаңаның бәрін жақсы екен деп, өз құндылығымызды жоғалтып алмасақ болғаны. Егер осыны түсінбесек, үлкен қателіктерге ұрынарымыз анық. Бұрынғы тәжірибеде көптеген жетістіктер бар. Нақты айтар болсақ, ол білімді дамытудың адам

мәдениетімен ұштастыру жағы. Ендеше, қазір мәдениет білім берудің құрамдас бөлігіне айналуы қажет. Онда білімнің біздің қоғам үшін құндылығы арта түседі.

Қазақстандық білім ең алдымен өз отанымыздың игілігі. Әрине, әлемдік білім беру мүмкіндіктері мен жетістіктеріне ұмтылыс – заман талабы. Бірақ, осы жолмен шамадан тыс әуестену біздің болашағымызға кері әсерін тигізуі мүмкін. Себебі, маман қай елде болсын маман. Талантты адамдарға деген сұраныс әлемде өте жоғары. Ендеше, жас буынның ғылыми және кәсіби деңгейіне ғана көңіл бөліп, рухани дүниесінің ерекшелігіне көңіл бөлмесек, онда дамыған шетелдер үшін мамандар дайындап жатырмыз дей беруге болады. Ол жақтағы өмір сүру деңгейімен біздің мемлекетіміз теңескенше, талай дарыннан ажырауымыз ғажап емес. Ал Отаньнан жырақ жүрген адамның «елім-жерім» деп, аңсары ауганымен өз халқының мүддесі үшін күрескенін көргендер де аз.

*– Әңгіме арасында тарихқа көзқарас, тарихи сананы қалыптасыру этномәдени тәрбие беру арқылы мүмкін болмақ деген ой айтып қалдыңыз? Енді осы тарапта ой өрбіте кетсеңіз?*

А.Т.: Қазір тарихты жазу, оны дәріптеу дұрыс бағытта деп айту шын ғылымға қиянат болар еді. Қазір кім көрінген тарихшы болып кетті. Оның басты себебі – шығып жатқан кітаптарға, оның ішінде ғылыми еңбектерге де цензура жоқ. Осыдан келіп жалған шежірешілер, тарихшылар, әулетін, арғы-бергі тарихын жазғыштар көбейіп кетті. Тарихты білу өзіңнің ұлтыңды білу, тарихқа көзқарасың қалыптасу, тарихи санаң болу. Ал әлгіндегідей еңбектер бұларды қалыптастыра ала ма? Бұларға бүгінгі билік басындағыларға жағымпазданып жалған тарих немесе жарамсақ тарих жазып жүргендерді қосыңыз.

Жоғарыда айтылғандардан ой қорытынды жасайтын болсақ, бүгінгі жастар тәуелсіз елдің рухани мәдениетін жалаң алмай, оған үлкен де, ұзақ тарихи үрдіс деп қарап, оның ұлт болмысымен тікелей байланысты екендігін ұғынуы керек және нағыз мәдениетте этноәлеуметтік сипат басым болады. Осы тұрғыдан алғанда, біздің пікіріміз өркениет пен мәдениетті біртұтас құбылыс деп қарайтын түсініктің тиянақсыздығы туралы ғалым-зерттеуші Ақселеу Сейдімбектің пікірімен үндеседі. Өйткені «өркениетті»

«мәдениеттілік» деп насихаттайтын болсақ, бүгінгі жастарымыз өз болмысын өздері жатсынып, әлеуметтік-экономикалық жағынан озық елдерге көзсіз табынып, өзінің төлтума, текті мәдениетін таптап, өзгенің жылтырағына табынатын болады. Осыдан келіп, А. Сейдімбек айтқандай, «тек қана шетелдік пікірді пір тұту, өмірі мен өнерін шетелдіктердің ғана көзімен парықтау, мемлекеттік-ұлттық киелі шараларымыздың мәртебесін шетелден келген жалаңтөс-жалаңбұт әншілердің өнерсымағымен өлшеу» - т.б. етек алады. Ғалымның бұл ойының дау туғызбасы ақиқат екендігін күнделікті өмірімізден көріп те жүрміз.

Адам бойына мәдениет мысқылдап кіреді. Ал рухани мәдениет оқумен, біліммен, өнер-ғылыммен, жүйелі тәрбиемен келетін дүниелік. Бұл алдымен тәуелсіз елдің оқуы мен біліміне, тәлім-тәрбиесіне қатысты. Ендеше, тәуелсіз елдің білімі қандай болуы керек, оның мазмұнына не тән болған жөн. Бұл үлкен стратегиялық мәндегі сұрақтар. Алайда бір нәрсе ақиқат. Ол этномәдени білім мен тәрбие беру арқылы тарихи сана мен таным, көзқарас қалыптастыру, тарихтан тағылым алып отыру.

*- Ғалымдар ел тарихына жаңаша көзқарас керек дегенді жиі айтады. Тарихты тәуелсіз мемлекет, егеменді ел тұрғысынан таразыласақ дейді. Мұнда этномәдени тәрбиенің рөлі қандай болмақ?*

А.Т.: Өркениетті деп жүрген алыс-жақын шетелдер тарихына көз салсақ, ХХ ғасырдың аяғына қарай олардың бірқатарында айтарлықтай білім реформалары жүрген. Ал, біз болсақ бұл тұрғыда әлемдік деңгейге жету, үйрену, қабылдау қамында жүрміз. Осы мақсатта белгілі дәрежеде құжаттар да қабылдадық. Бірақ, біздің ойымызша, осылармен қатар жүргізілуге тиіс бір нәрсені қалыс қалдырудамыз. Ол жастарға этномәдени білім мен тәрбие беру. Сол арқылы оларға азаматтық білім беру ісін жолға қою, ұлттық рухтарын қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру. Жас кезінен бастап «Отан» деген ұлы ұғымның атақоныс, атажұрт, атамекен екенін ұқтыру.

Өркениеттің тұралап қалған, күйзелу кезеңдерінде оның нақты себептерін философиялық (диалектикалық) тұрғыдан пайымдау қажет болады, өйткені бұл уақытта қарапайым сана тұрғысынан түсіндіру мүмкін болмайтын, теориялық сана деңгейінен ойлайтын, айқын, даналық әдістерсіз

қоғамдық құбылыстар өз шешімдерін таппайды. Ал жағдай тұрақты деңгейде болған уақытта дәстүрлі, салыстырмалы түрде жай дамитын өркениетке тура даналықтың (ойдың, ұғынудың, тәлім мен танымның, бағалаудың – А.Т.) өзі керек. Бұл тұста белгілі бір қалыпқа түскен халық педагогикасы мен психологиясының, этномәдениеттік дәстүрдің орны ерекше.

Аталмыш иглікті іске осы тұрғыдан келсек өзінің жаңа даму кезеңін басынан кешіп отырған орта білім беретін мектептердің, арнаулы және жоғары білім беретін оқу орындарының іс-тәжірибелерінде жастарымыздың рухани дәрежелері мен тәрбие деңгейлеріне қойылатын талап пен олардың қалыптасу жүйелеріндегі қайшылықтарды, олқылықтарды жоюға нақты қадам жасауға бетбұрыс болар еді. Өйткені, республикамыздағы бірыңғай европоцентристік тәлім-тәрбиеге негізделген кеңестік педагогика ғасырлар бойы екшеліп, өмір сынынан өтіп келген қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіндегі жинақталған тағылымын, тәлім-тәрбиесін, салт-дәстүрінің озық үлгілерін пайдаланбай, қайсыбір тұстарда оларды құбыжық етіп көрсетті. Бұның өзі жастарымыздың арасында рухани жұтандық пен өз ұлтына жат өрескел мінез-құлықтың етек алып, халқының рухани құндылықтарын өз бойларына сіңірмеген, мән-мазмұнын игермеген нигилист ұрпақтар легін дүниеге келтірді. Олардың бірқатары тәлім-тәрбиелік мәні аз, мағынасы таяз, шетелдік мәдени сарынға, өнер түріне жаппай еліктеушілік пен табынушылыққа бой ұрды.

Қазақ халқы сенім мен иманжүзділікке кеңде болмаған. Сондықтан, жас ұрпақтың болашаққа деген нық сенімін, кезінде әнге қосып «все еще впереди, надейся и жди» деген құр үміт пен қиялға негіздемей, шынайы өмірге негіздеп тәрбие беретін тұстарына көңіл бөлген абзал. Иманжүзділік жастарымыздың болмыстың барлық кертартпа жақтарынан бойын аулақ салуына, ізгілікке, адамгершілікке ұмтылуына, Абайша айтқанда «абай болуына» септігін тигізеді. Біз осыны жоспарлы, тиянақты дәріптей білуіміз керек.

*– Қазіргі қоғамдық дамудағы елдіктің мәселесіне тоқтала кетсеңіз? Ұлттық ұйысудың негіздері бар ма? Оған этномәдени тәрбие берудің барлық мүмкіндіктерін пайдаланып отырмыз ба?*

А.Т.: Елдік сананы қалыптастыруға, ұлттық ұйысуға мемлекет жүргізіп отырған ішкі саясаттың әсері зор. Мұнда айтарымыз, азаматтық сана және патриотизмді насихаттап, тәрбиелеу мәселелері. Осы мәселеде мемлекеттік тілді жетілдіру, оның қолдану аясын кеңейту келелі іс екенін баса айту керек. Бұл елдің бүгінгі мен ертеңіне қатысты, ол ұрпақтар сабақтастығының басты арнасы. Біз кейінгі ұрпаққа елдік, мемлекеттік, мәдени құндылықтарымызды қай тілде жеткізбекпіз? Міне, мәселе осында. Ұрпақтар сабақтастығы – ұлттық, елдік құндылықтардың арнасы. Құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің одан өзге жолы жоқ. Демек, мемлекеттік тілде сөйлеп қана қоймай, сол тілде құндылықтар жасап, оны келесі ұрпаққа мирасқа қалдыратын ұрпақ тәрбиелеу мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыты болуы керек.

Жас ұрпақтың азаматтық тұлға-келбеті мен отаншылдық асқақ сезімдері тек қана білім мен тәрбие барысында қалыптасады. Бұл ретте, атамекен, ел-жұрт, төлтума мәдениет, салт-дәстүр, моральдық-этикалық нормалар туралы білім мен біліктің қайнар көзі қоғамдық-гуманитарлық пәндерде екені, басы ашық ақиқат. Өкінішке орай, пәндерді саралау мен білім мазмұнын айқындауда осы мәселерге ойдағыдай мән берілмей келеді. Қазақстанда қалыптасып отырған жаңа білім жүйесі бойынша жасалған оқу жоспарының мүмкіндігіне толықтай сыймаған, әлеуметтану, мәдениеттану, педагогика, психология, этнопедагогика, этнопсихология тағы басқалары сияқты бірнеше маңызды пәндер жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарында оқытылмайтын, ал оқытыла қалса, сағат саны азайғандығынан куәсі болып жатамыз.

Кез келген білім таным мен тағылымның нәтижесі. Ендеше, білім беру мен тәрбие арасындағы үзіктікті жоюымыз керек. Оқу мен тәрбие егіз ұғым. Ал тәрбие алдымен ұлттық, сонан кейін ғана жалпыадамзаттық. Олай болса, тәрбиеден ада оқу – рухани нысанадан аулақ, патриоттық, отансүйгіштік сезімі жоқ, сыңар езу маман дайындауға соқтырады. Білім мен тәрбие абстрактілі адамға берілмейді. Ол белгілі бір қоғамда өмір сүретін адамға, ұлыс пен ұлттың өкіліне беріледі және оның нәтижелілігі ұлтына, қоғамға келтірер пайдасымен өлшенбек.

Ұлттық қауымдасу – тарихи және әлеуметтік құбылыс.



Бұл процестің бұрмалануы, немесе ақиқаттан ауытқуы ұлттық қауым үшін үлкен зардабын тигізеді. Ұлттық дәстүр мен намыс, дұрыс мағынадағы ұлтшылдық қасиеттерінің бастауы тарихымызда жатыр. Бейбітшілік пен азаматтық келісімге, татулық пен тұрақтылыққа бағышталған қазіргі саясат бәріміз үшін қажет. Біздің ортақ тұрағымыз бар, тағдырдың тауқыметі де ортақ. Киелі мақсатымызды бірге жүрген қатар, аралас өмір сүрген қазақ халқы мен басқа ұлттың өкілдеріне жете түсіндіріп, ой-пікірлеріне қозғау салып, дәлелдеп, мойындатып отырсақ – ұтамыз.

Тарих пен уақыттың сарапшылдығынан туындаған ұлт дәстүрлері өнегеліліктің, адамгершілік пен имандылықтың қайнары, ұлттық тәрбие үшін негізгі арқау. Бұл бағытта да ұлттық дәстүрлер ұлттық мәдениеттің құрылымында өмір сүргендіктен оқу бағдарламаларынан орын алуға тиісі Көп ұлттар мекендейтін елімізде ұлттық дәстүрлер ортақ рухани мәдениет игілігіне айналған жағдайда ғана ұлтаралық сыйластық, достық пен түсіністікке қол жеткіземіз. Тарихи мәдениет пен дәстүрді айтқанда мынадай мәселені ескерген жөн деп санаймыз. Әрбір дәуірдің өзіне тиісті әлеуметі, саясаты, идеологиясы, талап-тілектері бар. Сондықтан, бүгінгі күн, болашақ дәуірдің тек тарихи үлгімен қайталануы бола бермейді. Бүгінгі әлеуметтік тынысымызда тек өткен заманның ұлттық өрнегін ғана жалпыға бірдей міндетті етіп ұсынуға болмайды. Ұлтымыздың ішкі ынтымағына жара салмайтын, бірлігімізді адал сезіммен қиюластыратын өнегелі ұлағатпен айналысқан жөн. Ұлт ардагерлерін аймаққа бөліп дәріптеу, немесе қарама-қарсы қою, салыстыру, бағалау ұлтымызға рухани-психологиялық зиянды зардабын тигізетінін да ұмытпайық. Оған бейімделу – заңдылық. Жақсы өмір сүрудің өлшемі – еңбек. Олай болса, жас ұрпақтың бойында еңбексүйгіштік қасиет дамуы тиіс. Тәрбие жұмысының түп қазығы осы.

Тарихи сабақтастықты басшылыққа ала отырып, егеменді елдің жаңа мәдени-рухани саясатын қалыптастыру және оны іске асыру – біздің міндетіміз. Өтпелі кезеңде мәдени қазынамызды белсенді түрде игеру арқылы ұлттық ділімізді және жаңа санамызды қалыптастыру әлеуметтік, экономикалық, рухани өзгерістерді іске асырудың қажетті шарттарының бірі. Бұл салада бізді үлкен істер күтіп тұр. Соған барлығымыз бір адамдай ат салысуымыз қажет.

Ұлттың дамып өркендеуі — оның әрбір өкілінің қаншалықты және қалай тәрбиеленгеніне тікелей байланысты. Ұлттың әрбір өкілі өзіне сын көзбен қарамаса, ішкі жан дүниесі нұрланбаса, ол ұлттың дамуын күту бекершілік. Қоғамның дамып ілгерілуінде білім беру жүйесінің ықпалы зор болса да, көптеген ұрпақ салт-дәстүр негізінде тәрбиеленбегендіктен күткен нәтижеге қол жету жолында жалғыз білім беру де жеткіліксіз болады.

*- Зиялы қауымның ұлттың ұйысуындағы рөлі мен жауапкершілігі қандай?*

А.Т.: Ғылымға ХІХ ғасырдың 60-жылдары әдебиетші Боборыкиннің енгізген «интеллигенция» термині, зиялылар қатарына жоғары білімі бар, ақыл-ой еңбегімен шұғылданатын әлеуметтік топтарды жатқызады. Бұдан жоғарғы білімдінің бәрі зиялы атануы керек пе деген ой туады. Жоқ, өйтсек бұл ұғымның қадірін қашырар едік. Сондықтан күні бүгінге дейін оған әркім әртүрліше жауап береді. Біреулер зиялы деп сыпайыны, біреулер білімдіні, біреулер ғылым мен өнер саласындағыларды айтады. Ал «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Зиялы — ізетті, әдепті, білімдар. Ауыспалы мағынасында оқыған адам. Зиялылық қуаты — ақыл-ой пәрменділігі. Әр ұлттың, әр қоғамның асыл, ерекше тобын зиялы» деп атайды делінген. Менің ойымша зиялылықты оқығанмен, біліммен шектеу оның толық мазмұнын ашпаса керек. Мәселен, жоғарғы оқу орнын бітірмеген адамдарда да зиялылар бар. Айталық бұрынғы қазақтар. Өйткені олардың тоқығандары көп. Ал бүгіндері оқымағандар жоқ, бірақ межеден шығып жатқандары да аз. Ендеше, еркін ойлы адам ғана нағыз зиялы бола алады және онда сол еркін ойын жеткізе алатын парасат, тұлғалық сана болуы керек.

Менің ойымша, зиялылар билікке қоғамдық пікірді жеткізетін, қалың бұқараның көзін ашып, ірі адамгершілік құндылықтарын жасайтын және оны сақтау жолында күресетін адамдар. Ендеше зиялылар шындықты айтулары, пікірлерін іріктеулері керек. Ал бізде үлкеніміз бар, кішіміз бар, дайын пікір, дайын ойды айтумен келеміз. Ол жауапкершіліксіздік. Ең алдымен өз ұстанымының, өз ар-ұятыңның алдында жауапкершілік болуы керек. Сол жауапкершілік ұлтыңның, қоғамыңның алдындағы жауапкершілікке ұласады. Шындықты айта білу де

өнер, көрсете білу — көсемдік. Зиялы жеке бас мүддесін ұлт мүддесімен сәйкестендіре білу керек. Мұқағалидың: «Айтарын ашып айтқан абайламай, Дарига-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай!» деуі де содан болса керек.

Қоғамда ұлтқа қызмет етудің, халықпен тіл табыса білудің тиімді жолын табуға тиіс зиялылар қауымы болуы керек. Бұл айтылған ой ел бірлігіне, ұлт ұйысуына да қатысты. Өйткені халық мүддесінің жанашыры, жоқшысы, ел серкесі ретінде елдік істерге, бағыт беріп, билікке ықпал етсе, көпке жетекшілік етіп, елге ес болуы зиялылардың парызы. Ал біздің зиялы қауымның көпшілігі ескі ойдың шырмауында қалған, жаңаша ойлауды өздері де игеріп кете қоймаған. Сондықтан біздің зиялы қауым билік тарапынан төрешілік іздеп отырады. Бұл бұрынғы қоғамды жайлаған құлдық психология, колониялық сананың кесірі. Оны жеңу керек. Себебі, халқы түтел орындаушы құлға айналған елде зиялылар қауымының болуы мүмкін емес.

Зиялылардың ішкі рухани бірлігі мемлекет пен ұлттың арман-аңсары жолындағы тағдырлы мәселелер - ұлттық қауіпсіздік пен саяси тұрақтылық тұрғысында да аса маңызды. Бізде сөз бен іс бірлігі әлі аз. Құр босқа бір-бірін мадақтап, алтын уақытын өткізіп, жалтақ көзқараспен аңдысын аңдып, мансап құған зиялы қауым өкілдерін қалай зиялы дерсің.

Біздіңше ел экономикасы өркендеп, ел-жұрттың мәдени-рухани еңсесі де көтеріліп, сонымен бірге әлемдік ақпарат тасқыны әрқилы жат ағымда үдеп келе жатқан уақытта зиялы қауымның қоғамдағы орны мен қызмет етуі ішкі есепке құрылған пендешіліктен, абырой әпере бермейтін ұсақ-түйектен ада болып, туған атамекені мен ұлтына адалдық танытуы ерекше азаматтық парасат биігінен көрінуі, атына заты сай болулары керек.

Зиялы қауым ішінде тыныштық, түсіністік болуы көптеген факторларға қатысты, соның бастысы — ұлттық, елдік құндылықтарын түсінуде, талдауда, насихаттауда биліктің көзқарасы мен мүддесінің зиялы қауым мүддесімен үйлесе бермеуі. Өйткені, нағыз зиялы қауым билік қалыптастырған саясаттан үнемі ілгері болады. Сондықтан оның озық ойлары өз заманында түсініксіз де болуы әбден ықтимал. Алға кетіп сөйлеу де зиялы қауым ішінен шығады. Ендеше оған да түсінікпен қарау абзал.

Көне қазақ қауымына көз салсақ, олардың айта қаларлықтай білімі болмағанымен, бірліктері мол болды. Олар ар мен ұжданьын, иманьын жаньына серік еткен топ бастаған серкелер болды. Кейінгі ұзақ жылғы бодандық, ұлтқа жасалған геноцид халықтың сағын сындырып, серкелерін азапқа салды. Өтірік жаламен халқы алдында қаралау жұмыстарын жүргізді. Бұл сол кездегі биліктің саналы жасалған істері еді. Соның нәтижесінде Кеңестік билік тұсында қалыптасқан «жаңа типтегі» қазақтың «социалистік тұрғыдағы» зиялы тобы дүниеге келді, дамыды. Оны мәңгірттенген халықтың мәңгірттенген зиялы тобы деп танысақ, шындықтан алыс кетпейміз. Өйткені бұлар өзінің ұлттық тарихынан дінінен, ділінен, тіпті тілінен де, ұлттық салт-дәстүрінен де қол үзіп, толығымен ұлтсыздануға бет алды. Осы топ, немесе, солардың соңына ергендер әлі әлі күнге дейін билік басында іс атқарып отыр. Алдымызда олардың дүниетанымын тәуелсіздік заманның рухымен жаңғыртып, халқының мүддесіне басын тіккен нұрлы ақылды алашшыл зиялы топтың деңгейіне көтеру, немесе, өздерінің көтерілу мақсаты тұруы керек. Сондықтан да біздің бүгінгі зиялы тобымыз рухани жағынан алашшыл топтың деңгейіне кетеріле алмай жатыр. Алашшыл зиялылар Абай айтқан «нұрлы ақылдың» жолымен жүрсе, біздің зиялылар әзірше Абай айтқан «суық ақылдың» шылауында жүргендіктен пендешілігі басым, тоғышарлық пиғылдағы қарын қамынан шыға алмай келеді. Осы жаны сірі олқылықтан арылмай зиялыларымыз да, қарапайым қоғам мүшелері де рухани жағынан іштей түлеп, тазарып, мінез-құлық жағынан жаңғыра алмақ емес. Билік басындағылар зиялы топты асықпай сапалы жолға бастай отырып, олардың өнері мен ақыл-ойы арқылы халықты тәрбиелеу жолдарын қарастырып, мемлекеттік идеологияны халық санасына сіңдіруге қызмет еткізуі шарт. Сонда зиялы топ ел бірлігіне де, еліне де адал және азаматтық позиция тұрғысынан қызмет етеді.

*«Егемен Қазақстанның»  
тілшісі Сатыбалды Сәуірбаймен сұхбат*

## ӨЗІН-ӨЗІ СЫНАУҒА ЖЕТКЕН ХАЛЫҚ – БОЛАШАҒЫ БАР ХАЛЫҚ

– Алтай Тайжанұлы, газетімізге берген бір сұхбатыңызда «біз кемелденген ұлт ретінде өз кемшілігімізге өзіміз күле білетін халық емеспіз» деп едіңіз. Өз мінімізді айта алмауымызға не себеп? Бұл олқылықтан қашан арыла алар екенбіз?

А.Т.: Ұмытпасам Сіздің газеттің ол сұрағы – 1 сәуір Еуропа елдерінде *Күлкі күні* деп аталатын күн қарсаңында болды ғой деймін. Және Сіздер ол сұрақты жалпы күлкі туралы емес, «күле білеміз бе?» немесе, «өзімізге өзіміз күле отырып, кемшілігімізді айта аламыз ба?», «өзімізге сын көзбен қарай аламыз ба?» - дегендей мағынада сұрадыңыздар. Мен Сіздердің осы мағынадағы сұрақтарыңа: «Біз кемелденген ұлт ретінде өз кемшілігімізге өзіміз күле білетін халық емеспіз» - дедім. Әйтпесе, жалпы алғанда, қазақ ойын-қалжыңды, әзілді орнымен айтып («Әзілің жарасса, атаңмен ойна» - А.Т.) күле де, күлдіре де білетін халық. Бұларға қоса қазақ өз ойын жанама айтып та жеткізе білген («Ойнап айтса да ойындағысын айтады» - А.Т.). Оны сөз өнері мен сөйлеу мәнерін терең түсініп игерген халқымыз қалт жібермеген. Бұған ұлтымыздың өзара жегжат-жұрағаттығы да үлкен септігін тигізген. Мәселен, жезде-балдыз, нағашы-жиен, жеңге-қайын, бажалар арақатынасы ойын-күлкісіз, әзіл-қалжыңсыз болмаған. Бірақ олар арға тиетін көргенсіз қалжың да, бас мінесу де емес еді. Сонысымен де құнды болатын.

*Күлкі* – іштегі әртүрлі сезім мен көңіл күйді сыртқа шығарудың бір түрі. Ал мынау Еуропада бір нәрсені ажуалай отырып жеткізу тіпті ақылдылықтың да белгісі делінеді. Ол бізде де бар, бірақ өз ойымыздағыны ойнаған болып айтамыз, кісіні қатты ренжітетіндей анайылық пен ашықтыққа бара бермейміз. Ойымыздағыларды ойнап айтқан болып жеткіземіз.

Жалпы алғанда, дәстүрлі қазақ мәдениетінде күлкі мен күлу мәдениетіне үлкен мән берген. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» қағидасы бойынша жастардан үлкендер алдында сыпайы, әдепті күлкі мен қалжыңнан аспауы, кекесінде жол бермеуі талап етілсе, үлкендер де көп алдында одағай-оғаш күлкі көрсетпеген. Әйтсе де кейде қатты, кейде жұмсақ әзіл-қалжыңмен көңіл көтеруді дұрыс қабылдап,

халық арасындағы өнерпаз-әзілкештер мен күлдіргіштерді әрдайым жоғары бағалап, көтермелеп отырған. Қоғамдағы жайсыз жайттар мен соған жол берушілер күлкіге айналдырылып, сынға ілінген. Ауыз әдебиетіндегі Қожанасыр мен Алдаркөсенің бастан кешкендері күлкінің қазақ қоғамындағы орны мен салмағын көрсетеді. «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді» деп білген қазақ халқы әрбір істе күлкіге қалмау жағын қарастырып, «жеті рет өлшеп, бір кесуді» көздеген. Абайдың өлеңдері мен «Қара сөздерінде» күлкі өз алдына жеке категория ретінде қарастырылған.

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,  
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат,  
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік,  
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат»,

- деп келетін өлең жолдарында күлкінің сөз ұғарлық сұхбаттас табылса адамның дертіне дауа, жанына шипа, қайсыбір тұстарда мініңді көруге, түзеуге жәрдемдесетіні де айтылады. Алайда халқымыз орынсыз күлкіге, берекетсіз қалжыңға жол бермеген. Сыпайылық пен сабырлылыққа сүйенетін, тәрбиеге ден қойылатын Мұхаммед пайғамбар (ғ.с.) хадисінде: «Аз күліндер, аз мақтаньндар (мақтандар – А.Т.)» делінген. Яғни, пайғамбар орынсыз көп күлкінің, даңғаза мақтау мен мақтанның абыройсыздыққа ұрындыратынын айтады. Жалпы, руханиятқа, мәдениетке негізделген қоғамда «дарақы мәдениет» үлгілеріне, анайы мінез-құлық пен арзан күлкіге әуес болу, арсыздыққа, жалған сөйлеп аярлыққа жол беру ерсі әрекет болып саналады.

Ал Сіздің сұрағыңызға нақтырақ келер болсақ, жетілген ұлт өз кемшілігін өзі көре білуі керек. Бұл жағынан алғанда өз мінімізді байқап, өз кемшілігімізді ашық мойындау, соны сахнаны, теледидарды, мерзімді баспасөздерді пайдалана отырып әжуа ету жағы, басқаларын айтпағанда іргелес көршіміз орыстардан әлдеқайда төмен. Естіген құлақта жазық жоқ.

Ел арасында қайта жаңғырған соңғы айтыстың «әділ» қазыларын басқарған ағамыз ақындарға билікті мақтандар деп тапсырыс берген, аз мақтағандарына реніш білдірген деген де әңгіме бар. Сонда ол кісі Абайды оқымаған ба?!... Өзіне-өзі күле білмеген, мақтан қуып жүрген адам (ұлт) өзгенің де кемшілігін көре алмайды. Күле білу, кем-кетігінді

көре білу, әртүрлі әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани жағдайлардағы келеңсіздіктерге іштей күйіне отырып, соны сыртқа күлкі (эмоция) түрінде шығару. Жасыратыны жоқ, бұрынғы қоғамда да, қазіргі біздің қоғамда да, көп жағдайларда біз билік басындағыларды бірыңғай жарыса мақтаумен келеміз. Бұл мәселеде алғы, аға ұрпақ алдына жан салмауда. Іштерінде әбден маманданып, машықтанып алғандары да бар. Олардың мақтау сөзін тыңдасаң, оқысаң солар үшін өзің ұяласың. Ал көрші Ресей елінде ондай жоқ. Оның есесіне теледидардан әлеуметтік өмірдің сан-саласын, бұрынғы және қазіргі іс басындағы тұлғаларды әдемі әжуа етіп концерттер, елінің саяси-әлеуметтік, рухани мәселелерін талдап, оған билікке қарсы оппозициялық партиялар өкілдерін де қатыстырып, ел ішінде пікір алуандығын туғызып, бұқараға ой салып, саналарына сілкініс жасатады.

Өзімізге күле білмей, бірыңғай мақтай беруден арылудың жолы — ашықтық пен шынайылық. Қоғамда бірыңғай идеология қалыптаспауы керек. Бірақ біз әлі содан арыла алмай жүргеніміз шындық. Күле білудің тағы бір жолы — адамның өзіне-өзі сенімді болуы. Кемелденген, белгілі деңгейде жетілген адамдар жалтақ, қорқақ, екіжүзді болмай, өтірік айтпай, қоғамды басқарумен де, тәрбиелеумен де айналысуы қажет. Осындай адамдар өз айналасына интеллектуальдарды жинайды, қоғамды алға сүйрейді. Ал әлеуметтік әлеуеті төмен, интеллекттен жұрдай адам шамшыл келеді. Ондай адамдар біреу әзіл-қалжың айтса, оған өкпелеп, ренжіп, сонымен теке тіреске түседі. Бұл мүлдем дұрыс емес. Кезінде «Ана тілі» газетінде белгілі ақын Есенбай Дүйсенбайұлының «Гұлама» деген сықақ өлеңі жарық көрді. Тамаша жазылған. Онда ақын шын мәніндегі Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, А.Машани сияқты гұламалар туралы айта келіп, «Гұлама болды бүгінде Сейіт ибн Қасқабас» дейді, немесе «Бір кезгі басып өксікті, Билікке қойып көпшікті, Жолдасбеков Мырзатай, Гұлама бұл да боп шықты» деген жолдар бар. Сөйтіп, шындықтың бітеу жарасының аузын ашты, көпшіліктің ойын дөп басты. Мұндай сықақ жазу — өте дұрыс және оны жеке адам да, қоғам да дұрыс қабылдауы керек. Кеңес өкіметі кезінде «дружеский шарж» деген болды ғой, сол сияқты. Бұған аты аталған ағаларымыздың шамданғандарынан гөрі, ойланғандары жөн. Сонымен бірге, әзіл-оспақ өлеңдердің

де адамның арына, жеті атасына тимейтін, мәдениетті түрде болғаны дұрыс. Өз мінімізді айта алу, «мақтан қумай, абыройды ойлау» демократиялық азаматтық мемлекетке тән. Соған жетелік.

*- Біз ұлт ретінде қандаймыз өзі? Өзімізге өзіміз бала беру үшін өзгелермен салыстыруымыз керек пе, әлде... Жалпы, қалай болып көрініп жүрміз?*

А.Т.: Сіздің бұл сұрағыңыз қиындау сұрақ. Өйткені, жер шарындағы бүкіл халықтарды бір уақытта, бір мезетте көз алдыңа елестету мүмкін емес. Осыны терең сезінген хакім Абай өзінің терең таным-тағылымдық мәндегі «Қара сөздерінің» бірінде қазақты көрші жатқан елдермен салыстыра сөз қозғайды, өз бауырларының кемшіліктеріне күйіне отырып, терең-терең ойлар айтады. Өзінді - өзің тануың үшін өзгені тану, яғни өзінді өзгенің көзімен көруің керек. Өздерін өзгенің көзімен көргенде ғана халық өзін таниды. Абай осы мәселені талдай келе «қазақ халқының өзі туралы түсінігі шамалы» деген ойқорытындыға келеді. Себебі, сол тұстағы қазақтардың аралас, іргелес жатқан басқа халықтарға деген көзқарастары салыстырмалы, түсініктері үстірттеу болатын. Өзін-өзі таныған ұлт басқа халықтарды да тануға, олардың жақсылықтарын алуға талпынады. Басқа халықтарды танымасак, біз өзімізді кіммен салыстырамыз, кімге жақын, кімнен алыс жүруді қайдан білеміз. Абай осы мәселелерге гуманистік тұрғыдан келген. Сондықтан ол: «сен басқа халықты нашар деп айтар болсаң, ол өзіңнің нашарлығың» деген түйін жасаған. «Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді: «ененді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт» деген осы деп.

Абайдың бұл айтып отырғаны тәжікті мазақ етем деп, қазақ өзін-өзі мазақ етіп отыр, — дейді. «Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, сәудегерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзімен-өзі әуре болып, бірімен-бірі ешбір шаһары жауласпайды. Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ақиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтұғын малыңды кірелеп, сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп



үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық — бәрі соларда...». Абай өзінің қазағына заманының ыңғайына қарай еңбектеніп жатқан халықтарды сенің де тануың керек және одан үйренуің, солар жасаған кәсіпті игеруің керек. Сөйтіп барып өзінді өзің танысың — дейді.

Абай осы «Қара сөзінде», «түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе-шаршап, жаяу жүрсе, демін алады, ноғай дегенше, ноқай десеңші» — деп татарларды, «ауылды көрсе, шапқан, жаман сасыр бас» — деп орыстарды шенеп мәз болатын қазақтарға да күйінеді. Мұндағы Абайдың сынға алып отырғаны өз болмысымен өзгелерді өлшеу және өзіндей еместерді түсінбеу, һәм түсінгісі келмеу. Осыдан келіп ғылымда европоцентризм, ал жеке ұлттарда дүниенің барлығын өз көзқарасы тұрғысынан көру, менікі, яғни біздікі ғана дұрыс, басқалардікі бұрыс дейтіндей этноцентризм пайда болды. Мұның екеуі де адамзатты да, азаматты да көп ілгерілетпейтін іс. Ұлттық сананың қоғамдық деңгейге көтерілмеген кезінде болатын нәрсе. Ал санасы шектеулі адамдар өз білместігінен, ойсыздығынан туған түсінігін де аксиома етіп алуы мүмкін. Алайда Абай, ұлтымызға тән жақсылықтарды да білмей, көрмей отырған жоқ. Ол өзінің даналығының арқасында жақсымызды кім тартып алар дейсің, ұлтымыздың санасын ой салар, ойланар жаққа бұрайын, — дейді. Ендеше, өзін-өзі сынауға жеткен халық — болашағы бар халық. Өз кемшілігін көре білген халық — өскен, есейген халық. Абайдың бұл жердегі даналығы, өз қазағын аяусыз сынап білуі. Абай ренессанстық тұлға, ондай тұлғалар қарама-қайшылықты болады. Оларды бірден түсіну де қиын. Сондықтан біреулер кезінде Абайды осы қазақтың досы ма, жауы ма?! Досы болса неге соншама сынап, мінейді. Өзгеден, әсіресе, орыстан үлгі ал, — дейді. Сонда біздің ұлттың ұрпағына үлгілер тұсы жоқ болғаны ма десе, екіншілері, Абайды өз пайдасына ұтымды пайдаланып, «білім де, өнер де, ғылым да басқада (орыста - А.Т.)» дегені үшін мақтағылары да, жақтағылары да келді. Солай етті де... Ал турасына келсек, бұл Абайдың кемеңгерлігі. Өзге біреу кемшілігімізді көзге шұқыса, ол бізді кемсіту, осыны айтар өзімізден біреудің болуы жанашырлық. Ондай адам — Абай, ол қазақ болғандықтан да өзінің халқына берген сыны басқалардан гөрі әділ. Ендеше, қазақ өзінің

кім екенін өзгелерді бағалай білгенде ғана түсінбек. Осы бағалау барысында ұлт өз танымына таным қосу арқылы түсінігін кеңейтеді, басқа халықтардың білімін, өнерін, кәсібін қажетіне қарай үйренеді және игереді. Рудың шеңберінен, ауылдың көлемінен шығып, ауқымды ойлауға, жаһандық мәселелерге ұмтылыстар жасайды.

Бұрындары қазақтың көбісі елден көп ұзап шықпаған. Көбінің әлем туралы түсінігі өзінің ауыл-аймағымен, әрі барса өзі қоныстанған, көршісі мекен еткен өлкемен шектелетін. Абай ұлтына сенен басқа да халықтар бар, оны да біл, солармен өзінді салыстыр, солардан үйрен, елдің соңы болма – дейді. Оның айтпағы, әңгіме санда емес, сапада, себебі «ақымақ көп, ақылды аз». Ал әлемдік тұрғыдан алғанда бәсекеге қабілетті ұлт болу да оңай емес. Өйткені, әр халықтың өз мәселесі ғана емес, өзіндік ерекшеліктері де бар. Ғылыми әдебиеттер мен хрестоматиялық түсініктерде ол әр халықтың тілінде, дінінде, тұрмыс-тіршілігінде, салт-дәстүрлерінде делінеді. Солай бола тұра олардың санасында жалпыадамзатқа ортақ ұғым, түсінік және де ортақ қадір-қасиеттер де бар. Осы ортақ дүниелер жеке халықтар тұрмысында әрқалай көрінеді. Алайда ол көріністердің бәрі жағымды бола бермейді. Ендеше, солардың пайдалысына жақын, пайдасызынан қашық жүру арқылы ұлт өзінің қадірлі қасиеттерін мольқтыруы керек. Абай: «біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды» - дегенде осыны айтып отыр.

Жоғарыда айтылғандардан кейін, Сіздің сұрағыңызға қарай ойымызды нақтылайтын болсақ, «мың өліп, мың тірілген» ұлтымыздың, тәуелсіз еліміздің ХХІ ғасырда болашағы болады, әлемдік әлеуметтік кеңестіктен ұлтымыз өзінің этномәдени болмысын сақтай отырып, әлем халықтары арасынан лайықты орнын алады деген зор үміт бар. Қиындығы да, қайшылықтары да, толымды істері мен айта жүрер тұстары да болған тәуелсіз даму жылдарымыз оған куә. Енді осы бастаманы алға апарар, ұлтының уызына жарыған, этномәдени аяда өскен білімді де, білікті ұрпақ тәрбиелеу – басты парыз. Жүсіп Баласағұн: «Кісі міні ақылменен күзелер, Халық міні білімменен түзелер» - дегенде осыған меңзейді.

*- Десек те, заманмен, ғаламның ықпалымен*

*айтарлықтай жетіле түскен біздің қоғамда кезінде Абай сынап кеткен кемшіліктердің әлі сол күйі қалуына не себеп? Не өзгеріп, нені өзгерте алмай келеміз?*

А.Т.: Абайдың толық шығармалар жинағы кезінде 1-ақ том болып шықты. Ал біз сол бір кітап туралы сандаған диссертациялар, көптеген кітаптар жаздық. Сонда да жетістіре алмай жатырмыз. Сөйтсек, біздің түсінбей жүргеніміз таным мен танудың толассыз процесс екендігі. Бұны біз біраз зерттеушілер айтып жүргендей Абайша ойлау дейміз бе, мәселеге жоғарғы парасат пен таным биігінен қарау дейміз бе, бәрі — бір-бір кем дүние. Ал қоғам талабы өз дегенін істетпей қоймайды. Абай сол талапты жүзеге асырушы ретінде, өз қандастары мен тұтастарына талап қоя білді, сынады.

Абай 1-ші қарасөзінде өз қоғамының өзегін анықтайтын бес негізгі мәселеге тоқталады. Олар: ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, дін бағу, балаларды бағу. Осының ішінде бұрындары арагідік айтылып, кейбір еңбектерде талданып жүрген «бағу» сөзіне (ұғымына) тоқталалық. Абай ел, мал, ғылым, дін, бала бағу дейді. Бұлар ұлтының ұғымын, сол арқылы тілі мен ой өрнегін толық игерген тұлға қолданар сөздер. «БАҒУ» — деп отырғаны басқару, билеу, игеру, ұғу. Осылай түсінсек олар елді билеу, немесе, басқара отырып адал жолға салу. Ал Абай заманында түрлі протектораттық жымсысқы саясатпен ел іші бүліне бастаған кез еді. Талас-тартыс, рулық жік, бір ата балаларының арасында алауыздық т.б. Абайдың «бас басыңа би болған өңшең қиқым», елдің сиқын бұздыңдар, немесе, «біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» — дейтін кезі де осы тұс. Абай заманында да, онан кейін де халқымыз басында әртүрлі нәубеттер болды. Соған қарамастан ұлтымыздың бағына егемендікке қол жеткіздік, тәуелсіз ел болдық. Бірақ, толық тәуелсіздікке жету үшін әлі де дамуымыз, өзгеруіміз, жетілуіміз қажет. Ендеше, үлкенді-кішілі басшыларымыздың ел бағу мәселесін зерделеулері бүгінгі күннің қажеттілігі. Мал бағу — шаруашылықты игеру, қыр-сырын меңгеру. Абай еңбек ет, «мал» тап — дейді. Бұл жерде әңгіме байлық, дәулет турасында. Оны табудың басты жолы керекті іс, игілікті іс, кәделі іс. Бұл бір адамға емес, көпшілікке айтылған. Өзің қарекетшіл болсаң, өзіңе жағдай жасасаң, өзгелер де солай етсе, бүкіл

ел, халық біреуден бірдеңе күтіп отырмайды. Еңбекшіл адамды ел сыйлайды, ондай елдің адамдарын өзгелер де сыйлайды. Абайдың қырсыздарға қаратып: «ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай» – деуі де содан. Ғылым бағу танымыңды кеңейту, тереңдету, білмегенінді білуге ұмтылу, ізденістер жасау, Абай өз қоғамына қойған талаптардың бірі. Онсыз қазіргі уақытта да аса мәнді ілгерілеу болмақ емес. Соны терең түсінген Абай: «ғылым Алланың бір сипаты» - дейді. Ендеше, ғылым бағу қажет. Алайда, ол ғылым сөзін тыңдайтын адам таппай қиналады, «білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың» – деп күйінеді. Әрине, мен қазақта ештеңе болған жоқ, қараңғы болды деген түсініктен аулақпын және онымен келіспеймін де. Алайда, әлемдік тұрғыда айта қаларлықтай жетістігіміз болмағасын, оған ойшыл Абайдың көңілі толмайды да: «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба» – дейді. Міне, бұл қоғам мүшелеріне осы саладағы Абай қойған талап, биік талап, асқақ арман, межелі мүдде, ұлттық мүдде.

Абай дін бағуға да қоғам қойған талапқа сай, сыншылдық тұрғыдан келген. Біздің дін – ислам діні. Абайдың қара сөзінде соның сопылық жағы айтылады. Сопылық тазалық, дүниеге қызықпау, тіпті одан безіну. Әрісі Қожа Ахмет Иасауиден бастап, берісі пір Бекет атаға дейінгі аралықты алсақ, екеуінде ұқсастық бар. Тіршіліктегі өмір сүрген жастары да шамалас (63 жас), тыныштықты, тақуалықты қолдайды. Алайда Абай заманында қазақ арасында Аллаға зейін беріп, иман жолына түсу жағы да кемшін жатты. Ол сырттан кірген жат қылықтар, елбұзар істер, бодандық бұғаудың әсері еді. Абайдың «дін баға алмадық» деп, әсіре діншілдерді: «Кітапты молда теріс оқыр, Дағарадай болып сәлдесі» – деп сынайтыны да осы кез.

Ал шындығына келгенде дәстүрлі қоғамда дін, сенім, олардан туындайтын әдет-ғұрып, салт, адамгершілік нормалар адами ұстанымның негізі болатын. Абай осыны терең түсінді. Біздің қоғам руханиятымыздың бұл тұсын тәлім-тәрбиелік мәселеде әлі де болса дұрыс пайдалана алмай келеді. Осыдан келіп әсіре діншілдер мен дүмшелер елді адастыруда.

Қоғамның болашағы жас ұрпақтар. Абай оны балаларды бағу – дейді. Ойшылдың бұл жерде айтып отырғаны ұрпақ

тәрбиесі, оны жетілдіру, басқа ұлттар мен ұлыстардың жастарындай олардың қоғамдық орнын белгілеу, қарекетке араластыру. Бодандықтың зардабынан, ел бағудың осалдығынан кенеуі кеткен заманда балаларды әлеуметтік онды істерге араластыра ала ма, әлде өзара жік болып, теке тіреске түсе ме?! Абай бұл тығырықтан шығудың тура жолын білмеймін, сондықтан «қалайша бағудың мәнісін де білмеймін» дейді. Алайда ұрпақ бағылмай, тәрбиеленбей қалмайды. Абай ұлтына, тұстастарына, ақылды, зерек, көкірегі сәулелі адамдардың әлеуметтік қоғамдық санасына сілкініс жасап, ой салып отыр. Санада сілкініс жасау, тәлім-тәрбиенің этномәдени аспектілеріне көңіл бөлу біздің әлі жасай алмай, қол жеткізе алмай, тіпті әлі мән-мазмұнына жете түсіне де, түсіндіре де алмай келе жатқан бағыттарымыздың бірі. Ендеше, сапалы білім тек шетелде деуді де ойланьп айтқанымыз жөн. Әрине озық технологияларды пайдалануымыз орынды. Бірақ, білім мен тәрбие біздің унитарлы мемлекетіміздің іргетасын бекітуге, тәуелсіздігімізді нығайтуға қызмет етуі керек. Олай болса оның мазмұны этномәдени болуы қажет. Осындай мазмұндағы білім мен тәрбие алған ұрпақ қана дана Абайдың сынына құлақ асып, асқақ армандарын жақындатады.

*– Қазіргі қоғамнан ұлтжанды азаматтармен қатар, әсіре ұлтшыл, тіпті жалған ұлтшыл, күйреуік, күйзелек адамдарды да көптеп кездестіреміз. Кейбіреулер тілдің жайын, ұлттық мүдденің жайын даңқ үшін айтатын болды. Жасыратыны жоқ, халық алдынды ұрандап жүрген іс-мақсаттарын, оңаша, өзінің жеке өмірінде керісінше істейтіндер де бар. Мұны «қоғамдық кесел» деп есептеуге бола ма?*

А.Т.: Қазақта өзінің болмысына сәйкес келген адамды «жақсы адам» дейді. Бұл жерде өзінің болмысына сәйкес деп отырғаным: өзінің этникалық ерекшелігіне, қоғамдағы орнына, алған білімі мен мамандығына, жасына қарай әрекет ету, соның арқасында әлеумет ортасында сыйлы болу. Осындай адамдардың бойында адамгершілік, намыстылық, қанағатшылдық, талаптылық, еңбекқорлық т.б. сияқты жағымды сапалар болады. Оладың рухы биік, өлшемдері де өзге, олар шын мәніндегі ұлтжандылар, тіпті ұлтшылдар. Өйткені, олар елін сүйеді, жерін отанын қадірлейді, ұлтын,

оның мәдени-рухани болмысын ардақтайды, құрметтейді.

Бірақ, адамның әлеуметтенуіне жағдай жасалуы керек. Қоғам, оның басындағы билік жақсының жақсылығын көрмесе, істеген дұрыс қарекетін үнемі бұрысқа шығарып отырса, «жақсы адам» мәнсіз, мағынасыз күресе бермей оқшауланып, өз кәсібімен өзі болуы мүмкін. Ал «жалған жақсылар», «әсіре ұлтшылдар» бұрынғы ұстанған бағыттарынан ұпай алмасын, пайда таппасын білгесін енді сол игілікті істердің бірде алдында, бірде тасасында жүріп арам пиғылды қарекеттерін жасап, айлаларын асырады, тіпті өзара жарысқа түсері де анық. Абай ондайлар туралы: «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда?» – дейді. Мұхтар Шахановша айтсақ, бүгінгі «табан жалағыштар» мен билік басындағыларды кісінің жүрегін айнытатындай әсіре мақтаушылар осы топтың өкілдері. Қоғамда құрметсіз бола жүріп «Құрмет» орденін, парасатсыздығын күн сайын көрсетіп жүріп «Парасат» орденін алып жүргендер де солар. Бұл үлкен қоғамдық кесел, жас ұрпақты парасатқа бастамайтын, адал істен адастырар жол.

Екінші бір ескерер жай, сондайлар ұрандатып жүріп, болмаса «Асекеңнің», «Бакенңнің», «Елекенңнің», «Сәкенңнің» және ақшаның арқасында билікке қол жеткізеді. Ондай адамдар халықты да, жоғарыда айтылған «жақсы адамдарды» да қадірлемейді. Өйткені оның психологиясы басқа. Абай ондайлар туралы: «болыс болғандар өзі құлық, арамдықпен болыстыққа жеткен соң момынды (жақсыны) қадірлемейді, өзіндей арам, құларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер қас болса, өзіме де залал жасау қолынан келеді деп» (Үшінші сөз).

Абай заманындағы басты билік болыстық. Болыстыққа «жақсы адамдар» да ұмтылған. Абайдың өзі де аз уақыт болыс болған. Мұндағы жақсылардың мақсаты ел бақсам, халқымды түзу жолға салсам деген ұмтылыс. Ал мансапқорлардың мақсаты «шайтан алсын, шал алсын, Төкең байғұс мал алсыннан» аспасы белгілі. Абай заманындағы Патша билігі осы соңғы топты қолдады. Ондайлар барлық уақытта да билікке тиімді еді. Абайдың түсіндіруі бойынша осындай топтан шыққан болыстар (ел билеуші деп түсініңіз – А.Т.) күшін жоққа жұмсап, елін әбігерге салады. Осыған байланысты Абай үш жылға

сайланған болыстың бейнесін былайша сипаттайды: «бірінші жылы сені біз сайладық дегендерге жалпақтаумен өтеді; екінші жылы кандидатпен бақастықта, арбасуда өтсе, үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деумен өтеді» (Үшінші сөз). Осыдан келіп Абай ел бағуға шын мәніндегі білімді, парасатты адам сайланса деп армандайды. Ал енді өзіңіз ойлаңызшы, бүгін осы өзгерді ме, өзгерсе түрі өзгерген болар, мазмұны сол заманнан ұзаған жоқ, көптеген тырнақша ішіндегі «халық қалаулыларының» ой өрісі де дәл сондай. Қайта сайлансам деген, қайта сайлануға әрекет жасағандар, сайлана алмай қалғандар Қазақстанның барлық облыстарынан да табылады. Бірақ олардың басым көпшілігі сайланбалы орында да, бекітілген орындарында да ұлт үшін ештеңе жасамағандар. Бұл күнде олар жоғарыдағы тамыр-таныстықпен, қолдаумен үлкенді-кішілі билік басына келді, немесе, жоғарғы оқу орындарында басшы, құрығанда профессор-оқытушыларға берілетін лауазымдарда жүріп жатыр. «Үмітсіз шайтан» деген, халықтың, ұлттың қамы үшін емес, өзі үшін әлі де құрметті орыннан да, құрметтен де дәмелі. Өйткені, олардың көпшілігі «бар нәрсенің артығы жоқ» деп қолдан келіп тұрғанда, «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атанып алғандар, немесе, кейбір азаматтарымыздың атына да, затына сай емес үлестіріліп жатқан «Құрмет», «Парасат» т.б. ордендерінің иегерлері, олар қазір өздерін «Мемлекет және қоғам қайраткері» деп атағанымызды қалайды, солай деп жатсаң жаны кіреді. Бұндай іс-әрекетті қоғамдық, ұлттық санамыздың «жетілуі» дегеннен гөрі «кетілуі» деп бағалап, «қоғамдық кесел» деуге әбден болады.

*– Сіз бұған дейін де баспасөздерде қазақ тілінің мемлекеттік тұғырға көтерілуіне толық мүмкіндік бар екенін айтып жүрсіз. Ал өзіне ұлтаралық тілдердің ана тіліміздің алдын орап кете беретіні жөнінде не айтасыз?*

А.Т.: Мен өзім қатысқан конференцияларда, облыс, Республика деңгейлеріндегі тілге байланысты басқосуларда бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Ол алда да айтыла береді. Егер, мүмкін болса, алдағы уақыттарда Сіздердің газеттеріңіздің беттерінде бұл мәселе туралы келелі сөз қозғап, оқырманмен ой бөліссем бе деген ойым бар.

Сондықтан мен Сіздің бұл сұрағыңызға қысқаша ғана жауап берейін. Себебі, мәселе күрделі, ауқымды.

Алдымен айтатын нәрсе, сонау ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында, тәуелсіз дамуымыздың басында тіл мәселесі үлкен әлеуметтік мәселе болғаны рас. Сол кезде халық қалаулылары, академиктер Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев басқа да заңгерлер мен ұлтын сүйген отаншыл азаматтар барлық күш-жігерлерін, білімдері мен біліктерін жұмсап, қазақ тілінің мемлекеттік тұғырға көтерілуіне елеулі еңбек етті. Алайда, сол кездегі елдегі әлеуметтік жағдайды, басқа этностардың, орыстідділердің үлес салмағын ескермеуге болмайтын еді. Осы мәселе және басқа да жағдайлар аса сақтықпен ескеріле отырып 1993 жылғы Конституциямызға: «ҚР мемлекеттік тілі — қазақ тілі. Орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып табылады» деген бап енді. Кейін ол: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады — деп өзгертілді». Осыдан келіп унитарлы мемлекеттің ішкі мәніне сәйкес келмейтін ресми жарияланбаған қостілдік пайда болды. Бұл жалпы алғанда біздің еліміздің Конституциялық құрылымына қайшы. Оны дәлелдеу үлкен теориялық мәселе, мен оған тоқталмай-ақ қояйын.

Жалпы алғанда мемлекеттік тілді Қазақстанның басқа этностары да мойындап, түсініп келе келе жатыр, бұл тілде сөйлеушілер де, үйренуге ынталылар да көбеюде. Бірақ бұл мәселені тездетуге бір жағынан, ұлтымызға тән ұзын арқау босбелбеулік кеселін тигізсе, екінші жағынан билік басында отырған көпшілігі қазақтар болып келетін, орыс тілділердің, оған ешқандай ынтасының жоқтығынан дер едім. Олай болса, біз мемлекеттік тілді білмей отыруға болмайтын лауазымдық орындарды анықтап, нақты іске кіріскеніміз жөн. Ал оқыту, үйрету, ынталандыру, жағдай жасау — дегеннің бәрі бос әңгіме, керексіз әрекет. Ол тек уақыт созу. Мен оның себептерін қозғасам ұзақ әңгіме болады...

Тіл әрине өте өзекті мәселе, ол әлеуметтің ең жанды жері. Ел Президенті жақында жарияланған Жолдауында бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп, уақытын нақтылады.

Ал өзге ұлтаралық тілдердің ана тіліміздің алдын орап кете беретініне келсек, оның екі жағы бар. Біріншіден, ешқандай *ұлтаралық* (бұрынғы ескі дағды бойынша ТМД елдерінде



орыс тілі – А.Т.), және *халықаралық* (қазіргі заман ыңғайына қарай ағылшын тілі – А.Т.) тілдер сол мемлекет ішінде, оның ішінде унитарлы мемлекетте мемлекеттік тілдің алдын орап та, алдына түсіп те кете алмауы керек. Өйткені ол Конституцияда көрсетілген – мемлекеттік тіл – статусы бар тіл. Ендеше, ол сол мемлекет аймағында қолданылып қана қоймай, қорғалуы да керек. Бірақ, «сұм заман сыбағама сені берді» – деп Абай айтпақшы, жоғары билік басындағылар да, тілді қорғайтын Парламенттегілер де, сол тілді дамытатын білім мен ғылым саласындағылар да оны жете түсінбей отыр, немесе түсінгілері келмей отыр. Оған қоса шетелдерге шыққанда, шетелдік қонақтарды қарсы алғанда орыс тілінде сөйлеп, өздерінің әлі құлдық санадан құтыла алмағандықтарын, құлдық психология бүкіл ағзаларын жайлап алған рухани кінәратты адамдар екендігін де көрсетіп отыр. Әйтпесе, өзіңіз ойлаңызшы, орысша бір сөз білмейтін шетел азаматтарына, орыс тілінің қандай қажеті бар. Ал қазақ тілінде сөйлесең, сен сол мемлекеттің азаматысың, сол мемлекеттің мемлекеттік тілінде сөйлеп отырсың, сол арқылы халықаралық құқықтық норма мен этикетті де сақтаудасың. Бұл дегеніңіз – саяси мәдениет, саяси да да, адамгершілік те әдеп. Осыны түсінбеу барып тұрған надандық, қашаманғы надан боламыз, қашан оянамыз. Қазір оянатын ғана емес, ойланатын уақыт емес пе?!

Тағы бір айта кететін нәрсе, ауқымды мен аясы тарылып келе жатқанына қарамастан орыс тілінің бұрынғы ТМД елдерінде ұлтаралық қатынас тілі болуы заңдылық. Ал жаһандану заманында халықаралық тілге айналған ағылшын тілінің әлемдік ауқымда үстемдік құруы да заңды шығар. Бірақ, солай екен деп, елден ерек қаулы шығарып, немесе, талап етіп, қостілділік, үштілділік деп жалулата берудің де қажеті шамалы. Саналы ұлт, оның ұрпақтары не қажет, қашан қажет, қаншалықты қажет өздері түсінер болар.

*– Ұлт мәселесі деген кезде, тағы не нәрсеге көңіл бөлініміз дұрыс?*

А.Т.: Қарапайым тілмен айтсақ, ұлт дегеніміз – тіл, дін, мораль және барлық көркемөнер салалары тұрғысынан ортақ, яғни бірдей тәрбие алған адамдардан тұратын бірлестік. Мен жоғарыда да айттым, тәрбие мен мұрат ұлттық болса, тәрбиесін алып өскен қоғамның мүддесі

адамның рухын үлкен шабытқа бөлеп, оның бақытты өмір сүруіне негіз қалайды. Мұндай қоғам мұраты жолында адам өз өмірін пайда етеді. Ал бұған керісінше, өзін ақыл жолмен ғана байланыстыратын, бірақ тәрбиесін алып өспеген жат қоғам мұраты адамға шабыт бере алмайды. Мұндай қоғам үшін ол кішкентай мүддесін де қымайды. Қысқасы, ортақ тәрбие аясында өсіп-жетілмеген адамдардан құралған қоғамда өмір сүрсе, адам бақытсыз болады. Сондай-ақ, қиындық болып, шешуші кезең туғанда, ұлтсыздық негізде құрылған ұжым да, абстрактілі ортақ мақсат пен мүдде де, мұрат та жөнінде қалады. Арғы тарихты қозғамай-ақ, күні кешегі Кеңес өкіметі тұсындағы Коммунистік партия, оның идеясы мен идеологиясы, мақсат-мұраттары үшін кім күресті. Ешкім, үлкен лауазымдағы партия шенеуніктері алдыменен партбилетін тастап шықты. Ал «Алаш» азаматтары өз мақсат-мүдделері үшін жанталаса күресіп, жанын берді. Себебі ол ұлттық идея, ұлт мүддесі, ұлт намысы еді. Олар өз істерімен ұлт мәселесіне қай уақытта да жеңіл-желпі қарауға болмайтындығын көрсетіп отыр. Мысалы, қазақ ұлты үшін қазақ халқының қуанышын да, ренішін де бірге бөлісетін жандардың бәрі қайда жүргеніне қарамастан, қазақ ұлтының адамы. Бір мәдениетке ортақтас адамдардың жиынтығын «ұлт» деудің мәні де осында жатса керек. Сондықтан да ұлтты құрайтын адамдардың ой-санасы, мүддесі, намысы жалпылық сипат алып, ортақ деңгейге көтерілгенде оларды әуелгі жеке тұлғаға тәндіктен ажыратып, ұлт еншісіне айналдырып, әрқайсысын ұлттық сана, ұлттық мүдде, ұлттық намыс деп ерекшелейді.

Ұлттық мүддені ұмытып, уақытша табыстың қызығына берілудің ақыры қайыр болмайтынын естен шығармағанымыз абзал. Ұлттық мүдденің қорғаушысы — ұлттық намыс. Ол ұлтты құрайтын халықтың әр адамының ұлтқа қатысты айтылған кез келген кемсітушілікті, ұлтқа қарсы жасалған іс-әрекетті бейне өзіне бағытталғандай қабылдап, соған қарсы жан дүниесінде пайда болған сезімнің буырқанған серпілісінің жалпыхалықтық сипатқа айналған ұжымдық түрі.

Ұлттық намыс — азаттықтың жаршысы, құлдықтың қас жауы. Ол бар жерде құлдыққа орын жоқ. Ұлттық намыс болмаған жерде ездiк үстемдiк алып, ұлтқа қатысты құндылықтарға бейтараптық, немкеттілік көзқарас

қалыптасады. Сондықтан да басқыншылар ұлттық намысы оянған елдердің бірде-біріне тиіспеген, тіпті қуаты аз шағын елдерге де. Өйткені олар ұлттық намысы оянған елдердің құлдыққа көнбейтінін, бүгін қарудың күшімен бағындырғанымен, ертең бәрібір азаттығы үшін қайтадан күреске шығатынын білген.

Билік тізгінінен айырылып, бодандықтың бұғауында тыпырлаған халқының осындай мүшкіл күйге ұшырауының себебін ХІХ ғасырда өмір сүрген Абайдың дәл танып, көре білгені қайран қалдырады. Бәлкім, данышпанның данышпандығы да осы — өмірде болып жатқан өзгерістердің өзгелер мәніне жете бермейтін құпиялы қалтарыстарын сезіп-біліп отыратындығында шығар. Қалай болғанда да, Абайдың қазақ халқының осы күйге жетуінің екі себебінің бірі ретінде сонау азат Қазақ хандығы кезіндегі ұлттық намыстан айырылып қалуы екенін ашып көрсеткені шындық. «Ата-бабамыздың намысқойлық мінезі жоқ болған соң, үйренген өнеріміздің бәрі адамшылыққа ұқсамай, сайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың үлкен бір себебі сол», — дейді данышпан Абай бұл орайда.

Қазіргі уақытта әлемдік тұрғыдан алғанда ұлт мәселесі ушығып тұрған жоқ. Алайда қоғамдық санамызда адамдардың ұлтқа жіктелетіні аса зор құндылық ретінде орныққанын да ешкім жоққа шығармасы анық. Ендеше, ұлт мәселесі барлық уақытта да әлеуметтік саланың өзекті тұсы болып қала бермек. Айталық, Кеңес өкіметі кезінде ұлт мәселесіне тиісті деңгейде мән берілмеп еді, ол бомба болып жарылып, жүйенің тас-талқанын шығарды.

Жалпы алғанда ұлт мәселесін үнемі отаршылдық тудырады, онан кейін көп диаспоралар тұрып жатқан мемлекеттің әлеуметтік саласындағы ұлт мәселесіне қатысты саясаттың әлсіздігі туындатады. Сөз жоқ СССР-дің ыдырауымен, Тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуымен ұлт мәселесі сапалық өзгеріске түсті. Енді ол ұлт мәселесінен елдік мәселеге ауысып, ендігі жерде ұлтық сана елдік санаға ұласуы керек. Осы сапалық өзгерісті алдымен қоғам мүшелері түсінуі қажет. Тәуелсіздікке дейінгі арман жеке ел болу, яғни саяси тәуелсіздікке жету, ал саяси тәуелсіздік жарияланғаннан кейінгі қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы біздің әрекеттеріміз ерікті елдің азаматтарына сай дамуы керек. Ерікті елдің азаматтары алдымен құлдық

психологиядан азат болғаны, ұлттық рухын көтеріп, ұлттық намысын тіктеп, ұлт мұратына ұмтылыс жасауы қажет. Еліміз тәуелсіз қоғам. Қоғам адам еркінің кеңістігі. Міне, осы адам еркіне мүмкіндік туғызу мен оның жүзеге асуының бірлігінен елдік сана, елдік мүдде қалыптасады. Елдік сананы өркениеттілік деңгейі бірден қалыптаса қоймайды. Оған ескіден санамызда қалған дағдылар, тіпті наным-сенім, әдет-ғұрпымыз да әсер етеді. Бір ғана мысал. Еуропа елдерінде де беделді (авторитет) сыйлау бар. Бірақ мұсылман елдерінде емес. Біздің ұлтымызда да ұлыларды, мықтыларды ұлықтайтынымыз туралы талай есте қалар істер де, сөздер де бар. «Ханның ақсақ болса бір аяғыңды сылтып өт, соқыр болса бір көзіңді қысып өт», немесе, «аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін» дегендей. Алайда, «дат тақсыр» деп алып соларға басу сөз айтып жүрген де сол халқымыз.

Ал енді бүгінгі күні осы үрдіс қайда кетті. Өрге бастырмайтын өтірік мадақ жастарға қандай үлгі бермек. Бұндай келеңсіздіктен құтылудың бірден-бір жолы адамды кіріптарлықтан құтқару, ерікті, еркін ойлай білуге баулу, құлдық психологиядан азат көзқарас қалыптастыру. Бір сөзбен айтқанда елдік сана негізі болар азаматтық құндылықтарды қалыптастыру. Демек, білім және тәрбие саласында елдікке баулу мемлекеттің де, қоғамның да, Қазақстандағы басқа ресми органдардың да өзекті мәселелері болулары керек, олай болмағанда, Қазақстан Республикасының өркениетті ел болуы баяу болмақ. Елдің өркениеттілігі ұлттық қауіпсіздігінің мығымдығымен, елдің өзін-өзін сақтау қабілетінің жоғарылығымен көрініс береді.

Қоғамда ұлт болғасын ұлт мәселесі де, ұлтшылдықтың көріністері де бола бермек, бірақ оның өркениеттік деңгейде көрінгені жөн. Мәселен, мемлекетшілдікті алалық, ол да ұлтшылдықтың формасы ретінде көрінуі мүмкін, бірақ бұл жерде ұлтшылдықтың мазмұны өркениеттік ізденістер арқылы анықталмақ. Ұлтшылдықтың өркениеттік деңгейі адамзаттық өлшемдермен анықталады. Абайдың «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» дегені осы деңгей.

Еліміздегі ұлтшылдық мәдени-әлеуметтік құбылыс ретінде бой көрсететін болса оның ешқандай айыбы жоқ. Керісінше, ондай әлеуметтік құбылыс ұлтты жігерлендіреді, алға ұмтылдырады, мұратына жеткізеді. Мұратсыз ұлттың ұлт

болып қалыптасуы да мүмкін емес. Ұлтымыздың мұратына жету идеясы ауыз әдебиетімізде, эпикалық шығармаларымызда ерте заманнан көрініс бергенін ескерсек, біздің ұлттық идеямыздың кем дегенде бес ғасырлық тарихы бар.

Ар мен намыс, имандылық ұлттық идеяның құрамдас бөліктері болып табылады. Ұлттық идеяның оның құрамдас бөліктерінің даму деңгейі әр мемлекетте әртүрлі, ол туралы түсініктер де әрқилы. Мысалы, социализм кезінде ұлттық идея коммунизм болды. Ал басқа мемлекеттерде, мәселен, Америкада ұлттық идея әркім өзінің арманын жүзеге асыра алады, әркім өз өмірінде арманына жете алады, әркім өзіне пайдалы жағына көңіл бөледі деген ұғыммен сабақтастық жатты да, американдық прагматизм философиясын елдің санасына ендірді.

Алаш азаматтарының идеясы нағыз ұлттық идея еді. Бірақ оларға ұлт тәуелсіздігі, ұлттың болмысы туралы ойларын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді, өздерін атты, абақтыға жапты, жер бетінен жоқ қылды. Бұл тоталитарлық мемлекеттің қолына ұлттық идеяны қалыптастырушы тетік тиген кезде, ол реакцияшыл сипат алуы мүмкін екендігінің бір мысалы. Әсіресе, мемлекеттік саясат белгілі бір режимнің қолына түскен кезде және оның қолынан шығару мүмкін емес кезінде жүзеге асатын жағдай. Мұндай жағдайда тәуелсіздік идеясын былай қойғанда, ұлт мүддесін қорғау, сақтау мүмкін емес еді. Осыдан келіп ондай мүдделер ғылыми еңбектерде де, көркем әдебиеттерде де көрініс таппады. 1986 жылғы желтоқсаннан кейін, Кеңестік елдер ауқымында аз да болса, жариялылық, еркін сөйлеу мүмкін болды. Бірақ сол кезде тәуелсіздік идеясын айтқан Қазақстанда жазушы да, ғалым да, саясатшы да болған жоқ, әліптің артын бақтық. Себебі, бізді жасқап тастады, жасығып тастады. Ендеше, ұлттың дамуы үшін сол ұлттың өзі қалыптастырған ұлттық идеяларды қалыптастырушы, анықтаушы, жетектеуші күштерге мемлекет мүмкіндік беру керек.

Ал қоғамдық пікір қалыптастыратын тетіктердің барлығы жермен-жексен етілетін болса, ұлттық идеяны да, ұлттық бірлікті де саяси билік өз ұпайының еншісіне айналдырады да, өз мүддесіне пайдалана бастайды. Бұл - өте қауіпті процесс. Кейбір жағдайда саяси билік қолдан қоғамдық пікір қалыптастыруы да мүмкін. Мәселен, 1986 жылғы желтоқсан

уақиғасынан кейін, Республикамыздың басқа аймақтарын айтпағанда, біздің Ақтөбеде сол кездегі идеология бөлімінің қызметкерлері, лекторлар тобы облыстық газеттің әр санында АЗФ және АЗХС заводтарының жұмысшылары желтоқсаншыларды «жазғыруда» деп жазып жатты. Бірақ, оған сенген де, оны қаперге алған да көпшілік болған жоқ. Дегенмен, бұндай ақпарат сол кездегі билік үшін қажет еді.

Жалпы мүдде мен идеяның арасындағы байланысты да түсінгеніміз жөн. Қазақ ұлтының мүддесін қазақстандық идея десек, соның ішінде оның анықтаушы рөлі бар. Олай болмауы мүмкін емес. Өйткені, мемлекеттің өзінің атауы – Қазақстан, осы жердің иесі қазақ халқы. Басқалары Қазақстанда тұратын, азаматтықтары бар этностар, диаспора өкілдері. Олар – Қазақстанның азаматтары. Бірақ Францияда француз идеясы, басқа елде басқа идея секілді Қазақстанның идеясына негізінде қазақтардың мүддесі жатады және біздің мүддемізді өзімізден өзге ешкім де ойламайды. Ендеше, әуелі парасатты қазақ идеясы, содан соң қазақстандық идея. Себебі, қазіргі кездегі ең негізгі мәселе – табиғи байлық та, қарын тоқтық та емес, соған апаратын парасат идеясы. Халқымызда парасат болса, ұлт дамиды. Сондықтан, бірінші орында мемлекет, парасатты қазақ ұлты, қазақ елі идеяларын диалектикалық бірлікте қарастырған абзал.

Төменнен пісіп-жетілген идея-халық мүддесін оның кешегісін, бүгінін, ертеңін ойлағаннан туатын идея. Сол идея жоғары жаққа жетіп отырса ғана халық өз көсемдерінің артынан ереді. Ал бір-бірімізді сыпыра мақтаумен парасатты бола алмаймыз. Бұл ұлттың, жеке азаматтардың өзін-өзі сыйламауына, жалтақтыққа, жарамсақтыққа жетелеп, арсыздыққа әкелетін құбылыс.

Мемлекет ұлттық идеяны табамын дейтін болса, ұлттың өз ішінде бірімен-бірі еркін пікір алысуына мүмкіндік беретін алғышарт жасауы тиіс, саяси, діни, рухани және тағы басқа мәселелер бойынша жан-жақты пікір алмасу, әділ ой бәсекесі болуын қамтамасыз етуі қажет. Ал бұл түптің түбінде қоғамдық, ұлттық сананы қалыптастырып ұлттық мәселені парасатты шешуге жола ашады.

Сана дегеніміз – ойдың ойы, оны шектеп тастасақ, оған цензура жасасақ – рухани жетілу де, идея алуандығы да болмайды. Сондықтан демократиялық, азаматтық қоғамда

ашық сөз — ең басты мәселе. Қазақтың керемет сөзі бар ғой: «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген. Демократия болмай, бәріміз пікірсайысқа қатыспай, басқаның ойын өз ой елегіңнен өткізіп қабылдамай, оның негізі не екенін түсінбей, алдын ала берілген тапсырманы орындап, біз ешбір ортақ идеяға келе алмаймыз. Бұл ұлт мәселесіне тікелей қатысты.

Мемлекет тарапынан қолдау болмай, еш уақытта ұлттық рух қалыптаспайды. Мысалы, бір азамат үлкен лауазымды билік басында отыр ма, ол ұлтқа деген сүйіспеншілігін танытып, ана тіліне деген биік махаббатын көрсетіп, өзінің саласында халқымның көзін ашсам деп ұмтылуы керек, талаптануы керек, ұлттық рух сол кезде ғана пайда болады. Ал бүгін біз көріп отырмыз, Қазақстанда үлкен билік басында отырғандардың, депутаттардың көбі қазақтар. Олардың өздері жақсы, жайлы кабинеттерге кірген, бірақ ұлттық рухтарын есік алдында қалдырып кеткен. Сондықтан ол жерлерге өзекті әлеуметтік мәселелерді шеше алатын, ұлттық рухты еліне тарата білетіндей адамдарды, ұлттық рухы бар, қаны бар, намысы бар адамдарды апару керек. Осындай адамдардың әрқайсысы өз деңгейінде іс жүргізіп бұқараның қоғамдық-тарихи, мәдени-рухани санасын қалыптастырады. Әйтпесе, жекелеген интеллектуальдардың анда-санда сөйлеген сөзі мен жазған мақалаларынан ұлттық рух қалыптаспайды, намыс тіктелмейді. Бірақ тамшы тама беретін болса, тасты да теседі. Ұлттық идея, ұлттық рух, намыс бірлігі толассыз айтыла беруі қажет және ұлттық идеяны көпшілік санасына сіңіре беруіміз керек.

*– Бізде «ақ қарға» («белая ворона») атанудан қорқатын қасиет басым. Кейде ой-көзқарасымыздың жалпы жұрттан, жоғары жақтан бөлектеу болғанынан қысылып, көп не айтып жатса, соның жетегінде жүргенді қалаймыз. Кейде ойымызды еркін білдіре алмауымыз ұлттық кемшілік пе?*

А.Т.: Біз Тәуелсіз елміз, яғни азатпыз. Азаттықты түйсінудің өзі ұлы сезім. Саясаткерлерімізді де азат ойлы азаматтарымызды да «жас мемлекетіміздің іргесін шайқалтып алмайық» деп көп ретте артық қадам жасаудан ұстап тұратын осы сезім. Халқымыздың осы азат дамуында мемлекет пен билік басында отырғандардан басқа,

қаржылық-экономикалық топтардың, әсіресе шын мәніндегі зиялы қауымның өзіндік зор рөлі бар. XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы кеңестік репрессиялардың әсерінен бе, біздің зиялы, немесе, оқыған-тоқығаны бар деп жүрген қауымымызда конформизм басым. Сіз айтып отырған жалтақтық осының көрінісі. Халықтың, ұлттың дамуына зиялы қауым өзінің үлесін қосу үшін қоғам олардың рухани ізденістерінің тоқтамауына мүдделі болуы керек. Өйткені рухани ізденіс, ғылыми ізденіс, ұлттық сана бір орында тұрып қалмайды. Ендеше, қоғамдағы интеллектуальды адамдардың басын қосу, пікірін білу, тәуелсіз елдің қажеттіліктерінің бірі. Біз көп жағдайларда «ақсақалдар» деп айтқаныңды жанын салып орындап беретін, өлтірсең де оң-солға бұрылмайтын, бүгінгі күн батып, ертең де күн шығады ғой, ұлт пен ел бар ғой солардан ұят болар деп ойламайтын шалдарды алға салып өзімізді аспандата мақтатып аламыз. Олардан кейде жоғалтатыны бар орта жастағылар да, тіпті кейбір мансапқұмар (карьерист) жастар да қалыспайды. Жоғарыда біз айтып өткен белгілі ақын Есенбай Дүйсенбаевтың «Ғұламалар» деген шағын өлеңі осындайларға күйінгеннен жазылған болуы керек. Кейде олардың мінез-құлықтарын көргенде, естігенде Абайдың: «Қайнайды қаның, ашиды жаның, мінездерін көргенде» - дегені еріксіз есіңе түсіп, осы біздің «зиялы» деп жүрген қауымымыз қайсыбір тұста «зиянды» емес пе екен деген ой келеді. Ал бұндайды ақпарат құралдары арқылы айтсаң, олар ер-тұрмандарын бауырына алып тулайды, сотқа берем деп дөң айбат шегеді. Сонда біздің пікіріміз тек бірыңғай мақтау мен мадақтан тұруы керек пе?! Ең болмаса, аз-мұз қол босағанда Абайды оқып, сөзіне құлақ салалық та:

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне құлық сақтап.

Өзіңе сен, өзінді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап» демеп пе еді ол.

Тіпті қазіргі зиялы қауымға ұлт пен қоғамның берген бағасынан гөрі, мемлекет тарапынан келетін сыйлық пен жеңілдіктер құндырақ көріне ме, - деп ойлап каламын кейде. Осылай болмауы үшін рухани ізденістің құндылығын қалай қалыптастыруға болады? Міне, осы мәселе бізді ойландыруы керек. Жалаң сана, жалаң парасат идея туғыза



алмайды, ол әрі кеткенде қара басыңа ғана қорған болып, «ты начальник я дурак, я начальник ты дурактың» кебін кигізеді әлі. Міне, «көп қарғаның ішінен, ақ қарғалардың» шығу тәркінін де осыдан іздеу керек.

Ұлттық мазмұндағы рухани құндылықты өсірмеу Кеңес дәуірінен басталды. Айталық, ол кезде «зиялы қауым» делініп тек интернационализм мен Кеңестік мүддені ойлайтын идеяларды қолдағандар айтылды. Шын мәнінде ұлт қамын ойлайтын азаматтар қудаланды. Сол үрдіс енді «біздің адам, қарсы жақ» болып әлі де сақталып келеді. Азаттық алдық, бірақ биліктің рухы мен халықтық рухы екі басқа жолмен дамып келеді. Біздің билік жеке пайдасын ғана ойлап келе жатыр. Қаржы да сол биліктің уысында. Солар зиялы қауым арасынан өзінің былық-шылығын жасыратын, күмәнді жұмыстарын қолдайтын азаматтарға ғана көмектесіп, басқаны жолатпайды. Бұлай жүре берсек, өспейміз, өнбейміз. Билікте отырған азаматтар қазіргі ұлт жағдайын түсінуі керек, қатты ойлануы керек. Халықтың рухын іздегендер мен шынайы рухани ізденіске түскен азаматтарды мемлекет қолдаса, сол кезде зиялы қауым ұлт үшін қызмет ете алады, «ақ қарғаға» да, «қара қарғаға» да қоғамда орын қалмай, ұлт намысы мен ұлт рухын биіктетер «сұңқарлар» саны көбейеді.

Өз ұлтыңа деген құрметтің көрсеткіші — ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейіне байланысты. Қазақ этносының өкілі болуды құдай маңдайыңа жазғаннан кейін, оны мамандық ауыстырғандай ауыстыру мүмкін емес. Өйткені ауыстырмақ болып, басқа ұлттың мәдениетін қаншама бойыңа сіңірдім дегеніңмен, бәрібір сен сол ұлтқа кірмесің, төлтумасы бола алмайсың. Қабылдамайды, реті келген тұста өгейлігінді есіңе салады да тұрады. Қазақтың «орыстың жаманы қазақ бола алмайды, қазақтың жаманы орыс бола алмайды» — деуі осыдан болса керек. Бұл жерде «жаманы» деген сөз ұлттық болмысын айқындай алмағандарға қаратып айтылған. Мұндай жағдайды бастан кешірген жан кейін рухани дағдарысқа ұшырап, өмірінің соңы бақытсыздыққа айналуы мүмкін.

Көптеген тарихи-танымдық еңбектердің авторы Қойшығара Салғариннің пікірінше, сана-сезімі өзінің этникалық ортасынан тыс, өзге мәдениет аясында қалыптасқандар ұлтшылдықтан ада болып келеді. Ондай

жандарды қазір халық «мәңгірттер», ғылым тілінде «этнонигилистер» деп атап жүр. Олар туралы баспасөз бетінде де аз жазылып жүрген жоқ. Төл халқының мәдениетінен бейхабар өскендіктен, олар күнделікті тұрмыста өзінің этникалық ортасына бөгделігін сезініп қолайсыз жағдайға ұшырайды да, бірте-бірте араласып құраласып тұруына қолайлы өзге ортаға қарай бейімделіп, соның мәдениетін меңгеріп, солардай болуға ұмтылады. Сол арқылы жанына жұбанып табады. Бөгде мәдениетті қорғаныс құралы етіп, өз халқының мәдениетіне қарсы қояды. Нәтижесінде өз халқының жақсы салтын да, дәстүрін де, құндылықтарын да түсінбейтін мұндайлар, маңында жүрген өз ұлтының әлдебір өкілінің жағымсыз тірлігін көрсе, соны бүкіл халыққа теліп, соны бүкіл халыққа тән құбылыс етіп көрсетуге дайын тұрады. Өзін өзгелердің көзінше осы халықтың ұрпағы болғанымен басқалардың тілін, мәдениетін игерген етіп көрсетіп, сол себепті де бар мүмкіндігінше өзін бір ұлттың емес, бүкіл адамзаттың ортақ перзенті етіп көрсетуге ұмтылады. Бірақ өмір шындығы – алдымен ұлттың ұлы болып танылып, содан кейін адамзаттың ұлы болуға ұмтылудың - даналық, ал ұлтының ұлы бола алмай жүріп, адамзаттың ұлы боламын деу – шалалық екенін әр жағдайда дәлелдеп келеді. Өйткені өз ата-анасына бала бола алмаған жанның, өзгеге бала болып жарытпайтыны баршаға белгілі ақиқат. Бұл топ та кейде Сіз айтқандай «ақ қарға» болғылары келеді.

Жалпы ұлттық сананы жоғарғы деңгейге шығаруға тәуелсіз ел мүдделі болуы керек. Өйткені ол төмен болса, ұлт ұлттық қасиетінен айырылып, мылқау күш-тобырға айналады. Мұндай кезде, кейбір топ ұлттық мүддені жеке бас пайдасы үшін құрбан етіп, ұлт, халық, намыс деген қасиетті ұғымдарды көбірек пайдаланып, рухани альпсатарлыққа барып, өздерінің көпшілік көзін алдар құралдары мен ұрандарына айналдырады. Осындай кезде шын мәнінде ел болашағын ойлаған есті азаматтардың істері көптен, бұқара жұртынан қолдау таппай, көпшіліктің үлкен бір бөлігі жоғарыдағыдай «жалған отаншылдардың» соңына ереді, олар уақытша болса да дегеніне жетеді. Ал ең сорақысы елдік істе нәтиже болмайды. Бұл тұрғыдан алғанда Қ.Салғариннің: біздің қазақта қазіргі уақытта шамдану бар да, шамырқану жоқ; кіжінісу бар да, қайрат

таныту жоқ; ұрандасу бар да, ұйымдасу жоқ; халқым деу бар да, оның қамын жеу жоқ — деуі әбден орынды.

Сіздің қоғам мүшелерінің ынжықтығы туралы ойыңыздың да жаны бар. Көп жағдайда ынжық адам өзіне сенімсіз болады. Сенімсіздіктің түрі көп, негізінен ол адам бойындағы білім мен таным тапшылығынан болады. Абайдың өз ұлтындағы білім, өнер, ғылым тапшылығын қатты нысанаға алуы да содан. Білімсіз, іске икемі жоқ адам қорқақ болады, біреуді, немесе, біреулерді сағалайды, өзінің шама-шарқы келмесе де, солардың арқасында «жылы» орындарды жағалайды, мүмкін болса биікке ұмтылуға да қарсы емес. Бұл барып тұрған парасатсыздық. Ал білімді адам айналасын, ондағы әлеуметтік құбылыстарды таниды, өзінің оларға деген көзқарасы болады, сол деңгейден пайымдайды. Білімді, парасатты, пайымды адамда мінез болады, ұстаным болады.

Мінезділік, ұстаным жеке адамның да, жетілген ұлттың да болмысының көрінісі, ерекшелігі. Нақтырақ айтсақ халықтық қасиеттеріміздің негізінде мінез жатыр. Көне қазақтардың «дұрыс» адамдарын жылқы мінезді деуі де тегін емес. Өйткені, мінезсіз адамда қасиет болмайды. Бұл ұлтқа да тән. Ұлттық мінезі жоқ халық та солай. Тағдыры шешілер тартысты кезеңде тас түйін бірігіп, ұлттық мінез көрсете алмаған халықты өзгелер өз мақсатына пайдалану мүмкін. Кешегі желтоқсан кезінде біразымыз мінез көрсетпек түгіл, өз ұлтымызды, жастарымызды қаралау арқылы өзімізге «жағдай» жасадық. Сөйтіп, ұлтымызды ездіктің езгісіне салып, құрметтен құр қалдыра жаздадық. Мінезді халық, намысты халық ешкімге есесін жібермейді, кеудесін басқызбайды. Демек, ұлттық мінез, ұлттық намыс, ұлттық рух қалыптастыру көрінгеннің жетегінде жүрмеудің де, ынжық аталмаудың да кепілі. Ұрпаққа осыны түсіндіргеніміз, осындай үлгі бергеніміз дұрыс болады.

*– Ал біздің халықтың ұлттық артықшылықтары деп нені айтуға болады?*

А.Т.: Бұл сұраққа өзінің түсінігіне, мамандығына, білім мен таным деңгейіне қарай әркім өзінше жауап беруі мүмкін. Соның ішінде олардың ой-тұжырымдарына ерекше әсер ететін нәрсе — мамандықтары, сол арқылы қалыптасқан көзқарастары. Мен өмір бойы жоғары оқу орындарында еңбек етіп келе жатқан ұстаз ретінде адамды

адаммен, ұлтты ұлтпен, елді елмен теңестіретін олардың білім деңгейлері дер едім. Бұны мен емес, бүкіл әлем ойшылдары да айтқан. Ал біздің түрік-мұсылман, қазақ ойшылдары да білімді назардан тыс қалдырмаған, арғысы Әл-Фарабиден Абайға, одан Мұхтар Әуезовке дейін созылып жатқан ғаклиятты ой кешу үрдісіне көз салсақ, тарихтың барлық кезеңдерінде де білім туралы айтылып та, жазылып та отырған. Біздің ұлттың басты артықшылығы жаңаны қабылдағыштығы, білімді сол арқылы берілетін барлық әлеуметті қажетті нәрселер: ғылым, өнер, тіл игеру, кәсіп игеру тағы сондайларға бейімдігі. Екінші бір артықшылығы көпшілдігі, өзгені жатсынбауы (бірлік), құрмет пен ізетке, қанағатшылыққа жақындығы, қонақжайлығы — дер едім.

Алайда біз қазір басқа заманда, жаһандану, әлемдік ғаламдасу кезінде өмір сүріп жатырмыз. Ендеше қазақ: «заманың түлкі болса, тазы болып шал» деп бекер айтпаған. Оны: «Әркімді заман сүйремек, Заманды қай жан билемек? Заманға жаман күйлемек, Заман оны илемек» — деп Абай да ескертеді. Ойшыл онымен де тоқталмай: «Келіп-кетіп, көп жүріп, мен досыңмын деп жүріп, дұшпандығын оздырар» — дейді.

Ендеше, жақында Ел Президенті өз Жолдауында көрсеткендей, бізге не істесек те жаһандық деңгейде ойлап, өз есемізді ешкімге жіберместей әрекеттер жасау арқылы еліміздің тұрақтылығын да, тәуелсіздігін де нығайтуымыз керек. Мәселеге осылай келсек, біз сияқты саны аз халыққа сапа керек. Ал сапа басы білімде. Халқымызда: «білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген сөз бар. Біздің бүгінгі білім жүйеміз сапасымен мазмұны жағынан елдің егемендігі мен тәуелсіздігін сақтауға бағытталып ұлтымызға қызмет еткені жөн. Бұл дегеніңіз білім мен тәрбиенің мазмұны этномәдени болуы қажет деген сөз. Ол өз алдына бөлек әңгіме арқауы, оған тоқталмай-ақ қояйын.

Енді көпшілдігіміз, өзгені жатсынбауымыз (бірлік), құрмет пен ізет, қанағатшылыққа жақындығымыз, қонақжайлығымызға келсек, ол бұрындары көптеп болған, бұл күндерде дәл сондай және сол мазмұнда десек қателесер едік. «Қазақ та адам баласы ғой...» — деп Абай айтпақшы, біз де заманға қарай өзгердік. Бірақ санада қандай өзгеріс бар, сана арқылы әлемді, әсіресе әр тараптан жер шарынан

келіп кетіп жатқан әлеуметтік ортамен қатысымыз қандай? Айталық көпшілігіміз дұрыс, бірақ, қазіргі заман «көптен көрген ұлы той» дейтіндей уақыт емес; өзгені жатсынбау (бірлік), Абайша айтсақ, «баршаға бауырмалдық жасау» жақсы, алайда екінші жақ та бізге солай істей ме, істемей ме әңгіме сонда. Абай айтады: «бірлік – ақылға (адамдарға) бірлік, өзгемен малға (ұлттық байлық деп түсініңіз –А.Т.) бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы». Абайдың бұл сөздері қазіргі жаһандану заманында бізді ойландыруы тиіс. Құрмет пен ізетке келер болсақ – бұл әр халықта әр басқа, тіпті қайсыбіреулер сіздің ізетіңізді иілу, құлшылық ету деп түсінбесіне кім кепіл; қанағатшылдығымызға, қонақ жайлығымызға келсек бұлар үлкен әңгіменің арқаулары. Енді осыларға нақтырақ тоқталып көрелік.

Жалпы қанағат бар, жеке бас қанағатшылығы бар, оны да ойлау керек. Бүгінгі күні «қанағат қарын тойғызады» деп отыра беретін заман емес. Материалдық тұрғыдағы қанағат барларға, байларға керек. Ал қоғамға, оның әрбір мүшесіне қанағат деп отырып қалуға болмайды. Көне Шығыс, көне Грек әлеміне көз тіксек мемлекеттің, оны басқарушының (Конфуция ілімі т.б.) амбициясы жоғары, мақсаты асқақ, мұраты биік болуы керек. Тек сондай жағдайда ғана мемлекет байлығы үдей де, үрдіс дамиды, нәтижесін жалпы халық көреді. Мәселен, Абай: «тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» дегенде, барлық уақытта қарекет жаса, тамағың тоқ болса да игілікті іспен айналыс деп отыр. Ендеше, қоғам өз байлығын еселеген үстіне еселей беруі, ал жеке адамда материалдық байлыққа қанағат болса да, рухани жетілуге қанағат болмауы керек. Руханият биігіне жетуді мақсат тұтқан адам үйренеді, ізденеді, оқиды, ғылыммен, өнермен айналысады, зерттейді, жетіледі, «ізденген жетер мұратқа» дегенді басшылыққа алады. Бүгінгі қазақ ұлтына осындай қанағатсыздық аса қажет. Өйткені бөтен елдермен біз теңесе алсақ, тек біліммен теңеле аламыз. Ендеше, білімімізді, ғылымымызды, өнерімізді жетілдіру, оздыру бағытында еңбектенуіміз керек, «жалқаулық адамның қас жауы» (Абай).

Қонақжайлылық туралы біздің әдет-ғұрпымыз бен

басқа ұлт пен ұлыстардыкі, елдердікі сәйкес келе бермейді. Ендеше, қазақтың өздеріне жасар қонақжайлықтары бір бөлек те, өзгеге жасары бір бөлек болғаны жөн. Мәселен, біздің елпідеп, желпідеп тұрғанымызды да, асыра төк дастарқанымызды да олар түсінбеуі бек мүмкін. Өйткені «әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа». Біз төрге қонақты шығарамыз, қайсыбір елдерде (тіпті көптеген Еуропа елдерінде – А.Т.) қақ төрде қожайынның өзі отырады. Оны да ойлаған жөн, болмаса біз төмен болғандықтан дастарқанымыздың төменгі жағында төменшектеп жүрмегенімізді, ол қонағын құдай сыйлаған, қазақ мәдениетінің бір бөлігі екенін түсіндірелік. Ал үлкен мемлекеттік деңгейдегі (Саммит, Азияда спорт ойындары т.б.) қонақтарды қарсы алудың жөні бөлек. Оларды қазақы ұғымдағы «қонақ» дегеннен гөрі сол шараға «қатысушы» деп қарап, басқа елдердің тәжірибелерін де ескере отырып қарсыласақ жөн болар. Бұл тұстағы қонақ күту қажеттілік, бұл тұста сенің ішкі саясатың да, мәдениетің мен дәстүрің де, салтың да, қалпың да, бір сөзбен айтқанда – қазақ болмысымыз көрінгені абзал. Бірақ, қайсыбір қулар мен сұмдар, адалдықтан ада іс басындағы кейбір адамдар, осындай шараларды өз мүдделеріне пайдаланып, халық байлығын шашып жеп, елдің байлығын талан-таражға салса бұл барып тұрған сұрқиялық (Басқасын айтпай-ақ баспасөзде белгілі болған халық санағына қатысты т.б. жайларды айтсақ та жеткілікті – А.Т.).

Бұл айтылғандарға қоса, құдайдың жері кең деп шегіне беру де, біз бөтенді жатсынбаймыз деп шақыра беру де, түптің-түбінде елде әлеуметтік мәселелер туындатуы мүмкін. Ал ерте кезде бұған көңіл бөлдік пе? Жоқ. Ендеше, ұлттың «артықшылығы» мен «кемшілігін» түгендегеннен гөрі, заманның ыңғайына қарай ұлт қамын, тәуелсіздіктің баяндылығын, ел болашағын, ұрпақ болашағын ойлағанымыз жөн. Ал ұрпақ болашағы жаңа заман жетістіктерімен қаруланған этномәдени білім мен тәрбиеде. Ұлтымыз «оқу инмен құдық қазғандай» – деп білімге, оның артықшылығына ерекше мән берген. Біздің ұлттық ерекшелігіміз де осында болмақ.

*– Сөз соңында қазақ журналистикасының кемшіліктері мен жетістіктері туралы пікіріңізді білдіре кетсеңіз.*

А.Т.: Мен бұл сұрағыңызға журналистиканың теориясы мен практикасынан арнайы даярлығы бар маман ретінде емес, оқырман ретінде өз ойымды білдірейін. Сіздің әріптестеріңіз ренжімес деп ойлаймын, қазақ журналистерінің көбі оқымайды, һәм танымын кеңейтпейді. Оқымаған, танымы тар адам біреулердің ықпалында жүреді (соқыр тауыққа бәрі жем – А.Т.), немесе, жетіп, жетістіріп айта алмай, өзінен өзгені оқымай, өзінен өзге жоқтай ісіп-кеуіп жүреді. Абай ондайларды өнерсіз, жетесіз деп, «тура сөзін айта алмай, қит етуге бата алмай, қорлықпенен шіритіндер» қатарына қосады. Абайдың өнер деп отырғаны сауаттылық. Ол ізденіспен, алыс-жақын көрші елдердегі әріптестеріміздің үлгілі тұстарын үйренумен келетін іс. Осы жағы қазақ журналистерінде кемшін бе деп ойлаймын.

Ал бірқатар журналистер мен филолог мамандарымыз (тіпті араларында ғылым кандидаттары да бар – А.Т.) өте сауатсыз сөйлейді. Бұл әсіресе, бейнелі, дыбысты ақпарат құралдарында ерекше көрініп тұрады. Олардың ішінде «отырық», «тұрық», «жүріктер» толып жүр, көпшілігі «ң» әрпін «н» етіп айтады. Халық, көпшілік үлгі алады деп жүрген билік басындағыларымыз да бұлардан озып кеткен ештеңесі жоқ. Көбінің мемлекеттік тілде сөйлеген кейпін көріп, көз алдыңа тілі жаңа шығып келе жатқан сәбиді еріксіз елестетесің, олар үшін өзің ұяласың. Олар жоғарыда айтылғандарға жаңалық қосып: «Біз жасау керекпіз», «орындау керекпіз» т.б. деп сөйлеп жатады. Ал сен түсінбей қиналасың.

Сонан соң біздің біраз журналистеріміздің архаизмге айналған, заманмен үндеспейтін, қазіргі оқырман санасына сіндіспек түгіл, тосын естілетін: «Бүгін Президент Н.Назарбаев ат басын Ақтөбеге тіреді», «Бәленше қанжығасына алтын (күміс) медаль байлады», «Бәленше Қазақстан қоржынына ұпай салды», «Қылмыскерді құрықтады», т.б. толып жатқан қажетсіз тіркестерді шұбыртады да жатады. Бұл сауаттылық емес. Талдап көрелік... Әр халықтың жалпы ұғымы, көркем де, көрікті ойы, немесе, кісіні ұмтылдыратын, қуаныш пен шаттыққа бөлейтін алғысы да, кісіні қарабет ететін гайбат сөздері мен қарғысы да, тіпті сөз сөйлеу мәнері мен өлшемі де заманына сай болуы керек. Әрине, бұдан, бұрын қолданылған ескі ой өрімдерін ұмытальқ деген ой тумасын, олар да қажет, бірақ қажетіне қарай, орнымен.

Ал жоғарыдағы «Президент ат басын Ақтөбеге тірейтіндей» ол атпен келген жоқ қой және медаль қанжығасына байлайтындай салт атты адам соғып алған қоян, түлкі т.б. емес (салт аттының ұстаған аңын басқа қоятын жері жоқ — А.Т.). Шындығында медальді мойнына тағып та, қалтаңа, сумкаңа салып та жүре бересің ғой. Қоржынға ұпайды қалай саларсың, өйткені ұпайдың заттық мәні жоқ қой, сондай-ақ қуып жетіп құрықтайтындай қылмыскер үйірдің ішіндегі жылқы емес қой... Маған қарсы уәж айтушылар болады, әрине. Ол кісі тілдегі әрлеуді т.б. білмейді, білсе де түсінгісі келмейді дегендей. Алайда біз сөз бен ойда үйлесім болуын қадағалауымыз керек. «Бабалардан сөз қалған, не қалдырам мен саған» деп ойға шоматын, қыруар мәселесесін бірауыз сөзбен шешетін жұрттың ұрпағы емеспіз бе?! Ендеше біздікі «сөз қадірін кетірмелік» — деген ой.

Сондай-ақ, бұрақаралық ақпарат құралдарында көпшілікті теріс ұғым мен танымға жетелейтін жетесіздерге сөз бермеу керек. Жақында бір жас әншіге жүргізуші: сіздің өлеңдеріңіз жеңіл-желпі, өздерің жазасындар. Мәселен, «сен арғы бетте, мен бергі бетте, дауысым жетеді, саған кетеді, сені күтем, жаным» деген сияқты болады десе, оның берген жауабының сиқы: «бұрынғы әндерді қазіргі жастар түсінбейді, сөздері ауыр. Біз бүгінгі жастарға түсінікті болу үшін осылай айтамыз, жазамыз» — дейді, сабазың. Ау, айналайындар-ау, қазақтың тамаша таланттары Мұқағали Мақатаев, Қадыр Мырзаәлі, Тұманбай Молдағалиев, Мұхтар Шаханов т.б. жазған өлеңді түсінбейтін, соларға Шәмшілер сияқты дара тұлғалар жазған музыка құлағына кірмейтін, «тобырды» тәрбиелеп, жетістірудің орнына, ұлт жастарын солардың «деңгейіне» түсуге шақырсақ не болғанымыз. Тағы бір оқшау ойым, Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары (телевидение, радио, газет-журналдар т.б.) өздеріне берілген құқықтар шеңберінде ел ойынан шығатын, шындықты көрсететін, ақ пен қара, жаман мен жақсы, қараша мен хан арасы барлық уақытта бітисе бермейтінін ескерген, есті материалдарды көбірек берсе деген тілек. Бір уақыт «жалған мақтанның жар соқтырарын», «өтіріктің құйрығының бір-ақ тұтам» екенін ескерсе дейміз. Өйткені, адам да, ол өмір сүріп жатқан қоғам да бұдыр-кедірсіз болмайды, мәңгілік те



емес. Көпшілік ол жағынан да анық ақпараттар алғысы келеді.

Датым бар...

Санада сілкініс жасау, тәлім-тәрбиенің этномәдени аспектілеріне көңіл бөлу — біздің әлі жасай алмай, қол жеткізе алмай, тіпті әлі мән-мазмұнына жете түсіне де, түсіндіре де алмай келе жатқан бағыттарымыздың бірі. Ендеше, сапалы білім тек шетелде деуді де ойланып айтқанымыз жөн. Әрине, озық технологияларды пайдалануымыз орынды. Бірақ білім мен тәрбие біздің унитарлы мемлекетіміздің іргетасын бекітуге, Тәуелсіздігімізді нығайтуға қызмет етуі керек. Олай болса, оның мазмұны этномәдени болуы қажет.

*«Алаш айнасы».*

## АДАМ ПАРАСАТЫН ОТЫРҒАН КРЕСЛОСЫМЕН, БЕДЕЛІН БАЙЛЫҒЫМЕН ӨЛШЕЙТІН ХАЛҒЕ ЖЕТТІК

*— Алтай Тайжанұлы, қалай ойлайсыз біз Тәуелсіздіктің шынайы мәнін қалай түсініп жүрміз? Сіздіңше, тарихи санасы қалыптасқан тәуелсіз ел азаматтарының басты ерекшеліктері неде?*

А.Т.: Қазақ халқының ұлттық санасы мен жан дүниесін мазалаған түйткілді ойы ұлттық, һәм мемлекеттік тәуелсіздік еді. Дүниежүзінде халқының саны жөнінен бізден бірнеше есе көп ұлттар мен ұлыстар бар, бірақ олардың егемен, тәуелсіз мемлекеттері жоқ. Бұл тұрғыдан алғанда тәуелсіздікке балама жоқ, ендігі мақсат — Қазақстан — 2050» стратегиясында айтылғандай, Тәуелсіздігімізді баянды ету. Қазіргі жаһандану заманында өзінің ұлттық бірегейлігін терең ұғынған, соған орай қимылдайтын халық қана алпауыт мемлекеттердің жемсауында кетпей, тарих сахнасында сақталып қала алады. Алайда біз әлі де болса көптеген салаларда үйренуші, өзгелердің істегендерін қайталаушы жағдайында жүрміз. Енді бізге белгілі орыс тарихшысы Карамзиннің «өзгенің ақылымен ақылды бола алмайсың, өзгенің даңқымен даңқты бола алмайсың» деген жанды сөзін ескере отырып, алдағы уақыттарда өз

ақылымыз, өз даңқымыз өзімізге жететінін де шамалап, өз межемізге өзіміз ұмтылғанымыз жөн. Тәуелсіздіктің ұлттық болмысты қалыптаудың, ұлттық рухты көтерудің, ұлттың тарихи санасын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде насихатталуы әлі де болса қажетті деңгейге көтерілмей келеді. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың «ұлттық рухсыз, ұлттық намыссыз ұлт тәуелсіздігі болмайды» деген өсиетін еске сала кетсек артық болмас. Ұлттың тарихи санасы дегеніміз — күрделі феномен. Оның қалыптасуында, дамып жетуінде мемлекеттің рөлі ерекше. Жеке адам да, ұлт та ұзақ уақыт тәрбиеден өту арқылы өз бойына ұлтжандылық, ізгілік, басқа ұлттармен бейбіт қатынаста өмір сүруге бейімделу секілді қасиеттерді жинақтайды, ұрпақтарының бойына дарытады. Не болмаса, ұлтсыздану үдерісіне жол беріліп, кеңестік интернационализм кезіндегідей ұлтты ұйыстыратын ұйытқыларды жоғалту мақсатын көздеген саясат жүргізіледі. Ашаршылық, соғыс, індет, қуғын-сүргін секілді зұлматтар қоғамның кемел тұлғаларының түбіне жетті, аман қалғандардың өздерінің рухани дүниесін жұтатты, қандай да жолдармен, әртүрлі сорақы әдістермен өзін-өзі қорғау, жан сақтау инстинктін дамытты, сөйтіп, оларды «өз ұлтым», «өзге ұлт» дегенге үйрететін дербес ұлттық санасынан ажыратып, өзіндік өмір сүру әліппесінен айырды, мәңгірттену үдерісі жалпыхалықтық сипат алды. Құлдық психология — қазақтарға ұзаққа созылған отарлық саясат, кейін кеңестік дәуір дарытқан ең сорақы, ең зұлым, ең қасіретті құбылыс. Бұл ұлт санасының терең дағдарысқа ұшырауына, ұлттық намыстан жұрдай болуға алып келді. Осыдан келіп, ұлттық тарихи санасы тұтаспаған ұрпақ пенделіктің небір түрлеріне барып ұлт беделін түсірді, мазақ бола жүріп мақтан құды, дақтыртқа, даңғазаға қосылды. Өз дамуында алға кеткен халықтың озық жетістіктерінен саналы түрде үйренудің орнына, Абайша айтсақ, «өзгеге жатып жастық, жайылып төсек болып, жалпақшешейлік танытты», билік басындағылардың алдында табынды. Сөйтіп, саналы адами рухты, ұлттық болмысы бар азаматтар сиреді. Бұл үдеріс әлі тоқтар емес. Тәуелсіз ел азаматтары ретінде біз санадағы құлдық психологияны жоюымыз керек, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптап, ұлттық рухы мен намысын тіктегеніміз абзал.

*- Бұл күндері баспасөздер мен ғылыми әдебиеттерде*

*ұлттық мүдде мәселесі жан-жақты талқылануда. Ұлт мүддесін қорғау, ұлт парасаты – ұлт дамуының кепілі деген ойға көзқарасыңыз қандай?*

А.Т.: Ұлттық идеологияның маңызды компоненттерінің бірі – ұлт мүддесін қорғау. Ұлт мүддесін ұлттық намысы барлар қорғайды. Бұл жерде бізге ешқандай да босаңсуға болмайды. Қазіргі қоғам – идеологиялық күрестің қоғамы. Сондықтан біздің мемлекеттік тіліміздің, ортақ дініміз бен наным-сенімдеріміздің және Қазақстанның мемлекеттілігі идеясының төңірегінде топтасуымыз маңызды. Кезінде айтулы Алаш азаматы М.Шоқай «Мемлекетте мәңгілік дос та, мәңгілік жау да жоқ. Онда тек мәңгілік мемлекеттік мүдделер ғана бар» деген еді. Ұлттық санасы қалыптасқан адам кез келген мәселеден сырт қала алмайды, сөйтіп, бүкіл халық болып ел қамын, ел мүддесін ойлайды. Алайда ұлттық сана халық мәселесін көтеруге ғана қауқарлы болғанмен, оны шешуге келгенде дәрменсіз, ол үшін сапа керек. Ол сапа – азаматтықты іс жүзіне асыруға бірден-бір қауқарлы да жігерлі ұлттық парасат. Ұлттық парасат болмайынша, ешбір асу алынбайды. Ендеше, парасаттыларға деген құрметтің кемшіндігін, сыйлаудың тапшылығын біліктілік нышаны деуге болмас. Ұлттық мүдделеріміздің іске асуы оның тарихи кеңістікте ұзақ өмір сүруін қамтамасыз етеді. Ал сол мүддені іске асыратындар білікті, білімді, ұлттық рухы мен санасы барлар. Міне, осындай адамдар, егемен елдің жастарына үлгі болар тұлғалар. Тәуелсіз елімізде шетқақпайлық көрмей, бойындағы бар қасиеттері мен қабілеттерін жастарға беріп кетулеріне мемлекет тарапынан жағдайлар жасалуы керек.

*– Бүгінгі тәуелсіз ел жастарының бұрынғы жастардан өзгешелігі бар ма?*

А.Т.: Кеңес дәуіріндегі жастарға кедей болу жақсы, кедей еңбекқор, ақылды деп оқытты, тәрбиеледі. Бұған Ыбырай шығармаларынан алынған Асан мен Үсен бейнелерін еске түсірсек те жеткілікті. Осыдан келіп, «кедейдің бәрі жақсы, байдың бәрі жаман» деген психологиямыз қалыптасты. «Байларды қойдай қу қамшымен» деп өлең жаттадық. Бай «жаман, надан, ештеңеден хабарсыз, кебеже қарын, қуыс кеуде болса, қалай байыған?» деген ой санамызға кірмеді. Кеңестік идеологияның бізге кедейді дәріптеткені сонша, әкем, ата-бабам түгел кедейден шыққан деп өмірбаян

толтыруды ар көрмедік, керісінше, жетістік санадық. Қазақта «тексіз» деген өте ауыр сөз бар, біз сол тексіздігімізді өз қолымызбен жазып, мақтаньшқа айналдырдық. Бұрын балаларымызды тегімізді айтып тәрбиелесек, енді «тексізден шығып адам болдық» деп мақтандық.

Бүгінгі жастар – тәуелсіз ел жастары, олар баяғы біздер сияқты санасы мен өмір салтындағы елес қуудан арылған жастар. Адам факторының бар мәні де, маңызы да, құндылығы да – осында. Жаңа адам – тек жас адам емес, болмысын, санасын жаңартқан адам. Қазақта «үмітсіз шайтан» деген сөз бар. Біздің тұстастарымыз социалистік идеяға көп үміт артты, Еуропаны кезіп жүрген «коммунизм елесі» бізге де келер деген үмітпен жастық шақтарын өткізді. Бірақ елес жеткізбеді, коммунизм келмеді. Сонан соң ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын «дамьған», «кемеденген» социализм деп жұмсартқан болдық. Кейін «қайта құру» идеологиясы келді, бірақ ол да алдыңғы сенім-нанымды, арман-елесті жоққа шығармай, соның бір белесі болып тарих қойнауына енді. Сөйтіп жүргенде, қоғам дамуының объективті жағдайы алып империяның құлауына әкелді. Біздің бұларды термелеп айтып жатқанымыздың басты себебі, Кеңес дәуірінде құлдық психологиямен қоса, ұлттың дәрменсіздігі, кіріптарлығы да қалыптасқан еді. Соның салдарынан осындай өзгерістерге қазақ қоғамы да, ұлтымыздың қоғамдық санасы да даяр болмай шықты. Ал бүгінгі жастардың басты ерекшелігі – оларда үрей жоқ. Бұл жақсы. Алайда оларда тарихи сана мен намыстың ұлттық деңгейде болмауы бізді ойландыруы керек.

*– Біздің жас кадрларымыз бүгінгі күннің талаптарына сай ма, оларда ұлттық намыс бар ма?*

А.Т.: Көбі сай дей алмаймыз. Оның басты себебі, кейбір жастарымыздың әкесінің немесе көкесінің ақылымен өзі қаламаған мамандықтарға ақылы оқуға түсіп, білімі мен білігін де басқаның көмегімен «менгеріп» жүргендігінен болса керек. Кейін ондайлардың жұмысқа орналасуы да, жұмыс бабымен сатылап көтерілуі де осы бағытпен жүреді. Бұл күнде мекеме бастығын «жұмыс беруші» деп атаймыз, олар өтірік болса да, қазіргі талапты басшылыққа алған болып, бос орындарға орналасуға қатысты баспасөзде хабарландырулар, конкурстар жариялайды. Біз бұл жерде кадр таңдаудың әділетті, әділетсіздігі туралы әңгімені жұмыс

берушінің «ары төреші» деп әңгіме етпей-ақ қоялық. Ал жаңағы жарнаманы оқысаңыз, «тек компьютермен жұмыс істей білу, ағылшын тілін меңгеру деңгейі» сияқты талаптар тұрады. Бұл – заман талабы, оған дау жоқ. Бірақ бұлар қызметтік талаптар. Ал оның патриоттығы, парасаты, ділі, мемлекеттік тілді білуі, ұлттық намысы сияқты тағы да басқа адами сапаларына бас ауыртып жатқан ешкім жоқ. Бұл орайда ұлттық мүддені айтып жатудың өзі артық. Сонда бізге 10 тілді білетін, қызыл дипломды, шетелде оқыған, бизнесті шыр айналдыратын, бірақ нигилист, парасатсыз, өмірлік ұстанымы жоқ, ұлттық намыстан жұрдай, ұлттық болмысы қалыптаспаған, «космополит» робот керек пе, әлде еліміздің болашағына жаны аштып, бүгінгі игі істерді алға апаратын азамат керек пе?! Бір нәрсе айқын – біз «тәрбиесіз білімдіні» де, «көкесінің көмегімен жүргендерді» де үкілегеннен ештеңе таппаймыз. Біздіңше, сыбайлас жемқорлықтың да, шетел асуға қиналмайтын сатқындықтың да тамыры осы ұлттық намыссыздықпен, рухсыздықпен сабақтасып жатса керек. Сондықтан кадрларды даярлау, іріктеу, таңдау мәселесі ұлт мүддесімен, ел болашағымен тығыз байланыста болып, тарих сабақтары да ескерілуі тиіс.

*– Біз кеңестік кезеңде көптеген ұлттық мұрамыз бен рухани құндылық-тарымыздан көз жазып қалған халықпыз. Жастарымыздың ұлттық құндылықтарға көзқарастарын қалай қалыптастырамыз?*

А.Т.: Өркениетті елдерде тарихи ескерткіштерді қорғау, тарихи жадын сақтау ісі әрбір адам мен бүкіл қоғамның жеке ісіне айналған. Әркім оған ұлт символы ретінде қарайды, надандық жайлаған, осыны ұғынбаған елдерде олай емес. Біздің азаматтарымыз үшін тарихи құнды дүниелерді қирата салу, оның орнына жаңа сауда-саттық үйлерін, іс-әрекеті қажетсіз клубтар салу ештеңе емес. Алматы және басқа да қалалардағы мұндай жағдайлар туралы кезінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы айтылды да, жазылды да. Бұл тарихи мұрағаттарымызды бағаламау – асылымыз бен қымбатымызды ажырата алмау және бағалай білмеу.

Өркениет – мәдениет дамуының қозғаушы күші. Мәдениет барлық уақытта өркениеттің даму деңгейіне сәйкестенуге ұмтылады. Кезінде Канттың Еуропа мәдениетін «біз шамадан тыс өркендеп кеттік, бірақ жеткілікті дәрежеде мәдениетті емеспіз» деп бағалауы да содан болса керек.

Біз мәдениетіміз бен рухани дүниелерімізге өркениетті адам тұрғысынан қарай алмай жатырмыз, яғни мәдениетті дамыту үшін мәдениетке мәдени көзқарас қалыптаспай жатыр.

Қандай қоғам болса да жастар арқылы биологиялық және рухани жаңарады. Бүгінгі күні жаңа замандағы адамды тәрбиелеу қазіргі білім ордаларының алдына үлкен міндеттер қояды. Әр заманның өз қаһармандары болған. Мұндай дәуір мойындайтын тұлғалар, бүгінгі біздің қоғамға да ауадай қажет. Әзірше мұндай еліктеуге тұрарлық өнегелі тұлғалар аз болып тұр. Посткеңестік дәуірде бұрынғының бәрін мансұқ ету жастардың бойында нигилизмді, күдікшілдік сезімдерді бекіте түсті. Оларды мұндай сезімнен арылту – бүкіл қоғамның міндеті.

Жақсыға еліктеп, өміршенді өнеге тұтып, оны өз табиғатына жерсіндіру үшін де білім мен білік, тағылымды тәрбие керек. Ал ондай болмаған жағдайда әркімнің жетегіне ілесіп, айтағына жүріп, тура жолды таба алмай әуре-сарсаңға түсуіміз әбден мүмкін. Білімсіздіктің, надандықтың тек ел ішінде әлеуметтік келеңсіздікке әкелмей, жалпы еларалық қатынастарда да ұлттың есесін жіберіп алуына соқтыратынын терең түсінгеніміз жөн.

– *Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2050» стратегиясы Қазақстан халқына Жолдауында патриоттық тәрбиеге, оның ішінде қазақстандық патриотизмге ерекше көңіл бөлді. Оқу орындарында бұл мәселе қалай жүзеге асырылуда?*

А.Т.: Қазіргі кезеңде патриотизм тақырыбы, оның ішінде қазақстандық патриотизм мәселесі барлық қоғамдық, мемлекеттік, саяси, мәдени-рухани тақырыптардың өзегіне айналуда. ҚР Президенті Қазақстан халқына Жолдауында «оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажеттілігін» ерекше ескерткен және олардың ең бастыларының қатарында «патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынсынушылық» аталып өткен, сонымен қатар, «бұл құндылықтар меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан барлық оқу орындарында да сіндірілуге тиіс» делінген. Ендеше, патриотизм идеясы жастарға білім мен тәрбие берудің барлық бағдарламаларынан көрініс табуы

керек, жалпы, көпшіліктің де одан хабардар болғаны жөн.

Республика көлемінде де, жекелеген оқу-тәрбие мекемелерін алсақ та патриоттық тақырыпқа байланысты іс-шаралар қазақстандық патриотизмнің заманауи болашағын кешенді түрде қарастыруды талап етеді. Студент жастарды азаматтылық, патриотизм, еліміздің қарқынды сатылап дамуы идеяларының рухында тәрбиелеуге бет бұрған оқу орындарының ішінде үлкен оқу-тәрбиелік әлеуеті бар, Қазақстанның жетекші оқу орындарының бірі болып табылатын Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина университетін атауға болады. Университеттегі тәрбие жұмыстары нақты жоспарларды, мақсаттарды, жүйеленген міндеттерді негізге ала отырып жүргізіледі. Олар өзінің оң нәтижелерін беруде.

*– Дін – өте күрделі әлеуметтік құбылыс, ұстанымдарына қарай оны әркім әр қилы түсіндіреді, сан-алуан анықтамалары да бар. Дін тануда, оның мән-мазмұнын анықтауда жаңа түсінік қалыптасты ма?*

А.Т.: Дін – адам баласымен бірге жасасып келе жатқан, әлеумет үшін үлкен мәні бар, рухани дүниеміздің үлкен бір бөлігі, мәдениетіміздің басты дінгеіктерінің бірі, бұған қоса ол тарихи қалыптасқан көзқарастар жүйесінің бірі болып есептеледі.

Адам діннің мәнін терең білмесе де, имандылық пен имансыздық оның іс-әрекетінен, ішкі дүниетанымы арқылы көрініс табуы қажет. Көшеде жүріп «дін білгендер» мен «дін танығандардың» мәселенің байыбына бармайтындардың көбеюі қоғамға қауіпті. Сондықтан қоғамдағы кез келген әлеуметтік құбылыстарға назар аударылуы керек. Оларға уақытша, кездейсоқ, әлсіз, болашағы жоқ деп қарауға мүлде болмайды. Мысалы, бұрындары әрбір ауылда шағын мешіт болды, онда шәкірттер алғашқы білімдер алды, ол жерде аузынан Алласы түспейтін, имани адамдар жүрді. Енді бүгін де мешіттер көптеп салынууда, олардың көпшілігі қазіргі заман архитектурасының жетістіктерін ескере отырып, салынған. Бірақ олардың мақсаты қандай, кімдер қызмет етуде? Қазақта «Өзің диуанасың, кімге пір боласың» деген сөз бар. Олардың бәрі бірдей елімізде мұсылманшылықтың дәнін сеуіп, имандылыққа үйретіп жатыр ма, әлде қожайындары атасының атын немесе өз аттарын шығару үшін еңбектеніп жатыр ма,

гәп сонда. Мешіттен келдім деп садақада төрде отыратын көп молдалардың мәдениетсіздігі, білімсіздігі, біліксіздігі көзге ұрып тұрады. Ал ондайларда инабат болмайтыны былай тұрсын, ондайлардан иман қашады. Ендеше, жас ұрпақ тәрбиесінде, бізге сауат пен салауат, білім мен білік бірдей қажет екендігін ұмытпалық. Қазақ «Дүмше молда ел бұзады» десе, Абай: «Кітапты молда теріс оқыр, дағарадай больш сәлдесі» дейді...

*– Ал елімізде болып жатқан әлеуметтік реформа, әсіресе соңғы уақытта қызу талқыға түскен зейнетақы мәселесі туралы не айтар едіңіз?*

А.Т.: Еліміздің егемен, Тәуелсіз дамуы кезеңінде көптеген әлеуметтік реформалар қабылданды. Бұл – қоғамның даму заңдылығы, өйткені қоғам мен әлеумет ажырамас бірліктегі нәрсе және өз әлеуметінің жағдайы мемлекетті алаңдатпай қоймайды. Алайда кез келген қабылданған заң, қаулы-қарарлар, олардан туындайтын салдарлар, сол мемлекеттің азаматтарының әлеуметтік жағдайын әлсіретпеуі, бұрынғыдан да төмендетпеуі керек. Ондай жағдай орын алса, сол заңды қабылдаған Парламент халыққа қарсы әрекет жасаған болып есептеледі. Осыған байланысты Ұлттық банк бастамашы болған, соңғы уақыттарда қызу талқыға түскен Қазақстан Республикасында әйелдердің зейнетке шығу жасы жайлы мәселелерді ой елегінен өткізіп көрелік. Қазіргі уақытта Батыс пен Еуропаның кейбір елдеріндегідей ерлер мен әйелдердің зейнет жасын теңестіру мәселесі өзекті тақырыпқа айналды, оны жақтаушылар да, қарсылық білдірушілер де бар. Жаһандық үрдіске құлақ ассақ, ерте ме, кеш пе бізге зейнетақы заңнамасына өзгерістер енгізу керек екені анық. Ендеше, Үкімет және осы мәселеге ынта білдіруші Ұлттық банк республикамыздың болашағы үшін, оның тұрақты дамуы үшін реформаның қажеттігін жан-жақты түсіндіруі қажет еді. Мысалы, әйелдердің зейнет жасын арттырудың басты себебі – зейнетақы төлеудегі қаражаттың болжамды дефициті. Еліміздегі зейнеткерлердің 70%-ын әйелдер құрайды, олардың зейнет жасын арттырмасақ, 2014 – 2024 жылдар аралығында зейнетақы төлеуге жұмсалатын бюджет шығыстары 3 трлн теңгеге өседі де, мемлекетті зейнетақы төлеуге қауқарсыз етіп, болашақ зейнеткерлер үшін үлкен проблемаға айналады. Сондықтан бұл мәселелерге қазірден бастап назар аударып, шешуге тиіспіз.



Ал Ұлттық банк төрағасының бұл мәселе туралы еркін актуарийлер дерегіне сүйеніп айтқан болжамдары халыққа аса түсінікті бола қойған жоқ. Бұған дер кезінде көңіл аударған Президент Қазақстан халқына зейнетақы реформасы мәселелері жөніндегі Үндеуінде «оның басты себебі Үкімет пен Ұлттық банк іс-әрекетінің олқылығынан, оны халыққа насихаттау ісі дұрыс жүргізілмеген, оған немқұрайды қараған халықтың көбі бұл реформаның түпкі мәнін түсінбеген» деп заңнаманы халыққа түсіндіру жағына оң баға бере алмайтынын айтты.

Осыған сәйкес, Президент өзінің Конституция берген өкілеттілігін пайдалана отырып, әйелдердің зейнет жасын өсіру туралы норманы қайта талқылау үшін Парламентке қайтарды және зейнет жасын кезең-кезеңмен ұзартуды 2014 жылдың 1 қаңтарынан емес, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастауды ұсынды. Үкіметке халыққа қажет заң мәселелерін одан әрі пысықтап, дамытуды тапсырды. Президенттің бұл шешімі ақпарат құралдарындағы хабарлардан көріп, естіп жатқанымыздай, көпшілік қазақстандықтардан қолдау табуда. Оның да өз жөні бар, шын мәнінде, әйелдердің зейнетақы жасын олардың әлеуметтік орнына, жағдайына қарай реттеген дұрыс болар еді. Мәселен, біреу ауыр жұмыста, біреу жеңіл жұмыста, біреулер ғылым мен өнер саласында, енді бірі – көпбалалы аналар, ал енді бірі ауылда, екіншілері қалада, тағы да басқа. Бұл мәселелерді есепке алмай, әлеуметтің бәрі тең деп қараудың өзі еш қисынға келмейді. Сондықтан да Президент Үкіметке 2030 жылға дейін зейнеткерлікпен қамтамасыз ету жүйесін жаңғыртуды одан әрі жалғастыру жөнінде кешенді іс-шаралар әзірлеуді тапсырды. Бұл дұрыс шешім деп ойлаймын.

*- Қазіргі әлемдік жаһандану кезінде қандай қадір-қасиеттер қажет деп ойлайсыз?*

А.Т.: Бүкіләлемдік жаһандану кезінде түп тегімізде бар бейімделе, үйрене білу, сыйласа және сыйлата білу қасиеттерімізді ұмытпағанымыз жөн. Алдыңғы буын өкілдерінде мұндай дәстүрді ұстану бар еді. Рулар арасындағы ата баласы, аға баласы, қара шаңырақ иесі деп орын ұсыну, қала берді, тектілерді құрметтеу, жақсылар мен жайсаңдарды сыйлау алғы қазақтардың моральдық ұстанымдарының бірі болған.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары Шоқанды,

Абайды тағы да басқаларды зор құрметтеген. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұв Абайды «Қазақтың бас ақыны» десе, Мағжан Жұмабаев «Алтын хакім» деп дәріптейді. Қазақ зиялылары бір-бірін де өзара аса құрметтеген. Сондағы өлшемдері жеке тұлғаның ел, халық алдындағы беделі мен қажыр-қайратын жұмсап атқарған игі істері болған.

Әңгімеңізге көп рақмет, аға.

Алашқа айтар датым...

Бүгінгі күні біз тұлғаны шенеуніктің дәрежесімен, адам парасатын отырған креслосымен, беделін байлығымен өлшейтін халге жеттік. Мұндай көріністердің жастар санасын уламауына ешкім де кепілдік бере алмайды. Ондай келеңсіздіктердің ұлт намысын жасытпаса, ұлт рухын түсірмесе, көтеруге қызмет етпесі айқын. Мұндай ортада елдіктің тұғыры – жоғары мәдениет те қалыптаспасы хақ. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұлы күш – рухани қуат-жігер, елдік парасат, таным, патриоттық сезім де болмайды. Бұларсыз жаһандану тұсында егемендігімізді, елдігімізді де көрсете алмаймыз. Олай болса, қажетіне қарай ежелгі дәуірдегі қадір-қасиетімізді бүгінгі күнге үлгі етсек артық болмас.

*«Алаш айнасы».*

## **ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ТҮЛҒА ФИЛОСОФИЯСЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ҚАНДАЙ БОЛҒАН?!**

*- Қазақтың ертегі, жыр-аңыздарында батыр, кенже ұл ел басына қиын күн туғанда, қилы заманда үлкен ерлік істер істейді, тіпті өзін былай қойғанда, астындағы қотыр тайына дейін өзгеріп шыға келеді, батырдың ерен қылықтар көрсетуіне жәрдемдеседі. Сонда тұлғаны дәуір, немесе, заман жасай ма, әлде басқа да себептер бар ма?!*

А.Т.: Алдымен біз мынаған көңіл бөлгеніміз жөн. Қандай да құбылыс болсын, мән болсын, таным-түсінік болсын мәңгі емес, олар өзгеріп отырады. Ендеше көне замандардағы, оның ішінде ертегілер мен жыр-аңыздардағы ұғым түсінік пен бүгінгі күнді салыстыруға болмайды. Жалпы бұл кезеңдегі дүниетаным мифологиялық болып келеді

де *арманға* құрылады, ендеше әңгіме қиялдағы тұлғалар туралы. Бірақ, біз ұзақ уақыт бір нәрсені ескермей келдік. Ол адам арманы. *Армансыз* адам болмайды, сол арман адамдарды алға жетелейді. Айталық, ертегілердегі самұрық құспен ұшу, пыраққа міну, айшылық алыс жерлерден хабар алу т.б. бәрі арман еді ғой. Бүгінгі самолет, ұялы телефон, интернет т.б. сол арманның заттық, шындыққа айналған түрі десе болады. Олай болса, біздің ертегі, жыр-аңыз сияқты рухани құндылықтарымыздағы батырлар ерекше тұлғалар образының ұрпақ тәрбиесіндегі орны ерекше. Өйткені, ертегі ермек емес.

Алайда, қазіргі замандағы біздің *батыр, тұлға* туралы түсінігіміз, батырлық, ерлік туралы ұғымымыз бұрынғыдан өзгереді болуы керек. Біздің Кіші жүзде «Ердің соңы Есет, Пірдің соңы Бекет» деген қанатты сөз бар. Оның айтылуы да тегін емес. ХІХ ғасырдан бастап эпостық батырлардай жеке жауға шабатын, өзінің жүректілігін, күш-қайратын көрсететін заман өтті. Ендігі уақытта қарудың жетілуіне, адам болмысының ұсақталуына байланысты оның іс-әрекеті де өзгереді. Тасада тұрып тас ататындар, артыңнан аңдып келіп пышақ салатындар, біздің замандардағы келеңсіз әрекеттердің барлығы бұрынғыдай ерлікпен, батырлықпен жасалып жатқан жоқ. Ал «Пір» деп отырғанымыз әулиенің әулиесі. Адамның бәрі бірдей емес. Олар бірінен-бірі асып туады, немесе жетпей туады. Әулиенің болмысына *сену* керек, өйткені оның бойында тек *сеніммен* ғана танылатын тылсымдар көп. Ал жоғарыдағы кезеңде біз бұрынғы дәстүрлі сенімді жоғалта бастағанбыз. Ендеше, Бекеттен кейінгі заманда біздің наным-сеніміміз де объективті өзгерістерге ұшырады. Бір сөзбен айтқанда, ол дәурен, ол заман өтті. Жаңа ұғым, жаңа түсінік қалыптасты.

Тарихи тұрғыдан алғанда адамзаттың таным түсінігі де, ұғымдары да өзгеріп отырады, ғылыми ұғымдар мен түсініктер де өз заманына сай қалыптасады. Біздің бүгінгі *тұлға* туралы түсінігіміз де бұрынғыдан өзгеше. Сондықтан ғылыми әдебиеттер мен арнаулы энциклопедияларда, «тұлға — жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым» — делінген. *тұлға* философиялық тұрғыдан адамды «адам» ретінде тануға, яғни оның рухани адамгершілік,

ділдік, мәдени қырларына баса назар аударумен пайымдалады.

Бұларға қоса әрбір ұлттың (этнос), ұлыстың өз болмыстарынан туындайтын ұғым түсініктері де болады. Көне қазақ қоғамында тұлғаға қатысты «азамат», «алаштың азаматы», «пенде», «мен» ұғымдары бар.

Енді осы ұғымдардың мәніне үңілсек, *азамат* — араб сөзі — ұлылық мәртебелілік, кәмелеттілік, дара тұлға т.б. білдіреді. *алаш* (ежелгі түрік сөзі — бауырластық, қандастар, туыстар) — көне заманда түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі тайпалардың ортақ атауы — Алты Алаш. Көпке танымал, үлгі бола білген адамды *алаш азаматы* деген. Бірақ, жалпы тұрғыдан алғанда, қарапайым қараша да, хан көтерер азамат та пенде. *пенде* - (парсы сөзі — құл, басыбайлы, тәуелді) құдайдың құлы, оның алдында әлсіз жаратылыс; адамға тән нәпсі талабына тәуелділік (материалдық, атақ-даңқ, мансапқұмарлық, әсіреқызығушылық, менмендік пен мақтаншақтық). *тұлға* дәрежесіне көтерілген адам осы пендешіліктен арылу үшін өзінің пенделік әлсіздігін мойындап, өз бойындағы нәпсілік қасиеттерімен күресуге ұмтылады т.б. Бірақ, бұл жолды жүріп өту барысында кезкелген адамға өзі өмір сүріп жатқан қоғаммен әлеуметтік ортаның ықпал етері сөзсіз, мысалы, кешегі Кеңес заманы кезінде. Бұрынғы ескі мен қазіргі жаңаның алмасуы кезінде тұлға сапасының негізін құрап, оның идеологиясына ықпал ететін, өзгермелі әлеуметтік және саяси жағдайдағы тұлғаның тұрақтылығын қамтамасыз ететін дәстүрлі қазақ қоғамындағы құндылықтар шегініс жасады, дағдарысқа түсті. Ал оны ұстанғандарды билік қолдамады. Тұлғаға тән әлеуметтік еркіндік, рухани еркіндік, үйлесімділік еркіндігі, саяси еркіндік, экономикалық еркіндік т.б. сөз жүзінде қалды.

Тұлғалықтың негізгі өзегі болып табылатын кісілік қасиеттер азайды. Адам өзі үшін өмір сүріп, басқалардың тағдырымен есептеспей, өзін ештеңемен шектемей, құндылық өлшемін бір өлшеммен — байлықпен өлшеді. Ондайлар қазіргі уақытта көбеймесе, азайған жоқ.

Жүсіп Баласағұни: «Құтты білікте» Кісілік қасиеттерді түсіндіре келе:

«Кісілер - көп, кісілікке кендеміз

Адалы — аз, адам атты пендеміз  
Кісі — сирек емес, сирек — кісілік,  
Кісіліктің қадірін біл, түсініп» — деген ұлағатты кеңесін  
естен шығардық.

*Kісі* — дүниемен тікелей, немесе жанама қатынаста  
болып, іс-тәжірибелік және рухани мәселелерді шешу  
барысында өз болмысын өзгерте алатын адам, субъект.  
Ал кісілік тұлғаның басты қасиеттерінің бірі. Кешегі Кеңес  
заманында, адамдар қоғамның жай тетігіне айналып, кісілік  
(тұлғалық) қасиеттер аяқасты етілді. Себебі ол заманда  
нақты адамдардан жоғары тұрған субъектілер болды (тап,  
ұжым, партия, мемлекет т.б.). Олар жеке тұлғаның кісілік  
қасиетінің көрінуіне әртүрлі жолдармен кедергі жасап,  
түншықтырып, адам бойында үрейге негізделген, немесе,  
өмір сүруге бейімделген құлдық психология қалыптастырды,  
өзіндік «менінен» ажыратты.

Әрине, әділдік үшін айта кеткен жөн, біріншіден,  
дәстүрлі қазақ қоғамында «менменшілдік», «өзімшілдік»,  
«мақтаншақтық» еш уақытта көпшіліктен қолдау таппаған;  
екіншіден, өз «менінен» айырылған адамды да қолпаштай  
қоймаған. Керісінше, оларды ынжық, жасық, намыссыз  
деп ұнатпаған, қолдамаған. Ендеше, «мен, мен едім, мен  
едім» деп ерлігін паш ете жырлаған ер Махамбет тұлғасы  
мен әрекеті ұлтымызға әлдеқайда жақынырақ, жағымды.

Адам тұлғалық сипатты иеленуі үшін өз «менін» өзге  
«меннен» ажыратып, есейіп, өз бетінше дербес әрекет ету  
мүмкіндігін ашуы керек. Тұлға бойындағы адамгершіліктің  
көрінісі ар-ұятқа кір келтірмеуінен, рухының биік болуынан,  
өз намысын да, ұлтының намысын да жоғары ұстауынан  
байқалса керек. Әрине, тұлғаны тудыратын заман, дәуір  
дегенде де қисын бар, бұл жерде диалектиканың себеп-  
салдар, кездейсоқтық пен қажеттілік сияқты көріністеріне  
де орын қалдырғанымыз жөн. Сондай-ақ, тұлға туралы  
айтқанда, тектілікті де естен шығармағанымыз абзал. Қара  
басының қамынан аса алмайтын, құлдық психологиядағы,  
танымы тар адамдарды былай қойғанда, қайсыбір талантты  
адамдарды әлеуметтік ортасы қолын байлап, аяғын тұсап,  
тежеп ілгерілетпеуі мүмкін. Біздің бүгінгі қоғам ондай  
жағдайдан ада десек, адасқан ой айтар едік. Қазір бұрынғыдан  
көбеймесе азайған жоқ. Ендеше, Президенттің биылғы  
Жолдауында айтылған жаңа ғасырда Ел тізгінін ұстайтын

жаңа басқарушы элита туралы ойы да, адам капиталына көңіл бөлу мәселесі де осы олқылықтардың орнын толтыруға қатысты болса керек. Адалдық, тектілік, патриоттық сезім, намыстылық пен рухтылық қай дәуірдің де тұлғасының бойында болуы керек. Дана Жүсіп Баласағұн: «Ақниетті, ақжүректі тектілер, Жұрттын қолдап, елді ұшпаққа жеткізер» – деп, міне, осындай тұлғаларға үміт артқан.

Жеке тұлға – әлеуметтік сапалар жиынтығы бар адами индивид. Адам бойында мұндай сапалар аз болған сайын, оның тұлғалық қасиеті де аз. Ал тұлғалық қасиеттер адамның әрекеттерінен, қылықтарынан, басқа адамдармен қарым-қатынасынан көрінеді. Адамның қылықтары арқылы оның ішкі әлемі, адамгершілік және басқа қасиеттері (жағымды, жағымсыз) туралы пікір қалыптасады. Абайдың: «Қайнайды қаның, ашиды жаның мінездерін көргенде» – деп күйінуі де содан болса керек.

Қазіргі қоғамдағы тұлғаның әлеуметтену үдерісінің басқа кезеңдерді былай қойғанда, тіпті ХХ ғасырмен салыстырғанда сапалық та, мазмұндық та жағынан айтарлықтай ерекшеліктері бар. Бұл үрдіс жалғаса бермек. Өйткені, тұлға барлық уақытта белгілі бір мәнді іспен айналысатын, азды - көпті, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымы мен сенімі бар адам. Ал адамның іс-әрекеті мен таным тәжірибесі үнемі өзгерісте болады.

*– Ақын Олжас Сүлейменов халқымыздың белгілі тұлғаларының бірі, ұзақ жыл Қазақстанды басқарған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты тұлға ретінде бағалап және оның 1912 жылы туғандығының өзі кездейсоқтық емес екендігі жайында баспасөзде оқишау ой айтып қалды. Оның айтуынша, Д.Қонаев дер кезінде туған тұлға. Егер ол бұдан ерте туса Алаш арыстары сияқты репрессияға ұшырап еді, ал кейін туса соғысқа барап еді деген сияқты...*

А.Т.: Әрине, жалпы ақын ойы, оның ішінде Олжас сияқты ойшыл-философ ақындардың ойы ұшқыр, әрі терең болары сөзсіз. Бірақ, Д.Қонаев сияқты тұлғалардың бүкіл тағдырын түгелдей оның туған жылымен байланыстыруға болмас. Себебі, осы жылдары туылғандардың ішінде де репрессияға ұшырағандары да, соғысқа қатысқандары да болды. Әрине, Олжас не айтса да, қисынын келтіреп айтады ғой, қисын да жоқ емес...

- Дәуір қайтып келмейді, сол дәуірдегі сын-сағаттар да қайтып оралмайды. Дәл сол кезеңдердегі өткелекпен соңынан алып өтуге тәуекелі жеткен, немесе, жетпеген тұлғаның әрекеті өз бағасын толық алу үшін қанша уақыт керек? Қазақы ұғымдағы әділ басшы туралы ой жайында не айтасыз?

А.Т.: Тұлға да пенде. Ендеше, оның бойында да басқа адамдарға тән нәрселер бар. Мысалы, заман ағымын дер кезінде түсінбеу, немесе, мүмкін болған көптеген варианттардың дұрысын таңдай алмау, т.б. Бұларға әр адамның бойында болатын жеке басының қасиеттері мен мүмкін болған, немесе, мүмкін болмаған жайғдайларды қосыңыз. Егер тұлғаны тануға және танытуға осылай келер болсақ, бұл тарихи әділдік болады. Жігерлі, қайратты, ақылды адамдардан көп нәрселерді күтуге болады, бірақ ойымызға алғанның бәрін күту әбестік.

Ал қазақы ұғым-түсінгіміздегі *әділ басшы* туралы айтар болсақ, алдымен мынаны ескеруіміз керек. Жалпы дүниеге көне замандағы мифологиялық тұрғыдан қарасақ та, бүгінгі күн көзімен бағаласақ та бір нәрсеге көзіміз жетеді. Ол *әділдік* пен *әділетсіздіктің* мәңгі күресі. Қазақ: «үмітсіз шайтан» - дейді. Ендеше, біздің *әділдік* үшін күресіміз, ұмтылысымыз негізсіз емес. Міне, дәл осы үмітке жетелейтін абзал жүректі, әділ шешімді, әділ басшылар. Сондықтан да біз оларды сайлап қоямыз, үміт артамыз. Қазақтың ескі хан сайлауын еске түсірелікші. Алдымен ол төре тұқымынан болуы шарт. Сонда ол үш жүзге де тең қарайды, біріне бұра тартпайды, қажет кезде қол бастап (Абылхайыр хан), керегінде төрелігін айтуы т.б. Хан халқының қазығы, қорғаны, беделі. Бұларға қоса әр заманда ханнан тайсалмай оған ескертіп отыратын (Бұхар жырау, Махамбет) ақын-жыраулар, берекелі де, адал билер болды. Олар өз қызметін «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп атқарады.

Ал бүгін біз қандаймыз: жалтпақтыз, жарамсақтыз, жасқаншақтыз, көбіміздің бойымызды құлдық психология жайлаған, үрей билеген. Сосын өтірік айтамыз, қолдан тұлға жасауға әзірміз. Шын мәнінде көптеген тұлғалар көзінің тірісінде өз бағаларын ала алмайды. Абайдың: «біздің қазақтың көзінің тірісінде өсектен аманы жоқ, өлгеннен кейін жаманы жоқ» - деуі де сонан болса керек.

Көзінің тірісінде басындағы уақытша бағы мен астындағы тағының арқасында жарамсақтармен қолдан жасалған «тұлғалардың» да түптің түбінде тарихта қалмасы анық. Ендеше, тұлға өз бағасын толық алу үшін уақыт керек, бұл әсіресе, билік басындағы тұлғаларға тікелей қатысты.

*- Тұлғаның көлеңкелі тұстарын айналып өту оның жақсылығының көптіінен бе, әлде басқадай да себебі бар ма? Күллі ел басына түскен қиыншылықтарға сол кездегі ел басындағы тұлға кінәлі ме, болмаса басқа да кінәлілерді тізуге бола ма?!*

А.Т.: Біз жалпы тұлға туралы жоғарыда айтып кеттік. Бұл жерде жалпы тұлға туралы емес, билік басындағы тұлға туралы айтсақ. Тарихи тұлға туралы баға бергенде оның не жасай алмағанына қарай емес, не жасағанына қарай баға бергеніміз абзал. Сонда кейбір «көлеңкелі» жағы, немесе, «кемшілігі» деген тұстарымыз түсінікті болады. Ал Ел басындағы тұлғаларға баға беру үшін біз алдымен ол қандай мемлекет, саяси басқару жүйесі қандай, саяси-құқықтық нормаларды қандай, осыдан шығуымыз керек. Мәселен, бұрынғы бектік, хандық, патшалық, кешегі Кеңестік дәуірлердегі басқарушылармен, бүгінгі Егемен Қазақстанды салыструға болмайды. Олардың ішіндегі нағыз тұлғалар сол заманына сай, елінің қамын ойлап басқарса біздің санамызда сонысымен қалды. Ал бүгінгі заман - жаһандану заманы. Ендеше оның талабы бұрынғыдан әлде қайда өзгеше. Көпшілік халық баяғы Кеңестік дәуірдегідей жалаң ұран мен жеткізбейтін елесті қуғылары да, 2030 жылы бір жақсылық болар деп үзілмес үмітпен жүргілері де келмейді. Өйткені адам ғұмыры өлшеулі. Әр ұрпаққа өз дәуіріне сай, мемлекет мүмкіндігіне қарай жағдай жасалуы керек. Халық басшысын бағалағанда ең алдымен осы жағын ескереді.

Ел басына түскен қиыншылықтарға тек жеке басшы кінәлі ме, әлде басқалар да кінәлі ме? – деген сұрақ төңірегінде айтар болса, алдымен мемлекеттің мазмұнынан, құрылымынан шығуымыз керек. Біздің мемлекетіміз Президенттік мемлекет. Ендеше, бұл туралы ойлауды оқырмандарға қалдырып басқаларға көшелік. Абайдың қара сөздерінің бірінде «басқалар» туралы мынадай пікір бар: «... болыс болғандар өзі құлық, арамдықпен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей



арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер қас болса, өзіме де залал жасау қолынан келеді деп...». Міне, қазіргі билік басында жүрген осындайлардың халыққа жасар күнәсі де, кінәсі де көп. Ал соны көрсе де көрмеуіміз, білсек те білмеуіміз, басқаша айтқанда бас бағуымыз болашақ ұрпақ алдындағы кінәміз. Абай: «есті адам, есті кісілер олай етпес болар» - дейді. Дұрыс сөз. «Ел басына түскен қиыншылық» - деген ұғымға да біржақты келуге болмайды. Оның да өзінің деңгейлері бар, көлемі бар, мәселелері бар. Бірақ, осыларды шешетін сол елдің азаматтары. Ендеше, елде азаматтық позициясы бар, бойында намысы мен жігері бар, Отанын сүйетін тұлғалар көп болған сайын бұл мәселенің түйіні де шешіле бермек.

*«Қазақ әдебиеті» газетінің  
тілшісі Қарағөз Сәділмен сұхбат*

## **Ректор үлкен интеллект иесі болуы керек**

*- Әңгімеміз әлеуметтік саланың рухани жағы болғаннан кейін бірден осы мәселенің басын ашып, алалық. Қазіргі уақытта солардың көшбасында интеллигенция, зиялы қауым, элиталар келеді, солай болуы керек деген пікір бар. Сіз бұған қосыласыз ба?*

А.Т.: Әңгіме менің жалпы көпшіліктің санасына сіңген жоғарыдағы ұғымдарға қарсы, болмаса қосылып, қолдауымда емес. Өйткені өмірдің объективті заңдылықтары бар, әр адамның ол мәселе, құбылыс туралы өз пікірі бар. Менің ойымша, қазіргі уақытта осылардың құны түсіп кетті. Кеңес заманында әуелі жаппай орта білім, кейін арнаулы орта және жоғары білім беріп, дипломы барлардың бәрін интеллигенцияға жатқызып, олардың шын мәніндегі мазмұнына нұқсан келді. Ал кейінгі онжылдықтарда бұрынғы күзетшілер мен вахтерлерден бастап (олар ақша төлеп, сырттай оқып диплом алған болатын – А.Т.) кәсіпкершілікпен айналысып жүрген кез келген қалталылар, қала берді әр түрлі деңгейдегі әкімдер, министрлер, тағысын тағылар жарыса кандидаттық және докторлық диссертация қорғады. Олардың бәрі бірдей таяз, түкке тұрғысыз адамдар деуден аулақпын. Бірақ,

бұрынғы ауылшаруашылығының маманы педагогикадан, философиядан кандидаттық қорғап, кейін заң, немесе, саясаттану ғылымдарының докторы болып жатса, бұған не дейсіз. Енді сұрағыңызға тікелей көшелік. Зиялылар негізінен бұрын да болған, оларға бүгінгі күн көзімен қарағанда аса терең сауат та болған жоқ. Олар өз заманының ой оздырған, санасын қалғытпаған, ақылгөй де, парасатты адамдары еді. Ал біз бұл күндері зиялыларды творчество адамдарының ішінен іздейтініміз ақиқат. Жоғарыда айтқандарыңыз осыған қатысты. Өздерінің ғылымнан хабары жоқ ғылым кандидаттары мен ғылым докторлары, халыққа көрсетер үлгісі жоқ озбыр, қара басының қамын ойлайтын әртүрлі деңгейдегі басшылар қалай зиялы болмақ. Халық оларды қалай зиялы деп қабылдайды?!

Ал элиталарға келетін болсақ, олар менің пікірімше, зиялылардың зиялысы, біртуар, қайталанбас адамдар. Олар жеке отбасы, ру тіпті ұлт шеңберінен де жоғары тұрған жандар. Олай болса, олардың саны көп болмау керек. Осы тұрғыдан алғанда, біраз жыл бұрын жарық көрген үлкен көлемдегі «Элита Қазақстаны» энциклопедиясын қолдау қиын. Біріншіден, оның ішіне ешқандай принципсіз көптің бәрі кірген, қайсыбірі қазір жұмыссыз, істі болып жүр, элита ондай болмаса керек; екіншіден, сондай көлемде, сондай санда элитасы бар қоғам әлеуметтік-экономикалық рухани, мәдени, оқу-ғылым салаларында көш бастаса керек-ті. Әзірге біздікі болашаққа үміт арту...

*– Ұзақ жылдар бойы жоғары оқу орнының ұстазы ретінде студент жастарға білім беріп келесіз. Қазіргі жастар мен олардың білім деңгейі туралы не айтар едіңіз? Ауыл мен қала жастарының айырмашылықтары бар ма?*

А.Т.: Әке мен бала, жастар мен ересектер, бүгінгі ұрпақ пен бұрынғы ұрпақ арасында адамзат қоғамы дамуының барлық кезеңдерінде де диалектикалық бірлік пен қарама-қайшылықтар болған және ол заңдылық. Өйткені, әр ұрпақ — өз заманының жемісі. Қазіргі жастарды тегістей жаман, көргенсіз, әдепсіз дейтіндермен келісе алмаймын. Ел, халық болған соң бәрі де болады. Дегенмен, ел егемендігімен қатар келген әлеуметтік мол мүмкіндіктердің көлеңкелі жақтары да, күңгейі де бар екендігі ақиқат.

Айталық, жастарымыздың еркіндікте болуы, қалаған оқуларын ақысыз, ақылы оқуы, білімді өз ана тілінде алуы, т.б. зор жетістік – егемендікпен бірге келген мүмкіндіктер. Ал сол жастарымыздың тәртіп деңгейінің төмен болуы, қаптаған жеке меншікті және мемлекеттік оқу орындарына білімі болмаса да ақша төлеп оқуы, көптеген оқу орындарының берген білімдерінің таяз, материалдық базаларының жеткіліксіз дәрежеде болуы ойлантпай қоймайды. Қазіргі уақытта білім беру ісінде бұрынғыдай тұрақтылық, бағыт-бағдарлылық, тұтастық, жүйелілік те жоққа тән.

Ал сұрағыңыздың екінші жартысына келетін болсақ, әуелі ауыл мен қаланың айырмашылығы туралы, ол әлімсақтан бар нәрсе. Бұны «жою» жолдарын іздеп, арғы ойшылдардан бастап, марксизм-ленинизм классиктері де бастарын қатырған. Менің пікірімше, оларды жою дұрыс емес және жойылмайды да. Егер жойсақ, онда олар ауыл, қала деп аталмас та еді. Ал әлеуметтік тұрғысынан келіп, оларға жағдай жасау, оның өзіндік проблемаларын шешу мәселесін ешуақытта ұмытуға болмайды.

Енді ауылдан жоғары оқу орындарына келіп түсетін жастардың алған білім деңгейлері туралы айтар болсақ, шындық мынау: ауыл балаларының білім деңгейі, ақпараттық аясы, жалпы, таным аясы қалалықтардан көп төмен. Бұл шындық, оны бүркемелеу, оған апшып, арлану – түсінбеушілік. Алайда бұдан ауыл балаларының қабілеті төмен деген ұғым тумауы керек. Ауылда талай талантты балалар бар, бірақ олардың көзін ашатын мүмкіндіктер жеткіліксіз. Мәселен, бұрын олар орыс тілінен ақсаса, бүгін әлемдік деңгейді алып бара жатқан ағылшын тіліне шорқақ, компьютерден білігі мен білімі төмен, тағы басқа. Оларды оқытып жатқан ұстаздардың өзі де әлеуметтік қиыншылықтарға ұшырауда. Енді олардың біздің жоғары оқу орындарындағы жағдайы қандай? Сөз жоқ, тағы да қиындыққа солар ұшырайды. Бәріне бірдей несие мен грант жоқ. Ал ақша төлеп оқитындарында қаражат жеткіліксіз. Оқу үлгерімі тамаша балаларды төлемақы уақтылы болмағандықтан, олардың көз жасын көлдей қылып, жылатып, еңдетіп декандар сессияға жібермей жатады. Бұның не десе, ректордың нұсқауы осылай дейді. Менің ойым, ақылы оқуды азайту керек, бұл - әлеуметтік әділетсіздікке барар

жол. Талантты қолдау керек, олар шөлмектей сынғыш келеді.

*- Сіздің ойыңызша, жоғары оқу орындарындағы келеңсіздіктердің басты себептері неден?*

А.Т.: Олардың көпшілігі ел ішіндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен тікелей байланысты деп ойлаймын. Соңғы 10 – 15 жылда білім беру саласында көптеген реформалар жүріп, заңдар қабылданды. Алайда олар қағаз жүзінде әрекет етті. Министрліктегі басшыларды жиі алмастыру да оң нәтиже бермейді. Жоғары оқу орындарының көптігі еліміздегі білім деңгейінің жоғарылығын көрсетпейтіні қандай ақиқат болса, көптеген оқу орындарындағы студенттердің санының көптігі оның сапалы білім беретіндігінің тіптен де кепілі емес. Сондықтан әуел баста оқуға зауқы жоқ жастарды ақылы қабылдауға да шек қоятын уақыт жетті. Бұны алдымен мемлекеттік жоғары оқу орындарынан бастау керек. Оқу-тәрбие ісі барлық ұстаздарға жауапкершілік жүктейді. Алайда жауапкершіліктің ең ауыры оқу орнының басшысында болмақ. Ол жай ұстаз емес, ұстаздардың ұстазы. Ендеше, оның бойында үлкен интеллект, зор білім болуы және өзінің жеке басының тәлім-тәрбиелі болуы шарт. Өз басым соңғы он жылдықтағы ректорлардың көпшілігі мұндай талап биігінен көріне алмай жүргеніне куәмін. Сыбайластықпен, таныстықпен, т.б. жағдайлармен тәжірибе жинақтамаған адамдар ректор болады. Олардың көпшілігі жақсы ұстаз болып та танылмағандар. Адамгершілік, кісілік келбеті де келіспеген жандар.

*«Жас алаш» газеті.*

## **«ДАНЬШПАН» ДЕП ДӘРІШТЕГЕНІМІЗДІҢ БӘРІ БІРДЕЙ БҰЛ БАҒАҒА ЛАЙЫҚ ЕМЕС**

*- Руханият мәселесі адамға тән ұстындардың бірі екендігі әлдеқашан мойындалған. Жеке адам факторы мемлекеттің өсіп-өркендеуіне қаншалық ықпал-әсер жасайтындығын айқындап алу да маңызды. Осы орайда, Сіздің пікіріңізді білім келеді.*

А.Т.: Әдетте, мемлекеттің жалпы өсіп-өркендеуі сол

мемлекетте өмір сүретін адамдардың рухани деңгейіне тікелей байланысты. Бірақ, біз көп жағдайда мемлекеттің өсіп-өркендеуі оның экономикасына, мәдениетіне, жүргізіп отырған саясатына, т.б. байланысты деп жатамыз. Мұның бәрін жүзеге асыратын адам десек, бұдан шығатын қорытынды адам түзелмей, ол түзу жолға түспейінше, мемлекет ешқашан өркен жаймайды. Егер біз арғы-бергі тарихқа үңілсек, үлкен өркениеті болған елдердің өзі белгілі бір кезеңдерде дағдарысқа ұшырағанын, тіпті аса бай, табиғи ресурстары мол, экономикалық даму мүмкіндіктері жағынан әлеуетті елдердің де түрлі дағдарыстардан көз аспағанын аңғарамыз. Мұны тарихи тұрғыдан сараласақ, ең басты мәселе — адам факторына тіріледі. Демек, жеке тұлғаға, оның айналасындағыларға көп нәрсе байланысты. Бұл жерде диалектиканың жеке мен жалпының бірлігі туралы қағидасын еске түсірген жөн. Тарихи жеке тұлғалар халқын ілгері сүйреген, алға жетелеген. «Билемесе бір кемел, не бітірер өңшең нөл», — деп Абайдың айтқаны бар емес пе? Орыстың І Петр патшасы, түрік Ататүрік, т.б. осындай тұлғалар дара тұлғалардың санатында. Дүниежүзі тарихында ел басқарған ұлықтардың, көсемдер мен өзінің рухтылығымен халқын әлемге танытқандары да аз болмаған. Ар жағын айтпағанда, өз мысалымызға ден қойсақ, Абай, Мұхтар Әуезов, тағы басқаларын айтсақ та жеткілікті. Бұл тұлғалар өздеріне біткен тектілікпен, талантпен халқына қызмет еткен. Жүсіп Баласағұнның: «Ақниетті, ақжүректі тектілер, жұртын қолдап, елді ұшпаққа жеткізер» - дегені осылар сияқтыларға арнап айтылған. Мұндай тұлғалар тексіздікке бармайды. Тексіздікке бармау дегенің зиялыға тән емес, ізгілікке қайшы келетін қылықтардан бойды аулақ ұстау болса керек. Бүгіндері өскелең қоғамымыз айыға алмай отырған дерттерге текті адам ешқашан бой ұрмайды, ол есті, зиялы адам ретінде халқы үшін қызмет етеді. Әдетте, руханияты мол, текті адамдар адамгершілік ұстындарында адалдық танытады. Қанағатшыл, отаншыл келеді.

*— Руханиятқа қатысты сөз қозғалғанда, біртуарларымызды бағалай алдық па деген сауал мен мұндалайды. Мұның ар жазында жас ұрпақты зерделілікке баулудың өзекжарды мәселелерінің де ұшы қылтияды. Барымызды бағалап, жоғымызды түгендеп болдық па?*

А.Т.: Бұл жерде руханиятқа қатысты екі мәселеге тоқталмасақ болмайды. Алдымен айтарымыз – рухы биік, зерделі, тынысы терең, білімі білікке ұласқан біртуар тұлғаларды бұрынғы Кеңес кезеңіндегі «дағдымен» өзі өмірден өткеннен кейін ғана емес, оны көзі тірісінде құрмет тұта білу керек. Қазіргідей кей тұста басты бөксе билеген, сана мен ақылды ақша билеген заманда текті тұлғалар елеусіз, ескерусіз қалып жатыр. Мұның өзі мұндай тұлғаларға жасалған қиянат қана емес, ел тарихына жасалған қиянат. өскелең ұрпақты руханияттылықтан ажыратуға бағытталған қадам.

Осындайда «Енді не істеу керек?», деген сауал өзінен-өзі туындайды. Кезкелген тығырықтан, әлеуметтік тұйықталудан шығуға болады. Менің ойымша, мұның басты жолының бірі – жас ұрпаққа этномәдени білім беру арқылы, өз болмыстарын сақтай отырып оларды әлемдік білім кеңістігіне шығару, ғылым мен техниканың инновациялық түрлерін меңгертуге күш салу. Өйткені, өз қолы өз ауызына жеткен, өз тағдырын өзі шешуге мүмкіндік алған этностар үшін ғылыми-техникалық прогресс мейілінше тиімді. Ғылым мен техникаға, білімге құштарлық олардың ұлттық төлтумалығын орнықтыруға, мемлекеттің күш-қуатын нығайтуға қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, бодандықтың «мәдени», «өркениетті» жолымен жетпіс жылдан астам уақыт бойына дамыған Қазақстан мен Қазақ елінің тағдыры бұдан өзгеше өрбіді. Өйткені, біз дүниетанымымызды да, әлеуметімізді де, мәдениетімізді де, тіпті адамгершілік ұстындарымыз бен тәлім-тәрбиемізді де маркстік-лениндік іліммен өлшеп, соған сай қалыптастырдық. Ұлттық мәселеге сарабдалдықпен қарау, бұл бағытта соны пайымдау «ұлтшылдық» деп саналды. Бұрынғы уақытта ғылым мен техника, жаңаша білім беру жүйесі және тәрбие олардың төл болмысынан тиянақ таба алмады, орныққан жоқ. Бөгде, өктем ұлттар мен мемлекеттердің экспансиялық қаруы ретінде сырттан енгізілді. Осының себеп-салдарынан этностар рухани зардап шегіп, өз болмыстарын көмескілеп алды.

Біз мұнымен келісейік, келіспейік, қазіргі даму бағдарларымыз осыны көрсетіп отыр. Бұған қарсы қояр тосқауыл – *ұлттың рухы*. Ол оянғанда ғана ұлттың қорғаньш тетіктері іске қосылады. Мұның мысалын әлемдік

тәжірибеден көптеп келтіруге болады.

- *Руханияттың ел өміріндегі алатын орнын тап басу жазы кемшін соғуда десек, артық айтқандық болмас. Көбінесе өзімізді жауыр болған сөздермен жұбатып, алдарқатамыз. Әсіресе, рухани-мәдени жағдаяттар жайында сөз қозғалғанда мемлекеттің бұған немқұрайды қарауына көзжұмбайлық танытамыз. Бұған қалай қарайсыз?*

А.Т.: Бұл ретте мемлекеттік деңгейде қолға алынатын шараларға ден қойған жөн. Өйткені, бұдан былайғы жерде ұлттық мемлекеттердің ерекшеліктерін саяси, немесе, экономикалық деңгейі белгілемейді, ең алдымен сол елдердің мәдени-өркениетті төлтумалығы негізгі анықтауыш фактор болып табылады. Бұдан шығатын бірден-бір түйін, ұлттық-мемлекеттік нышанымызды сақтап қалудың негізі — білім беру жүйесі мен тәрбиеде. Өз ұлтын білімге, танымға ынтықтыру мақсатында бүгіндері біз өркениетті деп жүрген елдердің өзінде кезінде бірқатар ірі мемлекеттік шаралар қолға алынды. Америкада «Білім беруді дамытудың стратегиясы», Ұлыбританияда «Үлгілі мектептер» Германияда, Швецияда, Жапонияда білім сапасына, рух биіктігіне арналған бағдарламалар жасалуы тегін емес, олар осы мақсатты көздеген. Білім беруді өз топырағының ерекшеліктеріне негіздеп, бетбұрысты бағдар еткен Оңтүстік Корея дүниежүзі бойынша сапалы білім жөнінен алдыңғы орынға шықты. Өзіміздің жайымызға қайтып оралсақ, Кеңес билігі тұсындағы білім беру жүйесінің жалпы жаман болмағанын мойындауға тиіспіз. Бірақ, «бұратана» халықтарға қатысты ең ауыр қылмыс та осы білім беру жүйесі тұсында орын алғанын, оның ауыр зардаптарынан әлі айыға алмай отырғанымызды, оның салқыны бүгінге дейін сезілетінін айтқан жөн. Мұның себеп-салдарына көз жіберсек, төмендегі жайттарды аңғарамыз. Біріншіден, бүкіл одақ бойынша ортақ типтік бағдарламалар жасалып, оны Мүлтіксіз орындау қатаң қадағаланды. Екіншіден, алдыңғы кезекке «жан-жақты жетілген тұлғаны» тәрбиелеу шықты да, ондай тұлға «мазмұны — интернационалдық, түрі — ұлттық» деп дәріптеліп, ұлттық рухтан мақрұм тұлғаны тәрбиелеуге көңіл бөлінді. Үшіншіден, орыс тілін оқыту міндетті саналды, басқа тілдердің болашағы жоқ деп танылды. Әрине, орыс тілін немесе басқа тілдерді білу жеке

тұлғаны рухани тұрғыдан байытады, ой-өрісін кеңейтеді. Алайда, қазақтың мынадай қанатты сөзі ойға оралады: «Қазақтың жаманы орыс бола алмайды, орыстың жаманы қазақ бола алмайды». Ұлттық уызға жарымаған адамның өзге ұлттың деңгейін көтеретіндігіне, толыққанды жеке тұлғаға айналатындығына сену қиын. Төртіншіден, ұлттық мәдениет мансұқталды. Өз кезегінде ұлттық мәдениеттен жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын соқталы азамат шыға қоймасы анық. Бесіншіден, түрі – ұлттық, мазмұны – пролетарлық (социалистік) деген қағида халықтың рухына сәйкес келмейтін еді. Себебі, халықтың рухани дүниесі қашан да біртұтас құбылыс, мұны мазмұн мен түрге бөлшектеуге болмайды.

*– Біз қашан өзгелермен бой теңестіреміз? Өзіміздің алдымызға ұлан-ғайыр міндеттерді қоятын кезең қашан туады? Әлде осы күйімізді қанағат тұтып, елділіміздің еңсесін көтеруге асықпаған қалпы жүре береміз бе? Білімге деген құштарлықтың жоғары белесіне қашан көтерілеміз?*

А.Т.: Бір айта кетерлік жайт, енді бізге өзге елдермен, халықтармен теңесеміз десек, «бесігімізді түзеуіміз» (М.Әуезов) керек. Біздің түзейтін бесігіміз – білім беру мен тәрбие ошақтары. Өйткені, біз оқу мен тәрбие ісінде ғана жас ұрпақты ұлттық дәстүр мен танымның ең озық үлгілеріне жетелейміз. Әсемдікке, көркемдікке, адамгершілікке тәрбиелейміз, ұлттық ойлау мен дүниетанымға баулып, сол арқылы әлеуметтік сапалылық пен саналылыққа ұмтылдырамыз. Олай болса, бізге оқу, білім, білік ұстанымын басшылыққа алып, этномәдени білім мен тәрбиеге ден қою керек.

Білікке қалай қол жеткізуге болады? Бұған күлбілтелемей тура жауап берудің жөні бар. Білікке тек қана этномәдени білім беру арқылы ғана қол жеткізе аламыз. Бұл ретте ауызымызды қу шөппен сүртудің реті жоқ. Біздің елде этномәдени білім беруге алғашқы қадам егемендікке қол жеткізген кезде бастау алды. Тіпті 1995 жылы ел көлемінде «Этномәдени білім беру тұжырымдамасы» қабылданды. Бірақ, тәуір басталған іс аяқсыз қалды. Кейінірек білім саласында, оның ішінде басқару органдарында (министрлік) жиі-жиі орын алған



өзгерістердің әсерінен бұл іс тұралады. Оған себеп – әрбір жаңа келген басшы өзінің реформасымен келіп, бұған көңіл бөлмеді. Өздерінше стратегиялық деп есептейтін мәселелермен шұғылданды. Сөйтіп, біз жаңашылдық, инновациялық оқыту, жаңа технологиямен оқыту, кредиттік оқыту сияқты инновацияларға ден қойған болдық. Соңғы кезде он екі жылдық оқытуды іс жүзіне асырамыз деп жанығып жатырмыз. Біз бұлардың қажеттілігін жоққа шығармаймыз. Олай дейтініміз, қазақ елі де дүниежүзілік, әлемдік деңгейдегі білім беру процесінен қалыс қалуға тиіс емес. Дегенмен, ұлттың ұлттық ерекшелігін көрсететін басты факторлардың бірі – білім екенін ескеруіміз керек еді. Бұған мән берсек, бізге басқа елдердің оқу-тәрбие ісін сол күйде көшіріп алуға болмайды. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық білімді ештеңемен алмастыру мүмкін емес. Ұлттық білім – рухани сабақтастық негізі. Этностар дамуында оның дүниетанымдық, рухани көздерін елемеу – ұлтсыздандыруға апаратын жол.

*– Бүгінгі таңдағы қазақ елі біліміне қандай қасиет тән болуы керек?*

А.Т.: Бұл туралы нақтырақ айтсақ, алдымен отаншылдық, елжандылық (патриотизм), мемлекетке қызмет ету идеялары естен шықпауға тиіс. Екіншісі – бауырмалдық идеясы. Үшіншісі – қазақтану идеясы. Қазақтың кім екенін анықтап алуымыз керек. Тілі – қазақ, тегі – түркі, иманы – ислам, бесігі – азиялық жұрт. Төртіншісі – ұлттық рух және мемлекеттік саясат мәселесі. Рух мәселесіне ерекше көңіл бөлуіміз қажет. Өйткені, мұның өзі әрбір адамның әлеуетін ашатын, көптің қуатын ортақ арнаға қосатын, халық даналығы жинақталған еркіндіктің түрі. Рухы биік, күшті елдердің қашан да бағы таймаған, «мың өліп, мың тірілген», жасампаздыққа қол жеткізген, ұлттық рухын сақтап қалған ел ғана өз ерлерін қорлатпайды, өздері де қорламайды, қорғайды. Бұл жерде Ахмет Байтұрсынұовтың Ақтеңізге айдалып бара жатқанда:

«Ештеңе емес атқаның да, шапқаның,  
Ештеңе емес абақтыға жапқаның,  
Бәрінен де жаман болды-ау, өз ауылымның  
Иттерінің үріп қапқаны» дегені ойға оралады.

Осындай зиялыны, зерек, білімдар адамдарды қорлау, бағаламау, көрмеу, көрсетпеу әлі жалғасуда. Бұндай

жағдай оқу орындарында да етек алуда. Себебі, оқу орындары басшыларына қойылатын талаптар төмендеп кетті. Қазіргі заманда оқу орындарының басшылары нарық заңдарын білуі, керегіне қарай пайда табу жағын да ойлауы қажет те шығар, мұны заман талабы делік. Алайда біз бір жайтты ұмытпағанымыз абзал. Жоғары оқу орындарының басшыларына ең алдымен парасаттылық, зиялылық және интеллект тән болуы тиіс.

Тағы бір айта кететін жайт, бірқатар оқу орны басшыларының интеллектуалдық деңгейі тіпті төмен. Өздері қазақ мектебінде оқығанымен, халық алдына шығып, мемлекеттік тілде екі ауыз сөзді мән-мағынасымен айта алмай, «мыс» (аламыс, береміс, отырмыс) деп мысы құрып, «отырық», «жатырық» деп жағдайын теледидардан, радиодан бүкіл елге жариялап тұрған оқу орны басшысынан не күтуге болады? Олар әзірге елімізде ресми тіл болып саналатын, ғылыми, танымдық деректер көзі жинақталған орыс тілінде сөйлегенде ұяттан жерге кірердей боласың. Абайша айтсақ, «бетінді басып, қатты сасып, жалма-жан тұра қашудан» басқа амалың қалмайды. Олардың бұл ісін өзін де, өзгені де сыйламау, ұлтын, халқын қорлау дегеннен басқа шараң жоқ. Бұл сонымен қатар парасатсыздық та. Өйткені, «қолыңнан келмегенді қонышынан баспа», «қолың көтере алмас шоқпарды беліңе қыстырма» демей ме қазақ. «Театрдың киім ілгіштен басталатыны» сияқты жоғары оқу орнының рухани деңгейінің өсуі оның ректорынан басталады. Бұл айтылған пікір әртүрлі деңгейдегі барлық басшыларға (жай директордан бастап әкімдер мен министрлерге дейін) да қатысты деп ойлаймын.

Менің жоғарыда мақал-мәтелдерді көп келтірген себебім, бұлар – халық даналығы, сұрыпталған өсиет сөздер, ұлы даланың низамдық бастаулары. Қазақ этникалық-рулық жағынан қалыптасқан, өзіндік мәдениеті, салт-дәстүрі, философиялық-этикалық ойлау жүйесі, көне әдебиеті, рухани-мәдени тарихы бар халық. Сонау V – VII ғасырдағы Түрік қағанатының жылнамасындай тас ескерткіштердегі таңбалардан басталып, Қожа Ахмет Иасауи, Қорқыт, Асанқайғы арқылы ақын-жыраулар шығармашылығына ұласып, би-шешендер тұсында түйінді ойға айналып, абыз Абай арқылы әлемге тарап, кейінгі ұрпақтарынан жалғастығын тауып жатқан рухани

өткелдер мен белгілі белестер. Осыларды білмек керек. Білмесек рухани жұтандықтан біз мақтап жүрген батыстық ақпараттық технологияға негізделген білім де, жыл сайынғы таусылмайтын білім реформалары да құтқара алмайды. Білімімізге білім, ақпарат қосқанмен, рухани білігімізге білік қоспайды. Ұлтымыз үшін ең бастысы – білімді білікке айналдыру. Қазақ танымына үстірттік, жаттандылық жат, тереңдік тән. Этномәдени білім мен тәрбие беру арқылы біз біріншіден, жоғарыдағы келеңсіздіктерге тосқауыл қоямыз. Екіншіден, ұрпағымыздың рухани деңгейін көтеру арқылы, парасат-пайымға жетелейміз.

*– Бір кезде ұлтсыздық дәріптеліп, ұлтшылдық табанға тапталғаны бар. Мұның себеп-салдарына үңілуге Кеңестік кезеңнің мүмкіндік бермегені рас. «Кеңес халқы» атандық. Одан ұшпаққа шыққанымыз шамалы. Бүгін де жаһандану процесі барысында жұтылып кетпеу үшін өз қамымызды өзіміз күйттеуге тиіспіз. Өзеімізді өртейтін жайттар жетіп артылады.*

А.Т.: Ұлтшылдық, ұлтсыздық – ұлттық рухтан туындайтын нәрселер. Жалпы, әлем қарама-қайшылық пен бірліктен тұрады. Бұл диалектиканың заңы десек, ұлтшылдық та, ұлтсыздық та бар нәрсе. Біз бұрын ұлтшылдықпен күрессек, енді ұлтсыздықпен күресуіміз керек. Өйткені, бұрын ұлтын сүюді томаға-тұйықтық, ұлтшылдық деп бағалады. Осының салдарынан нәрсіз, мән-мағынасыз, бейтарап, интернационалдыққа ұмтылып жүргендер көп. Ұлттық рухты көтеруге бағытталған мемлекеттік саясат болуға тиіс. Бүгінде үлкен саясат қалаларда жасалады. Егер қазақтардың басым бөлігі ауылдарда тұрып жатқанын ескерсек, олар саясаттан шет қалуда. Ал қалада тұратын қазақтардың бірқатары немесе көпшілігі орыстанған қандастарымыз. Олардың ұлттық сана-сезімі үстірт келеді. Бұл жердегі айтпағымыз – титулды ұлттың (негізгі халық) еңсесі көтерілмей, ел еңсесі көтерілмейді, мұнсыз тұрақтылықты қамтамасыз ету де мүмкін емес. Біздегі тұрақтылық қазақтардың есебінен мүмкін болуда.

Ұлттық рухтың жоғалуының бір белгісі – ұсақтық, көре алмаушылық, жағымпаздық. Мұндай қасиеттер әдетте надандарға, топастарға, тоғышарларға тән. Мәселен, кезінде Құдайберген Жұбанов жапон тілін оқи бастап еді, бір ұсақ адам, рухани жағынан өспей қалған өсекшіл жан

жоғарыдағыларға жеткізді. Өзінен-өзі мынадай қисын туындайды – ол айтпаса, орталықтағылар қалай біледі?! Іле-шала ғұлама ғалым жапон тыңшысы болып шыға келді. Күлкілі де қайғылы жайт...

Қазақ үшін ең қымбат құндылық – адамгершілік, ар-намыс. Ар-ұят, бірсөзділік, өліп кетсе де шындықты айту, «жан беру» рәсімі, үлкенді құрметтеу, кішіні қолдау, құрбыны көтермелеп, қолпаштау, бұларға қоса жақсы сөздер айту (жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады), біреуді орынсыз қамықтырмау, т.б. қадір тұтылады. Бұлар да этномәдени білім мен тәрбие арқылы беріледі.

Ұлттық рухқа ие адамдардың, ұлттардың тағы бір басты ерекшелігі, еркіндік, тәуелсіздік үшін күрес. Қазақ қоғамын құлдық кезең айналып өткен. Атам қазақта құлдық психология болмаған. Құлдық психология – соңғы ғасырдың жемісі. Бұл ретте тәуелсіздік, еркіндік, дербестік – есеюдің де белгісі. Қай уақытта да сәби атаулы тәуелді келеді, еркін, дербес бола алмайды. Өйткені, тәжірибесі – там-тұм, не айтсаң соны қайталайды, не көрсетсең соны істейді. Біздің қоғамда әлеуметтік-экономикалық, рухани салаларда басқалардың жетістігін қорытудан гөрі еліктеу жағы басым. Ұлт атаулы өз дамуының белгілі бір кезеңінде өзін-өзі қорытуы керек. Ендеше, азаматтарды кіріштарлықтан құтқаруға ұмтылған жөн. Қалың қазақты тұлғалыққа, еркіндік пен елдікке бастайтын жасампаздыққа ұмтылдыру керек. Ал елдікке келетін болсақ, мұның өзі бірлесуге, бүтінделуге, қауымдасуға, бірлесе жүріп, жол таңдауға саяды. Дана қазақ: «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көшпен жүріп адас», дейді. Үлкен мәні бар сөз. Бірақ бұдан жеке тұлға жеке жол көрсетпейді, елін бастамайды деген ұғым туындамауы қажет. Мұны Абайша айтсақ: «Бірінді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» дегенге саяды.

Ұлттық рухтың құнын түсіретін тағы бір жайт, қазаққа тән емес құбылыстардың көптеп етек алуы. Бұлардың қатарына жарамсақтық, жағымпаздық, дүниеқоңыздық, пайдакүнөмдік, тексіздік, тағы басқалары жатады. Бұған қарама-қарсы ұлттық рухтың адамгершілік қырларының бірі – дінге, иманға, инабатқа, ынтымақтыққа қатысты. Иманжүзді адам өзінің шамасын біледі, өз болмысын дәлірек айтсақ, өзінің болмысын түсінеді. Ондай адам өтірік мадақтаудан, ғайбат айтудан аулақ. Мақтаншақтық,

мансапқұмарлық оған жат. Мұндай адамдар қолдан құдай жасаудан бойды аулақ ұстайды. Қазіргі кездегі әртүрлі дәрежедегі тойларда, мерекелік жиындарда даңғазаға айналып, «біздің көшбасшымыз», «шамшырағымыз», «ұлы тұлға», «көреген кісі», «дана», «данышпан» т.б. сияқты үлкен-кіші басшыларға қарасты айтылып жүрген даурықпалар жастар тәрбиесіне оң ықпалын тигізеді деу қиын. Өйткені, бүгіндері кішкентай шенеуніктен бастап, жоғары дәрежелеріне дейінгілер өзінің орнында халыққа танылып, сайлау арқылы келіп отырған жоқ. Содан да мұндай даңғазалық күлкі туғызады.

*– Даңғазалық демекші, бүгіндері табиғатымызға жат орынсыз қылықтар бізді мазасыз күйге түсіреді. Осының бәрін заманның ыңғайына жауып отыра бермекпіз бе? Сірә, бұған тосқауыл қойыла ма?*

А.Т.: Мұндай орынсыз қылықтарға этномәдени білім беру арқылы ғана тосқауыл қойылып, инабаттылық ахуалы орнығар еді. Өкінішке қарай, біздің бүгінгі шенеуніктер өздерінше ісіп-кеуіп, орынды ескертулерге құлақ қоятын емес. Олар елдің рухани ахуалын жақсартуға да шекесінен қарайды. Соңғы кезде бізде екінші бірі «ұлы жазушы, ақын, саясаткер, ғалымға» айналды. Ұлылық әдетте құдайға ғана жарасады, қалғандарымыздың тірлігіміз – пенделік. Ал біздің бұрынғы зиялыларымыз ондай әбестікке бармаған. Біздің «ұлы» деп жүрген сөзіміздің төркіні – орыстың «великий» деген сөзінен алынған. Ал сөздің мәніне зер салсақ, «великий», «величина» «өлшем» дегенді білдіреді. Сондықтан орыс тілінде «ұлы» деген мағынасында ойға қонымсыз естіледі. Байтұрсыновтар бастаған қазақ зиялыларының алтын шоғыры бұл сөзді қолданбаған. Мәселен, Мағжан Жұмабаев Абайдың өзін оған арналған өлеңінде «Алтын хакім Абайға» деп атаған. Назар аударсаңыздар, «ұлы» емес, «хакім». Бұл жердегі хакім – даналардың данасы. Ең әуелі Ұлықпан хакім ойға оралады. Солай кете береді. Қазақ зиялылары осылайша «ұлы» деуді білмегеннен жазып отырған жоқ. Ахмет Байтұрсынов Абайды «Қазақтың бас ақыны» деді. Құдайберген Жұбанов «классик» деп дәріптеді. Біздің немкеттілігіміз арғы-бергі тарихты білмегендіктен, содан да жалған мақтанға әуестіз. Бұдан кейін біз «көшбасшымыз», «шамшырағымыз», «ұлы адам», «көреген кісі», «данышпан», «дана», т.б.

деп дәріптегендеріміздің бәрі бұл деңгейге көтеріле қоймайды. Басын ашып айтайық, мұның өзі дәл қазіргідей уақытта жақсылыққа апармайды. Жалған көлгірсу жарға соқтырады. Әртүрлі деңгейдегі басшыларымыздың халық ойынан шығып жатпағаны да баршаға аян.

Осындай келеңсіздіктерді болдырмауға, намысқой, жасандылықтан ада ұрпақты тәрбиелеуге этномәдени білім мен тәрбие қажет. Намысқойлық талантты адамдарға тән. Ізденісті серік еткен, ісіне жауапкершілікпен қарайтын жандар да мұны ұстанады. Өнердегі, ғылымдағы, әдебиеттегі зор тұлғалардың (Абай, Мұхтар, Шәкен, т.б.) қай-қайсысының да асулары бар. Бірақ, олар өмірге келеді, өмірден өтеді, егер жалғастық болмаса, мұндай тұлғалардың бастаған ісі аяқсыз қалады. Өнер де, ғылым да, тіпті әдебиет те биік тау секілді, ал оның асулары белгілі-белгілі кезеңдерді еске түсіреді. Әрбір бұған ұмтылған адам асуларды ғана бағындырады, сонымен басқаларға жол ашады, әрмен қарай жүретін соқпақты көрсетеді. Мұхтар Әуезов адамның алдында екі түрлі құлықты таңдау тұрады дейді. Бірі — тіршілік қамы, бірі — адамшылық қамы. Біздің алдымызда тұрған басты міндет — жас ұрпақты адамшылық қамына қарай бейімдеу. Қазақта: «Үлкен алдында — жас қарызы, ата алдында — бала қарызы», деген де аталы сөз бар. Мұны терең зерделеп, түсіну үшін де бізге этномәдени білім мен тәрбие беру аса қажет.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында білім берудің Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі екендігі айтылған. Шындығында да, бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет. Сондықтан да елімізде бүкіл әлемдік білім беру тәжірибелеріне назар аударылып, білім беру ісіне үнемі өзгерістер мен жаңарулар енгізіліп жатыр. Әрине, бұлардың бәрі дұрыс, заман талабы мен сұраныстарынан туындап отырғаны да күмәнсіз. Алайда, қазіргі жаһандану заманында басқалардың көлеңкесінде қалмай, ықпалына ермей жолдауда көрсетілгендей дәстүріміз бен тілімізді түлету, ұлттық мәдениетімізді сақтау үшін әлеуметтік сала қызметкерлеріне, оның ішінде мәдениет пен білім ісіндегі қызметкерлерге бір нәрсе ауадай қажет және ол

біздің бағыт-бағдарымызды анықтайтын нысана болуы керек. Бұл жерде біздің айтпағымыз, қазақ болмысынан туындайтын этникалық ерекшелігіміз. Ол — тіл, дәстүр, ұлттық сана мен рух, отаншылдық және тағы басқалары. Ал, жас ұрпақ санасында осы аталғандар мен басқа да қажетті руханилықтар болмайынша, еліміздің шын мәнінде егеменді жолмен дамып, оның байлығы мен барлығы ұлтқа қызмет етеді деу қиын. Ендеше, білім беру саласында әлемдік тәжірибелерді үйрене отырып этномәдени білім беру мен тәрбиені еш уақытта естен шығаруға болмайды.

Этномәдени білім мен тәрбие беру ұлттық сана, ұлттық рух қалыптастырады. Рухты адамға — намыстылық, сергектік пен сезімталдық тән. «Сергектік» — дегеннен шығады, Шыңғыс қағанның қағидасында: «Мәжіліске келіп, кекірік атып отырар мыңбасы мен жүзбасының бастары алынсын», - деп жазылған екен. Жапон мен Малай парламенттерінің депутаттары мінбеден сөз аларда тамақ ішпейтін көрінеді. Қан асқазанға емес, миға қарайлықсуы тиіс екен ондайда. Ал біздің мәжіліс-мәслихаттарда, аса маңызды жиналыстарда кекірігі азып, қалғып отыратын кейбір шенеуніктер мен депутаттар сергектік түгіл халық алдындағы жауапкершіліктерін де түсінбей ме? — деген ойға қаласың.

Қазір әлемдік аралас-құралас күшейіп, жаһандану үрдісі қарқын алған сайын дүниежүзі халықтары өздерінің ұлттық төлтумалығын сақтап қалуға, патриоттық сезімдерін шындай түсуге айрықша көңіл бөлуде. Олай болса, білім беру жүйесінде этномәдени құндылықтар, білім беру мен тәрбиенің өзекті ұстанымына айналуы керек.

Қазақстанда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында білім жүйесінде этномәдени білім мен тәрбиеге ерекше көңіл бөліне бастады. Алайда, кейін министрлік тарапынан үздіксіз жүргізілген қажетті-қажетсіз реформалардың нәтижесінде бұл бастама тоқтап қалды. Біздіңше, этномәдени құндылықтар бүкіл білім беру мен тәрбие жұмыстарының алтын арқауына айналып, оның мазмұны мен идеясында отаншылдық тұғыр болуға тиіс. Бұл ретте, әрине, елдің елдігін дәріптейтін, ұлттың ұлылығын ұлағаттайтын жүйелі білім мазмұны, әсіресе, қоғамдық-әлеуметтік пәндер арқылы жүргізілгені абзал. Сонда, отаншылдық деген киелі ұғым жай ғана жақсы ниет деңгейінде қалып қоймай, әрбір

субъектіні шынайы патриоттық сезімдерге бөлеп, одан әрі асқақ әрекеттерге бастайтын сапаға ие болады. Орыстың әйгілі педагогі К.Д.Ушинский XIX ғасырдың өзінде-ақ былай деп жазыпты: «Барша Еуропа халықтарының педагогикалық үлгілеріндегі өзара ұқсастықтарға қарамастан, олардың әрқайсысына тән ұлттық тәлім-тәрбие жүйесі, әрқайсысының дара мақсаты мен сол мақсатқа жету жолында ұстанатын ерекше әдіс-тәсілдері бар. Халықтың тарихы, оның болмыс-бітімі тәлім-тәрбиенің тегеурінімен айқындалады. Демек, оқу-тәрбие жұмыстарына қатысты бағыт-бағдарды, мән-мазмұнды, үлгі-өнегені айқындауда көзсіз еліктеу мен келеңсіз көшіру оң нәтиже бермейді. Әрбір тәлім-тәрбие жүйесінің ең өзекті идеясына халықтық қасиеттер тұғыр болуға тиіс». Сонда ғана жастар өз ұлтының уызына жарып, ұлттық рухпен рухтанады, нағыз патриоттық сезім қалыптасады.

Біз білім сапасына мықтап назар аударамыз десек, алдымен ақылды жастар мен ақылы оқудың ара жігін айқындап алуымыз қажет. Жасыратыны жоқ, біздің кейбір жоғары оқу орындарында өткен жылдары небәрі 18 – 19 балл алғандарды да жекеменшік оқу орындарына қабылдаған деректер бар. Әйтеуір ақшасы қажет, ал өздері ілініп-сальнып жүре берсін дегендей. Министрліктің осы жағдайды болдырмау мақсатында өткен жылда 40 балдан төмен жинғандарды ақылы оқудың өзіне де қабылдауды тоқтату жөніндегі шешіміне қарсы өре түрегелгендер де осы жекеменшік оқу орындары мен ақылы оқудан түскен қаражаттан әртүрлі жолдармен пайда көріп отырған, ақылы оқуды көбейтуді білім саласындағы «нағыз ізденістің төресі» деп санайтын кейбір мемлекеттік те оқу орындарының ректорлары болуы тегін емес. Ал биылғы оқу жылынан бастап бұл көрсеткіш 60 балл болмақ.

Бізде жекеменшік оқу орындарының президенті де, ректоры да, проректорлары да бір семьяның, болмаса әулеттің, рулас, жекжат-жұрағаттары болып келетін жағдайлар да бар. Егер олардың бәрі шетінен білікті ғалым-педагог, ғалым-практик, абыройлы, атақты болып жатса жағдай басқаша, бірақ шынайы өмірде олай емес қой. Соған қарағанда кейбіреулер үшін жекеменшік оқу орнын ашып алу мол ақша табудың майлы жолы болса керек. Алайда олар өз оқу орындары туралы ақпарат



құралдары арқылы ең сапалы білімді біз береміз, бүкіл елде жоқтың бәрі бізде, бүкіл мемлекет, үкімет қол жеткізе алмай жатқандарға біз қол жеткіздік (компьютерлендіру, интернет, бітірушілердің түгелдей жұмыспен қамтылуы, сол оқу орны студенттерінің шетелдерде оқуын жалғастыруы, немесе тәжірибеден өтуі т.б.) деп даурыға жарнама беруден жалғар емес. Жаз кездерінде ел аралап, ат сабылтып барша жұрттың балаларын оқуға шақыратын да солар. Ал шын мәнінде 1 – 2 студент шетелге барса ол қалталы ата-ананың арқасы. Студенттер оқу оқып, білім алып жатқан ғимараттарға келер болсақ, бірен-сараны болмаса сол 90-жылдарда жекешеленіп кеткен балабақшалары, немесе, банкротқа ұшыраған өндіріс орындарының оқу-тәжірибелік, әдістемелік жұмыстарға икемделмеген ғимараттары. Олардың оқытушы-профессорлар құрамы негізінен сағатпен, немесе жарты ставкамен жасайтын мемлекеттік оқу орындарының ұстаздары. Бұндай оқу орындарында негізгі айлығына «шайлық» қосқалы жүрген ұстаздардың студент-жастардың қамын ойлап, кешенді оқу-тәрбиелік бағдарламаны жүзеге асыра қоюы да күмәнді. Біраз уақыт бұрын Ақтөбелік бір жарнамалық газетте осындай оқу орындарының ректорларының бірі «мен өзім ашқан оқу орнында ешқандай сабақ бермеймін, үнемі іс сапардан қолым босамайды, оқу орнынан еш пайда көрмеймін, еңбекақы да алмаймын, оқу орнына қоса өзімнің екі жауапкершілігі шектеулі серіктестігім бар, сол арқылы ақша табам, осы бизнесімнің арқасында мен оқу орныма көмектесем, менің бизнесім ғылымды дамытуға қызмет етеді» -деп жарнамалай жазыпты. Сенгің келеді, «осындай жанкешті адам бар екен-ау» – деп қуанасың. Алайда өзің білетін ақпараттар мен шындықтар негізінде білген, көргенінді ой елегінен өткізесің де, оның бейкүнә талапкерлерді тарту үшін жасалған кезекті жарнама екеніне көзің жетеді. Біріншіден, оқу орнының басшысы оқу процесінен шеткері қалған (лекция оқымайды, сабақ жүргізбейді, тіпті қалада да сирек болады. Өзі айтқандай үнемі іссапарда); Екіншіден, ол жоғарыда айтқандай қожасына еш пайда әкелмесе, өзі қиын шаруа болса, жарыса, жармаса жекеменшік орта арнаулы, жоғары оқу орындарын ашудың қандай қажеті бар. Осы сәтте есіңе қазақтың: «Сау басыңа сақина тілеп нең бар еді?» дегені

түседі. Жалпы шындығына келсек, білім сапасы бұрынғы уақыттармен салыстырғанда біраз төмендеп кеткені шындық. Оның объективті және субъективті жақтары бар, оған тоқталып жатпай-ақ қоялық. Бірақ, сол сапаның құлдырауына жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткен жекеменшік университеттер мен академиялардың, олардың филиалдарының да «қосқан үлестері зор». Бұл тұрғыдан алғанда соңғы кездерде министрлік тарапынан жасалып жатқан болашақта бұндай оқу орындарын мүмкіндігінше азайтып, жоғары санатты ұстаздар қауымы шоғырланған орталықтардағыларын ғана қалдыруға және мамандандыруға бағытталған игі істерді қолдағанымыз жөн.

*«Нұр Астана» газеті.*

## ЕЛ ҚҰРМЕТТЕЙТІН ТАНЫМАЛ БОЛУДЫҢ ҚҰПИЯСЫ – ЕҢБЕКТЕ

*– Үзеңгілестерге үлгі, кейінгі буына өнеге болып жүрген Сіздей азамат қай жердің тумасы?*

А.Т.: Алдымен біздің қазақ бір-біріне көзінің тірісінде қия бермейтін, бұндай берген бағаларыңыз үшін көп рақмет! Менің ата-бабаларым Маңғыстау жақты мекендеген. Кешегі ХХ ғасырдың 30-шы жылдарында қазақтың «шен алып, шекпен кигендеріне» тиісіп, «байларды қойдай қу қамшымен» - деген ессіздік ұрандатудың зардабынан көршілес Атырау облысының Қызылқоға ауданына қоныс аударған. Жаңа саясатқа амалсыз мойын ұсынып әкеміз колхоздастыруға қатысқан, қарапайым еңбекші болған. Өзіне жететін абырой-атағы, мемлекеттік марапаттары болды, ел құрметтеді. Мен сол жерде дүниеге келдім, Қызылқоға ауданының Мұқыр орта мектебін бітірдім. Сонан кейінгі уақыттардың бәрінде туған жерден жырақта жүрмін. Алайда, мен Қазақстанның барлық жерін *атамекенім* деп түсінетін адаммын.

*– Сіз танымал тұлғасыз. Айтыңызшы, табысқа жетудің, танымал болудың құпиясы неде?*

А.Т.: Қазақта: «атың шықпаса жер өрте» дейді. Ендеше, оғаш қылықпен де атыңды шығарып танымал

болуға болады; Сондай-ақ, ұлтыңа орасан зор, ерекше іс істеп те танымал бола аласың. Мысалы: ерлік, ғылым, өнер т.б. салаларда жарқырай көріну. Айталық, әлемнің бірінші космонавы Юрий Гагариннің, қазақтың тұңғыш космонавы Тоқтар Әубәкіровтің аттары бір күнде шыққанын әлем біледі; Ал енді бір бөлек адамдар көкелерінің көмегімен, басына қонған бақтың, астындағы тақтың арқасында уақытша танымалдылыққа ие болуы да мүмкін. Мен қазіргі тұтқиылдан келіп өздерінің әлеуеті де, болмыстары да сәйкес келмейтін орынтаққа отырған көптеген қуыршақ тұлғаларды (министрлер, әкімдер, бас директорлар ректорлар, т.б.) солардың қатарына жатқызамын.

Дұрыс мәніндегі, еңбекпен келген *танымалдылық* адамға бір күнде немесе бір жылда, тіпті біраз уақыт аралығында да келе қоймайды. Ол ұзақ тер төгудің, сол салада із қалдыратындай істер істеудің нәтижесі деп білемін. Сонан соң мен өмір бойы жоғарғы мектепте қызмет жасап, ассистенттен өз салам бойынша Академикке дейінгі жолдан өттім, ғылым докторы ретінде 10 жылдан астам Алматы, Астана қалаларындағы докторлық диссертациялық Кеңестің мүшесі болдым, қатардағы оқытушыдан проректорға дейінгі жолдан өттім. Ақтөбеде 1977 – ші жылдан тұрамын. Осы жылдар ішінде қаланың, облыстың саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани істеріне үнемі араласып жүремін, бұл ісім әлі де жалғасуда. Ақтөбе қаласының құрметті азаматымын. Осының бәрі белгілі деңгейде мені танымал еткен болар деп ойлаймын.

Ал «табысқа жету» дегенге келетін болсақ, «табыс» сөзінің екі мағынасы бар. Бірі – белгілі бір істі орындау, атқару нәтижесінде түсетін пайда, кіріс. Бұл жағынан ешқандай жетістігім жоқ десем болады. Сол баяғыша үкімет берген ескі үйде тұрамын, нан-шайымды айыратын еңбекақыма күн көрудемін. Табыстың екінші мағынасы – қол жеткен жетістік. Бұл енді мәселенің рухани жағы. Осы тұрғыдан алғанда жоғарыдағы ғылыми дәрежелерім мен атақтарымды, осы уақытқа дейін жазылған 10-нан астам зерттеу еңбектерім мен көптеген оқу-әдістемелік құралдарымды, оқулықтарымды, әртүрлі тақырыптарға жазылған 600-дей мақалаларымды табыстың осы түріне жатқызуға болар деймін. Бұл табыстың жақсы жағы – оған

ешкім сұқтана қарамайды, «шығу төркіні қайдан екен» - деп те ешкім бас қатырмайды, «табысың кімнің арқасы» деп әкірендемейді, зекімейді, ортақтаса да алмайды. Ештеңені ұрлап алдап, немесе сұрап алмағасын ұйқың да тыныш, абыройың да орнында. Өйткені, ол менің жеке табысым, жетістігім. Бұдан шығатын қорытынды – таза табысқа жетудің, ел құрметтейтін танымал болудың құпиясы – *еңбекте.*

*- Қазақ жазуының болашағы - латын әліпбиіне көзқарасыңыз?*

А.Т.: Көзқарасым дұрыс, қолдаймын. Латын әліпбиі бізге тілдік сингармонизм заңын сақтау үшін, яғни тіліміздің табиғатын сақтау үшін қажет. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Рухани негізімізді басқа тілдің үндестігімен қойыртпақтамауымыз керек. Латынға көшу қажеттілігі туралы «Қазақстан – 2050» Стратегиясында: «Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – делінген. Қарсы бағыттағылардың айтып жүрген барлық уәждерінің негізі барларын реттестіруге болады, ал таяз ойлар мен тұжырымдар уақыт өте өздерінің өміршең емес екендігін көрсетеді.

*- Сіз ғаламтор беттерін жиі оқисыз ба? Сіздің ойыңызша, әлеуметтік желілердегі қазақ тілінің жағдайы қалай?*

А.Т.: Ғаламторды жиі оқымаймын, тек аса керектерін ғана қараймын, кейбір материалдарды жұмыстастарым мен әріптестерім арқылы хабардар болған жағдайында ғана іздестіремін. Бұқаралық ақпарат құралдары, ғалымдарымыз т.б. ақпаратты орыс тілінде алып отыр. Әлеуметтік желілердегі қазақ тілінің жағдайы мәз емес, бұл салада бізге, қазақтарға, әлі де біраз саналы ұмтылыстар жасауымыз керек.

*- Қазақ тілі аударма тіліне айналмау үшін не істеуіміз керек?*

А.Т.: Мемлекеттік тілді аударма тіліне айналдырып отырғандар халық емес, кез келген деңгейдегі ірілі-ұсақты намыссыз, елдік санадан ада шенеуніктер, жауапты адамдар. Ендеше, «балық басынан шіриді» дегендей, солар басынан шірімесін, әуелі өздеріне-өздері жауапкершілікпен, ұлттық

сана-сезіммен қарасын. Мысалы, Парламент Заңдарды Мемлекеттік тілде даярласа, облыс, қала мәслихаттары өз жұмыстарында мемлекеттік тілді қолданса, билік басындағы әр шенеунік өз мекемесінде мемлекеттік тілді дамытуға көңіл бөлсе, қазақ тілі аударма тілге айналмас еді. Бұлардан басқа мемлекеттік тілді білмейтін адамдардың ел басқару ісіне, жалпы билікке келуін шектеу қажет. Бұл олардың азаматтық құқығын шектеу емес, мемлекет құраушы ұлттың, мемлекеттік тілдің Конституциялық құқың қорғау. Осындай істерге кіріссек, мемлекеттік тіл аударма тіліне айналмайды, аудармашы да болмайды. Қандай мінбелерден, қандай лауазымды тұлға айтса да сөзден іске көшпесек ештеңе шықпайды. Билік басындағылар осыны түсінулері керек, ал өздері біле отырып «ұзын арқан, кең тұсауға» салып соза беретін болса, олардың халық, ұлт алдындағы міндеттерін адал орындамағандары.

*– Президент Жолдауындағы «Ана тіліміз – Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйымтқысы ете білгеніміз жөн» деген келелі сөздің Сіз үшін салмағы қандай?*

А.Т.: Қазақ тілі елімізде жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді *қазақ мемлекеті* деп атайтын боламыз. Әзірге ондай деңгейге жеткен жоқпыз. Мемлекеттік тілді даудың тақырыбына айналдырып жүрген қазақ ұлты емес, жөргегінен жеріген орыс тілді қазақтар мен шовинистік пиғылдағы басқа ұлт өкілдері оны мәймөңкелемей ашық айтуымыз керек.

«Қазақ, қазақпен қазақша сөйлессін», «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» т.б. айтылғандардың бәрі дұрыс, бірақ бізге осы бағытта ыждағатты істер жасамасақ, олар сөз жүзінде қалады.

Біздегі жағдай әлемнің бірде-бір елінде жоқ. Мемлекеттік тілді білмей сол мемлекеттің азаматы болу, білім алу, өнер мен ғылым саласымен айналысу, еңбек ету, тіпті биліктің тұтқасын ұстау бізден басқа бірде-бір мемлекетте жоқ. Ендеше Конституциялық негізде мемлекеттік тілдің статусын қорғауымыз және талап етуіміз, шынайы әрекеттер жасауымыз керек.

*– Оқырмандарға тіл туралы қандай зерделі ой, тілек айтар едіңіз?*

А.Т.: Оқырмандарға ой-тілегімді айтайын, оны көпшілік зерделі ой деп қабылдай ма, жоқ па, патша көңілдері білер. Тіл – таным басы, ұлт болмысының өзегі, руханиятымыздың негізі. Түптің түбінде Қазақстанның егемен, тәуелсіз ел ретінде дамуы барысында, Қазақстанда тұрып жатқан халықтардың басын біріктіретін, бұрынғы Кеңес заманындағыдай бір арнаға бағыттайтын, бір мақсатқа ұмтылдыратын мемлекеттік тіл – қазақ тілі болады. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деуіміздің де мәні осында.

Бұл туралы мен өзімнің мақалаларымда, басқа да еңбектерімде талай жаздым, айтып та жүрмін. «Сан мен сапа диалектикасы» деген бар. Қазақ оны: «Көп қорқытады, терең батырады» дейді. Соңғы жылдарды Қазақстанда үлкен әлеуметтік – демографиялық өзгерістер болды. Соның арқасында «Тың игеру» кезінде өз жерінде 29 % - ға түсіп қалған қазақ халқының саны, бұл күндері 70 % - ға жуықтады. Ендеше, орыс халқын қоса есептегенде, қалған этностар өкілдері біздің елдің ұлттық экономикасын дамытуға, әлеуметтік жағдайларын түзетуге, рухани-мәдени болмыстарын қалыптауға айтарлықтай үлес қосып жатқан жоқ.

Сондықтан ендігі жерде тіл мәселесінде солқылдақтық таныта берудің қажеті жоқ. Бұл мәселе Конституциямызда, Тіл Заңында шешілген, енді соны жүзеге асыра отырып мемлекеттік тіл – қазақ тілін өз төріне шығаруымыз керек. Осы екі құжаттағы орыс тіліне қатысты баптар ерте ме, кеш пе қайта қаралады. Қаралмаған күнде де заман осылай болып, еліміз тұрақты дами берсе, күндердің күнінде еліміздегі сан жағынан басым этностың (қазақтардың) тілінің көлеңкесінде қалады. Еліміздің тәуелсіздігі ұзақ, егемендігі берік болатын болса оған да жетеміз. Тіліміз де, діліміз де, дініміз де дін аман болса, болашақта Қазақ елі, Қазақ ұлты әлемдік кеңістіктен өз орнын алады. Жаратқан сіздерге соны көруге жазсын.

«Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» журналының тілшісімен сұхбат

*«Ақтөбе» газетінің тілшісімен сұхбат*

# БІЛІМ - ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРТЫЛУЫМЫЗДЫҢ БАСТЫ КЕПШІ

Қазіргі уақытта Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы мемлекетіміз алдындағы ең өзекті мәселеге айналуда, ол туралы мемлекет басшысы өзінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» және «Назарбаев университетінде» оқылған «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты лекцияларында және басқа да сөздерінде көптеп айтылуда. Президенттің ойынша жаңғыртудың басты күші – білімде, білім сапасында. Осыған байланысты біз газетіміздің бүгінгі санында білім беру саласында ұзақ жылдар бойы үзбестен еңбек етіп келе жатқан философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік Ғылымдар Академиясының академигі Алтай Тайжанұлымен сұхбаттасқан едік.

- ҚР Президенті Н.Назарбаев «Қазақстан білім қоғамы жолында» атты «Назарбаев Университетінде» оқыған лекциясында: «Бұл заман білекке сенетін заман емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтардың білімімен өлшенеді. Сол білімді әжетке, тұрмыс игілігіне жарата білумен бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын да күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік жігерді талап ететін білімсіз – өмір тұл» – деген болатын. Ендеше, Президент бүкіл білім беру мекемелеріне де, білім саласы қызметкерлеріне де, үлкен жауапкершілік пен зор міндетті сезіну қажеттігін айтып отыр деп түсінгеніміз жөн болар. Біздің білуімізше, Сіз бүкіл саналы өміріңізді жоғарғы оқу орындарында ұстаздық етуге, ғылымға арнаған жансыз. Бүгінгі білімнің, білім берудің деңгейі қандай деп ойлайсыз?

А.Т.: Білім де тәрбие сияқты адамды қалыптайды, кісіге күш-қуат береді, ердің де, елдің де тірегі осы білімде, терең ақыл-ойдың негізі де, білім мен білікте. Ендеше, терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны. Сондықтан да Президент өзінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына

қарай 20 қадам» атты Бағдарламалық мақаласында да, жоғарыда Сіз айтқан Назарбаев университетінде оқылған «Қазақстан білім қоғамы жолында» лекциясында да қазіргі замандағы білімнің рөліне ерекше тоқталып, білім беру жүйесін жаңғырту жөніндегі бұдан былайғы қадамдарды белгілеп берді. Олардың бастылары: білім беру мекемелерін оңтайландыру; оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту; білім беру қызметкерлерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру. Сондай-ақ, білім беру жүйесін жалпыұлттық күйде қалдыру, оның сапасын жақсарту, мемлекеттік білім беру үлгілерін сақтау да бүгінгі күннің қажеттілігі. Алдағы уақытта білім алудағы мамандық таңдау, кәсіби және интерактивті білім беруді дамыту, ұстаз бен шәкірттің тікелей Интернет – араласуы сияқты оқу бағдарламаларын, факультативті курстарды ұйымдастыру көзделген. Талантты жастарды болашақ бағдарламасына тарту да маңызды мәселелердің бірі.

*- Әрине, Сіздің бұл айтқан бағдарламаларыңыз бүгінгі күн талабынан туындаған. Алайда бұлардың бәрі алдымен жекелеген жоғарғы оқу орындарында жүзеге асады емес пе? Ендеше Сіз еңбек ететін Батыс Қазақстан өңірін, қала берді бүкіл Қазақстанды білікті дәрігер кадрлармен қамтамасыз етіп отырған Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде аталған бағыттар қалай жүзеге асуда?*

А.Т.: Қазіргі уақытта еліміздің 2020 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық дамуының стратегиясы жүзеге асырылып жатыр. Ғасырлық мәні бар бұл жоба қай салаға да жаңа міндеттер мен жауапкершіліктер жүктейді. Оның мазмұны мен бағыты қандай болғанына қарамастан барлық білім мен тәрбие беру мекемелеріне де тікелей қатысы бар. Осыған сәйкес білім беру қызметін жақсарту, оның ішінде медициналық білім беруді қайта құру, жалпы медицина саласын реформалау жүріп жатыр. Өйткені, әрбір қазақстандық үшін басты құндылық – өзінің денсаулығы. Ендеше, денсаулық сақтауды жаңғырту және саламатты өмір салты – біздің басты бағдар болуы керек. Осы ұстанымды басшылыққа алған елімізде денсаулық сақтау саласын реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, ойдағыдай жүзеге асырылуда.



Денсаулық сақтау саласын дамытуда «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының орны да ерекше. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі қабылданды. Кардиологиялық және кардиохирургиялық көмекті дамытудың бағдарламасы орындалуда. Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізілді. Тәуелсіздік жылдары елімізде 700-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынды, бұл үрдіс әлі жалғасуда. Сонымен бірге, 4 мыңнан астам медициналық мекеме күрделі жөндеуден өткен екен. 75 миллиардтан астам теңгеге медициналық құрал-жабдықтар сатып алыныпты.

Бұның бәрі медицина саласында жасалып жатқан ізгілікті де игілікті істер. Бірақ, олардың бәрі өздігінен болмайды, жоспар өздігінен орындалмайды, мақсат — межеге де іс-қимыл, әрекетсіз, жарқын істерсіз жете қою мүмкін емес. Осыдан келіп адам факторы, білікті мамандар қажеттігі туындайды. Бұл тұрғыдан алғанда алыс жылға жақын тарихы бар Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина университетінің алатын орны ерекше. Университет алдымен біздің Батыс өңірінде, қала берді Республика көлемінде жоғарғы білікті дәрігерлерді даярлауда жетекші орын алады. Бұл оқу орнының түлектері тек еліміздің Батыс аймақтарында ғана емес, Республикамыздың түпкір-түпкірлерінде, алыс және жақын шетелдерде еңбек етуде.

Біздің оқу орны Медициналық институт болып 1957 жылы 10 тамызда ашылғанда 7 кафедра, 60-қа жуық оқытушы ғана жұмыс жасап, оның ішінде 16 ғылым кандидаттары болған екен. Сонан бергі жылдар ішінде оқу орнымызда орасан зор сандық та, сапалық та өзгерістер болды. Институтымыз 1997 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина академиясы атауын алды, кейін оның тек облысымызға ғана емес, осы өңірді білікті медициналық кадрлармен қамтамасыз ететіндігі ескеріліп, атауы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина академиясы аталса, соңғы жылдардағы білім беру саясатына сәйкес және өзінің жеткен межесіне қарай, 2009 жылы 19 ақпанынан бастап Университет атағын иеленді. Қазіргі уақытта біздің медицина университеті материалдық базасы мен профессорлық-оқытушылық құрамы қазіргі талаптарды толық қанағаттандыратын оқу

орнының бірі. Университетте 43 кафедрада 450-ден астам ұстаз мамандар қызмет етеді, олардың 50 пайызға жақыны ғылыми атақтар мен дәрежелерге ие, бұл Республика бойынша жоғары көрсеткіш. Университетте көптеген 40 медицина ғылымдарының докторлары, профессорлар, медицина ғылымдарының кандидаттары, доценттер, көптеген ғылым магистрлері қызмет етеді. Бұларға қоса, шетелдік, ұлттық және салалық ғылым академияларының академиктері, құрметті профессорлары да осы оқу орнында өз біліктерін жастарға беруде.

*- Есіңізде болар, Президент Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуына қатысты өзінің Бағдарламалық мәнді мақаласында оқу орындарының материалдық базасын жасақтау қажеттігіне ерекше көңіл бөлені белгілі. Мемлекет басшысы осыған байланысты білім беру жүйесінде оқу үдерісінің практикалық жағына жеткілікті көңіл бөлінбейтіндігін, мамандықтарды иерудің жеке ерекшеліктері ескерілмейтінін сына алды. Университетте бұл мәселелердің шешімін табу жағы қалай?*

А.Т.: Мен жоғарыда біздің Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Республикамыздағы іргелі оқу орындарының бірі екенін айттым. Ол ойым да негізсіз емес. Бүгінгі таңда университеттің жетілген, заман талбына сай оқу базасы бар. Оларды атап айтар болсақ, 5 оқу-зертханалық ғимараты, 5 студенттер жатақханасы, 3 жеке клиникасы, оқу зертханалары мен виварийі, ғылыми-өндірістік, оқу-клиникалық орталықтары, 200-ге жуық оқу бөлмесі мен 12 дәріс залы бар. Бұл барлық факультеттерде сабақты бір ауысымда жүргізуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, студенттердің тұрғын жағдайларын жақсарту мақсатында тағы да бір мың орындық жатақхана құрылысы салынбақ.

Біздің оқу орны үлкен кешенді құрылым құрайды. Университет, медициналық орталық, отбасылық медицина клиникасы және стоматологиялық клиникалық орталықтары бұқара халыққа сапалы медициналық көмек көрсетіп келеді. Тек бір ғана стоматологиялық клиника жылына 16 мың адамға мемлекеттік тапсырыс бойынша қызмет көрсетеді екен. Университетте тұрғындардың медициналық қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз

ететін денсаулық сақтау инфрақұрылымы жетілдірілуде.

Сол сияқты бүгінгі таңда университет жақын және алыс шетелдердің бірқатар білім беру және ғылыми орталықтарымен ғылыми-зерттеулер жүргізуде серіктес болып отыр. Қызметінің барлық бағыттары бойынша Ресей Федерациясының, Польша, Чехия, Литва, Әзірбайжан т.б. медициналық оқу орындарымен тығыз байланыста.

Осы айтылғандардың бәрі жас мамандарды оқытуға болашақ білікті дәрігерлерді талапқа сай даярлауға толық мүмкіндік береді деген ойдамыз.

- Жоғарыда айтқан оқу орнының материалдық базасы, оның жоғарғы деңгейлі профессорлық-оқытушылық құрамы болуы әрине, жақсы және қажеттілік. Ал бұл күндері ел арасында барды қажеттілікке жарата білу, адам капиталын өз деңгейінде пайдалану, жинақталған тәжірибені пайдалана отырып дамыту, қажетіне қарай жетілдіру мәселесі де білім беру мекемелері алдында тұрған талаптардың бірі емес пе?!

А.Т.: Өте дұрыс айтасыз. Оқу орындарының материалдық базасы өздігінен қызмет көрсетпейді, білікті ұстаз-мамандар да бейтарап жүріп ештеңе бітірмейді. Сондықтан жаңағы Сіз айтып отырғандай әуелі барды барынша пайдалана білуіміз керек, жетіспесін жетілдіргеніміз абзал. Ал бұл өз кезегінде мекеме басшысының ұйымдастыру қабілетін, әр саладағы проблемаларды шешудегі көрегенділігін, айналасындағы әлеуметті құрметтей отырып қоян-қолтық іске жұмылдыра білуін қажет етеді. Жалпы өмір диалектикасына үңілсек, қай заманда да ескі жаңаға, үлкен кішіге орын беріп отырған. Бұл табиғи заңдылық. Өйткені, жастар жаңа жағдайды үлкендерден гөрі тез түсінеді және игереді, ойы да, іскерлік қабілеттері де соған сәйкес келіп жатса ол тіптен жақсы.

Университетте ұрпақ жалғастығының негізі сақталған. Біздің оқу орнында еңбек етуге қабілетті, студент жастарға әлі берері де көп, беделі де зор бірде-бір аға ұрпақ өкілдері, жетекші маман профессорлар мен академиктер жұмыстан босатылған емес. Бұның кейінгі жас ұстаздар мен мамандар үшін де үлкен тәлім-тағылымдық мәні зор деп білеміз. Міне, осындай үндестіктің арқасында бұрынғы тәжірибе мен жаңаның қабысуы жүріп жатыр. Бұл өз кезегінде әлемдік және отандық жетістіктерді игеруге, білім сапасын

жетілдіруге, оларды мемлекеттік стандартпен сәйкестендіруге – бір сөзбен айтқанда білім беру мекемелері алдында тұрған талаптарды қанағаттандыруға ықпал ететін жағдайлар.

– *Жалпы жастар арасындағы, оның ішінде оқу орындарындағы ақсап тұрған тұстарымыздың бірі тәрбие мәселесі десек қателеспесіз. Жастарымыз арасында сыртқы бейнесімен де (хиджаб кию, т.б.), жекелеген іс-әрекеттерімен де (түсінбеушілік салдарынан бұрыс дін жолына түсу), қылмыстар жасау, тәртіп бұзу жақтары көп. Университетте бұл жағына қалай көңіл бөлесіздер?*

А.Т.: Айтып отырғандарыңыздың бәрі рас, ол тек қана бір оқу орнына, немесе, бір аймаққа қатысты емес. Транзиттік, өтпелі кезеңде олардың болуы да заңдылық шығар. Біздің университетте тәрбие жұмысының бағдарламасы жасалған. Онда университеттегі тәрбиенің мәні, мақсаты, міндеттері, қағидалары, құрылымы, басты бағыттары, жүзеге асыру тетіктері, күтілетін нәтижелері көрсетілген. Қазіргі уақытта осы құжат басшылыққа алынып жұмыстар жүргізілуде. Бұлардан басқа студенттер жатақханаларында университеттің жетекші профессорларының мамандықтың әлеуметтік-гуманитарлық, құқықтық жақтарын, болашақ жас мамандардың этномәдени болмыстарын қалыптау мақсатындағы лекциялары да оқылып тұрады.

– *Бұл істе Сіздің кафедраның атқаратын рөлі ерекше болар?*

А.Т.: Біз өзімізді басқа кафедралардан ерекшеміз деп ойламаймыз. Университеттің барлық кафедраларының да мақсаттары біреу, ол – елімізге оқыған-тоқығаны көп, өз істеріне жетік, тәлім-тәрбиелі маман азаматтар дайындау. Біздің кафедра заман ынғайына қарай аты өзгеріп отырғанымен осы оқу орнымен бірге жасасып келе жатқан кафедра. Кафедрада әр кезеңде өздерінің ұлағатты іздерін қалдырған ғалым-ұстаздар, өз ісінің шеберлері еңбек етті, оларға зор рақмет айтамыз. Себебі, кафедрасыз оқу орны болмайды, бола да алмайды. Оқу орнының өзегі де, білімнің туындайтын, жүйеленетін, сонан соң жастарға берілетін жері де – кафедра. Ендеше оқу орнының жетістігі кафедраның жұмысына тікелей байланысты және тәуелді. Оқу орнының басқа құрылымдарында біреу келіп, біреу кетер, ал кафедра басшылығындағы адам нағыз

ұстаз болуы шарт. Өйткені, ол өз қарамағындағыларға оқу, тәрбие, ғылым салаларында және адами тұлғалық болмысымен де үлгі бола білуі керек.

Менің ойымша, біздің кафедраның болашағы зор. Кафедраның құрамы түгелге жуық жастар және бәрінің магистрлік дәрежелері бар. Білім көтеру әлі жалғасуда. Жас ұстаздарымыз Республикамызда, алыс және жақын шетелдерде білімдерін көтереді. Кафедра оқытушылары түгелдей мемлекеттік тілде сабақ жүргізе алады. Екі оқытушымыз ағылшын тілінде оқытатын топтарда еркін сабақ бере алады. Осы айтылғандар негізінде 60 жылдай тарихы бар университетіміздің оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу істерін дамытуға өз үлестерімізді қосудамыз деуге толық негіз бар.

– Әңгімеңізге рақмет! Болашақта да шығармашылық табыстар тілеймін!

*«Керек Info» газеті*

## ҚАЗІРГІ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ ТӘРТІП ПЕН БАҚЫЛАУ ЖОҚ

– Алтай Тайжанұлы, сіз жоғары оқу орындарың ұзақ жыл жұмыс істеп, кандидаттық және докторлық ғылыми дәрежелер қорғаудың қыр-сырына, «құпиясына» қанықтыңыз. Бүгінгі білім сапасы – күн тәртібіндегі біріні мәселе. Онымен бәрі айналысып жатыр. Бірақ нәтижа шамалы. Өз пікіріңізді білдірсеңіз?

А.Т.: Жалпы мені қоғамдық - гуманитарлық ғылымдардың өкілі ретінде, білім мен ғылым сапасы, соны ішінде ғылыми дәрежесі бар адамдардың білім деңгейі ке ойландырады. «Өзің диуанасың, кімге пір боласың» деген сөз бар халықта. Біреуге білім беру үшін одан өз деңгейі жоғары, оған белгілі дәрежеде берерің болуы қажет. Интернеттен, одан-бұдан жинап, құрастырып, бірақ е ойында қорытпай, алдымен өзің игеріп алмай, басқа білім берем, дәріс оқимын деу бос күпсіну, бос әурешілік. Тәуелсіз мемлекеттілігімізге де ширек ғасырға да жуықтады. Осы жылдардың ішінде білім саласы реформалардан ке ашпады. Тәуелсіз ел болғасын әлеуметтік-экономикалы және саяси реформалар жасалуға тиіс. Өзімізді

жолымызды, өз бағытымызды іздеуіміз, белгілеуіміз қажет. Алайда, реформа жөні, бағыт іздеу жөні осы екен деп, білім мен ғылым саласының бір ізге түсе бастаған жүйесін жыл сайын өзгерту, түрлендіру, тіпті оны қиратумен кейін оны қайта түзетумен күн өткізіп келеміз. Кезекті әрбір министр өз «жаңалығын» ала келеді.

Менің түсінігімше, білім мен ғылым саласында біріншіден – тұтастық, екіншіден – жалғастық, үшіншіден – білімнен білікке өту қағидалары сақталуы қажет. Көне заманнан бергі үрдіс – *үйрену*. Оқу, оқыту да сол үйренудің бірі – жүйеленген, керек - жарақпен қамтылған түрі.

Білім мен тәрбие философиясына тарихи-танымдық ұстаныммен келетін болсақ, ол біздің білім беру, оқыту жүйеміздің генезисі – бұрынғы, бүгінгі, ертеңгі – біліміміздің тұтастығы мен бірлігі деп түсінгеніміз жөн. Бұл тұрғыдан алғанда, біз адамзат тарихында өзі өткен көзқарас қалыптасуының үш негізгі түрін аттап өте алмаймыз. Бүкіл әлеуметтік-тарихи даму мен жетілуді де бұларсыз елестету қиын. Олар: *әфсаналық*, *аңызнамалық* (мифология); *діни* (религия); *философиялық* (дүниені білім, ғылым жетістіктері, тәжірибе мен практика арқылы, заманмен үндестіре отырып тану) болып бөлінеді.

Бұлардың біріншісінің өзегін адам *арманы* құрайды. Өйткені, адамзат өздерінің *әфсаналық*, *аңызнамалық* ой-қиялдарымен алға ұмтылған, армандаған. Сол арман оларды алға жетелеген. Екіншісі, дінмен байланысқан *сенім*. Сенімсіз адам қорқақ, жасқаншақ, өндіріп ештеңе тындыра алмайды. Сенім, оның ішінде *діни сенім*, бізді имандылыққа, инабаттылыққа, көргенділікке жетеледі, үйретті. Ал қазіргі саты, ғылыми тілде *философиялық* деп аталғанымен, ол біздің білген, оқыған және көрген техникалық жетістіктеріміз, әлемді тану, өзінді солармен салыстыру және теңестіру сатысы. Жаһандану тұсында, бұл білім берудің, ғылым дамуының басты ұстанымы болуы керек. Бұл бізден осы салалардағы тұтастықты ғана емес, жалғастықты да қажет етеді.

Жалғастық әріден басталады. Педагогика атасы, чех педагогі Ян Амос Коменский дегенің тұжырымы қалыптасқан. Дұрыс емес. Ежелгі грек, көне Шығыс ілімі және дәстүрі қайда? Адамзат тарихын көз алдымызға елестетсек, барлық уақытта да бір елден басқа бір ел

үйренген, олар білімін өзге елге де берген, берейін деп бермеген, табиғи жолмен берілген. Алайда, осы білімдер жылдар, ғасырлар бойы дами отырып біліктілікке жалғасуға тиіс. Дипломды адам көп, олардың біліктілік дәрежесі қандай? Білім және ғылым сапасы осындай диалектикалық байланыстан туындайды. Бізде тәуелсіздіктің елең-алаңында, әрбір мәселенің байыбына бармай еліктеу жағы басым болды.

Тағы бір айтарым, білім мемлекетке, ұлтқа қызмет етуі қажет. Біз унитарлы, бірегей мемлекетпіз. Қазақстанда қазақтардан басқаларының заңдастырылған ұлттық, мемлекеттік, аумақтық мекені жоқ. Өйткені бізде Ресей федерациясы сияқты автономды АССР, округ, облыс т.б. жоқ. Оларда біздің елдің азаматтығы бар. Бұл оларға қазақтармен тең еңбек етуге, оқуға, білім алуға, демалуға т.б. толық мүмкіндік береді. Бірақ бізге билік жүргізуге, Конституциядан тыс құқықтар талап етулеріне кепілдік бермейді. Ендеше біз, білім саласында да, басқа салаларда да осыны ескеріп, «жаман үйді қонағы билейдінің» керін кимегеніміз жөн. Білім мен ғылым саласы бірегей мемлекеттің Конституциясына сәйкес болуы керек. Білім және ғылым ұлтқа, қазақ халқына қызмет етуге тиіс. Бұл қазақ еліне қызмет жасау, қазақ мемлекетінің қажеттілігін өтеу бағытындағы білім мен тәрбие беріліп, ғылыммен, өнер дамытылуы керек деген сөз. Ондай білім этномәдени білім болмақ.

Қазір кредиттік технология деп жиі айтамыз, Болон жүйесі жөніндегі келісімге қол қойдық. Мемлекетке олардың қаншалықты қажеттілігі бар? Қызық қуу ма, әлде қатардан қалмау ма? Еліктеу ме, қажеттілік пе? Бір анығы олар бүгінгі күні ұлтымызға қызмет жасап жатқан жоқ. Аталған «жаңалықтар» дәстүрлі білім беру жүйесін құрдымға жіберді. Тіпті, біз бұрынғы дәстүрлі жоғары білім беру жүйесінен бір емес, екі қадам кейін шегіндік.

*- Алтай Тайжанұлы, білім жүйесіндегі бірқатар реформаның бағыттары сыналып еді, «істеп жатырмыз, қолға алдық» деген есеп те беріле бастады. Сіздің пікіріңізбен кейбір әріптестеріңіз келісе қояр ма екен?*

А.Т.: Тағы өз көзқарасымды қайталап айтамын. Біздің ЖОО дипломы, бұрын Батыстың магистрімен тең дәрежеде болатын. Қазір жаңа жүйеге көштік те, дипломды

*бакалавр* даярлаймыз. Бір қадам артқа шегіндік дейтінім осы. Бакалаврден кейін магистратурадан өту керек. Ол бұрынғыдай тегін емес. Кейбір жеке ЖОО-ның пысық басшылары кезінде бір саладан бір ғылым докторымен де, оп-оңай магистратура ашып алған кездер де болды.

Мынадай қызықты қараңыз. Кезінде қасаң түсініктегі біздің заң шығарушы органдар ғылыммен тек университеттер айналысады деген шешім шығарды, педагогикалық институттардағы магистратураларды жапты. Бірақ олар бір жағдайды ескермеді. Магистратураны ашу үшін ғылым докторлары қажет. Ал олар педагогикалық институттарда белгілі мамандықтар бар да, университеттерде жоқ делік. Сонда докторлары бар пединституттар оны аша алмайды, себебі заңға қайшы, ал университеттер ғылым докторлары жоқтықтан аша алмайды. Бұдан ғылымға бетбұрыс жасаған жастарымызға қандай пайда?! Амалсыз ақшаларын төлеп жеке меншік ЖОО-да оқиды. Біз нақты деректеріміз болмағандықтан ондағы ондағы білім сапасын әңгіме етпей-ақ қоялық, бірақ олардың талапқа түтел сай емес екені анық.

Мәселен, шетелдерде сайлауда жеңген партия жаңа үкімет құрамын жасақтап, министрлік басшылары өзгеріп жатады. Министр жеңген партияның өкілі, басқа тұлға, бірақ министрліктегі бірінші вице-министр өз орнында қала береді. Оны бұрынғы бағытты жалғастыру үшін қозғамайды. Бізде қалай? Жаңа басшы бұрынғыны өзгертіп, өз «командасын» жасақтайды, бұрынғылар бейне бір бәрін құртып кеткендей, істі «жаңартудан» бастайды. Бірі қостілділікті, бірі үштілділік ұсынады, оқытудың тағы да бір жаңа түрін ойлап табады, әрине оларды жүзеге асыру үшін үкіметтен қаражат сұрайды. Оған дайындық бар ма, жоқ па? Бұл ұлт мүддесінен мемлекет қажеттілігінен туған ба, жоқ па, оған бас қатырмайды. Мұның бәрі қаржы тартудың амалы. Осының салдарынан білім жүйесінде қолдан жасалған қиындық көп.

*– Білім саласы бойынша ЮНЕСКО-ның назарына ілігіп, жоғарыдан көріндік, «ТМД елдерінің алдындамыз, ғылым кандидаттары мен докторлары саны жөнінен шырқау биікке шықтық» деген сөздер жиі естіледі...*

А.Т.: Байқайсыз ба? Көше бойлап жүрсеңіз, «реферат, диплом жұмысын жазып беремін» деп телефон нөмірлері



көрсетілген құлақтандырудан көз сүрінеді. Құқық қорғау орындары, ЖОО басшылары оны көрмейді, жауапқа тартпайды, тәртіпке шақырмайды. Кезінде кандидаттық және докторлық диссертацияларды жаздырып алу үрдіске айналды. Сондай жолмен атақты, альпі аяғы жер баспай, көзі төменге түспей, өзін «ғалым» сезініп жүргендер өзімізбен бірге, арамызда жүр. Қайсыбірі біздің басшыларымыз. Кезінде жергілікті «Эврика» газетінен (№42, 16 қазан 2013 жыл) «Кандидаты оказались липовыми» деген шағын мақала оқыдым. Ұзын-ырғасы Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті Заң факультетінің үш оқытушысының бірнеше жыл бойы жалған ғылым кандидаты дипломымен жұмыс істеп жүргендігі туралы. Тексеру барысында үш кандидаттық дипломының Білім және ғылым Министрлігі базасында тіркелмегені анықталды. Сараптау қорытындысы аталған құжаттардың жалғандығын көрсетті. Білім жүйесінде тәртіп пен бақылау жоқтықтың бір мысалы осы.

Жаздырып алу да – «еңбек», ақшаң кетеді, беделің түседі. Ал дайын бланкіге нөмір қойып, мөр басып, сату – қылмыс. Айтылады, қалады ешкім жауапқа тартылмайды. Осылай кете береді. Тізбелесек, бұл мәселе Қазақстанға ғана тән емес. Жаз айларында Шығыс Еуропа елдерінің бір премьер-министрінің, ұмытпасам Чехияның, докторлық ғылыми диссертациясының *плагиат* екені анықталып, ол отставкаға кетуге мәжбүр болды. Көршіміз Ресейде кейбір ғылыми жұмыстар сараптан өтуде. Жиырмадан астам докторлық диссертацияның көшірме екендігі жария етілді. Ал өзіміздің Парламентте, әртүрлі деңгейдегі министрлер мен әкімдердің арасында ғылым кандидаттары мен докторлары жыртылып айырылады. Сонда олар ғылыммен қай зертханада, көрнекті кітапханаларда, архивтерде отырып айналысқан, оған уақытты қалай тапқан, кім жетекшілік еткен?! Өзінен-өзі түсінікті емес пе?! Менің ғылыммен оны қажет ететін ортаның, ғылыми-зерттеу институттарының, немесе, жоғарғы оқу орындары ұстаздарының, т.б. адамдардың ғана ғылыми дәреже үшін диссертация қорғауы керек дейтінім сондықтан. Өйткені ол қажеттілік, қоғам қажеттілігі.

2010 жылғы желтоқсан айында бұрынғы ғылыми дәреже алу (беру) тоқтатылып, жаңа жүйе енгізілді.

Оларды енді магистрлер, PhD докторлар деп атайды. Бірақ олардың деңгейлері де, қойылатын талаптар да бұрынғыдан әлдеқайда төмен. Көзбояу мен көрініп қалу көп, сапа мен қажеттілік жоқ десе де болғандай. Сонда бұрынғы жүйе бойынша «қорғаушылар» көбейді деп тосқауыл қойдық дейік, ал бүгінгі жүйемен ілгерілегеніміз кәне?!

Енді есебі жоқ доценттік, профессорлық, академиктік атақтар туралы. Тоқсаныншы жылдардың басындағы қаладағы ірі, әрі жалғыз ет комбинаты бас директоры кабинетінің есігінде әуелі ғылым кандидаты, сосын доктор, бас-аяғы алты айдың ішінде академик деген «дәреже» лауазымына тіркесіп, бадырайып жазулы тұрды. Қазірде де сол кезеңнен алыс кеткен жоқпыз. Ассистент, доцент, профессор атақтарының мазмұнында оқытушы (обучающий) деген мағына бар.

Ал бізде әкім де, бас директор да профессор. Сол атақты тікелей беретін орын қайда қарап отыр? Жоғарғы оқу орнында, оқыту мекемелерінде бір күн де жұмыс істемегенсің деп неге айтпайды? 2010 жылдың аяғындағы тосын «ғылыми өзгеріс» жұмыстары бір-екі жыл бұрын бітіп, қорғау кезегін күтіп тұрған көптеген ЖОО оқытушыларының обалына қалды. Ғылым айналасындағы лауазымды шенеуніктердің тамыр-таныстары мен қалталылар «қорғап үлгерді» де, оқытушылар кейінге ысырылып қалды. Солардың бірі Абай Дүйсенбаев деген азамат, менің шәкіртім, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. Ғылыми монографиясы, авторефераты шықты, диссертация туралы оң пікірлері де, бәрі де уақтылы дайын еді, бірақ сол тұстағы Диссертациялық Кеңес басшылары осындай жастарға қол ұшын берудің орнына оларға әртүрлі жасанды жолдармен кедергі қойып, ғылымға ешқандай қатысы жоқ шенеуніктер т.б. «үлгеріп», қорғап кетті. Ал одан кім ұтты, қоғамға пайда келді ме, әрине жоқ. Тәртіп пен бақылау жоқтықтың кесірі мен нәтижесі осы.

Қазір тексеріс болса, гуманитарлық сала бойынша Ресейден ғылыми дәреже алған адамдар көптігін көрсетер еді. Қазақстан Республикасы бойынша диссертация қорғалатын салалардан ғылыми Кеңес болмаса ғана ғылыми жұмыс шетелдерде қорғалуға тиіс. Қазақстан тарихынан, Дінінен, басқа да өзімізге ғана тән ғылым салалардан Мәскеу, немесе, сырт ел ғалымдары не біледі, не айта алады? Кезінде Қазақстан тарихынан Ресейде

«қорғап», бізде тіркелуден өтіп, «дважды» доктормын деп күпсініп жүргендерді де кездестіргенбіз? Жарайды делік, ал «Билер шығармашылығы» туралы, немесе «Қазақ шежіресі мен дәстүр - салты» туралы шетелде ғылыми диссертация қорғау, сыпайылап айтқанда атымызға ұят. Өйткені олардың бәрі – айрықша құбылыс, мәні өте терең қазақ ұлтына, қазақ болмысына ғана тән нәрселер.

- «Балық басынан шіриді» дегендей, бұрынғы Білім және ғылым министрі туралы да алыпқашпа сөз көп. Жалпы білім төңірегіндегі былық-шылықты тоқтату мүмкін бе?

А.Т.: Әзірге мүмкіндік шектеулі. Турасы, біз коррупция дендеп енген мемлекеттер қатарындамыз. Сыбайластық коррупция білім мен ғылым саласында ғана емес, әр салада да бар. Ал бұрынғы басшы туралы ештеңе айта алмаймын. Мен өзім басы-қасында болмаған, көрмеген, білмеген нәрселеріме долбарлап пікір айту дұрыс емес деп есептеймін. Біз бүгін білім және ғылым туралы ғана қысқа қайырып, әңгімелеп отырмыз. Фонограмма қосып қойып, өңешін «жыртатын» әнші ше, немесе, өзі баптаған, бірақ қарымы бойынша басқадан төмен спортшысын құрамаға жетектеп кіргізетін жаттықтырушы ше? Бұлар өз алдына бөлек әңгіме.

Мемлекеттің коррупцияға қарсы күрес туралы Заңы бар. Жалпы заңның сақталуы, Қазақстанның, Қазақияның өркендеген мықты мемлекет болуы үшін аса қажеттілік. Ал бәріміздің азаматтық позициямыз болуы оны жүзеге асырудың бірден бір жолы.

Әңгімеңізге рақмет!

*«Қазақия» газеті.*

## **ДІН ТУРАЛЫ ТҮСІНГІМІЗ ҚАНДАЙ?!**

Қоғамымыз тәуелсіз, демократиялық жолмен дамыған сайын әлеуметтік-рухани салаларымызда көптеген қордаланып қалған мәселелер бар екендігі айқындала түсуде. Республикамыздың кез келген өңірлерінде әртүрлі діни ағымдар ұстанып, оларын имандылыққа жақындау деп, ал кейбір келеңсіз тұстары мен құқық бұзушылықтарына қарсы мемлекеттік органдар тарапынан жасалған әрекеттерді, тежеулерді «біздің құқығымызды бұзып жатыр» деп байбалам салу т.б.кездеседі. Жергілікті

газеттердің бірінде өз арамызда да басқа діндерге өтіп жатқандар бар екендігі, мысалға, біздің Ақтөбе облысының Алға ауданында осындай жағдайлар болғандығы туралы жазылған еді. Біз осы мәселе төңірегінде философия ғылымдарының докторы, профессор Алтай Тайжановты әңгімеге тартқан едік.

*Алтай Тайжанұлы, Сіздің газеттегі мақалаға, ондағы уақиғаларға деген көзқарасыңыз, бағаңыз қандай?*

А.Т.: Шынын айту керек ол мақалаға да, ондағы қозғалған мәселелерге де бір жақты жауап беру мүмкін емес. Себебі, дін саналы адам баласымен бірге жалғасып келе жатқан әлеумет үшін үлкен мәні бар, рухани дүниеміздің үлкен бір бөлігі, мәдениетіміздің басты діндектерінің бірі, бұған қоса ол тарихи қалыптасқан көзқарастар жүйесінің бірі болып есептеледі. Сол себепті де біз, бүгінгі күндегі кездесіп жатқан әлеуметтік құбылыстарға жауап іздеу үшін, сәл шегініс жасап, тарихқа, дін тарихы мен мазмұнына қысқаша тоқталсақ дұрыс болар еді.

*Біз діннің сан-алуан анықтамасы бар екенін білеміз. Оның ішінде діннің мәні жан-жақты қамтылған ғылыми делінгендері де болды. Алайда, олардың барлығы дерлік діннің қоғамдық сананың бір түрі екенін мойындағанымен, оны сыртқы күштердің фантастикалық бейнесі, жалған үміт т.б. деген анықтамаларға саяды. Дінді тануда, оның мән-мазмұнын анықтауда жаңа түсінік қалыптасты ма?*

А.Т.: Сіздің еске алып отырғаныңыз дінге марксизм-ленинизм классиктері – К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин – берген анықтама ғой. Иә, шын мәнінде дінге берілген ондай анықтамалар да, түсініктер мен түсіндірулер де болған. Мен өзім жалпы өткен дәуірлердегі тарихи тұлғаларға, ойшылдарға құрметпен қараймын. Өйткені, олар, өз замандарының жемістері, алға қойған мақсат-мүдделері де басқа болды. Сондықтан оларға мен тоқталмай-ақ қояйын. Ал діннің мәнін танып-ұғынудағы жаңа түсініктерге келер болсақ әрине бар. Себебі, үлкен деңгейлердегі қоғамдық өзгерістер әлеуметтік салаларға да өзгерістер ала келді, рухани бағыттағы танымдарымыз жаңа арнаға бет түзеді. Соңғы жылдары біздің дінге деген ұғым-түсініктеріміз де, қатысымыз да өзгерді. Мәселен, Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында дінге төмендегідей анықтама берілген:

«Дін — адам пайымының бүкіл әлем мен болмысқа, қоршаған дүниеге, табиғатқа, өзі өмір сүретін ортаға және өзінің ақыл-ойы мен сана-сезімінен тысқары тылсым дүние мен жаратылысқа деген көзқарасты айқындайтын мифология, философия және ғылымнан ерекше өзіндік бір тұрпаты; адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени институт, ерекше қоғамдық сана және әлеуметтік құбылыс. Діннің басты белгісі — адамның ақыл-ойы, сезім мүшелері қабылдай алмайтын болмыс түріне сену және мойындау». (3 том., 321-бет) Жалпы дін туралы бүгінгі түсінігіміз осындай.

*Тілші: Газет оқырмандарына баптистер туралы, оның түп төркіні, мәні мен мазмұны, таралу кезеңдері туралы нақтырақ айтып берсеңіз?*

А.Т.: Газетте көтерілген баптистік ағымға келетін болсақ, ол өз бастауын христиан дінінің үш негізгі бағытының бірі болып табылатын протестантизмнен (лат. жариялау, салтанатты мәлімдемелер дегенді білдіреді) алады. Протестантизм XVI ғасырдағы Еуропаның бірқатар елдеріндегі антикатоликтік қозғалыс реформация нәтижесінде пайда болды.

Олар шіркеу құдай мен адам арасындағы дәнекер дейтін ілімге қарсы болды, оның орнына «діни сеніммен ақталу» принципін ұсынды, «киелілер» мен періштелерге сиындан, иконаларға, әулиелер сүйегіне және басқаларға тағзым етуден бас тартып, ғибадат етуді айтарлықтай оңайлатты. Кейін Протестантизм көптеген ағымдарға бөлінді, солардың бірі — баптизм.

*Баптизм* — (грек. baptize - суға батырамын дегенді білдіреді). Баптизм XVII ғасырдың басында Англияда пайда болды, кейбір деректер бойынша Амстердамда (Голландия) Англия эмигранттары ішінде пайда болған.

*Баптизм* — жеке сенім арқылы ғана күнәдан арылу принципін дәйекті ұстанады. Құдай сырғына, «құдаймен тілдесудің» мистикалық мүмкіндіктеріне, жазмыш туралы ілімге, діни моральды уағыздауға үлкен мән береді.

Қауымның табыну жиналыстары бірігіп дұға оқу мен ән салудан, ғибратты әңгімелер айтудан тұрады. Үлкендер шоқындырылады. Рождество, пасха, троица (үштік құдай) және Христқа табынуға байланысты бірқатар мейрамдар, сондай-ақ рухани қызметтің қорытындылары шығарылатын

Орақ күні тойланады.

Баптизм Россияда XIX ғасырдың екінші жартысында Батыстан жер ауып келген эмигрант протестанттар қауымның ықпалымен шаруалар мен қолөнершілердің, мещандардың арасында штундистер деген атпен тарады. Ал Кеңес өкіметі кезінде олар Інжілшіл христиан-баптистерінің Бүкілодақтық кеңесіне бірікті (Всесоюзный совет Евангел –христиан баптистов) және бір орталықтан басқарылады. Олар Қазақстанда да бар.

Тілші: *Жалпы бізге жалпыға бірдей діндер туралы түсінік керек пе, олардың тарихын білу қажет пе?*

А.Т.: Өте орынды сұрақ. Жалпыға бірдей діндердің тарихын терең білдіру мүмкін болмас, оған арнайы даярлық керек. Дегенмен, әрбір азамат дінге селқос қарамағаны, оны үлкен де, ұзақ тарихы бар әлеуметтік құбылыс, тарихи таным-тағылымда өзіндік орны бар руханиятымыздың бір бөлігі деп қараған жөн. Бізге дінді, діннің бар екенін, оның әлеуметтік үлкен мәнге ие екенін ұмытпауымыз керек. Дінді, оның мәнін түсіну қоғамды түсінумен қабат жүреді. Басқасын былай қойғанда, марксизим-ленинизм классиктерінің өзі атеизмді дәріптей тұра, дін қоғамдық сананың түрі, әлеуметтік құбылыс, оны түсіну үшін қоғамдағы соны туындататын қоғамдық қатыстарды түсіну керек – дейді. Олар сонымен қатар діннің әлеуметтік, танымдық және психологиялық түбірлерін де егжей-тегжейлі түсіндірді. Дінді желеу етіп жасалатын және жасаулы мүмкін саяси, әлеуметтік қақтығыстар, келеңсіздіктер, тіпті қанқұйлы уақиғалардың да болатынын ескертеді, тіпті нақты мысалдар келтіріп, олардың алдын алу қажеттілігін айтады. Бұндай жағдайды бұрынғы және кейінгі ойшылдар мен саясаттанушылар да айтқан. Шындығында да тарихта мұндай фактілер көптеп кездеседі. Солардың бірі тарихқа Крест жорықтары (крестовые походы) деген атпен кірген, Еуропалықтардың XI-XIII ғасырларда, дәлірек айтсақ 1096 – 1270 жылдар аралығында католиктік шіркеудің ұсынысымен және белсенді түрде қатысуымен жасаған басқыншылық жорықтары. «Тәңір табытын дінсіздер үстемдігінен құтқару» деген ұранмен Таяу Шығысқа сегіз рет крест жорығы ұйымдастырылды.

1-ші жорық 1096 – 99 жж. Иерусалимді басып алып, Иерусалим корольдігін құрумен аяқталды.

2-ші жорық 1147 – 49 жж.

3-ші жорық 1189 – 1192 жж. Аса нәтиже берген жоқ.

4-ші жорық 1202 – 1204 жж. Рим папасы Иннокентийдің басшылығымен Византияға қарсы болды, нәтижесінде Константинопольды жаулап алып Латин империясын құрды.

5-ші жорық 1217 – 21 жж.

6-шы жорық 1228 – 29 жж.

7-ші жорық 1248 – 54 жж.

8-ші жорық 1270 ж.

Бұл жорықтарда айта қаларлықтай өзгерістер болмады. Дегенмен, халықтар зиян шекті.

Ең ақыры 1291 жылы мұсылмандардың Акриға өтуіне байланысты крест ұстаушылар Шығыстағы үстемдіктері мен зорлық-зомбылықтарынан біржола айрылды.

Осы сияқты Франциядағы католиктер қасиетті Варфоломейдің туған күніне протестант-гугеноттарды жаппай қырып жойған 1572 жылдың 24 тамызға қараған түн – Варфолемей түні атанады. Сол күні тек Парижде ғана 5 мың адам өлген, ал жалпы өлгендер саны 30 мың. Папа Григорий XIII болса, сол қанды қырғынды қолдады және оның құрметіне арнайы медаль тағайындады. Бұдан шығатын қорытынды, дінді әлеуметтік саланың ең бір сезімтал тұсы ретінде саясатынды жүзеге асыру мен мақсатына жету үшін де пайдалануға болады екен. Алайда, әңгіме оның халық үшін жасалғанында ма, әлде оған қарсы ма сонда болса керек.

Сондықтан біз өткеннен үйренуге ұмтылуымыз керек. Өткеннен үйрене отырып, оны түгел мансұқтамай, тек келеңсіз тұстары мен ілгерілеуге жат жақтарын қабылдамағанымыз жөн. Осы тұрғыда, тағы бір айтпай кетуге болмайтын жайт атеизм, атеистік тәрбие. Әрине, ол бұл күндері сыналып жатыр, онысы дұрыс та. Бірақ, соның қалай жүргізілгенінен алатын тағылым бар ма? Меніңше бар. Атеизм деген оқулықтар сан мың данамен шықты, жоғарғы, арнаулы оқу орындары бағдарламаларына кірді. Атеистік тәрбие жастардың, қала берді бүкіл Кеңес халықтарының жүйелі түрде жасалған Коммунистік тәрбиесінің бір бөлігі есебінде жүргізілді. Ол ес білгеннен басталады да өмір бойы қатарыңнан қалмайды. Жас ерекшелігінді, мамандығыңды, әлеуметтік ортаңды, тұрған

тұрағынды, ескере отырып жүргізіледі. Және көпшілігі сол істің мамандары болды. Нәтижесі бізге белгілі.

*Тілші: Нәтижесінде сенім де, тәрбие де дұрыс болмай шыққан жоқ па?*

*А.Т.: Олай десек қателесеміз. Әрбір қоғамның, ел-қауымның ұстанатын өз діні, дәстүрі бар болатыны сияқты, мемлекет те бір идеяның астына бірігеді, алға қойған мақсаттары мен ұмтылыс, мұраттары болады. Соны қамтамасыз ету үшін бір идеологияның астына ұйысады. Ол кезде марксизим-ленинизм идеологиясы болды, Кеңес өкіметі сол идеологияны басшылыққа алып, Коммунистік партияның туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен жүріп отырды. Оның қалай, қандай объективті жағдайларға байланысты құлағаны Сіз бен Бізге белгілі. Оны талдап жатпай-ақ қоялық. Олар құлағаннан кейін, соған қатысты басқа да әлеуметтік институттар мен оның туындылары да кетті. Бұл диалектиканың заңына қайшы келмейді. Менің айтпағым мүлде басқа. Ол мынаған саяды. Қоғамдағы кез келген әлеуметтік құбылыстарға назар аудару керек. Оған уақытша, кездейсоқ, әлсіз, болашағы жоқ деп қарауға мүлде болмайды. Мысалы, бұрындары әрбір ауылда шағын мешіт болды, онда шәкірттер алғашқы білімдер алды, ол жерде аузынан Алласы түспейтін, имани адамдар жүрді. Енді бүгін де мешіттер көптеп салынуда, олардың көпшілігі қазіргі заман архитектурасының жетістіктерін ескере отырып, салынған. Бірақ, олардың мақсаты қандай, кімдер қызмет етуде. Қазақта: «өзің диуанасың кімге пір боласың» - дейді. Олардың бәрі бірдей елімізде мұсылманшылықтың ұрығын сеуіп, иманын үйіріп жатыр ма, әлде қожайындары атасының атын, немесе, өз аттарын шығару үшін еңбектеніп жатыр ма, гәп сонда. Мешіттен келдім деп садақада төрде отыратын көп молдалардың мәдениетсіздігі, білімсіздігі, биліксіздігі көзге ұрып тұрады. Ал ондайларда инабат болмайтыны былай тұрсын, ондайлардан иман қашады.*

*Ендеше, жас ұрпақ тәрбиесінде, бізге сауат пен салауат, білім мен білік бірдей қажет екендігін ұмытпалық. Қазақ: «дүмше молда ел бұзады» десе, Абай: «Кітапты молда теріс оқыр, дағарадай болып сәлдесі» дейді.*

*Тілші: Сонда Сіздің ойыңызша, бұл мәселеге барлық қоғамдық-әлеуметтік институттар немқұрайлы*



*қарамау керек пе?*

А.Т.: Дәл солай. Еліміздің, ұрпағымыздың болашағын ойласақ, бұл мәселеге үстірт қарауға ешқандай моральдық құқымыз жоқ.

Тілші: *Енді біздің «Ақтөбе» газетіндегі мақалаға оралсақ. Бір семья, шешесі, оның кәмелетке толмаған балалары жоғарыда аталған баптистік дін жолына түскен. Ал анасы болса, баламның өзіне дінге кірпеіне байланысты байбалам салып жатыр, қысым көрсетіп жатыр, менің қатысуымсыз баламмен сөйлесіпті – дегені қалай қарайсыз? Бұл жерде адам құқығын бұзушылық, оған қол сұғушылықтың көріністері бар ма?*

А.Т.: Бір қарағанда байбаламшылардыкі де дұрыс сияқты. Өйткені Қазақстан Республикасы Конституциясының 19 бабы бойынша: «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету, көрсетпеуге хақылы». Бірақ, бұл жерде мәселе әлі бұғанасы қатпаған, санасы мен парасаты толыспаған, өмірлік іс-тәжірибесі жоқ жас бала, қоғамның тәрбие объектісі туралы болып тұр ғой. Конституцияда біздің мемлекетіміз зайырлы мемлекет, оның басты қазынасы адам. Бірақ, адамның өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы «Конститутциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуі керек» (12-бап., 5-тармақ). Сонымен қатар, Ата Заңда: «бала мемлекеттің қорғауында болады» (27-бап), «Орта білім алу міндетті және ол мемлекеттік стандарттарға сай келуі керек» (30-бап), - делінген.

Тілші: *Мақалада аты аталған оқушы баптистікті өзім қаладым, ол таза дейді. Оқу үлгерімі жақсы бола тұрып, қоғамдық жұмыстарға араласпайды. Сөйтіп әр жастың өзіне деген қызызынан қалып оқшауланып, бара-бара қоғамға қажетсіз болып қалмай ма?*

А.Т.: Дұрыс айтасыз. Бұндай күдікті әкесі де айтады. Белгілі бір дінге шын сенушілердің, шын қуаттаушылардың басты мақсаты, тіпті міндеті, сол діннің басқадан артықшылығының үгітшісі, уағыздаушысы болу, соған тарту. Бұл олардың жасына да, жасамасына да қатысты. Сондықтан да біздің «кейіпкер» өз құрбыларымен әңгімеде: «Алла тағала дейсіндер. Білесіндер ме, Құдай Исаның баласы» деп, немесе, олардың «Шіркеуге барғанда не

істейсіндер» деген сұрағына: «Барындар. Сосын көресіндер ғой» - дейді. Өз кластастары арасында баптистік бағыттағы діни кітаптарды таратады. Ал өзінің танымдық-тағылымдық ықпалымен бұл бағыттан, сенімнен аулақтататын, басқадай ұйымдастыру жұмыстардан, ойын сауықтардан, жаңа техникалық жетістіктерден, компьютерден, теледидардан бойын сырт ұстағысы келеді.

Балалардың әкесінің айтуына қарағанда, олар «әлі оң-солын білмейді. Дәл қазір не істеп жүргендерін өздері де түсінбейді. Анасының дегенінен шыға алмай жүр». Ендеше, Мемлекеттің құзырлы орындары Конституциямыздың «бала мемлекеттің қорғауында болады» деген 27-бабын басшылыққа ала отырып оларды қорғауы қажет.

Осыдан келіп, құқық қорғау органдарының адам құқығын бұзбай керісінше Конституция шеңберінде мемлекеттігімізді сақтап, оның заңдарының бұзылмауына мүдделілігін көрсетіп отырғандарын, ал баспасөз бен ақпарат құралдарының бұл мәселенің ар жағында үлкен рухани-мәдени, тәрбиелік-тәлімдік мәселе бар екендігін көпшілік талқысына салуды көздеген кәсіптік борыштан туған іс барын түсінуіміз керек.

Оқу үлгерімі жақсы баланың «менің дініме қайшы» - деп қоғамдық әлеуметтік ортадан тыс қалуға ұмтылысы, түрлі мәдени-тәрбиелік шараларға қатыспауы жас баланың психологиясын, тіпті рухани әлемі мен танымын өзгертіп басқа арнаға бұрып жіберуі әбден мүмкін. Мұндағы қауіп сол, ол жас белгілі қоғамда өмір сүреді, әлеуметтік ортада жүреді. Ол қоғам мен ортаның да әрқайсысымызға қояр өз талабы бар, міндеті бар, онан шыға алмасақ, оны түсіне алмасақ, келер күндеріміз күңгірт, болашағымыз баянсыз. Себебі, Конституцияның 12-бабының 3-ші тармағында, «Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады» делінген.

Жастарға дүниені танысам, білсем деген ұмтылыс тән. Адамға анадан туған бойда жаман қасиет жараспайды. Олар бертін келе, белгілі бір әлеуметтік ортада қалыптасады. Қазіргі уақытта «Басты кеуде билеп тұрған» заманда бұл мүлде көбейіп кетті. Осындайда адамдардың, әсіресе жастардың әлеуметтік ортада болып жатқан құбылыстарды салыстыра бағалайтыны да рас. Сондағы салыстыратынымыз атадан балаға, бұрынғыдан бүгінге мирас болып қалған моральды-

адамгершілікті нормалардың озық үлгілері. Ендеше, бұл жерде алдымыздан: ақиқат, шындық, адалдық, тазалық сияқты ұғымдар мен түсініктердің шығары анық. Сондықтан да жас бала «Баптистік – таза ілім» деп түсінеді де, сол арқылы шындықты тапқысы келеді, тіпті арғы бабаларымыз сақтар мен ғұндар да Исаны мойындағанын, өзі сияқты дұрыс жолда болғанын тілге тиек етеді, «Библияны» оқуға кеңес береді, өз ішіндегі құдайдың рухына сенеді.

Сонымен біздің Заңымыз бойынша жас баланы қорғауға, оны оқытуға, белгілі дәрежедегі қоғамдық имандылыққа, мәдени-рухани салт-дәстүрге тәрбиелеуіміз керек екен. Ендеше, әртүрлі сыртқы күштердің, болмаса ішкі іріткінің әсерінен бұғанасы қатпаған жастарымызды басқа жолға түсіп кетуден қорғау – мемлекеттік, жалпы халықтық іс, тіпті мемлекет қауіпсіздігі.

*Тілші: Тағы бір айта кететін жай, қалыптасқан дәстүр бойынша біз өз дініміз исламды дәріптейміз, басқалар өз діндерін. Бұларға қоса мұсылман емес өзге ұлт өкілдері біздің дінімізді қабылдап жатса оларды қолдаймыз, қуаттаймыз. Ал керісінше болса құптамаймыз. Бұл қалай?*

А.Т.: Дұрыс айтасыз. Бұл көпшіліктің көкейінде жүрген сұрақ. Жоғарыда айттық, Конституция бойынша адамды діни сенім-нанымы үшін қудалауға да, жазалауға да болмайды. Ал басқа ұлт өкілдері, оның ішінде кәмлектке толғандар, өз жүрек қалауларымен біздің наным-сенімдерімізді қолдап, дәстүрлерімізді құптап, қабылдап жатса, оны сыртқа тебудің қажеті жоқ сияқты. Бірақ, бір нәрсенің басы ашық, біз дінмен ойнап жүрміз, қайсыбіріміз өз пайдамызға қарай бұрғымыз келеді. Олай етуге болмайды. Өйткені, дін сабақ, дін идеология, дін теория, дін таным, дін мораль, дін иман, инабат. Біздің ұлт есебіндегі рухани ұлттық болмысыз да дінмен байланысты. Әдет-ғұрып, салт-санамыз, сенім-нанымдарымыздың негізінде де дін жатыр. Сондықтан біз ұрпағымыздың ата-бабамызға, көп ғасырлық дәстүрімізге қатыссыз тәрбиенің желеуі мен ықпалында кетуін қаламаймыз. Керісінше, барынша дәстүрлі мәдениет пен өркениет тұрғысынан жас ұрпағымызды тәрбиелеп, отансүйгіш, ұлтшыл азаматтарды қалыптауға және қалыптастыруға мүдделіміз. Бұл ұлттық мемлекеттік мүддеге де қайшы емес.

*«Алтын Орда» газеті.*

## МӘДЕНИЕТ – ИГІ ЖАҚСЫНҢЫҢ, БАСЫБАЙЛЫ ҚҰЛЫ ЕМЕС...

*Туған елінің, өз мемлекетінің гүлденіп-кемелденуі, өркениетті елдер қатарына қосылуы – кім-кімге де арман. Алайда, көпшіліктің пікіріне құлақ тосып, ой-тілектерін саралап байқасақ, біздің түсінімізде өркениет ұғымының аясы шектеулі: экономиканың ілгерілеуі, техникалық жетістіктердің кең таралуы және халық тұрмысының, әл-ауқатының жоғарылауы. Міне, қоғам дамуының деңгейін айқындайтын негізгі өлшемдер осылар сынды. Дегенмен, өркениеттің іргетасы, бастауы – рухани-мәдени құндылықтарда емес пе?*

*Осы оймен біз философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ӘҒА-сының академигі Алтай Тайжановты әңгімеге тарттық. Профессор пікірін тыңдасақ:*

*А.Т.: Өркениет, даму қарынның қамына, жайлы тұрмысқа, материалдық игіліктерге ғана бағытталар болса, ондай өркениеттің түбі адамзат үшін үлкен қасіретпен тынарын айтып, сақтандырған ойшылдар аз болған жоқ. «Адамдардың араласуы мұң екен, Жер-ана күрт қартая бастады» (К.Э. Циолковский). Үңіліп қарасақ, бұл үлкен қасіретке меңзейді: мысалы, соңғы жиырма-отыз жылдың ішінде ғана адамзаттың бүгінгі ұрпағы ата-бабаларының адам боп жаралғалы – миллиондаған жылдар бойы пайдаланғанынан әлдеқайда көп энергетикалық қор жұмсапты. Осынша шығынға, осынша ашқарақтыққа итермелеген не? Жайлы өмірге деген ессіз құштарлық емес пе? Сол құштарлықтың қажеті ғылымда, техника саласында ашылған, бірінен-бірі асып түсетін ғаламат жаналықтар, өндірістің өрлеуі арқылы өтелген жоқ па?*

*Жер-ана төсінің тілгіленуі, жер қойнауының тоналуы, ауа қабатында қауіпті түзілістердің пайда болуы – адамзат тіршілігіне төнген қауіптің бер жағы ғана. Ал, адам баласының құны – қалта байлығымен ғана есептелер болса, адамдықтың негізі, адамның жетілген адам екендігіне дәлел болатын басты қасиеті – пайдакүнемдік, қандай жолмен болса да байи білуі болғаны ма? Ел мен елдің, адам мен адамның жауласуына, әділетсіздіктерге, теңсіздікке душар ететін, сөйтіп адамды адамдық келбетінен айыратын*

өркениет – қасірет емей немене? Жоғарыда айтып өткен табиғатқа жауапсыздық та рухани жұтандықтың, сана таяздығының ащы жемісі.

Сондықтан, болашаққа деген үмітіміздің үзілмеуін ойласақ, таразыны тең ұстауға тырысқан жөн: өркениеттің дамуы адами сананы шындаумен, рухани толысумен қатар қарыштасын.

*- Оның үстіне, экономикалық ілгерілеудің өзі рухани-әлеуметтік салалардың дамуына тәуелді екенін ескерелік...*

А.Т.: Әрине. Мәселен, ғылым алға озбаса, техника жасалмаса, оны игерудің жолдары үйретілмесе, еңбек өнімділігі қайдан болады? Өркениетті елдерде еңбек өнімділігін арттырудың шарттарын, құпияларын зерттеумен айналасатын арнайы орындар бар. Халықтың, яғни еңбекшілердің денсаулығына баса назар аударылатын көрінеді. Еңбек өнімділігін арттырудың бір кілті – денсаулық сақтау саласының қызметін қалыпты жолға қою болғаны да...

«Экономика аяғынан тік тұрса, басқасы өзінен-өзі-ақ оңалады» деген ұстаныммен, бар күш-жігердің экономикаға жұмылдырылуы, рухани-әлеуметтік салалардың әлсіреп-ақсаңдауы. Оның ақыры рухани-адамгершілік құндылықтардың аяқасты болуына соқтыруы – мұның бәрі өз басымыздан өткен ащы сабақтар. О бастағы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында соңғы жылдары біраз шаралар қолға алынды. Ұмтылыс жоқ емес. Мысалы, өткен жыл – мәдениетті қолдау жылы болып жарияланды. Дегенмен, басында ізгі ниеттен туындаған шаралар осы сиырқұйымшақтанып, сыйлық тарату, баспасөз бетін тындырылып жатқан «ұлы істер» жөнінде көпірме мәліметтермен толтыру секілді жұртты әбден жауыр ғып, жиіркендіруге айналған тірліктермен тынады.

1999 жыл – Ұлттық тарих жылы болып жарияланып еді, қазақ басылымдары беттерінде – іргелі, көшбасшы басылымдардан – жергілікті газеттерге дейін – есімдері бұрын-соңды белгісіз, ол туралы нақты деректер еш мұрағаттан табылмағанымен, әйтеуір «керемет болғандығы» жөніндегі аңыздар «ұрпақтан-ұрпаққа» тараған батыр, би, немесе, өз заманында «патшамен алысқан» гұлама оқымыстылар жайлы мақалалар қаптап кетті. Мақаланы қойып, жарыса кітаптар жарық көрді. Солардың

көпшілігі — қолында азды-көпті билігі барлардың ата-бабаларын «дәріптейтін» дүниелер. Билігі барларға керегі — «пәленшекең тегін болмады! Ата-бабасы мықты екен» - деген атақ. «Тектілік» жағынан бірінен-бірі асып түсуге тырысып бақты. Ата-бабасынан түк таба алмаған бір әкімнің әкесі «Қазақстандағы қой шаруашылығын өркендетуге өлшеусіз үлес қосқан шопан» болып шықты. Ол туралы да табақтай мақала жарияланып, облыс орталығынан бір көшенің атын беруге лайық деп танылды. Енді бір «мықты» жандайшаптарын жан-жаққа жүгіртіп жүріп, әкесінің «халық ағарту саласына өлшеусіз еңбегі сіңген ұлы ұстаз» екенін дәлелдеп, оның есімі бір мектепті иеленді. Оқушылар адамның соншалық құрметке лайық не тындырғанын түсіне алмаса да, әйтеуір — «таныс фамилия».

Бірақ жоқтан бар жасауға қанша тырысқаныңмен, «өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам». Өтірікті қабылдаудан халық бас тартады. Керісінше, бұндай іс жиіркендіріп, ыза туғызады. Бір партократтың есіміне берілген көшеде сол көшенің «иесін» жамандап, бас шайқасып тұрған жандарды көргеніміз бар.

Жалпы, жеке шаруашылығы болса, өзі біледі, ал көше, мектеп аттарын кім көрінгенге үлестіріп беруге мемлекет тарапынан бақылау болуы керек еді ғой? Кешегі Кеңес заманында тарихымыз бұрмаланғаны, ата-бабаларымыздың неғұрлым сүмірейтіп көрсетілгені мәлім. Ал, тәуелсіздік алған тұста біз осының орнын толтыру мақсатында, тарихқа барынша жауапкершілікпен қарап, ақты-ақ, қараны-қара деп, өткенімізді ғылыми ізденістер арқылы түгендеудің орнына, қолдан ұлықтар, қайраткерлер жасап, өткеннің бәрін әсіре мақтауға көштік. Ұлттық тарих жылы жарияланғанда, міне, осы кателігімізді мойындап, соның зардаптарын саралап, болашақта бұған жол бермеудің жайын кесіп-пішіп алмағанымыз өкінішті-ақ.

«Мың өліп, мың тірілсек те», небір алмағайып замандардан бүгінге аман жетуіміз — ата-бабаларымызда тарихи сананың, рухтың мықтылығынан еді. Ұлт үшін рух беріктігінен қуатты қару, одан сенімді қорған жоқ. Ал, ұлттық рухтың дамитын аясы, жетілетін ортасы — тіл, дін, дәстүр, ұлттың төлтума мәдениеті.

- Ал, соңғы кездері қоғамымыздағы мәдени-рухани дамудың беталысы, кешегісі, бүгінгі мен болашағы төңірегінде сөз қозғаушылар қарама-қайшы екі пікірді

*алға тартады: біріншісі – «бізде сырттың әсерлеріне, өзіне мәдениетке үрке қарау, жылт еткен жаңаны жатсыну басым, мәдени тұйықтыққа ұмтылыс байқалады» – деп налитындар бар да, екіншіден, осыған мүлде кереғар, «біз өзімізді қор, өзіне зор санап, өзінің мәдениетіне құлдық ұрып, өз рухани кеңістігімізге ие болудан қалып бара жатырмыз» - деп ашуланатындар және бар...*

А.Т.: Меніңше, осы екі пікір де, қанша кереғар көрінгенімен, ақиқаттан алшақ емес. Екеуінің де жаны бар. Халық өзінің төлтума мәдениетін – ата-бабадан мұраға қалған рухани азығын танып-бағалай білуге, жоғалтып алмауға талпынады. Ал, бұл талпыныс рухани қазынаны танып-ұғынумен, оның сақталып қалғанына шүкіршілік етумен шектелмейді, енді соны ертеңге жалғау үшін, болашаққа жеткізу үшін дамыта түсудің, байыта түсудің қажеттілігі ескерілуі тиіс. Сыртқы ортамен мәдени қарым-қатынас осы қажеттіліктен туындайды. Және қазіргідей байланыс пен ақпарат алмасу мүмкіндігі барынша артқан заманда, кез келген ел, ұлт өзін адамзат қауымдастығынан тысқары, жеке-дара сезініп, қара үзіп кете алмасы анық. Ендеше, үрке қараудың жөні жоқ. Ұлы Абайдың өсиетіне сүйенсек, «залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болу» мақсатында, оны үйренбек керек. Озығын қабылдау арқылы рухани көкжиегімізді кеңейтудің қамын ойламақ керек. Бірақ нендей озық болса да, өз төл өнеріміздің тұнығын лайламай, ұлттық құндылықтарымызға тырнағын батырмай, өз болмысымызға икемдеп сіндірелік. Әйтпесе, әр озықтың соңынан жел айдаған қаңбақтай қалбалақтап жүріп, рухани тамырымыздан ажырап қалуымыз мүмкін.

*– Мысалы, итальяндықтардың операсы қазақ сахнасына «Қыз Жібек», «Біржан-Сара» болып «жайласты», қазақ халқына есімдері әйгілі өнер саңлақтарын сыйлады. Дегенмен нақ бүгінгі өкініш - өзінің озығына емес, тозығына табынуға айналдық емес пе? Тобырлық, арзан мәдениеттің үстемдігі белең алды...*

А.Т.: Тобырлық мәдениет деген ұғымды қалыптастыру – қате. Біріншіден, біздің арзан, жайдақ мәдениет деп жүргеніміздің өз аты – мәдениетсіздік емес пе? Әр нәрсені өз атымен аталық. Екіншіден, кейбір өнер өкілдерінің туған халқын тобыр деп кемсітуінің, сол «тобырға» жоғарыдан

қарап, шіренуінің өзі де — мәдениетсіздік.

Мәдениеттің барлық саласы ұлттық сананы қалыптастыруға, ұлтты ортақ мақсаттарға жұмылдыруға қызмет етуі тиіс. Ал, егер өнер иесі, өзі сол халықтың ішінен шыға тұра, көпшілікке ұғынықты болуды — қорлық, жайдақтық деп білсе, сөйтіп халық шынайы мәдениеттен, өнерден шеттетілсе, рухани жұтандыққа ұшырамай қайтеді? Ондай халықтың намысы, рухы қалғиды, рухани иммунитеті әлсірейді.

Халқын адал сүйетін талант иесі ат төбеліндей элитаны — «талғамы биік» азды мәз қылғанды мәртебе тұтпай, тұтас халықтың жан-жүрегіне жол табуды, тұтас халықты соңынан ілестіруді, тұтас халықты өрге сүйреуді көздесе керек-ті. Аз сыншының адасуы мүмкін. Бұра тартуы мүмкін. Ал халық... Аз сыншы елемеуге тырысқан, сыртқа тепкен Мұқағали мен Шәмшіні бағалаған — қалың қазақ емес пе? Мұқағали мен Шәмші кімнен кем?

Кейінгі жастардың жеңіл-желпіге, сайранқұмарлыққа, шетелдің даңғазасына «балға үймелеген шыбындай» анталап, мәдениетсіздіктің ықпалында өсіп жатуы алаңдататыны рас. Бұл да уызына жарымаған баланың аурушаң өсетіні секілді құбылыс. Баланы ұлттың рухани құндылықтарына сусындату, өнерді ұғына білуге баулу бесіктен басталуы тиіс. Әйтпесе, тас үйде туып, тас үйде өскен, орысша оқыған, ата-аналары балаларын ұлттық өнерге баулымақ түгіл, жүріс-тұрыстың жүйелі бақылап отыруға жұмыстан, тұрмыс қамынан «қолы тимей», көше тәрбиесін көбірек көрген ұл-қыздарымызға әй-шай жоқ алып келіп: «Құрманғазы күйлеріндегі кең жайлаудың еркіндігін, дала самалының лебін, тұлпарлар дүбірін аңсаған сағынышты сезіне алмаған көрсоқыр!» — деп кінә тағуға қандай құқымыз бар?

Мәдениеттанушыларымызға қазақта ұлттық музыкалық аспаптың 154 түрі бар екені белгілі. Мазмұны жағынан да, қазақ музыка өнерінің тереңдігі, сыршылдығы ғылыми еңбектерде, қағазда майын тамыза дәлелденгенімен, өмірде, әсіресе жастардың санасына сіңіру, жанына жақындату жайын ойлай бермейміз. Ал, анау мәдениетсіздікті, арсыздықты дәріптейтін шетел даңғазасын біз «арзан, жайдақ, жеңіл-желпі» — дегенімізбен, олар сол жасығының өзін сенің асылыңнан артық етіп ұсына алып тұр. Мұны



мойындауымыз керек. Олармен салыстырғанда, біздің әнші-сазгерлеріміздің көпшілігі ізденіске, ұмтылысқа құлықсыз. Дарыны, табиғат берген тамаша қабілеті бар. Бірақ құр әдемі дауыспен сахнаға балабақшада тәрбиеленіп жүрген «әнші балапан» да шыға алады ғой.

Жазушыларымыз жастардың өмірі туралы терең білмейді, тек «кейінгілер азғындап барады, ұятсыз, ұр да жық жастар көбейді» — деген секілді санаға сіңіп қалған түсінік тұрғысынан, сырттай тон пішуге шебер. Сондықтан әдебиетте де жастар қабылдай алатын, олардың ой-арманына азық болатын дүниелер жоқтың қасы.

— *Өткен жылдың соңында Парламентке ҚР бұқаралық ақпарат құралары туралы заңға өзгертулер енізу жөнінде жоба ұсынылғаны мәлім. Әсіресе шетелдік телебағдарламаларды шектеу хақындағы ұсыныс үлкен дау туғызды. Бірқатар коммерциялық телеарналар қатты наразылық білдіріп, жұртты ұйымдастырып, бүкіл Қазақстанды дүрліктірді. Бұл даудың «соңы тәтті» аяқталғанымен, көңілде дық қалды: ұлттық сананы ұлап, халқымызды төл мәдениетінен, әдебиетінен алыстатуға, мәңгірттендіруге барын салып отырған телеарналар қоғамдық пікірдің өздеріне жақтас екендігіне сенімді секілді...*

А.Т.: Тәуелсіз телеарналардың шетелдік хабарларға тым әуестігіне, экранды талғамсыздықтың жаулап алуына тосқауыл қою туралы мәселенің көтерілуі орынды. Бір таңғаларлығы, бұл мәселе бұдан әлдеқайда бұрынғырақ қолға алынуы тиіс еді ғой? Белгілі қаламгерлерімізді, ұлтжанды азаматтарымызды былай қойғанда, қалың бұқараның өкілдері де баспасөз бетінде осыны талап етіп, шырылдап жатқалы қашан?

Жалпы біздің шенеуніктердің мінезі «қызық»: кейбір шовинистік пиғылдағы орыстілді басылымдар өтірікті — шындай, шынды — жын ұрғандай қылып, Қазақстанға сан қилы пәлені үйіп-төгіп, халқымыздың намысын аяққа таптап, тілімізді қорлап, ойына келгенін жазып жатады — бұған жақ ашпайды. Түк болмағанды. Ал енді сол шенеуніктердің қателік-қырсыздықтарын сынап, не әлдебір лас істерін әшкерелеп, ауызша немесе жазбаша пікір білдірсінші аттандап шыға келеді. Ел, ұлт намысын қорғау керектігі сол кезде естеріне түседі. Бұл сорақылық

шенеуніктерге ызалы халықтың көзін шындыққа жеткізуге емес, керісінше әлгі басылымдардың абырой-беделін арттыруға «пайдаға асады» да кетеді. Ел, ұлт намысы дегендер ұрлығы ашылған шенеуніктердің сасық құлығы секілденеді де қалады. Бүйтіп елдің жоғын жоқтағаны құрысын!

Қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздік рухани-мәдени тоқырауға соқтырады. Бұл ең алдымен таланттарды алалаудан басталады. Қарнының тоқтығына мәз, мансап буына мастанған аз топ әлі де мәдениетті, әдебиетті, бұқаралық ақпарат құралдарын «басыбайлы құл» санап, уыстарынан шығарғысы келмейді. Сол талапқа «сай» келгендерді ғана қатарға қосады.

Бұдан бірер жыл бұрын «Элита Қазақстана» деген кітап жарық көрді. Анау-мынау емес, үлкен Энциклопедиялық басылым. Ақтарып көрсеңіз... (ішінде мен де жүрмін-А.Т.). Ұят! Сол «Элитаның» кей өкілі қазір жұмыссыз жүр, араларында тіпті айтуға ауыз ұялатын пәлеге шалдыққандар да бар. Әртүрлі дәрежедегі әкімдер, бизнесмендер, өнер өкілдері... Сонша зиялысы бар жұрттың қайыршының күйін кешуі ақылға сыйымсыз емес пе? Қазір қазақтың әр отбасынан маскүнем, нашақор, ұры-қары, қылмыскер шықты. Егер қазақтың әрқайсысы өзін бір-бір төбеге балап, қоқиланып жүрген зиялысымақтары шын мәнінде зиялы болса, халқын уақыттың, замананың қатал сынынан аздырып-тоздырмай, жүдетіп-жадатпай алып шығудың жолына жұмылмас па? И.Гетенің: «Белсенді надандықтан қорқынышты ештеңе жоқ» деген сөзі бар. Біздегі «зиялы қауымның» тірлігіне ойша талдау жасаған сәттерде сол сөз есіме түседі...

*«Алтын Орда» газеті.*

## ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНА ҚАЖЕТ ПЕ?

*– Гендер дегеніміз не? Оған Сіздің көзқарасыңыз?*

А.Т.: ГЕНДЕР (ағылш. gender) – тек, жыныс. Гендер – әлеуметтік ғылымдарда адамның жынысын әлеуметтік-мәдени аспектісін көрсетуге арналған ұғым. Гендер-жыныстық айырмашылықтардың әлеуметтік ұйымдасуы;

белгілі бір жынысқа белгілі бір қоғамда, белгілі бір уақытта сай келетін мінез-құлықтың мәдениеттанулық сипаттамасы. Еркектер мен әйелдер өз қоғамдарының мәдени жемісі болып табылады. Сондықтан гендерге қатысты стереотиптер қоғамның еркектен немесе әйелден күтетін мінез-құлықтарына, қоғамдағы орнына деген көзқарастарын көрсетеді.

Биологиялық және әлеуметтік тұрғыдан жыныстарды бөлу туралы ой алғаш М.Мидтің «Үш қарабайыр қоғамдағы жыныс пен темперамент» кітабында айтылады (1935). Феминистік теория оны қабылдап алып, биологиялық және әлеуметтік жыныс арасындағы айырмашылықтарды зерттеумен айналысты және гендерлік қатынастарды проблемаға айналдырды. Феменизм (лат. femina-әйел) — әйелдердің жыныстық белгілеріне байланысты кемсітушілікке қарсы күресі. Әңгіме кемсітушіліктің жыныстық түріне — сексизмге байланысты болады. Бұрын тек қана грамматикалық категория болып табылатын гендер енді әйелдердің «табиғи» бағыныштылығы мен төменгі жағдайлары туралы мәселелерді алға тартқан феминизмді жактаушылардың «құралының» бір бөлігіне айналды. Феминизм идеологтары қоғамдағы гендер мен гендерлік қатынастарға сай мәселелер ұсына бастады. Феминистік теорияның ізін ала барлық қоғамдық ғылымдыр жыныс пен гендер арасындағы шекараны жүргізе бастады. Соңғысы гуманитарлық ғалымдардың пікірталасының нысанасына айналып, билік құрылымын, әлеуметтік және мәдени институттарды ұйымдастырудың, қазіргі қоғамдағы идеологиялық бақылау модельдерінің талдануындағы маңызды категорияға айналды.

Нәтижесінде гендер ұғымы екі жыныстың да нақты (эмпирикалық) өмірінің түрлі аспектілерін сипаттауға ғана емес, қоғамдағы билікке, әсіресе, теңдікке әйелдердің қатынастарын талдау мен түсіндіруге қызмет етті.

Ал Канадалық феминистка Д.Смит дәстүрлі әлеуметтану өзінің объектісі ретінде еркектердің ғана тәжірибесін, болашағы мен мүдделерін көрсетіп, әйелдер соның салдарынан өз-өздерін көрсете алмайды, ендеше қоғам мен әлеуметтік қатынастар туралы жаңа білімдер мен саясат қажет деп тұжырымдады. Аса көрегендік ой болмаса да, канадалық феминистиканың бұл ойын бүкіл әлем елдерінің,

оның ішінде біздің Қазақстанның да қолдап қуаттағаны белгілі. Нәтижесінде ҚР Президенті жанындағы «Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясы» дүниеге келді. Қазіргі уақытта 2006 – 2016 жылдарға бағытталған гендердік теңдік стратегиясы аясында жұмыстар жүргізудеміз. Әйелдердің көшбасшылығы мектебінің республикалық жүйесі дүниеге келді т.б. 2016 жылғы жоспарлы мерзімде саяси аренадағы әйелдер үлесінің 30 пайыздан кем болмауын да назарда ұстап отырмыз. Бұған әйелдер арасындағы кәсіпкерлікті дамытуды, әйелдер құқығын қорғайтын 20-дан астам дағдарыс орталығын, гендерлік саясатты жүзеге асырудағы ақпараттық қолдау саясатын т.б. қосыңыз.

Енді біз ерекше назар аударып, жасамысымыз да, жасымыз да осыншама көңіл бөлетін бұл мәселенің арғы тарихына үңілеміз. Феминизм ХІІІ ғасырда Америка, батыс Еуропа елдерінде пайда болып, ХХ ғасырдың 60-жылдарында үдей түскен әлеуметтік құбылыс. Басты мақсаты – әйелдерді барлық жағынан еркектермен теңестіру. Себебі, олардың ойынша, әйелдер теңсіздікте. Дәстүрлі қоғамда «теңдік», «теңсіздік» деген ұғымдар болмайды. Көне Шығыс, Мұсылман, қайсыбір Шығыс Еуропа елдерін алыңыз, онда алдымен ұлыстар мен ұлттар және олардың қауымдастықтары (кейін қағанаттар, полистер, мемлекеттер) қалыптасты. Олардың белгілі дәстүрлері (ұстанымдары) болды. Соған байланысты қоғамның шағын және үлкен құрылымында ер адамның, әйелдің, ұл-қыздың өз іс-әрекеті, еңбекке араласу деңгейі, әлеумет ортасындағы орындары болды және олар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, «қатаң» сақталып отырды, ешкім ешкімнің орнына таласпады, керек десеңіз қажетсіз араласпады (Мыс: «Әке тұрып, ұл сөйлегеннен без»). Бұл біздің жағдай.

Ал Америка сияқты елдерде ұлт жоқ, ұлт болмағасын мәдениет жоқ, мәдениет болмағасын (мәдениетті өркениетпен шатастырмауымыз керек А.Т.) дәстүр де қалыптаспайды. Ендеше, әр адам (еркек, әйел, бала, т.б.) өзі өмір сүрген заман талабына, уақыт сұранысына сай болуы керек. Ал бұл заң арқылы реттеледі. Заң орындалуы мүмкін, орындалмауы мүмкін. Өйткені ол құқықтық сана деңгейімізге байланысты және жіті қадағаланып отыруы керек. Дәстүр, салт, адами нормалар ұлыспен, ұлтпен бірге

қалыптасады, сөйтіп «ұяда нені көрсен, ұшқанда соны ілетін боласың». Бұдан шығатын ой-түйін: біліміміз де, тәрбиеміз де этномәдени болуы қажет. Сонда біз бөтенге еліктемей, «гендерлік саясат» – деп бір-бірімізбен таласпай-ақ түсінісе аламыз.

Ал әзірге гендерлік түсінігіміз: Қоғамның қай саласында да әйелдердің ролін арттыру. Бұл пікірдің жақтаушылары оны «демократиялық дамудың ең басты шарттарының бірі» деп те түсінеді. Бұл қисынға салсақ әйелдер арасында жұмыссыздық бар ма, олардың саны басшылық немесе сайланбалы орындарда аз ба, ендеше гендерлік теңдік жоқ. Ал ер адамдар ауыр жұмыстарды жасайды, жұмысқа қабілеттілердің арасында ер адамдардың өлімі көп, өмір сүру ұзақтығы әйелдерге қарағанда 10,5 жылға кем. Бүкіл Қазақстан бойынша жоғары білім алып жатқандардың 55 – 62 %- қыздар, әйел адамдар т.б. Тіпті қазіргі кейбір елдерде әйелдерден өзінен қорған сұрайтын ерлерге арналған дағдарыс орталықтары да бар көрінеді. Бірақ бірде-бір еркек «гендерлік теңдік жоқ» деп байбалам салып жатқан жоқ. Олай болса, диалектикалық заңдылық, ұлттық қисын мен үйлесім тұрғысынан алғанда бұндай іс-әрекет сын көтермейді.

Ал енді осы мәселеге басқа қырынан келелікші. БҰҰ-ның индикаторы бойынша Швеция, Дания, Финляндия, Норвегия сияқты мемлекеттер гендерлік тепе-теңдікке қол жеткізген екен. Бұлардың қатарына Балтық жағалауы елдері Швейцария, Нидерландия және басқа елдер де жуықтайды. Алайда, осы елдер қыздары тұрмысқа шықпай, «отырып» қалғасын өмірге ұрпақ әкелу азайып, ұлт ретінде жойылып кету қаупі төніп тұрған елдердің де қатарына жатады. Жас американдық бойжеткендер де дербестік пен тәуелсіздікке қол жеткізе алатындықтарын түсініп, тұрмыс құруға асықпайтын болған. Егер 1970 жылы 20 – 24 жас аралығындағы АҚШ бойжеткендерінің 36 пайызы ғана күйеуге тимеген болса, 1993 жылы осы жас аралығындағы қыздардың 68 пайызы тұрмысқа шықпапты. Ал 2000 жылдың деректерінен байқағанымыз, Америкадағы әрбір төртінші әйелдің біреуі ғана толық отбасы бақытына ие болған. Өйткені кейінгі кезде алып елде ана атану бақытынан гөрі, қызметтік карьера қуу бедел саналып келеді.

Кейінгі жылдары қазақ жерінде осындай кертартпа

үрдістің етек алғаны анық. Нақты деректерге жүгінсек, соңғы он жылда Қазақстанда ешқашан тұрмыс құрмаған әйелдердің саны 12,3 пайызға жетіп, ал үйленбеген жігіттердің қатары 7,1 пайызға толыққан. Яғни қоғамда бала тууға қабілетті жаста болғанымен, жалғызбасты атанған қыз-келіншектер көбейіп барады. Қайсыбір жылдары Парламент депутаттары бойдақтарға салық салу жөнінде мәселе көтерген еді. Мұндай салық түрі отбасын құруға құлықсыз, жасы 30-дан асқан қыз-жігіттердің санын азайтуға үлес қосады делінген болатын. Бәлкім, бүгінде осындай ұсыныстардың ұрымтал тұсын қарастырған жөн болар ма еді?!

Кезінде әдемілігімен әлемді тәнті еткен атақты Мэрилин Монро қайтыс болғаннан кейін оның хаты табылған екен. Онда: «Расында, мен әлемдегі ең бақытсыз әйелмін, тіпті ана атануға да жарамадым. Отбасындағы жарасымдылық барлық бақыттан артық екенін кеш түсіндім. Шынында, әйел бақыты далада, сахнада емес, таза да мейірімді отбасында екен. Сондықтан барынша атақтан сақтаныңыздар» – деп жазыпты. Тірі кезінде барлық еркек атаулыны сұлулығымен сұқтандырған атақты әртістің жан күйзелісінде осындай сырдың бүгіп жатқанын ешкім аңғармаған болса керек. Мүмкін қызметке, карьераға, көшбасшылыққа ұмтылып жүрген қазақтың да қыз-келіншектері, ең алдымен шаңырақтың бақытын табуға тырысса, өмір мен өлім арасындағы «алтын діндек – отбасы» екенін түсінер ме еді...

Жалпы халқымыздың дәстүрі де, діні де әйелдің билікке баруына, еңбек етуіне шек қоймайды, шын мәніндегі тұрмыстық зорлық-зомбылық та біздің қауымда болмаған, білуге, білімге, тануға, тағылымға да шек қойылмаған. Сондықтан қажет тұсында, амалсыз кездерде қазақ қыздары мен әйелдері, ел басқарудың да, ел қорғаудың да, көсемдік пен шешендіктің де небір үлгілерін көрсеткен. Айта кетер бір жайт, қазақта «қатын басқарған көш оңбайды» деген бар. Бұл Пайғамбар хадисінде жазылған: «әйел адамды өзіне баспы етіп алған қоғам жетістікке жетпейді» деген ойдан туындаса керек. Ал шындығына келгенде бүгінгі қазақ әйелдері әлеуметтік-экономикалық, рухани салаларымыздың, сайланбалы орындарымыздың бәрінде де бар. Алайда, мерейін мансабымен өлшей бастаған ханымдарымыздың ойынша, «бұл әлі аз». Аз дейтіні, алға

қойылған мақсат бойынша атқамінер әйелдеріміз биліктегі шен-шекпенділердің кем дегенде 30 пайызын құрауға тиіс.

Әрине, билік биіктік емес. «Билік деген – биік жартас. Ерінбей еңбектеп жылан да шығады, Қалықтай ұшып қыран да шығады» – депті Абай. Қандай да жолмен ит-құсқа бір сәттік тұғыр болған ол билік нағыз бақытты, адами бақытты армандаған әйел үшін асылы мұрат та емес. Бірақ, амал не, біздің қоғам қолдан қуыршақ жасап қойып, солардың бетіне қарап отырғысы келеді. Дәстүрлі қазақ қоғамы еркек пен әйелді бір-біріне қарсы қоймаған. Көшпелі қазақ өркениеті қалыптастырған аңыздарда, ауыз әдебиетінде жалпы жалмауыз кемпірден басқа жағымсыз әйел образы болып көрмеген. Қазақ халқы әйелді пір тұтқан, ұрпақ жалғастырудың қасиетті тотемі, ұлыстарды келісімге шақырудың үздік үлгісі ретінде бағалаған. Дұрысы осы. Ендеше, бұл салада да ойланатын мәселелер баршылық.

*Облыстық «Ақтөбе» газеті.*

## **АУДАРМАШЫ АЛҒАҢДАР АЙЛЫҒЫН ӨЗ ҚАЛТАСЫНАН ТӨЛЕУІ ҚАЖЕТ**

*- Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Өкінішке қарай дейміз бе, сорымызға қарай дейміз бе, Қазақстан мемлекеттік тілді білмей-ақ, азаматтық ала алатын, еңбек етіп, билік құруға, оқып-білім алуға болатын дүниежүзіндегі бірден-бір ел болып отыр. Қазақ тілінің мәртебесін қалай көтереміз?*

А.Т.: Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алғаны – оның табиғи құқы болса, сол мәртебені қолдау барша Қазақстан азаматтарының, оның ішінде қазақ халқының басты парызы. Өйткені ол – республиканың негізгі ұлтының, тәуелсіз мемлекеттің тілі.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеруге алдымен ұлтымыздың тілін жандандыруға бағытталған әрекеттер, ең бастысы оның құрдымға біржола түсіп кету процесінің тоқтатылғаны себеп болды. Оған ең алдымен 1989 жылы қабылданған «Тіл туралы» Заңның шарапаты тигенін айтып өтуіміз керек. Бірақ қазақ тілінің толыққанды мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілуіне ол Заңның да қауқары сарқылып,

тіліміздің ішкі әлеуетін пайдалану мүмкіндігі тежелуде. Өйткені әуел баста сол тұстағы еліміздегі саяси-әлеуметтік, демографиялық, ұлтаралық қатынастарды ескере отырып, аса сақтықпен қабылданған Конституцияда да, «Тіл туралы» Заңда да тіліміздің шын мәнінде Мемлекеттік тіл болып ілгері дамуына кедергілер жеткілікті. Мәселен, Конституциядағы 7-бапта — «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінсе, ал «Тіл туралы» Заңның 5-бабы «Орыс тілін қолдану» деп аталады, онда «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Ол аз болғандай, 8-бапта орыс тілінің осы мәртебесі (статусы) тағы қайталаанады.

Мемлекеттік тіл мәртебесінің артуына, аясына іштей қарсы, қазақ тілін білмейтін немесе шала түсінетін шенеуніктер мен тілімізді менсінбеушілер жоғарыдағы баптарды заңды негіз деп түсінеді де, мемлекеттік тілді білмеулеріне байланысты мүмкіндіктері шектелмейтін болғандықтан, үйренгісі де келмейді, басқалардың да үйренгенін қаламайды. Себебі осы жылдардың ішінде олардың Қазақстанда заңды орындамай-ақ жазаланбастан өмір сүруге, мемлекеттік тілді білмей-ақ жақсы, лауазымды қызмет басында отыра беруге болатынына көздері жетті. Ал билік басындағылар сабыр сақтауға шақырады, онысын ел бірлігін, тұтастығын сақтаудағы сабырлылық деп түсіндіреді. Алайда сол сабыр неге қазақ халқының есебінен, қазақ тілінің мемлекеттік тілін тежеу арқылы болуы керек деген сұраққа жауап ала алмайсыз.

«Тіл туралы» Заңның 4-бабында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын Мемлекеттік тілді меңгеру — Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы...» делінген. Ендеше, бірқатар теріс пікірдегілер мен шенеуніктер өз парыздарын өтемей-ақ майлы жілікке ие болып, жұмсақ креслоларда отыр. Сол бапта әрі қарай «Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға міндетті» делінген. Олай болса, жергілікті билік басындағылар отансүйгіштік көрсетіп,



мемлекет мүддесі үшін оның негізгі халқы қазақ ұлтының айналасына басқа ұлттарды топтастыру үшін мемлекетіміз бен мемлекеттік тілдің халықаралық беделін нығайту үшін саналы қызмет етпей отыр һәм Президенттің тапсырмасын аяқасты етуде.

Осы тұрғыдан алғанда, кезінде заң шығарушы жоғары орган Парламент депутаттарының «болашақта Мәжіліс депутаттығына үміткерлердің мемлекеттік тілді білуін» міндеттеуге қарсы дауыс беруін қалай түсінуге болады?! Міндеттемеген заң – заң емес. Қазақ тілінің ішкі әлеуеті кеңінен пайдаланылмай отырған орындардың бірі – өндіріс орындары. Оған себеп – «Тіл туралы» Заңның 23-бабының осы уақытқа дейін орындалмауы. Онда «Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді» делінген. Бірақ ол заң қабылданбады да, бұл бап жүзеге аспай қалды.

Тағы бір айта кететін жай, Заң уақтылы және дәлелсіз орындалса ғана Заң. «Тіл туралы» Заң бойынша, бұл саладағы мемлекеттік бағдарламаның орындалуы 10 жыл, яғни 2000 жыл деп белгіленген болатын. Ал олардың шыққанына ширек ғасыр болды. Енді оны әрі қарай созып отырмыз. Осыдан мұның бұрынғы Кеңес өкіметі кезіндегі «Коммунизм құру» бағдарламасынан өзгешелігі бар ма, соған ұқсамай ма? - деген тағы да заңды сұрақ туындайды. «Тіл туралы» Заңда басшылардың, оның ішінде бірінші басшылардың жауапкершілігі де айтылған. Егер заң бұзылса немесе уақтылы орындалмаса, солар жауапты. Бірақ республика бойынша ондай фактілерден аяқ алғысыз болса да, бірде-бір лауазым иесі жауапқа тартылған жоқ.

Болашақта тіліміздің ілгерілей дамуы бүгінгі жастарымызға, олардың қай мемлекеттің тілінде білім алып жатқандарына да тікелей байланысты. Олай болса, мемлекеттік тілді міндеттеуге қарсы дауыс берген депутаттар мен мәдениет және білім саласындағы шенеуніктер осыны ескермей отыр деуге әбден болады. Мәселен, «Тіл туралы» Заңда тілдердің дамуында мемлекеттік тілдің басымдығы көрсетілгеніне қарамастан, Білім және ғылым министрлігі бекіткен типтік оқу жоспарында қазақ тілін оқыту орыс мектебінде қазақ мектептерімен салыстырғанда

едәуір кем берілген. Қазақ жастарының ұлттық санасын қалыптастыруда, өлкетану мен ел-жер тануда зор маңызы бар Қазақстан тарихы мен географиясы туралы да осыны айтуға болады. Ал тілді меңгерудің салт-дәстүрді қалыптастырудың негізі болып табылатын этномәдени білім мен тәрбие туралы, қазіргі мемлекеттік оқу стандартында ештеңе қарастырылмаған. Бұлардан басқа заңның 9, 10, 12, 13, 15, 16, 17, 21, 22-баптарында да орыс тіліне ерекше мән берілген. Біздің ойымызша, заңның жоғарыда айтылған баптары (қараңыз: Қазақстан Республикасының Конституциясы, 7-бап; «Тіл туралы» Заң 5-бап, 8-бап т.б.) өз кезінде белгілі дәрежеде әлеуметтік, саяси мәселелер шешіп, ұлт араздығы мен түсінбеушілігін туғызбауға септігін тигізген болар. Ал енді бүгінгі күн басқаша. Қазақ ұлты сан жағынан өсті, керісінше орыс халқының саны азайды. Ендеше, біздің ойымызша, бүгінгі уақытта орыс тілін басқа халықтар тілінен бөле қарап, оған ерекше мәртебе берудің қажеттігі жоқ сияқты. Сондықтан алдағы уақытта Конституциядағы 7-баптың 2-тармағын және «Тіл туралы» Заңдағы 5-бапты алып тастау керек. «Тіл туралы» Заңдағы орыс тілін басқа тілдерден бөле, ерекше мәртебе беретін II тараудағы көптеген баптардың орыс тіліне қатыстылары жаңаша редакцияланып, «мемлекеттік тілмен қатар, аса қажет болған жағдайларда басқа тілдердің де қолданылуы қамтамасыз етіледі» деп көрсету қажет.

- *«Тіл туралы Заңның» 6-бабына «Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды» - делінген. Осыны желеу еткен кейбіреулер өздерінің құлықсыздықтарын осы жағдайды жасауға қатысы бар мекемелерден көріп, оқулық, әдістемелік құралдар жоқ, барлары нашар деп т.б. сылтаулар айтады. Я болмаса, тілді үйренгені үшін ақы төлеңдер дегендер де бар. Бұған қалай қарайсыз?*

А.Т.: Бұл мүлдем дұрыс емес. Оны бұрынғы да, бүгінгі де тәжірибелер көрсетіп отыр. Кезінде жартысына жуығы орыстанып кеткен қазақтарға кім әдістемелік құрал жазып берді, халқымыздың сүйіктісі болған зиялы ақсақалымыз Герольд Бельгер қазақ тілін қазақтардан артық қалай игерді немесе өмірде қазақ көрмеген, қазақ тілін аз уақытта игеріп алған жапон жігіті Рюджи Ямото «Хабар» арнасынан хабар жүргізетін дәрежеге қалай жетті?!

Бұлардың бәрінің артында мемлекеттік тілдің қажеттігін іс жүзінде әлі сезінбеу жатыр. Ондай адамдар үйренуге мүдделі болмағандықтан үйренбейді. Шынында да, Қазақстан – мемлекеттік тілді білмей-ақ азаматтық ала алатын, еңбек етіп, билік құруға, оқып-білім алуға болатын дүниежүзіндегі бірден-бір ел. Басқа мұндай егемен ел жоқ. Бұнымыз құптарлық па, әлде намыссыздық па – оны көпшілік таразысына қалдыралық. Сол сезінбеудің және осындай еркіндіктің арқасында қарапайым тіл білмейтіндерден бастап, шенеунікке дейін «жағдай жақсы» деп, тіпті «тіл үйренгеніме ақы төлеңдер» деп жүргендер де бар. Көптеген мекеме басшылары болса аудармашылар алып, барлық жұмысты солардың басына үйіп-төгуде. Ал енді мынадай жайды елестетіңізші. Америка, Германия, Франция, Қытай т.б. елдерде өздерінің мемлекеттік тілдерін аудармашы арқылы түсініп отырған басшыларды, әрине, таппайсыз. Сондықтан мемлекеттік тілді білмегендіктен аудармашы алып отырған адамдар олардың айлықтарын өз қалтасынан төлеуді заңдастыруы қажет. Бұларға қоса мемлекеттік тілді меңгеру дәрежесіне қарай лауазымды жұмыс беру керек. Мәселен, а) түсіну, түсінісе алу; ә) ауызекі сөйлеу, сөйлесе алу; б) тілді еркін игерген. Бұл жағдай олардың құқықтарын бұзу емес, керісінше, олардың көпшіліктің құқығын бұзуларына кедергі және заңды орындауларына себепші болары сөзсіз. Олай болса, заңдағы және кейбіреулер қайта-қайта айтып жүрген «мемлекеттік тілді білгені үшін өзге ұлт өкілдеріне қосымша еңбекақы төлеу, ынталандыру» деген әңгімені үзілді-кесілді тыю керек.

Мемлекеттік тіл мәселесі дегеніміз – Қазақстанның, қазақ елінің даму мәселесі. Белгілі деңгейде ілгерілей даму үшін халықтардың тұтастығы мен бірлігі керек. Ендеше, қазіргі уақытта Қазақстан халқын біріктіруші ұстындар – тілдің, діннің, ділдің және тарихтың маңызын қанша айтсақ та, көптік етпейді. Мәселен, Мартин Лютер «Інжілді» неміс тіліне аудару арқылы бытырап жатқан неміс герцогтықтарын рухани біріктірген-ді. Яғни, бытыранқы Пруссияны Отто фон Бисмарктан бұрын пірәдар Мартин Лютер неміс тілі арқасында топтастыра білді.

Ана қандай қымбат болса, қазақ үшін өзінің тілі де сондай қымбат. Бірақ өкінішке қарай, олай болмай тұр.

Қазақтардың барлығының бойында «менің тілім — ана тілім, ар-ұятым» деген күштарлық сезім жоқ. Алайда бір нәрсе көңілге үміт ұялатады. Ол — Президенттің «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде» деген сөзі. Осының өзі Мемлекет басшысының қазақ тілінің орны мен мәнін жақсы түсінетінін аңғартады. Ендеше, қазақ ата-анасының, жалпы қазақстандықтардың балаларының қазақ тілінде білім, тәрбие алуына, ана тілінде сусындауына көңіл бөлгені абзал болар.

*– Сөйлеу тіліміздегі жағдайға тоқталсақ... Сөйлеу мәдениеті деген ұғым бар емес пе?*

А.Т.: Мерзімді баспасөз беттерінен белгілі болғандай, 60-шы жылдар ішінде тіл мәдениеті, баспасөз сауаттылығы мәселесін жетілдіре беру ісіне ерекше қарқын берілді. Әрине, тіл мәдениеті үшін күрес бірер кеңес өткізумен, бірді-екілі мақала жазумен тына қалатын науқанды іс емес, ол — үздіксіз жүргізілетін, ешқашан да көзден таса қылуға болмайтын күнделікті жұмыс. Олай болса, тілдік мәтін жасаудың ең жанды да өнімді, аяқ басқан сайын кездесіп отыратын кең өрісті түрі — сөйлеу тіліміз. Алуан түрлі мамандықтар өкілдерінің радио, теледидар арқылы күнбе-күн ауызекі айтып жататын хабарларынан жұртшылық қаншалықты тілдік ләззат, үлгі-өнеге алады. Сондай-ақ сөйлеу мәнеріміз, интонациямыз, акцентуациялық құбылыстарымыз, кідірістеріміз тіліміздің артикуляциялық базасы дағдысына, дәстүріне сай ма деген сияқты мәселелер де — тіл мәдениетінің ең түйінді проблемалары.

Пікірді ауызекі айтып беру мен жазба түрде беру арасындағы жағдай өзгешелігінен де болар, тіл бұзарлық, тілдік материалдардың бейберекетін кетіріп, талғаусыз қолдана салу жазба тілге қарағанда сөйлеу тілінде әлдеқайда мол және алуан түрде кездеседі.

Тіл шұбарлаушылық туған тілімізге екінші бір тілдің сөздерін орынсыз енгізуде, қабылданған терминдерді бұзуда ғана болып жүрген жоқ, сонымен бірге әлденеше ұрпақтың күшімен жасалып, сан ғасырлар бойында жетіліп, қалыптасқан сөйлеу мәнеріміздің, интонациялық, акцентуациялық құбылыстардың, екіпін түрлерінің бұзылып, басқа тілдің сөйлеу мәнерімен айтыла бастауын да сөйлеудегі тіл бұзарлыққа жатқызсақ керек. Тіл бұзарлықтың тағы бір алуаны — туған тілімізде сан ғасырлар бойы айтылып

келген, халық ұғымында әбден орныққан атаулар тұрғанда, оны тастап, құлаққа түрпідей тиетін сөзбе-сөз калька аударманы қолдану.

Сөйлеу мәдениетінің жоғары болуы — халық мәдениетінің жоғары болуы, рухани өміріміздің өсуі, парасаттануымыздың дәрежесі. Сондықтан радио, телевизия, оқу орындары мен кино, театр, үгіт-насихат орындары елге таратылатын хабарлардың идеялық мазмұнымен қатар, соны жарыққа шығаратын тілдің де нормаға сай бейнелі де тартымды болуына ерекше көңіл бөлуі қажет. Бұл ұйымдар, мекемелер өздерін тек белгілі бір хабар таратушы деп қана санамай, сонымен бірге тіл көркемдігін, тіл шеберлігін, тілді қолданудың жақсы үлгісін таратушылар екендерін де естен шығармағандары абзал. Мұны рухани өміріміз дамуының бүгінгі маңызды талаптарының бірі деп түсінген жөн.

Министрлер, депутаттар, әкімдер мемлекетшіл, ұлттың озық дәстүрлері мен ғұрыптарын бойға сіңіріп өскен жандар болса, мұндай елдің күшіне күш, қуатына қуат қосылады. Қазақ мемлекетінің шенеуніктеріне қажет жаңағы қасиеттер ең алдымен ана тілі арқылы дарып, қалыптасады.

Академик Дмитрий Лихачевтің «егер бір халықты өз тілі мен мәдениетінен алшақтатсақ, онда ондай халық та жоқ» дегені бар еді. ХХ ғасырдың аяғында қазақ халқының тілі мен мәдениеті жойылып, құрып кетуге аз қалды. Сол себепті ұлтымыздың өзінің жоғын қайта түгендеу жолындағы батыл ұмтылысы — заңды құбылыс. Бұған басқа этнос өкілдері де түсінушілікпен қарап, қолдайтындығына көз жеткізіп келеміз. Мен мұндай қолдауды бір кезде осында қоныс аударып, Қазақстанды өз Отаны ретінде бағалайтындардың алғысы деп түсінемін. Екіншіден, бұл Қазақстан жеріндегі әр ұлт пен ұлыстың өзара бірлік пен татулықта өмір сүруіне негіз болады деп ойлаймын. Бұдан кейінгі кезеңде Қазақстандағы қазақ тілінің рөлі күшейе бермек. Әрине, орыс, ағылшын және өзге тілдерді дамыту мәселесін де қолдайтын боламыз. Мемлекеттік тілді ең алдымен біздің балаларымыз білулері қажет.

Қазіргі мектептерде қазақ тілін мыңдаған өзге ұлттың балалары оқып-үйренуде. Балабақшалардағы қазақ топтарында өзге ұлттардан тұратын мыңдаған бала тәрбие алуда. Жалпы алғанда, қазақстандық оқушылардың 60 пайыздан астамы қазақ тілінде білім алады. 1991 жылдары

бұл көрсеткіш 30 пайыз төңірегінде болатын. Президенттің бастамасымен Мемлекеттік тілді дамыту қоры құрылғаны да белгілі.

*– Қазақ тілі өз тұғырына көтеріле ала ма? Ол үшін нендей әрекеттерге бару керек?*

А.Т.: Мемлекеттік тілдің өз биігіне көтерілуіне бізде толық негіз бар. Оның барлық себептеріне тоқталып жатпай-ақ, тек халықтың санын алайықшы. Қазақтың үлесі жерімізде орын тепкен басқа ұлт өкілдеріне қарағанда едәуір басым. 2009 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша жергілікті ұлт өкілдерінің саны 67 пайыздан астам болған. Бұдан мемлекеттік тілімізді игергендер мен тілдерінде аса айырмашылық жоқ түріктестес этностарды қосыңыз. Бұдан артық қандай мүмкіндік керек. Көптің аты көп, көп қорқытады, терең батырады. Алайда біздің басты кедергіміз енжарлық, ұзын арқан, кең тұсау болып, «көш жүре түзеледі» деп асықпаймыз, тарихты, бүгінгі жас ұрпақ пен келер ұрпақ алдындағы парызымызды ойламаймыз. Біз, қазақ халқы, бай халықпыз дейміз. Басты байлығымыз – тілімізде, дінімізде, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдениетімізде. Яғни біз қадірін білуге тиіс нәрселер көп-ақ. «Тіл – ұлттың жаны» десек, ұлтты әрбір адам құрайды. Ендеше, әрбіріміз жеке басымызды қадірлеуге ұмтылуымыз керек. Жеке бас қадірі де тілден, оны қадірлеуден басталады. Абайдың «кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» деуі де осыдан болар. Әрбір ұлт тек өз ана тілінде сөйлегенде ғана еркіндігі, ерекшелігі, қадір-қасиеті арта түспек.

Шын қазақ елі екеніміз рас болса, бұл ел қазақша сөйлеуі тиіс, сөйлетуіміз керек. Олай істей алмасақ, қазақтығымыз, шын мәнінде жердің, елдің иесі екендігіміз шүбәлі болмақ. Қазақ тілінің мәртебесі үшін күрес – бұл елдік үшін, еңсеміздің биік, тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін күрес.

Біз Қазақстанда тұратын орыс және басқа ұлт өкілдеріне сіздер мұсылман болмадыңыздар деп кінә қоя алмаймыз, бірақ мемлекеттік тілді білмегендері үшін қатарынан қалып жатса, ренжіменіздер деп тура айта да, талап қоя да аламыз. Тілді білсе, ол нағыз Қазақстан азаматы болады. Тілді білмесе, ол азаматтық құқын қорғай алмайды.

Алашқа айтар арыз Республиканың байырғы халқы – қазақтардың мұқтажы мен мүддесіне атүсті қарап, оның әлеуметтік-рухани кеселдерінің бірде-біріне тереңдетіп мән

бермей, әйтеуір ел тыныштығы, ел бірлігі деген сөздерді жалаулатып, барлық мәселені шешеміз деу аз. Еліміздегі барлық ұлттар мен ұлыстардың құқы сақталсын, қорғалсын деу дұрыс. Бірақ ол уәзипа алдымен мемлекет құрушы халық қазақ ұлтының жағдайын толық ескергенде ғана орындалатынын естен шығармалық.

Сондықтан қазақ болып туғанымыз үшін және әлемдегі ең бай, ең сұлу тілде сөйлегеніміз үшін өзімізді бақытты сезінетін уақыт жетті.

*«Алаш айнасы» газеті.*

## ӨМІР ТҮЙТКІЛДЕРІ

*«Өзің білмеген істің соңына түспе»  
(Құран, Исра сүресі, 36-аят)*

Еліміздің Тәуелсіз даму жолына түскеніне де алдағы уақытта ширек ғасыр толады. Осы жылдар ішінде ұлтымыз, қала берді барша қазақстандықтар басынан біраз дәурен өтті. Алғашқы уақыттарда, өткен ғасырдың 90-жылдарында жаңа саяси-экономикалық, әлеуметтік-адами қарым-қатынастарда да қиындықтар, дағдарыстар, тіпті шарасыздықтар туындады. Кейін олар заман талабына сай өз арнасына түсіп, есімізді жидық. Дегенмен, Жаһандану деп аталған жаңа үрдіс тұсындағы әлемдік қарым-қатыс әлеуметтік саламызға көптеген проблемалар ала келді. Солардың бірі — ДІН мәселесі. Кешегі Кеңес заманында жас ұрпақ атеистік тұрғыда тәрбиеленді. Бүгінгі аға ұрпақтың бәрі, түгелге жуық осы тәрбиені көріп, марксизм-ленинизм идеологиясын бағыт-бағдар етіп, «өс ұрпағым», — деп әкесіндей маңдайынан сипаған Компартияның «аялы алақанын» көріп өсті. Алайда адамдар пенде ғой, Кеңес өкіметі құлағаннан кейін, сол идеологияның сойылын соғып мансапқа ие болғандар, енді жаңа талапқа сай болу қамымен оны тегіс қаралай бастады, олары «нәтижелі» болып, қайсыбірі әлі билік басында жүр.

Осы топтар және басқа да әлеуметтік саланың әр тарабында қызмет еткендердің бір бөлігі еркіндік берілгендігін пайдаланып *дінді* ермек етті. Әрине, біліктілігінен немесе іскерлігінен емес, бірқатары

жұмыссыз қалғасын күнкөріс қамымен. Оған жастарымыз еліктеді. Сөйтіп, үлкендердің жетегімен жастар тарапынан стихиялы түрде дінді құрметтеу, иманға бетбұрыс жүріп жатты. Ал қоғам болса бұндай әрекет пен іске даяр емес еді. Жоғарыдағыдай әрекеттерге барған жастарымызбен жұмыс жасауға жауапты адамдар қауқарсыз болды. Жастарымыз *хиджаб* киіп, намаз оқып, мешіттерді торып бейне бір соларды қызықтап жүргендей әсер қалдырды. Қайсыбіреулері мұсылмандық шетелдерге барып, сонан көргендеріне «көңілдері кетіп», өз қандастары мен туыстарын «адасқандар» қатарына жатқызып, туыстарының қазанамасына қатыспай, отбасы ішлік үлкен әлеуметтік мәселелер тудырды. Қайсыбір жастарымыз жалған намыс пен сенімге беріліп, өз істерінің құрбандары болып жатты.

Оқу-тәрбие орындарында оның талаптарына сәйкес келмейтін киімдер киіп, ұлықсат етілмеген көпшілік орындарда діни шаралар мен шартты рәсімдер жасап, біраз мәселелер туындаған да кездер болды. Қазір белгілі, бағытты жұмыстардың нәтижесінде бұл істе оңды өзгерістер мен түсіністіктер бар. Дегенмен, бұндай мәселе әлі түбегейлі шешілді деу ертерек. Бұндай түйткілді жайттар әсіресе, әр түрлі деңгейдегі оқу орындарында жиі байқалуда. Ендеше, бұл мәселені назардан тыс қалдыруға болмайды. Сондықтан бұл саладағы бұрынғы және қазіргі тәжірибелеріміздің үлгілі жақтарын да, бойымызды аулақ ұстап жүретін жақтарын да естен шығармауымыз керек.

Осыған байланысты және оқырман қажетіне жарар деген ниетпен бір кезде өзімнің басымда болған жайдан көпшілік оқырманды хабардар етпекпін. Менің ойларым, әсіресе «*ашық хатым*» түсінікті болуы үшін, сол кездегі баспасөзде жарық көрген материалдар өзгеріссіз, түгел беріліп отыр.

## **ХИДЖАБ ТАРТҚАН ДҰРЫС ПА?**

Белгілі бір мәселе жөнінде әртүрлі пікірлер болатыны заңдылық. Біз сол пікірлерді жарыққа шығару мақсатында «Бетпе-бет» деген айдар ашып отырмыз. Алғашқы әңгімеміз хиджаб жөнінде болмақ.

Қазір қыз балалардың хиджаб тартып оқу орындарына



баруы туралы қарама-қайшы пікірлер айтылып жатыр. Әділет пен Білім және ғылым министрліктері де осы тұрғыда екі түрлі ұстанымын айтты. Төменде біз де қыздардың хиджаб тартуы жөніндегі екі түрлі көзқарасты ұсынып отырмыз. Сонымен...

## ХИДЖАБ — ИСЛАМНЫҢ БАЙРАҒЫ

*Бауыржан Есмахан*, облыстық орталық «Нұр Ғасыр» мешітінің бас имамы:

— Қыркүйек айында Әділет министрі Рашид Түсіпбеков оқу орындарында хиджаб киюге тыйым жоқтығын айтқан еді. Іле-шала Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев өз ұстанымын айтты, хиджабқа тыйым салды. Түймебаевтың уәжі бізге түсініксіз. «Білім туралы» Заңда хиджаб киюге болмайтындығы туралы жазылмаған. Конституцияда да әр қазақстандықтың діни сенім бостандығы бар екендігі көрсетілген. Елбасымыз бүкіләлемдік және дәстүрлі діндер басшыларын шақырып, биыл Елордада III съезд өткізді. Бұл съезд — әлемдегі тұрақтылықты сақтап, қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ұтымды бастамаларымен дүниежүзіне танылған еліміздің халықаралық аренадағы саяси салмағын одан әрі ұлғайтқан маңызды іс-шара. Елбасымыз әлемдік дін өкілдерін бірлікке шақырып жатыр. Өкінішке орай, исламның ішінде бірлік, тұтастық жоқ. Соның бір көрінісі — хиджабқа қатысты дау. Хиджаб — сектаның көрінісі емес.

Қыз баланың басындағы орамалды тек әншейін орамал ретінде қарауға болмайды. Қазақстанның байрағы бар. Ол — еліміздің мемлекеттік нышаны, рәмізі. Ту да шүберектен жасалған. Бірақ оны шүберектен жасалған деп емес, кең ауқымда түсінеміз, мемлекеттік рәміз деп құрметтейміз. Шетелдерде өткен олимпиадаларда еліміздің көк байрағы көтерілгенде шаттанамыз. Сол Туды біреу: «Ілме, көтерме» деп жатса, қандай күйге түсер едік? Сол сияқты егер қыз баланың басындағы орамалы жерге түсетін болса, біздің Туымыз жерге түсіп кеткендей қиналуымыз керек. Себебі, хиджаб — исламның Туы, исламның байрағы.

Қазір жұмыс орындарында, мектептерде, колледждерде қыз балалардың орамал тартуына байланысты түсініспеушіліктер болып жатыр. Алланың әмірін орындап,

орамал тартып жүрген қыз балаларға мекеме басшылары тарапынан «Орамалынды таста, әйтпесе жұмысқа қабылдамаймын, оқуға орамалынды шешіп кел» деген мағынада әңгіме айтылып жатыр. Қыз балалар орамалды еріккеннен тағып жүрген жоқ. Ислам дінінде орамал тақсаң да болады, тақпасаң да еріктісің деген ұғым жоқ. Орамал тарту — парыз. Әйел адамдардың орамал тартуы — ер кісілердің сақал өсіруінен де үлкен парыз.

Түсініксіз: неге оқу орындарының басшылары кіндігін ашып жүрген қыздарды тәртіпке шақырмайды? Қысқа көйлек, ашық-шашық киім киген қыздарды неге жөнге салмайды? Студенттердің арасында кіндігіне сырға тағып алғандар да бар. Мұрнына сырға тағатындар да кездеседі. Тіпті, кейбір жігіттер құлағына сырға тағатын болды. Ерсі нәрсе, міне, осылар. Неге осы әдепсіз әрекеттерге көз жұма қараймыз?

Ислам дінінде әфғал мұкалафин деген бар. Бұл — балиғатқа толған ақыл-есі дұрыс кісілерге міндеттелген істер. Сол міндеттелген істің бірі — хиджаб тарту. «Әйелдерге айт, өздеріне харам етілген нәрселерге қарамасын. Ұятты жерлерін зинадан, күнә атаулыдан қорғасын. Мәжбүр көрінген жерлерінен тыс әдеміліктерін көрсетпесін. Орамалдарын жағаларын да жабатындай етіп тақсын». Бұл — Нұр сүресінің 31-аяты.

Хиджаб — құлшылық-ғибадат мақсатымен киілетін киім. Құранда қыз-келіншектердің киетін киімінің нақты пішімі көрсетілмеген. Бірақ нақты қай жерлерді ашық қалдыру керектігі жазылған. Мәжбүр көрінген жерлер дегеніміз — бет, білектен төмен екі қол, тобықтан төмен екі аяқ. Сондықтан басқа дене мүшелерін жабу керек. Бұл — Алланың бұйрығы.

Қыз балалар үйінде: ата-анасы, жолдасы, бауырларының ортасында орамалды жеңіл тағуына немесе тартпауына болады.

Жалпы, қыз балаларға балиғат жасынан бастап орамал тарту парыз болып саналады. Қыз балаға 7, 8 жасынан бастап орамал тағу туралы уағыз айтып, балиғатқа толмаса да хиджаб тартуына болады.

Әйел адам өзінің дене бітімін ерекше айқындамайтын кеңдікте кез келген киім үлгісін таңдауға құқығы бар. Мұндай киім киюдегі мақсат — қыз бала ер кісіні өзіне

қызықтыратындай дәрежеде киінбеуі керек. Киімнің түсі, материалы әркімнің талғамына байланысты. Әйелдер қазіргі заманға сай етіп, киім тіктіріп те киюлеріне болады. Сәнді, өзіне жарасымды, жалпы эстетикаға сай киім киюге ислам дінінде қарсылық жоқ. Сауд Арабиясы мен Ирандағы әйелдер сияқты қара киім киіп жүру үрдісі барша мұсылмандарға парыз емес. Дегенмен қара түсті киім кию күнә да емес. Ең маңыздысы, мәжбүр көрінген жерлерінен басқа дене мүшелері көрінбеуі тиіс. Кейбіреулер бетін жауып алады. Паранжы, никаб кию де парыз емес.

Әйел адам Құран өлшемдерінен шықпау шарты мен әр мұсылман киім үлгісін өзінің менталитеті мен әдет-ғұрыптарына, заманына қарай, әрі өздері өмір сүріп отырған жерлері, ауа райы ерекшеліктеріне ыңғайлы етіп таңдап алуы керек. Мысалы, қазақ жерінің әр өңіріне тән әйел кимешегі болған. Тіпті, әйелдердің жас ерекшеліктеріне байланысты да кимешек тігілген. Кимешектеріне қарап, әйелдің жасын шамалауға болады. Тіпті, оның емізулі баласы бар-жоқтығын да кимешектен аңғаруға болатын.

Ата-бабаларымыз: «Ғұрпымызда орамал тарту жоқ» деп Құран қағидасына қарсы шықпаған. Керісінше, оны ғұрпымен сабақтастырып, ой-өрнегімен көмкеріп, өзінің төл киім үлгісіне айналдыра білген. Бұрын келіндер ата-енесінің, қайнағаларының алдында орамалсыз жүрмейтін болған. Қазір де бұл үрдіс сақталған.

Кейбір мұсылман елдерінде көптеген әйелдер сауатсыз екен. Құранның әмірі, пайғамбарымыздың хадисінде біздің Қазақстанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп жатқан саясатында білім алу керектігі туралы айтылған. Құран Кәрімдегі ең бірінші әмір — «оқы!». Хадисте әйел адамға да, ер адамға да діни және дүниеауи білім алу парыз деп жазылған.

Бірде мешітке колледжде оқитын қыз бала келді. Ол дәріс алатын оқу орнында хиджаб тағатын қыздарға қысым көрсетіліпті. Әлгі қыз бала егер колледж басшысы орамал тартуына түсіністікпен қарамаса, онда оқудан шығатындығын айтады. Оқу орнының басшысы адамның діни сеніміне тиісіп жатыр. Қыздарды қыспаққа алып, орамал тартуға тыйым салына берсе, онда бірте-бірте орамал тартатын қыздардың барлығы оқуды тастап кетпесіне кім кепіл? Бұл Құранға да, хадиске де, Елбасының саясатына да қайшы келеді.

## ХИДЖАБ ТАРТУ — ҚАЗАҚТА ЖОҚ ДӘСТҮР

Алтай Тайжанов, философия ғылымдарының докторы, профессор:

— Қазақстан — мұсылман мемлекеті емес, мұсылмандар тұратын ел. Қазақстан — зайырлы мемлекет. Біздің елде дін мемлекеттен бөлек. Сондықтан дінге сенеміз бе, сенбейміз бе, діннен шығатын этнографиялық, этнологиялық ұғымдар, салт-дәстүрлерді ұстаймыз ба, ұстамаймыз ба, өз еркімізде.

Қазақ әйелдері еш уақытта хиджаб тартпаған. Хиджаб тарту — қазақта жоқ дәстүр. Сондықтан біз осы жоқ дәстүрмен күресуіміз керек.

Қазақтар көшпенді болған. Мал шаруашылығымен айналысқан елдің ер азаматы да, әйелдері де ат үстінде жүрген. Ал атқа мінген кісіге етегі жер сызған ұзын киім кию — оның қимыл-қозғалысына қолайсыз екені белгілі.

Ертеде қазақ әйелдері баскиімінің жүзден астам түрі болған. Мысалы, бота бөрік, бұлғын бөрік, дөңгелек бөрік, жалбағай, т.б. Сол жүзден астам баскиімді әйел адамдар жас ерекшелігіне байланысты кие білген.

Қазақ ешқашанда бесіктен белі шықпаған қыз балаға орамал тақпаған. Қыз баланы еркелетіп, жатжұрттық деп ерекше қадірлеп, әлпештеп өсірген. Рас, қазақта орамал тарту үрдісі бар. Орамалды қыз бала келін болып, босаға аттағаннан кейін таққан. Бірақ жас келін балалы болғанша, қыздың киімін киіп жүре берген.

Қазақ әйелдеріне қазір де хиджаб тағудың ешқандай қажеттілігі жоқ. Мүмкін діндар әйелдің рөлін сомдау үшін киноға түскенде, қойылым кезінде хиджаб тағу керек болар. Бірақ күнделікті тірлікте кішкентай қыз бала түгілі, орта жастағы, тіпті егде жастағы әйелдер үшін де етегі жер сызған ұзын көйлек киіп, орамал тарту қажет емес. Өзіндік пікірі қалыптасып үлгермеген мектеп жасындағы балаға орамал тартудың өзі — оны қорлау. Баланың басына орамал тағу — оның балалығын талан-таражға салу. Бала болғаннан кейін ол ойнайды: секіреді, жүгіреді. Осы тұрғыдан алғанда орамал тағу — баланың мүмкіндігін шектейді. Оның үстіне, жас баланың орамал тағуы оған психологиялық соққы болуы мүмкін. Сыныптастары оған таңырқай қарауының өзі жас баланың психологиясына кері ықпал етеді. Бала —

бала. Қасында отырған ер бала орамалын тартып ойнауы мүмкін. Сондықтан жас баланың басына орамал шандып қойған ата-ана мұны да ойлағаны жөн. Меніңше, бұл мәселеде алдымен ата-ананы тәрбиелеу керек.

Бұрын мектептерде қыздарға сырға, сақина, алқа тақтырмайтын еді. Қазір балалар соңғы үлгідегі ұялы телефон ұстайды. Тіпті мектепке жеке көлігімен баратын балалар да бар. Бұл — балалардың психикасын бұзады. Сондықтан мектептің өз дәстүрі, өз формасы болуы керек.

Хиджабты тек қана мектеп оқушылары емес, арнаулы, орта, жоғары оқу орындарының оқушы, студенттері де тартпауы тиіс. Себебі, олар зайырлы мемлекеттің зайырлы оқу орнында оқып жүргендігін ұмытпағандары жөн. Сондықтан студенттер, оқушылар оқу орнының талаптарын орындауға міндетті. Оның үстіне білім беру мекемелерінде хиджаб тартатын адамға жағдай жасалмаған. Мысалы, хиджаб тартқан қыз шетел тілдері бөлімінде оқиды делік, сабақ барысында ол құлағына құлақша киюі керек. Орамалды шандып тастаған соң, қалай тыңдайды?

Егер оқушы немесе студент оқу орнының басшысы орамал тартуға тыйым салғаны үшін оқудан шығамын десе, еркі білсін. Негізі діни оқу мен таным және ғылыми оқу мен таным екеуі бір-бірін жоққа шығармайды. Бірақ түптің түбінде діни түсініктегі адамға зайырлы мемлекеттің оқуын оқығаннан пайда жоқ. Рас, діндар болса, діни оқуға түскені жөн.

«Мұсылманбыз» дейтін кейбір әйелдердің киген киімдері сыпырғыш сияқты, етектері жер «сыпырып» жүреді. Ұзын етек көйлек кигендердің қоғамдық көлікке қалай мінетініне қайран қаламын. Олардың етегін біреу басып кетеді немесе өзі басады, сонда тазалық қайда?

Хиджаб тарту үшін Құранды араластырмау керек. Құран — қасиетті кітап. Қасиетті кітап кез келген адамға қол жетімді болмайды. Кешегі маскүнемдердің көпшілігі қазір діндар болып кеткен. Солар әйелдеріне тыйым салу үшін Құранды алға тартады.

Қысқасы, дінге біржолата бет бұрған адам ғана хиджаб тартып, етегі ұзын көйлек киюі шарт. Оқушы, студент, кұмыс істейтін әйел адам ондай киімді кимегені дұрыс. Әйел адам ораза кезінде, туысы қайтыс болып, садақаға тартқанда ғана орамал тартуына болады. Ал одан басқа

уақытта әйелдердің барлығы сәннен қалмай, өзінің қалауы бойынша киінгені абзал. Жапшай етегі жер сызып жүретін көйлек кию, жағына дейін жасырып орамал тарту — ақылға сыймайтын әрекет.

*Әзірлеген Гүлжан Базылқызы.  
«Ақтөбе» газеті.*

## АЛТАЙ ТАЙЖАНОВҚА СӘЛЕМ ХАТ

Жай мұғалімнен ардақты, оқытушыдан салмақты, алпысты алқалаған, талай атақ арқалаған замандасқа сәлем.

«Ақтөбе» газетін көріп... қайран қалдық.

Кеше күлі көкке ұшқан империяның маркстік-лениндік философиясының нанын жеген адам ғой. Марксизм-ленинизм методологиясының іргетасы болған атеизмнің (а — жоқ, тео — құдай) сойылын соққан оқытушы ғой. Партбилетінің ызғары жүрегінде мұз болып қалған ғой, қайтсін?.. Осындай аяушылық білдірдік...

Оқығаны емес; танымаған, түсінбеген тақырыпты неге қозғаған? Пікірталастың негізі болған сөздердің мағынасын сөздіктен тексермегені несі?

«Қасиетті кітап кез келген адамға қолжетімді болмайды», — депсіз. «Қолжетімді» деген біз оқымаған жерден келді. Шамасы, ол кітапты ұстамау керек. Бірақ Құран — кітап, кітапты оқу керек. «Икра» — «оқы» деген түбірден болған араб сөзін қазақ тілінің оқытушысы қайдан білсін? Әлем ғалымдары оқып, зерттеп жүрген Құранды неге оқысын? «Құран — бүкіл адамзат білімінің квинтэссенциясы!» деп тамсанған академик француз Морис Бюкай сөзі сізге түк емес қой.

Құран — мұсылмандардың, Бір және Бар Жаратушымызға сенген, сыйынған, ақыл есі дұрыс, балиғатқа толған, бас еркіндігі бар (күл емес), иман иесі басшылыққа алып өмір сүретін, әлем сырларын танып, «нағыз адам», «кәміл адам» (Абай) дәрежесіне жеткен кісінің қасиетті оқулығы.

Бірақ бұл — сіз оқымаған пән. Сондықтан «хиджаб тарту үшін Құранды араластырмау керек» дейсіз. Хиджаб — орамал емес. Оны тартпайды. Оны киеді. Өзіңіздің қалта кітабыңыз болған «Словарь атеиста» (Москва, 1988.)

түсіндіреді: «Хиджаб - араб. покрывало, занавес, название любого вида женской уличной одежды, скрывающей фигуру...». Хиджабты киюге Құранда бұйырған.

Исламды қабылдаған әйел бала оны да қабылдайды. Хиджаб — арабтың, Пәкістанның, түріктің киімі емес. Және ол — классикалық плащ, көйлек, туника, костюм үлгілері; талғамды, мәдениетті, білімді әйелдің әр елде салтанатты жиындарда да, күнделікті тірлікте де киетін киімі. Білгіңіз келсе, соңғы жылдары модельерлер өте ұзын — «макси в пол» — сән үлгілерін ұсынып жүр. Сізге ұнамайтынын білмеген ғой.

Орамалға келсек, шаршы, кәсенкі, шәлі, жаулық, күндік, кимешек, шаш қап, арабша — джилъбоб, химар, т.б. бар. Оларды тағуда (?) еш айырмашылық жоқ. 90-95 жасында дүние салған әкеміздің апалары әуелі маңдай орамал түріп байлап, сыртына жағынан шашақтысын тартып отыратыны көз алдымызда. Ал қыз баланы қазақ орынсыз еркелетпеген. «Еркеден жынды жақсы», «Еркең екеу болмас», «Қызға қырық үйден тыю» — дейді қазақ. Белгілі жасқа жеткенде, көйлек кигізіп, белін буып, «бой жетті», «ес кірді», «етек жапты», «ұят болады» деп, биязылыққа, сыпайылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеген. Бала кезімізде шашымызды тастай өргізіп қоятын. Ал үй шаруасына жұмсағанда міндетті түрде орамал тартқызатын. Тамақтан, шайқаған майдан, тартқан қаймақтан, сүзбеден шаш, қылшық шықса — масқара, демек, әйелдің салақ, нас болғаны. Бұл — гигиена. Тазалық. Бөпе жұбатқанда, кеште сыртқа шыққанда, құдыққа суға барғанда, жалаңбас жүруге тыйым салынатын. Бүгін де аяулы апаларымыз орамалсыз жүрмейді. Тәрбиелі қыз бала шашын жайып көшеге шықпайды. Оның жаман ырым екенін біледі. Қыздың қызыл орамалы, қалыңдықтың ақ желегі, әженің ақ жаулығы — олар нәзік жанның қорғаны, пәктігі, тазалық белгісі, сәні. Мысалы, орыста «опростоволоситься» деген ұғым бар, яғни орамалсыз болу — ұятқа қалу, масқара болу деген сөз. Ақын М. Лермонтовтың «Песня про купца Калашникова» поэмасы осыны көрсетеді.

Комсомол қыздардың орамалын шештірген, шашы мен көйлегін қысқартқан большевиктердің «Бір стакан су» теориясы жалғыздікті аналар және тастанды балалар мен жасанды түсік проблемасын қоғамға мәңгілік сый қылып қалдырды.

Гитлеризмнің идеологі Геббельс 1942 жылдары,

«тұтқындалған совет қыздарының басым көбінің ары таза, бұл елді оңай жеңе алмаспыз» — деп қайғырған. Бүгінде, мәліметтерге сай, жасанды түсіктердің жартысын тұрмысқа шықпаған жас қыздар жасатады екен, олардың арасында тіпті мектеп жасындағы қыздардың да көп екені дәлелденіп отыр.

Философияда қарама-қарсылардың бірлігі мен күресі — «единство и борьба противоположностей» — деген заң бар еді ғой? Қоғамның бір бөлігі (сізге өте сүйкімдісі) көшеде, көлікте, сахнада, экранда шала жалаңаштанып, жағажай киімімен шыға келгенде, қыздар, келіншектер, тіпті сарқарын бәйбішелер де жасампазданып, шешіне бастады емес пе? Тар шалбар мен күртелер ұлттық киімімізге айналғандай. Киген де ұялмайды, жұрттың да көзі үйренді.

Ал ақылды қыздар, ибалы келіншектер, түйгені мол апайлар орамал тағып, етек-жеңін түзеп, жаманнан жиреніп, пенденің міндеті — намаз үйреніп, мешіттерге бет алды. Шынайы пәк арулар, арын сақтаған перизаттар, ешкімге қолмайлық болғысы келмей, ақ бақытын іздеген қыздар — Жібек пен Баян сұлулардың мұрагерлері. Олар ойынқұмар ағайлардың анекдоттарын тыңдамас, пикниктерге ере қоймас, мейрамханаға қызықпас. Олардың іздегені — білім, оқығаны — құран, үлгі еткені — ақ жаулықты ақ әжелер.

«Орамал тағу (?) баланың психикасына соққы» — дейсіз. Ал мас әке, құдайсыз боқсақал ата, ертегі білмейтін бұйра бас әже, шала жалаңаш ана, зорлық-зомбылықтың жаршысы болған теледидар — соққы емес пе?

Президент: «Ислам — тек дін емес. Ол — біздің мәдениетіміз» - десе, Сіз: «дінді ұстаймыз ба, ұстамаймыз ба, өз еркіміз», — дейсіз. Парасат көзі болмаса, жүрекке нұр қонбаса, не шара?

«Ұлтымыз — қазақ, дініміз — ислам. Сондықтан Қасиетті Кітабымыз — Құранды насихаттауды ұмытпауымыз керек» — деп; «Жастарды тәрбиелеуде исламның құндылықтарын пайдалану керек» — деп, соқырға таяқ ұстатқандай айтылған Елбасы сөзін құлаққа ілгіңіз келмейді. Адаспаңыз, профессор. Зерттеп жүрген Абайдың «Ғақлиясын» қайта оқып, түсініп, жақсылыққа ұмтылып, тілді кәлимаға келтіріп, дәрет алып, Құранды тануға келіңіз. Мұсылман болу, пәк қыздың әкесі, ибалы



келіннің атасы, иманды шәкірттің ұстазы, бақытты елдің азаматы болу бақытына жетейік, замандас.

*Ақзипа Төремұратқызы.  
«Ақтөбе» газеті.*

## ҚАРСЫ ПІКІРЛЕР

*(«Ақтөбе» газеті., 8 желтоқсан 2009 жыл.)*

Біздің «Екі пікір» деген айдар ашқандағы мақсатымыз — таласты мәселелер жөніндегі екі түрлі көзқарасты ұсыну арқылы қоғамның «демін» шығару болатын.

ХИДЖАБ киюге байланысты облыстық «Нұр Ғасыр» мешітінің Бас имамы Бауыржан Есмахан мен белгілі ғалым Алтай Тайжановтың көзқарастары газет бетіне жарияланысымен, бір топ дін өкілдерінің аманатын арқалап жеткен Ақзипа қажының хатын оқырман талқысына ұсындық. Қазір ол кісіге қарсы пікір айтқан хаттар ағылып жатыр. Біз соның бірсыпырасын жариялап отырмыз.

Осымен пікірталасты тоқтатамыз.

## АРТЫҚ АЙТСАҚ, АР АЛДЫНА ЖҮТНЕЙІК

Адам кейде айтайын деп айтпайды, ашынғасын айтады, жазайын деп жазбайды, зәбірге шыдамайды. «Ақтөбеден» «Алтай Тайжановқа сәлем хатты» оқып, (көріп емес) қажы Ақзипаға «қайран қалған жоқпыз», «аяушылық білдірмедік те», бірақ қатты қиналдық, қаламға ерік бердік. Неге?

Автор «мінбей жатып «шу» дегенде, шалыс басып оңбай сүрінген. Қалай? Алтай ағаға «Партбилетінің ызғары жүрегінде мұз болып қатып қалған ғой, қайтсін?..» деп аяушылық білдірген. Бірақ хат жазушы ол кісінің еш уақытта Коммунистік партияға мүше болмағанын аңғармаған.

Көп оқығаны қарап отырғызбаған Ақзипа ғалым Алтайға «Қасиетті кітап кез келген адамға қол жетімді болмайды», — депсіз. «Қолжетімді» деген біз оқымаған жерден келді», — деп шүйлігеді де, «Құран — мұсылмандардың... қасиетті оқулығы» деп шегелеп тастайды. Ақзипа — ұстаз «қолжетімді болмайды» деген тіркес ауызекі сөйлеу

тілі стиліне тән ерекшелік екендігін зерделемей, сөйлеу мәдениетін жетік меңгерген, қазіргі дәуірдің орақ тілді, от ауызды шешені, азуы алты қарыс Алтайды мұқатқысы келеді. Көпті көрген, алпысты алқымдаған, жоғарғы оқу орындарында ұзақ жылдар қызмет жасаған ғалым, республика, облыс мұғалімдерінің алдында орамды ой, терең мағыналы лекциялар оқып жүрген тұрақты лектор Алтай Тайжанов — қазіргі қоғамдағы дінге қатысты шаруаны жіті қадағалаушының бірі. Ол кісі «Құранда былай деген» деп талай жанның жаза басып жүргенін аңғарған. Құран көрінгеннің қолында жүретін «Сөзжұмбақ» емес. Құранды оқыдым, түсіндім, соны орындаймын деушілер қатты қателеседі. Құранды түсіну үшін алдымен пайғамбарлар мен сахабалардың еңбектерін зерделеу керек. Құрандағыны сол күйінде өмірге енгізушілер елдің берекетін алып, талай отбасының басынан бағын тайдыруда. Салиқалы ойдың иесі Алтай Тайжанов осыны айтып отыр.

Одан әрі табаны қызған жүйрік көсіліп шабады. Көсіліп келе жатып, «жалғызілікті аналар», «тастанды балалар», «жасанды түсік» мәселесін көктей өтеді. Қызды-қыздымен кімге хат жазып отырғанын ұмытып кете жаздайды. Кешірерсіз! Ұмытпапты. Экранда шала жалаңаштанған, жағажай киімімен шыға келетін қыз-келіншектерді, жасампазданып шешіне бастаған сарқарын бәйбішелерді, тар шалбар кигендерді зейнеткер-ұстаз қажы Ақзипаның айтуынша, Алтай аға өлердей жақсы көреді екен. (Автор «Сізге өте сүйкімдісі» деп қыстырып кеткен — Т.Ә.). Әттеген-ай! Өмір бойы этнопедагогиканы зерттеген, оны білім ордаларының оқу үрдісіне дендеп енгізуге жанын салып жүрген, ұлттық құндылықтарды қызғыштай қорұшы, әсіресе, қыз балалардың қазіргі киім үлгісіндегі ұлттық үрдіске жат көріністі күйіне айтып жүрген (оның ішінде әйел адамдардың шалбар киюі де бар) жанкешті жанның, ұлт жанашыры Алтай азаматтың еңбегінің еленбеуін қарашы.

Алдыңғы айтқандары аз болғандай, сәлемдеме жолдаушының сезімге балқығаны сондай, «Ал ақылды қыздар... мешіттерге бет алды... Олар ойынқұмар ағайындардың анекдоттарын тыңдамас, пикниктерге ере қоймас, мейрамханаға қызықпас», — деп салған. Иә, Ақзипа Төремұратқызы көпшіліктің және «Нұрдәулет» мешітінің жанындағы медресе шәкірттерінің атынан

сәлем хатты Алтай Тайжановқа жазып отыр. Олай болса, осындағы әңгіменің негізгі кейіпкері де — Алтай. Аңғардыңыз ба? Тоқтаңыз! Ақзипа қажы замандасын жақсы біледі екен деп қалдық. Білмесе анекдоттан аузы кетпейтіндікті, ойынқұмаршылықты, жас бойжеткендерді пикниктерге жетелейтін желөкпелікті, мейрамхана жағалайтын сауықшылдықты хат жазған адамына неге тақады?

Мен Алтай Тайжановты соңғы жиырма жыл көлемінде жақсы білемін. Философ, әуезовтанушы, бірнеше кітаптардың, ғылыми еңбектердің авторы, ғалым, қазақ елінің руханият әлеміне өз үнімен еніп, ерен еңбек сіңірген, соған мемлекет тарапынан марапат алған қайраткер. Бірақ оның анекдот айтқанын, ойынқұмарлыққа салынғанын, көрінгенмен пикниктерде сайраңдағанын, қызық қуып мейрамхана жағалағанын көрген де, естіген де жоқпын. Сонда қалай? Бұл не? Қарсы пікір ме, әлде күйе жағу ма? Әлде «Тисе-терекке, тимесе-бұтаққа» ма? Мүмкін сәлем жолдаушы оны айтқан жоқпын дер. Онда «ойынқұмар ағайлар» дегенің кімдер? Әлде Тайжанов Алтай ағай емес пе? Көрдiңiз бе? Шегiнетiн жол жоқ.

Манадан бергіміз түк емес, әңгіменің көкесі сәлем хаттың соңғы жағынан екен. Сіз: «Дінді ұстаймыз ба, ұстамаймыз ба, өз еркіміз», — дейсіз. Парасат көзі болмаса, жүрекке нұр қонбаса, не шара?» — деп шалқаңыздан түсесіз. Не болды сонша?! «Дінде зорлық жоқ» деген қағида өз алдына, діни еріктілікті Ата Заңымыз айтқан жоқ па? Ол — ол ма, «Елбасы сөзін құлаққа ілгіңіз келмейді», — деп тіпті сәлем хатты саясаттандырып жіберіпсіз.

Жылжи берейік. Жоғарыда біресе «маркстік-лениндік философиясының нанын жеген адам», біресе «араб сөзін білмейтін қазақ тілінің оқытушысы», біресе «парасат көзі көрмейтін, жүрегі нұрсыз жан» деген адамыңыздың профессор екенін ақыры ескеріп, ашып атапсыз. Мә-ә-ә! Аңғармапшын. Алдында «адаспаңыз» тұр екен ғой. Бүйтіп атағын ауызға алғаныңыз бар болсын.

Түсінесіз бе, алтыннан ардақты, күмістен салмақты, Ақзипа қажы! Адасып тұрған профессор емес, сәлем хат жазып, шала бүлініп, шатасып тұрған өзіңіз сияқты.

Мен сізді танымаймын, білмеймін. Бірақ жазғаныңызға қарап баға беруге тура келіп тұр. Енді соған келейік. Әп

дегеннен «алпысты алқалаған» деген тіркеске сүріндік. Жасты адам алқаламайды, алқымдайды. Бір деп қойыңыз.

Бәріміз де қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болған соң, әр сөзге жіті көз салып көңіл аударамыз. Ол — кәсіби дағды. Сіздің қолданысыңыздағы «Маркстік-лениндік философиясының нанын жеген адам», «партбилеттің ызғары жүрегінде мұз болып қалған», «Құран — мұсылмандардың... қасиетті оқулығы», «Бірақ бұл — сіз оқымаған пән», «пенденің міндеті» секілді дүниелеріңіз өзіңіз туралы көп нәрсені паш етеді. Сөйлемдеріңіздің құрылымы — қисық, сөздеріңіздің түсінігі ауыр, айтар ойыңыз — тұман. Тіпті «араб сөзін қазақ тілінің оқытушысы қайдан білсін?» дегеніңізді оқыған кезде, намыстан өртене жаздадым. Сіздің пайымдауыңызша, Қазақстандағы бар мұғалім — сауатсыз, оқытушы — ойсыз, профессор адасып жүр, әке — маскүнем, ата — құдайсыз боқсақал, әже — немерелеріне айтар түгі жоқ шашын кескен бұйра бас, ана — жалаңаш, елді аузына қаратқан отандық теледидар — зорлық пен зомбылықтың жаршысы. Сізді тыңдасақ, қазақ жері жын-шайтанның мекеніне айналған.

Сонымен не болды? «Айтылған сөз — атылған оқ». Осындайда ұлы Әуезовтің бір айтқаны еске еріксіз түседі. Ол: «Ар жазасы — бар жазадан ауыр жаза», — деген еді. Ендеше, құрметті Ақзипа қажы, Алланы қоя тұрып, ар алдына жүгінейік.

«Арыстан айға шауып, мерт болыпты» деген бар. Сіздің арыстандай айбатыңыз болмауы мүмкін, бірақ Алтайдың Ай сипаты бар екені ақиқат.

*Темірхан Әділханұлы,  
Темір ауданы, Ақтөбе облысы*

## ...АЙТАШАҒЫМ КЕТПЕСІН

«Алажағың кетсе де, айташағың кетпесін» деген қазақтың мақалы бар. «Ақтөбе» газетінің 2009 жылғы 26 қарашадағы санынан Ақзипа Төремұратованың «Алтай Тайжановқа сәлем хат» деген мақаласын оқып, қайран қалдым. Мен А. Тайжанов деген азаматты көрген емеспін. Бірақ таныстығым жоқ болса да, ел танитын азаматқа ара түскенді жөн көрдім.

Осы күні кім-кімді көрсен де, алдымен өткен Кеңес өкіметін жамандап алады. Бар пәлені сол өкіметке үйіп-төгіп, соның кесірінен болды деп жамандауға шеберленіп алған.

Кеңес өкіметі тұсында 70 жыл өмір сүрдік. Бұл өкіметтің жақсылығы да шаш етектен болды. Бәрін жоққа шығаруға болмайды.

Халықты жаппай сауаттандырды. Ол кезде мектепте бір бала оқымай қалса, үлкен оқиға еді. Жалпыға бірдей орта білім беру міндеті қойылды. Онан жоғары институт, аспирантура, докторантура ақысыз, тегін болды.

Академик Мұрат Жұрынов Білім министрі болып тұрған кезде Американың Білім министрімен кездесіпті. Сонда Американың Білім министрі: «Елінде қанша пайыз сауатсыз?» — деп сұрапты. Біздің Министр: «Бізде сауатсыздық жоқ», — депті. Американдық қайран қалыпты. АҚШ-та 16 миллион адам қол қойғанда бармағын басады екен. Құдайға шүкір, бізде бармағын басып қол қоятын адам жоқ. Бұл — Кеңес өкіметінің еңбегі.

Медицина жағын алсақ, жұқпалы аурулардың бәрін құртты. Мысалы, мерез, оба, шешек, таз, қарамық, сүзек, қызылша, құрт ауру, тиф, тырыспай (холера), т.с.с. Кейбір аурудың жоқтығынан атын да ұмытып қалыппыз.

Әрине, әрбір қоғамның өзіндік жетістіктері мен қайшылықтары болады. Кеңес өкіметі дінге тыйым салды. Оның да өз себебі бар шығар. I Петр шіркеудің қоңырауларын бытыра қылып құйып, поптардың шаштарын қырқып, дінге қарсы шықты. Бірақ Ресейді I Петрдей гүлдендірген ешбір патша болған жоқ.

Францияның Эйфель мұнарасын салғанда поптар қарсы болып, патша сол мұнараны салған адамды жазалап, өлтіріп, өлігін итке тастаған, өліктің орнын өртеген. Ондағы себеп, сонша биік мұнара салып, құдайға жақындағысы келеді деген айып тағылған. Қазір сол Эйфель мұнарасы арқылы Францияны жер жүзі біледі.

Тақырыпқа оралсақ, біріншіден, сіздің дін адамы екеніңізге күмәнім бар. Себебі, діннің өкілі болсаңыз, әйел басыңызбен ер адамға шабуыл жасамас едіңіз. Екіншіден, аузыңыздан анадай лас сөздер шықпаған болар еді. Бұйра бас әжелер, боқсақал аталар деп тілдепсіз.

Құранды Абай дәрежесіне көтерілген адам ғана оқиды дейсіз, сіз өзіңіз Абай деңгейіне көтерілгендіктен оқып

отыр екенсіз ғой. Абайдың деңгейіне біздің Қазақстанда көтерілдім дегенді ешкімнен естіген жоқпын...

Сіздің сөз екпіннің өзі тым мысқылшыл, Құранды оқыған дін адамының түрі емес. Күншіл, кекшіл, ешкім алдыңызға шықпайтын, шыға қалса, түтіп жеуге дайын адам сияқтысыз. А. Тайжановтың теледидардағы сұхбатын көрдім. Сіздің уысыңызға сыятын азамат емес.

Қыздардың үстіне қара киіп, басына қара жамылып, бет-аузын бүркеп жүргенін көргенде, «мына байғұстың адамы қайтыс болған екен» деп ойлайсың. Бұрын ата-бабаларымыз «басыңа қара салып, не көрініп отыр, қара жамылғыр» деп қарғайды екен. Осы күні қара жамылған қыздарды көргенде «мына байғұсты кім қарғады екен?» дейсің.

Сіз Құранды оқымаған адамда парасат көзі болмайды деп ұғасыз. Парасаттылық та адам баласымен бірге туатын мінез ғой. А. Тайжанов туралы айтқанда, жастар «біздің философиядан дәріс берген жақсы ағайымыз» деп шу ете қалды. Философия пәні бүкіл жер бетіндегі тіршілік атаулыға ортақ заңды қарастырады. Сондай қиын мамандықты игеріп, талай шәкірттің қадір-құрметіне бөленіп жүрген азаматты соншалықты кемсітіп сөйлеуге қалай дәтіңіз барды?

Дін елімізге келді деп қуанып жатырмыз. Бірақ осы діннен талай жастар адасып, қорлықты көріп жатыр. Әрбір адамның кеудесінде бір Алласы бар. Аллаға сиынбайтын адам жоқ. Кеңес өкіметі тыйым салған кезде де Құран шығарылмай қойылған өлік болған жоқ.

Қыздардың ұзын қара көйлек киіп, бет-аузын бүркеп, төмен қарап, ойын-сауыққа бармай, тұнжырап үйде отырғанына үзілді-кесілді қарсымын. Қамшының сабындай қысқа өмірде, оның ішінде әкесінің үйіндегі қыз дәуірін шектен шықпай, әдемі, сәнді, адам қызыққандай өткізуіне тілектеспін. Бұрынғы ата-бабаларымыз ұстаған әдет-ғұрып, мұсылмандықтай үлгі ұстасақ, жарап жатыр.

Біздің аналарымыз шалбар киген, орамалды түріп тартқан. Бүкіл шығыс халқының ішінде біздің қазақ әйелдері бетін бүркемеген. Көшкенде, атқа мінгенде ыңғайлы деп шалбар киген. Сіз өзіңізден басқа, Құран оқымаған, намаз оқымаған адамдардың бәрі надан, дінсіз деп қарайтын шығарсыз. Сонда біздің бұрынғы өткен аналарымыз дінсіз болып өткен бе?

Дүниеде үш жомарт бар дегенді есіңізге алмайсыз ғой.

Бірінші жомарт — Алла тағаланың өзі, — дейді, кеңшілігімен, мырзалығымен жарылқайды — дейді; екінші жомарт — Пайғамбарым дейді, өзінің кеңпейілділігімен кеңшілік жасап, шапағатымен нұрландырады - дейді; үшінші жомарт — ұстаздар - дейді. Барлық білгенін шәкірттеріне үйретіп, елдің көзін, көңілін ашып, надандықтан арылтқан.

Менің білуімше, үшінші жомарттың бірі — Алтай Тайжанов қой деймін.

Ақзипа шырағым, сіз алпыстың айналасындасыз ғой. Мен сексенге келген адаммын. Осы мақала сізге ой салар деп жазып отырмын. «Бас білген өгізге «өк» деген «өлім» — дейді қазақ. «Түсінеді» - деп жазып отырмын.

Сырым Датұлынан «Сөзден жеңілген кезіңіз болды ма?» деп сұрапты. Сонда Сырым: «Сөз түсінбейтін адамнан күнде жеңілемін», — деген екен. Дінсіздігімізден жазып отырған жоқпын. Кейбір адамдардың түсінбей, фанатик болып кеткені туралы еді ойым.

Енді дінді мектептің бағдарламасына ендіру керек деп жатыр. Сонда әлгі қара жамылған қыздар да мектепте қара жамылып, ұзын киіп, бетін бүркеп отыру керек пе? Жақсы, мұсылман қыздар қара жамылып, бетін бүркеп бара қойсын. Ал басқа ұлттардың да балалары оқиды. Олар да өз діндерінің үлгісін кием дейді. Сонда мектеп неге айналатынын біле беріңдер.

Менің ойымша, мектепте жалпыға бірдей ережелер, жалпыға бірдей киім болу керек. Мектепке хиджап киюдi, орамал тартуды рұқсат етпеу керек деп санаймын.

*Ақбике Түйешова,  
зейнеткер, Халыққа білім беру ісінің  
озық қызметкері.*

## **ҚҰПТАЙ АЛМАЙМЫЗ!**

«Ақтөбе» газетінің 5.XI.2009 ж. шыққан «Екі пікір» айдарының «Хиджаб тартқан дұрыс па?» мақаласын оқып және сол мақалаға «қарсы пікір» ретінде жазылған «Ақтөбе» газетінің 26.XI.2009 ж. «Алтай Тайжановқа сәлем хат» жазған зейнеткер апамыз Ақзипа Төремұратқызының мақаласын оқып, өз ойымды оқырман қауыммен бөлісу мақсатында жолдап отырмын.

Бұл пікірлер дін турасында болғандықтан, қоғам өмірінде әртүрлі сұрақтар тудырады. Соның ішінде «Ислам» діні жөнінде. Ислам – бас ию немесе тағзым ету, сонымен қатар бейбітшілік дегенді білдіреді. Кімге бас ию, әрине, Алла тағалаға, ал кіммен бейбітшілікте болу, әрине, адамдармен. Жалпы, әйел адамдардың ашық, денесінің көп бөлігін көрсетіп жүруін ешкім де мақұлдамайды. Алайда бұны жұрттың бәрі хиджаб киіп жүруі парыз деп түсінбеулері керек. Хиджаб пен орамал екі бөлек. Орамалды бәйгеге шапқанда ер адамдар да тартады. Ал хиджабты әйел адамдар киеді делік. Сонда ол ұлттық киім бе, әлде тек мұсылман әйелдерінің киімі ме? Біз хиджаб пен біздің бұрынғы әжелеріміздің жас ерекшеліктеріне байланысты киімдерін, соның ішінде бас киімдерін, орамалдарын шатастырмауымыз керек. Ұлттық киім десек, неге «Хиджаб» деуіміз керек? Бұл араб сөзі ғой, мұсылмандық киім десек, онда сыртқы формаларында жас ерекшеліктеріне байланысты арнайы немесе ерекше белгілері бар ма, халық аңғаратындай? Себебі, қалың халық түсіне бермейтіні белгілі. «Хиджаб» арабша — жабылу, қандай мақсатпен киіну, әлдебір себептерге байланысты орану ма? Мәні не, оның діни немесе қазіргі заманғы түсінігі бар ма? Бұл киімді сеніміне байланысты кие ме, кесе қандай сенім? Оны киюшілер қатарының бәрін Ислам дінін ұстайтын мұсылман арулар деп айту күдік туғызады. Оны сән үлгісі ретінде кесе, қандай эстетикалық талаптан өтіп мойындатқан?

Бұл сұрақтарды қойғандағы айтайын дегенім — ұлттық киім үлгісі мен діни киім үлгісін шатастырмау керек. Себебі, Ислам тек қазақ ұлтына ғана тән дін емес қой. Қазақтың қыз-келіншектерінің, әйелдерінің (оқу орны болсын, жұмыс орны болсын) қандай киім кесе де өз еркі, дегенмен де, әр нәрсені өз орнымен, қызметіне, жасына сай талғаммен кие білу керек. Мен киім үлгісін жасайтын модельер де, әр мекемеге киетін киім түрін анықтайтын, таңдайтын бұл салаға жауапты адам да емеспін, ол дәрежеге жеткенде де жоқпын. Оны таңдайтын халық, қалың ел және қазақ жерінде өмір сүріп жатқан қазақ ұлты. Ал қалың халық біртұтас ел болған соң, тек бір өзеннің ағысымен жүре бермеуі керек немесе тек діни түсінікпен, тәртіппен жүріп, қоғамның басқа да салаларымен, атап айтқанда, мораль,



ғылым, өнер, т.б. санасуы қажет. Оларды да игеріп, меңгеріп, келешек ұрпаққа жол көрсетуі міндетті. Сондықтан ел болашағы — жастарды анықтылыққа жетелеу зиялы қауымның жүгі. Ал біздер сол зиялы қауымды тыңдамай, тек дін жолымен жүріп, еш қисынға соқпайтын өз пікірімізді тудырып «қалың орманды қара орманға айналдырсақ» ел болашағына не бетімізбен қараймыз? Келер ұрпаққа не береміз? Діни сауаттылық бердік, барлығымыз намаз оқып, мешіт жағалап кеттік делік. Сонда білім, ғылым қайда?!

Жер бетінде қанша адам болса, сонша пікір мен ұстаным бар. Ендеше қажы атанып жүрген апайымыздың облысымыздағы зиялылардың бірі, бұрын да, қазір де халқымыз сөзіне құлақ салатын Алтай Тайжанов ағайдың жеке басына тиісуін құптай алмаймыз. Ол кісі — өз саласы бойынша республикаға танымал адам. Аты «Элита Казахстана», «Кто есть кто в Казахстанской науке», «Деловые и известные люди Казахстана», тағы басқа аумақтық, облыстық, аудандық, тақырыптық энциклопедияларда жүрген адам. Айтыңыздаршы, көптомдық «Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясында» біздің облыс азаматтарының көзі тірілерінен кім бар? Болар, бірақ бірен-саран шығар. Ал профессор Алтай ағайдың аты сол энциклопедияның 2-ші томында. М.Әуезовке байланысты аталса, оның 3-ші томында Қазақстандық философия мектебінің өкілдерінің бірі ретінде есімі академиктер Ж.Әбділин, А.Қасымжанов, Ә.Нысанбаев және басқалармен бірге аталады.

Өткен тарихымызға көз жүгіртіп, еске алсақ зиялыларымызға тиіскеннен көрген пайдамыз бар ма? Ең болмаса, ХХ ғасырдың 20 — 30 жылдарын еске ұстасақ қайтеді? «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» деген осы екен ғой. Ұят болды, ағайын!

*Бекен Балапаншев,  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік  
университетінің тарих факультетінің түлеі.*

## АШЫҚ ХАТ

*Құрметті Редакция!*

Жақында халқымыз Құрбан айт мерекесін атап өтті. «құрбан» - араб тілінде «жақындау» дегенді білдіреді. Дәл сол күнге түсінісуден, жақындасудан гөрі арамызды

алшақтатындай әрекетімен «үлкен сыйлық» жасаған «Ақтөбе» газетіне де, бір қалада жүріп сауатсыз «сәлем хат» жолдаған «таныс-бейтанысқа» да рақмет! (Қараңыз: «Ақтөбе», 26.XI.2009.)

Маған «аяушылық білдірген», сөз сайысынан (полемикадан) хабары жоқ, һәм сауатсыз сәлем хат иесіне, мен де аяушылық білдіріп жауап жазуды қажетсіз деп шештім. Өйткені ол кісі бәрібір менің қисынды уәжімді түсінбес деп ойлаймын. Түсінетін кісі және өзін мұсылман сезінген әйел инабаты мен ибасын сақтай отырып, өзінен үлкен адамға, ер кісіге, өзі жазғандай: «жай мұғалімнен ардақты, оқытушыдан салмақты, алпысты алқалаған, талай атақты арқалаған адамға», облыс қауымына танымал адамға арына, намысына тиетін, ақиқаттан алшақ сөз айтып, баға беріп, айып тағып хат жазбас болар. Біріншіден, кез келген туындының өз стилі бар және ол көпшілікке арналған басылымдарда сақталуы тиіс; екіншіден, біреуге қарсы пікір білдіру қарсыласыңның басына қоқысты төге салу, аузыңа келгенді құса салу емес, керісінше, айтатын ойыңды зердеден өткізіп, жалғандыққа ұрынбай, адам құқығын сақтай және құрметтей отырып, ақиқатқа жетуді мақсұт тұту. Сондықтан «таныс-бейтанысқа» сөз шығындамай, сөзімді газет тұтқасын ұстап отырған бас редакторға, менің замандас інілерім, газет қызметкерлері, Сіздерге арнаймын және сіздің газетке де, маған да абырой әпермейтін «Сәлем хатпен» танысқан облыстық қоғамдық-саяси газет оқырмандарына да түсініктер бере кеткім келеді.

Алдымен оқырмандарға арнап бұл әңгіме қалай туындағандығы туралы бірауыз сөз. Осы жылдың қазан айының аяғына қарай маған Гүлжанмын деп редакция қызметкері телефонмен хабарласты, кездескісі келетінін, әңгіме елімізді жайлап кеткен, біреу біліп, біреу білмей дүрмекке ілесіп жүрген діни-наным сенім, ұстаным туралы болатынын, ал нақтырақ айтсақ, «Хиджаб тартқан дұрыс па?» - (дұрысы – «Хиджаб кию» - А.Т.) деген сұрақ төңірегінде болатынын айтты. Мен келіңіз, сөйлеселік, өз ойымды сұрағыңызға қарай айтайын дедім. Ертесіне кездестік. Газет тілшісінің ойы және қалауы менің пікірімнің бұл туралы діни түсініктер мен ұстанымдарға мейлінше қарсы айтылуы керек екен. Мен: «қарсы да айтпаймын, жақтамаймын да, бұл мәселе бойынша тек

өзімнің жеке пікірімді білдіремін» дедім. Ол диктофонды қосып қойды, екеуміз ұзақ, бір сағаттан астам сөйлескен болармыз. Мен көп нәрсе айттым, бірақ тілшіге қалай болғанда да қаттырақ, нақтырақ қарсылық қажет сияқты болды да тұрды. Соны түсінген мен өз ойымды жазбаша берейін, бүгін сенбі ғой, дүйсенбіде аларсың деп те айттым. Оған тілші өзім өңдеп жазамын, тез керек болып жатыр деген соң «жарайды, жақсы» дедім. Алайда, мақала тілші айтқандай тез, бір күннен кейін шықпай, апта аяғында ма, әлде бір аптадан кейін бе, шықты-ау деймін (Қараңыз: «Ақтөбе», 5.XI.2009).

Мақала шыққан күні оқып байқағаным: 1) Кейбір мәселелердің мағынасын тереңірек түсіндіруге ұмтылып қолданған жайылма, сабақтас, құрмалас сөйлемдерім жай сөйлемге айналған, сондықтан ой тұжырымның кейбір тұстары шолақ қайырылған; 2) Барынша қарсы қоюға тырысқан (Әйтпесе, Бас имамның көптеген ойларымен менің пікірім сәйкес және 90% қуаттаймын. Мәселен, қыз-келіншектеріміздің жартылай жалаңаш, ашық-шашық жүрмеуі, т.б.); 3) Мақаладағы «қыз балаларға орамал тарту – оларды қорлау», «орамал тағу оларға психологиялық соққы болады» деген сөздерді мен айтуым мүмкін емес, бұл тілшінің «шығармашылығынан» туған сөздер. Әңгіме ақыл тоқтатпаған төменгі класс оқушылары туралы және олардың малындырып киім киіп, хиджаб киіп жүруі туралы болды. Сондықтан орамал туралы әңгіменің өзі орынсыз, себебі бұл үлкен қоғамдық мәселе емес, өйткені әрбір адам ауа райына қарай, өз қажетіне, жас ерекшеліктеріне қарай олардың кез келген түрін, түсін тартып жүруіне ешкім де қарсы болуы мүмкін емес және ол ақылға сыйымсыз. Жалпы ол жерде менің айтқан әңгімемнің негізгі мазмұны мынаған саяды: «Заманына қарай адамы, уақытына қарай талабы. Әлеуметтік дүниеде өзгермейтін ештеңе жоқ. Ал адамзат, халық, ұлт белгілі бір әлеуметтік қауымдастықта (мемлекетте) өмір сүргеннен кейін оның өзіндік мазмұны мен талабы, заңдылықтары, сан-салалы тетігі болады. Әлеуметтік саланың әр саласының елдің Негізгі заңынан (Конституциясынан) туындайтын өзіндік ұстанымы бар. Демократиялық, азаматтық қоғамда Конституциялық нормалар сақталуы керек». Бар-жоғы осы ғана. Жалпы алғанда тілші ұйымдастырған бұл бетте оның тарапынан

кеткен кейбір ағаттықтар болмаса, аса сөкет ештеңе жоқ. Онда дінге сенушілердің немесе жеке адамның намысына, арына тиетіндей де ештеңе жоқ. Хат жазған апаларың маған, «Құран оқу қолыңнан келмейтін сауатсызсың, ең болмаса Абайды оқы, сауатыңды аш» дегесін (қайтсін, әркімнің өз деңгейі бар ғой – А.Т.) оқысам, Хакім қазақ:

«Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,  
Шамданбай-ақ шырақтар ұқсаң жарар.

«Ит – маржанды не қылсын» деген сөз бар,  
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар» - деген екен.

Сондықтан сәулесі жоқ, таяз ойлайтын, өзге істі тындыра алмай, бірдеңе шықса осыдан шығар деп, діни сауаттары жоқ болса да, дінім деп, қарымды отаншылдығы болмаса да, өзін патриот сезінетіндердің «екіұшты ойлауы мүмкін-ау» деген оймен мен газет шыққан күні бас редактордың орынбасары Ертай Ашықбаевқа телефон соғып, осы жағдайларды айттым. Тіпті «осы тақырыпты жан-жақты қамтып мақала жазсам қайтеді?» – деп те сұрадым. Менің бұл мәселе туралы ойларымның бірқатары Бас Имамның ойымен сәйкес келетінін де айттым. Ол: «керегі не, мақалада артық ештеңе жоқ қой, бүгінгі күннің талабына сай», – деді, сонымен бұл іс тамамдалды.

Шынын айтқанда мен Сіздердің ұстанымдарыңызды (позицияларыңызды) түсінбедім. Бірінші ойға келгені, әуелі тілші жіберіп, онан материал жинатып, оның өзегін (нақты тұстарын) сылып алып тастап, аяғында сауатсыз адамдарға сау басымды саудалатпақ, бағалатпақ болған әуелгі жоспарланған ойларың болғаны ма?! Менен ондай өш алатындай редакция қызметкерлерінің бірін аға, бірін іні, бірін қатар көріп, өз салама (ұстаздығымды айтам-А.Т.) жақын адамдар, рухани туыстар деп жүруші едім, бұл қалай болды? – дедім. Алдымен айтарым, жоғарыда атап өткенімдей, ол менің тілшіге берген пікірім негізінде газет тілшісінің өңдеуінен өтіп жасалған туынды, газетке шыққанға дейін менімен таныстырылмаған, менің қолым қойылмаған зат. Ендеше, мұсылман намысын жыртып жүрген сәлем хат иесі жазғандай, бұл «тақырыпты мен қозғаған жоқпын!», бар-жоғы азамат есебінде, Конституциялық құқығым шеберінде тілші сұрағына жауап беріп, оған деген өз пікірімді білдірдім. Ал пікірсіз адам болмайды, ондайды хат авторы маған «оқы» деп

кештеу болса да айтып отырған Абай «хайуанға» теңеген. Екіншіден, бұрынғы кәсібінен айныған мектеп мұғалімі, бүгінгі елді «дәрет алуға» шақырып жүрген көптің бірі - өздеріңізге жете таныс, басқасын айтпағанда, елге сіңірген еңбегіне қарай Президент жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған, өткен жылғы «Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге, қазақстандық рухани бірлікті қалыптастыруға қосқан үлесі үшін» номинациясының жеңімпазы, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкерінің жеке басына, ар-намысына тиісіп, мақала жазып, редакцияға алып келгенде, ондағы деректердің анық-қанығына жетпей, бастан-аяқ дөрекі, лас, этикадан аулақ хатты, халықтан ұялмай, құдайдан қорықпай, қалай газет бетіне басқансыздар? Қазір газет материалдарында қателер көп, соған қарағанда, олар жауапкершілікпен оқылмайтын да, қаралмайтын да шығар. Мен облысқа сырттан келген адам емеспін, ақпарат құралдары өкілдері, оның ішінде сіздің газет қызметкерлері де мені жақсы біледі. Белсенді авторларыңның да бірімін. Оның үстіне мақаланың басында «айқайлатып» тұрып жазып қойған Алтай Тайжановқа сәлем хат дегеннің, ең болмаса біреуінді елең еткізбеуі қалай?!

Ендеше Сіздер тексермеген, бірақ кісіге өте ауыр, Абайша айтсақ, сүйекке тиетін, Заң тұрғысынан алғанда жазған адамға да, оны тексермей басқан адамға да жауап жүктейтін нақты мысалдарға жүгінелік:

- 1) «Алтай Тайжановқа сәлем хат»;
- 2) «Кеше күлі көкке ұшқан империяның марксистік-лениндік философиясының нанын жеген адам ғой»;
- 3) «Марксизм-ленинизм методологиясының іргетасы болған атеизмнің сойылын соққан оқытушы ғой»;
- 4) «Партбилетінің ызғары жүрегінде мұз болып қалған ғой, қайтсін»?
- 5) «Араб сөзін қазақ тілінің оқытушысы қайдан білсін? Әлем ғалымдары оқып, зерттеп жүрген Құранды неге оқысын? (Бұл не бүкіл қазақ тілі мамандарын қаралау, надан деу ме? - А.Т. )

6) Менің Құранды оқымағаннан хиджаб туралы сауатымның болмауы;

7) орыс тілі мұғалімімін деп жүрген қажы апаларыңыздың орыстың «опростоволоситься» сөзінің

мәнін ұға алмай тұрып, мені надан, білімсіз етіп көрсеткісі келуі.

Мақаланың бұлардан басқа тұстары да бастан аяқ маған бағытталған кекесіндерден тұрады. Оқылық: «қайтсін деп аяушылық білдірдік»; «оқымаған, танымаған, сөзідіктен тексермеген»; «әлем танданған Құран сөзі сізге түкке тұрмайды»; «Морис Бюкай сөзі сізге түк емес қой»; «көшеде, көлікте, сахнада, экранда шала жалаңаштанып жүрген қоғамның бір бөлігі сізге өте сүйкімді»; «парасат көзі болмаса, жүрекке нұр қонбаса, не шара?», «Елбасы сөзін құлаққа ілгіңіз келмейді»; «Адаспаңыз, профессор» ... «жақсылыққа ұмтылып, тілді кәлимаға келтіріп, дәрет алып...» (Әзірге осы айтылғандар да жетер А.Т.).

Енді осы ұстанымды басшылыққа алып, автор жолдаған, редакция қолдаған *хаттағы* жоғарыда өзіміз бөліп көрсеткен тұстарға келелік.

1) «Алтай Тайжановқа сәлем хат» дейді. «сәлем» - араб сөзінен туындатылған. *Тыныштық пен игілік тілеу*. Ең толығы және дұрысы: «Уа аләйкүм ас-сәлам уа рахматуллаһи уа баракатуһу» деу. Бұл «Сізге бейбітшілік және Алланың қайырымы мен мейірбандылығын тілеймін» - деген сөз («*Мұхтасар*». Мұсылман мектептеріне арналған оқулық. Алматы., «Жазушы», 1992.- 195-бет)

«СӘЛЕМ» - деген сөздің екі мағынасы бар:

а) шын көңілден білдірілген ниет, тілек, сәлемет;

б) біреудің біреуге жеткіз, айт деген аманаты, ауызша хабары. Ал сәлем хат – есен-саулық сұрасқан, жазбаша хабар (Қараңыз: «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі». Алматы., «Дайк-Пресс», 2008. – 719-бет).

Ендеше, тыныштық пен игілік тілемеген мақаланың аты затына сай емес. Оған тек Абайша: «Қайран тіл, қайран сөз, Наданға қадірсіз» - деп қиналудан басқа амалың қалмайды (Осыдан кейін менің қажы апаларыңның атын атамай, «сауатсыз хат иесі» деуіме толық құқым бар деп ойлаймын. Алайда ондай сөздерді айту ұстаздың, оның ішінде профессордың беделін көтермес деп ондай әдепсіздікке барғым келмейді – А.Т.).

2) «*Кеше күлі көкке ұшқан империяның маркстік-лениндік философиясының нанын жеген адам ғой*». Халықта: «су ішкен құдығыңа түкірме» - дейді. Кеңес үкіметі кезінде қазіргідей «Холдинг», АҚ, ААҚ, ЖШС,

немесе, жеке қожалықтар мен шаруашылықтар құрып алып отырмайтын, қаптаған қозғалыстар мен партиялар да жоқ болатын. Онда бір жүйе, бір бағыт, бір партия, бір идеология (хат жазушы айтып отырған маркстік-лениндік идеология – А.Т.) болатын. Осы айтылған қоғамда мен де, бүгінгі күні оны қаралап отырған, сол қызыл империяның тілін ұлтымыздың ұландарына үйреткен, олары нәтижесіз болмай, ұлтымыздың 40%- астамы таза орыстануына «зор үлес» болып қосылған, бұл күнде сол істері үлкен әлеуметтік мәселе тудырған қажы апаныз да, сол сауатсыз «хатты» адамның беделі мен абыройына қандай моральдық нұқсан келтіретінін ойламастан құқығын бұзатынын ескерместен, өздерінің кәсіптік этикаларыңды сақтамастан газеттеріңе басқан Редакция басшылары, менің құрмет тұтып жүрген інілерім, Сіздер де, өмір сүрдіңіздер. Мен философ болып нан тапсам, Сіздер сол маркстік-лениндік идеологияны басшылыққа алып, кәсіп етіп, мәпақасын жедіндер, ал хат иесі орыс тілі маманы болып тамақ асырады. Сол кездегі бастауыш мектеп мұғалімдері жас өскіндерге: «мен айтайын тақпақ, Ленинді мақтап, байдың жолы қап-қара, Ленин жолы аппақ» – деп өлең жаттатты. Енді сол үшін оларды кінәласақ, ішінде қажы апаларың да кетеді. Ендеше, қажы апаларың «өзі бұрын су ішкен құдығына түкіргені» былай тұрсын, «шоттың басын бассаң, сабы маңдайыңа сарт етерін» де білмеген бе?! Қайтеміз, дін жолына ерте бетбұрыс жасаған қажыға, сөйтіп «ерте көктеп шықтым деп жүрген жауқазыңға» Абайшалап:

«Ғалымнан надан артпас ұққанменен,  
Тағдыр көрмей қоймайды бұққанменен.

О дағы қалыбынан аса алмайды,

Жауқазын ерте көктеп шыққанменен» – дейміз де қоямыз да;

3) *Марксизм-ленинизм методологиясының іретасы болған атеизмнің сойылын соққан оқытушы зой.* Алдымен осы жерде қажы апаларыңыздың маған жолдаған: «Оқығаны емес: танымаған, түсінбеген тақырыпты неге қозғаған?» - деген сөзін өзіне қайтарып берейін, бір қажетіне жарар. Өйткені, ол шамасы келмейтін, асу бермейтін биік, даналық ғылымы философиялық мәселеге даярлықсыз келуге болмайтынын, алғы қоғамдағы таным-арманға, ұмтылысқа құрылған; ал орта дәуірдегі таным-

сенімге құрылса, жаңа замандағы таным- адамзаттың барлық тапқанының синтезі екенін түсінбеген.

Біріншіден, *атеизм* марксизм- ленинизм ілімінің онтологиясы да, гносеологиясы да, методологиясы да емес; екіншіден, марксизм - қоғамдық- философиялық ойда тарихи материализмді қалыптастырған ілім. Ал атеизм болса осы тұтас ілімнің бір бөлігі ғана. Бұл көп әңгіме, сондықтан осы жерден тоқтатайын ... Қажы апаларың біліп жүрсін, мен де, ол да, Сіздер де атеизмді үстірт болса да оқыдық. Мен атеизмнен сабақ берген жоқпын, диссертация қорғаған жоқпын, осы облысымыздағы кейбір «құрметті адамдардай» атеистік үгіт-насихат та жүргізген жоқпын. 1997 жылы ҚР Президенті жанындағы Даму институты шығарған «*Элита Казахстана*» деген энциклопедияның маған арналған 376-бетін қараңыз, сондағы анкетаның: «Отношение к религии» деген графасына мен: уважительное деп жауап бергенмін. Мен жел соқса, домалай беретін қаңбақ та, өзін сан өзгерте беретін хамелеон да емеспін. Әлі де сол пікірдемін. Ал мұсылманшылық жолындамын деп жүрген адамның, оның ішінде әйел адамның анығына жетпей айтқаны имандылыққа жатпайды, тіпті күнә (Қараңыз: «*Мұхтасар*». Мұсылман мектептеріне арналған оқулық. Алматы., «Жазушы», 1992.- 148-бет);

4) *Партбилеттің ызары жүрегінде мұз болып қалған ғой, қайтсін?* Мен Компартия мүшесі болғаным жоқ. Қазіргі уақытта да қаптап кеткен партия, қозғалыс т.б. ешқайсысына мүше емеспін. Оппозиционер де, жарамсақ та емеспін. (Естеріңе сала кетейін, көбіміз құрмет тұтып жүрген кейбір азаматтар қара басына қалқан іздеп, осы жылдар ішінде талай партиядан шығып, талайына мүше болды.) Ендеше, бұл да жалған, жала! Сауатсыз діндарлардың көп айтатыны – Иман. Иманнан айрылу, немесе, имансыз кетудің себептері мен салдарлары көп, солардың бірі - жалған айту, жалақор болу. Арғы жағын өздерің саралай жатарсыздар;

5) *Араб сөзін қазақ тілінің оқытушысы қайдан білсін. әлем ғалымдары оқып, зерттеп жүріп Құранды неге оқысын? ...*

Тағы жалған, жала. Өйткені, мен қазақ тілінің оқытушысы емеспін (Ал қазақ тілінің оқытушысы болсам мені надан деп қаралау керек пе? Бұған қазақ тілінің



мамандары жауап бере жатар – А.Т.). Әзірге айтарым, мен сол кездегі Республикамыздағы жалғыз университет Алматыдағы ҚазМУдің философия факультетін, философия факультетінің аспирантурасын бітіргенмін, философия ғылымдарының докторымын, қоғамдық-философиялық ой тарихынан маманмын. Диссертациям «Мұхтар Әуезовтің дүниетанымына» арналған. Соңғы 10 – 15 жылда білім мен тәрбиенің этномәдени аспектілерімен жан-жақты айналысамын. Ал Құранды оқыған, оқымағанға келсек, ол қасиетті кітапты мен қажы апаларыңнан әлдеқайда бұрын көргенмін және оқығанмын. Біріншіден, менің әкем ел, бүкіл өңір сыйлаған адам болды, үйде Құран бар еді, сандық ішіне сақтап, керек уақытында ғана қарап, қасиетті кітап деп отыратын. Мен оны қасиетті, киелі кітапты сыйлау, құрметтеу деп білемін. Ал құранмен біз университет қабырғасында академик И.Ю.Крачковскийдің орысша аудармасы (1949 ж.) арқылы, сонау 1972 – 73 жылдарда танысқанбыз. Бұл күндерде осы қасиетті кітаптың қазақшасы да, орысшасы да көптеген азаматтардың үйінде бар. Әрине, менде де бар. Мен бұл қасиетті кітаптың кез-келген адамның қолында жүрмегенін қалар едім;

б) *Менің құранды оқымағаннан хиджаб туралы сауатымның болмауына келсек;*

Хат авторы «хиджабты киюге Құранда бұйырған». Хиджаб – орамал емес. Оны тартпайды. Оны киеді. Өзіңіздің қалта кітабыңыз болған «Словарь атеиста» (Москва., 1988.) түсіндіреді: «Хиджаб (араб.) - покрывало, занавес, название любого вида женской уличной одежды, скрывающей фигуру...», – деп кекесінмен бұдан 21 жыл бұрын өзі «Қызыл Империя» – деп сынап отырған қоғам тұсында шыққан сөздіктен көшіріп алған таяз білімін алға тартады, сөйтіп оқырманды адастырады. (Осыдан кейін ол кімнің «қалта кітабы» екенін түсінерсіздер – А.Т.) Ал, шындығына келгенде, *хиджаб* («қалқан», «шымылдық») – мұсылман әйелінің көшеге шыққанда бетін, денесін жасыру үшін киетін киімі, чадра, паранжа, желбегей, жамылғы. Ең алғаш Мұхаммедтің әйелдері ғана хиджабпен жүретін болған, кейін барлық мұсылман әйелдері осы салтты ұстанған. Хиджаб – мұсылман қалаларында кең тарады, алайда ауылдық жер мен көшпенді тайпалардың әйелдері көбінесе оны кимеді, кимейді де. Хиджабтың қара,

немесе, басқа түсті ойық, яки тор көз саңлауы бар желбегей іспеттісі (бетті немесе бүкіл денені жауып тұратын), бетті жауып тұратын қара селдір тор шымылдық секілді және т.б. түрлері болады.

Кезінде хиджабты киюден бас тарту мұсылман елдеріндегі өмірді демократияландыру ұрандарының бірінен саналған. Оның тарихы тереңде, хиджабтан ашық бас тарту ең алғаш Мысырда ХІХ ғасырдың 70 жылдарында көрініс берген. Исламда оны мұсылман этикасының қажетті элементтерінің бірі деп уағыздайды. Алайда қазіргі кезде мұсылман елдерінде хиджабтың бас орамал және мойын мен қолды жауып тұратын киім секілді - жеңілдетілген түрі кең тараған. («Ислам» энциклопедиясы. Алматы., «Қазақ энциклопедиясы», 1995. - 216-бет.)

Жалпы, мені сынап отырған қажы апаларыңа айтарым: «Хиджаб тартқан дұрыс па?» - деп, сұхбат-мақаланың атын қойған редакция. Ал сұхбаттағы тексте кездесетін «хиджаб тарту, орамал тағу» (дұрысы — орамалды тақпайды, тартады- А.Т.) тағы басқалары - тілшінің тілі мен түсінігі. Әйтпесе, тіпті мен жаңылыс айтқанда да, сұхбат болғаннан кейін оны редакция түзетуге міндетті. Өйткені, осындай қате түсінікті көпшілік оқиды. Мені үйретіп отырған қажы апаның хатында да «түйгені мол апайлар орамал тағады» — деп жазыпты. Сөйтіп, қазақтың «апама-жездеме сай» - деген мақалының кері келіп тұр. Кімнің қатесі екенін білмеймін, өзім қатты құрметтейтін, сабырлы, байсалды, байыпты Бас Имам Бауыржан інімнің «Хиджаб — исламның байрағы» деп берілген сұхбатының атымен да келісуге болмайды. 10 томдық Қазақстан ұлттық энциклопедиясының 2-ші томында: «байрақ» - 1) ежелгі әскербасылық дәреже белгісі. Ондай дәрежеге ие болған адамға байрақпен қоса өзге әскери белгілер дабыл, ту тапсырылған; 2) мемлекет басшысының жоғары лауазымдық белгілерінің бірі (Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы - 2-том, 67-бет) — десе, *түсіндірме сөздікте*, «байрақ» — жалау, ту. Қазақта «Ала байрақ» деген — көнесөз кездеседі, ол сырт киімдік жолақ мата, кездеме дегенді білдіреді. Сонымен қатар, «Байрақты» деген сөздің де 2 мағынасы бар: а) байрағы бар, байрақ тігілген; б) таңдаулы, жақсы (ауыспалы түрде). «байрақ» - қолына байрақ беріп, мәртебесін асыру, құрметтеу, марапаттау

(Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы., «Дайк-Пресс», 2008. – 99-бет). Ендеше, *хиджаб* – исламның байрағы да, қазақтың ұлттық киімі де емес.

Біздің айтарымыз, әрбір халықтың өмірінде мәдениет өте маңызды орын алады. Бір ұлттың өткенімен біте қайнасқан және рух тамырларымен тығыз байланысқан мәдениет сол халықтың өмір сүру мен даму жолдарын ашып нұрландырады. Керісінше, күн сайын өзгертін түрлі түсінік пен құндылықтардың жетегінде жүрген мәдениет ұлттың тамырына балта шабады.

7) *Орыс тілі мұғалімімін деп жүрген қажы апаларыңыздың орыстың «опростоволоситься» сөзінің мәнін ұға алмай тұрып, мені надан, білімсіз еткісі келуі туралы;*

Менің естуімше, қажы апаныз - бұрынғы орыс тілі пәнінің мұғалімі. Айта кету керек, біз басын жарып, көзін шығарып бәріміз сөйлеп жүргесін, білеміз деп ойлап жүрген орыс тілі танымдық тұрғыдан алғанда өте күрделі, қиын тілдердің қатарына жатады. Сондықтан да болар, өзін осы тілден маман санаған қажы апаларыңның орыс тіліндегі *опростоволоситься* деген ұғымды «орамалсыз болу – ұятқа қалу, масқара болу деген сөз» - деп айтып қана қоймай, баяғы дәстүр бойынша орыс тілі мұғалімінің «қазақ тілінің мұғалімінен» артықшылығын көрсету мақсатында ХІХ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүріп, Пятигорск қаласында офицер Мартыновпен дуэзде 27 жасында мерт болған М.Лермонтовтың «Песня про купца Калашникова» поэмасымен нығырлай түседі. Менің ойымша журналист Сіздер де, қажы апаларың ештеңе білмейді деп отырған қазақ филологтары да М.Ю.Лермонтовты белгілі орыс ақыны, өмірден өте жас кеткеніне қарамастан орыс, кавказ, түрік халықтары тарихы мен фольклорының сюжеттерін шығармаларында ұғымды пайдаланған ойшыл-ақын деп білерлерің анық. Сонымен қатар, орыс тілді «игерген» қажы апаларыңның *опростоволоситься* ұғымын жаңсақ түсіндіргенін де байқар едіңдер және *опростоволоситься* – орамалсыз болудан ұятқа қалу, масқара болу емес, «сөзден ұтылып қалу» (Н.Т.Сауранбаев. Орысша-қазақша сөздік. Алматы, 1954. - 458 бет) – деп түсіндірер едіңдер.

Мен жоғарыда «сәлем хат» туралы айттым, сондықтан оны қайталап жатпай, тек айтарым, жарияланым

мәдениетсіз, баспасөзге шығатын нәрсе емес. Өйткені автордың өзі айтқандай, ибалы, түйгені мол, іздегені білім, оқығаны Құран, үлгі еткені бұрынғы ақ жаулықтылар мен иман болса, сөз айтысын (полемиканы) мәдениетті жеткізбей ме? Мәселен, «Бір мақалаға орай» деп ат қойып, өз білгенін жеткізе жазып, өзге пікірмен келіспейтіндігін жоғарыдағыдай былапыт сөздерсіз- ақ, зайырлы қоғамға тән дәлелді етіп берсе және дін жолындамын деп жүрген қажы апаларың «иман» деген ұғымды ұмытпай, «боқсақал АТА» т.б. сияқты адал ауызды, инабатты мұсылман әйелінің, өзін қажымын деп жүрген әйелдің аузынан шығуға тиіс емес имансыз сөздер айтпай аталған тақырып төңірегінде мәдениетті пікірсайыс туғызса, оқырмандар үшін қандай пайдалы болар еді.

*Иман* — сенім, мұсылман дінінің құрамдас бөлігі. Иман ұғымы исламдағы ең қасиетті нанымдардың бірі. Құранда кең мағынада Иман қырықтан астам жерде қолданылады. Иманның басы — *сенім*, жүрегі — *құран*, нұры- *шындық*, *хақ* сөйлеу. Ендеше, формальды түрде мұсылман болмай, адамды да, жаратушыны да алдамай, *ХАҚ* сөйлелік. Шариатта өтірік сөйлеу күпірлік делінген. Хат авторы маған Абайды оқы, білігің аз деген екен. Абайды тағы қайталап оқып шықтым, оқу барысында жоғарыдағы аты аталған хатқа жауап іздедім, таптым. Хакім Абай өзінің 36-шы сөзінде: «Ұят кімде болса, иман сонда» - деген екен. Ендеше, Иманың болу тек мешіт жағалау, тек намаз оқу, болмаса біліп-білмей діни уағыз айту, елден ерекше киіну ғана емес, ұятты болу, өзіңнің орныңды білу, хайбар айтпау. Бұл туралы Абай:

«Мүмин болсаң, әуелі иманды бол,

Пендеге иман сөзі ашады жол

Шыр айнал да, таза ойла бір иманды,

Мұнафиқ\* намаз қылмап па, мағұлым ғой ол» — дейді.

(Мұнафиқ — ішінен дінге қарсы, сырты мұсылман, екі жүзді адам)

Сонымен бас аяғы 80 жолдан сәл асатын шағын мақаланың өн бойы кісіге тиісу, тиісу ғана емес бас мінесіп, орынсыз арына тию. Ал бұны Сіздер редакция қызметкерлері қалайша оқымадыңыздар, көрмедіңіздер? Қайталап айтамын, өзін «ибалы келінмін», «Жібек пен Баян сұлулардың мұрагерімін» (тырнақшаға әдейі алынған

– А.Т.) – деп жүрген көптің біріне осынша менің жеке басымды қорлайтындай, тіл тигізетіндей, балағаттайтындай, сөгетіндей, тиісетіндей мен не айтыптын? Егер мен берген сұхбатта ол кісі туралы бірдеңе айтпасам, неге маған тиіседі? Әрі-беріден кейін ол облысымыздың Дінбасы да емес, ресми органдарда дінге жауапты адам да емес. Ал мен болсам, облыстың Бас газеті: «осы рухани саладан түсінігі бар, ҚР Әлеуметтік Ғылымдар Академиясының академигі, студент жастарға білім-тәрбие беріп жүрген профессор» – деп тілші жібергеннен кейін, елеуге тұратын тақырып қой деп өз пікірімді білдірдім. Бірақ ол кезде оның арты осылай боларын кім білген?

Мен «кейбіреулерше» тарихқа топырақ шашпаймын. Өйткені, өткеннің бәрі өксік емес, бұрынғы күндердің бәрі қараңғы түнек емес. Ол заманның да өзіндік қуанышы мен сүйсіндіретін тұстары, қиындығы мен қалтарыстары болды, бірі көп, бірі аз болса да, тапқанымыз да, жоғалтқанымыз да бар. Адамзат қоғамында талай ілімдер мен теориялар болды, солардың бірі – марксизм-ленинизм. Ұлтымыздың бірнеше ұрпағы осы идеология мен ұстанымды басшылыққа алып оқыды, тәрбиеленді. Оның дәмін мен де, сен де, қажы апаң да татты. Бірақ қажы апаң бәрін ұмытып, өткенге шабуылдауда. Бұл жетілген сананың сапасы да, нәтижесі де емес. Біз бүгін тарих еншісіне кеткен марксизм-ленинизмге «жығылғанға жұдырық» деп тиісе бергенше, оны да қоғамдық ой тарихының бір белесі деп түсінгеніміз, ал өзімізге бүгінгі күннің өзекті мәселесіне ойысқанымыз жөн болар еді.

Ал шындығына келсек, қажы апаң қазақтарға «ұлы халықтың» тілін үйретіп жүргенде мен ұлтымыздың ең болмағанда рухани теңдігі үшін өз деңгейімде өз мамандығым мен білімімді пайдалана отырып күрескенім де Саған белгілі. Сондықтан да мен қайсыбіреулердей сол кездегі «модный» тақырыптар интернационализм мен халықтар достығынан, ұлттардың кірігіп, бірігіп кететіні туралы диссертация қорғап, кейін тондарын айналдырып киіп, ұлттанушы болмай немесе атеизмді зерттеу объектісі етіп алмай, Абай бастаған қазақ зиялыларының ішінде сол тұста мүмкін болған Мұхтар Әуезов дүниетанымын зерттегенімді де білесің (Ол кезде А.Байтұрсынов бастаған көптеген қазақ зиялылары ақталмаған еді А.Т.). Ол

туралы өзің осы газетте де жазғансың. Ал бүгінгі «заман кейіпкерлерінің», қаптап кеткен қажылардың, қазіргі «ибалылар» мен «зиялылардың» 1986 жылғы желтоқсан уақиғасы тұсында қандай ұстанымда болғанын мен білмеймін. Алайда сол тұста менің әрекеттерім, азаматтық позициям болғанын Сен жақсы білесің және ол туралы, осы «Ақтөбе» газетінің 1996 жылғы 25 қазанындағы саны мен «біздің керуен» кітабында былайша жазғансың: «Ақтөбеде жүріп-ақ Желтоқсан көтерілісіне қатысқан таныстар осындайда еске түседі... Әйтпесе, философия ғылымдарының докторы Алтай Тайжановтың сол кезде өзі еңбек еткен медицина институтынан өзіне қарсы пікірдегі көп адам тапқанын, мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне әлденеше рет шақырылғанын көп жұрт білмейді. Алтекеңнің сол кездің өзінде ойындағы пікірінен ең азы әлгілердің көңілі үшін болса да бас тарта алмағанын көргендер және аз». Енді бүгін Сіздердің қолдауларыңызбен бұрынғы дінге қатыссыздардың («дінсіздер» десем, бәлеге қалармын деп жазбай отырмын – А.Т.) әсіре, діндарлығынан тағы жапа шегіп жатырмын. Азамат інім, ақын, сондықтан да шындыққа бір табан жақын інім, айтшы, енді Сендердің көңілдерің үшін өзімді қорлағанда мен қорғанбаймын ба?!

Иә, бұл да бір дәурен. Жалпы менің пікірімше адам заманмен есептесу керек. Алайда заман өзгерді екен деп *хамелеонға* айналуға болмайды. Осы тұрғыдан алғанда өмірді ілгерілететін, немесе, өзгертетін ұстанымды, білікті адамдар да, өмірді ірітетін, ұстанымсыз, білімсіз еш нәрсені де терең байыптамайтын, «оны көрсе оны сақ, мұны көрсе мұны сақтар». Елді адастырушылар да, жастарды жаңылыстырушылар да солар. Жүсіп Баласағұн ондайлар туралы:

«Білімді – аз білімсіздер қаптаған,  
Ақылсыз – көп, ақылдыны таптаған.

Білімсіздер білімдіге жау болды:

Надандардың аңсағаны дау болды» - деген ғой (Ж.Баласағұн. Құтты білік. Алматы., «Жазушы», 1986. – 68-бет). Қайтеміз, «сұм заман сыбағама сені берді» (Абай) – деп төзбеске амал жоқ!

Құрметті редакция! Осы мақала газетке шыққалы маған көптеген таныс ағаларым, қатарларым, інілерім,

әріптестерім хабарласып, олардың ішінде: «Сіз соған көңіл бөліп, уақытыңызды кетіріп не қыласыз, бүгін газетке шықты, ертең ұмытылады және көп адамдар бұл күнде газет оқымайды» - дегендері де болды. Бірақ, мен көп ойланып, жауапсыз қалдыруға болмайды деп шештім, «үнсіздік» мақаладағы айтылғандар шын екен, сондықтан ештеңе айта алмады деген пікір туғызуы әбден мүмкін. Мен Ақтөбе қаласында 33 жылдай тұрамын, құдайға шүкір, қала, облыс халқының бірқатары біледі. Олардың арасында басшылар да, ұстаздар мен дәрігерлер де, қарапайым адамдар мен студент жастар да бар. Хатты оқыған олар не ойлайды? Міне, осылардың бәрін саралай келе, Сіздерге осы жауап хатты жолдап отырмын. Ал қажы апаларың мені жерден алып жерге салса да, мен барынша мүмкін болғанынша ол кісінің намысына тимеуге, мәдениетті полемика жасауға ұмтылдым. Егер сәл жерден артық бірдеңе кетіп жатса, Сіздерден де, барша оқырмандардан да алдын ала кешірім сұраймын!

Сөз соңында, Сіздерге де, басқаларға да зайырлы қоғамдағы адам құқығын да, діни наным-сенімдеріміздегі иманымызды да сақтай отырып өмір сүрсек, еңбек етсек деген тілек білдіремін. Өйткені, Қасиетті Құранда: «Өзің білмеген істің соңына түспе» (Исра сүресі, 36-аят), «Тырнақ астынан кір іздеген және өсек айтып, сөз тасыған адамға әсте құлақ салмаңыз» (Калем сүресі, 11-аят), «...Иман еткендер, бір қоғамдағылар, екінші бір қоғамдағыларды сайқымазақ қылмасын. Мүмкін олар өздеріңнен де жақсы адамдар шығар... Бір-біріңізді жаман лақаптармен шақырмаңыз» (Хұжұрат сүресі, 11-аят) - делінген.

*Ендеше, тәубе етелік ағайын! (Тәубе – тағдырға ризалық білдіріп, шүкіршілік ету, өкіну, кешірім сұрау. Қараңыз: Ислам энциклопедиясы. Алматы., «Қазақ энциклопедиясы», 1995.- 177өбет)*

*Сәлеммен, профессор Алтай Тайжанов*

*Редакциядан:*

Біз Ақзипа Төремұратқызының мақаласына қатысты қарсы пікірлер жарияланған өткен сейсенбідегі нөмірімізде

осы мәселеге қатысты пікірталасты тоқтатамыз деген едік. Бірақ Алтай Тайжановтың редакцияға әкелген материалын оқи отырып, профессордың уәжін оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Бірден айтарымыз, бізде Алтай Тайжановтың жеке басына тиісу деген ой болған жоқ. Әңгіме түсінікті болу үшін басынан бастайық. Оқу жылы басталған тұста әуелі «Шамшырақ-Ақтөбе» ЖШС директорына, содан соң газеттің бас редакторына бір жігіт келіп, қала мектептерінің бірінде бастауыш класта оқитын қызының хиджаб киіп барғаны үшін мұғалімдер тарапынан қысым көріп отырғанын айтты. Одан кейін де бірнеше кісі келіп осы мазмұндас әңгіме қозғады. Редакцияға хаттар келіп жатты.

Бұл мәселенің біздің облыста ғана емес, республикалық деңгейде де көтерілгені, Әділет министрлігі мен Білім министрлігінің екі түрлі пікір айтқаны мәлім. Демек, қоғамда осындай қайшылықтың бары анық. Оны шешудің бір жолы — пікірталас. Сондықтан біз «Екі пікір» деген айдар ашып, дін өкілдерінің атынан сөз сөйлеген «Нұр-Ғасыр» мешітінің бас имамы Бауыржан Есмаханнның, бүгінгі заманның тұрғысынан пікір білдірген белгілі ғалым, профессор Алтай Тайжановтың көзқарастарын оқырман назарына ұсындық. Кейін дін өкілдерінің атынан келген Ақзипа Төремұратқызының материалын жарияладық. Сол-ақ екен, облыстың түкпір-түкпірінен бізге хаттар әлі күнге дейін ағылып жатыр...

Саяси технологияда «халықтың ішкі лебін шығару» деген ұғым бар. Себебі айтылмай іште жиналған дүние берішке айналады. Оның түбі жақсылыққа апармайды. Демек, қандай пікір болмасын айтылуы керек. Сонда іштегі запыран сыртқа шығады, қоғамдағы тепе-теңдік сақталады. Міне, осы тұрғыдан алғанда Ақзипа қажының материалын «мұртын баспай» жариялау арқылы біздің профессор Алтай Тайжановқа қиянат жасағанымыз рас, бірақ сол арқылы қаншама адамның іштегі лебі шыққаны тағы да шындық (Қараңыз: «Ақтөбе», 8. XII.2009).

Біз Алтай Тайжановтан кешірім сұрай отырып, ашуға ерік алдырмай, өзі туралы жазылған материалға философиялық тұрғыдан қарап, барынша мәдениетті жауап беруге тырысқандығы үшін ол кісіге алғыс айтамыз. Ал екінші жағынан, орыстар айтпақшы, «Плохая реклама —



тоже реклама». Профессор Тайжановтың халық арасында беделі жоғары екенін осы оқиға көрсеткенін де айта кеткен лазым.

Алтай ТАЙЖАН

# ПАРЫЗ БЕН ПАЙЫМ

Редакторы Ә.КҮЛІМБЕТОВ  
Қате түзеуші Г.КӨШКІНОВА  
Беттеуші дизайнер Е. ТҮМЕНБАЙ  
Тех. сарапшы Н. СҮЙЕУБЕКҰЛЫ

ISBN 978-601-03-0456-7



ИБ №150

Басуға 09.03.2017 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>. Офсеттік басылым.

Қаріп түрі "SvetlanaD". Көлемі 20,0. шартты баспа табақ.

Таралымы 5000 дана.

Тапсырыс №250

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы







